

83.3(5)нз

А37

АРХИЕТК
КОР

Сарбас Ақтаев

Алтын
қалам



83.3(54a₃) +

Сарбас Ақтаев

A32

K
Apr
Арх

АЛТЫН ҚАЛАМ

Шығармашылық шырай

АЛМАТЫ
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”
2004

844 342-4

ББК 84 ҚАЗ 7

А 37

*Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр*

Пікір жазған
Talғat Kіrshibaev


Ақтаев С.

А 37 Алтын қалам. — Алматы: “Жібек жолы” баспа үйі,
2004. — 352 бет.

ISBN 9965-637-37-7

Қаламгерлер жайында жиі қалам тербел жүрген көрнекті жазушы Сарбас Ақтаевтың бұл еңбектері біраз жылдардың жемісі. Автор онда әрбір қалам еңбеккерінің шығармашылық шырайын жасап, әдебиетіміз бен мәдениетімізде алар орнын айқындаپ, айшықтап беруге талпынған. Шығармалардың пікірі байыпты да ұстамды, тілі көркем де кестелі.

ББК 84 ҚАЗ 7



A 4702250200
430 (05) 04 хабарланбаған — 2004

ISBN 9965-637-37-7

©Ақтаев С., 2004



I. Асыл сөздің арнасы

Абай Құнанбаев

Жамбыл Жабаев

Мұхтар Әуезов

Науан хазірет

Есенбай Сасанұлы

Ғабит Мұсірепов

Жақан Сыздықов

Мұхит Мерәліұлы

Нарманбет Орманбетов

ДАЛАНЫҢ ДАРА ДАНАСЫ

Ұлттың екінші атауы іспетті ерекше бір тарихи тұлғалар болса керек. Қазақ халқының сондай дара тұлғасы, дана тұмасы ұлы Абай екенінде дау жоқ. Қазақ десе – қазір айдай әлем алдымен аузына Абайды алады, Абай десе әркімнің-ак ойына оның қалың елі – казағы оралады. Бүгінде бұлар бір сабакқа сықаса өсken екі гүлдей жарыса көз тартып, біte қайнасып кеткен егіз үғым. Абайсыз – казакты, қазаксыз Абайды көз алдыңа келтірудің өзі киын. Өйткені Абай жалпақ жүрттү жақсылыққа үйретіп, жамандықтан жирентекен өз халқының кеменгер ақын-шешені, кен толғар дана көсемі.

Оның шалқар дария шабытынан туған таңғажайып шығармалары ондаған үрпактың саяз тартып, сарқылуды білмес жан азығының көусар бұлағы, сөнбес шырағы. Абайдың асыл сөзі, ақыл сөзі қазақ баласының санасына ана сүтімен сіңіп, бірі ойын, бірі бойын өсіретін қасиет қайнары. Айлар ағып, жылдар жүйткіп, заманалар өзгеріп қоғамдық санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын алып ақынның терең мәнді туындылары жақұттай алуан қырымен жарқырап, бағдар тұтар темірқазығыңдай тың биіктеге шақырады да тұрады.

Абай қазактың ақыл-оізы талай ғасыр тебірене толғатып, емірене толғанып, өмірге бір-ақ әкелген бірегей тұлға. Ол біртуар ұлы ақынғана емес, кемел ойлы ғалым, кенен дарынды жазушы, терең білімді тарихшы, әуез әлемін жаңғыртқан сазгер, құқық қағидасын қалыптастырган зангер, халық қамын жеген қайраткер, яғни сегіз қырлы, бір сырлы бітімі бөлек дария.

Баурайында тұрған таудың биіктігі, жанында жүрген жанының ұлықтығы білінген бе! Тыңдаушысынан тұтас бір дәуір бұрын туып, жүрттүң ойы жетпеген жерге көзі жеткен оны занғар биікте тұрга-

нын кезінде замандастары жыға тани алған жок. “Мыңмен жалғыз алысып, соқтықпалы соқпақсыз жерде өскен” оның тыңдан жол тартуына тұра келді. Қанау мен тонаудың тұзағына ілініп, қорлық пен зорлықтан запы шеккен қайран жұртын қанды шенгелден құтқарудың амалын іздеп, елінің арайлы ертеңін көксеп, көкіреті қарсайырылып, терең толғанды! Қапас құрсауынан құтқарар күш халықтың өз ақыл-ойы, қайрат-жігері, карекет-қымылы екенін біліп, оны алтыбақан алауыз болмай, бір жағадан бас, бір женнен қол шығаруға шакырып, бірлікке, тірлікке үндеді үдайы. Құлдықтың қыл бұғауынан құтылуудың бір жолы – отарлап тізе батырып отырған елдің өнер-білімін, тілін менгеріп, өзін енді қайтып қорлатпайтын деңгейге көтерілу керек деп үқты. Абайдың сол ақылынан көрсегендік десенізші. Ал оның елді адал еңбекке, оқу-білімге, елдікке үндеген ақыл-кеңесі өз алдына бір тәбе.

Ең алдымен Абай – қазақтың қазіргі үлттық әдебиетінің іргетасын қалаған классик. Ол қазақ жырын жаңа мазмұнмен байытып қана қоймай, оған тыңдан түр енгізіп, екпін-ырғағын өзгертіп, соны серпін әкелді. Бунақ бұзып, ырғак күып, қыздырмалы қызыл сөзге салынып кетпей, қашан да өмір шындығына тұра қарап, ақиқатты ашып айтЫп отырды. Даланың дара данасын орыс, казак оқырманларына тұнғыш таныстырған Әлихан Бекейхановтан кейін оның ақындығы туралы пікір білдірген Ахмет Байтұрсынов айтқандай, Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңдерінен артықтығы әрнәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылын қарап сөйлемен... Сөздің ажарына қарамай, сыйтайтылығына қарамай, әрнәрсенің бар қалыбын сол қалпында дұрыс айтуды сүйген. Яғни кез келген сөзді шырайлы, ажарлы етуге ойдың терендігі, оралымның шеберлігі керек. Ұлы ақынның ойлы, отты жырларын қайта оқығанда заман ауанынан аса алмай, саясат сойылын соғып, өсіре қызылға әуестеніп, кезінде бәрін боямалап көрсетуге тырысқанымыз үшін бетімізден отымыз шығады.

Абай кемел суреткерлікті терең ойшылдықлен, арынды ақындықты ақылман даналықпен астастырған айтулы кеменгер. Мейлі ол өскен ортасының мұңын мұндастырып, не жалындаған жастық шағын жырласын, мейлі туған табиғатының таңғажайып сырына үңілсін, не жаратқан ие – жаппархаққа жүтінсін, мейлі халқының өткені мен ертеңіне көз жүгіртіп, қоғам мен адам арасындағы алуан түрлі қарым-қатынасты зерде елегінен өткізсін, – соның бәрбәрінде оның ой терендігі, пікір кемелдігі мен мұндалап тұрады. Сондықтан оның ең алдымен ақын екендігін айта отырып, дүние

таннымында сананың орны ерекше екенін мойындау ләзім. Оның дүниеге көзқарасы өзін қоршаган ортанды бөле-жармай тұтас қабылдауынан көрінеді. Ол өз дәүірінің тұнып тұрган әлеуметтік кайшылықтарын көзімен көріп, ауыртпалығын қоңлімен көтере отырып, қоғамның рухани өмірінде төңкеріс жасар, сапалы өзгерістер енгізуге дең қойған дауылпаз ақын.

Рұхани даму қоғамдағы түбебегейлі өзгерістерді, тың сілкіністерді қажет етіп отырғанын қазақ қырында жүрттың бәрінен бұрын түйсініп, қарекет жасаған да Абай. “Менсінбеші ем наданды, ақылсыз деп қор тұтып, түзетпек едім заманды, өзімді тым-ақ зор тұтып” деуі тіпті де тегін емес. Кесек айтқанмен кекірт сөйлемей, халқының қамын құңцрене толғауды, күні-тұн ойлауды ол азаматтық борышым деп билді. Жалпақ сахара сезіне жаппай құлақ тұрген елданасы, ер дарасы Абайдың халқы үшін қабырғасы қайысып, дуниедегі жақсы мен жаманды сарапал, замана дертінің емін ізделген тұста осылай торығатын да сәті баршылық. Себебі ол өзі өскен елін, кіндік кескен жерін қалтқысыз сүйіп, оның суығына тоңып, ыстығына күйіп дамыл-тыным тапқан жок.

Ұлы Абай мұрасы кейінгі кенже үрпақ үшін қазақ халқының қатпар-қатпар тарихы тәрізді, зерттеушілер ой түренин әлі де терең қарпyp сала алмай, қойнау-қыртысы ашылмай жатқан тың іспетті. Оның азды-көпті зерттелгені негізінен өлендері десек, соның да терең түбіне, қатпарлы қойнауына еркін бойламай, күні бұғінге дейін сырт бітімін, түр өрнегін, тіл мәнерін ғана қызықтап жүрген тәріздіміз. Жетпеген жеріміз, шықпаған шебіміз қаншама! Абай – қазақ жырында төңкеріс жасаған жаңашыл ақын, яғни реформатор. Жеті және он бір буынды өлең жолдарын тың мазмұнмен толыстырып, көркемдігін кемелдендіре отырып, қыруар жаңа түр тапты. Алтыаяқ, сегізаяқ сияқты әуенге де, әуезге де бейімді ырғактар мен үйқастар жасады. Өкінішке орай, өлеңге Абай енгізген сол жаңа түрді ой айтуға ыңғайсыз деген желеумен кейінгі толқын ақындар пайдаланбай жүр. Өйткені оны жете зерттеп, мәнін ашып, әрін енгізу жағы жеткіліксіз.

Зерделеп зерттесе бұлардан басқа да жаңалық табуға болады. Мәселен, ақынның барлық жинақтарында Лермонтовтан аударған “Әм жабықтым, әм жалықтым” атты өлең күні осы уақытқа дейін алты жолмен ғана беріліп келеді. Ал жітірек зер салып, үнілे карасақ, бұл сегізаяқтың екпін-ырғагы бөлекше тың бір түрі екеніне көз жеткізесің. Бірінші, төртінші жолдарын екіге бөліп жазса, ырғагы

да, үйкасы да өзгеше сегізаяқтың жаңа бір түрі жарқырап шыға келеді.

Нанбасаңыз, оқып караңыз:

Әм жабықтым,
Әм жалықтым
Сүйеу болар кай жігіт,
Көңілден кеткен соң тыным²
Әм сүйіндім,
Әм тұңайлім,
Үнемі кеткен үміт,
Откен соң бар жақсы жылым³

Күні кешеге дейін Абайдың ғаклия кара сөздері зерттелмей жатты. Кейбіреулер оны құрғақ үағызға жорыса, енді біреулері мақал-мәтеддің жиынтығы деп үқты. Ой қөзін сап, енді бағамдар болсақ, оның қырық бес сезінің әрқайсысы бөлек-бөлек, көлемді-көлемді еңбектерге арқау болғандай үлы ойлар екен. Былайша айтқанда, тұнып тұрган философия. Қазіргідей әр сезіне түсінкітеме берумен тынып қалсақ, келер үрпақтың бетіне қалай қарапымыз неғайбыл. Ал енді “Қарамола ережесін” жазып, қазактың “Қасым салған қасқа жолын”, “Есім салған ескі жолын”, Әз Тәуекенің “Жеті жарғысын” ой сүзгіден қайта өткізіп, өз заманына орай жаңадан өмір қағидасын жасақтап берген Абайдың заң шығарушылық қызметі бертінгі дейін аузызға алынған жок. Мысалы, сол Ереженің 32-ші бабын алайықшы. Онда “Суга кетіп бара жатқандарға, өрт уақытында немесе сол тәрізді апатқа үшырағандарға қомектеспегендер бір тоғызben айыпталады” деп жазылған. Біз болсақ кой, бүгінде көз алдымызда біреуді біреу пышақтап жатса, “пәледен машайық та қашкан” деп жалт беріп тайып тұрамыз. Болмаса үндемей қаламыз. Асылы, неміңдіктердің заарлары зауал. Абай әзірлеген сол заң Ережелерін бүтінгі таңның талабы тұргысынан екшеп, ой елегінен және бір өткізіп, жаңғыртар болсақ, бөлек кітап етіп басып шығарсақ, заңға шөліркеп отырған замандастарымызға қанша пайда тигізер едік.

Қазір кез келген жерде “Бағыт-бағдарымыз айқын емес, идеология атымен жоқ” деп байбалам салушылар аз үшыраспайды. Ал Абай шығармалары қалай өмір сүріп, еңбек стүге үйрететін өмір оқулығы емес пе! Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, қазір біз халықтардың, мемлекеттердің бірлігі жөнінде жиі айтып, демократиялық қоғам мен нарықты экономиканың негізін қалап жаңырмыз. Осылардың көбі жайында өз кезінде Абай айтып кеткен

ғой, ал оның шығармашылық мұрасы бірліктің берік идеологиясы. Сондықтан ол қазақ халқынан басқаларға да баға жетпес қазына.

Демек, тығырыққа тіреліп, қиналған сөтте көзі ашық, көкіргегі ояу кез келген азамат Абайға жүтінсе, жол таптай қоймайды. Оның дана ойлары, данғыл жырлары — қиналғанда желеп-жебеп, қысылғанда медет берер рухани күш. Сол себепті де ұлы ақынның мол мұрасы үрпақтан үрпаққа мирас болып, ғасырдан ғасырды қектей өтіп, жалғасып кете бермек. Эз Абыздың шабытты шығармаларының шипалы бастауы, нәрлі қәусар көзі тұған халқы болса, ол да сол ҳалықпен бірге жасарып, жайнап, жырмен сепкен игілік ұрығы кең сахарада жапырақ жайып, қалың жыныс-нуға айналары күмәнсіз.

Өмірімізді өлеңімен өлшесек, кеменгер ақын өлмес ой-пікірімен бабамыздан үлкен, баламыздан кіші болып көрінеді. Оның көреген көкіргегі бұдан жұз жыл бұрын-ақ бүгінімізді көріп, келешегімізді болжап білген сияқты. “Арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда?” дейді Абай. Атақ үшін анасын сатуға да әзір, абырай-беделді сұрап та, жылап та, сатып та, жатып та алатын бакқұмарлар мен данкқұмарлар қазір арамызда жүрген жоқ па! Болмаса “партия жиып, пара алған, бейілі кедей байсындар” дейтін санасы саңлаусыз жаны жарапылар аз ба. Қулық-сұмдықпен, амал-айламен дәүлет жинап, сәүлет асырып жүрген бүгінгі бишігештер мен бизнесмендердің бейнесін данышпан суреткер сонда-ақ салып берген ғой. Жарнамалап атағын жаю үшін миллиондаған доллар жинап, атын ракетаға жазғызып, ғарышқа жіберген, айбактатып көшекөшеге ілгізген, күнде көгілдір экраннан көлеңдеткен бейілі кедей байшігештерден бүгінде қиналған халыққа кара бакыр пайда бар ма. Соларды сұнғыла ойшыл қазіргі замандастарымыздан бетер қалай көріп-білген десейді.

Ұлы ақынды айдай әлемге танытқан Мұхтар Әуезов “Абай жолы” эпопеясының эпилогында ел анасы болып қалған Әйгерімнің атынан: “Алтын терек, арсыға құлаш үрган ардақты азамат, сен өлмейсің! Еліңнің жалғыз жаны — ең соңғы ұлы ма, кызы ма, ең кейінгі нәсілі бірде бір жан болса сонын да кеудесінде сенің атын бірге кетеді. Сенің тірлігің бірге жасайды, сенің нұрың бірге жарқырайды!.. Өлім де женбес жан бар. Олар аз болса, соның бірі сенсің. Бұл өмірде өткендердің ішінде жалғыз болса, соның өзі сенсің” деген еді. Ақынның өзі айтқандай, бүгін баршамыз “Өлді деуге сия ма, ойландарши, өлмейтуғын артына сөз қалдырған” деп қайталарымыз айдан анық. Оның өлмес, өшпес, мәнгі тірі тулға екеніне

150 жылдық мүшөлін дүйім дүниенің торқалы той етіп атап өтіп жатқанының өзі-ақ айғақ.

Бұгінде Абайды білмейтін, білмеймін дейтін бірде-бір қазақ жоқ. Бірер шығармасын орысша болсын оқыған жүрттың бәрінің ол жайында мағлұматы бар. Эрине, Абайды білмеу үят. Оның рухани мұрасын өмір оқулығы деп қастер тұтсақ, кітаптарын көптеп басып шығаруымыз керек. Мерейтой мәртебесімен біраз жұмыс жүргізіп, акын шығармаларын қайта бастырып жарыққа шығарып жатқанымызben, ол елдің қажетін толық өтей алмайды. Абай кітабы құран сияқты әр үйдің төрінде тұруы керек. Абай жоқ үйдің құдайы жоқ. Жүртты ондай күнәға батырмасақ дейміз де...

1994 жыл.

ДАБЫЛДЫ ЖЫРДЫҢ ДАНҒЫЛЫ

Жамбыл – Жыр. Жыр – Жамбыл. Бүтінде бұл екі сөзді бір-бірінен бөле-жаруға болмайтын сияқты. Қайсысын қалай қойып айтса да, құяр арнасы, саяр мағынасы біреу ғана. Жамбыл атын ауызға алсак, құлақта таудан құлаған тасқындағ ағыл-тегіл жыр сарыны күмбірлейді. Жыр десек, домбыра шанағынан күй шалқытып, отты өлеңмен өмір көріністерін кестелеп отырған, кардай күміс сақалын самал желпіп шабыт қанатында самғаған ақындар атасы көз алдыңа келеді. Жыр мен Жамбыл бір кітаптың екі бетіндегі егіз үгымға айналып барады.

Даркан халқы Жамбылдың дара тұлғасын дарынды жырдан жаратты. Дарынды ұлы дана халқының атағын айдай әлемге таратты. Бірақ жер жүзіне атын жаяр құдірет те, дүйім елді төбесіне көтерер күрмет те оған оңайлықпен келген жок. Қаранғы қапас кезде, соқтықпалы, соқтықпасызың жерде өмір кешкен оның қаршадай күнінен көргені езгідегі елдің телегей-теніз көз жасы болды. Алыс та ауыр, азапты да ардакты жыр сапарына алғаш адым аттағаннан-ақ ол сол езілген елінің ғұмыр бойы сойылын соғып өтуге бекем бел байлады. Бар байлықты өз қолымен жасап, жүқанасын да тата алмаған қалың жұртының мұңын мұндалап, жоғын жоктауды мурат тұтты.

Озырылдықтың ашы дәмін алғаш арқа-жонын осқан молданың тобылғы шыбығынан татып, қысастыққа шыдамай окудан қашып келгенде әкесіне жағдайды: “Оқығанша молдадан, домбыраны қолға алам, өлең кірген түсіне жөргегінде мен болам”, – деп тақпактай түсіндіріп, ендігі жерде үстемдік пен әділетсіздікке қарсы ымырасызың күресіп, “өлең сөзді дос қылып” ақындық салтын құратынын айтуынан-ақ оның өмір мұраты өзү бастан айқындалғаны аңғарылғандай еді. Бұл бұлжымас бағдары “Қолыма домбыра алып талап

қылдым, бересіз қандай бата ұлынызға?” — деп ауыл ағасы Сарыбайға келгендегі жыр жолдарында тіпті айшықтала түседі. “Біреулер малмен бәрін бөктеріп”, ақыл айтқанды жек көріп жүргенін, “біреулер әркімнің аузына жалтаңдап”, өзін-өзі арқандап жүргенін, енді біреулер “құнан мініп, құлан құрықтап, ай мен құнді ұстауға жуықтап, жүргеніндей” “қара сөзді қамшы қып” онды-солды есетінін тізе келіп:

*Жаманның көңлі көкте, жерде — басы,
Алыс кой аңғарғанға екі арасы...
Жақсының өзі кішік, ойы биқ,
Бірдей ме екеуінің мәртебесі?!
Кайсысын маган соның еп көресіз,
Әкетсем өзім таңдан өкпелерсіз...
Сүйекемнің сүйгенін ойласаңыз,
Өлең болсын серігін деп бересіз, —*

деп, сөз сөйлемес сиынбай, ақын пірі Сүйінбай сүйген ақындық жолын ұстауға ағаның батасын сұрайды. Ал өлең-жырды жалау, өткір сөзді қару еткен Сүйінбайдың ақындық жолы әділеттіктің, ададықтың, адамдықтың ак жолы еді.

Тұлпарды тайынан, дүлдүлді шаңынан танитын көзі қарақты кәрі тарлан Сүйінбай да балауса ақынның қабілет-дарынын бірден байқап, одан ақыл-кенесін аяған жоқ.

— Балам, өлеңің жүректің терен түкпірінен жарып шығатын болсын, — деді ол жас Жамбылға. — Жырларын жеке бірді-екілі адамға ғана емес, бүкіл халыққа жақса ғана құнды. Өлендерің адамдарға әрқашан тек ақиқат пен әділдіктің айтсын. Жырларын ел ішине кең жайылып, ауыздан ауызға тарапып жүретіндей болсын. Сенің өлеңің өз айналанда болып жатқан оқиғалар жайында айтылсын. Басқалардың әбден ширігіп жауыр ғып таптап кеткен женіл жолын іздеме.

“Ақындардың ақыны, айдын көлдей ақылы”, жасыл жалды жолбарыс аруағы болған ұстазының өситеттей осынау ұлагат сөзін Жамбыл өмір-баки естен шығарған емес. Жүректен шықпаған сөздің жүрекке жетпейтінің көnlіне берік түйген ақын өмір тынысын, елінің тұрмысын әлеуметтік кең арнада көрсетуге бой ұрды. Өлендеріне ақиқат, шындықты ғана арқау етіп, ол өзіндік айқын әуен, айшықты мәнер таптты. Көркемдікпен зерленген кең тынысты қарапайым жырлары жүрттың жадына бірден үялай кетті.

*Сары түнге сарылып кірпік ілмей,
Салқын күзде бір жылы үйді білмей.
Сахарада салақтап күндіз-тұні,
Бұралқы ит пен малшының сиқы бірдей.*

*Саяқ іздел Саркемер, Сарттауқұмнан,
Табылса деп жонымыз бір тілінбей.
Байтал тұғыл бас қайғы болып жүріп,
Қайтпекши едік төсектен біз тұнімдей, –*

деп баяғы бай малының соңында салпақтаған кембағыл жылқышының бүкіл болмыс-бітімін, тыныс-тіршілігін, көніл-күйін мөлдіретіп көз алдыңа алып келеді.

Тыңдаушыларын ақынның ой терендігі баурады. Осылай ол ал беттен-ақ қалың бұқараның жырышысы, халық қайғысының жокшысы болып қалыптасты. Сол арқылы өсіп-өнген ортасының сый-құрметіне бөленді. Оның:

*Бай жалтаң, кедей қалтан, халық дарқан,
Көп жердің дәмін таттық сыйбай салтан.
Елімнің азаматын таныс қылған,
От жырым, қызыл тілім, сениң арқан, –*

деуі де сондықтан.

Еңбекші елдің табан ақы, мандай терін сүліктей сорған шынжыр балақ, шұбар төстерді өткір тілмен қамшылап, обырларга қарсы өнерін от етіп шашты, озбырлыққа қарсы өлеңін оқ етіп атты. Күбідей күмпілдеген күйс кеуде дүмділердің даурықпа даракылығын мыскылдап, жатып ішер жалқаулығын әшкереледі, шық бермес шығайбайлығын шенеді. Кали мен Мөңке, Кәдіrbай мен Кәкім, Шалтабай мен Шәбден туралы тіліп түсер сыққа, мұрттай ұшырап мыскылға толы уытты өлеңдері осының айғағы.

*Жарағалы жегегенің қазы, жамбас,
Қарның ашты дегенге адам наңбас.
Ет пен майды шине нығыттығып,
Адамишылыққа инедей орын қалмас, –*

деп байлығының буына пісіп, ішкен мас, жеген тоқ боп, жалғанды жалпағынан басып жүрген Есенәлі деген байды орнынан тұрмастай етеді. Қайшыдай қыршып, қанжардай қып түсетін, мыскылы мұсәтірдей ашы осы секілді сыққа өлеңдері аз емес. Тегінде, ағылтегіл непірлетең, сөз топанын төгіп-төгіп жіберетін акпа ақынның табан аузында суырып салып, бетің бар, жүзің бар демей, тіліп-тіліп тастайтын ондай өлеңдері тіпті көп болған тәрізді. Бірақ бізге жеткені бірден-бірге ауызша беріліп, халық жадында жатталып қалғандарыға ғанағой.

Ақын әлгіндей әпербақан атқамінерлерге, олардың шашбауын көтеріп, сөз сауып мал табар ақындарға ұдайы халқы үшін қасықтай қаның қиған қаһарман ел үлдарын қарсы қойды. Сөз сайыснда сол еніреген ерлердің ісін тіліне тиек етіп, айттысқа соны

мағына әкелді, халықты арқа тұтып, әрқашан жеңіп шығып отырды. Айтыстың алласпаны Құлаңаян Құлмамбетке ол:

*Сұраныш, Саурық батырым,
Шеніне дүштап келмеген.
Ақ кіреуке жасамылын,
Ат кептеген кермеден.
Садағын белге байланып,
Жауға қылыш сермеген.
Қамын ойлат халқынын...
Тұғырда тұрып жесем жсеген, —*

десе, шашасына шаң жүқпас жүйріктің бірі Қошқарбайдың Шашубайына:

*Ерегиссен, Шашубай,
Еңсенді үзіп кетермин,
Аспаннан түскен жасындаи.
Каракерей Қабанбай,
Канжығалы Бөгөнбай,
Шапырашты Наурызбай,
Соларға кезек бермеген
Ураным мениң — Қарасай! —*

деп батыр бабаларының атын ұран ғып тудай биік көтереді. Бойға қуат, ойға нәр беретін олардың ерлік істерін айтып, осындаи батыр ұлдары, біртуар тұлғалары болған елдін ешқашан қажыры мұқалып, қайраты қайтпайтынын айтады.

Асылы, Жамбыл айтыстары — қазак әдебиетінің алтын қорына қосылған асыл мұра. Айтыс өнерін ол өмір шындығын кең қамтып, терең ашып, езгі мен озбұрлыққа, ездік пен опасызызыққа, мактантәрілік пен мұртмерездікке карсы құресетін күшті құрал етіп, асқар биікке көтерді. Әдетте ауыз әдебиетінде тән айтыс жанры бүгінгі сан салалы өнерімізден өз орнын алғып, барған сайын өркендей деп бара жатса, ол — бұның бастауында осы Жамбыл мен Сүйінбайдай, Жанақ пен Орынбайдай, Шәже мен Арыстанбайдай жыр дүлділерінің тұрганының аркасы деп білген дұрыс.

Қынаптан суырған қылыштай өткір сөздің қуатымен өмірдегі келенсіздікті сұлып тастанап, жұрт жігерін жанитын осынау өміршеш өнерді Жәкеңнің ел басына күн туып, ер етікпен қан кешкен кешегі қырқыншы жылдары қайта тірілтіп, құдіретті қаруға айналдырғаны әсте тегін емес. Ақын сөзі қашанда жалынды ұран, дабылды құрал. “Шабыты келген ақпа ақын шың басындағы аш қыранға мензес. Томағасын тартқанда алғыр қыран бар өнірді сәтте көріп, шолып етіп қимыл еткен шөп басын, қыбыр еткен тышқан жүрісін, қылаң етіп бұққан тұлкі түгін лезде шалып қалғандай, айтыс

ағымындағы ақпа ақын да сондайлық көмескіні қөргіш, бұлдырыды білгіш болмақ шарт, – деп жазды ұлы Мұхтар 1946 жылы. – Бұл қасиет ақынға оңай орнамайды. Аса бір ерен шыққан жалын атқан дарынды жас болмаса, көпшілік шын ақпа ақын өнеріне бейім болған күнде де ұзақ-сонар сын кешіп, сан сайыста сілкілесе жүріп, сан рет жаға жыртып, тон тоздырып жетеді. Бірақ жеткен өнер сатысынан ақын шегінбейді... Осы аталған сыпаттар Жамбыл базында түгел бар еді” (М.Эузов. Шығармалар. 18-том). Ал бүгінде айтысты кәсіп қып мал табудың қөзіне айналдырып, жоқты-барды өлең ғып, жиын-тойда он бес минут дарылдап, көнілшек елдің қөзін алдап, бәйтеге “Мерседес” пен “Жигули” немесе “Москвич” мініп жүрген әлеулай ақындардың қайсысында осы қасиеттің төрт құбыласы тең екен?! Қарапайым қара халықтың арман-ойын ту тұтып, ар-намысын корғап, айтулы жыр сандактарымен таңды таңға үрүп. Тынбай айтысып, өнерін оздырып, жүйкесін тоздырып женип шыққанда ат мінуден артық сый көрмеген, аларман үшін “жақ саууды” ар тұтқан Жәкең тірі болса ондайларды: “Ей, жыршылар, жыршылар, жыр айттар ма осылай?! Сөздерінің дәмі жоқ, күйлерінің мәні жоқ, пайдаласыз жұртқа құр айқай!” деп тыйып тастар ма еді, кайтер еді деп ойлаймыз кейде.

Зерделеп, зерттеп, кілтін тауып, қыр-сырын аша алсақ, Жамбылдың айтыс өнері тарихы терең, тағылымы мол өз алдына бір өнеге мектебі. Қарсыласын басқа-көзге төпелеп, бірден тұқыртып тастамай, қадір тұтып, көтермелей отырып-ақ, астарлы әзілмен, уытты мысқылмен алды-артын орап алатыны қандай керемет десенші! Әсіресе, Айқұміс, Бөлектің қызы, Нұрила сияқты ақын қыздармен айтысында оның сұнғылалығы мен сыпайылығына тәнті болып, өлең тәрізді төтенше киын өнерге тайлықтай бел буган әйел затына деген аскан құрметін айқын анғарасың. Осыны көре тұрып қазіргі айтыс ақындарының қыздармен сөз сайыстыранда: “Байың бар ма, балаң қанша, оларды үйге қамап қалай келдің?” деген тәрізді өгіздің танауын жұдырықпен тескендей, дөрекі, доғал қалжынына ызаң келеді.

Ал Жәкең адалдық пен адамдықты ту тұтып, қалың ел, қара бұқараның ар-намысын жыртып, мұң-мұддесін қорғауға келгенде тауқырандай саңқылдап, серт семсердей жарқылдап, арқаланып, аруактанып кеткен ғой дәйім. Қанау мен қысымға, әділетсіздікке қаны кас қиғақ ақын арамдық пен надандық, сараңдық пен доландық, орашолақтық пен оспадарлық секілді кеселдерді өткір сөздің уытымен сылып, менмендік пен мейірімсіздікті, қараулық пен қатығездікті сын тезіне салып өтті. Тұғанын білмес тұра бидей келенсіздіктерді сынағанда ол алыс-жақынға, атақ-дәрежеге қарап

кібіртіктеп күмілжіген жан емес. Эрине, ақынның бұл айбын-арыны атқамінерлер мен ауқаттыларға ұнаған жок. Өр үнін өшіру үшін ақынға олар қысым қөрсетіп, тұрмыстан тарықтыруға, жасы жетпей жер таяндыруға барын салып бакты. Алайда Қазан төңкерісінен туған азаттық таңы оны қапас тұрмыстың тұңғиығынан арайлы өмірдін айдынына алып шыкты.

Қазір Ұлы Қазан төңкерісі дегендегі кірпіде жиырылып, онсыз да өркениетке жететін едік деп өрекпітін желөкпелерге бұл пікір ұнамас та. Өйткені төңкеріс әкелген теңдікті, ұлы өзгерістер мен жаппай сауаттылыққа жеткізген өркениет жемістерін жылды жауып койып, тек оның көленке жактарын қазбалайтын өсіре үлтжандылар аз емес қой. Бірақ қандайлық кемпілігі, қаншалық келеңсіздігі болса да оны алып ақын жана туған жарық құндей, жақсы заманың жаршысындаі қөріп, құшак жая қарсы алды. Ұлы төңкеріс әкелген ұлан-ғайыр өзгерістермен Жамбыл өмірге де, өнерге де қайта оралды. Оның ағынан актарылып:

*Мен ғасырдың айғағы жүзге келдім,
Ел бірлігін, бақытын іздел едім.
Айды аялап, күн құштым, нұр жамылдым,
Жеміс үшіте кездесіп іздегенім, —*

деуі сондықтан.

Жамбыл дарынының бар қыры, бар ғұлі осы жаңа дәүірде ашылды. Жаңа заман, жасампаздық істер қиялына қанат байлап, шабытын шарықтатып жіберді. “Тоқсандағы Жамбылға толқынданып сөз келді, қоқтеменің ғуліндегі кәрі өмірім өзгерді” деп енді ол жиын-тойларда Кеңес өкіметі, Коммунистік партия, оның көсемдері жайында, қанаттанған халық жөнінде емін-еркін көсліп, жігіттей жалынмен жігерге толы жырлар толғайды. “Отанды сүй” дейтін өлеңіндегі:

*Осыетім: шындықты, адалды сүй,
Ардақтаган халықты, адамды сүй.
Елдің тіккен үргесін иғлікке,
Тап бүгінгі бақытты заманды сүй, —*

деп келетін сырлы шумактар соның айғағы.

Осынау бақытты заман болмаса, дарыны жүрттап асып, дабылы қанша жер жарғанымен, Жамбыл да кезінде данқы дәуірлеп, дүйім елді аузына каратып, бертін үміттыла бастаған жыр саңлақтары Құлмамбет пен Сарбастың, Бақтыбай мен Бөлтіріктің деңгейінде калып қоюы кәдік қой. Сондықтан да ол өзін өмірге қайта әкеліп, өлеңіне өлмес күш берген заманын, қоғамын, Отанын жалындаі сүйіп, жанындаі жақсы қөрді. Өзімен бірге түлеп, еркін өмірге қолы жеткен қазақ халқының жаңа, жарқын тұрмысын шынайы

шеберлікпен суреттеді. Сол бір шат өмірдің шырышын бұзып, фашист басқыншылары баса-қоктеп Отан шебіне кіргендегі тоқсан бір жастағы Жамбылдың атой салып, атқа мінүі кереметтің кереметі.

Соның алдында ғана: “Жаңадан не айтасыз, Жәке?” деп сұраған хатшысына: “Жамбыл өлең айтпайды жантайған соң, жалқауырал тартылпын қартайған соң” деп қамсыз жатқан қарт жырау аскар таудай еліне, байтақ жатқан жеріне дүшпан шапты дегенде: “Қаһар қауалап денемде, жыр да келді көмейге” деп, “Екі дүние айқасты”, “Өлім мен өмір белдесті”, “Аттан, батыр үрпағым!” деп үран тастады. Қанды қасап майдан алаңындағы елеулі оқиғалардың ешбірін калт жібермей, жыр арнап, ата жаумен айқасқан кенес халқын ерлікке үндеді. Былайша айтқанда, оны майдан мен қазак даласының арасындағы дәнекер болды десе де сыйғандай. Қазак жауынгерлерінің “Атамыз Жамбыл ақынға” деп хат жазып, ған “Жұз жасаған жүректен” деп жауап қайтарылуы осының айғағы. Сүйікті Отанды қөздің қарашибындарай қорғауға шакырып, өрен жыршы еліміздегі халықтар достығын мактандышпен жырлады. Талай мәртебелі жиындырды өлеңмен ашып, мінберден такпактал сөйлеу арқылы өлең-сөз сияқты жана жаңр жасады.

Жыр алышының дәл сол тұстағы еңбегін Фабен, кәдімгі сөз зергері Габит Мұсірепов өте әдемі айтқан-ды. “Ақын даусы “корған” дегенде де, “аттан” дегенде де дүниені жаңғырықтыруы кепрек. Жәкең даусы осылай шықты. Бір ғасыр жасаған даусы карлықпастан кетті. Қызарған, бұлдыраған кәрі көз дүние аударыспағын түгел көріп отыратын сияқты еді, — деп жазды ол. — Ақын болсан қыздырып айт, жылатып айт, күлдіріп айт, күйіндіріп айт. Жел ессін, дария шайқалсын, ой аунақшысын. Қанжардай қадал, оқтай атыл, ескілік дүниесі кансырап қалсын... Жәкен жырларының рухы осындей ғой” (F.Мұсірепов. Таңдамалы шығармалар. 3-том).

Өмірдің өзінен окуы, тұрмыс тәжірибесінен токуы үшан-теніз ұлы жыршы айырмашылығы күн мен түндей екі дәүірдің күесі болып, қын да қызықты ғұмыр кешті. Жұз жылға жуық ол халыққа халық туралы сыр шертіп, жыр толғады. Жамбыл жырлары бүгінгі таңда да тәуелсіздік алып, егемен ел болып, өркениетті қоғам орнатуға бекем бел буган Қазақстан халқының жүрегіне өз күшіне деген сенім үзілдікпен, куанышка құлшынтары, достыққа үмсінтары шәксіз.

Осы арада мынадай бір мәселелерге тағы да тоқталып өткен жөн тәрізді.

Бірінші, кешегі жеке басқа табынудың зардалтарын сынау науқаны Жәкеңнің шығармашылық еңбегіне соқпай, көлеңкесін

түсірмей кеткен жок. Жаңбыр бір жауса, терек боп екі жауатын кейбір әсіре белсенділер: “Оның шығармашылығы шамалы, сарай ақыны болып, бар бітіргені Ленин мен Сталинді мадактау болды” деп те соқты. Өз ортасының сезін сөйлеп, өз дәүірінің жырын жырламаған дарын бар ма бұрын-соңды тарихта! Әлемді дүр сілкіндіріп, адамзат тарихында тың серпіліс туғызатын ірі тұлғаларды жалғыз Жамбыл ғана емес, құллі Кеңес елінің, тіпті жер-жүзінің айтулы ақын-жазушылары жыр етті. Сонда солардың барлығының шығармашылық деңгейі, дарын қабілеті шамалы болғаны ма. Міне, енді Кеңес өкіметі құлап, Коммунистік партия тарап, социалистік қоғамның қабырғасы қақырап қалды. Сонда қалай, сол үкімет пен партияның сойылын соғып, қоғамдық құрылышын өзекті тақырып еткен әдебиетімізді, жалпы тарихтағы жетпіс жылды түгел сыйып тастауымыз керек пе? Жоқ. Ендеше, өз дәүірінің үні болғаны үшін ұлы ақынды кінәлау бері қойғанда артық, әрі барғанда әбес.

Екінші, еті қызып елеріп алған кейбір көкезулер: “Жалпы, Жамбыл деген ақын болған жоқ. Ол Кеңес өкіметіне жағыну үшін қолдан жасалған жыршы. Оның өлеңдерін Фали мен Тайыр, Қалмақан мен Қасым (Тоғызак) тәрізді әдеби хатшылары жазып берген-міс” деп көкіді. Жарқынам-ау, сонда олар осындағы өлеңдерді өздеріне жазып, ұлы ақын боп кетпей қайда жүрген?! Өзге-өзге, оның қысықша өмірбаяны жарияланып, кейбір кесек шығармаларының аты аталып, өз нұсқасындағы “Көргұлы” дастанын он бес күн жырлайды деп атап көрсетеді. Одан өзге “Садыр патща”, “Шалтабай” сияқты эпикалық шығармалары болған дейді. Бір өкініштісі, “Көргұлының” екі мың жолынан басқа олардың қолжазбасы сакталмаған. Осының өзі-ақ оның дәрія кеуде дарынды жыршы, даңғайыр ақын екенін дәлелдемей ме?!

Үшінші, Абай мен Жамбылдың дәреже-денгейін безбендеп, таразыға тартуға тырысуышылық шаң беріп жүр. Кей да старқанның басында: “Абайдың басын берсін, Жамбылдың жасын берсін!” деп бата жасасаң, немене Жәкең көп жасаудан басқа түк бітірмеген бейшара шалдың бірі ме екен?” деп шап ете қалатын әсіре жамбылшылдар да бар. Құдай-ау, Жәкеңнің бақытының өзі осы жасы емес пе. Осынша жас жасамай, төңкерістен бұрын кетіп қалса, ол қазіргідей атак-даңққа жетіп, шырқау биікке көтеріліп, айдай әлемді аузына қаратар ма еді?! Абай мен Жамбыл “Қазақ әдебиеті” атты айдын дарияның екі бастау көзі, құнарлы кос қайнары емес пе?!

Бірі жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы да, бірі телегей-теңіз ауыз әдебиетінің қазыналы қоймасы. Екеуі қосылып, қазақ поэзиясы деген сөүлетті сарайдың енсесін асқақтатып тұрганы қайда?!

Ал Жәкең өз өмірінде Абайды қадір тұтып, құрметтеп өткен кісі. Сырттай атына қанық Абайға оның қоған ұлы Әбдірахманы Алматыда қайтыс болғанын естіп, өлеңмен жұбатып көніл айтып, жиені Әбсеметтен сәлем жолдауы сыйластықтың белгісі емей не! “Мынау тұрган Абайдың суреті ме, өлең сөздің үқсаған құдіретіне” дейтін де Жәкенің өзі фой.

Ол аз болса, ел аузында мынандай бір әдемі естелік және бар. Абайдың жұз жылдығы алдында Алматыдан арнайы сәлем бергені үш-төрт ақын-жазушы ауылында жатқан Жәкеңе барыпты. Дастанқан басында әдейі өзіл болсын деді ме, әлде не айтар екен деп карт жырауды сынағысы келді ме, қонақтардың бірі отырып:

— Жәке, осы Абай қандай ақын? — деп сұрапты.

— Абай ма, ақын емес... — деп тәмен қарайды қария. Сәлден соң басын котеріп алып: — Абай қандай ақын дейсін, ә? Абай ақын ба екен, ақынның пайғамбары емес пе! — деп саңқ етілті.

Осындай қос арыстың, қос алыптың арасына сез сыналып, сыйластығына шұбә келтіруіміз үят-ау. өзі!

Жамбыл жалғыз Абайды ғана емес, барша адамзат баласын бауыр тұтқан ұлы адам. Бұдан алпыс жыл бұрын Кавказды аралап келе жатқан ақынға жолыққан бір шетел жазушысы:

— Жамбыл мырза, Сіз жер бетінде құрдастарыңыздың аз қалғанына бақыттысыз фой! — деп құйтырқылау сұрак қойыпты. Сонда достықты ту тұтып, халықты қашан да құдірет деп білетін ақын іркілместен:

— Сіз қателесесіз, менің бақыттылығым қайта менің құрдастарымның қоپтігінде. Жүз жетпіс екі миллион кеңес азаматы — менің құрдастарым. Олар да, мен де, менің бүкіл Отаным да өзіміздің нағыз өмір сүре бастағанымыз Ұлы Қазан төңкерісінен бері ғана деп білеміз, — деп жауап беріпті.

Ұлы ақынның сол құрдастары қазір Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аумағында ғана үш жүз миллионға жуық. Оған Жамбыл жырларын өз тілінде оқитын әлемнің отыздан астам елін қосса, ақын құрдастары жер шарының тең жартысына жетеді. Бұл жыр алыбы үрпақ сайын жасарып, жасай береді деген сөз. Тоқ етерін түйіп айтсақ:

Жер жүзине жайылған алып үні

Жамбыл — жырдан жаралған халық ұлы.

1996 жыл.

ТЕРЕЗЕСІ ТАГОРМЕН ТЕҢ

Сәті болар істің орайы гайыбынан келе кетеді. Менің сөзстанға сапарым да солай ойламаған жерден тұсті. Арнасында қазіргі Қарағанды мемлекеттік университеті шаңырақ көтерген пединституттың акырғы курсында оқып жүрген кезім. Облыстық газеттерде ара-тұра өлеңдерім жарияланып тұратын. Кейде курсас досым Юра Нестеровтың аударуымен жазғандарым орысша да жарық көріп қала-ды. Мединституттың талапты жастарын тартып әжептәуір әдебиет үйірмесін құрғанбыз, үдайы шығып тұратын оның жазбаша жур-налы да бар. Жиі-жиі бас қосып, жазғандарымызды талқылат жа-тамыз. Оның үстіне институт қабырға газетінің білдей бір редакто-рымын. Студент тұрмысының келенсіз көріністерін қағас қалдыр-май, сын садағына да іліп қоямыз.

Сондай қарекет-кімшілдарым катеріне ілініп қалды ма, кайдам, бір күні аяқ астынан облыстық комсомол комитетіне шықырылма-сым бар ма? Себебін білмей, басым дал бол дағдарып, ақыл алтау, ой жетеу болып шақырылған жерге барсам, екінші хатшы қабыл-дап, күттіктап қолымды қысканы ғой. “Облысымыздың келешегінен үміт күттіретін жаңа талап қаламгерлерінің бірі ретінде жас жазу-шылардың республикалық мәслихатына делегат етіп ұсынып отыр-мыз. Артқан үмітімізді актайтыныңызға сенеміз. Желтоқсан айы-ның ортасына таман оншакты адам Алматыға жүресіздер”, – дейді. Сөз естіп, сөгіс алғып қаламын ба деп күпті көңіл, күдікті сезікпен келген басым, мұндай қуанбаспын. Қаншалық өнеркәсіп алыбы деп қопақардай қылғанмен, облыс орталығында оқып жүрген жасқа астананы бір көріп қайтудың өзі не тұрады. Оның үстіне пығарма-ларын бас алмай оқып, сырттай үстаз тұтып жүретін жазушы ағалар-мен жұз көрісп, ақыл-кенесін өз аузынан есту қандай ғанибет!

Шынында да, үстаздың кітаптан оқыған мын сөзінен де өз аузынан тындаған бір сөзінің әсері өлдекайда күшті болатынына көзім сонда жетті. Сол тұстағы Үкімет үйінің мәжіліс залында өткен мәслихатты аты әлемге әйгілі академик жазушы Мұхтар Әуезовтің өзі ашты. Оқулыктардағы суреттерінен жүргімізде жатталып қалған таныс жуз. Бұрынғыдай емес, жазық маңдайы тіпті жарқырап, буырыл тарткан бүйра шаштары екі самайда үрпіп, толқынданып барып желкеге тұрып қалған. Тоқтасқан жасына қарай толысқан мол денесі манғаз мінезін айшықтай түскен тәрізді. Маң-маң ба-сып мінбеге көтерілгенде көз біткен соған тігіліп, көңіл біткен соған ауды. Оң қолын мінбердің жақтауына соза салып, жеткіріп алған ол сөзін бастады. Эрине, сол кездін өктем үрдісі бойынша орысша сөйледі. Әуелі бірер минут күмілжіңкіреп, тапырақтаған тайдай кібіртіктел барып, қулағының тубінен тер шыққан жүйріктей көсіліп кеп берді дейсін. Өз ұлтының макамымен орыс тілін қатесіз сөйлеудің кереметін мен сонда көрдім.

Қalamгерлік қарекеттің зейнетінен бейнеті көп, инемен құдық қазғандай киын жұмыс екенін айта келіп, оның жазушыны спортшымен салыстырғаны күні бүгіндегей қулағымда. Екеуі де ерінбей-жалақпай, ертелі-кеш жаттығып, дамыл-тыным көрмеуі керек. Тер төгіп, еңбек етпесе, екеуінен де нәтиже шығуы негайбыл. Сондықтан сөз өнерін мұрат тұтқан кісі үдайы оқып, үйреніп, іздене беруі ләзім, онсыз қадам көсіліп, қалам төселеуі киын. Тіл ұстартып, өнер қуар адам спортшыдай үнемі сар бабында болуы шарт. Ал жазушының одан бір айырмашылығы – жасы үлғайған сайын тәжірибесі толысып, шеберлігі шындалып, қарым қуаты да, дарын қуаты да күшіне туседі. Спортшы болса, жасы үлғайған сайын күші азая береді. Демек, еңбектенбей, бейнет көрмей жазушы бола алмайсың. Талаптың өзі, таланттың көзі еңбек қана. Онсыз арак тұрсын, апиын ішіп шақырсан да шабыт тумайды. Ұстаз сөзінен бір үққаным осы болды.

Мәслихатқа жиналғандардың басым бөлігі ақындар екен. Тұмысынан ақын халық қазак үшін бұл жақсы және жарасымы да. Бізге алуан үнді, сан қырлы шабытты да сауатты ақындар көп керек, – деді ол. Осы сөзді естігенде бұдан бір жыл бұрын оның “Қазак әдебиеті” газетінде жарияланған жырқұмар ғалым әрі батыр Мәлік Габдуллинге жауап хаты ойға оралды. Сөз патшасының ұлы тілеуқоры, үлкен жанашыры қазақ жырындағы қадау-қадау соны ізденістерді тілге тиек ете келіп, Сәбенен бастап, сол кезеңнің күллі ақындарын жеке-жеке атай отырып айнымастай әділ бағасын

берген еді. Оның “...Кешкі кең сахараның алышынан берісіне қарай кешкі жайлау отындај жарқырай түсіп көз тартып тұрған көрікті өлендер катары. Бұнда қырғи тілді Асқардан, сыршыл үнді Әбділладан, майдақоңыр Фалидан, басым сөзді Тайырдан, күйлімұңлы Қасымнан, ізденгіш те тапқыш Хамиттан, өзіне бөлек сырлы сазды Сыrbайдан, салқын ойлы Саиннан, тағы талай үлкендікішілі ақындарымыздан көніл медеу етерлік көп шығармаларды атай аламыз”, – деген жолдары жадымызда жырдай бол жатталып қалған. Енді міне, еркін ерке, шалдуар шәлкес мінезіне қарамай бағбандай баптап, бүркітшідей баулап, түрлі-түрлі тұнық үнді ақындарды қөбейтіп, қанаттандыра берейік деп тұр.

Әдебиетте және әркімнің өз орнын білгені аbzal. Осының алдында Тайырдың “Тасқын” дастанын түккे жарағысыз ғып, жалпы жырларын жерден алып, жерге салған солақайлау бір сынарезу сын шыққан. Әлгі хатта Мұхан ақынға араша түсіп әдебиетіміздің өркенін өсіріп, қосегесін көтеруге оның қосқан үлесін айттып, мінсіз мұсіндей бірегей көркем кестелі туындыларын алға тарта отырып, сынның сарыны: “Тайырга айтатын тон емес”, – деп тойтарғанды. Сол пікірді қайта қайталап тарқатып жатпай-ак, әдебиеттегі әр үрпактың өз орны болатынын, соны қанағат тұтып қастерлей біліп, әдептен озбау керек екенін егжей-тегжейлеп ежіктемей-ак бірер сөзбен түсіндіріп берді. Әйтпесе бесіктен белі шықпай жатып әкесінің сақалына жармасқан сотанақ баладай үрда-жық содырлысын бел алып кетсе, әдебиетімізді бастан үрған танадай мәңгіртіп, басыр ғып тастауы да кәдік.

Асылы, ақын-жазушыдан жарнамасы көп халық жок, деп ол тағы бір ойдың ұшығын жалт еткізді. Дүниеге ақын келді деп алдымен оның өлеңін басамыз. Кейде сәт сапар айттып тұсау кесерін жасап, тілек білдіреміз. Соナン соң жазғандарын жинақтап, кітап етіп шығарамыз. Одан ол кітапқа пікір білдіріп, асылы мен жасығын ажыратып береміз. Бұдан артық жарнама бола ма! – деді. Бұдан отыз жылдан астам бұрын айттылған осынау пікірге күні бүгінге дейін қайранмын. Біз болсақ кой, жарнаманың не екеніне нарықтың қыспағымен енді ғана жасымыз алпыстан асқанда әрен қөз жеткіздік. Сол кезде жарнаманың не екенін зерделеп, тубі оның керек боларын ескертіп жүрген Мұхаңың ойы қандай көрегендік, қандай кеменгерлік десейші!

Сонау елу алтыншы жылдың желтоқсанындағы сол мәслихатқа қатысып, ұлы Мұхтардың көзін көріп, сөзін тындаған, балалық бал құндері Ұлы Отан соғысының от-жалынына шарпылып, қын-

дықпен өсіп ержеткен біздің арамыздан кейін талай белгілі акындар мен белді жазушылар шықты. Бәлкім, бұл қазақ көркем ойының қызыры болған әулие дарынның шапағаты да шығар. Әйтеуір сол толқыннан кара жаяу қалғаны жоктын қасы. Кітаптары сөрелерге сыймайтын айтулы әдебиетші болмағанмен, біз де журналистиканың жуан тобық еңбек торысы болып шыға келдік. Соның аркасында талай әйгілі ағалармен дәмдес-түзлас, сыйлас-сырлас болдық. Солардың бірі, заманымыздың заңғар жазушысы Фабиден Мұстафиннің өз аузынан естіген Мұхан туралы тамаша бір естелік бар.

Дананың пейілі даладай, мінезі баладай болатыны бар емес пе. Мұхан да шалқып-толқып көнілі қөлдей бол отырып сәл нәрседен шарт сынып, кілт ете қап кіді мінез танытады екен. Бірде Алматыға Үндістанның премьер-министрі Джавахарлал Неру келетін болады. Оны үкімет деңгейінде карсы алу үшін Қазақстан Министрлер Кеңесінің сол тұстағы мәдениет жөніндегі орынбасары Төлеғен Тәжібаев бас бол бір топ адам шығады. Олардың арасында Жазушылар одағының басшыларынан Фабекен және Мұхан болады. Әуежайдың басында жазушыларды көріп кеп сәлем берген, кешегі Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры, бүгінгі республика басшыларының бірі, профессор Т.Тәжібаевқа Мұханың кәдімгідей пейілі түсіп:

— Пай-пай, бүгінде біздің зиялыштардың деңгейі қалай өскенін мына Төлегеннің жүріс-тұрысының өзі паши етіп түрган жоқ па. Киім киісінің өзі қандай, бәрі де бойына қона кеткен, — деп разылышқарайын білдіреді.

— Мұха, Неруге деген гүлді өзіңіз тапсыратын болыныз, — дейді Төлеген.

— Ер адамға ер адамның гүл тапсырып жатқаны жөн болар ма екен, өзі?! Бұрын-соңды жол-жора, салт-дәстүрде бұл әдет жоқ сияқты еді, — деп ғұлама аға күмілжіп қалады. Онысына қарамай біреуі әкеп оның қолына гүлдесте ұсталады. Осы екі арада мәртебелі мейманнинің ұшағы келіп қонады да, карсы алушылар солай қарай беттейді. Ықтиярсыз алған гүлді жәй бір сыпыртқы сияқты салбыратып, қалай болса солай үстап, өлі де ойланып келе жатқан жазушыға көзі түсіп кеткен Төлеген:

— Мұха, гүлді кәдімгідей көтеріп ұстаныз, — деп қалады. Сол арада Мұхан да шарт сынаады.

— Пәлі, мен сені көргені бар көшелі азамат деп жүрсем, аузын шымшишп буған қапшықтай тырсып ештеңе білмейді екенсің ғой

өзің. О заманда бұ заман ереккө еркек гүл тапсырганын есіткен де, көрген де емеспін. Тапсырсаң ғулінді, мә, өзің тапсыр, – деп кері бұрылып тайып тұрады.

Жарайды, сонымен, қонақ та карсы алынады, қошемет те көрсетіледі, қонақасы да беріледі. Алайда ол күні арасында ұлы жазушы болмайды.

– Күні бойы құрметті мейманнның қасында жүріп үйге қас қарая оралып қалжырап жығылып үйықтап кетсем керек. Түннің әлде бір әлетінде телефон шылдырайды. Шырт үйқыдан шошып оянып тұтқасын қөтерсем, арғы басында – Мұхан... – дер еді Фабекең сол оқиғаны есіне алып. – “Әй, Фабиден, бағана үйге келгелі бері қотармаған дерегім, актармаған кітабым қалған жоқ. Бірақ бірде-бірінен ер азаматтың гүл сыйлағанын таба алмадым”, – деп тұтқаны қоя салды. Жарыктық, ойна алғанын діттеген жеріне жеткізбей тынбайтын қызық кісі еді ғой.

Іә, ұлы ғұламаның әрбір пікірін дәлелдеу үшін дамыл-тынным көрмей, ізденетін тапжылмас табандылығы кімге болсын үлгі-өнеге екендігінде дау жоқ. Бірақ оның гүл жөнінде қытыға қалуының басқа бір себебі бар ма екен деген ой келеді. Бәлкім, бүгін бар, ертең жоқ мемлекет басшысына бас ііп тағзым етуді ол өз бойына лайық көрмеген болар. Өйткені ол келіп-кетіп жататын мемлекет кайраткері емес, есімі де, енбегі де мәңгі өлмейтін Рабинранат Тагордың өзімен терезесі тең тұлға ғой. Дегенмен, сол бір сәт жазушы жаны жұмбақ екенін тағы да танытқан тәрізді.

1997 жыл.

ДӘУІР ДАУЫЛПАЗЫ

...Көлден соққан самал тауды желпіп, қалың жыныс орманның бар жүпарын түп-тұра осы төңірекке себездеп тұр. Шырқаудағы Шайтантасқа шағылып, Жекебатырдың дулығасымен ойнаған күн сәулесі оны көкжиектен айшықтау үшін әдей жүргізген алтын су сияқты. Жаңа ғана төбеден зу ете қалған көк қаршыға Оқжетпестің үшар басына жабысқан нокаттай бол қалықтап тұрды да алды. Бірін де қалт жібермей, бәрін көңіліне кестелеп отырған аңдампаз ақын аспандадағы қаршыға бір, алдындағы қарияға бір қарады.

Аққудың көгілдіріндей ақсакалды қарт та сол қыраннан қалмай, самған кетердей қомданып, домбыра шегін жебей саумалап, мойның созып койып отыр еді. Шашакты тақиясы бірсесе қабағына түсіп, бірсесе желкесіне ысырылып, мандайы жиырылып жазылып, кең кекірек бұғағы бұлк-булк етеді. Салалы тарамыс саусактар перне бойлай жүгіріп, егіз ішек қылқына барып бір ашық, айқын, әсем дауыс тік шырқап тіке биікке көтерілді, екпінінен төбеге төніп түрған шың шатынап құлайтындаі, төменде жатқан көл шарасына сыймай лықсып, жаганы ұратындаі көрінді. Кәдімгі алты қырдан асатын асқақ үнмен “Алтыбасар” жөнеді анқылдан. Әннің үйірім-үйірім әсем әуеніне, үннің көркем көсілген кеңдігіне үйип әрең отырған ақын “тагагалап” “Гәкку” кеткенде бұк түсіп әншінің алдына жатып алды. Әнге елігіп, көлде қаздар қаңқылдап, қанатымен су сабағанын, ұзын мойның сұлу иіп қос акқу жүзіп жағаға жақын келгенін ол көрген жок, көңілімен сезіп жатыр. Айналасындағылардың “па шіркін, кәрі тарлан әлі қарап тұр ғой!” деген қолпаштауына да тырп еткен жоқ. Онан “Қалдырған” кетті қалықтап.

*Алтысқа келдім, жамағат,
Есітпей ешбір жаман ат.*

*“Калдырганды” калдырдым,
Сұраған, саған аманат... —*

деп терең күрсініп барып ән тәмамдалғанда ақын жерден басын жулып алып, жузі бал-бұл жанып, жасқа толы жанарын жаудыратып қарт әншіге қарады; құлағында “Сұраған” емес, “С-саған, саған аманат!” деген үн ызыңдайды. Сонда да ол бас сап беттен борпылдатуды жаратпайтын әдетінен жазбай, иліп кеп әнші атаниң әппақ сақалын сүйіп-сүйіп алды.

Иә, қазақ жырының қызыл сұнқары Сәкен Сейфуллин бұдан жарты гасырдай бұрын керней үн, көрік көмей, Қекшे әншілерінің бірі — Үкіл Ібырайдын өнеріне тәнті боп, осылай тағым еткен екен. Көзі тірі болса ғой, қазір Сәкен сексенте келіп, аппак қудай ажарлы, аяулы ақсақал болып ортамызда отыrap еді-ау. Аз сөйлесе де, саз сөйлейтін ақылгей ақынның әр сезіне разы болып, бүгінгі торқалы тойы үстінде сақалы болмаса да, қолының сыртынан сүюміз хак-ты. Себебі өлең сүйер, өнер сүйер қауымның қазақ совет әдебиетінің іргетасын тұнғыш қалаушы қайраткер, ақын ақынның тұлпар таланты алдында бас имеуі мүмкін емес.

Сәкениң күллі саналы өмірі жаңа заманның, жасампаз қоғамның, оның жас тіл өнерінің қалыптасып, қабыргасы катаюмен біте қайнасып жатыр. Қазіргі Жаңаарқа жерінде, кедей болғанымен кісіге кеудесін бастырып көрмеген саятшының отбасында дүниеге келген болашақ ақын қаршадай күнінен-ақ ән мен күйге, сауық-сайранға құмар боп өседі. Сол құмарлық бара-бара білімге деген құштарлыққа ұласады. Қекірегі ояу, көңіл көзі ашық әке баласының бұл талабын қоштап, Нілді кеніне орысша оқуға әкеледі. Сонда орысшаға да, оқуға да сауаты ашылған Сәкен Ақмолага аттандады, онан Омбыға кеп окушылар семинариясына түседі.

Нілді жұмысшыларының кембағал күйін ез көзімен көріп өскен сұнғыла жастың кішкентай күнінен-ақ әлеуметтік тенсіздік пен әділетсіздікке жаны қас болады. Осы өшпендердің, халқының көрбала қаранғылығына қабыргасының қайысуы оның тырнакалды туындыларынан-ақ айқын аңғарылатын еді. Рас, “Откен кундер” деген атпен 1914 жылы Қазанда жарық көрген алғашқы өлеңдер жинағында Сәкен қалың елі — казағын өнер-білім бар жұрттар қатарына жеткізуді асқаралы арман қылған. Октябрь алдындағы озық ойлы ағартушы ақын-жазушылардан үзап кете алмайды. Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды мұрат тұтқан Сұлтанмахмұт Торайғыров, кең құлашты оқигалы өлеңімен де, жан-жакты журналистік өнерімен де топ жарған Мухаметжан Сералин тұрган-

да олардан асырып артық бір ой айта қою да оңай емес-ті. Сөйтеп тұра, Сәкеннің өзіне тән тақырыбы бары сонда-ақ байқалады. Көркін қайғы кіреукеlegen туған жерін тебірене жырлап, өз ортасының өксік өмірін көкірегі карс айрыла отырып айтады ол. Қараңғы қапастан шығудың жолын шарқ үрүп іздеген өрімталдай өндір жастардың жетілуін тілейді. Жасқа да, жасамысқа да – жалпы халыққа аға болар күрескерді ансан, ол:

*Кейінгіге жаксы өнеге көрсетін,
Надандыкты табанымен таптаса,
Шыбын жасын халқы үшін пида ғып,
Ата қүші, ана сүтін актаса, –*

деп арманадайды. Тұлпарды шаңдағынан. сұнқарды самғауынан танитын көзі қаректі ел сондай аға Сәкеннің өзі боларына бірден сенді. Бұдан былайғы өмір белестерінен оның өзін осы жолға басы-гүлді бағыштағаны айдан анық білініп тұрды.

Омбыда революциялық күрестің ен ортасында болған Сәкен Ақмола түбінде ұстаздық жолын бастаған айларында-ақ бүркөткен он алтыншы жылғы көтерілістің толқынына сұнғи жөнеледі. Ол бейтарап бақылаушы емес, көтерілген көлтің шынайы ақылшысы, қалтқысыз халық қамқоры болады. Көтерілістің айуаңдықпен аяусыз басып-жанышылғаның көзімен көріп, катты күйзелген, бірақ қайсар халқының құдірет-күшінен күдер үзбеген ақын Октябрь таңын қуанышы қойнына сыймай, құшақ жая қарсы алады.

*Минекей, енді тілеген
Қызыл құнғе жеттік біз!
Әділдік – адап еңбекті
Тұрмысқа патша еттік біз! –*

деп “асуы жоқ асулардан асып, жерді, аспанды біріктіріп құшатын” жарқын дәүір туғанын бар даусымен жар салады.

Ақынның өлеңі – өміrbаяны деген даусыз ақиқат бар. Ал шын ақында, ұлы ақында қоғамнан тыс, заманнан тыс, Отаннан тыс өмір болмақ емес. Сәкеннің де өлеңмен өрілген ғұмырнамасы Октябрь арайынан жаралған жаңа өмірді жүріп өткен тар жол, тайғақ кешумен желдей ескен ырғақ екпінімен алдыңа тартады. Сол ерлердің өркенін өсіру жолына жанын пида етіп жүрген күрескердің бүкіл болмыс-бітімі, келбет-пішіні көз алдыңа келеді. Революция перзенті – жас Совет республикасының буынын бекітіл, бұғанасын қатайтуда қандай киындық кездессе де қаймықпай, қасқая қарап қатерге де бас тігеді.

1918 жылы мамыр айында Ақмолада бүлік бүркөткенде қалды.

Акгвардияшылар қалада Совет өкіметін құлатып, басшы большевиктерін тұтқынға алды. Тұтқынға алынғандар Колчактың қолына түсіп, Ақмола, Қызылжар, Омбы абақтыларында адам айтқысыз азап шекті. Атаман Анненков айладап “ажал вагонында” ұстап, қатты кинауды. Алайда корлау мен кинаудың неше атасын көрсе де, курескер ақынның асқақ рухы жығылмайды.

*Отырмын құзет, камауда,
Дүшпанин тәнім женилді.
Жеңе алмас бірақ еш пенде
Асая еркін көнілді, —*

деп ол шым болаттай шамырқана түседі. Темір торлы тас үйдің терезе алдына кеп ән салған торғайларды медет көріп, жел желліп әкелген көгал арқылы туған қырмен кенескен ақынмен бірге қиялданып сенің де “қанатты, тағы тұлпарға” мініп, дүбірімен таутасты жаңғыртып, айнакөлді айнала құйғытып қайтқын келеді. Осы тұлпар болып дүбірлеген күрес дабылы тас қоршауды бұзғызып, ақынды тұтқыннан алып шығады.

Азаттыққа шығысымен-ақ ол “кедей ұлы жігерлі жолдастарды” күреске үндел, “Азамат, жұнжіме, жүрме бос, қол ұстас, бірігіп тізе қос!” деп саңқ етеді.

*Жауыздық тамырын қияйық,
Кулардың аранын тыяйық,
Ақ ниет азамат ерлерді
Бір тудың астынан жisiaйық! —*

деп дабыл қағады. Осындағы өр рухты өжет жырларын қазақ ауылдары жаңа әмірдің дабылы деп қарсы алып, ақынды төбесіне көтеріп әкетеді.

Жиырмасынши жылдары С.Сейфуллин Қазақ Республикасын құру жөніндегі үйымдастыру жұмысына белсене араласып, алғашқы съезде атқару комитетінің Президиум мүшесі бол сайланады. Оку халық комиссарының орынбасары, “Еңбекші Қазақ” (казіргі “Социалистік Қазақстан”) газетінің редакторы болады. Советтердің II съезінде ол республика Халық Комиссарлар Советінің председателі болып тағайындалады. Біраз жыл үкімет басында отырып, әкімдік қызметте болғанымен Сәкен ақындық борышын ешқашан ұмытқан емес. Советтік тұрмыстан туған тың атаулыға табан аузында ұн қосып іліп әкстіп отырды. Еңбеккер елінің социализм орнату жолындағы жеңістері мен жемістері қиялына қанат бітіріп, қаламына шабыт берді. “Асая тұлпарын” халқына тарту етіп, “Домбырасын” күйге келтіріп, “Экспреспен” екпіндей алға жүйткіп, “Тұрмыс толқынында”, “Көкшетау” даңқын жер-көкке жайды. Жаңа жарқын

заманын, оның жасампаз адамын жырлауға Көкшедей көркем келісті өрнектер тапты.

Тамылжыған табиғаттың сұлу суреттерін ол көніл күйімен үштас-тыра, жаңа қоғам жасап жатқан жүрттың жан дүниесімен астастыра жырлап, лирикаға асқақ азаматтық әуен, бай қоғамдық мазмұн енгізді. Жаңа өмірдің өскелендігіне орай тың ырғак, соны екпін ізделі жырға. Ізденісі сәтті болғаны, әрине, сөзсіз. Оған мысалға “Советстан” дастанын алсақ та жетеді. Бұл қазақ топырағындағы публицисти-калық поэзияның тұла бойы тұнғышы және ен озық ұлтісі. Ақын бұл жолы бүрінгіңдай асав тұлпар, алғыр сұнкарды алмай, совет шындығын алға, тек алға жүйткіген жүйрік поезд етіп суреттейді. Сәулетті өмір орнатып жатқан бақытты совет адамдарының еңбегі дастанның өн бойына алтын арқау болып тартылады.

Отарбада сан румыз тілек бір,

Зор иманды, махаббатты жүрек бір.

Қауалан отты,

Зауалан қатты,

Жай қанатты,

Күш жұмсаітын бір майданда білек бір, —

деп экспрестің екпініне сап, тынымсыз дәүір тынысын береді. Оның осы жақалығы “Альбатрос”, “Социалстан” дастандарында одан әрі дамып айшықтана түседі. Рас, бұларда С.Сейфуллинге дауылпаз жырши В.Маяковскийдің ықпалы аз болған жоқ. Алайда ол түр өрнекті басқа топырактан емес, тура казак өлеңінің өзінен ізделі. Қалыптасқан кара өлеңнің киізін тіліп, керегесін қиратпай-ақ, бұнын балталап, жолын сындырмай-ақ тың түр тапты. Ішкі ырғак, үштік үйқас өлеңге жаңа өрнек қосты. Түр іздең, өлеңнің төсегін тепкілеп жүргендерге бұл гибрат болса керек.

Жаңашылдық та батылдықтың жемісі. Ал қоғамдық пікірді білдіруге келгенде Сәкеннен батыл ақын кемде-кем. Оған оның “Қызыл ат” дастаны кепіл. Бұл туындысында ақын отызыншы жылдардың басында асыра сілтеп, партия саясатын бүрмалаудың салдарынан Қазақстанның мал шаруашылығы тұралап, қазақ ауылшының тұрмыс дәрежесі құлдырап кеткенін большевиктік туралық-пен, бірбет батылдықпен айтып, социалистік қоғамдық құрылыштың дамуына бөгет болып отырғандарды аяусыз өшкөрелейді. Коммунист ақын осылай азаматтық үн көтеріп, принципті мәселені партиялық тұрғыдан шешеді және әдебиетте бірінші болып шешеді.

Бірінші болудың да басты шарты – батылдық. Әдette Сәкен жайында айтсақ, оған “бірінші...” деген баламаны қоспай қоймай-

мыз. Бұл дұрыс та. Қазақ әдебиетінде сынға алғаш қалам тартқан сол, тұңғыш драманы (“Бақыт жолында”) сахнаға шығарған сол, прозада жұмысшы табының бейнесін (“Жер казғандар”) жасаған сол, бастап мемуралық роман (“Тар жол, тайғақ кешу”) берген сол. Бәрін де бірінші жазған. “Айқап” журналында алғаш ол “Манап” пьесасына сын жазғанда жыныра жаска толған жоқ еді.

Жалпы, пьеса болған оқиғаның ізімен жазылған-ды. Хантәнірі бөктерін мекендереген Ұзақ батырдың шок жүлдіздың ортасындағы Шолпандай көп ұлының ортасында Бекей атты ару қызы болыпты. Қызы өзіне тең қырғыз жігітімен көніл қосып кетіп қалады. Батырдың дүмді ағайындары мұны намыс қып, Ұзакты ортаға алады. Ақыры, ол іздел барып ақ батамды беріп қолдан үзатайын деп қызын құдаларынан сұрап әкеледі. Батырдың аңғалдығын арам ниетіне пайдаланған туыстары қайтып келген қызды әкесі жокта мойнына арқан сап, шаңыракқа асып өлтіреді. Шындығы да, ел есінде қалғаны да осы. Осы оқиғаны есіткен Алматы оязының қызыметкері Лиханов болған істің өңін айналдырып, Ұзактан басқалардың атын да ойдан шығарып, пьеса жазған. Ол аударылып, “Айқапта” жарияланған. Сәкен автордың қазақ өмірін білмейтінін, тіпті туыскандық байланыстардың қалай болатынына да бойламағанын әшкерлеп, қазақты оның келеке еткісі келгенін сын тезіне салады. Осыдан-ақ оның ізі енді түсे бастаған әдебиетке деген қамқорлығы байқалса керек. Пердесін осы мақалада ашқан Сәкеннің әдеби сын еңбектері жаңа жас әдебиетіміздің қалыптасуына, қанаттануына игі ықпал етті. Ал оның үстаздық қызыметі өз алдына бір тәбе.

Сегіз қырлы, бір сырлы даркан дарын иесі Сәкен Сейфуллин әдебиет әлемін ғана емес, халқымыздың тарихын енселендіріп тұрған тұлғалардың бірі. Оның отты, ойлы творчествосы туған әдебиетіміздің тарихына өшпес із таstadtы. Ұстанған жолына қалтқысыз адалдығы, ұлы мақсаттардан туған ақынның жаңашыл жасампаздығы тіл өнерін мурат тұтқан талай үрпаққа өнеге. Әдетте үрпаққа ақынның өзі емес, сөзі жетеді ғой. Жадымызда сөзі бар да, жанымызда өзі жоқ Сәкеннің. Бірақ оған төрден орын әрқашан өзір. Ол қазір астында сылаң сағым ақбоз аты, тау ішінде өлеңдегіп келе жатқандай, қолында – сұңқары, кәдімгі құдіретті жырдың қызыл сұңқары.

1974 жыл.

ҰЛЫҚТАЛҒАН ҰСТАЗ

Былтырғы қазан айы. Кәдімгі бірде батпақ, бірде қатқақ де-гендей коныр күз. Бірақ көніл күз емес, жаздай жайсан әді. Көкшетау қаласының терістігін тұтас алып жатқан айдын көлдің шығыс жағалауындағы көне қорымның басына жиналған жұрт та өшкені жанып, өлгені тірілгендей жүздері жайраң қағып, қуаныш құшағында тербелетін тәрізді. Оның да өзіндік сырьы, өзгеше себебі болатын. Қаланың бас жоспарына сәйкес бұдан отыз жыл бұрын жабылған осы қорымда атағы алты алаашқа мәшінүр Науан хазірет жерленген екен. Кезінде орнатылған құлпытасы құлап, не себепten екені беймәлім, жермен жексен боп кетіп, қабірінің қайсы екенін білмей, бертін ағайын-туғандары ғана емес, имамның атын білетіндердің бәрі дал болып жүретін. Оншакты жылдан бері соны іздестіріп, дамыл-тыным таппай келген осы өнірдің зияльлары үш болек боп сынған тасты топырактың астынан аршып алып, құрсаулап қайта түрғызынты. Ал елдің бір білікті кәсіпкері, жаны ізгі жас жігіт Төлеген Хамзин иесіз қалған қорымның айналасын сәл-пәл қауымдап, алдына хазіретке арнап құлпытас қойып, ескерткіш орнатыпты. Мынау қарақұрым соны ашып, ас беруге жиналған қалың жүрт.

Бір ғажабы – Науан құлпытасының қасында бесік бойындағы шағын ескерткіш және тұр. Ол қазактың жаңа әдебиетін жасаушы жырдың қызыл сұнқары Сәкен Сейфуллиннің жалғыз ұлы Аянға арналыпты. Ақын нақақтан атылып кетіп, жары Гүлбаһрам жер аударылғанда үш жасар бала сүйк тиіп, жол-жөнекей Көкшетау қаласында қайтыс болып, осы қорымға қойылған.

Екі құлпытас, екі түрлі тағдыр. Екеуі де екі заманының, екі зұлмат тәртіптің құрбаны. Бірі – орыс патшалығының кәрінене

ұшырап, ақ адап сенімі үшін, құғын көріп, көп қиналса, екіншісін Кеңес озбырлығының колдан жасалған көзсіз саясаты қыршынынан қиған. Өз басым осы көрініске қатты тебірендім, көзіме молтілдеп жас келді. Өткенге енді не шара, әншайін іштей егіліп, арғы-бергіге ой жүгірту ғана колдан келері.

...Жалпы, “соқтықпалы соқпасыз жерде өстім, мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма” деп ұлы Абай айтқандай, кешегі қызыл саясаттың құрсауында сығылып, темір тәртіптің табанында тапталып, барымызды бар деп бадырайтып көрсетуге бата алмай, жоғымызды жок деп жайып салып, ашық айтуға бара алмай булығып өскен бізге қояр не кінә бар! Өткенімізді екшій алмай, оркенімізді өлшей алмай, бай тарихымыздың барын да жок, жоғын да жок деп, ауызды қу шөппен сүртіл келсек, оған біз емес, кешегі қатыбас қоғамымыз, қатыгез заманымыз кінәлі. Соның салдарынан небір кеменгерлеріміз бен ерең ерлеріміздің затын айту тұрсын, атын атауға коркып, ортак дақыртқа еріп, бай болса – дүниеконыз, сараң, батыр болса – ұр да жық надан, билері болса – алаяқ ділмәр, діндары болса – кертартпа жауыз деп, жаппай жамандauғa мәжбүр болдық. Сондай жазықсыз жазғырып, есімін жауыздық пен зұлымдықтың жалауы ете жаздаған кешегі кеменгер бабаларымыздың, көреген даналарымыздың бірі – Науан хазірет.

Қазактың арғы-бергі зияллыларында дәл Науан хазіреттей көп гайбатталғаны кемде-кем шығар. Оны мансұқтап мақала былай тұрсын, драма да, роман да жазылды. Бірақ бір ғажабы – ол датталағып жүріп-ак, жадымызда жатталып қалды. Қазақта қажы да, хазірет те аз болмаған гой. Алайда, олардың аты қалай шықса да, дәл Науан хазіреттей аты шығып, алты алашқа әйгілі болғаны шамалы. Бұл оның қанша құлдыратса да құламайтын, қанша құлдилатса да козғалмайтын қасиетті тұлға екенін танытса керек. Міне, рухани құндылықтарды таразыға кайта тартып, әділ бағасын берер заман туғанда, оның жарқын есімі бүлттан шыққан күндей жарқ ете қалған жок па. Сол ұлы бабалардың қасиетті есімін қалпына келтіріп, жарқын істерін халқына жаңа қырынан көрсетуге алғашқылардың бірі болып атсалысқанымды өзіме бақыт санаймын.

Осыдан жеті-сегіз жыл бұрын “Науан хазірет кім немесе бір шаңырактың шежіресі” атты көлемді очерк жазып, хал-қадерімше хазіреттің абзал есімін актап, иті енбегін еліне танытуға талпыныс жасағанмын. Онда Науанның ірі дінбасы ғана емес, үлкен үстаз болғаны, дуан орталығынан алғаш медресе ашып, ауылдың қара домалак балаларын білім қөусарынан сұсыннатқаны айтылған. Мед-

ресе негізінен діни бағыт үстанғанмен, орыс тілін үйретіп, төрт амалы түгел арифметика жүретін, тарихтан көп мағлұмат беретін заманындағы зайырлы оку орны болған. Дін ордасынан ақын-жазушылар, әнші-қүйшілер аласталмай, қайта шәкірттер ортасына шақырылып, халық аузы әдебиеті мен өнері уағыздалған. Шығыстың ұлы ақындарының, әсіресе сопылық сарындағы шайырлардың шығармалары оқытылған. Оқытушы орыс, айдауда жүрген социал-демократ Петр Тарлышев арқылы шәкірттер батыс, орыс әдебиетінен де хабардар болған. Ал Науан хазіреттің өзі діннің дербестігі, ұлттың тәуелсіздігі үшін отаршыл үкіметке тайынбай қарсы шыққан ержүрек құрескер. Елінің еркіндігі, діннің тазалығы жолындағы он істе ол оттан да, оқттан да, сottтан да тайлыққан емес. Жер аударылып айдауда болып оралған соң да, елдін ertені – жастарға тәлім-тәрбие беруді одан әрі жалғастырды. Осынын бәрі-бәрі тарихи деректермен дәйектеле баяндалып, үстаз тұлғасы очеркте алғаш рет өз тұғырына көтерілген-ді.

“Ақиқат” журналында жарияланған ол туындыны біраз газеттер көшіріп басты. Әсіресе, еларалық “Шалқар” газетінде ол араб әрпімен қаптал бетке тұтас беріліп, Науан хазіреттің ізгі бейнесін, иғі еңбегін Қытай, Монголия, Пәкістан, Иран және Түркияда жүрген қандастарымыз білді. Хазіретті кейін зерттей бастаған біраз талапкерлер сол деректерді шиырлап, алды кітап жазып та ұлгерді. Бұл, әрине, мен үшін мерей болғанымен, тақырып әлі тереңдей түсуді қажет етері сөзсіз.

Сәбенің, кәдімгі Сәбит Мұқановтың Шоқан Үәлиханов жайындағы “Аққан жұлдыз” романында мынандай бір дерек бар: “...Бір кезде Шұңғырша Қарауыл аталағын рудан Бұқара – Шәріпке окуга жіберілген Талас баласы Науан табан аудармай он жыл оқып, “он екі пәнді тәмам қып” туған еліне қайтып келді. Науан келгенге дейін “хан мешітінде” имамдық құру, бала оқыту міндеттерін Фалиакбар есімді татар молдасы атқарған. Ел екеуін салыстырып қараса, Науан – теңіз де, Фалиакбар – шұқанак. Сондықтан Шыңғыс имамдықты да, мұдәрістікті де Науанға берді... Ол “Көклән” медресінің үлгісімен “хан медресесінде” ұлдармен қатар қыздарды да оқытуға ниет етті”.

Сәбен – ұлы ғалым төңірегін, әсіресе оның әкесі Шыңғыс төрениң айналасын жан-жақты зерттеген кісі. Жоғарыдағы жолдарға қарағанда, Көкшетау дуанының аға сұлтаны болып түрған Шыңғыс оку бітіріп келген Науанды әуелі ауылда молда етіп үстап, содан дуанының бас имамдығына көтерген сыңайлы. Олай болса,

Науан хазіреттің ұстаздық жолы алдымен Сырымбетте, Шыңғыс сұлтаниң ауылында басталады емес пе? Бұл зерттеушілерді ой-ландаштар дерек. Яғни, зерделі зерттеушісі табылса, Науан хазіреттің ұстаздық қызметінің өзі таусылmas тақырып деген сөз.

Әлбette, шәкіртсіз ұстаз – бақытсыз ұстаз. Бәлкім, “шәкіртсіз ұстаз тұл” деген сөз де осыдан тұган шығар. Ұстаздың атын үлгілі шәкірт шығарады. Ал Науан хазірет ондай шәкірттерге кенде болмаған кісі. Ол ашқан медреседе Ақмола, Атбасар, Көкшетау өнірінің ғана емес, кен байтақ қазақ даласының әр шалғайынан келіп білім алған жастар аз болмаған. Осы орайда ойыма “Айқап” журналында 1912 жылы Әулиеата, қазіргі Тараздан жазылған бір мақала түсіп отыр. “Құттықожа деген азаматтың былтыр жазғытурым қора-қопсысы, ағаш үйлері күйіп кетті. Соған қайырын берсін айтып, жүрт жиналғанда, көп жылдан бері Көкшетауда Науан хазіретте оқып жүрген Фалиаспар деген ауылымыздың бір жігіті сабактан қайтқан екен. Сол кіріп келіп, көптен көрмей сағынған ағаларының колын алып, амандастып ортаға келіп отырды. ...Бұзықтық, өсекшілікпен болмаса да, халыққа аты шыққан Сүлеймен қажы Бананөліұлы деген бір тәуір адамымыз:

– Әй, молда Фалиаспар, не бітіріп келдің? Әкен Айтқожа шөп таба алмай, малын жұтатып алды. Ал сен оқимын деп құр қанғырасың! Онан да, біздің Ақанның екі баласы сияқты жақсыларға атқосшы болып жүрсөн, әкен жұтамай, өзің де кем-кор болмай шалқып жүрер едің, – деп лепіре қайтқан шәкірттің жүрегін осындай оспадар сөзбен қайтарып тастанды.

Жұтамайтұғын қазына-мал оку екенін білмеген адамға не айтартсың! Сол мәжілісте мен де бар едім” деп жазған еді Мұхамедсәлім Кәшімов. Автордың діттеген ойы, әрине, белгілі. Ол – ар-ұтын оятып, қазақтың қабырғалы деген кіслерін, ауқатты адамдарын, өнер-білімнің өркендеуіне атсалыстыру. Ал біз үшін бұл мақаланың маңыздылығы – одан Науан тәлімі шеңберінің кендігі, жағрапиясының молдығы көрінетіндігі.

Ұстаз үшін алдынан дәріс алғанның бәрі шәкірт саналғанымен, шәкірттің де шәкірті бар. Шын шәкірт деп ұстаздың абырайын асырып, атағын аспандататының ғана айтсақ керек. Осы талап түрғысынан алсақ, Науан шәкірттерінің арасынан аты әрісі дүйім елге, берісі өз аймағына танымал тарландар табылады. Олардың көшбасында, сөз жоқ, асқақ ақын, арынды әнші, айтулы сазгер, атышулы сері Ақан Қорамсаұлы тұрады.

Ақан серінің өмірбаянынан хабары бар адам, оның он үш жасқа

дейін Бұкардан оқып келген Күнту молдадан дәріс алғанын біледі. Алайда зирек те зейінді, алғыр да дарынды баланы молданың бірсарынды сабағы қанағаттандырмая айналды. Ақыры, бір шарифатқа таласып қалып, молдадан таяқ жеген намысқой бала: “шыбыққа сүйенген шаригатыңды үрайын” деп окумен қош айтысып, тайып тұрады. Сол сөттен бастап оның серілік өмірі желі тартады, ақындығы айшықталып, әншілігі әйгіленіп, сазгерлігі шындала түседі. Жүйрік мініп, құс салып, сұлу құшып алдынғы толқын сал-серілердің жолын қуады. Бара-бара атақ-даңқы Атығай-Қарауылға ғана емес, ісі қазаққа мәшіхұр өнерпаз болып шығады. Құлагері бәйгенің алдын бермей, алғыр қыраны мен құмай тазысының даңқы қырга кең жайылады. Қалың ел хан көтеріп, алақанда ұстаған атақты өнерпаз кенет жан тазартам деп дін жолына түседі. Оның бұлай күрт бетбұрыс жасауының алғышарттары да аз емес еді.

Жұт жеті ағайынды, қырсық қырық тамырлы. Ізін сұыттай, жібін ұзартпай бірінен соң бірі бастырмалата келген Ақан ағаның қайғы-шері тасқындаі түйдектеліп кетеді. Сонау Ерейментауда Сағынайдың асында жел жетпес дулдулі Құлагері мерт болып, көніл құлазып қалған жылы қыста атышулы алғыр қыраны – Қараторғай, құмай тазысы – Базарала бірінен кейін бірі өледі. “Ер жігіт тұлпардың тұяғымен, сұнқардың кияғымен желпінеді, сылдыр қаққан судың бойымен, сылаң какқан сұлудың қойнымен жұбанады” деуші еді халық. Желпінетіндей, серпілетіндей тұлпар мен сұнқар енді жоқ. Ал жаңға жұбаныш, көнілте қуаныш болар алма мойын аруға келсе, жандай сүйген, жалындан күйген жан жары Үркиядан өлідей, “талај жерде тілінен бал берген” Ақтотқыдан тірідей айырылған ақынға не қалды? Қорғасындау ауыр қайғы еңсесін жанышып, удай аңы қасірет өзегін өртеген оған қалғаны – тұмандай тұнғиық, тұпсіз терең ойы еді. Теніздей тереңіне тартқан ой кісін өзгертпей қойсын ба?

“Сол уақыттан былай Ақанның жанында үлкен өзгеріс болады, – деп жазды Ақан сері жырларын алғаш жинақтап, өміrbаянын алғаш зерттеген ұлы ақын Мағжан Жұмабаев. – Бұкарадан оқып қайтып, Көкшетауда дәріс айтып тұрган белгілі Науан хазіретке анда-санда барып сабак алады, дінге, сопылыққа беріледі. Хақ асығы дуанадай малдан, елден безіп, дінмен жанын тазартуға кіріседі... Кейде алланы аузынан тастамай, басын сәждеден көтермейтін болады. Жанды дінмен тазарту керек дейді. Ал енді кейде алланы

ұмытқандай болып, дінін, намаз, оразасын – бәрін де қойып кетеді. Күні-түні күніреніп өлең шығарады, ән жазады”.

Демек, ақынның сүйегіне біткен серлік серпіліп кетпейді. Бірақ сол серпілісінің өзі жүртқа жат басқа бір реңк алғып, ұғымсыз түрге көшеді. Бұрын судай таза сұлулықты, мәлдір махаббатты жырлайтын ақын сопылықпен жан тазарту жайын да уағыздай бастайды. Алайда ол серлік пен сопылықты әдемі астастырады. Ораза-намазды да жанының қалаған кезінде атқарады. Сопылық болсын, серлік болсын оның азаматтық үнін бәсендете алмайды.

*Пара-пар крестянига ел болмадык,
Тартылып кай жарага ем болмадык?
Малымыз, жерімізден пайды тиin,
Қалайша патшамызға дем болмадык?..
Құр мен қоян секілді алуға онай,
Қай жүртқа анқаулықпен жем болмадык?* –

деп келетін ұзақ жырына таңдана отырып, оның патша үкіметінің отаршылдық саясатын әшкөрелейтін батыл пікірін атап айтЫП, ақынды кезінде озық ойлы азаматтарды мойындаған Науан хазіреттің шәкірті деуге Мағжанның қимайтын жері де бар. Оның себебі кейін сұыртпакталар.

Ал сол тұстағы оқыған азаматтардың хазіретке қозқарасы қандай болса да, елдегі күншіл өңezдер арасына от тастап, бір-біріне айдал салуға қанша тырысса да, Ақанның Науан ағасына деген құрметіне көлеңкес түспеген. Екіталайда соның ғана төрелігіне жүгініп, ақыл-кеңес алғып отырған. Оны керекулік ақын Нұргожа-Мәшһүрмен айтысынан да көруге болады.

*Женіл мәшіұр сен түгіл жеселіп жүрген,
Шын мәшіұрдің сазайын беріп жүргем.
Істерін перғауынша бар ма сенін,
Сонынан Ніл дария бол еріп жүрген...
Бір құдай тұрған шығар панамызыда,
Былтырғы айтқан созден танамыз ба?
Гайбаттан сыртынан сөз айтқан болсақ,
Хазіреттей жүгінейік данамызға,* –

деп хазіретті әділ-төрешиі, тұра би тұтып, даналығына тағзым етіп отырған жоқ па. Ақын мен имамның бір-бірін құрмет тұтып, қатты қадірлейтініне мынандай да мысал бар.

...Көкшетау қаласына келген бір сапарында әсершіл ақын себездеп тұрған жаңбырға елігіп, хазірет үйінің ауласында тұрып қалса керек. Сыртқа шыққан имам: “Ақанжан, жаңбыр жауып тұр, үйге кірсейші” депті. Сонда Ақан: “Жаңбыр жауа бастаса, алланың

нұрынан жұтайдыныш деп, түпсіз мұхиттың тұңғиғынан шығып, сәддеп деген балық аузын аспанға ашады екен, мен сол балық күрлө жоқпын ба? Нұрдың сұйна жұзімді жуайын да”, – дейді. “Ақанжан-ай, бұны қайдан оқып жүрсін?” – деп таңданады хазірет. Бәлен кітаптың түгенше бетінде деп ақын шығарманың атын атайды. Үйге кіріп, ұзамай қайта шыққан хазірет: “Айтқаның айна қатесіз ғой”, – деп басын шайқайды. “Пәлі, соны да ұмытып қалып, кітаптан қарап жүрсіз бе?” – деп күлгөн Ақанға Науан: “Сениң ұмытпайтын себебің – сені алла оқытқан ғой, ал мені адам оқытқан”, – депті. Ақан өзіл-қалжының әрі қарай жағастырып:

*Аспаннан арахман нұрын шашар,
Қорқактар су болам деп бұрын қашар.
Сол нұрдың бір тамашысы тие ме деп,
Дариядан сәддел шығып аузын ашар, –*

деп тақпактай жөнеледі. Ұстаз бер шәкірт, аға мен іні арасындағы әдемі өзіл, жылы шуақ қарым-қатынас осындей-ақ болар. Осындей сыйлас, сырлас адамдарды бір-бірімен бітіспес жау қылып, айтыстырып, тартыстырып көрсету бері қойса әбес, әрі кетсе күнә емес пе.

Науан шәкірттерінің ішінде ендігі бір елеулі тұлға – Шәймерден Қосшығолов. Бұл ел тарихында өзіндік орны болған Марал-Ишан Құрмановтың немересі. Тобыл жағасындағы керейлерден шыққан Марал әкеден ерте жетім салып, саудагер сартқа еріп кетіп, Бұқарда оқып қайтқан. Елге оралған соң жүргітты егіншілікпен шұғылдануға шақырып, отырықшылыққа үндеген. Кенесары – Наурызбай көтерілісінің алдында “Ресейден белініп, белек ел боламыз, келімсек кара шекпенділерді араға енді енгізбейміз” деп, қол жиып, бас көтергені де бар. Тәп-тәүір тәуіптігі болған оны, ел әулие атап кеткен. Сол Марал әулиенің екі ұлының бірі Қосшығулдың баласы Шәймерден 1874 жылы Қекшетау оязына қарасты, Қотыркөл болысында дүниеге келген. Алғаш ауыл молдасынан тіл сындырып, хат таныған ол, Қекшетауға келіп Науан хазірет медресесіне түседі. Осында оки жүріп, ғылымның сан саласын игеруге дең қойып, әсіреле мұсылман құқығы негіздерін жете менгереді. Өздігінен оқып, орысша да үреніп, зорлық-зомбылыққа карсы қуреске шәкірт күнінен бастап-ақ белсене араласады. “Оның дүниетанымының қалыптасуына өз заманының өте білімдар адамы, Бұқарда, Бағдатта білім алған, шығыс әдебиетінің сұңғыласы, араб, парсы, орыс, өзбек, ежелгі түрік тілдерінде еркін сойлейтін ұстазы Науан хазіреттің ықпалы қүшті болды” деп жазады “Рух құрескери” атты кітабында

тарих және философия ғылымының докторы, Ы.Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымы академиясының президенті Өмірзак Озғанбаев.

Оқуды үздік бітірген шәкіртін Науан хазірет медресеге ұстаздық етуге алып қалады. Жаңашыл да зерек, әрі алғыр жас ұстаз жұмысқа жан салып, үзамай хазіреттің оң қолына айналады. Қазақ даласының қыыр-қырындағы зиялышармен хат жазысып, тығыз байланыс жасайды. Оның ұлы Абайға жазған екі хаты Орталық архивімізде әлі сактаулы тұр.

Шәймерденнің Науан хазірет қарауында қызмет етіп, қандастарын білім нәрінен сусыннатуға бел шеше, белсене кіріскең шағы патша үкіметінің бүратана халыктарды шоқындыру саясатының өрістеген кезіне тұспа-тұс келді. Сол бір солақай саясатқа қарсы қазақ даласында бастап батыл үн көтерген Науан хазірет еді. Дініміз бен діліміді, салт-санамызды, әдет-ғұрпымызды сактап қалу жолында ол халық арасында беделі бар тұлғаларға үміт артады. Үміт артып, сенім білдірген сондай азаматтарының бірі де бірегей Шәймерден болады. Патша үкіметінің саясатына қарсы наразылық білдіріп, түрік сұлтанына астыртын хат жолдағанда, оны тапсыруды жүктеген Ақан серіге хазіреттің жас та жігерлі, әрі білімді Шәймерденді серік етіп жіберуі тегін емес.

Қазақтың жерін тартып алып, елін тоздырып, тілі мен дініне қол салған отаршылдық саясатқа қарсы бас көтерген зиялышардың ең ортасында дінбасылардан Науан хазірет пен оның шәкірті, мешіт жанындағы интернаттың тәлімгер мұғалімі Шәймерден болады. Қекшетау мешітінің екі бірдей басшысының бұл ісі, сонау Петербургке, 1шкі істер министрлігіне де мәлім етіледі. Ақыры, 1903 жылы шілденің 17-сі қуні Таласов пен Қосшығұловты Шығыс Сібірге жер аударып, біреуі – үш, біреуі – бес жыл Үркіт генерал-губернаторының жария қадағалауында болады деп үкім шығарылады.

Атақ-данқы қыр елінен асып, кен-байтак қазақ жеріне жайылған Науан хазіреттің тұтқындалып, итжеккенге айдалуы халық наразылығын өршітіп жібереді. Жазықсыз жазаланғандарды араша-лап алу үшін жоғары жаққа хаттар ағылып, қолдар қойылып, қарашат та жиналды. Бұл шаруаға батыл кірісіп, белсенділік танытқан бір бастан Науанның руласы әрі сыйласы, кезінде Омбының техникалық училищесінде Әлихан Бекейхановпен бірге оқыған Мәмбетәлі Сердалин болды. Ол халықтың атынан жазылған хатты Петербургке жеткізіп, істің мән-жайымен Әлиханды жете таныс-

тырады. Алаштың көсемі Әлекеннің: “Егер үкімет қазақ халқын орыс оқу-ағартуынан қасақана бөліп тастап, панисламизм құшағына құлата салғысы келсе, есімі елге мәшінүр Науанды қудалаудан артық ештеге де ойлап таппас еді”, – деп жазатыны тап осы түс. Екеуі жүп жазбай бірге жүріп министрдің қабылдауында болып, араға таныстарын салып, Науан мен Шәймерденді 1905 жылы наурызда босатып алады. Екі ұстаз да қайтадан сүйікті жұмысына оралады.

Есімі мен еңбегі елге аян жалынды құрескер, жаңашыл ұстаз Шәймерден тұқыннан босаған соң, бір жылдан кейін Ресейдің Бірінші мемлекеттік думасына депутат болып сайланады. Қазақ халқының қаймағындағы кеменгер қоғам қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Бақытжан Қаратаев, Бақтыгереj Құлманов, Мұхамеджан Тынышбаев, Ахмет Бірімжанов сияқты біртуарлармен бірге отырып, ел қамын ойласады. Осында ол қазақтың тұнғыш газеті “Серкені” шығаруға мұрындық болады. Туған жерден жыракта, алып империяның астанасында оның қазақша газет шығаруы тенденсі жоқ азаматтық ерлік еді.

Шығарушылар “Серкені” мыңғырған отарды бастаган серкедей жолбасшы болып, халықтың ой-санасын оятып, азаттық жолындағы қуреске үндейтін өткір қару етуге талпынады. Оның жұмысына Думаның басқа қазақ депутаттары да белсене қатысып, отаршыл езгіге қарсы ұлттық дербестікті ұран еткен үгітін осы газет бетінде жүргізбекке бел байлады. Газетті шығаруда Міржакып Дулатов басты тұлға болып, оған Дінмухаммед Сұлтанғазин, Халел Досмұхамедов, Сергазы Лапин сияқты қаламгерлер құлышына қатысты. Басылымның бағытын оның “Біздің мақсатымыз” деген макаласы-ақ айқындал берді. Онда елден жиналған салық қаражатының көбісі халыққа керек емес нәрселерге жұмсалатыны, ал орыс шенеуніктерінің әбден дандайсып, кедей қазактарды ұрып-соғып, мал-мұлқін тартып алатыны, енді оның тілі мен дініне, әдет-ғұрпына қол сала бастағаны, бұқараның бүндай теңсіздігі мен құқықсыздығы, халықтың ыза-кегін туғызып отырғаны айтылып, “Қазақ жеріне бұл мұжықтарды не үшін көшіреді? Әлде Ресейде жер аз ба? Жоқ, аз емес. Ресей патшасы ұлан-байтақ қазақ жерінің үстіндегі малға, астындағы кенге қызығады. Қару жұмсамай, оқ шығармай, білдірмей алдағ алу саясатын қоздел отыр”, – деп отаршылардың жанды жеріне тиеді. Үкімет цензурасы бұны “қазақ халқына ұндеу ретінде айтылып, үкіметке қарсы қоюға бағытталған әрекет” деп танып, газеттің үшінші санын шығартпай, жапқызып таставды.

Сөйтіл, қазақтың тұнғыш газеті екі санын шығарып, өмір сүруін тоқтатты. Бұдан бұрын “Түркістан уалаяты”, “Дала уалаяты” тәрізді газеттер шығып тұрғанымен, олар генерал-губернатор ведомстарының аудармасы ғана болатын. Ал, “Серке” ойы да, тілі де қазақша алғашкы газет еді. Соны бастап шығарушы өз жерлесі, жалынды күреспекер, халық қалаулысы Шәймерден Қосшығұлов болуы көкшетаулыктар үшін керемет мерей болса керек.

Кенес кезеңіне аман жеткен Шәймерденнің тағдыры да қазақтың өзіндегі бұрынғы жақсы мен жайсандары сияқты, сталиндік зұлматқа тап келді. Ол туған жерінен жырақта бой тасалап жүріп, Омбы облысының жерінде опат болды. Ал, үрім-бұтак, зәузаты, ағайын-туғандары Еңбекшілдер ауданында тұрады.

Науан шәкіртерінің мен білетін тағы бір тобы ол айдаудан оралғаннан кейін дәріс алғандар. Ер жетіп, ел тануы Қазан төңкерісіне тұспа-тұс келген бұл толқынның біразы коммунистер қатарына кіріп, Кенес өкіметін орнатуға атсалысып, жаңа қоғамның керегесін көтеріп, шаңырағын биқтетуге белсене қатысты. Олар – Айтжан Темірбеков, Темірхан Жапабаев, Әбутәліп Жұсіпов, Жәзит Көшімбаев және басқалар.

Айтжан – Ақан серінің ақын серігі Темірбектің алты ұлының бірі. Медресені үздік бітірген, мейлінше зерек ол алдымен Үңгір қарағайы маңындағы ауылдардың ортасынан мектеп ашып, бала оқытады. Оқуға ынталасы жақсы жастарды өзі бітірген медресеге жіберіп, ойы үшкір жігіт молдалық құрып, бала оқытумен ғана шектеліп қалмай, қоғамдық өмірге араласуға құлшынады. Құлан-ның қасуына мылтықтың басуы деп келгені сияқты, сол мезет орталықта төңкеріс болып, оның дүмпүі шалғай шетке де жетеді. Дәуір тынысын, дауыл үрдісін бірден сезген ол қызылдар жағына жалтақсыз шығып, партия қатарына кіріп, жергілікті жерде Кенес өкіметін орнатысады. Азамат соғысының өрті бүкіл елді шарпып, ақ пен қызыл айқасқан алмағайып шақта да ұстанған бағытынан бұлтармайды ол. Тіпті актардың қолына тұсіп, азап шеккен кезде де алған бетінен таймай, керемет табандылық танытады. Өзі он деп білген осы жолға ол оқуды бірге оқыған Жәзит, Темірхан тәрізді достарын да тартады.

Кейін Кенес өкіметі орнығып, өркен жая бастағанда ауданда, облыста жауапты қызметтер атқарып, жаңа қоғамның буыны бекіп, бұғанасы қатаюына үлкен улес қосады. Ұйымдастыру қабілеті күшті, білімі бай, адал, алғыр коммунист Айтжанды партия Одактың үшінші көмір ошагы ашылғанда Қарағандыға жауапты жұмысқа

жібереді. Сонда жемісті қызмет атқарып жүріп, ол отызыншы жылдардың басында ұшақ апатынан қаза табады. Айтжан жайында оның інісі, әрі баласы сынды Арап Темірбеков ағамыз жан-жақты зерттеп, жап-жақсы мақалалар жазып жур. Одан артық бірдене айтам деу әбес болар. Сондыктан оның тай-құлындай тебісіп тең өскен досы Темірхан Жапабаевқа көшейін.

Темірхан Шұнғышаның Сүйініштікінен тарайтын кедей шаруаның отбасында өмірге келеді. Экесі Жапабай аузын ашса, ак жүрегі көрінетін анқылдаған, ақшешек адам екен. Отқа қарап отырмағанымен, артық мал да жимаған. Алайда баласының оку оқып, адам болып шығуынан қолда барын аямаған. Темірхан да окуға зерек болып, медресені ойдағыдай аяқтап, алғаш Айтжан досы сияқты үстаздық етіп, бірер жыл бала оқытады.

Кеңес өкіметінің канатын қатайтып, жана қоғам жасау үшін оқыған білімді азаматтар керек болған кезде партия қатарына өтіп, қоғамдық жұмысқа білек сыйбана кіріседі ол. Жыланды болысында біраз жыл болкомының бірінші хатшысы болып, партия үйымдарына жетекшілік етеді. Кейін ол Мәскеуде арнаулы курстар өтіп келіп, басы бүтін шаруашылық жұмысқа ауысады. Қазакстанның тұнғыш ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындары – “Терісаққан”, “Талов”, “Дарабаза” кеңшарларының шанырағын алғаш рет көтерген. Бұл шаруашылықтың бірі Есіл, бірі Еділ, енді бірі Сыр жағасында жатқанын ескерсек, республиканың үш киыр, үш киянынан үш альп кеңшар үйымдастырған Темекенің кезінде қандай қажет кадр болғанын аңғару киын емес.

Одан кейін ауыл шаруашылығы министрлігінде жылқы шаруашылығы басқармасын баскарды. Жұз биеден жуз құлын алғандарға Еңбек Ері атағын беру туралы ұсыныс осы кісі министрлікте істеп тұрған кезде туды. Бұл шара кезінде республикада жылқы санын күрт арттырып қана қоймай, алтын жүлдізды азаматтар қатарын көбейткенін бәріміз де жақсы білеміз. Бертін астаналық облыста белді бір мекемені басқарып тұрып, күрметті демалысқа шыққан ол, жасы сексеннен асып сексенінші жылы дүние салды. Құдайға шүкір, үрпақсыз емес, өз кіндігінен тараған екі үл, екі қыздан жиырмадан астам немересі бар. Олардан өрбіген шөберелер де жетерлік.

Темірхандарға жиен болып келетін Жәзит Көшімбаев та жаңа өмір жасауға белсене қатысты. Ауатком басқарып, ауылдарды кеңестендіруге көп еңбек сіңірді. Есеп-қисап, қаржы мәселесіне назар аударылған тұста ол банк жұмысына ауысып, Айыртау, Баян-

ауыл аудандарында банк бастығы болды. Ұлы Отан соғысы басталғанда өзі сұранып майданға аттанып, содан оралмай калды. Ол майданға аттанғанда бесіктे қалған жалғыз ұлы Болат бертін ірі заң қызметкери болып, бұрнағы жылы өмірден өтті. Оның да жалғыз ұлы заңгер.

Әбутәліп Жүсіповтің де өмір жолы осы замандастынікі сияқты. Ол да болыс басшысы болып, ауылдық кеңестерді қүшлейтуге, ұжымшарлар үйимдастыруға атсалысты. Артынан өзі де біраz жыл ұжымшарға төраға болып, құрметті демалысқа шықты. Оның үлкен ұлы Жарысбек ірі экономист, кезінде мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары болған. Ал кенжесі Қобе Алматыда бір құрылыш үйімін басқарады

Науан хазіреттің алдын көріп, дәрісін тыңдаған Төлеуұлы Насыр молданың бір айтқаны есімде бар. Ақ пен қызыл шайқасып, ескі мен жаңа кескілесіп жатқан аласапыран шақта Айтжан, Темірхан, Жәзит келіп: “Женіп келе жатқан жаңа өкіметке көзі ашық оқыған азаматтар керек көрінеді. Сен де Науан медресесінің мандалайдалы шәкірті болып едің, кел, кеңес жұмысына білек біріктіріп бірге кірейік”, — дегенде, “Хақ жолынан айнып қайда барамын, мені қинамаңдар”, — деп шығарып салыпты оларды. Кезінде кейір белсенділердің қоқан-лоқысына қарамай, ол дін жолын берік үстанды. Сол сияқты дін жолынан таймай, өмір-баки адалдықты, адамдықты, ақтықты, пәктікті уағыздап өткен Науанның Ақмағамбет, Бектас, Зікірия, Мәсіфүт, Мейрам, Момакан, Қазиахмет секілді шәкірттері бертінгө дейін жасады. Үлар біз білетіндегі ғана, білмейтін басқа өнірдегі шәкірттері біраz бар шығар.

Осылардың ішінде Момақан Әлиевке аз-кем тоқтала кеткен артық болмас. Кезінде діндар деп қудаланып, біраz жыл Алтай өнірінде жүріп қайтақан ол, алпысыншы жылдары оралып, Қекшетау мешітінің бас имамы болды. Арғы-бергі тарихты терең білетін, ғулама кісі екен. “Қазақ-түрік тарихы” деген кітап жазып кетіпті. Өзі дүние салған соң қолжазбасы Омбы жақтағы біреулердің қолына түсіп, одан бір аспирант арқылы Керекуге келеді. Оны жергілікті университеттің профессоры, ғалым Ермек Өтебаев араб әрпінен казіргі жазуға түсіріп, “Ақиқат” журналына жолдағаны бар. Содан жарияланған үзінділер оқырман жүргегіне жол тауып, жылы қабылданды. Ал Насыр молда әжептәуір ақын еді, жазғандарын жинақтап, басын құраса, кәдеге асар дүниелер табыларына күмән жоқ.

Жоғарыда “себебі кейін сұыртпакталар” деп бір мәселеден сыйдырып өте шығып едік. Енді аздал соған аялдайық. Әдетте басыны

адам қай заманда, қай қоғамда да жұрттын бәріне бірдей жаға бермеген. Әрі жақсы басшы, әрі жақсы адам болу қынның қыны. Жақсы адам атанамын деп баршаға бірдей жалпактай бергеннен жақсы басшы шықпайды. Кезінде Науан хазіретке де көзкарас біркелкі болмаған. Оны төте жазуды колдай қоймады деп, бар еңбегін жоққа шығарып, құстәналаушылар да табылған.

Солардың бірі “А.Ж.” деген жасырын атпен 1914 жылы “Ай-қап” журналында “Көкшетауда қөргендерім” деген мақала жариялады: “Құдай сақтасын, газет-журнал һәм жаңа шыққан кітаптар болса, алып оқымак түтілі, колдарыңызға да ұстаманыздар. Тіпті тілдеріңізді алатын адамдарға да алдырмаңыздар. Және төте оқумен оқытатын мұғалімдер ұстап, балаларыңызды бұзып алып жүрменіздер”, – деп Науан хазірет жаңаша оқуға, жәдитше жазуға жол бермей отыр деп байбалам салады. Мағжанның да Науанды газет-журнал оқымайды, ойлы азаматтарды ұнатпайды деп, Ақан серіні оның шәкірті деуге кимай жүргені осындай дақпырттан болса керек. Ал тұтқындалап, үйін тінткенде жеке кітапханасынан торт жұзге жуық тыйым салынған әдебиет табылған ғұламаның кітапқа қарсы болуы көнілге конар ма екен? Оның үстіне балаларының бәрі бірдей орысша, қазақша байыпты білім алғаны және бар. Кертартпа болса, бұны қалай түсінуге болады?!

Былайынша, Науан хазірет жаңалық деп бірден қолқ ете қалмай, жәдитке, яғни төте жазуға алғаш қарсы шығуы да мүмкін фой. Бәлкім, жаңа жазуға қарсы болуы оның кертартпалығы емес, кеңінен толғауы, кемел барлауы да шығар. Осы арада Смағұл Сәдуақасовтың бір баяндамасында келтірген дерегі ойға қалдырады.

Орыс мәдениетіне көрші конған алғашқы қазақтың бірі Алтынсарин. Кәдімгі қазақ даласында орыс-қазақ мектептерін үйимдастырыған, қазақша жазуды орыс әліппесінә қөшіруді көздеген кемел ұстаз Ыбырай Алтынсарин өлер алдында өзінің қазасын аза тұтуға бірде-бір орыс адамы араласпасын, тіпті маган етене жақын жүргені болса да, қатыстырмандар деп тапсырыған. Жаназама 99 молда шақырындар деп өсінет қалдырыған. “Бұл, әрине, көзі ашық деген қазақтың басындағы трагедия еді. Орыстармен ұзақ жыл өмір кешкен пенденің көңіліне түйгені – орыс миссионерлерінің қазақ жүрті үшін еш жақсылық ойламайтынына әбден көзі жеткен жаның қекірегіндегі қасірет болатын. Бәлкім, бұл оның тіршілікте өз қолымен жасаған күнәсін қазақ деп қарс айырылған жүрегінің жантәсілімдегі айыптауы болар” дейді Смағұл.

Дарын-қабілетті де, атак-данқы да бұдан асып түспесе, кем

емес, тағы бір дана қазақ Шоқан Уәлиханов та осындай хал кешкен. Патша үкіметінің Шығыстағы өкілетті өкілі сынды адал құрескері болған ол отаршылдар армиясының Түркістан уалаятын бағындырудағы айуандығынан түршігіп, өмірінің соңында барлық орыс достарынан безіл, сымбатты офицердің сұлу киімін тастал, кен колтық қазак шекпені мен қырдың саптама етігін киіп, сахара-ның шалғайдағы бір ауылында бұл пәниден өткен. “Шоқан Уәлихановтың қасіретті қазасы европалықтар үшін өктем ескерту, бұл әрі орыс адамын ойландыратын сабак” деп оны Сібір билеушісі Ядринцевтің өзі де мойындаған.

Кім білсін, солар сияқты жаңалық-жаңалық деп жанын пида етуден опа таппаған, ішін бермегенімен, түсін өзгертіп орыс мәдениетіне құшақ жайғаннан қасиет көрмеген Науан хазірет те діннен дұрыс жол жоқ деп, жаңа оқуға ыңғай бермеген шығар. Сейтіп, өмірінің соңғы сәтінде құрласы Ыбырай мен ағасы Шоқан тәрізді бәрінен де баз кешіп, хак жолынан басқаның барлығын мансұқ өткен болар. Қалай болғанмен де, ұлы бабамыздың өмірі соктықпалы соқпақсыз жерде айтыс-тартыс, құрес үстінде өткені сөзсіз.

2000 жыл.

АҚАН СЕРІНІҢ АҚЫН ҚҰРДАСЫ

Көненің көзіндегі көкіреті даңғыл қариялардың біразымен кезінде сырлас, сыйлас болғаным бар. Солардың бірі — қаламның қарт бейнеткоры Мұқаш Мәжікеев еді.

— Журналистер одағында бір бүйімтайым бол бара жатыр едім. “Аруақ аттаған оңбас” дегендегі, қазақ баспасөзінің кара шаңырағына соқпай кеткенім ретсіз болар деп келдім, — деп әредік әдей келіп әңгіме-дүкен құрып кететін. Сонау сұрапыл соғыс жылдары осы қара шаңыракта қызмет етіп, қын кезде газеттің отымен кіріп, күлімен шыққан осына аласа бойлы, аққұба ашан өнді, конқақ мұрын, қыық көз аксақалдың арғы-бергі тарихымызға байланысты дүниелерді тірнектеп жинап-теріп жүретін ұқыптылығы қатты үнайтын. Ал біздін буын замана ауанына еріп кетті ме, ел аузындағы ескі сөзді онша елемей атусті қарап өсті ғой.

Осыдан он жылдай бұрын-ау деймін, бір күні Мұқаң мамырлай басып кіріп, алдымдағы тіркеме ұзынша үстелдің басына келіп жайғасты да, қалтасынан орамалын альп, бетін сұртті.

— “Кәрілік дауасы жоқ дерт екен ғой” деген екен бір ағамыз. Сол дүп-дұрыс. Үшінші қабатқа көтерілгенше қалжырап қалғанымды көрмейсің бе? — деп бетіме барлай қарады. Содан соң:

— Балам, әрі-бері сұрастырып байқасам, жөн-жосығынды барласам, Өскенің Ұбырайына онша алыс емес сияқтысың, — деді.

— Иә, кателескен жоқсыз. Өскенің Ұбырайы мен менің атам Әбділман қажы немерелес. Ұбекеңді ел “Ағажан” атап кеткен. Он жылдан астам болыпты. Аузы уәлі, айтқыр, ділмар, шешен болған деседі. Кәдімгі “Сұршақыз” атанип кеткен Күнбөпенің күйеуі Нұрқанның туған інісі ол. Кейін Нұрқан қайтыс болған соң Сұршақыз әменгерлік жолымен Ағажанға шығыпты, Нұрқанның Сұрша-

қыздан туган Сейітмағамбет, Жәнәбіл деген екі ұлы бар екен. Жәнәбілдің Базкен деген қызынан жиендері бар. Ал Сейітмағамбеттің жалғыз ұлы Жәнібектің әлі көзі тірі. Біздің тұқымның үлкені сол кісі. Бәріміз оны “Үлкен ата” деп атайды. — деп жаудырта жөнелдім.

— Бәсе, өзім де сенің сол кісіге бір катысың бар шығар деп ойлаушы едім. Онда соның сүйіншісі ретінде өз атаңың бір өлеңін берейін. Баяғыда, отызынды жылдардың басында бір құйма-құлақ қариядан жазып алғып едім. Соны қойын дәптерімнен тауып алғып, саған арнап қайта көшірдім, — деп Мұқан жинақығана папкасын ашып, екі бүктелген қағазды ұсынды. “Көкшетаулық Қаралуыл, оның ішінде Жауалыбай әулетінен Өскеұлы Ыбырай ақынның “Кәрілікті бейнелеуі” деп жазыпты басына. Оки жөнелдім.

*Кәрілік дауасыз бір дерпт екен гой,
Дәл алтыс құлдыраудың шеті екен гой.
Шамалап алды-артынды қарамасан,
Фазиз бас аяқ асты мерт екен гой.
Кәрілікте сүйенгениң таяқ екен,
Әткен күн ойлан тұрсаң баяғы екен.
Жаутаңдан екі көзің жсан-жагына,
Көңzlін тайға үйр бір саяқ екен.
Батпайсың қисық істі білуге де,
Шабандап баралыз гой жүргүре де.
Көрмесек сағынатаң достарынды,
Себепсіз қын болды көргүре де.
Көңzlім әрбір тұрл қалыпта тұр,
Бірде өксін, бірде шаршап ғарыпта тұр.
Қасырет кейбір күні қаранғылық,
Кейбіреу тұқ ойламай шарықтан жүр.
Кейбіреу кім екенин білмей де жүр,
Не барын алды-артында көрмей де жүр.
Шіреніп құр шалқактап күржигенмен,
Кісілік қатарына кірмей де жүр.*

Оқып шықтым да, сәл ойға шомдым. Жібектің түйініндей тамсанатар тұжырымы болмағанмен өлеңнің ойы айқын, шумағы шымыр, үйқасы мығым. Қыпшақ Өске ақынның бір өлеңіне сәл үқсастығы да бар. Оны осылай атап кеткен. Ауыл қарттарының аузынан Ағажанның осы іспеттес өлеңдерін талай естідім гой. Бала күнімде солардың біріне мән беріп, мойын бүрмағанымға енді өкініп отырымын. Қағазға түсіріп алсам гой, айтып берер зердесі зерек қариялар аз емес еді-ау.

— Мұқа, мынау сыйынызға мың да бір раҳмет, — дедім сәл

сергіп. – Алтынның қолда барда кадірін кім білген дейсің. Естуіңіз бар шығар, біздің ауылда Балуан Шолақтың құрдасы әрі досы Қарабала деген де ақын болған. Сурып салмағана емес, сауаты да тәп-тәүір болған оның қаламынан кезіндегі “Шәкір-Шәкірат” атты қисса туған. Айдынында жүріп тұнығынғана жұтатын қазақ өнері мен олеңін құндан па еді. Қиссаның қолжазбасын Мәулекей деген бір пысық ногай бір қап үн, екі бас қант, төрт қадақ шәйға сатып алып, Қазан қаласына апарып өз атынан шығарған. Енді міне, колымызды мегзілінен кеши сермен, олардың ел аудында сакталған азын-аулақ өлендерін де уақытында жазып ала алмай, құмай қауып біз отырмыз. Олар тұрсын, “Қарауыл Қарт Есенбай” атанған аса ірі ақынның өзі де еленбей қалып отырған жоқ па?..

– Ә, Есенбай ақынды біледі екенсін ғой?!

– Білгенде... – деп жымидым. – Бала кезімізде әниші-жыршылардың аудынан өлендерін тыңдағанбыз. Әсіресе, айыртаулық жыршы Бәйсейіт Байболсынов Есенбай өлендерін көп айтатын. Жиырмaga жуық қиссаны жатқа білетін ол бір жырласа тұнді танға ұрып, апталап тартатын. Сонда қариялар “Қой, Есенбайдан бірдене тасташы” деп отыраш еді. Жан баласының меселін қайтармайтын Бәян қисса-қиссаның арасында Есенбай өлендерін төгілтетін. Адам өмірінің кезендері туралы толғаулары бала біздің де жүргімізді тебірентетін.

– Ендеше, мен сол Есенбай ақынды үш мәрте көрген кісімін. Есаған Ақан серінің түйдегі құрласы. Бертін Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1925 жылы сексен екі жасында дүниесін салды. Жарықтық даңқты досы Ақан серімен сайран салып бірге жүрген кездерін жырдай ғып тілінің майызын тамыза айтып отыратын.

...Бірде Сырымбет саласында әлде Шыңғыс, әлде Шебек ауылында үлкен бір дүбірлі той болады. Құміс көлдерінің бірінің жағасында көкорай шалғынның арасына көшелей тігіліп тастаған кілең бір акшағаладай шаңқан боз үйлер. Шеткерірек бір алты канат ақбоз үйде Ақан бастаған өнерпаз жастар ән шырқап, күй толғап думандатып отырады. Кенет бір жігіт жүгіріп кіріп, сыртта атақты Орынбай ақын кеп тұрғанын хабарлайды. Егіз қозыдай Есенбай мен Ақан тыска ата шығады. Бұл айттың ақындарының атасы Орекеннің шау тартып, шарғайып қалған кезі екен. Ақан сері ат үстіндегі қарт ақынның қолтығынан демегелі қол соза беріп табан аудында:

*Ассалаумагалейкум, Орекем-ай!
Бар еді мың кіслік берекен-ай.*

*Жандарал Тұрлыбекпен бірге жүріп,
Уш жұзді қайран қылған мерекен-ай.
Өзіне арқа сүйер жасар болармыз,
Іні өсіп асылдарға пар болармыз,
Басың бұлбұл, аятың дұлдулім-ай,*
Бір кезде саған-дағы зар болармыз, —

деп тақпақтай женеледі. Қарт ақын “Е, мені жоқтайтын інілерім бар екен” деп сонда көзіне жас алыпты.

— Шіркін, Ақан қызыл тілге келгенде қырғидай алғыр, алмастай өткір еді гой. Оның “мен өзім әнші емес, ақын едім” дейтіні де тегін емес, — деп отырар еді досын еске алып Есаған.

Есенбай ақынды мен ең соңғы рет 1924 жылы көрдім. Сол жылы Есілдің Терісаққанмен түйісер тұсында аудандық үлгі-тірек мектебі үйымдастырылып, басшы орындар мені оған менгерушибыз тағайындаған-ды. Қыркүйектің басында мектеп салтанатты жағдайда ашылып, тәп-тәүір той болды. Сол жиынға қарт ақын Есенбай да келді. Ақын бұрынғыдан домбыра шертіп, ән шырқаудан қалыпты. Сонда да “жүйрік шабысынан қалса да ойқастауын тастанмайды” дегендей, сұрасаң өлеңдерін жаяулата бастап, аяқ жағын баяулата көтереді екен.

*Айста әнпірімдер заман болар,
Ер тайса ақылынан жаман болар.
Жетпісте жер таянбай тұра алмайсын,
Уа, шіркін, бұл кәрлікке не амал болар!
Сексенде тұяғынды серіппейсін,
Серігін ешнәрсеге елікпейсін.
Токсанда балқып тұрған корғасындаї,
Корытып құйса-дағы бірікпейсін, —*

деп тақпақтаң кәрілік туралы жүрттың өтінішімен айтқан өлеңі ақынның сол кездегі әл-куатын да, қөніл-күйін де айқындал тұрған-дай әлі күнге дейін құлағымда.

— Күні кешегі әр сөзден саяси астар іздең, кит етсе ескіні аңсайсың деп сонына тұсіп құғынға салатын зобалаң жылдарға тап келіп Есаған жайында жартымды ештеңе жинай алмап едім. Мынау бертін бір қағазға тұсірген өзім білетін деректер, — деп келесі бір келгенінде Мұқан маржандай тізіп өз қолымен жазған бес-алты парап қағазын бір қажетке жаратарсың деп тастанап кетті.

“Есенбай Сасанғұлы — XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде өмір сүрген, Ақмола, Көкшетау, Торғай дуандарындағы арғын, қыпшақ, керей, найманға құлактан кіріп бойды алатын әуезді әні, әсерлі күйімен, тапқыр сөз, өткір сыйны-

мен даңкы жайылған үлкен ақын” деп басталатын, сонына 1975 жылғы қазан айы деп қол қойылған жазбасы менде әлі сақтаулы.

Есенбай Терісакқаның Есілге құяр сағасында қазіргі Торғай облысының Қима ауданына қарасты “Терісакқан” совхозының жерінде 1843 жылы дүниеге келген екен. Ақын жүргегінің мәңгі дамылдап жатқан зираты түрған жер де сол өнір. Атадан жалғыз болып, жалқы өскен өнерпаз шаңырағынан шыр еткен нәресте үнін есітпей, өмір бойы налып өткенге үқсайды.

*Ағайын-туған менде жоқ,
Жаңы аштын ел де жоқ.
Жалғыз перзент көрсетпей,
Өткенин бе, дүние бок, –*

деп өксиді ол. Оның үстіне Қарауылдың ішіндегі Бектауыл тайпасының Тілеуберді деген бұтағы өткен ғасырдың орта шенінде Тарбагатай төңірегіне көшіп барып біраз түрған екен. Қолденен Есілдегі ағайындарына кейін келіп қосылғандықтан олардың ауылы “Жаңатуған” атанды кетіпти. Сол Жаңатуғанға жататын ақынның “ағайын-туған менде жоқ” деп налуының осындай тағы да бір себебі бар сиякты. Тарбагатай жакта жүргенде он үш жастағы Есенбай сол өңірдің атақты ақыны Мыстанаймен айтысып, жеңіп кетті деген де сөз бар. Айтыстың ақынның өз аузынан алынған нұсқасы кейінгі кезге дейін ел арасында айтылып жүріпті.

*Тасқа қонған бар ма екен тау түрғанда.
Суда балақ күтылмас ау түрғанда.
Шамаң келсе қызмет кыл ағайынға,
Барлық мүшен бойында сау түрғанда.
Шолғе қонған бар ма екен көл түрғанда,
Түзегे қонған бар ма екен ел түрғанда.
Шамаң келсе көлінди арт асыл ерге,
Бес кісімен дос болып ен құрганда, –*

деп елді береке-бірлікке бастап, ағайын арасындағы татулықты ту көтеріп, бір-біріне қызмет етіп, қайырымдылық жасауға шақырады. Кемшілікті мінеп, күншілдікті шенеп, жүртты жақсылыққа үндеген жырлары да аз емес. Әсіреле ел басқарып, билік жүргізген азаматтардың әділ жолдан айнымауын аманат етеді.

*Жаксымын деп және де асып-таспа,
Асып-тасқан ерлердің орны басқа.
“Ұлық болсаң – кішік бол” деген соз бар.
Жексүрін атанаңдар карындаска.*

Әлеуметтік мәні бар өсiet өлеңдерінде осылай азаматтық үн танытатын ақынның жеке басының жырларында жалғыздық ай-

тып зарлау басым. Оның да өзіндік себебі бар секілді. Жасы жер ортасына келгенше перзент көрмеген Есенбай ағайынның ақыл-кеңесімен, бәйбішесінің келісіумен қайтадан қалың беріп, төсек жаңғыртады. “Перзент сүйіп, мереін бір тасыса, бұл дүниеде сонда сен нақ патшасың” деп қаша армандағанмен, ақын одан да бала сүйе алмайды. Қәдімгі жақсыны бір кесек еттен қысадының кері. Сол арман-мұңын ақын өсіреле өмірінің екіндігे еңкейген кезіндегі жырларында өкініп, опынып ұдайы айтып отырады. Оның осы орайдағы айрықша назар аудартар шұрайлы да шоқтықты жыры – “Балазар”. Мұның өзіне тән зарлы-мұнды әні бар көрінеді. Кезінде ақынның өзі де жұрт жиналған жерде көптің қолқалауымен оны егіліп отырып айтады екен. Айтса айтқандай, оның әр шумағы ботасын іздеген інгендей боздаған бір шер-мұн.

*Тауды қойдың тұрлентіп,
Сыңғырай аккан булакпен.
Колді қойдың тұрлентіп,
Жағалай биткен құракпен.
Ешкін қойдың тұрлентіп,
Бауырында емген лакпен
Ал қайғы уын көп жұтып,
Келемін әм жылап мен.
Даланы қойдың тұрлентіп,
Желкілдеген бозымен.
Қойды қойдың тұрлентіп,
Бауырында емген қозымен.
Мен зарыққан пенденемін,
Перзент тилен езиңмен.
Өзенди қойдың тұрлентіп,
Жарыменен, талымен.
Адамды қойдың тұрлентіп,
Баласымен, малымен.
Мен зарыққан пенденемін,
Перзент тилен тәнірден, –*

деген жолдардың мұңлы әуенмен астасқанда кімді болсын тебірентпей қоймасы айқын. Әр шумақ сайын қайырып тастап отыратын қайырма сияқты қос жол ойды әрі айқындал, әрі айшықтал, ақынның шеберлігін паш етіп тұргандай.

Бір қызығы, осыған үқсас “Жер тұрлентіп жараттың” деген бір өлең Шал ақынның шығармалары ішінде де жүр. “Алласпаннан” бастап ол “Бес ғасыр жырлайды”, “Үш ғасыр жырлайды” жинақтарына көшіп келеді. Ел аузында тұрленіп, әр айтушының өндөуімен өзгергені болмаса, осы екеуі бір өлең тәрізді. Және Шалдан гөрі

Есенбай шығарған деген шындыққа көбірек саяды. Жоғарыда айтқанымыздай, Есенбай өмір-бақи бір шикі өкпені аңсап, зарлап өткен ақын.

Ал біз білетін Құлеке батырдың баласы Шал ақынның ұлы да, қызы да болған. Оның тәнірден перзент тілеп жалбарына да, зарланар да реті жок. Қызынан өткен ғасырдағы тағы бір жыр тарланы, әйгілі ақын Нұржан Наушабаевтың әкесі туады. Демек, арынды ақындық, тәкпелік те, терендік те Нұржаның қанында бар. Оған ол нағашы атасынан дарыған. Оның үстіне осы өлең Шал ақынның шығармашылық табиғатына да онша кірікпейтін сияқты. Ойлы да ойнақы, уытты да ұтырлы, кейде зілді, кейде жеңіл Шал жырларына мұндай мұнұлы әуен жараса да бермейді. Ақын шығармаларын ой көзімен тағы бір сүзіп шықсан, оған көзің кәміл жетеді. Және Шалдағы осы өлең:

Бүйтіп жүрсем, Сердеке-ау,

Фаріп бір басым не табар.

Үйге келсем катындар

Менен де жаман зар қағар, —

деген шумак бар. Есенбайда бұл басқа өлеңнің жолдары. Өз мұнын ол осылай қанаттас, талаптас тұрғыласы, “Зарқұм”, “Салсалды” дастан етіп жазған ақын Сердәлі Шөбекұлына шағады. Ол қазақтың тұнғыш экономисі Мәмбетәлі Шөбековтың әкесі. Оған арнаған Есенбайдың:

Батыр Шөбек баласы Сердәлімісін,

Мен де ақын корған журген ел намысын, —

деп басталатын ұзақ өлеңі бар. Ал Шал ақынның көзі тірісінде Сердәлі де, Есенбай да дүниеге келмеген. Олар әр ғасырдың адамдары.

Рас, кейбіреулер Фылым академиясының колжазба қорында солай деп те дау айттар. Ең алдымен, Шал да, Есенбай да өлеңдерін өз қолымен жазып қағазға түсірмегенін, түсіргенмен де сактамағанын ескеру керек. Ел арасында ауыздан ауызға көшіп жүріп, кейбір өлеңдердің авторлары ауысып кетуі әбден ықтимал. Бұл сұрыпта салма ақындар шығармасының пешенесіне бұрыннан жазылған жай.

Шал ақыннан ширек ғасыр кейін туған Есенбай да қаншалық ағынды, арынды ақын болғанымен, шығармаларын хатқа түсіруге шорқақ адам. Сол себепті айтылған жырлары айтылған жерінде қалып, дер кезінде жинақталмаған. Дегенмен, кезінде өз аузынан жазып алынған өлеңдерін сактап жүрген азаматтар баршылық көрінеді. Бірақ баяғы бір екі шоқып, бір қарайтын жерқорқақтық-

тан арыла алмай тайсақтайдын тәрізді. Марқұм Мұқаш ақсақалдың айтуына қарағанда. Жаксы стансасында түрған ақынның аталас туысы Мәтенбай Боранбайұлының, “Теріскакқан” совхозының қадірлі кісісі Әбдісабыр Бокановтың, әдебиетке әуес басшы қызметкер Елемес Исиннің қолында ақынның қағазға түскен біраз мұрасы болған сияқты. Ол азаматтар аман-сая болса, “алмас қанжарды қын түбінде шірітпес”. Ал, менің білуімше, Есенбай ақынның қыруар жыры Кекшетау облысындағы Айыртау ауданының бұрынғы басшысы Болат Қөшімбаевтың қолында болса керек еді.

Жоғымызды іздең, жыртығымызды бүтіндеу – аруақ алдындағы да, үрпак алдындағы да парызымыз ғой. Көптеп-көмектеп үміт қалған тағы бір жыр дүлдүлін қатарға қоссақ, әдебиетіміздің де, мәдениетіміздің де мәртебесі өсе түсер еді.

1993 жыл.

КИЯН САПАР, ҚЫРАН САМҒАУ

...Қонақшылай келген қариямызды ертіп былтырлар біз де театрға барған едік. Қозы мен Баян аға бұынға бала күнінен танық қой. Талайсыз-бақсыз қос ғашықтың зар-мұны бұлардың көкірегіне қиссадан-ақ құйылған-ды. Сонда да сол сүйікті қаһармандарының сахнадағы жанды бейнесі қариямызды катты толқытты. Қөсем болжамдар, шешен оралымдар тұсында “Бәрекелді, е, бәсе!” деп бас изеп, дән разы болып отырған ол Қозы Қөрпеш қапылыста мерт болған сәтте селк ете қалды. Зар илеп Баян сұлу егілген кезде үн-түнсіз, демін шініне тартып томсарып кетті. Ойын аяқталып, жүрттың алды жылыса бастағанда да қозғалған жоқ еді ол, кенет сахнаға артистердің шыға келгені гой.

— Апырай, аман еken-ay, айналайындар! — деп орнынан атып тұрып, сахнаға тұра үмтүлды қария. Біз жеңінен тартып қалдық.

Іә, шын өнер шығармасы осылай баураса керек адамды. Бұл арада артист ойынының әсері де аз емес. Алайда драмалық туындыдағы жазушы таланттының құдіреті тіпті төтен. Ол аңыздан әкеліп өмір жасап отыр. Асылы, арқауы ауыз әдебиетінде жаппай шоқтықты шығарма тумайды да гой. Ал ондай кең құлаш кемел дарынның ғана сыбағасы. Сол кемел дарынның кең тынысына “Кездеспей кеткен бір бейнеде” терен бойлаған едік.

“Тар жол, тайғақ кешуді” ыждағаттап оқығаннның түрме терезесіне мөлдірей қарайтын тақиялы жас қызы жадында болар. Мұн төгілген жанарын анадай жерден торлы терезеге төңкеретін пәк ару абактыдағы ақынды терең тебірентпеуші ме еді. “Кім болды еken, кім болды еken??” деп ынтықлаушы ма еді қапаста жатқан тұтқын. Қос етек ақ койлегі армандай көлендеп алға асықтырса да, торғын кара бұрымын бекіткен қызыл лентасы тудай құлышынса да, қыздың кім еkenі беймәлім болып кала беретін. Бұғаудағы ақынның көңілін баураған бір сурет қана болатын ол.

Торлы терезеден ақын жүргегіне түсे қалған осы бір ғана суреттөн алып Фабит Мұсірепов сұлулық туралы тамаша дастан тузызды. Бірақ қанатымен су сепкен қарлығаштай қапастағы қаһарман көңіліне мәдеть шапағын себелеген жас арумен біз бірден үшыраспаймыз.

Ал беттен-ақ елінің еркіндігі үшін жан қызып, қан кешкен жалынды ақын тұрады алғаш көз алдымызда. Жаңа заманның жаршысы болған жас ақынның досы да көп, жауы онан бетер. “Артында айтағы барлар” баспалап ізін бақса, ал алғыстан басқа айтараты жоқтар оның жолына жаңын жайып салады. Отарбай ошағының басында жазым бола жаздаған жерден аман алып қалған да осы жаюлы жастық сыйнды жайсан жандар. Ақын арманына айналып, сұлулықтың солмас гүліндей болған бейне сол сын сағат катер үстінде жарқ ете қалды. Бірақ “үй ішінен түскен жарық бір сәтке қана қыз жүзін жарқ еткізіп қөрсетті де жұтып жіберді”.

Онан соң ақын бұл бейнені түрме терезесінен кездестірді. “Аға, мына бұзыктар сізді өлтіруге жиналып жатыр” деп қолы қалтырай жазып, өзін апattан құтқарып қалған қызды ол әрең таныды. Абақтыдан анадай жerde терезеден көз алмай өтетін қызды ақын түстеп көре алған жок. Бірақ ак қағаздай тазалық бар ак жүзді, ой мен мұнға толы қара көзді, жібектей толқынданған қара шашты өз то-лықтырмасымен ақын жадына токып алды. Қайтып оның ай жүзін көре алған жок.

Талай тар жол, тайғақ кешуден өтіп, тұқыннан қашып шығып ақын әдейі іздел келгенде қара шешекке шалдырып жатқан періштедей жастың жүзін көк шымылдық көлелегейлеп тұрды. Оны ашып көрүте Еркебұланның жүргегі дауаламады. Көрейін десе бұрынғы нұрлы бейнені бұзып аларын деп қорыкты. Сөйтіп, “акын сол бейнені бұзбай-бұлдірмей, өмір бойы жүргегінде сақтауға алып кетті”. Жан-жүргегіне бірдей кіріп алған сол бейне “тау кезіп кететін кешкі жаңғырықтай” ақын ойын өмір бойы ойдан қырға сүйрейді де отырады.

Жазушы осы бір жалғыз бейне арқылы жаңа дәүірдің төл басы болған дауылпаз ақын өмірінің белгілі белестерін алға жайып салады. Сонау саяси айқастарда сұрырылып өмір сахнасына шықкан ер ұланның қалай қанаттанып, жаңа бір толқынның жолбасшысы болғанына дейінгі қылы-қылы күрес кезеңдерін оқырман көз алдынан өткереді. Кітаптың бастапқы бетінің өзінде-ақ ақынның күреске толы өмір жолы жатыр. Сәнді бейнелеулер, әрлі баяндаулар, мәнді бояулар аз сөзден айдын пікір айтқызып, шағын шығарманың бойына шалқар мазмұн сыйғызып тұр.

Күрескер өмірінің соқтықпалы соқлагында саналуан адам қарекеттеріне тап боласың. Тіршілік қамы таптаса да тарынбайтын Ақбала, аңғал да адап Қайсар, даласында дарқан Бәйкен, китар көз қыныр Отарбай, даңғой да дойыр Қоянжырық, тіпті онын бұзық баласы бір-біріне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын дара тұлғалар. Бұлардың бірімен сыйласу, бірімен жауласу арқылы ақынның абзal адамгершілгі биктей береді, биктей береді.

Оқиға желісінің әсем өрлеуі, әр қөріністің бейнелей берілуі, айышықты ойлардың қөптігі, басы артық детальдың жоқтығы бұл шығарманы поэма деңгейіне көтеріп түр. Шынында да, мұнда басы артық детальды былай қойғанда бөгде бір сөз жок. Әр сөз өз орнында дұрыс койылған домбыра пернесіндегі күй төгіп түр. Бір сөйлемді алғып тастаса, бір жолы кем болса үйқасы да, ыргағы да, ойы да бұзылатын өлеңдей шығарманың бүкіл бітімі бүлінетін сиякты.

Мәселен, тоғыз ай түрмеде жатып қашып шықкан соң Еркебұлан жолай Отарбай ауылына сокласа, баяғы армандай болған аяулы бейненің бағдарын білмес еді гой. Тіпті кезек шарпысатын ерлібайлыштар арасындағы кекесін коздап барып, Ақбала: “Қасқырың бар, кара құсың бар, бәрін жабылып кан жылатып жіберген қызына кетіп барады” демесе, Аклиманың кейінгі тағдыры көмескі қалмас па еді. Демек, бұның бір деталін бөліп алғып, тұтас туындан боле-жарып карауға болмайды. Ендеше, қазіргі дастандарымыздың дені қара сөзден аса алмай, қарабайырланып бара жатқанда прозамен бұл секілді поэмандың тұғанына тек куануымыз керек. Бұл қазақ әдебиетінің топырағындағы тың құбылыс десек те асыра айтқандық болмас.

“Төл басы атанудың жауапкершілігі болу ылғи ізденуді қажет етеді” дейді автор. Қазақ қөркем прозасының құнарлы бастауларының бірі болған Фабенің өзі де үдайы осы жемісті ізденіс жолында. Ол аға ақынның өмірінен шұрайлы шығарма жазып оған өлмес ескерткіш соғумен қатар оның артында қалған мол әдеби мұрасының әр кесегі қолға алар қаламгер үшін үлкен қөркем туындыға өзек екенін де көрсетіп берді.

Қазір тұған әдебиетімізде тақырып тар дегенде таңдаймыз тақ-тақ етеді. Осы тараңдықтың өзі токмейіл токшарлықтан, ізденбес енжарлықтан туатының аңғара бермейміз. Сондықтан соңғы кезде әдебиетімізде қара басының ғана қамын күйіттейтін күйкі кейіпкерлер, бейшара бейнелер қаптал кетті. Бірі бірінің аузына түкіріп қойғандай бір-бірінен аумайтын алаяқтар мен алданған арулардан аяқ алғы жүргісіз. Кабинетте отырып қаламын сауып жоқтан бар жасаған жалған махаббат мендеп барады. Алданған аруды

мұсіркейміз деп біраз жазушылардың оларды бұрынғы сүйгеніне телитінін кайтерсің. Ал осы қыз деп қырық жетіні қырқа матап беретін халқымыздың рухына келе ме! Амал не, соны әдебиетке сінірем деп әлек боп жүргендер аз емес. Әрине, олар бұған өмірді білмегендіктен, халықтың карекеттеріне үңілмегендіктен ұрынады. Ондайлар шығарманың тартымды болуы қыз бер жігіт арасындағы сұқбаттастық сезімді көрсетуге байланысты деп нобайлайды. Жок, әсте олай емес, кас шебер кез келген тақырыптан қызықты шығарма жасай алады. Оған Фабеннің кейінгі кездегі шығармалары айғақ.

“Кездеспей кеткен бір бейне” өз алдына бір төбе болса, “Акли-масы” Ұлы Отан соғысының зардабын еске салады, “Бірінші фон-тан” еңбек қуанышын паш етсе, “Айгүл қойшының бір күні” шопандар өміріндегі шешімін күтіп тұрған келелі мәселелерді қозғайды, ал “Жапон балладасы” атом апатын көз алдына елестетіп, “Абай бол, азамат!” деп тұрғандай. Тіпті оның өмірдің әншайінде көзге іліне бермейтін болмашы құбылысын алып, қуатты ой түйетін “Қаз қалпындасында” қаншама мағына жатыр! Дауылпаз Сәкен мен дімкәс Димкага дейінгі аралықта қаншама замана шежіресі, адамдар тағдыры бар десенізші. Қокте самғаған қыран, суда ойнаған балық жайлы да тамсана оқыр шалқар ойлы шығарма жазады ол. Солардың бәрі тұнып тұрған сурет десе де болғандай. Айгүл қойшының қолынан түсіп кеткен қозыны бір сәт көз алдыңа келтірші. “Козы байқұс сортандағы ашқылтым суға тұмсығын бірер тығыл алып, тырбаңдан әрең тұрды. Басын шайқап екі құлағымен жағын шапалақтап, түшкіріп-түшкіріп қалды”. Қараши, болмашы ғана құбылыста қаншама сурет жатыр! Бақсақ, көзі қарақты жазушының жанарына ілікпейтін құбылыс жоқ екен.

Өз басым, Фабеннің мына “Қазақтарым, достарымы” мен “Біздің Би ағаны” естелік жазудың үлгісі деп білемін. Өз атынан сөйлесе де автор өзін алға тартпайды. Инабатты іні ретінде ағалар бейнесін аскак қөтереді. Адамға мінездеме бергенде де аса әділ. “Сәкен көлденең көзге тәкаббар көрінеді. Іріленіп келген адамға тіпті ыңғай бермейді. Шын Сәкен баламен бала, өте кішіпейіл адам”. Ақын ағаның бар қасиетін ашып тұрған жоқ па осы баға. Оған ең ерте ең дұрыс берілген бұл мінездемені Бейімбет айтты десе де, мұны біз Фабеннің аузынан тұнғыш естіп отырмыз.

Талант сиякты тіл де табиғаттың сараң сыйы. Адам сүмесіне ол ана сүтімен сіңеді. Тілдің байлығы – ойдың кеңдігі. Шын зергер сөзді де, ойды да ысырап етпейді. Ал Фабен шығармаларының тілінен талай үрпақ тағылым алары сөзсіз. Оның тілі туралы сөз болғанда ойымызға бір орыс жазушысының “Лермонтовтың тілінен артық тілді білген емен. Мен оның әр сөйлемін алып, сөз таптары

бойынша, сөз тұлғасы бойынша талдар едім де, жазуға үйренир ем” деген сөзі оралады. Фабенің қаламына үйрілгенде қаралұрсін сөздің өзі құлпырып, құбылып шыға келетін тәрізді. Себебі ол қаралұрсін сөздің өзімен халық көкейіндегісін дөп басады. Ондай оралымдар онай-ақ жатталып қалады. Қазір ретті жерінде “Әтекең дұрыс айтады”, “Қыран мылжың болмасқа керек” дегендей деп жи қолданамыз. Былай алып қарағанда, макал-мәтел болып кетердей үйкас, ырғақ жоқ бұл сөздерде. Бірақ қөнілге қона кетеді. Сондыктан да олар халықтық болып алды.

Ана бір жылдары Фабиттің тілі тым сұлу да, ойы сүйық деген пыш-пыш сөздер шығып жүрді. Оның отын үрлеушілер дарын кенжелігін, тіл кедейлігін “ой мен оқиға болсынмен” бүркемелеуге тырысушылар еді. Осы пікірді қалқанғып олардың кейбірі әдебиетті қасіпке айналдырып кетті. Әдеби туындыларға селсоқ қарап бара жатқанымызға олардың салқыны тиіп жүрген жоқ па еken осы?! Кестелі тілсіз көркем шығарма тумайтынына түсінбейтіндер әлі де бар арамызда. Жарқын тілсіз жартымды пікір айту мүмкін емес.

Бір ғана мысал. “Ақын – қыран, қияға да қонаады, ақын – адам, далаға да қонаады. Ақын бойын да жасыра алмайды, ойын да жасыра алмайды. Ақын жаны онай жараланады, онай жазылады – емі көп. Ақын жүрегіне кек тұрмайды. Кек тұрса – қақ тұрганы. Қақ тұрган жүрек – тот басқан асыл, енді одан берекелі үн шыкпайды”. Бұл жолдар төгіліп тұрган жыр екеніне ешкім де шæk келтірмес. Ал осында ой жоқ деуге бола ма!

Арнасын кернеп шалқып жатқан ой деп дәл осындаиды айтса керек. Жалпы, Фабит шығармаларындағы ойдың өзі осы тамылжыған тілден туып жатады.

Осы, атом апаты жайлы аз айтылып, аз жазылып жүрген жоқ. Бірақ соның бәрі бірдей есінде сактала бермейді. Ал дәл мына “Жапон балладасындағы” Арқаның, Көздің, Тастың әңгімелерін оқығанда тұла бойың тұршігеді. Темір жанып құлғе, тас жанып тозаңға айналғанда отқа түскен қағаздай бүрісіп қалған қала қандай аянышты! Сен де енді арқа он алты рет жамалып, қызыл қан аққан күтыға айналмасын, мандаидығы кос шырақ сөніп қалмасын дейсің күбірлеп. “Ол үшін не шара бар, оны адам тастан сұрамас деймін...” деп түйеді автор. Оның ар жағында ой... деп ауыз ашудың жөні бола қояр ма екен.

Жазушы жолы жеткізбес қиян. Ол алқынбас жүрек, сарқылмас жігерге ғана қарасын көрсетеді. F.Мұсірепов осы қиян сапарда қыран самғауынан жаңылмай өткен тарлан талант.

1970 жыл.

ЖЫР ЖАҚАНЫ

Жұық күндердің бірінде “Көкшетау” газетінен Болат Бекеновтың естелігін оқыдым. Жақанның жақын ағайыны, жап-жақсы жазушы бол келе жатып, отыз жетінші жылдың зұлматына ұшырап опат болған Елжас Бекеновтың баласы бүл. Алматыда оқып жүргендеге ақын ағасының канатының астында болып, біраз қамкорлығын көрген сияқты. Естеліктің бір сәті ерекше елең еткізді.

...Бір күні Bolat келсе Жақаң жүнттей бол киініп, даға шыққалы жатыр екен.

— Эй, студент, жақсы келдің, әлем әйгісі — Мұхтар Әуезовке барғалы жиналыш жатыр едім, — дейді. — Жұр, апарып таныстырайын. Әкеңмен кезінде қызметтес болған кісі. Көптен көрген жоқ ем, сәлем беріп қайтайын.

Сәлемшілерді жылы ұшырай ілтипатпен қарсы алған Мұхаң мән-жайды сұрасқан соң:

— Е, Елжастың үлкені шығарсың. Шешен аман ба, тың ба? Әкең әділ, тұра жолдан таймайтын бірбет жігіт еді. Арамыздан ерте кетті. Әттең... — деп сол ойға шомып, сосын Жақанға бұрылды да, араб я парсы тілінде сөйлеп кетеді. Төрдегі Абайдың суретіне қарап, сөрелердегі иін тірескен кітаптарды қызықтап, өз жайына қалған жас жігіт әлдебір кездे Мұхаңның “сдаюсь” деп баладай елбенде деп екі қолын көтергенін көріп қалады. Соңан соң көзі қулім қағып:

— Жақа-ай, сениң қасында біз де білімпазсып, самолетпен Мәскеуде барып лекция оқып жүрміз-ау? — деп ақынның білегінен ұстай алады.

Кешкілік үйге қайтып келе жатқанда Жақаң Bolattы шынтағымен қағып кілт тоқтатады да:

— Байқаған боларсың ағанды. “Сенікі жөн, жеңілдім” деп

Мұханың өзі қол көтерді ғой. Ойнама **Жақанмен**, – деп одырая қарап қуақылана құліп қояды.

Жер-жанаңға атағы жайылған ғұлама жазушы Мұхтар Әуезовтің өзі білімдарлығына бас иген сол Жақан Сыздықовты алғаш мен алпыс үшінші жылы көрдім. Хрушевтің бір бітпей қойған бас-көз жоқ өзгерістері қазак баспаөзін де шарпып, Қекшетаудың облыстық газеті жабылған сон “Ара” журналына келіп орналасып, жұмыс істеп жатқан кезім. Бірде бөлмеме ашаң жүзді, аққұба, дөңес мұрын, мойыл қара шашын шалқасынан кайырған, бойы ортадан сәл жогары кісі кірді. Куық балақ сымның сәнгे айналғанына қарамай, киғені жер сыйған кең шалбар, үстіндегі ұзын женә ақ көйлек, өзі тарамыс адамды одан әрман арық қөрсетеді. Орнынан атып тұрып екі қолымды қоса ұсынып сәлем бердім.

– Танушы ма едің, кәдімгі қазак жырының қарт тарланы Жақан аған осы кісі, – деді жауапты хатшымыз.

– Бірінші көруім, бірақ білемін, – дедім Жақаның сәл сүзілген көзіне тұра қарап.

Білемін дег бірден айтуымның да реті бар. Ең алдымен, жарияланған жырларын қалт жібермей, күнп жүріп оқитын оқырманмын. Екіншіден, талабымның тілеуқоры. сырлас, сыйлас ағам Сырбай Мәүленовтен, Жақаның жақын інісі, партия қызметкери Мәүлетбай Қәрімовтен ақынның өлеңмен өрілген өмір жолдары жайында естігенім де көп. “Жырламау маған жарамас, туганнан соң балаң боп” дейтін Қарағаш ауылында да болып, жерлестерімен әңгімелескенім де бар.

Осы ғасырдың басында, сиыр жылы дүниеге келген Жақаның әкесі Сыздық көзі ашық оқыған кісі екен. Дөңгелек қана шаруасы болғанына қарамай, ағайын арасында абырай-беделі күшті, саятшы, сері әрі құралайды қөзден атқан мерген болса керек. Орынды жерінде өлеңді де сұрып салатын айтқыр, әрі анау-мынаудан ықпайтын батыл азаматты жерлестері төңкеріске дейін де, кейін де бірнеше дүркін ауылнай сайлаған. Жаңа дәуірдің елең-аланында осы өнірде көп қызмет еткен Сәбит Мұқанов өзінің “Өмір мектебінде” ақ пен қызылдың қырқысы кезінде Аймақ төңрегіндегі сегіз ауылнайдың біреуі ғана жалтақтамай Совет өкіметін жактағанын, оның Сыздық екенін жазған-ды. Демек, ақынның әкесі алдағыны ой жіберіп болжай білетін сұңғыла, сауатты адам болған. Ал анасы Сәли айт пен тойда айттыска түсіп, тапқырлығымен, айтқырлығымен ел аузына іліккен. Соңан ба екен, олардан өрбіген бала-лардың бәрі ақын, әніш, әдебиетші болған. Солардың бәрі де бірегейі

“бабам ақын, анам ақын, далам ақын, мен қайтіп ақын болмайын” дейтін осы Жақаң...

— Еркеш екеуінен басқа бір агроном ақын бар емес пе еді? — деп сұрады әлден уақытта ол жауап күткендей бір алақаның құлағының сыртына қарай койып.

— Иә, бар, Нұрмияш қой. Ауылда агроном, кәдімгі өзініз “Көкшеден келген Қалия, жыры бір жатқан дария” деп жазатын қарт ақын Жұмандықовтың ауылынан, — деп едім, “ә” деп аузын ашып аңырып қалды.

Еркеш болмаса Нұрмияш екеуміздің онда алып-жұлып бара жатқан атагымыз жоқ. Тырнақалды жинағым сол жылы ғана жарық көрген. Бірақ бір таңқалғаным айтулы ақынның жазғандарымыздың көбі облыстық газетте ғана жарияланатын біздің балаң шығармаларымызға зер салып, зерделеп оқитыны болды. Жүрттың айтуына қарағанда, Мұханнан кейінгі ең көп оқытын және оқығанын үмытпайтын қаламгер осы кісі екен.

Ол жылдары редакциямыз Жазушылар одағының ғимаратында болатын. Содан бастап одаққа келсе-ақ Жақаң бізге соктай кетпейтін еді. Ал араға бір жарым жыл салып, мен “Жетісу” газеті редакторының орынбасары болып ауысқанда ол маған тіпті жиі келіп тұратын. Тапсырма бойынша айтулы оқигаларға орай өлең жазады. Және оны айтылған күні уәделі сағатқа сарт еткізеді. Жазуы қандай айқын, бірден басуға жібере салатындей. Таптаурын тақырыпқа жазылғанымен өлең жолдары өзіндік өрнегімен айшықталып, әр сөзі сылдыр қағып тұрады. Кейде осындай өлөндерін оқып отырып, кідіріп қалсам:

— О не, бала, олқы соғып, ойдағыдай болмай жатыр-ау, ә? Оқасы жоқ, жаман өлең жақсы өлеңді асырайды, — деп жымып қояр еді. Дегенмен, ол дулы дәүіріміздің даусындай саңқылдаған осынау публицистикалық сарындағы жырлардың шын мәніндегі шындалған шебері болатын. Күнделік тақырыптың өзінен ғұмырлық шығарма туғызатын. Қазір қаламгерлеріміз “жырға заказ жүрмейді” деп осы дәстүрден бекер безіп жүр. Ақын — замана перзенті болса, оның өлеңмен өрілген өмір жолынан дәуір тынысы мен мұндалап тұруға тиіс. Бірде:

— Журналистикаға жан-тәніңмен беріліп, өлеңді өгейсітіп алдың-ау, ә?, — деді ол. — Газетің де инемен құдық қазғандай киын жұмыс қой, бәрін де бастан кешіргенбіз. Білесің бе, мына аған тұсау кесерін мақаладан бастаған.

Шынында да, оның қаламгерлік қарымын түңғыш танытқан

1923 жылы “Бостандық туы” газетінде жарияланған “Сынға мін” мақаласы. Онда автор Сәкен Сейфуллиннің “Асау тұлпар” атты жыр жинағын несие сынап, шындыққа қиянат жасаған бір әдебиетшіге тайсалмай қарсы тұрып, революцияның қызыл сұнқарын корғап шығады. Бұл ақынның алғашқы алымынан-ак әдебиеттегі ауа жайылуыштықпен ымыраға келмей, бірден-ақ дұрыс бағыт үстанғанының белгісі. Сәкенді ол өмір-бақи үстаз тұтып, төбесіне тудай көтеріп өтеді.

Жаңында Гүлбарам жеңгей бар Сәкен жиырма сегізінші жылы Жақан ауылына жер бөліске келеді. Осы хабарды ести сала ол Кызылжардан ауылына кеп, үстазын әкесінің үйінде қонақ етіп, кербез Қекше өнірін аралатады.

Өлең-жырдың өрінен,
Канатымыз комданған.
Өзі жазған қолимен,
Жоғалған жосқ жолдамам.
Үстаз еді ол маған, —

деген жыр жолдары жүрек түкпірінде сол кезде тебіндеген. Тіпті ұлы ақын жазықсыз жазаға ұшырап, оның атын атауға тыйым салынған аласүргін жылдардың өзінде де Жақан үстазын есінен екі елі шығармай, күндердің күнінде жалғаның жарығына бір жарқ ете қалатынына имандай сенген.

Сәкенді қанша үстаз тұтып, пірі санағанымен Жақаң ақындығының табиғаты Мағжанға жақын сияқты. Оның өлеңдеріндегі ішкі ырғақтың тегеурінділігі, кейбір осал үйқастын тігісін жатқызып жіберетін мөлдір тіл, тасқынды романтикалық сарын осы пікірімізді беркіте түседі. Мысалға Құләш Байсейітоваға арналған “Таң бұлбұлы” атты өлеңін алғызызы.

Таң мезгілі,
Таң бұлбұлы сайрады.
Таң бұлбұлы —
Танның ғұлі,
Танның ғұлі жайнады.
Бұлбұл жыры, бұлбұл үні,
Бұлбұл үні бойды алып,
Бал тамылжын тәтті күйі,
Тәтті күйт ойды алып...

Қараңызышы, төгілген күміс тәрізді сыңғырлап түрған жоқ па. Бұлақ сылдыры, құрақ былдыры, жапырақ сыбыдыры— бәрі-бәрі қосылып ғажап бір күй шертіп түрғандай.

“Жетісү” газеті елу жылдығына орай Еңбек Кызыл Ту орденіне

ие болғанда Жақаң Жамбыл облысының алыс бір ауданында қызмет істейтін үлкен ұлы Арыстанның үйінде конакшылап жатқан еді. Жоғарғы Кеңестің жарлығын радиодан ести сала құттықтау хат жолдапты. Онысы іле газеттің мүшел мерекесіне арналған нөмірінде жарияланды да. Өзі сапардан оралған соң редакцияға әдейі келіп жігіттерді құттықтап, әжелтәуір естелік айтты. Әңгімелесе отырып:

— Бала, бір кезде андағы орында мына ағаң отырганын білесің фой, — деді маған жылы ғана жымия қарап. — Міне, мирас деген осы. Ал одан қалай ысырылғанымды да естіген шығарсың. Бері емес, бәле бәрік астында. Тек сол бәле-жалаған қағас қылсын құдайым...

Әрине, бәрін де есіткенмін. Соғыстың алғашқы жылдары астаналық облыстың газеті қебіне редактордың орынбасары Ж.Сыздықовтың қолымен шығып тұрғанын білемін. Өнікті енбек етіл, өндірте жазатын оның өлөндерін де содан оқығанмын. Бәле кайдан дерін бар ма, кенет күн жарқырап тұрып нажағай шатырлағандай шым-шытырық болып кетеді. Қырқыншы жылдарға дейін дүйім ел мойындал, әдебиеттік оқу кітабына кіргізілген “Әлі қарттың әңгімесі” Германияда жарияланып, советтік шындықтың сикы деп біздің жаққа жіберіледі. Шынында да, әлденеше күн нәр сызбай, аштықтан әбден өлер халге жеткен Сағымбайдың екі-үш жасар жалғыз ұлы Әділді жемек болған тағдыры тым-ақ аянышты. Шатын бір шаңырактың тағдыры арқылы бір миллионнан астам қазақты жалмаған жиырмасыншы жылғы аштықтың алапатын шынайы бейнелейтін шығарма қасакана теріс түсініктеледі. Сол сол-ак екен, “жау қайда” деп елең қағып отырган қауіпсіздік қызметкерлері ақынның соңына шырақ алып түседі. Құдайдың құтты күні ертелікеш шакырып, жауап алу, болмағанды болды деп мойыннатуға тырысу онсыз да дімкәс жанның жүйкесін тіпті жүқартып, қатты титықтатады. Отыз жетінің зұлматында абақтының ашы дәмін алты ай таткан, әбден запы болған ақынның қызметпен кош айтысуына тұра келеді.

Сонда да сағы сынбаган ақын ел аралап, бал арадай болашақ шығармаларына нәр іздейді. Сапар сайын сәтті өлөндер, ойлы очерктер жазып оралады. Бірақ бұрынғыдай емес, олардың жарық көруіне көзге түспес тосқауылдар тап келіп, кедергі бола береді. Шығарма-шылық еңбегінің жиырма жылдығы Сәбенің бір мақаласы болмаса және аталмай қалады. Сондайдағы көңіл-күйіншін досы Габдол Слановқа жолдаған хатында актарып салады. “Қарап отырсам, кейінгі кезде көп жазып тастаппын, — дейді хатында. — Әсіреле,

“Қос жүрек” атты поэмам өзіме қатты ұнайды. Бастыруға апарып едім, баспа басшылары мыңқ-мыңқ етеді... Соңан соң өзім кіді адам, үтеге әкеліп салдым да койдым. Радиодан жібердім, облыстық газеттер басып жатыр”.

Қостанайға бір барған сапарында Александр Матросовтың ерлігін қайталаған Сұлтан Баймағамбетов туралы деректер жинап, дүшпан дзотының аузын қеудесімен жауып, мәңгі өшпес жалын болып ел жүргегінде қалған қос қаһарман жайындағы дастанды ол соғыс жылдары жазған еді. Сол “Қос жүрек” соғыс біткен соң қырық сегізінші жылы жарияланды. Жарияланысымен-ақ қарама-қайши көп пікір туғызған шулы шығарма болды. Қарсы жағы оған кара қүйені жағып-ақ бакты. Біреулер Сұлтанның қаһармандығы ақын Байқұлақ батырдың ұрпағы болуының жемісі деп, ғалымға қарсы шығады. онын үстіне дастанда ауыз әдебиетінің үлгісін әдейі ұстанған, демек, автор жауға қызмет етуін әлі де тоқтатпай отыр, оны совет жазушыларының қатарынан аластаған жөн, деп те соқты. Әліптен ауып, қымс етсен-ақ “халық жауы” болып шыға келетін кез ғой, арынды ақын тағы да құғындалып көп жапа шекті. Партия қатарынан шығарылып, алты жылдан соң ғана соңғы согіспен билетін қайтарып алды.

Осындай құғын-сүргінге ұшырамай, ұдайы сар бабында отырса, ақын небір ғажайып дүниелер берер еді-ау деп ойлайсын. Алайда қандай қысастық көріп қыын-қыстау жағдайда жүргеннің өзінде де ол енсесін аскақ ұстап, ешкімге қеудесін бастырмайды, қуакы қалжының тастамайды. Әзіл-оспақ, сын-сыққакқа шебер, шакла тілге таптырмайтын Жақаң қаламдастарына бірер жолмен-ақ әрі қыска, әрі нұска мінездеме бере қоятын. “Ақындар шілдесі” деп бірден-бірге ауызша тарап, жүрт жадында жатталып қалған өлеңінде талай жазушының кезіндегі іс-әрекеті мен мінез-құлқы бар. Кейінгі толқын өз түрғыластары туралы шумактармен толықтырып, оны шын мәніндегі ауыз әдебиетінің шығармасына айналдырып жіберді.

Ұдайы оқып, ізденуден, шабыт шындал жазудан жалықтайтын ақын сол сүрқай жылдардың өзінде төл туындыларымен қатар қыруар аударма жасады. Лев Толстойдың “Арылу”, Ғалымжан Ибрағимовтің “Қазақ қызы” романдарын, Қадыр Хасановтың “Наззутум”, Мирхайдар Файзидің “Фалия Бану” драмалық дастандарын қазақшалады. Түркі тілдерінің денін жетік билетін ол Фабдолла Тоқай бастаған татар әдебиетінің туындыларын қазақ оқырмандарының игілігіне айналдыруға ересен еңбек сінірді. Оның осы еңбегін биік бағалап, алпыс жасқа толғанда Татарстан Жоғарғы Кенесі

Құрмет грамотасымен наградтады. Ал Қазақстанда ақынның бірде-
бір мүшел тойы аталған емес. Сондықтан досы Қая Нәжмидің
“қазакқа арзан, татарға қымбат Жақаң” деген сөзін ұлсан да, мой-
ындайсын.

Осыған орай мына бір оқиға ойға оралады. Жақаңның елу
төртінші жылдан жүрген партиялық сөгісі бар екен. Бертін Жазу-
шылар одағы партия үйымының хатшысы болып жүргендеге Әбірәш
Жәмішев:

— Сол сөгісінізді алып тастайық, өтініш жазып берсеніз қайтеді, —
деп қолка салады.

— Соны қозғамай-ақ қояйық та, — дейді Жақаң. — О дүниеге
бұл жалғаннан не алдым деп барамын? Тым құрығанда бір сөгісім
болсын да.

Мұнда терең мән жатыр. Көзі тірісінде жұдырықтан өзге еш-
тене көрмей, бір ауыз жылы сөз есітпей кеткен қаламгерлеріміз
қаншама. Енді “ештен кеш жақсы” деп жұбатқан боламыз өзімізді.
Тірлігінде мерейтой дегенді білмей кеткен Жақаң Сыздықовтың
туғанына тоқсан жыл толуын төл топырағы Көкшे қырында той-
лап жатыр. Жырдың Жақаны, сырдың Жақаны, қырдың Жақаны
болған дүлдүл дарынға кеш болса да дес көрсетіліп жатқан қошемет
болар бул.

1991 жыл.

ЖАНҒЫРҒАН РУХ

Сонау соғыстан кейінгі жүдеубас жылдар еді. Халыктың қамкөnlін көтеру үшін ауылға ара-тұра облыс орталығынан өнерпаздар келіп тұратын. Ол тұста мейманхана деген түске де кірмейтін ғой. Сондықтан ақын болсын, әкім болсын, әнші болсын, хатшы болсын дұрыс шәй-сүйн бере алатын, төсек-орны таза үйлерге түседі.

Бір жолы облыстар келген артистерді үйді-үйге бөлгендे біздікіне Үркия атты әнші қыз бастаған төрт-бес өнерпаздар түскені бар. Шашының мандай тұсы бүйраланып, қабағы керілсе-ақ кара қасы қарлығаштың қанатындағы қайшылана қалатын акқуба, ажарлы қыздың мейірбан жанарынан айықпас мүн байқалғандай болды. Бақсақ, бір аяғы кем, балдақпен жүреді екен. Бірақ үні жибектей есіліп, бірден баурап әкететін сикыры бар сиякты. Бәрімізбен де шүйіркелесіп әп-сәтте іші-бауырымызға енді де кетті. Кешкісін концертте де көпшіліктің ерекше ілтипатына сол бөленіп, қайта-қайта қолкалаумен еki-үш әнді артық орындаады.

Ауылға келген өнерпаздың ақыры сауықпен құтылмасы белгілі ғой. Шын өнердің алауы үйге оралған соң маздады.

— Апай, концерт шіркіннің уақыты шектеулі болады да, шідерлі аттай көсіліп кете алмайсың, — деді Үркия шешеме кінәлі кейіппен құлімсірей қарап. — Қонақ құтемін деп клубқа сіз де келе алмадыныз. Тағы да ән тыңдаймыз деп жүрт және еріп келіп отыр. Ендігі ойын-сауықты осы шаңырақтың астында жалғастырмыз, сірә.

Домбыраны қолға алғанда делебесі қозған жүйріктей жанары жалт-жұлт етіп әнші жүзі жайнап кетті, манағы мұңның нышаны да жоқ. Қоңыл қүйіне сай ол ойнақы әуендерден бастап, көнесі бар, жаңасы бар — біраз ән орындаады. Бұлақ сүйндей мөлдір саф таза үні бірде шалқып, бірде толқып, әуелеген әсем әуез тыңдаушыла-

рын дән разы етті. Ақыр соңында ол “Зәурешті” айтты. Әлгіндеған “Пәлі, жаса, тусаң ту!” деп, қопандап отырған жұрт құлакқа үрган танадан тына қалды.

Уа, Зәуреш, сенің үшін-ай, елден келдім,

Баяғы өзін көрген-ай жерден келдім, —

деп дауыстың жоғарғы ыргағынан басталып, жайымен толқып, әуен қайталамай үнемі жана үндер қосылып, зар үстіне зар үстейтін мұнды саз жүректі сыздатып, тұла бойды шымырлатады.

Оған айқын да анық естілген жыр жолдары қосылып, қолқаны суырып бара жатқандай.

Қайыңның жазда көрдім жапырағын,

Құланның түзде көрдім шоқырағын.

Сен қалған отыз үлдан Зәуреш едін.

Бір уыс бүйірмады топырағын, —

деген тұста қөзге жас үйіріліп, “айырылып жалғызымнан қалғаннан соң, “көкे” деп енді мені кім айтады!” — деген кезде еңіреп жылап жібере жаздайсын.

Кез келгеннен ойша өрнек сала қоятын қиялшыл бала кезіміз фой. Көз алдыма жас қабірді құша құлаған, екі иығы селк-сель етіп, еңіреп жатқан егде кісі келді. Ахама қарасам, кимешегінің омырауымен көзін сүртіп, солқ-солқ жылап отыр екен. Кім білсін, жалғызынан айырылып, аңыраған қария кейпі он бес құрсақ көтеріп, он бірін жер қойнауына берген анамның кешегі жок-жітік заманда тұрмыс тапшылығынан қыршын кеткен құлыншактарын еске салған шыгар. Эн құдіреті деген осы ғой.

Бертін білсек, бүтінде 150 жылдық мүшелтойын Орал өңірінде дүбірлетіп өткізіп жатқан халық композиторы, әйгілі әнші Мұхит Мерәліұлының осынау құдіретті әні өмірдің өзінен ойып алынған ақиқат шындық екен. Медет атты ел адамының үш әйелінен отыз үл, бір қызы болады. Оба келген бір кеселден отыз үл бірі қалмай бәрі өліп, жалғыз Зуреш қана аман қалады. Ақсақал бірде жолаушылап Орынбор барып қайтып келсе, Зәуреші де опат болып, орнында шошайып зиратыған тұрады. Жас қабірді құшақтап жылаған қария өкінішін де, өксігін де өлеңмен өріп шығарады.

Аңызга айналған осы оқиға Мұхитты терең тебірентіп, атақты әннін туына тұртқи болады. Өйткені Медеттің мұн-зары исі қазаққа ортақ қайғы еді. Зерделі де зерек дарын дүйім далага ортақ сол тағдырды алға тартып, әуен қүшімен әлеуметтік ауыртпалықтың астарын сөгеді. Оның әндерінің деніне алтын тін болып таратылатын да осы әлеуметтік айқын саз, әлеуетті сарын.

Асылы, Мұхит ауқатты ортадан шыққан. Түбін куса төрелерге барып тіреледі. Әкесі Мерәлі әжептәүір дәулеті бар, қолынан билік тізгін түспеген адам. Одан алты ұл, екі қыз туған. Балаларының бәрі шетінен домбыра тартып, өлең айтатын өнерпаз болған. Бірақ Мұхиттан басқалары оны табиғаттың сирек сыйы деп білмей, екінін бірі, егіздің сыңарында болуға тиіс қабіlet қана деп үққан. Қаршадайынан ән-күйге әуес, ою-өрнекке бейімі бар Мұхит қана өнер жолын бірегей қуады. Әрине, оған ән салып, қобыз шалып, домбыра тартып, жүрген жерін думандатып жүретін ағаларының әсер-ықпалы күшті болды. Оның үстіне дастарқаны кен, ішім-демі мол меймандос ауылға әншілер мен қүйшілер, ақындар мен жыршылар да жіңі келеді. Ойын-сауық мәйегін осылай еміп өскен үшқыр ойлы, үғымтал бала бір есіткен әнін табан аузында бар әр-нақышмен қағып алып, домбыраға салып, шырқата жөнелетін болады. Осы әуестік бара-бара өнерге деген іңкәрлікке үласады.

Оз басы өнерден аулақ Мерәлі балаларының қабіletін жек көрмегенімен, ата жолын қуып билік тізгініне қол созар деп дәмеленеді. Әсіресе, оның ойы алғыры, тілі орамды Мұхиттан үміті мол еді. Әкесінің көnlін кимай ол алғаш ауылнай да болады. Бірақ билік бұның колы емес екенін бірден сезіп, әудем болмай әкімдікпен қош айттысып, басы-гулді өнер жолына түседі. Ауыл-ауылды арапап аңдыған-бақканы ойын-сауық болады. Алғаш өзі есіткен әндерін салып, оны да өзінше әрлеп-нәрлеп, өзгеше нақышпен орындап өрнекті әнші ретінде аты шығады. Одан әрі танымал дарын иелерінен үйрене жүріп, өзі де ән шығара бастайды. Жын-тойдың ғұлі болып, төнірегіне өнерпаз құрбыларын топтастырады. Сейтіп, ел сыйлайтын Мұхит сал атанады. Орал өнірін, Атырау алабын түгел шарлап, Араг асып Қазалыда болған, Орынбор, Ор, Қостанай қалаларына барған оның әншілік те, ақындық та атағы ту алыска тарайды.

Мұхит соныдан соқпақ салып ән әлеміне өз жолын өзі тартқан өнерпаз. Оның шығармашылық мектебі де, орындаушылық мектебі де – халық, оның ұшан-теңіз ән өнері мен ауыз әдебиеті. Мәселен, оның әйгілі әні “Жылқышыға” сол төңіректің тамаша жыршы ақыны Бала Ораздың осы аттас дастанының оқиғасы арқау болған.

...Байдың жылқысын бақкан жайсан жігіт оның қызымен көnlі қосып, алып қашады. Іле артынан құғыншы түсіп құтқармас болады. Жігіт жетегіндең тың атка қызды мінгізіп, қолына мылтық ұстасып өзі қаша ұрыс салуға қалады. Қыздың астындағы тың ат құғыни іға шалдырмай, қара үзіп кетеді. Алайда қоршауда қалған

жігітіне қарайлап, ол онша ұзай да қоймайды. Өжет жылқышы біраз жігітті аттан түсіріп сыйылып шықпақ болып жүргенде абай-сызда мойнына қыл арқан түсіп, жерге топ ете калады. Осыны байқап қалған қыз қайтып оралып бұғалық тастаған дүшпанын мылтықпен басып салады. Қапелімде мылтық даусынан жаудың сырт бергенін пайдаланып ару қыз өліп жатқан жылқышының қасына кеп, қойнынан кездігін алды өзіне салады да, жарын құшақтай қулайды.

Жастай соган қос ғұмыр, жанбай сөнген пәк махаббат Мұхиттың ойына от тастап, жан ашуының айқайындаған ашы азага толы әрі айбарлы осы әнді тудырады. Оны ел арасында “Бала Ораз” немесе “Кіші айдай” деп те атайды. Сүм заманға тап келген жалын жастардың қайғылы тағдырын айта отырып, ақын-әнші әлеуметтік тенсіздікті әшкерілеп, қатыбас қоғамының көртартпа ғұрпына лағнет айтады.

Жалпы, Мұхиттың қай шығармасын алсан да өмір шындығынан арна тартып, өзі ортасында болған оқиғалардан бастау алады. Ел арасына ең көп тарағ, ең көп айтылатын “Айнамкөзден” бастап, “Алуаш”, “Кілым”, тағы басқа әндерінің бәрінің де шығу тарихы, туу себептері бар. Оның әндерінде жалаң сезім, жылауық сарын жок, қайта құрексерлік рух күшті. Соңан ба екен, қай әні болсын, кең тынысты, күшті дауысты талап етеді. Оларды кез келген әнші орындаған да алмайды. Кейін олардың “Жалбыр”, “Қызы Жібек”, “Ер Тарғын” операларына еніп, басты арияға айналуын әуендерінің өршілдігі мен асқактығынан деп білген абзал. Қай әнін алсан да әуен тасқыны шырқай шарықтап, сатылай сорғалап, қүйқылжи құйылып тұрады. Осында зор дауыс тілейтін әндерінің бірі – “Қыпшак”. Әншінің шығармашылық өмірін ұзак зерттеген айтұлы ғалым академик Ахмет Жұбанов ол жайында “Қандай жағдайда тутанда да үлкен творчестволық құлашын кең жайып, шабыт үстінде отырғанда дүниеге келіп қалған кесек шығарма” деп жазды.

Халық композиторларының арасында ән мұрасы шашау шықпай, түгел дерлік кейінгі үрпакқа жеткен Мұхит бақытты дарын иесі. Өйткені оның күллі әuletі сияқты балалары мен немерелері де кілең ән-күйге күмар, музықадан хабардар азаматтар болды. Оның әндерін балалары Шоң мен Нәу, немерелері Шайқы мен Лұқпан әралуан аспаптарда ойнап, нақышына келтіріп орындастырын еді. Мұхит әндерін бүгінгі үрпакқа мирас етушілердің дені солардан

тәлім-тәрбие, тағылым алды. Ал алғаш отыз бірінші жылы оларды бастап радиога жаздыруыш өнші туған аймактың түлегі Тәмті Ибраимова.

— Рас, “Айнамқөз”, “Паңкөйлек”, “Жайма қоңыр”, “Дүниес-ай”, “Бала Ораз”, “Үлкен айдай” әндерін алғаш радиодан орындаған мен едім, — дейді Тәмті апай. — Оларды мен Мұхиттың немерге інісі, ірі өнші Шынтас Қаратасевтың өз аузынан естіп үйренгенмін. Өншінің қасында серік бол жүрген ол әндерінің шығу тарихын тым жақсы білетін. Кейін Лұқпанмен қосылып оның өзі де ағасының қыруар өнін жаздырды. Ал Ақаң марқұм “Замана бұлбұлдары” атты кітабында Мұхит әндерін Қазақстанға радио арқылы таратып, нотаға түсіргізушілердің ішіндегі ең көп еңбек сініргені деп мені айрықша атал еді. Онысына мың да бір рахмет, бірақ Фарифолла Құрманғалиев пен Нагима Әбішева да менен кем еңбек сінірген жок. Бір өкінетінім, үш-төрт кітап шығарсам да, Мұхит әндері туралы ойларымды қағазға түсіре алмаппын. Мейлі, менің мұршам келмегенмен, өншінің, шүкір, өз үрпағы барғой...

Іә, Мұхиттың үрпағы баршылық көрінеді. Және көбі ата жолын куып, музыка саласында еңбек етіп жүрген сияқты. Біразы республикамыздың музикалық оқу орындарында устаздық етсе кепек. Бірақ бір өкінерлігі, солардың ешбірі улы атасының мерейтойында не естелік, не зерттеу еңбегімен баспасөз бетінде көріне алмады. Көрінсе гой, ақиық өншінің дарқан дарынының белгісіз қырлары ашылып, жарқырай түсер еді.

Міне, Мұхиттың өзі айтқандай, сөнгеген рухы қайта жаңып, жаңғырып, еңіреп өткен есіл бабасын кейінгі үрпақ есіне алып, туған жерінде дүбірлі той жасап жатыр. Бұл әнінен мейірі қаңып, мерейі өскен үрпағының дарыны даласындаі дарқан бабасына деген орынды құрметі.

1992 жыл.

СҮНҚАРДАЙ ҚОЛДАН ҰШҚАН ҚИЯДАФЫ

Қанды қасап соғыстың қайнап тұрган тұсы. Ауылдың бас көтөрер азаматтары түгелге жуық майданда жүр. Ендігі еңбекке жарайтындардың бәрі егін басында. Қайткенмен де қонторгай тіршілік қалыпты арнасымен ағып жатады. Мизам туда мектеп есірі де қайта ашылып, немере ағам Алтай алты жасар мені ертенгілік окуга ерте кетті. Бірінші класс ашуга бала санын үшке толтыра алмай, амалы құрып отырған мұғалім аяқ астынан мәз бол қалды. Сөйтіл, білім баспалдағын бір жыл бүрүн аттағаным бар.

Бастауыш мектебіміздің төрт класы онда ортасын тақтаймен бөлген екі бөлмеде бір мезгілде оқиды. Біреуінен сабақ сұрап, бірсеуіне тапсырма беріп, енді бірінә жаңа тақырыпты түсіндіріп, жалғыз мұғалім ортада жүгіреді де жүреді. Соңан ба екен, қай кластың не өтіп жатқанын барлығымыз біліп отырамыз. Әсіресе, ауызша сабактар бәрімізге ортак сияқты. Бір күні төртінші оқитын Алтай ағам тақылдап жатқа берген бір жырды тақпактай жөнелді. “Ағайын ала, қолда шала, ұрлық-зорлық, жап та жала, шап та қала...” деп жерге топ-топ тиген ат тұғының дүбіріндей жыр жолдарына үйіп аузымды ашыппын да қалыптын.

— Кәне, тағы бір қайталашы. Осы тақпакты сен Октябрь тойына жиналған колхозшылардың алдында айтасың, — деп мұғалім оған қайта қайталатып, кей тұсының екпін ыргағын қойып, мақамын түзеп берді. Енді бір айтқанында өлеңді бастан аяқ мен де жаттап алып, қол көтердім. Балалар ду күлді. Бірақ мұғалім меселімді қайтармай, тымпылдатып мені тақтаның алдына шығарды.

Ауылнай шапты алақтап,

Екі етегі да лақтап.

Айғырын мінген ылауға,

Келе жатыр иесі

Ту билемен салактап, —

деген жолдарға келгенде қолтоқпактай болып ап мен жан-жағыма алақтай қарап, көнетөз костюмінің етегін желпіп, сонан соң барлықандай даусымды бәсендеткен сәтте үстазым басын шайқап, арқамнан қақты. Сол сол-ақ екен, жұрт жиналған жерде қолқалап маған осы тақпакты айтқызыатын болды. Келесі жылы көктемгі егісте жүрген колхозшыларға мектеп окушыларымен ойын-сауық қоя барғанда дала қосында дағдылы “Ағайын аланаң” бастап, “Қаны қашып, малын шашып іздегені крест-тана” деп төтеп келе жатқанда:

— Тоқтат анау, троцкист тақпакты, — деп қызыл мата жайылған үстелдің басында отырған бейтаныс бір тырсиган қара басып таставды. — Оны кім шығарғанын біле ме екен, өзі мына бала? Байқұлактың құйыршығы, өзі де би болыс болған Нарманбет Орманбетовтың жыры бұл. Совет окушысына мұны үйретіп жүрген кай кеше?..

Ауданнан келген уәкілге қарсылық айтар күш қайда? Менің тұнғыш тақпағыма осылай тыйым салынды. Ал алғашқы үстазым майданға жөнелгілді. Бірақ өзтеге сұсты, өзіме сүйікті Нарманбет есімі сәбі жүреғімде мәнгілік қалды. Қайтып оның жырлары ешбір оқулықтың бетінен көрінген жоқ. Отызыншы жылдары жарық көрген жалғыз жинағы да ізім-қайым көзге түспей кетті. Қазақ ақындарының “Үш ғасыр жырлайды”, “Бес ғасыр жырлайды” тәрізді том-том жинақтарынан да оның өлеңдерін ұшырата алмадық. Тек “Қазақ совет энциклопедиясының” сегізінші томында гана оның өмірі мен шығармашылығынан азын-аулақ мағлұмат берілген. Ең алдымен оның екі класты орыс мектебінде оқып, шығыс әдебиетімен қатар орыс ақын-жазушыларының шығармаларымен де жақсы таныс болғаны айтылып, өлеңдерінің соңғы екі ғасыр аралығындағы саяси экономикалық, әлеуметтік жағдайлармен сабактасып жатқаны атап көрсетіледі. Нарманбеттің патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы шыққаны, халықты өнер-білімге шақырганы орынды аталаپ, оның акпан төңкөрісі тұсындағы шығармаларынан ескіні көксеп, торығу сарыны байкалады деп көне сурлеуге салып жібереді. Өйткені “Қазақ әдебиетінің тарихы” атты көп томдық іргелі еңбектің өзінде ол кате пікірлері мен теріс түсініктері көп, зар заман деп зарлап, көне көзқарастан арыла алмаған кертартпа жыраулардан үзап кете қоймаған қайшылығы мол ақын деп бағаланып келген ғой. Әрине, жырларын зерделеп оқып ой жүгіртпеген оқырман оған сөзсіз сенеді.

Міне, шарапатты желі өткеніміз бен өркенімізді тағы бір желпіл, аудара қарап, актара тексеруге мүмкіндік туғызған кайта құрудың арқасында Нарманбет жырларымен жаңадан табысып отырмыз. Жоғалтып алған алтынымызды тауып, көз жазып қалған асылымызben қайта қауышқандаймыз. Бақсақ, бұл Абай мектебінің қайыспас қабыргалы қара нардай мықты өкілі, ұлы ақынның шын мәніндегі мирасқорларының бірі екен. Ұлы ұстазының жырларын қай жағынан да үлгі тұта отырып, ол оны халықтық канатты сөздермен, тың пікірлермен байытқан шәкірттердің бірі. Кезіндегі қоғамның кеселін сын семсерімен сылып, озбыр болыс, обыр би, надан байларды өлтіре шенейді. Тозған заман, азған қоғамнан құтылып, тығырықтан шығудың жолын іздейді. Оны халықтың сана-сезімін оятып, өнер-білімге етene етуден таппақ болады. Сондықтан патшаны тақтан тайдырған акпан төңкерісін қуана қарсы алып:

*Күн күркірен жаз шығын,
Тырандан халқым өрген күн.
Құлдықтан басы құтылып,
Қатарга жұрттым енген күн, —*

деп бостандықтың үзағынан сүйіндіруін тілейді. Сол үшін өзі де жаңа өмір жасасуға білек сыбана кіріспі, Совет өкіметінің алғашқы жылдары сот қызметін аткарады. Амал не, мейірімсіз ажал аранын мезгілсіз ашып, төңкерістің келесі жылы ол дүние салады.

Ақын адамның жұрттың қамын жеуін басты борыш деп білген ол елді ынтымақ-бірлікке, батыл істерге үндейді үдайы.

*Егін салып, мал бағын,
Бірзыққа тоялық.
Айдын шалқар көл болып,
Көлге конар ел болып,
Күншілдіктің көзін жоялық, —*

деп тілті ұран да тастанайды. Кейде аждаһаның аузында кеткен сандал тау, саялы өлкे Сарыарқасынан айырылып қалған “сауында бар, санатта жок” қандастарының қаршыға андыған қояндай бір шошып оянбағанына ыза да болады. Ал оның “Сарыарқа” атты жыры бүгінде экологиялық апат шегінде тұрған сайын даланың қазіргі мүшкіл халін де айна-қатесіз сипаттап тұр. Ақынның алдағыны болжап білер әулиелілігі де осында емес пе.

*Бай озды қамал бұзған батырдан да,
Ақша озды бұл заманда ақылдан да, —*
дейді ол. Кешегі ғана емес, бүгінгі ақиқат осы.

Жалпы, Нарманбет Орманбетұлының жырлары байыпты зерт-

теп, байсалды баға беруді күтіп жатқан бай мұра. Әрине, ең алдымен оларды түгел жинап-теріп, жеке кітап етіп бастыру керек. Ақынның жан әлеміне жете бойлай білсек, дәйім тар көпір, тайғақ кешумен келе жатқан халқымыздың тағдыры талайлы тарихынан нәр алып, игі салт, ізгі дәстүрлерімізді тірілтіп, келелі ой, кестелі тілдің мәйегіне шүйгитініміз шәксіз. Ал бүгінгі сөз жарты ғасыр бойы аты ауызға алынбай кеткен абзал ақынның мерейтойына немеурін фана. Сондықтан оның өзгеден гөрі, өзі сөйлегенін артық санап, кейбір олеңдерін жариялағанды жөн көрдік.

1992 жыл.



II. ҮЛГІ-ӨНЕГЕ ӨРІСІ

Жұмахан Құдерин
Жұмағали Тілеулин
Қайреддин Болғанбаев
Смағұл Садуақасов
Зарап Темірбеков
Ибраһим Салахов
Иван Тургенев
Д.Мамин-Сибиряк
Э.Сетон-Томсон
Мұқан Төлебаев

ӘЛІПТІҢ АЛДЫ

Қазақ жұрттының жартысына жуығын жүтқан отыз екінші жылғы ашаршылықтан кейінгі ең ауыр нәубет 37-ші жылғы жазықсыз жазалау шарапарының басталғанына биыл 60 жыл. “Нәубеттен” гөрі оны “зұлмат” деп атаған жөн сияқты. Өйткені нәубет аяқстынан өзі тап келді, ал зұлмат қолдан қасақана жасалды. Сол екі жылға созылған зұлматтың алғашты тасқыны азаттық алған халықтың өз дәуіріне сай жаңа әдебиет пен мәдениетінің, ғылымы мен білімінің негізін қалаушы қабырғалы қайраткерлерін қидай сыйырып, екінші толқыны сан салада өндірте жұмыс істеп жүрген соның жуан тобық ендек торыларын қойдай тоғытып тағы әкетті.

Сөйтіп, халқымыз сут бетіне шығар қаймағы – кілең бір көшелі қайраткерлері мен көрнекті қаламгерлерінен, аplotандай ақылы кемел азаматтарынан айрылып есендіреп қалды. Бұл зұлмат әрбір алты шаңырақтың бірін шарпыды. Бірінің әкесі мен көкесі, бірінің ағасы мен нағашысы, бірінің жиені мен күйеуі жапа шегіп, опат болды. Олардың артында қалған ағайын-туғандары құғындалып, отбасы ойрандалып, жұбайлары абақтыға жабылды. Сәбилері балалар үйіне тапсырылды. Ал олардың тірі қалғандарының көбі ата жүрттан жырақ, ана тілінен мақұрым өсті. Бұлардың балалары да әлі рухани топырағына тегіс қайтып орала алмай жүр.

Елінші жылдардың екінші жартысында жеке адамға табынудың зардаптарын жоу жөніндегі күрес басталғалы талай аяулы агаларымыз бер атақты апаларымыздың абзал есімі халқына қайтарылып, кейінгі үрпақ олардың өлшеусіз еңбегінің иглігіне шүйілді. Бірақ бәрі де қалпына келді, қапияда мерт болып қыршын кеткен едіге азаматтары ел тарихынан түгел өз орнын алды деп айта алмаймыз. Оған мысал өмірінен бүтін біз сыр шерткелі отырған ірі ғалым,

үлкен ұстаз – Жұмахан Қудерин. “Әліппеден” бастап сонау зәрү тұста биология, жағырапия оқулықтарын жазған, басқа да қыруарғылыми еңбектер қалдырыған энциклопедиялық бай білімі бар осынау бір бірегей тұлғағының да, әдебиет пен мәдениеттен де өзінің лайықты орнын өлі алған жоқ. Елеулі еңбегі еленбей, азсал есімі тарихымызда ақтаңдақ болып келген осындай бірегей тұлғаларды халқымен қайта қауыштыру көненің көзін көріп қалған мына біздің борышымыз.

Х Х Х

...Қиуадан қисыны келіп, орайы онай түсетін кездесулер болады. Бұл кездесудің де сәті ойламаған жерден тұсті. Демалыс құндерінің бірінде конакшылап қарындастымын үйіне барсак, төрде мосқал тартқан бейтаныс бір қазақ әйелі отыр. Мандайдан тік түскен пісте мұрны, қаймыжықтай жұқа ерні, биік қабағына жараса қалған қарлығаш қанат қасы кезінде ажарлы-ақ адам болғанын айтпай айғақтап тұр. Көзі көгілдір ме қалай, бір жалт еткенде мерей тегіп, бір карағанда мұн үйретін сияқты. Тосырқау таты сөзбен шайылады емес пе, тілдескеннен-ақ іші-бауырыңнан өтіп, баурап барады. Үнінен ағайын-аумаққа деген сағыныштын, туған аймакқа деген талпыныстың табы мен мұндалайды.

– Қудериндерді білуініз керек еді. Кезінде жазғандары, өлеңжырлары да газет-журналдарда жиі жарияланған көрінеді.

– Біз тумай тұрганда болар, жалпы аты-жөні таныс тәрізді. Бірақ жыға танып, жетік білмеген соң сипай қамшылап сипақтатқан ынғайсыз ғой.

– Әрине, оның баспа бетін көрген еңбектері жиырмасыншы және отызыншы жылдардың алғашқы жартысында жарияланғандарығана. Дені және ғылыми жұмыстар. Ал атақты Сәкен ағамыздың “Көкшетау” дастанын арнаған он жеті айтулы ақын-жазушылардың ең ортасында әкемнің аты жүрөу оның әдебиетте де өзіндік орны болғанын айғақтамай ма!

– Кім білсін, ақындығынан ғалымдығы, жазушылығынан үстаздығы, қаламгерлігінен қайраткерлігі басым түсіп, қабілетінің бір қыры айрықша ашылып, адактап шығар дарындар да болады ғой.

– Міне, бұл ойыңыз өте орынды. Әкемнің ақындығынан оқымыстырылғы мен оқытушылығы өлдекайда артық екені анық.

Ал оның өлеңдерін оқымасаңыз, “Қобыланды батыр” жырындағы “Құдерінің белінен, бесінде асты дөнінен” деген жолдарды билетін боларсыз.

– Әлбетте, “Барлы-барлы, барлы тау, басы биік қарлы тау, хан жайлаған Қаратай, би жайлаған Алатау, онан өтіп жол шекті” деп соққан желдей, акқан селдей түйдектеліп тасқындаі бермеуші ме еді.

– Иә, иә, сол Құдері біздің арғы аталарымыз. Аныздай айтуға қарағанда жер қайыстырған төрт түлік малы, төнірегінен шықпаған тағанды елі болған атақты бай. Жеті ата бойы шайқалмай келіп сол дәулеттің құт қазаны, сол әулеттің түпқазығы менің атам Маусымбайда қалыпты. Бірақ сол байлықтан онын өзі де, балалары да залал шегіп, зарап тартудан өзге түк те көрmedі. Бай баласы болған соң болмысЫнан халыққа жау деп, әкем Жұмаханды туған жүртүшін еткен еңбек, токкен теріне қарамай екі рет соттап, екіншісінде атып жіберді. Бертін екі рет ақталды. Екеуін де ешкім елеген жоқ. Осыдан бес жыл бұрын туғанына 100 жыл толды, бірақ сондай бір абзап азamat өтіп еді деп түк құмылдатқан бір пендे болсайшы. Әйттеуір, Мәскеу мен екі ортада зыр қағып жүріп тірнектеп жинаған азын-аулак тыын-тебеніме екі еңбегін шығарттым, – деп сөмкесінен сұрырып, алдыма “Өсімдіктану” және “Күғын-сүргінде аман қалған еңбектер” деген екі кітапты қойды.

– Зобалаңды көрудей-ақ көріп, күғын-сүргінде жүріп көрпежастықтың арасында жасырып аман сактап қалған дүниелер ғой, – деп ол сөзін ары қарай сабактады. – Ал мерзімді басылымдарда жарияланған әдеби туындыларын қолыма әзір толық түсіре алмай жүрмін. Сонан болар, Алматыға жолым түссе-ақ қымбат, қимас қазынамды жоғалтқандай алдымен осы Орталық кітапханаға келіп көне газет-журналдардың тігіндісін актарамын. Байырғы кітапхана қызметкери қарындастыңыз Қөпеймен сонда кездесіп, сырлас, сыйлас бол кеттік. Түсі иғі, ісі ізгі кісімен ортақ тіл табысу да оңай ғой. Аласқан қаздай ағайын-туғанынан алыста жүрген адамға көніл күбісін бір қотарып өткен-кеткенді ірікпей айтудың өзі қандай! Қазақ атаулыны кездестірсем-ақ көзін көріп, түсін түстей алмай қалған әкем туралы бірдеңе білер ме екен деп тоқтата сап сұрағым келеді. Бірақ көбі ғана қаршының өкілдері, бұрынғыларды біле бермейді. Бір қызығы, біразы-ақ біз бастан кешкен нәубетті каршадайынан түйсініп, кам-көніл болып ескен өз тағдырластарымыз. Былтыр мен Мәскеуден “Қазақстандағы қырғын” деген кітапша шығардым. Негізгі кейілкери қолдан жасалған сол қырғынның құрба-

ны – өз әкем **Жұмахан** Күдерин. Еңбегімді және әкеме, оның жан досы ұлы ақын **Мағжан** Жұмабаевтың әруағына бағыштадым. Тұғанымы қырық күн толар-толаста опат болған әкеммен бір күні атылған қырық үш адамның құжаты қазір менің қолымда тұр.

Геология ғылымының кандидаты, Қазак университетінің түлегі, түрмис ағымына орай қазір Ресей астанасында тұратын Лариса Жұмаханқызымен ойда-жоқтағы осы кездесуден кейін мен оның әкесі жайында деректер іздей бастадым. Оның жан жолдасы Татьяна Күдерина-Насонованың “Алыс емес өткен” деген кітабын қолыма түсірдім. Қызы сыйлаған кітаптарын оқып шығып, мектептегі “Табиғаттану” оқулықтарын көз алдыма келтіріп, балалық шактағы суреттермен қайта қауышқандай әсер алдым. Жалпы, Жұмахан Күдерин үміт қалуға тиісті емес тұлға екен.

Ол өткен ғасырдың тоқсан бірінші жылы қоныр күзде Орта Аягөз болысында ауқатты адамның отбасында дүниеге келеді. Әкесі Маусымбай жеті атадан бері уызы арылмаған дегенмен де, мыңғыртып мынды айдамаған болса керек. Тапқанын кедей-кешшік, жетім-жесірге таратып беретін бабасы Тұнғат батыр сиякты бұл да қолындағысын аямай оқу-білім жабдығына жұмсап, ағайын-туғанға үнемі қарасып түрған секілді. Содан да болар, осы ғасырдың басындағы бір жұтта барлық малынан айырылып жүтеген-құрық үстап қалады. Жұмыстан жерінбейтін ол бала-шағасымен басқа байларға жалданып мал тауып, аз жылда-ақ дәулетін қалпына келтіріп алады. Одан он жастағы Жұмахан да құнқөріс үшін ауыл молласына қолбала болып отын жағып, сүян тасып, малын бағады. Бала оқытып отырғанында айтқанының бәрін кіріп-шығып жүріп-ақ қағып алатын қаршадай қызметшінің зеректігіне таңқалып молда оны қоса оқытып, хат танытып шығарады. Осылай ол он жасынан отбасынан жырақта жүріп, өзінше күн көруге үйреніп, туған босағасына ара-тұра қонаққа ғана келіп-келіп жүреді. Оныншы жылы ол Аягөздегі медресенің соңғы сыныбына түсіп, оны ойдағыдай бітіріп, сонда оқытушы болып қалады. Бір жыл үстаздық етіп Жетісудағы алғашқы зايырлы оқу орны, Қапалда Маман бай ашқан меншікті мектепке кеп түседі. Оның да соңғы сыныбына түсіп оки жүріп сабак береді. Бір жылдай мектеп ғимараты күрілісінен басқарады. 1914—1917 жылдары Талдықорған тубіндегі Көксу ауыл шаруашылық мектебінде оқиды. Сабағы орыс тілінде жүретін бұл мектепті де үздік бітіріп, мал маманы аттестатын алғып шығып, Лепсі уезінен қызметке жіберіледі.

Жұмахан төңкерісті осы жаңа жұмыс орнында қарсы алды.

Оған бірден іш тартып, жарлы-жакыбай халықтың жоғын жоктап, мұнын мұндаиды. Он сегізінші жылы партия қатарына етіп, уездегі алғашқы жиырма комиссардың бірі болады. Сол жылы жазда Лепсі, Қапал уездерін актың әскерлері басып алғаны белгілі. Әсіресе осы өнірдің түпкілікті жұрты – қазактарға ол киын соқты. Оларға қызылдар да сеніңкіремеп еді. Ақтар тіпті бастырмалатып көз алдында қырып-жоя бастады. Қайсының қас, қайсының дос екенін білмей дал болған қыр халқы катты торықты. Арасынан шыққан оқығандар әйтеуір оларды қорлау мен зорлаудан, талау мен тонаудан, аштықтан қалай аман алып шығамыз деп жар құлағы жастыққа тимеді. Солардың ен ортасында Жұмахан журді. Ақтүтек алапат топанның ортасындағы қызыл тас гранит аралдай боп, ақғвардияшыларға он бес ай бойы берілмей, Қеңес әкіметіне адалдығын қанымен де, жанымен де паш еткен Черкас қорғаншыларының қайсарлығы мен қаһармандығын ол өз көзімен көрді. Ал актарды Жонғар қақпасынан әрі асырып куып, жеңіс тізгінін қолына ұстап келген қызылдар корғаныс қаһармандарын арқадан қағудың орнына алая қарап шетінен тізіп абақтыға жапты. Аш-жалаңаш қасарып, қамалды бермей қандай киындыққа болсын төзіп жасаған ерлік далаға кетті. Жауапкешілікке тартуда қызылдар ак-карасына да, қазак-орысина да қараған жоқ. Қөгендей тізіп шетінен шытырлатып ұстай берді. Жаңа әкіметтен бүндайды күтпеген Ж.Күдерин заңсыздыққа карсылық ретінде өз еркімен партия қатарынан шықты. Бірақ, қеңес қызметін тастаған жоқ. Алайда оның ар алдындағы бүл адалдығы қауіпсіздік қызметінің қаперінде тасқа басқан таңбадай мәңгі-бақи қалды да койды.

Әзір ол Түркістан орталық атқару комитетінің он алтыншы жылы үркіп Қыттай асып кеткен босқын қазактарды отанына қайтару жөніндегі комиссиясында, одан Орта Азия мен Қазақстан аумағын аудандастыру және ара-жігін ажырату басқармасында, “Қосшы” одағында қызмет істеп, кедейлерге қамқорлық көрсетеді. Халықты ашаршылық үріндýрмай шараларын қарастырады. Алайда жаны ізгі, зердесі зерек ол әкімшілік жұмыстан жалығып, білімін одан әрі көтеруді көкseyді. Сөйтіп, 1924 жылы Ташкентке келіп, Орта Азия мемлекеттік университетінің ауыл шаруашылық факультетіне оқуға түседі. Оки жүріп Түркістанның тұңғыш жоғары оқу орнында, оның жанындағы түрлі курстарда, сауат ашу мектептерінде сабак береді. Оқытушының аз, оқулықтың тапшы кезі гой ол. Әсіресе, алыс аудандардан келген, ана тілінен басқаны білмейтін қазақ жастарына оқулық атымен жоқ. Он тоғызыншы

жылы қазақ тілінде “Әліппе” құрастырып, қолжазба күйінде бастауыш мектептерде оқыткан Жұмақан енді өз саласы бойынша оқулық жазуға кіріседі. Оның “Өсімдіктану” (Ботаника) оқулығының бірінші бөлімі 1927 жылы Мәскеуде араб әрпімен шығады да, екінші бөлімі 1930 жылы Қызылордада жарық қөреді. “Қазақстанның физикалық жағырапиясын” жиырма сегізінші жылы жазып шығады. Осы жылдары ол Н.Баранскийдің “Экономикалық жағырапиясын” казақ тіліне аударады. “Халық әдебиетінің жинағын” құрастырып, бөлім-бөлім етіп жариялады. “Өсімдіктанудың” дәйектемесінде (кіріспесінде) ол: “Осы күнгі жаңа шығып жатқан кітаптар мен бұрынғы ескі кітаптардың бірінің де жүйесін жеке қолдануға тұра келмеді. Себебі жаңа жазылған кітаптардың көбі бұрыннан келе жатқан әртүрлі тәжірибе жасау аспаптары мол, өздері орнықты мектептерге ғана лайықты болып жазылған. Ондай кітапты топ еткізіп осы күні көшпелі, аспабы жоқ қазақ мектептеріне көшірме сықылды етіп ұсыну ыңғайсыз болатын болды. Сондықтан ескілі-жаңалы жүйенің, әдістің бәрін қосып, қазақ мектебінің аспабына, оқытушылар мен окушылардың осімдіктер туралы жалпы таныстығына лайықты аса колға түспейтін аспапты керек қылмайтын, тәжірибе істеуге оңай жүйелер қолданылады” деп жазыпты. Осыған қарағанда, оның алғашқы “Әліппесінің” окушыларына ұғынықтылығы мен түсініктілігі тілті керемет болып шыгар деп ойлайсын. Ал оның Ыстықкөл түбірінің емдік қасиетін анықтап, оны әсіресе тырыскақ ауруына дәру етіп пайдалануы, кендірдің (кенептің) ерек-үргашысын будандастыру арқылы оның бір үлік жаңа тұқымын өсіруі өз алдына бір тәбе.

Қатыбас қоғам, зауалды заман оның осылай арна тартып еркін өристей бастаған ғылыми-зерттеушілік жұмысының құлашын кең жаюына мүмкіндік бермеді. Ол еркіндікке қолымыз енді жетеді деп ойлаған жұрттың жерге иелігі, ұлттың өзін-өзі билеуі, пролетариат диктатурасы, әйел теңдігі жайында жиі пікір алысып, қызылкенірдек болып айттысып жататын тұсы еді. Ондай пікірталастардың үйткысы да, үйымдастырушысы да, әрине, оқыған зияллылар. Бұ дүбірден Ташкенттегі университет окушылары да тыс қалған жоқ. Қазақ зияллылары қоғамынан “жаппай ұжымдастыруға” қарсы пікір білдірді. Өйткені отырықшылыққа көшпей тұрып, бар малды ортага салып, халықты ежелгі кәсібінен айыру өліммен тең еді. Сол себепті оқығандардың біразы партия мен үкіметтің тұтқылдан ұжымдастырған аша түяқ қалдырмая саясатын құптай қоймады. Кеңес қоғамының кекшіл көсемдері оларға

мұны кешпелі. Отызыншы жылдардың жазында казак зиялыла-рын жаппай қамауға алу науқаны басталды. Сол жылғы қыркүйектің алғашқы күні САГУ-дің Қапланбектегі агростанциясында тәжірибе жұмысын жүргізіп жүрген жерінен Жұмахан Құдерин де тұтқындалды. Қайдағы бір контрреволюциялық астыртын үйымның мүшесі болған деген жаттанды жалған жала.

Соның алдында, қыстың аяғына қарай Аягөз атырабындағы қыстауында қаннен-қаптерсіз жайбаракат отырған әкесі Маусымбайды, екі інісі Ағыбай мен Бұғыбайды, екі ұлы Жұніс пен Төлеубекті қоса тұтқындап абақтыға апарып жабады. Сондағы қояр кінәсі – ұжымдастыруға қарсы үтіг жұмысын жүргізеді деген ойдан шығарылған желеу. Бұдан сәл бұрынырақ малын ортаға түсірмес үшін жүртқа таратып жатыр деп, байбалам сап жергілікті белсенділер қырық пүт бидай салық салған. Егін егумен шұғылданып көрмеген шаруа адамы малын сатып, орнына базардан бидай алып орталыққа өткізген. Араға алты ай салмай оған тағы да 200 пүт бидай төле деп дігерлейді. Көрнеу көзге қысастық екенін көрген сон қария бидай іздеуден бас тартады. Оны әуелі Аягөзде үстап, сосын Семей абақтысына ауыстырады. Сайдын тасындағы жас жігіт балалары мен бауырлары түрмеден кашып шығып, әкесін құтқармак болады. Бірақ әрекеті сәтсіз болып, өздері колға түсіп қала жаздап, ақыры Қытай асып кетеді. Кейін олар банды жасактап ұжымшарларды шапты деп те жала жабады. Осының бәрі-бәрі кейін Жұмаханға да майлы күйедей қара бояу болып жағылады.

Сонымен, Ж.Құдерин бұл жалғанда бұрын-сонды болмаған жасырын контрреволюциялық үйымның он бес серкесінің салында Ресейдің Орталық Қаратопырақты облысына бес жылға жер аударылып кете барады. Осында Воронеж қаласында жүріп ол жергілікті жердің қызы Татьяна Насоновамен танысып, бас сүйіп отау күрдь. Сол күннен бастап әйелі де тергеу орындарының астыртын қадагалауы астында болды.

1935 жылдың аяғында кесімді жаза мерзімі бітіп, Жұмахан жана отбасымен Алматыға көшіп келіп, Қазак мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына жайылымдардың жемшөп қорын зерттейтін ғылыми қызметкер болып орналасады. “Халық жауы” деген бір айдар тағылған соң оны қайтып үстаздық қызметке жібермейді. Осында жүріп ол Техникалық дақылдар жөніндегі энциклопедияны, “Орыс-латын-қазақ сөздігін” бітіріп, “Қант қызылшасы”, “Қойды жедел қоздату” (орысша) деген еңбектерін жазады. Ол қойды екі жылда үш рет қоздату жөніндегі ұсынысты 1936

жылы-ақ айтып, оның мал түягын тез көбейтуге ұшан-төніз пайдасын дәлелдеген-ді. Кейін елуінші жылдары Ставрополье шопаны Иван Малашенко осы тәжірибелі жузеге асырып, Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Тәжірибесі осы Қазақстанның өзінде тарастылып, кең насиҳатталды. Алпысыншы жылдары Беларусьта Гречуха деген бір ғалым осындай еңбек жазып академик болды. Ал біздін Кудерин болса құбын-сүргін көріп, қызметінен қылумен жүрді.

Ол тұста оның отбасының да жағдайы ауыр еді. Үлкен қызы қайтыс болып, кішкентай немерелері Таня мен Шураны ертіп РОССИЯДАН Татьяна Григорьеваның анасы келді. Ашаршылыққа ұшыраған ауылдағы ағайындарынан Жұмаханның немере інісі Қасен мен қарындасты Куәш келді. Қытайға өтуін етіп кеткенмен онда да байыз тауып тұра алмай, мұнда қалған әкесі мен ағасынан бір хабар білгелі шекарадан қайта өткенде қолға түсіп, абақтыда жатқан Төлеубек те тұтқыннан құтылып ағасының үйін тапты. Ол екі ортада Жұмаханның қез ашып көрген алғашқы қызығы, тұла бойы тұңғышы Фирдауси жастан жаңада аскандада кенеттен қайтыс болды. Қандауырдай байланып қыр соңынан қалмай қойған баяғы “сотты болды” деген дақпыртпен ғылыми-зерттеу институтынан тағы да шығып қап, жарты жылдай жұмыссыз жүріп, өзі Жер халық комиссариатының “Каучуконос” деген бір тресіне агроном болп әрең орналасты. Тұп ізіне түсіп қалмай жүрген тергеу орындары інісі Төлеубекті 37-ші жылдың басында қайта тұтқындалап, сегіз айдан соң Алматы түбінде атып таstadtы. Осыдан үш ай бұрын, мамырдың 21 жүлдызында Жұмаканның өзін апарып қамады. Кінә — кәдімгі “қиялдағы кеңеске қарсы ұлтшылдық астырытын үйимның мүшесі, жаңа қоғамға пікірі жат” деген жаптым жала, жақтым күйе. Колында алты айлық ұлы Сырым, ішінде бір айлық тағы бір нәресте, соңында үйелмелі-сүйелмелі жиендері, ауру анасы бар жары аңырап кала берді.

Қайғысына қайысар, жағдайына қарасар төніректе тірі жан болсашы. Бас көтерер азаматтардың бәрін шетінен шытырлатып үстап жатыр. Эркім өз басымен қайғы. Еті тірі орыс қызы Татьяна Григорьевна баласын құшактап тергеушілердің тек жолын тосты. Ақыр аяғында, ерімен тілдесуге де рүқсат алды-ау. Осы сәтін ол өзінің естелік кітабында былай суреттейді:

“Ол кезде мен босана алдындағы демалыста едім. Жаңа ғана жасқа толған ұлымды көтеріп келдім. Ондағы ойым бір ііскетіп әкесін қуанту.

Есіктің саңдауларынан мені көрүі-ак мұн екен, Жұмахан шыңғырып жіберді.

— Енді тек атып тастауы ғана қалды! — Көз алдым тұмантып тенселіп кеттім. Тергеуші ғана сүйеп қалды.

Жұмаханның бет әлпепті адам шошырлық екен, көзі жалт-жұлт етіп от шашады, басы қалтылдап, аяқ-қолы дір-дір етеді. У жеп койып аласұрган жыртқыш сияқты кескін-келбетінен сокқыға жығып шамырқанғаннан терісіне сыймай ыза бол тұрған адамның сыңайы аңғарылады.

Осында мен тергеудің аяқталғанын, ұзамай сот болатынын білдім. Бәлкім, бұны солтустік жакқа жіберер. жылы киім әзірлеп, азын-аулақ ақша беру керек болар. Әрине, сottan кейін кездесуге сез жок рұқсат береді ғой” (Алыс емес өткен. Мәскеу, 1994. 157-б.).

Кайдан рұқсат болсын. Шыр етіп дүние есігін ашқан даусын ести алмаған қызы қырқынан шыққан күннің ертеңіне Жұмахан Құдерин бұл жалғанмен қош айттысты. Татьяна Григорьеваның айдауда жалан аяқ жар кешіп, қызыл аяқ қыр кешіп, Мақтарал мен Меркенің, Шымкент пен Жамбылдың арасын жол қылып жас бала, карт анасын асыраймын деп жарғақ құлағы жастықта тимеген азапты жылдары содан соң басталды. Үй сыптырып, еден жуып, ара-ара сында шәкірт тәрбиелег дәріс оқып, асылдың тұяғындей, алтынның сынығындей Сырымы мен Ларисасын аман-ак өсіріп еді. Сырым әке жолын қуып әдебиетші болып, ақындық дарыны енді ғана шешек атып келе жатқанда (альпинизмнен Кенес Одағының тұнғыш чемпионы болған қазақ) жиырма жеті жасында Кавказ тауларында опат болды. Ал Ларисасы — барлаушы геолог ретінде жер қойнауының қазынасын зерттеп, қазақ даласын түгел шарлап шыққан әлгі біз білестін геологияғалымы.

— Кенес көсемдері халық ақыл-ойының қаймақ бетінен шығар көрнектілерін көгендей тізіп неліктен құртып жіберді деп ойлай-сыз? — деп сәл кідіріп отырады да, Лариса Жұмаханқызы жауапты өзі берді. — Ел бастар, сөз бастар, ойын ашық айттар ақыл иелері болмаса былайтын халық қой сиякты. Ал серкесі жок қой қайда айдасаң сонда жөңкіледі, бағуы оңай. Сондықтан кенес өкіметі алдымен халыкты ақыл-ойынан айырды. Отызыншы жылдардағы зұлмат әсіресе қазақ халқына ауыр соккы болды. Күні бүгін қорданып қалған үлттық мәселелердің бастау көзі сонда жатыр. Ресейге қарағанда бізге тиғен соккы жұз есе, мың есе артық болды. Ежелден сауатты, ғылым, білім ордаларына бай, оқығандары мен оқымыстылары көп ол қанша зардап шексе де, мәдени автономия

болып қала берді. Ал Қазақстан үшін қоғамның сол тұстағы мәйегі сынды елу-алпыс адамды алып кетіп еді, өдебиет пен мәдениет, ғылым мен білім қаңырап бос қалған жоқ па. Өз ана тілінде оқулығы, өз ана тілінде жазатын ғалымы жоқ халық төл тарихын қайдан біледі. Бәрі аударма, бәрі басқаның ойы. Отаршылдық қамытына өз басынды өзің сүғу деген осы. Содан ана тілін білмейтін, ата дәстүрін қастерлемейтін, түп тегін түсінбейтін дүбәра үрпақ шығады. Соның бірі – өзіміз. Қазақ қаным қанша қайнап түрғанымен туған тілден мақұрыммын. Қазак қазак екен деп құшак жаймайды, орыс және қабылдамайды. Жарайды, мениң анам орыс болған соң сондай шығар. Ал өзгелерге не жорық. Бәрі сол үлттық арнадағы тәрбиенің тапшылығы. Үлт тілінде оқулық жазғандар басы Ахмет Байтұрсынов болып ұсталып кетті. Олардың еңбегін басқа біреулер иеленіп ғылыми атақтар алды.

— Айтқандай, — деп аз бөгеліп тағы бір ойдың үштығын шығарды ол. — Әкемнің ертеде Мәскеуде шыққан “Ботаникасы” араға аттай жиырма жыл салып 1974 жылы Алматыда басылды. Әрине, автор басқа. Білдей бір ғылым докторы, профессор. Сол кісімен кезінде кездесіп, сөйлесуіме тұра келді. “Иә, әкенің оқулығын едәуір пайдаландым. Әсіресе тілі тамаша, еш қоспасыз таза қазақша. Алайда ол артынан акталар деп кім ойлаған. Оның үстіне ғылыми атағы жоқ. Тым құрыса ғылым кандидаты да емес” деп қарап түр. Соңда Аристотель мен Абайдың ғылыми атағы болды ма екен?! Әлде қазіргі кейбір басшылардың әйеліне дейін орынды-орынсыз ғылыми атақ алып, құжат жинап жүргені осыны алдын ала ойлас-тырып жатқаны шығар-ay!?

Ал ғалымдық деген құжат емес, мұрат екенін, қолдағы жазылған қағазы емес, халыққа жайылған атағы екенін, еліне пайдасы тиер елеулі еңбегі екенін ескермегені ғой.

Кейінгі кеңже үрпақ өзір аз білгенімен, қыз да болса мынадай тұяғы бар, артында үялы елі бар ірі ұстаз, іргелі ғалым, үлкен қоғам қайраткері Жұмахан Құдериннің есімі ешқашан ұмыт болмасқа тиіс. Оның ардақты есімін қалпына келтіру жөніндегі әзіргі жұмыс әліптің алды ғана, артын бағайық та.

1997 жыл.

АЛАШ АРДАҒЫ

Зердесі хатқа түскен тарихтай көкірегі кен қариялардың ортамызда жүргеніне де тәуба. Білмегеніңді сұрап саралап отыруға, естігенінді ежіктеп беркітіп алуға таптырмайтын қайнар көз, сарқылмайтын шежіре ғой, шіркін олар! Сондай зердесі тарих, кеудесі казына қадірмен қариялардың бірі — Гүлнар Дулатова. Өткен ғасырдың елең-алаңында-ақ “Оян, казак!” деп исі алаш ұлына жар салып, қалың үйқыдағы казақ қырын оятқан дауылпаз ақын Міржақыптың жалғыз қызы ол. Осынау алтынның сыннығындей асыл апамыздың биыл “Қазак әдебиетінде” жарияланған бір мақаласы үлкен ой салды. Әсіреле, ондағы әкесінің хатынан келтірғен үзіндісі қөнілде көптен жүрген ойларды қозғап, көкейде бұғып жатқан біраз жайларды тұртіп оятқандай болды.

“Қызылжарға келгелі бірталай кісілтермен таныстым, олардың ішінде тез тіл табысып кеткенім — Жұмағали Тілеулин деген дәрігер, — деп жазыпты Жақаң. — Ол әрі қаламы төсөлген жазушы екен. Өнерден де құралақан еместігі арамызды жақындана түсті. Оның үйіне барып тұрамын. Осы қалаға келгелі орысша оқытып жүрген Мағжан Жұмабаев сынды ақынның бар. Оның менен жасы кіші, жазған өлеңдері тамаша, ақындығы қүшті, өте дарынды жігіт. Екеуміздің өмірге деген көзқарасымызда айырмашылық жоқ десе де болады, сырласып, достасып кеттік. Осындағы Жұмағали Тілеулин туралы менің де кәрі кулақ қариялардан естіп-білгенім, кейбір де-рек көздерінен жинап жүргенім болушы еді. Ол сол кездегі қазақ арасында саусақпен санарлықтай ғана арнаулы білімі бар сауатты дәрігер ғана емес, халықтың ойын оятып, оқу-өнерге, мәдениетке үндеген саналы құрескер, қаламын сан салаға тербеген сындарлы

жазушы, жастардың жанашыр үстазы — салиқалы ағартушы да болған азамат.

Жұмағали Тілеулин 1890 жылы Көкше өңіріндегі қазіргі Айыртау ауданының Шұқырқөл деген жерінде дүниеге келген. Оның әкесі Тілеулі кәдімгі Абылай ханның атакты батырларының бірі — бәсентиін Айтбайдың немересі. Ел ішіне ертеден тарап, кейінгі үрпаққа жеткен аңыз-әңгімелерге қарағанда, албырт та адудын қас батыр жас кезінде бір жалаға ұшырап, Ертіс бойындағы қалың бәсентиіннен бөлініп, осы Айыртау маңына келіп, Борлық өзенінің бойына қоныстаныпты. Жазықсыз жаза кесіп, бейкүнә басын окқа тіккен рубасыларының рабайсыз шешіміне шыдамаған шалт қымылды шәлкес батыр биік жардан атымен өзенге қарғып кетіп, Ертістің екінші бетіне шығып, қайтып ол жаққа қарасын көрсетпесе керек. Тәуекелмен тау жығып, дария токтататын жігіттің өрлігі мен ерлігіне тәніт болған ел ағалары артынан ауылын ертіп жіберілті.

Ақылман Абылай көзі тірісінде бір баласын хан көтермек болып, Орта жүздің бай-бағандары мен би-батырларын тегіс шақырып, Көкше баурайына жинағанда Керей Әлдебек бимен бірге Қасым төреге қарсы шығып, ат ойнатып, айбат көрсеттептін де Айтбай батырдың осы әділетсіздікке төзбейтін өр міnezі екені де даусыз. Ол тарпақ батыр фана емес, тапқыр шешен де болған тәрізді.

...Рұым Ақжол болғанда,
Тайкелтирдің баласы,
Атым Айтбай — батырмын.
Оз бетиммен келгем жсок,
Әкең Абылай шақырды,
Хан сайла деп Қасымды.
Сайлауга келіп жатырмын.
Ел корғаны батырга,
Келмей жатып ақырдың.
Қамалын алып қанша рет,
Жылқысын алып қанша рет,
Қалмакқа тізе батырдым.
Кегін алғын келе ме,
Нагашың қалмақ көпірдің?! —

деп мұрагерді дүйім елдің алдында семсер сөзбен сілейтіп салып, хан сайланбауына себепші болған. Сол жолы хан тағын еншілеген Үәлидің Айтбай әuletін Сырымбет саласында өз төнірегінде ұстаяу, бәлкім, содан шығар.

Қаздауысты Қазыбек бидің бір қызына үйленген Айтбайдан алты үл туып, Борлық бойы мен Сырымбет саласында алты ауыл

боп отырған. Соның біреуінен тарайтын Тілеуліден Шәймерден, Есім, Мұқаш, Сәпи және Жұмағали сынды бес үл туады. Көзі ашық, көкірегі ояу Шәймерден зерек те зейінді, алғыр да ақылды інісі Жұмағалидиң ауыл молдасынан алған біліммен шектеліп қалмай, одан әрі оқып, білімді де білкті азамат болуына көп күш салады. Бұған оның бала күнінен бірге өскен досы, осы өнірде алғаш шыққан оқыған дәрігер Құсайын Темірбековтің көп пайда-сы тиеді.

Қ. Темірбеков өз заманының аса зерделі, асқан зиялды азаматы болған. Он тоғызынышы ғасырдың аяқ шенінде Омбы әскери-медицина училищесін үздік бітіріп, әскери дәрігер атағын алғып шығып, Қызылжар қаласында қызмет істеген. Ат-ізін суыттай тұған өніріне жиі келіп жүріп, ол денсаулық сақтау ісіне үйіткы болып, жерлестерін өнер-білімге шақырып, жастарды окуға тартқан. Жас Жұмағалидиң да окуға ынтасын байқап, қанатының астына алған ол, алдымен, оны орысша оқытып, өзі бітірген Омбы медицина училищесіне түсіне колұшын береді.

Училищені 1913 жылы ойдағыдай тәмамдаған Жұмағали Тілеулин өзі өскен аймақта дәрігер болып істейді. Экесіндей бол кеткен аbzal үстазы Құсайынның қызы Райханға үйленеді. Экесінің ақыл-кеңесімен, қалтқысыз қамқорлығымен тиянақты білім алған Райхан өз ортасының үлгі-өнегесі, ғұл мен көркі болады. Әрі бет біткеннің бәдендісі, асқан сұлу ол жаны ізгі, жаңалыққа, жақсылыққа құштар болған көрінеді. Төңкерістің алдындағы жылдары тәркіленуге тиіс болған М.Дулатовтың “Оян, қазак!” кітабының мың данасын жары екеуі өз үйінде жасырып, аман сақтап қалған. Ұлт азаттығы жолындағы күресінде, ағартушы үстаздық қызметінде Жұмағалиди қолдап, жігерлендіріп, желпіндіріп отырған.

Жұмағалидиң ағартушылық қызметі қаламгерлікten басталған тәрізді. Ол кезінде көп тарап, кең танылған “Айқап” журналы мен “Қазак” газетіне жиі жазып, жазғандары үдайы жарияланып тұрған. Орынбай мен Арыстан ақынның жыр толқынында тербеліп, Ақан сері мен Үкілі Ыбырайдың сазды әуенімен әлділеніп өскен ол өнер тұсауын әүелі өлеңмен кескені анық. Оған “Айқаптың” алғашқы сандарының бірінде жарияланған “Жас тұғандарым” деген өлеңі айғақ. Өлең дәстүрлі ғакция үлгісінде өріліп, жастарды жаман әдеттен жерітіп, жақсы істерге еліктіруді нысанана тұтқан. Ой-өресі “пілден биік аспайтын, шабан атша аяғын баспайтын, бой түзеп, дұрыс жолға бастайтын атадан қалған мұрасы жоқ” жастарды басқалардың озық үлгісінен өнеге алғып, жарасымды жол табуға шақырады.

*Жаз күні үйқы, қымыз ермегіміз,
Жасы бар, көрісі бар елдегіміз.
Ғұмырың бүйтіп босқа отер болса,
Не үшін бұл дүниеге келгеніміз?
Әр істі үақыт келді ойлаітуғын,
Көнілде бірлікті ізгі жоймайтуғын,
Қылжандап бет алдына жүргенменен,
Әй, құрбым, ешбір пайда болмайтуғын, —*

деп құрбы-құрдастарын бойкүйез енжарлықтан, жатып ішер жалқаулықтан жирендіріп, енсе көтеріп, ізгілік жолына түсуге, бірігіп болашақ қамын ойлауга үндейді. Журналдың 1911 жылғы сегізінші санында “Мұсылмандар тіршілігіне тиісті мәселелер” деген мақаласында орыс мектептері мен татар медреселерінде оқитын қазақ жастарының қебейіп келе жатканына куаныш білдіріп, енді оларды ана тілінде оқыту мәселесін алға тартады. Ол үшін мектеп, медреселер салу ісіне жүртты жұмылдыру мәселесін көтереді.

Ж. Тілеулин туындыларының ол тұстағы тақырыбы да әралуан. Бірде ол өз мамандығы бойынша қалам тербел, деңсаулық кепілі деп тазалықты насиҳаттап, елдің тұрмыс мәдениетін көтеруді күн тәртібіне қойса, енді бірде өнер-білімсіз өр асуға болмайтынын айтып, жеткіншектердің оқып білім алуына жол ашып, жағдай туғыздуды талап етеді. Ал “Ат үстінде қөрген тұс”. “Мейірімді тәре” атты әңгімелерінде жер мәселесін сөз етеді. Онда ол пікірін нақты деректерге құрмай, қөркем әңгіме түрінде кестелейді. Тіпті біреуінің сонын қойшының өлеңі ретінде түйетіні де бар. Зайыры, жер мәселесі бүгінгідей ол кезде де қекейкесті болған болуы керек. Жер ашуы — жан ашуы ғой қашанда.

Асылы, Жұмағалидың жазғандарынан білімінің терендігі, пікірінің кемелдігі мен мұндалап тұрады. Мысал үшін оның он торғыншы “Айқаптың” алғашқы санында бас мақала орнына берілген “Баспасөз” атты шығармасын алайықшы. Баспасөздің болашақты барлаудағы, бірдің білімін мынның игілігіне айналдырудағы манызын айта келіп, ойын былай дәлелдейді: “Кешегі өткен орыс жұртының данышпаны Толстой күллі жан иесіне бір көзben қараған, қай жerde жәрдемсіз қалған жан болса, қаламымен соны қорғаған. Мечников деген асып туған зор дәрігер бар. Неше түрлі аурулардың тегін ашқан адам. Оның талқан дәрүйн бүкіл адам баласы пайдаланып тұр. Бұлардың мұндай пайдалы жұмыстарын жүртқа шашатын баспасөз”. Белинский, Добролюбов, Писарев сияқты сөз сыншылары бізден де шықса, қалам түзеліп, қадам

онғарылып, баспасөз түлей түсер еді деген пікірі күні бүгін де мән-маңызын жоймаган секілді. Өмір шындығын тереңдей талдан, мәнін ашып берудің орнына таңдай қағып таңданып, жауырды жаба тоқуы басым бүтінгі бұқаралық акпарат құралдарына да жоғарыдағыдай әділ қазы болар сөз сыншылары қажет екеніне ешкім де дау айта қойmas.

Жұмағалидиң өз жүртyn озық елдер қатарынан көрді көксеген жоғарыдағыдай үлтжандылығы, елінің азат ертеңін ойладап, қашан да халқының қамын жеген едіге азаматтығы оны қазак қырында үлт-азаттық қозғалысының туын көтерген “Алаш” партиясына алып келді. Кейін ол оның белсенді мүшесі болып қана қоймай. серкелерінің де біріне айналды. Оған оның партияның негізін қалаушы Әлихан Бекейханов бастаған бір тізімде он бірінші болып тіркелуі де күә болса керек. Омбыда “Алаш” партиясының облыстық комитетті ашылғанда оған ол мүше болып сайланды. Партия комитеттерін ояздарда ашуға белсене атсалысты.

Саяси қызметті ол үйымдастырушылық жұмыспен тығыз үштастырды. Қызылжарда педагогикалық һәм фельдшерлік техникум ашып, өзі оның тұңғыш директоры болады. Ол техникумнан тек Қазақстанның терістігінде ғана емес, исі казақ даласына есімі таңыс талай зиялды азаматтар қанат қағып түлеп үшты. Онда Мағжан Жұмабаев, Сейітбаттал Мұстафин тәрізді тарландар дәріс берді. Бұл жылдары Ж.Тілеулин Ахмет Байтұрсынов, Әбікей Сәтбаев сияқты ұлы ағартушылармен тығыз байланыста болды. Алайда “Алаш” партиясының ой-ниетін өз бастан-ак құп көрмей, мүшелерін күгіндеған Кеңес өкіметі үлт зиялдыларына қысымды барған сайын ұдетіп, күғін-сүргінді қүшайте түсті. Алашорда серкелерінің қатарында он сегізінші жылы тұтқындалып, үш жыл түрмеге отырып шықкан Жұмағали жиырмасының жылдарын қаңшындеңде құғын-сүргіннің екінші толқынына тап болып, тағы да қамауга алынып, екі жыл тұтқында отырған соң, Ресейдің Орталық қаратопырақты аймағына жер аударылады. Онда Белозер аудандық ауруханасында дәрігер болады. Айдауда жүріп те ол қаламын колдан түсірмей, жергілікті газеттерге дәрігерлік кеңес жазады, медициналың қурделі мәселелерін зерделеп, зерттеулер жүргізеді.

Жұмағали тұтқындалысымен оның туысқандары мен отбасын қудалау басталады. Ағасы Шәймерден тәркілеу түрінде бүкіл мал-мұлкінен айрылып, жеке басы жауапқа тартылады. Қалған бауырлары бірі атшы, бірі балташы, бірі қара жұмысшы болып артельге кіріп жан сақтайды. Шиеттей бала-шагасы мен тұғандарының

ауыртпалығы өз мойнына түскен Райхан күнкөріс қамымен Өзбекстан асып кетеді.

1935 жылы айда мерзімі аяқталған Ж.Тілеулинді Қазақстанға жібермей, Қырғызстаннан бір-ақ шығарады. Бішкекте ол тағы да бір ауданың ауруханасында дәрігер бол жұмыс істейді. Жан сауғалап Ташкентте күнелтіп жатқан жанұясын көшіріп алады. Ауруханадағы жұмыстан колы қалт еткенде ұстаздығын жалғастырып, педтехникумда сабак береді. Осында жүріп Қырғызстанға көшіп келуге мәжбүр болған партиялас серігі, саңлақ қайраткер, үлкен ұстаз Әбікей Сәтбаевпен қайта қауышады.

Бірақ бейбіт, бейқут өмір, ызы-шусыз тыныш тіршілік көпке үзамайды. Екі жылдан соң 37-нің зұлматы басталып, олар қайтадан қамауға алынады. Адам тағдырын Ішкі істер комиссариатының “ұштігі” шешетін шақта Жұмағали Тілеулинді Түркістан әскери округінің трибуналы соттап, ату жазасына кесті. Үкім 1938 жылдың акпанында жүзеге асырылды. Сөйтіп, Алаш ардагерінің үлтүм, жүртүм деп сокқан от жүргегі басқа елдің аспаны астында тоқтап, басқа жерден топырақ бүйірдү. Ал оның абзал есімі 1958 жылы ғана ақталды, бірақ оны адал жары көре алмай, үш жыл бүрын дүние салған еді.

Алаш қайраткерлері азаматтық түрғыдан түгел ақталғанымен, “Алашорда” партиясының басына үйірілген қара бүлт бертінгे дейін айықпай келді. Тіпті еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де оны шығысшыл, түрікшіл, кертартпа партия деп кіржие қарайтындар табылып қалып жүрді. Ал ақиқат бұған мүлдем кереғар, қарамақайшы. Партияның көшбасшысы Әлихан Бекейханов 1919 жылғы ақпанда Сібір уақытша үкіметі алдында “Алашорданың” міндеттерін баяндай келіп былай деген: “Біз — батысшылдармыз. Халықты мәдениетке етene ету ниетімізде ешқашан шығысқа жаутандамаймыз... Бар назарымыз Батысқа ауған. Мәдениетті одан біз Ресей арқылы ғана аламыз. Біз бұнда еліміздің құрылтай немесе үлтүк жинальысқа жетуіне қажет тәртіп орнату ниетімен ғана келдік”. Осы мәлімдеменін өзі-ақ “Алаш” партиясы мен оның кесемдерінің ойпікірі, ең басты ұстанымы әу бастан-ақ озық болғанын анғартпай ма. Демек, оның қызметін тек шығыс мәдениесті шенберінде ғана карастырып жүргендердің көзқарасы шындықпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын қате.

Жұмағали Тілеулин озық ойлы орыс зиялышарымен революциядан көп бүрын тығыз байланыс жасаған. Оның түрколог В.В. Гордлевскиймен достық қарым-қатынасы он төртінші жылы-

ак басталған. Аталмыш ғалымның бастауымен Мәскеуде Лазеревскийдің Шығыс тілдері институтының материалдары негізінде А.Н. Веселовскийдің құрметтіне “Шығыс жинағы” шығарылып, оған қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері ретінде Абай Құнанбаев пен Міржақып Дулатов енгізіліп, олардың есімі ғылыми айналымға тұнғыш рет кірген. Бұған Гордлевскиймен жақсы таныс болып, хат алысып тұрган Жұмағалидың әсері болғаны дау тузыбаса керек.

1914 жылғы сәуірде Жұмағалидың В. В. Гордлевскийге жазған шағын бір хатын бұрнағы жылы оның інісі Сәпидің қызынан тұған жиені, белгілі акын Бақытжан Қанапиянов “Жұмағали Тілеулин” атты очеркінде жариялады (Тағым. Алматы: “Жібек жолы” баспа үйі, 2000). Шамасы, Ресей жағырапия қоғамының мүшесі болды ма екен, Гордлевский қазақ жерінің атауларына ынтақойып, жас дәрігер Ж. Тілеулиннен “Сарыарқа” деген сөз орыс тіліне аударылғанда қандай мағына береді деп сұрайды. Оған Жұмағалидың берген жауабы төмендегідей:

“Омбы.
29/IV—14 ж.

Құрметті Гордлевский мырза!

Сіздің хатынызды Орынборда Омбыға (бірнеше күнге) жүргелі тұрғанымда алдым. Сондықтан уақтылы жауап қайтара алмадым, ол үшін кешірім өтінемін.

“Сарыарқа” деген атаярқылы қандай тауларды айтпақшы болған деп сұратсыз.

Сарыарқа тау емес, ол бүгінде Ақмола, Семей және Торғай облыстары алып жатқан қазақ өлкесінің беткей бөлегі. Қырат қырлы біркелкі кең жасағы. Бұл жерді қазақтар “Сарыарқа” немесе “Сарыарқаның даласы” деп атайды.

Құрметпен, Ж. Тілеулин”.

Бұл хатты Бақытжан Жұмағалидың баласы Серік Тілеулиннің жеке мұрағатынан алған көрінеді. Баласы дегеннен шығады, Ж.Тілеулин түккіз, қанат-құйрықсыз емес. Оның үш ұлы болған. Тұнғышы Ерік 1918 жылы туған. Қырық бірінші жылы “Халық жауының” баласы деп сенімсіздік көрсетіліп, енбек армиясынағана алынып, сонда жүріп қайтыс болды. Екінші ұлы, жиырма бірінші жылы туған Әзиз Бішкекте құрылыс техникумын бітірісімен майданға алынып, ерлікпен қаза тапты. Ал кенжесі, жиырма ал-

тыншы жылы тұған Серік қазір Алматыда тұрады. Медицина ғылымының докторы. Ұзақ жыл Атырауда көкірек аурулары диспансерінде енбек етті. Бүтін таңда оңтүстік астанадағы бір ғылыми мекемеде бас ғылыми қызметкер. Одан соңіп-өнгөн үрпақтар бар. Былайша айтқанда, орнында бар оналар. Өзі қырық тоғызы мүшеліне жетпей опат болған асыл азаматтың ұмытпас үрпағымен бірге ұмытылмас мол мұрасы, елеулі шығармашылық енбегі қалды. Оларды жинастырып басын құрап, келер үрпақтың қәдесіне ұсыну бүгінгі таңның кезек күттірмес міндегі болуға тиіс. Шығармаларының біразын, әсіреле хаттарын киын-қыстау кезеңдерде көрінгенге көзтүрткі болып құғындалып жүріп-ак Райхан Құсайынқызы аман сақтап, баласына аманат етіп кеткен. Тек мұрагаттарды тағы бір сүзіп шығып, қолда барын байытып, басып шығару керек.

— Құдайға шүкір, еліміз егемендік алғанының арқасында әкем мен оның ақын досы Мағжанның қасиетті есімдері халқына қайтып оралып, еңбектері қайта жарияланып жатыр. Ал Жұмағали Тілеулин жөнінде жұрт әлі аз біледі. Соңдықтан осынау абзал азамат жайында азды-көпті білгенімізді ортаға салу парыз, — дейді Гүлнар апай Міржакылқызы. Бұл бір жағынан Жұмағалиды қөзі көрген, сөзін білген өзі сияқты қөген түбіндегі қөнекөз қарияларға құлақтағыс та іспетті. Ал алаш ардагерінің абзал есімін есте қалдыру жөнінде коғамдық-әкімшілік үйымдар аткарап шаруа бірпара. Кезінде өзі ұзақ уақыт тұрып, еңбек еткен, дәрігер болып, жұртты емдеген, ұстаздық құрып, үрпак тәрбиелеген Қызылжарда Ж. Тілеулиниң Омбыдан әкеліп ашқан медицина училищесіне оның есімін неге бермеске. Ол тұған Айыртау ауданындағы толып кеткен Качиловка, Кирилловка, Кутузовка, Комаровка, Юдиновкалардың біреуін өзгертип, Жұмағали атын беруге әбден болады той. Тек тұртқі салып, соңына түсер жан табылсын.

Әйтілі ақын Мағжан Жұмабаев досы Жұмағали абақтыға алғаш түскенінде оған жыр арнал:

Ардақты ер! Ұмытылмас қылған ісін,

Күн ертең айбынды алаш жинап есін,

Көксеген көп заманнан тілегінді

Жарыққа шығаруға жұмсар күшін, —

деген екен. Иншалла, бүгінгі тәуелсіз, азат алаш баласы ардақты жайсақ азаматын есте қалдыруға күш салар деп сенеміз.

2003 жыл.

“БІР ТЕҢІ ЖОҚ, БІР КЕМІ ЖОҚ” НЕМЕСЕ БОЛҒАНБАЕВ КІМ БОЛҒАН

Қазаққа жер мәселесі қашанда көкейкесті болғаны әлмисақтан аян. Ата-бабаларымыз түстігінен терістігіне дейін көктем екі ай жүретін, шығысынан батысына шейін күн екі сағат жүзетін осынау ұлы даланы омырауын окқа тоса жүріп, қашама құрбандықтарға барып, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай, үрпактан үрпакқа мұра етіп калдыруы, бәлкім, содан да болар. Әйттеуір олар жерді жалқы ердің емес, жалпы елдің игілігі деп билгенінде дау жоқ. Оған кәрі құлақ қарт тарихымыздан тағылым болар мысалдар тіптен көп. Мәселен, түп тегіміз ежелгі түркілердің әйгілі әміршісі Мәденің бір ғана қымылын алайықшы.

Ұлы қағанға жапсарлас елден жаушы келіп, көрші ханның патшаның тақымына басқан сәйгүлік тұлларын қалап отырғанын жеткізеді. Әмірші әрі ойланып, бері ойланып: “Жарайды, мынау ұлан даланы қайыстырып жатқан қалың жылқыдан мен мінерлік тағы бір пырақ табылар, алсын” дейді. Екінші жолы әлгі көршісі араға тағы да елші салып, қағанның сүйікті тоқалын сұратады. Әмірші тағы да ұзак толғанып: “Құп, исі түркі елі аман болса, мен сүйерлік бір сұлу табылар, бердім” дейді. Әбден дәндеген данғой көрші жаушысын үшінші жолы жіберіп, патшалықтың шет пүшпағында пайдаланылмай жатқан бір айтакырды берсін деп сәлем жолдайды. Сонда Мәде: “Ал, жарандар, жаппай атқа коныңдар, көршінің иелігіне көз алартып, жер сұрау айырылар достың, аяспас қастың ісі” деп табанда іргелес елге жорық жариялаған екен. Қанша беделді болса да ханның билігі жерге журмейтінін, ол жеke адамның емес, жалпы қауымның иелігі екенін осының өзі-ақ айғақтап түр емес пе.

Биыл жерді жеке меншікке сату мәселесі күн тәртібіне қойылған тұста қадым замандағы бір билеушіміздің осы қарекеті еске түсken-ді. Ал баяғы отыrsaң бастаң, тұrsaң аяқтан ұрып, ащсаң ауыздан қафатын патша өкіметінің кезінде атамекенін ұстаганың қолында, тістегенің аузында жібермес үшін халқымыздың қаншама қан төккенін кім білмейді. Откен ғасырдың басында отаршылдардың озбырлығына тікелей карсы шығып, жерді жат қолына жібермеуге жан салған алаш зиялтыларының талпыныс-талабы өз алдына бір төбе. Солардың ой-пікірін зердеге сап, тағы бір ой елегінен өткізгелі “Қазак” газетін қайта парактағанымыз бар. Бір жолы жер жайындағы пікірі Ахмет Байтұрсынов, Элихан Бекейханов сынды арыстардың ойларымен астасып жатқан бір туындыға тап болды.

“Жер жалдау” аталағын сол мақалада Актөбе уезіндегі бірінші Берте болысина қарасты үшінші ауылдың отырықшы боламыз деп жан басына алған азын-аулақ жерін жалға беріп, саусағын танауына тығып қалғаны айттылады. Онымен қоймай, сол ауылдың атқамінер отағасылары мен ілкімді жастары мешіт салуға жаратамыз деп үш жұз гектар жерін бір орысқа тағы да жалға беріп, не ақша ала алмай, не мешіт сала алмай, тақыр мұзға отырып қалған былтырғысы аздай, әлгі мырзалар жүрттың ризалығынсыз тағы да сол шамалас жерді сатып жіберіпті. Наразылық білдірген ауылдастарын атқамінерлер мал сойып, етке бір тойғызған екен, арыны қайтып, ашуы басылып қалады. “Сорлы қазак бір күн етке тойса, жұз жылдық пайдасын ұмытатын жазған гой, — деп ашына жазады автор... — Тамақ асырап, күн көру үшін жалғыз-ак қарап отырған үлтарақтай жерлерін сатып, еліне мешіт салып бергелі жүрген мырзаларға да бәрекелді! Бір тойғанына алданып, қолындағы жерінен айырылып, қарап отырған елге де бәрекелді! Бүтін мешіт салам деп үлтарақтай жерін сатып бітіріп алып, ертең бала-шагасын асырау үшін елдің еркегі маңайындағы кара шекленнің малын бағып, көшесін сыйыруға кеткенде, ол мешітке кім кіріп құлшылық қылмақшы. Мұндай бір күннің келуіне шәк келтіруге болмайды. Бүгін жердің кендігі арқасында аз-кем астық шашып, сонымен тамақ асырап отырған, одан басқа ешбір кәсіпті білмеген бұл жүрттың қолындағы жері бітсе, әлгіндей болмай, не болмақшы?! Осы күні орысқа жалдалап, тоздырып алған жерді соңынан өндең, іске жарату екі бастан біздің қазақтың қолынан келмейді...

Бейшара қазак, өзінді өзің қыспакқа салып, кен жерінді тарылтып алған соң, сол қыспақтан шығудың әдісін де үйрсуну керек еді.

Сен ондай әдістің мындан бірін де білмейсің. Жалғыз-ақ қарап отырганың сол бір алакандай жерін” деп қатты қадап айтады автор.

Қарап отырсан, қалың қазақ сол дәрменсіздігінен күні бүгін де арылған жоқ. Жерді жеке меншікке беру мәселесі шешіле бастаған қазіргі кезеңде әлдеқалай қолына жер тисе оны ұксата қоятындаі қазактың көбінде күш те жоқ, пұл да жоқ. Жер өндейтін құрал-жабдықтан дені құралакан, оны сатып алуға қалтасы құрғыр тақыр. Сондықтан жер тиғенмен де, оны жалға беріп, тіпті сатып жіберіп, быт-шытын шығара ма деп зәрен ұшады. Сөйті тұра істің сәтті аяқталарына да сенгін келеді.

Қазақ жерінің қазіргі халін бұдан тоқсан жыл бұрын топшылап, қандастарымыздың жай-күйін көз алдына келтірген автордың аты-жөні “Бортан” екен. Осыны көргенде ойға жыр дүлділі Мағжаннның:

*Бортан бала,
Бүгін кара,
Көрі тай.
Бір кемі жоқ,
Бір теңі жоқ
Болғанбай, —*

деген әзіл-шыны аралас ойнақы өлең шумағы оралды. “Бортан да, Бортан бала да, Көрітай да Алаш қозғалысының қабыргалы қайраткері, қарымды қаламгері Қайретдин Болғанбаев еді.

Қайретдин Әбдірахманұлы 1893 жылы Ақмола облысының Қорғалжын өнірінде аса ауқатты отбасында дүниеге келген. Әл-ауқатына қарай қазақша да, орысша да іргелі білім алып, ел-жұртын өнер-білімге, оқуға үнделп, азаттыққа қолын жеткізу жолында жан аямай құресті. Алаш қозғалысына алғашқы күннен-ақ белсене қатысты. Он жетінші жылдың маусымында, аумалы-төкпелі алмағайып кезеңде өмірге келсе де үлт тәуелсіздігін ту етіп, отаршылдық езгіге қарсы құрес отын үрлей түскен Алаш үнпараты “Бірлік туының” басты жазушыларының бірі болып, Мұстафа Шоқаев, Сұлтанбек Қожанов, Нәзір Төрекұлов тәрізді санаткер саңлактармен бірге қызмет етті. Бір жылға жуық Тәшкентте шығып тұрған бұл басылым азаттық ансаған “Алаш” ұрандылардың шын мәніндегі көзі, құлағы, үні бола білді. Қайретдин он жетінші жылғы шілде айында Орынборда өткен Қазақ съезінде Орталықтағы Құрылтай жиналысына Ақмола облысынан жіберілетін он екі кандидаттың бірі болды. Ал қантардың алғашқы жартысында өткен Жалпы қазақ құрылтайына осы газеттен депутат болған қатысып, “Алаш” партиясы

мен “Алашорда” үкіметінің құрылуына атсалысты. Партияның әр өнірде облыстық комитеттері құрылды.

Алаш аңсаған тәуелсіздіктің жұрттың бәрі бірдей о тұста түсіне қойған жоқ. “Алашорда” алған автономияның қажеті жоқ, ол аукаттылардың ғана сөзін сөйлейтін ат төбеліндей оқығандардың өкіметі болады деген мәндегі жеделхаттар жоғарғы жаққа жиі кетіп жатты. Сондықтан автономия жариялау алдымен Қазақстанның аймақтарында қолға алынды. Түркістан өнірінде автономия құру үшін ұлттық орталық үйымдастырған құрылтай большевиктер билік басына келгеннен кейін бір айдан соң Қоқан қаласында жиналды. Құрылтай Түркістанның шын мәніндегі ұлттық тұтастығын дәлледеп берді. Бұл туралы Қайретдин Болғанбаевтың “Қазак” газетінде жеделхаты жарияланып, Қоқанда уәлаят мұсылмандарының құрылтайы етіп, онда Түркістан автономиясы жарияланғаны, уақытша ұлт мәжілісі, яғни жаңа үкімет сайланғаны, оның өзірге тұратын орны осы кала болатыны, халық бұны шаттықпен қарсы алғаны айтылады.

Түркістан жұрты өз билігін өзі жүргізіп, өз тағдырын өзі шешу үшін ежелгі мемлекеттігін жаңа арнада жаңғыртып қайта қалпына келтіруге талпынды. Олардың арасына сына қағып, сиырдың бүйрекіндегі бөлшектеп, құрылтай шешімін бұзуга тырысқан большевиктер “косарлас мұсылман үкіметін” құртуға шешім қабылдап, қолдағы құллі қарулы құштерін Қоқанға қарай аттандырып, қаланы тірі жан шықпайтындағы етіп жан-жағынан қоршап алды.

Осы оқиға жөнінде бұқпесі жоқ батыл қаламгер Қайретдин “Өзгерістің жыл тәулігі” деген мақаласында барынша ашық жазады. “Большевиктердің бүлігі басталысымен-ақ Ресейдегі тегі бөтен жұрттардың бәрі іргелерін бөлек салып, өз бастиның қамын ойластыруға кірісті. Соның үшін олардың бәрі де өз алдына автономия ығылан етіп, өз тізгіндерін өздері ұстамақ болды. Баста большевиктердің өздері де әр ұлт өз тізгіндерін өздері алсын деп жарлық шығарып еді. Сонынан ол жарлықты екінші мағынаға бұрып, автономия алған жұрттың да ісіне қол сұқпак болды. Сонымен большевиктер оларға қарсы соғыс ашты. Ақырында кару күшімен жұрттың бәрін қамыстай жапырып, жаңа жасалған автономияның құлін көкке ұшырады”, — деп большевиктерді батыл әшкерелеп, бетін шиедей қылады (Бірлік туы 1918. 5 сәуір №27).

Алашорда саясатына әу бастан-ақ бүйрегі бүрмаған Сөкен Сейфуллиннің “Тар жол, тайғақ кешуде” оларға қарсы уәж айту үшін ұзақ үзінді алатыны да осы мақала болса керек.

“...Большевиктер соңғы кезде Түркістан автономиясы туралы әр жерде көбірек сөз қыла бастады. Бұл туралы Тәшкендердегі жаңа советтің бірінші жиналысында Тоболин сылдыраған сөздер айтты. Оナン соң Мәскеудегі ұлт істері комиссары Сталин Түркістанда автономия жасау қамына кірісудің керектігін білдіріп телеграмма беріп отыр.

...Бірақ большевиктердің жұртқа уәде қылып отырған бұл автономия мен халық тілеген автономияның арасы жер мен қоқтей.

... Ал енді большевиктердің Түркістанда жасамак болып отырған автономиясы анау автономияға (“Алашордашылардың” тілеген автономиясына) тіпті жуыспайды. Олардың нисеті халықтың өз тізгінін өзіне беріп, оның тіршілігіне қол сұкпау емес. Бәлкім, іс басына қара бұқараны қоюды сылтау қылып, жұртты ылғи бұзакылардың қолына байлан бермек...” деп соғады және “Большевиктердің Түркістанда қылып жатқан бұзакылыштарында есеп жок” дейді... Тәшкенттің “Бірлік туының” бұл макаласын жазушы белгілі “Алаш” қу ауыздарының бірі — “Бортан” деп қол қойған Қайретдин Болғанбайұлы” деп жазады төңкеріс қызыл сұңқары атанған ақын. Былайынша, автор ойына да, “Алаш” саясатына да қарсы сиякты. Әйткенмен, үзіндін осынша созып, жазушының большевиктерге “талаушы, тонауы, алдаушы, бұзықтар” деген атақ жапсыруын ашық жазуына қарағанда, олардың да сау сиырдың жапасы болмағанын, зорлық-зомбылықтан аулақ қонбағанын кейінгі үрпақ білсін деген іш-пікірі ақынның өзінде де болған-ау, сірә, деген ой келеді.

Шынында да, большевиктердің Қоқандагы қылығы жан түршігіп, адам шошырылған болған еді. Құрсанып қару асынған, зеңбіректі, пулеметті қол қарасы аз, қаруы нашар қала корғауыштарын табан аузында талқандап, тып-типыл етеді де, кент ішін қаракшыдай тонап, аяусыз талайды. Көзге ілінгендерді індете куып, қылышпен турал, қолға түскен әйелдерді зорлады. Куәлардың көзін құрту үшін қолға түскендерді тергеусіз, сотсыз түгел қырады Мыңдаған адамды қала сыртындағы орга апарып жойып жібереді. “Ол күндер Түркістанның тарихында сиямен емес, канмен жазылатын күндер”, — деп жазады Қайретдин Болғанбаев “Тұла бойлары қан сасиды” деген макаласында. — Тозандай күнәсі жоқ қисапсыз мұсылман халқының қаны судай шашылып, жаңағана қайтып өсіп келе жатқан бостандық ғұлнің адам пішінді жыртқыштар табанында тапталған күндер — ол күндер”.

Жалынды публицистің мына жолдарын тіпті тебіренбей оқу мүмкін емес. “Сорлы Түркістан! Сен кеше бостандық болды, тенденция

күн туды деп қашанғы жоғалтқан еркіндігіңе талпындың ғой, — деп толғанады ол. — Сен Ресейдің ұлken өзгерісінің буына желігіп, баяғы айбыны күшті Темірің мен ақылы дана Бабырларының еске алдың ғой. Жоқ, босқа алданғансың! Шеттен келген буменен өлген тендік тірілмейді. Сен ол тендікті шын өксіп, анық сағынған болсаң, өзгеріс буы өзінен шықсың! Сырттан — Ресейден, Еуропадан келген өзгеріс буы саған өл болмайды. Сен әлі тоңсың, күнің ыстық болса да саған әлі бостандық қызыры кірген жоқ. Енді мына көз алдында судай ақжан кінәсіз қандар сенің бойыңа жылу жүгіртсе, сондаға жана жылынасың. Сондаға Темірлер мен Бабырларды көресің.

Ah! Айнала қан сасиды! Енді мен бұл қанды көріп бұрынғыдай тоң болып қала алмаймын. Бұл қан мені үйіктатпайды. Бұл қан көз алдында тұрғанда, қалын макталы дүрия көрпені жылы жамылап жата алмаймын. Тұншықтырады... тұсіме енеді”.

Осылай шындықтың жүзіне тұра қарап, ақиқатты ашып айту, ашық айту құні бүтін де екінің бірінің қолынан келе бермейтін батылдық. Ұлы Мағжанның да оны “бір кемі жоқ, бір теңі жоқ” деуінде оның осындағы батылдығы мен батырлығын бағалау бар-ау, тегі. Сол сөз сарбазы Орынборда “Үшқын” атты жаңа газет шықты дегенде Тәшкенттен асығыс аттанып, қазақ астанасына тартты. Қайратдин “Үшқында” редакция алқасының мүшесі болып, жалынды ақын Бернияз Құлеев редактор бол тұрған кезде онымен бірге енбек етті. Оған газеттің сарғыш тартқан сартап беттері де, мұрагат деректері де дәлел. 1920 жылғы 12 караша құні жазылған бір құлактандыруда газетті уақытында шығару жөнінде Орталық атқару комитеті ғимаратында өтетін жиналысқа шақырылған А.Байтұрсынов, Е.Омаров, С.Сейфуллин, С.Садуақасов, Б.Құлеев, С.Менделешев, Ә.Бекейханов сияқты санаткерлер арасында екінші болып тізімде Қ.Болғанбаевтың тұруы да біраз жайды аңғартса керек. О тұста ол Халық ағарту комиссариатында қызмет істейтін еді.

Үзамай ол баспасөзге қайта оралған сияқты. Оған Сәбенәнің, Сәбит Мұқановтың “Өмір мектебіндегі” мына жолдар айғақ, “Түркістан республикасын Қожанов басқарған кезде Алашорда лидерлері Халел Досмұхамедов, Қайратдин Болғанбаев, Мырзағазы Есболов, Жұсілбек Аймауытов, т.б. Тәшкент қаласынан пана тапты да, ондағы “Ақ жол” газеті мен “Шолпан”, “Сана” журналдағында үлтішілдік бағытта жазған шығармаларын жариялады. “Қазақстан” үлттық энциклопедиясында Қ.Болғанбаев 1921 ж. Ә.Бекейханов пен А.Байтұрсыновтың тапсырмасы бойынша Бұқар-

дағы басмашылар қозғалысына Энвер пашамен бірге жетекшілік етіп жүрген Зәки Уәлиди Тоганмен кездесіп қайтты” деген дерек бар. Кездескенде ол нақақ қан төтүге жол бермеуді ескерткелі барған болар-ау деп топшылаймыз.

Саясаттан таяныш таппай, көзтүрткі болып құғын-сүргінге ұшырай берген ол сол жылдың күздінде Ақмола қаласына кетіп, екі жылдан соң Қызылжарға ауысып, екеуінде бес жылдай облыстық оқу бөлімі менгерушісінің орынбасары бол қызмет етті. Алайда “Кім дос, кім қас”, “Қокан қырғыны”, “Совет хүкіметі һәм күншығыс”, “Тұла бойлары қан сасиды” сияқты макалалар жазып, қаны сорғалаған шындықты шыжғырып большевиктік биліктің бетіне басқан ерен өжет қаламгер қайда жүрсе де мемлекеттік қауіпсіздік қызметті түп ізіне түсіп, қыр соңынан қалмады. Ақыры, 1928 жылы тұтқындалап, алдымен Бутыркаға камап, артынан Батыс Сібірге жер аударды. Айдауда Архангельск мен Сыктывкарда бес жылдай болып, оралған соң да Алматыдан турак таба алмай. Оңтүстік Қазақстандағы Қапланбек ауылына көшіп барып, сондағы мал дәрігерлерін даярлайтын техникумда үстаздық етті. 1937 жылғы аларапт зұлмат кезінде ол қайтадан тұтқындалып, ізінше үштіктің шешімімен атылып кетті.

Жазықсыз жазаға ұшыраған жалынды қаламгердің жастай қосылған жары, Шоқан Уәлихановтың Әз-Тәуке тұқымына ұзатылған қарындасы Бәдіғұлдың қызынан туған Рахима күғын-сүргіннің неше атасын көрсे де, Қайретдиннен қалған екі ұлы мен қызын ел таныр азамат етіп өсірді, жан жарының 1958 жылы акталған қағазын қолына алып, бертін дүние салды. Үлкен ұлы Ерік Болғанбаев елімізге есімі белгілі ауыл шаруашылығы маманы, ғалым, ұзақ жылдар бойы Орталық партия комитетінде басшы қызметте болды. Бүгінде балаларының қызығын көріп, еңбегінің зейнетіне бөленіп отырған соғыс және еңбек ардагері, кеудесі кен, көкірегі шежіре қадірлі кісі. Гүлнәрі еліне еңбегі сіңген үстаз. Мұраты да ауыл өндірісінің ірі үйымдастыруышы болған ардагер. Бір сөзben айтқанда, әке даңқына лайық азаматтар.

Биыл Қайретдин Болғанбаевтың туғанына 100 жыл толғалы түр. Енді бір деректерге қарағанда, ол 1894 жылы дүниеге келген көрінеді. Қалай болғанмен де алашым деп ах үрүп, халық кегінің қажымас жоқшысы болған жалынды қайраткердің, қарымды қаламгердің абзал есімін есте қалдырудың қамын ойластырар шақ туған сияқты.

2003 жыл.

ҚЫРШЫН КЕТКЕН ҚАЙРАТКЕР

Орда бұзар отыздың ішіне еркін енбей, өмірден ерте озған дархан дарындардың бірі Смағұл Салуақасов еді. Құйрықты жүлдиздай жарқ етіп жоқ болған қысқа ғұмырының ішінде кейінгі үрпакқа нұсқа болар қыруар шығармашылық қазына қалдырды. Саяси-қофамдық һәм мемлекеттік қызыметі бастан асып жатқанына қарамастан оның қолынан қаламы түсken жоқ. Сол құнарлы қаламынан ондаған әңгіме-повестер мен екі роман туды. Бір ғажабы, он алтынши жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне арналған кесек туындының басты кейіпкері – қазақ қызы, кәдімгі хан Кененің қарындасы Бопай Қасымова сияқты халқы үшін қасықтай қанын қиятын қаһарман қазақ әйелі.

Орысша, қазақша екі тілде еркін жазатын оның бұқаралық баспасөзде жарияланған көсемсөздері өз алдына бір төбе. Ол он сегіз жасында-ақ “Қазақ әдебиеті” деген мақала жазып, қазақ ақындарын басы Абай етіп, орыс журтшылығына тұнғыш таныстырыды. Сол шығармасында ол ұлы Абайды қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы деп бағалап, қазақ жырының екінші жарық жүлдизы Маржан Жұмабаев деген ой түйді. Мұны қазақ әдебиет сыннына салынған алғашқы сокпақ деуге де болады. Ал араға үш-төрт жыл салып кезінде бірін қазақ даласын отарлауға, бірін қазақ баласын шоқындыруға қатысы бар деп кейбіреулер кінәлап келген Шоқан Үәлиханов пен Ұбырай Алтынсаринға алғаш әділ бағасын беріп, кастерлі есімдерін тұнғыш корғап қалған да сол.

Алайда туған елінде кімді пайғамбар деп танушы еді?! Жиырманың ішінде республиканың бас газетін басқарып, ағарту халық комиссары болған, орталық атқару комитетінің, өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі сайланған сандалақ қайраткерді, байларды

тәркілеу мен шаруаларды ұжымдастыруға қарсы шықты деп қыр сонынан қалмай, қудалап берді. Амалсыздан ол Мәскеуге аттанып, темір жол инженерлері институтына окуға түсуге мәжбүр болды. Оны бітіргеннен кейін Донбаска қызметке жіберілді. Сонда жүргенде де саптақтың сабынан қарауыл қарайтындар түп ізіне түсіп, ақыры орталыққа шақыртып алғып, аяқ астынан “ауыртып” ауруханадан шығармай, қупия жағдайда көзін құртты. Бұл жұмбақ ажалдың астарында саяси мән болмаса, 37-ші жылы оның жасы жетпістен асқан әкесі Садуақасты абақтыға жауып, жер аударып жіберер ме еді. Қайғыдан кан жұтып анасы Мәжікен ұзамай ол да дүние салды. Ал жан-жары Елизавета Алаш көсемі Әлихан Бекейхановтың қызы ретінде онсыз да күгінди аз көрген жок.

Дегенмен Смағұл Садуақасовты атаусыз қалдыруға биліктің дәті бармады ма екен, қазіргі халықаралық басылым, Ресейдің басты газеті “Известияда” ол туралы азанама жариялады. Бұл сол кездегі Кеңес Одағының басты газеттерінің бірінде қазақ азamatы жайында жарияланған тұнғыш азанама еді. Оған Т.Рыскұлов, Н.Нұрмаков, Ф.Тоғжанов, М.Мырзагалиев, В.Шагов, А.Авдеев сияқты берісі республикаға, әрісі бүкіл одаққа танымал Қазақстан қайраткерлері қол қойды. Азанаманың мазмұны мына секілді:

“Смағұл Садуақасов жолдас дүние салды.

Қазан төңкөрісінің ту басынан бастап Садуақасов жолдас Кеңес өкіметіне жақ революциялық қазақ жастарының катарынан та-былып, 1920-шы жылы партияға өтіп, Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату жолында белсене күрес жүргізді. Ол қазақ комсомол газеті – “Еңбекші жастардың” алғашқы редакторы болды. 1920 жылы Садуақасов жолдас Орынборда комсомолдың қазақ өлкелік бюросының қатшысы болып істеп, Кеңестердің бүкілқазақтық бірінші съезіне қатысады. Онда Қазақ Орталық атқару комитетінің қатшысы болп сыйланады. Садуақасов жолдас Бүкілодактық Орталық атқару комитетінің мүшесі болған еді. 1923 жылы ол республика жоспарлау комитетінің төрағасы, 1920–26 жылдары Қазақ АКСР ағарту халық комиссары, Қазақ өлкелік “Еңбекші қазақ” газетінің жауапты редакторы, БК (б)П өлкелік комитетінің бюро мүшесі, Қазақ Орталық атқару комитеті төралқасының мүшесі болды. Кейінгі кезде ол Мәскеудің теміржол инженерлері институтын партия мыңдығы ретінде бітіріп, Мәскеу-Донбасс теміржол желісінің құрылышында құрылышшы-инженер болып жұмыс істеді.

Садуақасов жолдастың өткенде ұлт мәселесі аясында кейір қателіктері болатын еді. Соңғы жылдары ол өз бағытын түзеп, іс

тәжірибесінде партияның басты бағытын жүзеге асыру жолында күресті”.

Елі үшін еткен елеулі еңбегін халқы қастерлеп, құрмет тұтқан осындай көрнекті кайраткердің, көшелі қаламгердің ойлары күні бүтінге дейін маңызын жойған жоқ. Оның қазактың дербес мемлекеттілігі туралы сонау алмағайып кезенниң өзінде айтқан пікірлері қандай десейші! Өз алдына ел болу керек дегенде “айта-тынымыз мынау: әр халықтың тілі бөлек, тұрмысы бөлек. Жалпы, адамшылық бағытка жету үшін әр халық өз тілінде мәдениетке қожа болып, өз шаруасына қарай тұрмысын өзгерту керек. (Сабасына қарай – післегі!) ...Бұкіл халықтың тұрмысын өзгерту, жаңа дүние орнату женіл жұмыс емес. Бұл секілді жұмыс басын жарып. көзін шығарғанмен ондалмайды. Бұған ақыл керек, білім керек, ақ жүрек, адаптист керек”, – деп жазған еді ол. Тәуелсіз Қазақстанның керегесін беркітіп, шаңырағын биіктету үшін осы айтылғандар күні бүгін де керек болып отырған жоқ па. Жас мемлекетті жетілдіріп, өркенін өсіру үшін оку, білімнің керектігін ол аузынан тастамай, үдайы айтып отырды. Осыған, өсіресе, жастарды үндеді. Қазақстанда жастар үйымдарын құруға белсене атсалысып, коммунистік жастар одағының Қазақ облыстық комитетінің хатшысы болып салынды. “Еңбекші жастар” атты газет үйымдастырып, оның тұнғыш редакторы өзі болды. Бұл бір кезде Омбыда оқып жүргендеге озық ойлы жастардың басын құраған “Бірлік” үйымының оң қанатын басқарғандағы ағартушылық қызметтінің жалғасы іспетті еді. Енді бұкіл өлке жастарының жетекшісі болған соң сол игі ісін одан әрі өрістетті ол. Оған сол тұстағы “Степная правда” газетінде, басқа да одақтық басылымдарда жарияланған еңбектері айғақ. “Бұл күндері менің мына бір көріністің кездейсоқ күесі болуыма тұра келді. Ағарту халық комиссариатыға ғимаратының алдындағы көше қаракүрим халық. Балконда бірнеше адам тұр. Олардың арасынан ағарту халық комиссарының орынбасары Тоқтабаев жолдасты көзім шалды. Бұл арада бәзібір митинг өтіп жатқандай көрінді. Алайда Орынборға осыншама қаптаған қазак қайдан келген деп ойға баттым.

Бақсам, бұл қалың өнпірдің бәрі кең-байтақ өлкенің тұс-тұсынан жиналған қазак жастары екен. Олардың бәрі окуға келіпті... Оқушы қазак жастарының ағылып келуі, сөз жоқ, барынша назар аудараптық әрі көз қуантарлық окиға. Мұның өзі құллі қырды кең қамтыған өзіндік албаты өрлеудің дәлелі мен дерегі емес пе. Сайып келгенде, бұл еңбекші қазак бұқарасының жаңа өмір құруға

белсene қатысқысы келетінін, оны олар оқып білім алудан бастап, мейлінше дұрыс жасал отырғаның дәлелдейді”, деп жазады ол.

“Еңбекші қазақ халқы ез тірлігінің жана дәүіріне қадам басты, – деп жазады тағы бір орысша макаласында (Коммунар. 1921. №1.). – Жана өмір жасау ісі басталды. Қаспий теңізінен Қытай шекарасына дейін көсіліп жатқан кеңдігі жөнінен құллі Батыс Еуропадан басым түсетін ұлан-ғайыр аумақ енді ез тағдырының шешілуін күтіп жатыр. Ресейде жұмысшылар мен шаруалар, капиталистер мен помешиктердің өкіметін құлатқанына үш жылдан асты. Бұл жылдар ішіндегі орыс пролетариатының табысы ұлан-ғайыр. Қоңе Ресей адам танымастай болып өзгерді. Ал енді қазақ даласында не бар?

Шынында да, қазақ халқы тұтас алғанда патша өкіметінің қанауынан құтылды. Алайда ез арасында әлі төңкеріс жасай койған жок. Қазақ кедейлері күні бүгінге дейін байлардың езгісінде қалып отыр... Еңбекші қазақ халқы екі жақты қанауды – жаттың және өзінің езгісін бастан кешірді. Миллионнан астам қазактар революция кезінде опат болды. Буржуазиямен кескілескен айқас жағдайында опат болса бір сәрі гой, кебі аштықтан өлді. Қазактардың миллиондаған малы Қызыл Армия мен Орталық Ресейдің жұмысшыларын тамақтандыруға жұмсалып отыр. Бұл еңбекші қазақ халқының пролетар революциясының құрбандығына шалған ең үлкен байлығы. Біздің орыс жолдастарымыз осыны мойындал, еске үдайы алып отырғаны аbzal”.

Қандай ғаламат батылдық! Отандастары үшін отқа тұсуге де әзір, қандастары үшін қамал бұзуға дайын көзсіз батыр деп осын-дайды айтса керек!

Адам ойындағы, адам бойындағы жақсы атаулының бәрі ананың ақ сүтінен, күннің арай-нұрынан жарапандықтан, ананың азат та бақытты, күннің ашық та шуакты болуын тілемейтін пенде балласы кемде-кем шығар. Демек, аbzal ойлы адамзаттың ана деген ардақты аттың аясында аталағын әйел затының тенденсі үшін үдайы күресіп келгені тегін емес. Қазақ оқығандары, әсіреле, Алаш қайраткерлері, өткен ғасырдың басынан бастап әйел тенденсін күн тәртібіне тотенше қойып, туғып көтерді десе де болғандай.

Сондай санаткердің бірі де бірегейі осы Смағұл Садуақасов еди. Қамшының сабындағы қысқа ғана ғұмырының ішінде ол бұл тақырыпқа кесек-кесек үш-төрт көркем туынды арнап, талай-талай толғамы терең мәнді мақалалар жазды. Ол қазақ қыз-келіншектерінің өркениетті озық елдердің әйелдері дәрежесіне

көтерілуін армандап өтті. 16-шы жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы түнғыш романының басты кейіпкерлерінің бірі – Жұпар қызыдың ереуіл атқа ер салып, құреске бел буған қалың қолды бастап, патшаның жазалаушы әскеріне қарсы айқасқа аттануы – осы асқақ арманнның бір көрінісі секілді.

Қазак әйелдерінің отбасы, ошақ қасы құйбенімен қалып қоймай, ерге ердей, серіге серідей серік болып, қоғамдық өмірге аласуын көздең Смағұл ұлт жастарының түнғыш үйыми – “Бірліктің”, кейін “Жас азаматтың” Алаш қанатын басқара жүріп үйым жұмысына қызы-келіншектерді де тартып, оқыған, көзі ашық қарындастарының қолынан не келетінін дүйім жүртқа үлгі-өнеге етеді. Тіпті Гуля Досымбекова деген замандасты бір кезде осы жастар үйымының кіндік комитетін басқарып, жас алашшылардың үні “Жас азамат” газетіне де белсене атсалысады. Осындай көзі ашық қала қыздарының даға да ізгілік ұрығын еgetінін С.Садуақасовтың “Күлпәш” атты хикаяты да паш етеді. Сырты жалтырақ, іші коңылтақ кент өмірінен опа таппаган оқыған қызы жаны жайсан, жүргегі жомарт қыр жігітінің етегінен үстап, ауылда жаңа өмір жолын бастайды.

Қажырлы қайраткер, қарымды қalamгердің бұл тақырыптағы туындыларының арасында “Күміс конырау” хикаятының орны өзгеше. Шығарманың шырайы да, құрамы да басқаларға үқсамайды. Бастан-аяқ ол хаттардан ғана түрады, яғни екі дос жігіт пен жасынан бірге өсken қос құрбы қыздың өзара жазысқан хаттары. Соған қарамастан хикаятың желісі сымға тартқандай түп-түзу өріліп, оқиғалар үзілмей өрбіп, бір-бірімен жымдастып, жалғасып, бай мазмұнымен дараланады. Он хаттан түзілген туындының оқиға желісі төмендегідей:

Елге танымал, тәп-тәүір атақ-дәрежесі бар Сейілбек деген жігіт Көксеңгір өнірінде Сәлима атты асқан сұлу қызы бар деп естіп, сол жақта жүрген досы Қошқарбайға анық-қанығын айқындаپ, қыздың ойын біліп бер деп қолқа салады. Қыз шынында да хиссадағы “Кара жерге қар тамар, қарды қөр де бетім қор, қар үстіне қан тамар, қанды қөр де етім қөр” деп Ақжүніс айтқандай, ай дидарлы ару екен. Қошқарбай мән-жайды баяндаپ, қыздың ағайындарымен сойлессе, олар “баланың өзі біледігे” салады. Сырттай атына қанық, есімі ел аузындағы жұрт мактаған жігітке кетері емес қызы оны елге шақыртады. Қоныраулатып Көксеңгірге келген жігіт Сәлимамен қосылады да, қалаға алып кетеді. Алайда, арада онша көп уақыт өтпей, Сейілбек пен Сәлима бірімен-бірі түсініспей, ренжісіп, ажы-

расып кетеді де, қыз елге қайтады. Ал араларында жүріп күрбұсы Нагимамен танысқан Кошқарбай оған үйленіп, ауылдан мектеп ашып, жастарды оқытуға кіріседі.

Жарық жүлдышдай жарқ ете қалған бейкүнә маҳаббаттың қас-қағымда жалт етіп тез сөне қалу себебі неде? Алдымен мұнда әлеуметтік астар жатыр, ол – қала мен ауыл арасындағы айырмашылық. Оны бас кейіпкердің өзі де жасырмайды. “Мен орысша оқыған казак, – дейді ол. – Мен ауылды сүйем, бірақ ауылда тұра алмаймын. Мен қаланы жек көремін. Бірақ қаласыз күнім жок. Осы күні мен тұрган үлкен қала орыстікі болмай, қазактікі болса, біз де мұндай болмас едік”. Сәліма болса, қалаға бірден бауыр басып, кент тәртібіне тез қөндігіп кете коймайды. Алыс ауылда бүйіғып биязы өскен казақ қызының бірден биік өкше кіп, се-кектеп шыға келуі қыын да еді. Ал қала тәрбиесін алған жігітке оны үйретіп жату азап болып көрінеді.

“Жаңа заманның әйелі ескіліктен күтыламын десе алдымен өзінің осалдығымен, күйректігімен күресуі керек. Әйел өз бостандығын еркектің қолынан емес, жолынан алуы керек, – дейді Сейілбек Сәлімаға соңғы хатында. – Аркандаулы ат бос болмаса, арқанды байлаған қазық та бос емес.

Атты ұстап тұрмын деп қазық айтса, қазықты ұстап тұрмын деп ат та айтады. Сол сықылды сен өзінің бостандығын үшін қайткенде де Сейілбекті керек қыласың, онда мені бостандығынан айырғанын. Біреудің құлдығының арқасында екінші кісінің тапқан бостандығы түбінде қайырлы болмақ емес”.

Олай болса, әр әйел еркіндікті берсе қолдан, бермесе жолдан алып еңсесін биік ұстап, бостандығы үшін ұдайы күрес жүргізуі керек. Сонда ғана қазақ әйелі есесін ешкімге жібермей, кайраткерлік қасиеті мен қабілетін көрсете алады. Автордың да діттеген ойы осы болса керек.

Кезінде Сәбен, кәдімгі Сәбит Мұқанов бұл шығарманы жыр сұнқары Сәкен Сейфуллинге қарсы жазылған деп кінәлағаны да бар. Бірақ бұндағы Сейілбек “Мен Қазақстанның саяси адамының бірімін” дегенімен де, дәл Сәкен емес. Біздінше, ол сол тұстағы қалашыл оқығандардың жиынтық бейнесі. Олардың біразы Сейілбек сияқты ауылды жақсы көргенімен, онда тұра алмайды, қаланы жек көргенімен, одан шыға алмайды. Кент тәртібіне тез қөндігіп кете коймайтын ауыл қыздарына деген көзқарастары да бірдей. Бәлкім содан да болар, біздің оқыған ағаларымыздың алғашқы буыны түгелдей дерлік татар қыздарына үйленіп, келесі легі орыс бикештерін

бауырына басқаны. Ата дәстүрінен, ана тілінен макұрым үрпак алғаш солардан өрбіді емес пе.

Алайда Сәкеннің бастапқы үйленуінде осыған ұқсас жағдай-дың болғаны ақиқат. Оны әйтгіл ғалым Есмағамбет Ысмайлов таратып айтып та кеткен. Ақынның алғашқы жар-жолдасы болған Көкеш осы бертінгे дейін Шымкент қаласында тұрыпты. Ол тура-лы нақты деректі ақмолалық қаламгер Сейітжан Садаутегі “Тағ-дырдың тарғыл жолы” кітабында (Алматы: “Жібек жолы” баспа үйі, 2001) келтірді. Оңтүстік өңірге келіп-кетіп жүретін журналист Көкеш апаймен екі-үш мәрте кездесіп, оның өз аузынан көп жайларға қанығады.

Көкеш Көксенгірдің Қойтас өнірін мекендейтін Мұса байдың қызы екен.

Шын есімі – Гүлнэр, женгелері еркелетіп “Көкеш” атап кетіпті. Арқаның атакты Мәті-Дәулең руынан шыққан Шәріп деген байдың жарым ес ұлына еріксіз ұзатылғалы жатканын естіп, Орынбордан жақын ағасы Әлкей мен Сәкен келіп қызды азат етеді. Ай десе аузы, құн десе көзі бар, шынында да толтан шыққан сұлуға ақынның қоңілі құлап, жан-жағының келісімімен үйленіп қалаға алып қайтады. Алайда лап етіп тез тұтанған махаббат ұзак мазда-май, ұғыныспаудың салдарынан көп ұзамай олар ажырасып кетеді.

– Сәкенге ешбір өкпем де, ренішім де жоқ. Және оны кінәламаймын да. Аз құн бірге болсак та, адап сыйластық. Ол мені кала мәдениетіне тәрбиелеп, кентше киіндіріп, сауыктарда көп адамдар арасында ертіп жүрмек болды. Бірақ мен онысына жуырмаңда үйренбедім. Ауылда алған тәлім-тәрбие арқандап ұзатпады. Ақыры, екеуміз келісіп ажырастық, Сәкендей абзал, асыл, періште жанға тең болу қайда маған?! Бірақ оның орнын тірі пендеге бастырга-ным жоқ. Сәкенде жаңымда да, тәнімде де адап сақтаған болды өмірден, – депті Көкеш апа.

Сәкеннің де өмір-баки одан достық қоңілі сұйымаған сыңайлыш. Соның ақылымен Көкеш Тәшкентте САГУ-дің рабфагын бітіріп, “Еңбекші қазақ” газеті мен әйелдер журналында әдеби қызметкер болып, кейін тағы да соның қемегімен Комвузға түсіпті. Содан қызмет бабымен осы оңтүстік жақта қалып қойса керек. Сәкеннің дүшпандары олар ажырасқан тұста “тастап кетті, тәрбиелемеді, деп арыз жаз” деп қанша ұтылағанмен, бұл оған баспаған. Кейін ақын ұсталған соң “Халық жауының қатыны” деп көзтүрткі қылғандардың қылығына да қынбаған. Дініне берік, діліне бекем жан берген серт, алған беттен қайтпай, жалынды ақынға деген коніліне қылау

түсірмей откен. Бертін атакты Шынығыс Айтматов туған әкесімен тағдырлас қазақ ақынының аруағына тағзым етіп Шымкентке бір келгенде Қекешті тауып алып, республикалық дәрежедегі дербес зейнетакы тағайындағы, жақсы-жайлы пәтер алып беріпті. Бұны да апай аруағын ардақтағ өткен Сәкенінің шапағаты деп білген. Осы пәтерден ол өзін-өзі күтүге әл-дәрмені қалмаған шакта жерлес, елдес сіңлісі Рабига Ергалиқызының қолына қөшкен. Олар анасындай аялап күтіп, өмірден отерінің алдында өз өтініші бойынша оны Қекіше өніріндегі ағайындарының қолына апарып салған. Ал 1988 жылғы мамырдың акырғы күні ол кайтыс болғанда Рабиганың ері ғалым Асылбек Баймұқанов арнайы үшып барып, марқұмға топырақ салып қайтқан. Бұл да өткенге деген ортақ ілтиппаттың белгісі болар.

Міне, Смағұлдың “Күміс қоңырауынан” сұыртпақталатын бір шежіре осы секілді. Ал оның бұл такырыптағы жазбаларында талай тарих жатқаны даусыз. С.Садуақасовтың үлт істері жөніндегі халық комисариатының үні – “Жизнь национальностей” журналының 1920 жылғы 32-ші санында жарияланған “Шығыс үлттары жастарының бүкілресейлік бірінші мәслихаты” атты макаласында мынадай жолдар бар:

“Әйелдер арасындағы жұмыска келгенде, еркектерден корлық көрген шығыс әйелдерінің қаналуына қарсы батыл күрес жүргізіп, олардың бетіне перде ұстамауын. қыздардың малға сатылмауын (әсіреле қазақтар мен сарттар арасында) кадағалау шарт. Олардағы (Түркістан, Әзіrbайжан) еркектерге бет-жүзін көрсетпейтін әдепті жойып, алғашқы кезде айрықша әйелдер секцияларын үйымдастырған жөн. Мұсылман дінінің ықпалы салдарынан шығыс әйелдері еуропалық құрбыларынан көш кейін қалды. Отбасында олар күн. Әйел-ананың мұндай жағдайы үрпакқа кесапат-кесірін тиғізбей отырған жоқ. Шығыс еңбекші жастарын үйымдастыру сияқты құрметті міндет жүктелді. Өз қатарымызда біз қазір алпыс мың жас жолдастарды үйымдастырып отырмыз”, – деп жазады. Соған қарағанда, Смағұл Садуақасов тек қазақ жастарының ғана емес, бүкіл шығыс жастарының жетекшісі болып, кезінде солардың атынан сөйлегені байқалады. Жастар жетекшісі әйел тенденсі туралы ойларын 1921 жылғы ақпанды “Коммунар” газетінде жарияланған макаласында одан әрі өрбітеді.

“Калың мал үлттық кесел болып қана қоймай, ол қазақ кедейлері мен еңбекшілерін қанаудың қуравына айналып, үйленуді адамның мал-мұлқіне тәуелді етіп қойды. Бай қазақтың бірнеше әйел алуға

мүмкіндігі болды да, кедей бейшараның қырыққа дейін бойдак жүруіне тұра келді. Ол ғұмыр бойы шамасы қелмейтін қалың мал төлеуге (27-44 бас мал) мәжбүр. Сөз жоқ, бұл жағдай қазақ халқының күллі қоғамдық өміріне кесір келтірді. Жарым-жартысы заң жүзінде ғана емес, шын мәнінде құлдық пен қундікте болып, сатып алу мен сатудың нысанына айналған халық өзін-өзі қалай азаттын деп санай алмақ. Өмірді жаңа арнада кайта құруға кіріскең қазіргі кезенде ғасырдан ғасырға созылып келе жатқан мұндаидар кесапатқа орын болмауға тиіс”.

Қалың малға қарсы ол осылай келіспес күрес жүргізе отырып, қазақ әйелін қанау мен езгіден құтқарып, жаңа өмір жасауға жаппай тартудын жолын да нұсқаған. Бүгінгі өркені өсіп, көсегесі қөгерген қазақ әйелдері өздерінің өркениет білгіне құлаш ұруның бастауында осы Смағұл Садуақасов сиякты абзal ағалары түрғанын мақтан етуге өбден қақысы бар.

Өзі өлгенмен сөзі өлмеген осындаидар азаматтың, ұлтжанды үлкен қайраткердің еліміздің тарихынан өзіне тиісті орнын құні осы уақытқа дейін ала алмай жүргені ойлантады. Бүрнағы жылы оның туганына 100 жыл толуының атап өтілмегені де осының салдары болса керек. Халық үшін шыбын жанын шуберекке түйіп, қандай киындықтан да қаймықпай, ойын ашық айтқан айбында да айдынды қайраткерден кейінгі үрпақ алар тағылым аз емес. Тек осыны жүрттың жетесіне жеткізіп. жүрегіне ұялата білгеніміз ләзім.

2003 жыл.

ҮРПАҚПЕН ЖАЛҒАСЫП, УАҚЫТПЕН ЖАҢҒЫРАР ЕСІМ

Зайыры, біреуді біреу аға тұтқанда жасына емес, басына қарайтын болса керек. Былайша алғанда, бұл адамның ой-өрісіне, парасат зердесіне, кіслік бейнесіне көрсетілер құрмет сияқты. “Ақылы асқанды аға тұт” дейтін халық даналығы да дәл осыдан туған фой. Эйтпесе дарынды драматург, қарымды қаламгер, қазақ өнерінің қабырғасын қаласып, шаңырағын биіктеткен шандоз қайраткер Шахмет Құсайынов Зараппен түйдегі құрдас-тын. Бірақ оны ғұмырбаки аузынан тастамай, ұстаздай ардактап, аға тұтып откенінің күесі болдық. “Шіркін, жанып тұрган жалын еді фой!” деп бастап, онымен алғаш қалай кездескенін жырдай ғып айтатыны күні бүтінгідей құлағымызда.

... Сол жылы көктем қауырт болып, жаз жайраңдай туды. Жаз жайлаудың қызығы қашанда ойын-сауық емес пе. Сауық сағынған елге “театр келіпті!” деген сөз әп-сәтте тарады. Алғаш бой тартып қалған жұрт театрдың ойын-сауық отауы екенін есіткен соң қуанышы қойнына сыймай тайлы таяғы қалмастан ойын қойылатын ауылға ағылды. Сырымбет саласына бытырай қонған он бір ауылдан үйінде бір жан қалмай-ақ аттылы-жаяуы аралас кемпір-шал, бала-шаға, қызы-келіншек шұбырып келіп жатады. Сахнаға ыңғайладап, түйістіре тіккен кос киіз үйдін алды қарақұрым халық. Сахна шымылдығы әзір ашылған жоқ. Алайда жиналғандардың көңілін аулай тұрайын деді ме, әлде ойынға назарын алдын ала аударайын деді ме, бәзі біреу домбыра шегінен күй саумалап бебеулете зарлап шырқай жөнелді. Кәдімті Ақан серінің “Құлагері”. Айтушының аса зарлы ашық үні көңілге мұң, көзге жас үйірлтеді. Құлаққа ұрған танадай тырп етпей ыбыр-сыбырсыз құмарта тындаған ауыл адамдарының

кулағына қапијда мерт болған тұлпардың шұрқыраған даусы естіліп, көз алдына оның басын құшактап зарлаған ақын ағасы келгендей болды. Бірак әнишінің кім екені белгісіз. Оны жиналған жұрт көкорай шалғынның үстіне ығы-жығы жайғасып боп сахна шымылдығы ашылғанда бір-ақ білді. Топ алдына бірінші боп шығып ойын бастаған тостаған көз, томпак бет, қара торы балаң жігіт Зарап Темірбеков екен.

Бір көргеннен-ақ көзге бәрінен ерекше түскен жасы он сегізге енді жеткен бозбала бұл сапарында ән салып қана қоймай, Мұхтар Әуезовтің “Еңлік-Кебегіндегі” қуакы Жапалдың рөлін ширак, шымыр орынданап, жұрттың жүрегіне жол тапты. Енді бірде тақымына басқан жалғыз атын жебір болыс тартып алғып, таяқ ұстал қалған сорлы шалдың қалт-құлт еткен қимыл-карекетіне салып, қақалып-шашалып қырылғаған даусын, жыларман болған бет әлпетін айна-қатесіз келтіріп, отырғандарды қыран-топан күлкіге батырды. Көрерменді бірде қуантып, құлдіріп, бірде қайғыртып мұнайтып, қас қаққанша қырық құбылатын сахна өнеріне Шахаңның ең алғаш ден қойғаны да, бәлкім, сонда болар. Келесі жылы Қызылжа-рға педтехникумға барса, Зарап сонда жүр. Бұл техникумның әзірлік бөліміне түскенде ол негізгі курста оқып жатыр екен.

Ақан сері, Біржан сал, Үкіл Ұбырай, Балуан Шолактың әндерін нақышына келтіріп, шалқыта, шарықтата шырқайтын Зарап шынданап келгендे жастар өмірінің жан-жүргі секілді. Техникум жастарының комсомол үйіміна жетекшілік ететін ол көркемөнерпаздардың да үйиткысы көрінеді. Былтыр жазда бастап Сырымбетке келген қөшпелі театры да Қоқшетау уездік оку бөлімінің жанынан осы жігіттің өзі үйымдастырған көркемөнерпаздары екен. Ирі ағартушы, үлкен ұстаз, аға оқытуши Біләл Малдыбаев мұны техникум шәкірттерінің ішінде бөлекше көріп, бауырына тартып өнерін үштауга айрықша зер салатын секілді. Баптауы келіскең бала қырандай көзі оттай жаңып, Зарап та санқ-санқ етеді, әрі таңдайынан шаш шыққан шешен.

Бастап көргеннен-ақ бірін бірі іш тартып шүйіркелесе кеткен Шахаң бертін жақын таныса келе Зараптың кіндік қаны тамған жері өз ауылынан алпыс шақырымға жетер-жетпес қана екенін білді, атақты Ақан Қоскөлінің шығыс жағы арудың акпен өрген бұрымындаидай қарагай, қайыңы аралас тұтасып жатқан қалың жыныс ну орман болатын. Сол ормандардың ортасындағы Үңгір қарғайы деген бір әсем жерді мекендеген Темірбек деген кедей болса да еті тірі, ешкімге кеудесін бастырмайтын талапкер азаматтың от-

басында туыпты. Темірбек табанынан от шыққан пысық, алғырғана азамат емес, әжептәуір ақындығы бар өнерпаз да болған. Кезінде Ақан ағаның өзі оның өнеріне дең қойып сөз сайыстырғаны да бар:

*Дүние-ай, жарда ойнаған лактайсын,
Байыздан қандай жаңға тұрактайсын?!
Енелен жетіп келсем басқа шапшын,
Жалындай ыстық үрүп шыдаттайсың.
Кей-кейде өзімсін күлгөн болып,
Қыржының кедей көрсөн ұнаттайсын.
Жылыстан бірді бастап, бірді костап
Тұлқіннің құйрығындаи бұлтактайсын, —*

деген сияқты оның дүниеауди жырлары ел аузында айтылып та жүреді. Сол өнерпаздың балаларының кеңжесі болып, алтыншы үл Зарат 1906 жылы дүниеге келеді.

Зарат туған соң төрт жылдан кейін Темірбектін өзі өмірден озып, артында алты үл, екі қызы қалады. Әкесі қайтыс болған соң ересек балалары күнкөріс қамымен Шалқар станицасының қазақорыс байларына жалданады. Арасынан тек Айтжанғана сұрылып шығып, Науан хазіреттің медресесінен білім алады. Кеңже інісінің зерделі, зерек екенін ерте таныған ол Зараттың үйінде өзі оқытып, қаршадайынан хат танытып шығарады. Кент ішінде оқып, қофамдық өмірге араласқан, партия қатарына өтіп, Қеңес өкіметтің орнатуға атсалысқан Айтжан азаттық таны атысымен інісін Қекшетауға алып келіп жетіжүлдіқ текстес казақ мектебіне окуға береді. Зарат мектеп қабырғасында жүріп он бес жасында комсомол қатарына өтіп, келер жылдары оки жүріп қаланың жастар үйіміна жетекшілік етеді. Одан уездік оку бөлімінің жолдамасымен жоғарыдағы педагогиктүсіп, студент бола жүріп губерниялық комсомол комитетіндегі жұмыс істейді.

Окуын бітірісімен-ақ Ақтөбе губкомолына қызметке жіберіледі. Көп ұзамай Жетісу губкомолының үгіт-насихат бөлімінің менгерушісі болып, Алматы қалалық комсомол комитеттіңінде хатшысы қызметтің қоса аткарады. Қайда қызмет істесе де баспаса зебен берік байланыста болып, түрлі тақырыпқа, әсіреле жастар өмірі мен мәдениет, әдебиет пен өнер мәселесіне қалам тартып жүретін оны отызыншы жылы өлкелік партия комитеті өз ықтиярымен “Еңбекші қазақ” (қазіргі “Егемен Қазақстан”) газетіне партия түрмисы бөлімінің менгерушісі етіп ауыстырады. Сол жылдың аяғында өлкелік партия комитеті өз аппаратына шақырып алып, идеология

хатышының көмекшісі етіп бекітеді. Сонымен бірге ол Жанайдар Садуақасов редактор болған кезде “Қазақстан большевигі” (бүтінгі “Ақикат”) журналының жауапты хатышы қызметін қатар жүргізеді. Партиялық жұмысы одан әрі ұласып, келесі жылдары Атбасар, Ақмола аупарткомдарында бөлім басқарған оны өлкелік комитет жастар жұмысына қайта шақырып, Қарағанды облыстық комсомол комитетіне екінші хатшы, араға он алты ай салып, “Лениншіл жас” (“Жас Алаш”) газетіне бас редактор етіп тағайындаиды. Сол 1935 жылы ол Жастар Коммунистік интернационалының дүниежүзілік алтыншы конгресіне катысып, Кенес Одағы жастар үйімінің атынан сөз сөйлейді.

— Екі тілге бірдей тең жорға оның сөзі қашанда ұтымды болып жүрекке бірден жол табатын, — дер еді Шахаң оның шешендігін айрықша атап айтып, — оның баяндамаларын да, сөздерін де тебіреніспен тыңдайтынбыз. Ол ешуақытта жазып алып сойлемейтін, қолында конспекті де болмайтын. Өйткені табиғи шешендік дарын бойында тұмысынан бар қасиет. Мінберге шығарда томағасын сипырған бала бүркіт тәрізді көзі жайнап, залда отырғандарға қарап ап сөзін сабырмен бастап, қыза келе қаз дауысы санқылдан көсіле жөнелетін. Не бір іркілу, небір кідіру, небір сарқылу жоқ, төгіле түсіп тыңдаушысын лезде баурап алып, сергек сезімге, жан тебіренісіне жеткізетін де, өзіңмен өзің боп, қауышып кете баратын. Жастардың жігер жалынын тұтатып, намысын қозғап, адад адал, азamat болуға шақыратын.

Осылан қарағанда ол Коминтерн мәжілісінде де өлемнің әр шалғайынан жиналған жас азаматтарды аузына каратаң қайткан болу керек. Шынында да, Зарат жастардың дарынды жетекшісі ғана емес, жалынды қамкоршысы да болған ғой. Қай қызметте жүрсе де, ұлылы-кішілі, аласалы-біекті қандай тұғырларда отырса да, жастар қамын ойлауды, оларды өнерге баулауды, мәдениетке үндеуді есінен екі елі шығарған емес. Губерниялық деңгейдегі басшы қызметте жүргеніне қарамастан ол келген көркемөнерпаздарға қосылып кетіп Кебек, Еркебұлан, Шаншар молда, Малқамбай рөлдерін қарапайым үйірме мүшелерімен бірге орындан кете береді екен. Осыдан-ақ оның қолына тиғен қызметті атақ алып, даңқын шығарып, мақтан қылу үшін емес, елдің алдындағы азаматтық борышын ақтап, жастар қауымының ілгері үмтүліп, болашакқа құлшынуына мұрындық болу үшін жасайтыны аңғарылады.

Бұл пікірімізді жасында Зараттың жақсылығын көп көрген керемет сазгер, академик Ахмет Жұбановтың бір айтқаны беркіте

түседі. “Қайда жүрсе де драмалық, музыкалық үйірмелер күрып, жастаңдың рухани мәдениетін көтеруде ұлғи болуы, әркез өзі бастап ойнап ән салып, сүфлерден бастап сахнада неше алуан бейне жасауы қанша айтса да жалықтырмайтын жай сияқты. Өнер иелерін жын-шайтан көретін кейбір ауылдарда “жанды афиша” жасап, өзі бас болып кейіпкерлердің сахналық киімдерін киіп, көшө аралап, көрермендерді кешкі сауыққа үтітеген. Осылардың бәрі де Заратың өнерге деген ықыласының үстінен асқан қабілетті де болғанын дәлелдейді” деп жазды ол осыдан дәл жиырма жыл бұрын “Қазак әдебиеті” газетінде.

Демек, ол қабырғалы қоғам қайраткері ғана емес, бақайшағы бүлкілдеп, көкіреті күмбірлеп тұрган өнер адамы. Оның “Жанталас” атты драмасы республикалық бәйгеде ынталандыру сыйлығына ие болып, Жұмат Шаниннің режиссерлік етуімен отызының жылғы желтоқсанда Қазақ драма театрында қойылады. Шығарманың өн бойына өзек бол тартылғаны – “асыра сілтеу болмасын, аша түяқ қалмасын” деген солакай саясатқа наразылық. Басты рөлдерді қазақ театрының іргетасын қаласқан тарландар Қалибек Куанышбаев, Елубай Өмірзақов, Серке Қожамқұлов орындайды. Әзірліктің әрбір кезеңіне Заратың өзі қатысып, қай сөздің қалай айтылуына дейін қадағалайды екен. Театр халықтың, әсіресе жастардың тіл үйренетін мектебі болуга тиіс. Сондықтан мұнда әр сөздің нақышына келтіріп, мәнін аша, әрін енгізе айту керек. Бір сөз бір сөзге сәулесін де түсіретінін, көлеңкесін де түсіретінін актердің естен ешқашан шығармағаны абзал”, – деп ескертүші еді Зарат дәйім” дейтін еді сол күндерді еске алғып сахна серкесі, еңбек ери Сераған, көдімгі Қожамқұлов.

Тіл табиғатын осыншалық терең түсінетін, көркемсөздің, көсемсөздің паркы мен наркын бәрінен жоғары бағалайтын Зарат әдебиетті жалпы елді, оның ішінде жеткіншек жас үрпақты тәрбиелеудің таптырмас құралы деп білді. Оның “салт-сана, пікір таласында қаранғы тұманды жарық қылып ескі түрмис, сасық әдettі шебер сылып, одан бүгінгі еңбекші жүртшылығымызды жирендіретін, жарқын болашакты көзге елестетіп, жаңа өмір жасауға талпынтып, адамның ақылы-ойын өсіретін көркем әдебиет. Ендеңе еңбекші жастарды ізгі мәдениет арнасында тәрбиелеп, жаңа өмірлің қожасы, иесі болуына жол-жоба, ақыл-кенес беріп, жаңа түрмисқа қарай қадам бастыруға әдебиетті құрал қылып кіріселік” деп жазуы де тегін емес (Лениншіл жас, 1928 жылғы тамыз). Сол тұста әдебиет сарайының есігін қаққан жас ақын-жазушылардың

арасында Зараптың шарапаты тимегені кемде-кем. Жұмағали Саин, Саттар Ерубаев, Несілбай Манашев, Алдажар Теміржанов оның тікелей қамкорлығын көріп, қалам шындалды. Әсіреле, сол жылдары өртенге шыққан көктей қауап, өнерге дүркірей келген жас таланттардың арман-қиялын қанаттандырып, ақыл-кеңесі арқылы олардың талабы мен талантын ұштауға атсалысты ол. Өзі де өндірте еңбек етіп, алуан тақырыпта ой қозғады.

Зараптың сол жылдары жазылған макалаларынан жалынды публицистің жүрек луппілі сезіліп, сол бір алас-кулес асығыс кезең жастарының өмір тынысы, өрлеу жолы, өршіл мінезі, отанышыл сезімі анғарылады. Ол қайбір іссапарында да алдымен жастарға жолығып, солармен сырласып, көніл-күйін, арман-тілегін біліп отырған. Осының әлемі бір мысалын Көкшетау облысы арлагерлерінің ағасы, белгілі қоғам қайраткері, еңбек ері Баян Жанғалов жақындағы бір жазбасында еске түсіріпті. Байекең ол кезде “Қарабұлақ” колхозының комсомол үйымын басқарады екен. Егін орағы жүріп жатқан кезде ел аралап, Алматыдан Қазақстан Орталық партия комитетінің екінші хатшысы Салық Нұрпейісов келеді. Қасында жастар газетінің жауапты редакторы Зарап Темірбеков бар. “Бір көргенде бауырына тартып, сырласып ақыл айтқаны күні бүтінге дейін есімнен кетпейді. Әсіреле Зарап ағамыздың: “Халыққа қамқор болындар, жастар оқысын, білім алсын. Өзің де оқы, окуға тұс” дегені жаңыма рухани күш беріп, қуаттандырып, қанаттандырып жібергендей болды. Менің өз өмірімде еліме, халқыма сініре қалғандай енбегім болса, оны сол жолы Зарап ағаның маған берген ақылдың ерекше өлшеуіндей көремін” деп жазады Байаган.

Бірақ осындай ағамен қайта бір қауышуды қатыбас тағдыр қимапты. Отыз жетінші жылдың кара күзінде Қазақстан Орталық партия комитетінде жауапты қызметте жүрген Зараптың қыршиң гұмырын жеке адамға табынудың қарабалтасы киды да кетті. Бұл қалай деп айтуға да батпай, іштей булығып өзегі өртенген ағайын туыс қалды. Қарағандыда жауапты қызметте жүрген Айтжан ұшақ апатында опат болып, колхоз басшысы болған Сүйрік Көкшетауда үялас ұрылардың қолынан қаза тауып, Байтемір мен Мұхамеджан дүние салып, қалған жалғыз және үлкен ағасы Жантемір “халық жауының бауыры” деп абактыға жабылды. Зар заман зорлығының ол жақын-ау деген жандарының ішінде шарпымаган адамы жоқ. Жан-жары, көрнекті кәсіподақ қызметкері Сақылпекмал Назарова да іле ұсталып, он жыл бойы КарЛАГ-тың тұтқыны болды. Үлкені

жетіде, кішісі төрт жаста екі баласының екеуі де балалар үйіне тапсырылды.

Тұтқыннан босай сала іздеу салып Сақып апа балаларының үлкені Алманы көп ұзамай тауып алды. Ал ұлы Жаңарт қанаша табан тоздырып сарсылғанмен ұзак уақыт таптырған жок. Бақса, ол басқа республикаға жөнелтіп жіберілгіпті. Ақыры, қыргыз елінің Милефан деген дүнгөн ауылдан табылды. Жалғыз ұлымен отыз бес жыл өткен соң қауышып, Сақып апай бірден жеті немеренің әжесі болып шықты. Алайда немерелері атақты атасы туралы біле бермейді, оларды былай койып, оның өз балалары да аз біледі. Білсе де тұрғыластары, сырластары, сыйластары ретінде Зараты көзі көрген кезінде қызметтес, қадірлес болған белгілі адамдардың, қонекөз қариялардың айтуы, архив қоймасынан ашылған азды-көпті еңбектері арқылы ғана біледі. Бір өкініштісі, сол еңбектерінің көбі жоюып жіберіліп, қолға сирек түсіп жүр.

Өз басым, оны өте жақын білетін арадағерлермен кезінде көп әңгімелескен едім. Аяулы Ахмет пен Шахмет тәрізді Темірхан Жапабаев, Мақай Жұнісов, Петр Кияница, Шеріп Өтеповтер мол мағлұмат берген. Содырлы сұрқай жылдардың отына шалдықса да, өртінен аман шықкан сол сабаздардың бүгінде бірі де жок.

Бір жағдайға байланысты сондай бір сұхбат еске түсіп отыр. Ертеректе Қекшетауда қызмет істеп жүрген кезімде “Каз.правданың” бұрынғы бас редакторы Николай Верховский айдаудан боса-нып келіп, облыстық орыс газетінде редактордың орынбасары болды. Бірде сыр тартып сол кісіден сұрағанымыз бар.

— Біздің жерлесіміз Зарат Темірбековті білетін боларсыз? Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінде баспасөз саласын басқарып тұрып ол да өзіңіз сияқты үсталып кетті гой. Айтыңызшы, оның баспасөзге басшылығы, жалпы журналистер қауымымен карым-қатынасы қандай болды?

— Зарат Мұсаұлын ба, білгенде қандай! Қalamгердің бәрін қадір тұтатын, көбімен көңілдес дос-жар бол жүретін. Бірақ баспасөзге, әсіресе орыс басылымдарына талабы тым қатаң болушы еді. Қазақ халқы, оның салт-дәстүрі жайында артық-ауыс бірдене кетіп қалса, катты шүйлігетін. Басқа тілдегі басылымдар қазақ халқының сыншысы емес, жыршысы, насиҳатшысы болуға тиіс. “Қазекен өз мінін өзі-ақ мінеп, тезге сап түзеп алады. Сондықтан оны сыйырта сынап, шамдандырмай, өз олқылышын өзі жоюына мүмкіндік беріндер. Сырттай сойылдауды доғарындар” деп талай рет қатаң ескерткен

еді. Кім білсін, ұлтжанды азаматтың ол пікірі орынды да шығар, — деп еді сонда көпті қөрген қарт қаламгер.

Әредік осы сөз ойға оралғанда, туған халқын қалтқысыз сүйген, оны қанаттыға қақтырmas, тұмсықтыға шоқытпас үшін ұдайы на-мысын жыртып, атақ-абыройына дақ салдырмаған даңқты ағамызы-дың батылдығы мен батырлығына таң қаламыз. Жастайымыздан отырсақ басқа үріп, тұрсақ тобықтан қағып жасқаншақ, жалтақ, жеркорқақ болып өскен біздің үрпакта мұндай қасиет, әрине, си-рек. Кей-кейде бүтінгі баспасөзге басшылық ететін азаматтар бірбет батыл болса, кейбір “Караван” сияқты аузына келгенін айтып ауа жайылып жүрген басылымдар ауыздықталып, қит етсе халқымызы-дың намысына тиіп қайдағы-жайдағыны жариялауын қояр ма еді деп те ойлайсын.

Даңқты ұлдарын, әлбетте, дәүір туғызады ғой. Қазақ жастары-ның жолбасшысы Фани Мұратбаевтың ізін басып, ісін ілгері жал-ғай өскен Садық Нұрпейісов, Қайсар Тәштитов, Әшір Бүркітбаев, Зарап Темірбековтер дауылды қундердің, дабылды қундердің өзі өмірге әкеліп, езілген елінің еңесін көтертіп, ертеңіне бастаған бірегей тұлғалар. Бірақ үрпак жаңғырып, заман ауысқан сайын олардың бәрі бірдей жүрт жадында сақтала бермейтіні де занды. Себебі әр кезеңнің өткенге деген өз өлшемі, өз көзқарасы болады. Алайда заман қандай, қоғам қандай болса да туған жүрттың жақсы-лыққа бастап, жаңағында үндеген қайраткерлер ұмыт калуға тиісті емес. Ендеше, қарымды қаламгер, жалынды қайраткер, өрелі өнер-паз, қошелі азамат Зарап Темірбековтың есімі де үрпак алмасқан сайын жалғасып, уақыт өткен сайын жаңғыра берер деп сенеміз.

Әрине, бәр-бәрі өздігінен оралып, өмілдіріктен онғарылады деп қол қусырып қарап отырсақ, алтынның өзін тот шалып, асылдың өзін шан басуы мүмкін. Сондықтан да елім деп еңіреп өткен едіге азаматтардың аруағын дүркін-дүркін тебірентіп мерейтойла-рына қарамай-ақ есімін ауық-ауық еске түсіру керек. Ал ардақты есімдерді ұмытпай есте ұстаудың бір жолы айтулы азаматтардың атын елді мекендер мен көшелеңгер беру ғой. Бірақ күні бүгінге дейін Зараптың тау қыранындау түлеп үшқан Қекшетауының өзінде күні бүгінге дейін ештеңе болмауы қынжылтады. Сол себепті оның өзі туып-өскен Ақан ауылын Зараптың есімімен атая қажет деген пікірді өз басым қатты қолдаймын. Өйткені бұл ауылдың әйгілі Ақан серігे ешқандай қатысы жоқ. Оның үстіне кезінде Зарап аға көп жүрт жұтып жіберіп, ұлттық қасиетінен жүрдай қылады деп казак-орыс станицасынан бөліп әкеліп, ауылын қазіргі қонысына

орналастырып бөлек артель стіп, оны өз досы, сол кезде жастар жетекшісі бол жүрген С.Нұрпейісовтың атымен ататқан ғой. Одан кейін де атауы әлденеше өзгеріп, қазір құрғап қалған “Ақан” деген көлшіктің атына көшкен. Оған қоса абзал ағамыздың мерейтойы қарсаңында өзи қаршадай кезінде жастар үйымын басқарған Көкшетау қаласынан бір көшениң атын берсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Асылы, Заралы қабілетінің оннан бірі де бүр жарып, еркін ғұлдеп ұлгермей, қапияда мерт бол кеткен сегіз қырлы, бір сырлы санаулы ұлдарын елі, оның ертеңі – жас үрпақ есте тұтуға тиіс. Ол шын мәніндегі өз кезінің көрнекті қаламгері, көшелі қайраткері болған кісі.

1996 жыл.

ЕКІ ЕЛДІҢ ТЕЛ ПЕРЗЕНТИ

Облыстық газетке келіп қызметкө орналасқан кезім. Алғашқы журналистік жолсаларымның өзім туып-өсken ауданға түскені фой. Аудан орталығында елең еткізген ең үлкен жаңалық – Қазан каласынан Ибраһим ағайынқітабы шығуы болды.

– Ибраһим ағайын кім? Қайдағы кітап?

– Салахов ше? Аудандық тұтынушылар одағында бухгалтер. Білуің керек, баяғыда буфетте істеген, – дейді достарым.

Есіме еміс-еміс енді тұсті. Орта мектеп бітірген соң жылға жуық аудандық газетте қызмет атқартғаным бар. Редакциямыздың тұра алдында асхана болатын. Бірер адам үшін бір бітпейтін үшкірысыз газет қарекетімен пәтерге барып түскі ас ішіп қайтуға қол тимей, кейде ауқатты асханадан жасайтынбыз. Қашан барсақ та, жылы ғана жымып, үні жүп-жұмсақ, кең маңдайлы көзілдіркіті кісі тұратын буфетте. Шашы төбесіне қарай түрліп барып токтаган, шықшытты жазық маңдайы калың көз әйнегімен астасқанда басын жұмыртқадан жаңа шыккан үйрек балапанына ұқсатып жіберетін. Бір аяғы ағаш па, әлде тізесінен бүгілмей ме, әйтеуір сұлтып, таяқ таянып жүрестін.

Бірде ол мені оңаша алып қалып, газетте жарияланып жүрген өлеңдерім мен оқшау сөздерімді оқитынын айттып, талабыма сәт сапар тілей отырып, алғашқы адымымның әнтек тұстарын да ашып берген

– Жазатын адамға, әсіресе, акынға көп білу керек. Яғни тынбай оқып, талмай іздену шарт. Менде біраз тәуір акындардың өлеңдері бар, келіп танысуыңа болады, – деген-ді.

Кейін қашан оқуға кеткенімше өзім құралыптас ұлы Ульфат пен еріп, ол кісінің үйіне барып та жүрдім. Екі бөлмелі саман үйі

жатақхана сияқты болатын. Ауданың жаңа қонысынан пәтер таба алмаған жалғызліктер мен жас жұбайлар осында келіп жайланар еді. Жайшылықта қолынан түспейтін кітабын мені көргенде ысыра салып, әдебиет жайында әңгіме-дүкенге кірісетін ол. Жастықтікі ме, әлде аңғалдық па еken, есепшот қағып тұратын қарапайым сауда қызметкерінің әдебиетті неліктен мұнша терең білетініне онда ой жүгіртпеппін ғой. Бақсақ, ол сталиндік зұлматқа душар болған дарынды татар жазушыларының бірі еken. Міне, енді араға жиырма жыл салып көз жазып қалған ақынмен жұртшылық қайта қауышып отыр.

Осы оймен Ибраһим ағайдың табалдырығынан аттадым. Баяғы жылы жымысы, майда мипаз үн қарсы алды тағы да. Сонау зұлмат жылдары қанша дарын қанатынан қайырылып, қалың халқынан, жанашыр жұрттынан аласталып, шерменде болған десеishi! Темір тор, қапас құрсау талайының қажырын мұқап, қаламын тұсаған. Солардың бірі осы Ибраһим Салахов. Татардың жаңа әдебиетін жасаушылардың бірі болған ол отызыншы жылдары-ак “Жекпежек” повесі мен “Шөпте” атты жыр жинағы, “Махабbat” драмасы арқылы әдебиет жанкүйерлеріне көнінен мәшінүр болған емес пе. Татарстан баспасөзінің қалыптасуына да белсene атсалысып, жастар газетінің жетекшісі болған ғой. Не керек, накақтан жабылған жазықсыз жала оны Сібір ормандарының ортасынан бір-ақ шығарып, ұзақ жыл іштей булықтырып, жүректегі жанартаудай жалының тұншықтыра тұруға мәжбүр еткен.

Тұтқыннан босаса да қабілеті қанаттанған нұрлы да, сырлы Қазанына жете алмайтын болған соң ол кіндік кесіп, кір жуған жері Қекшетауға оралса керек. Оның өзінде де калаға рұқсат болмай, аудан орталығына орналасқан сыңайлы. Мен алғаш көрген кезде қайран ақын сүйікті көсібімен шұғылдана алмай, қарапайым есепші қызметтін аткарып ішқуста болып жүреді еken-ay. Зерделеп көрсем, қоңлілдің сол бір сәттері пышақ қырындей ғана жыр жинағы “Дала толқындарынан” да шаң беріп қалады еken.

Көлін қатты қысқаныммен, аяулым,
Көз нұрына қалай ғана тоярмын!
Кеудемдегі тасқынына шаттықтын
Қай жартасты тосқауыл қып коярмын?!

Айырылып сенен шалғай кетіппін,
Карлы құзды Қап тауынан өтіппін,

*Бірақ ыстық махаббатың жаураттай,
Қақап тұрган Тайгадан да жетеппин, —
деген жолдарда небір өмір өткелдері өрілген емес пе!*

Тұган жерге, тілеулес елге деген махабbat, айдын дала, абзal анағa деген перзенттік сезім қапас тірліктің тұңғиық тұманын ысырып, асау теңіздің адудын толқындарынан аман алып шығып, үйрінен адасқан қаздай ақынды дос-жаранына қайта қосады. Ағыл да тегіл жыр болып кеткен көніл сабасына оңай түсे де қоймайды. Бірақ күйректікке бой ұрып құлап кетуге және болмайды.

*Сап-сан, жырым, борыштымыз біз елге,
Дала жатыр, басыңды ий, тізерле.
Қадірменді махаббатты анадан
Ешір күш жоқ жұбымызды үзереге! —*

деп өзіне өзі дем берген ақын таң шапағын бетке алып ұшқан қырандай дүр сілкінеді.

Шэй кайнатым сөтте толып шыққан шағын кітаптағы ойнақты да ойлы жырлар шалқар айдынына шақырып, тылсымдап тастағандай болды.

— Ибраһим ағай, жырларыңыздың біразын тәржімалап, қазақ туғандарыңызға таныстырысам кайтеді? — деп сұрадым қоштасарда.

— Әлгі “Асыраушы жас болса, өлөтін кәрі жоқ” деуші ме еді қазақ мақалы. Жастар қызмет қып халыққа танытам десе нендей қарсылық болсын?! — деп жымиган ол, табан аузында “Қаламыңын Құлагердей жүйрік болуына тілекtespіn” деген қолтанба жазып кітабын ұсынды.

Ұзамай оның бір топ өлеңдерін аударып, Қекшетаудың облыстық газетіне бастырдым. Бұл 1959 жылдың көктемі еді. Араға екі жыл салып И.Салаховтың өлеңдері “Кекшетау жырлары” деген атпен Алматыда жеке кітап болып казақша жарық көрді. Оның ішінде менің де аудармаларым бар еді. Қекше топырағында туып, екі елдің төл перзент болған танымал татар жазушысы Ибраһим Салаховпен шығармашылық ынтымағымыз, кіслік қарым-қатынасымыз осылай сабакталған-ды.

Әдебиетіміздің барлық жанрына тең жорға Ибраһим ағай іле ауыл өмірінен роман жазуға кірісті. Ара-тұра оның тың тарауларын оқып, ақылдастып та отырды. Шығарманың алғашқы аты “Ал-қакөл” болатын. Кейін жазықсыз жазаға ұшырап, отыз жетінің отына бірге шарпылған арансымдардың ортасында абақтының ашы азабын бірге тартқан тағдырлас, қаламдас досы Зейін Шашкиннің ақылымен оның атын “Кекшетау даласында” деп өзгертуі. Әр сөздің

астарынан саяси мән іздең, тырнақ астын тіміскіп, кір табуға өзір тұратын заман және айтқанына қендеріп, айдауына жүргізбей қояр ма.

— “Алқакөл” атамай-ак кой деп Зейнінің шыжалактауында жан бар. “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада” несі бар бұның, жәй жүрмей тағы да тарихтың қоксығын қопарайын деді ме, деп өсіре біреулер шыға келіп, кітаптың жолын бөгемесіне кім кепіл? Ондайлардан запыс болып, зәбір-жапаны тартудай-ак тарттық кой. Сондықтан “Аяз, әлінді біл, құмырска, жолынды біл” деп жан баласы дауласпайтын атқа көне салдым. Атында не түр тәйірі, заты болса болты да, — деген еді жазушы оның мән-жайын түсіндіріп.

Асылы, оқырманға керегі де шығарманың аты емес, заты фой. И.Салаховтың тырнақалды романының тақырыбы сол тұста сәнге айналған тың игеру болғанымен, онда Қазан төңкерісінен кейін түлеген үрпактардың тар жол, тайғақ кешүлі қылы-қылы тағдырлары жатыр. Басты кейіпкер Сайд Батталовтың өмір жолы көп жағдайда жазушының өзі бастан кешкен киын-қыстау тірлік-тынысын елестетеді. “Бұрынғы студент. Он жыл түрмеде отырған. Одан қайткан соң бухгалтер болған. Кәдүілгі кенсе қызметкери” деп көрсетеді оны автор. Нәқақтан нақақ жабылған жаладан арылып, акталған соң коммунист атағын қайтарып алған ол енді өзін тағы бір тын істе көрсетуге тырысады.

Іә, оның бастан өткөрмеген азабы, кешіп өтпеген тозағы аз. Талап тұлпарын мініп, тепкен тасы өрге домалап келе жатқан студент Сайдтың да қызық-қуанышқа толы бакытты шағы бір-ак құнде көзден бұл-бул үшып, жас өмірінің астан-кестені шығады. Аяқ астынан шақырылған жиналыш оны халық жауы деп жарияладап, нысапсыз күштердің ықпалымен жан дегендегі жалғыз жары да одан бас тартады. Сөйтіп, тұла бойы тұнғышының дүниеге келгенін де көре алмай айдалып кете барады. Абақтының он жылғы азабы мен ауыр жұмысына жастық жігері мен темір төзімі ғана төтеп беріп, жарық дүниеге алып шығады. Бірақ бір аяғын тағдыр тажалына беріп кетеді.

Батталовтың бостандыққа шығуы тың жорығына тап келіп, ол жаңадан шаңырак көтерген бір шаруашылыққа коммунистердің жетекшісі болып барады. Онда оған тағдыр талайы тап өзіндей болмағанмен біраз үқсастығы бар кешегі әскери қызметкер Тұяк-пен қызметтес болуға тұра келеді.

Тағы да тағдырдың тәлкегіне тап болады. Шаруашылық басшысы бұның жастай қосылған жары Файшаның заңды жұбайы

болып шығады. Қылаусыз қыршын махаббаты қытымыр заманың, катыбас тағдырының құрбаны болған қос мұндық осылай Қекше қырында қайта кездеседі. Пәк махаббаттың мирасы сынды тұңғыш Зәйтұна да бойжетіп қалған. Ал Файша болса басқа бір үйдің тірегі боп, түтінін тутетіп отыр. Онымен қайта көніл қосу балауыздай бүп-бүтін тұрган Тұяқтың тату шаңырағын ортасына түсіру болып шықпақ. Сонда не істей керек? Тарлық еткен ескі лашықты түзету үшін жап-жаңа үйді бұзудың кажеті бар ма? Міне, Сайдтың ақыл-парасаты мен азаматтық ожданы дәл осы арада таразыға түседі. Ақыры, асқак адамгершілік женіп шығады.

— Кім кінәл? Жарайды, айта беріп қайтеміз. Он сегіз жыл бойы осы сауалға сарсыла жауап іздедім. Мындаған, он мындаған адамдар лаж таптай аңтарылып, осы сұрақтың түйігіна тірелді. Біз оған әкеміздей сенген едік-ая... — дейді ішіндей ашып, торық-кан Сайд.

Өкедей сенгені кім екені бесенеден белгілі. “Құллі кезеңнің халықтар көсемі” елді осылай қан қақсатып, әкені баладан, ананы жардан айырып, шаттық шалқыған талай шаңырақтың отын өшірген. Тоталитарлық жүйе дін аман тұрган сол тұста осылай батып айту батылдық қана емес, батырлық та еді. Түк дайындықсыз, “әке, тойға мен де бараммен” басталған тың игеру туралы пікірлері де автордың азаматтық ерлігін айғақтай түседі. Демек, бұл романның Қазаннан кейін іле-шала Қазақстанда басылуы және екі мәрте жарық көрүі тегін емес.

Бұдан кейін жазушы “Тұн кызы” деген атпен Қазанда басылып шыққан кітабына енген бірқыдыру аңыз-әңгімелер мен очерктер жазды. Олар және жырдай женіл оқылып, желпінтіп отырады. Әсіресе оның “Құлагер” атты қара сөзбен жазылған дастаны кейір даулы деректеріне қарамастан қазақ елінің, оның өрені мен өнерін татар ағайындарға қеңінен танытқан құнды дүние. Ал осы кітапқа енген Усман Абдрашитов, Сабыр Шарипов туралы очерктері кейінірек “Емендер тамыр жайғанда” деген кесек туындысына өзек болды. Бұл романда азаттық үшін қазақ даласында арыстандай айқасқан әлгі екеуінен басқа Әділбек Майкетов, Валериан Куйбышев, Кәрім Сүтішев сияқты қаһармандардың тұтас тұлғасы сомдалған. Солардың ішінде қазақ, кеңес әдебиетінің керегесін қаласқан қарымды қаламгер, қабырғалы қоғам қайраткері Сабыр Шариповтың өнегелі өмірінен оқырман мол мағлұмат алады.

Салаховтың өзі сияқты Қекше топырағында түлеген осынау көрнекті қайраткердің нағыз мәніндегі интернационалист, өте бау-

ырмал адам болғанын айғақтай түсер деректер ел аузында аз да емес. Өз басым солардың бірін сүйікті ұстазым, ірі ғалым-математик, марқұм Мынбай Ыскәқовтың аузынан естіген едім.

Мәкен мектепте оқып жүргендеге Көкшетау қаласындағы Мендібай деген бір татар балташының үйінде тұрыпты. Жексенбі күні аулада ағаш сүргілеп жатқан үй иесі сыртқа шыккан баланы қақпаның шаппасын салағой деп жұмсайды. Қошеге көз салса — осылай қарай беттеп, басында қалпақ, аяғында бәтәңкесі бар, колына өрнекті таяқ ұстаган, сақалын сәндеп қойған аксары кісі келе жатыр. Келе есік қағылды. Сонда үй иесі тұрып:

*Сықырлап сурғым қардай жұғреді,
Кол үзсем жұмыс шіркін кідіреді.
Аязда қалпақ күп, кебіс цип,
Есікті қағып тұрган бұ кім еді? —*

дейді өлденетіп.

Сонда әлгі сырттағы кісі де:

*Қазактың Шәріпұлы Сабырымын,
Башқұрдың бас білмейтін шадырымын.
Татарым, өлтірмесен есігіңді аш,
Балташи Мендібайдың тамырымын, —*

деп жырмен жауап қайтарады. Оның осы соңғы сөзінде сыр бар екен.

Бакса, ол балташының түйдегі құрдасы көрінеді. Әзілдеп сөйлету үшін есікті әдейі жалқызыпты. Ал енді аяқ астынан туған сол бір шумакта қаншама мән-мағына жатыр. Жалғасқан жүрек үшін ұлт пен ұлттың арасында шекара жоқ, екенін паш еткендей бұл. Ибраһим ағай да сол ағасынан онеге алғып, екі елдің тел перзенті болып, екі халыққа тең еңбек етіп жүрген жазушы.

Қанша күғінға ұшырап, қыруар қындық қөргенімен қажыр-кайраты мүкалмаған карт жазушының қаламы әлі қарымды. Жақында жерлестері оның сексен жасқа толуын кеңінен тойладап, кошемет-құрмет көрсетті. Еңбекпен еңселеніп, құрметпен қанаттанған қаламdas ағаның шабыт тұғырынан тұспеуіне тілектеспіз.

1993 жыл.

АҚЫН ЖАНДЫ ЖАЗУШЫ

Ақын жанды болмай жазушының асыл, нәрлі бірдене беруі неғайбыл. Айтарынды жаңынмен аялап, қанынмен арайландырмасаң, сүлесөк сөз зердеге қонбайды да. Жақсы жазушының алдымен ақын болатыны осыдан. Ал Тургенев табиғатынан ақын болып туған жан. Әдебиет әлеміне сапарын романтикалық рухтағы жырлармен сабактаган ол соңынан қай жанрда жазса да сөздің ыргақ-әуеніне, үйкас-әріне аса мұқият қараған. Тіпті прозасының өзі өлеңдей төгіліп тұратыны сондыктан болса керек.

И.С.Тургеневтің тырнақалды “Кеш” толғауының өзі оқырманды албеттен-ақ ойға батырады. Қызырлп батқан күннің жалқынына оранып жайлы үйқыға шомған табиғаттан ақын сыр тартып тұрмыс тылсымы туралы сүрайды. Осындағы қалғыған табиғат пен налыған адамның арасындағы қарым-катастың кілті оның өзге өлеңжырларына да өзек болады. Бірақ Тургенев табиғатты жәй ғана тамашалаушы емес, ол тамылжыған орыс табиғатын емірене сүйіп, тебірене суретін салады, онан жаңына ләззат алады. Айсыз тұнде арайлы таңды жырласа да, күркіреген күнге, мамырлаған күзге көз салса да – бәр-бәрінен өмір көреді ол.

– Қырқыншы жылдардың басында Белинскиймен танысусы Тургеневтің көзқарасы қалыптасып, өмір жолын айқындалп алуға аса иігі ықпал етті. Ұлы сыншының әсері арқасында жас жазушы құрғақ қиялдаудан тыйылып, өмірдің өзіне ден қойды. Оның осы тұста жазған “Шау тартқан бай”, “Баллада”, “Федя” сияқты жырларында сезімнен ғөрі шынайы өмір суреттері басым жатады. Ал бұл шыншылдық оның поэмаларында тереңірек ашылып, кемелдірек көрінеді. Бірақ “Параша” поэмасында қаншама тұрмыстық көріністер жатыр десенізші.

Рас, поэманың оқиға желісінде үзіп-жұлып бара жатқан күрделілік жоқ. Бірақ бастан-аяқ бояуы бір солғын тартпайтын

суреттер онан бас алғызбайды. Оқи бастағаннан-ақ бақшасы қайсы, бағы қайсы екені белгісіз қалың ағаш қоршаған бай үйінен Парашамен бірге шығып, қырға тұра жүтіргендей боласың. Қалта-сынан бәкісін алыш, наңды турап жіберіп, тентек суды құтының аузынан қылғытқан соң үйқыға кеткен аңшының жел желліген бүйра шашы қандай. Аңшыға қарап аңырып түрган қыз ше? Сонынан екеуі бақшада серуендейтін сөттер де тамаша.

Осылай еліге жырлай отырып, автор ескі помесицтік органның бар кеселі мен кертартпалығын жайып салады. Оны Белинскийдің өз заманының мұн-зарын қеудесіне түйген дәуір перзенті деп тануы да сондықтан. “Поэмаңды оншакты рет оқып шықтым, қара тырнағына дейін оймен, поэзиямен безенген ғажап дүнис!” – деп жазды ол Тургеневке. Құні өтіп бара жатқан крепостнойлық құрылыш Иван Сергеевичтің “Помещик” поэмасында тіпті терен әшкөреленеді. Ал “Сырласу” атты дастаны бас кейіпкерінің:

Өзің ушін, ұлы елім,
Күлшынамын күнге алғы.
Халқын сүйген жүргегім
Махаббатпен нұрланды, –

дегеніндегі, автордың Ресей туралы, тұстас, түрғылас үрпағы туралы терен толғанысы.

Көнілдегі көрікті ойды өлеңсіз айту мүмкін болмайтын бір сәт бар емес пе. Сонда ғана Тургенев жырға жүгінген. Жалпы, әлемге әйгілі шығармаларын қара сөзбен жазғанымен, ол өлеңге ұдайы айналып соғып отырған. Оның ақындық сапарының соны келіп әңгіме-өлеңдермен комкерілді. Кезінде бұл әдебиеттегі елеулі құбылыш болды. Әңгіме-өлеңнің әрқайсысы мағына-мазмұны бай, ыргак-екпіні тегеуірінді кішігірім новелла. Бұл новеллалардың жазушылардың талай үрпағына ой салғаны сөзсіз. Ұлы Горькийдің “Дауылпаз туралы жырын” жазғанда Тургеневтің “Ұясыз құсын” оқымауы мүмкін емес сияқты. Екеуінде де еркіндік аңсаған құс. Бірақ шешімдері екі басқа.

“Әңгіме-өлеңдердің” ықпалы қазіргі казақ прозасында да ұшырасады. Фабит Мұсіреповтің “Кездеспей кеткен бір бейнесіндегі” ақын туралы толғауын алғызызы. “Кейде ақынның балалығына таң қаласың, кейде ақынның даналығына таң қаласың. Ақын – қыран, кияға да қонады, ақын – адам, далаға да қонады. Ақын бойын да жасыра алмайды, ойын да жасыра алмайды, ақын жаны оңай жарапланады, оңай жазылады – емі көп. Ақын жүрегіне кек түрмайды, кек тұрса – как тұрғаны. Как тұрған жүрек – тот басқан асыл. Енді одан берекелі үн шықпайды. Ақын – заман, бір күндікте емес, бүгіндікте де емес. Оның кешегісі – бүгіндік, бүгінгісі –

ертендік. Ақын бойына адамгершілік қана жарасады. Екеуінің біреуіне ақау түссе, алдымен ақындық өледі”. Тұп-тура Тургеневтің әңгіме-өлеңдерінің ойнақылығы есіп тұрған жок па мұнан. Асылы, Фабаң кестелі де көркем тіл жағынан Тургенев дәстүрін қазақ прозасына сәтті сіңірген-ді. Ал Фабаңың төл ұстазы Жұсіпбек Аймауытовтың туындылары түгел дерлік ақ өлең емес пе. Осы дәстүрді бүгінде Әбіш Кекілбаев жемісті жалғастырып келеді.

Тургеневтен үйрену бір күннің, бір бүтіннің ғана сыйбагасы емес. Белгілі жазушы Виктор Шкловскийдің “Тургеневті оқып-үлгермеген інілерге қатты қызығамын. Олар оны бәрібір оқиды. Сонда олардың алдынан жаңа бір әлем ашылғандай болады фой” дегеніндей, Тургенев тіл ұстартуды мұрат тұтқан әр толқынның ұстазы бола бермек. Ұлы Мұхтардың “Дворян ұсын” аударып, оны ұстаз тұтуы кездейсок құбылыс емес.

Жасыратыны жок, қалам ұстаган жастарымыздың, тіпті жасамыстарымыздың бірталайы Тургеневтің әдемі ақын болғанын біле бермейді. Ендеше оның романдарын ғана емес, әрлі өлеңдерін де казак тіліне аудару күн тәртібіне койылуы керек. Сонда біз Тургенев прозасындағы терең сыршылдықтың, нәзік сезімталдықтың түп-тамырына бойлайтын боламыз.

Тургенев талантты ақын ғана емес, ақындардың талmas ұстазы да болған жазушы. Әзіл-шыны аралас ол:

*Мактап мені кеттіңдер-ау тым катты,
Бір бойыма бәрі қалай сыймақши.
Анығы тек Тютчевінді ширатып,
Федтің сала құлаш шуын жинаттым, –*

десе, оның бұған толық қақысы бар-тын. Тютчевтің де, Федтің де тілін ұстартып, шығармаларын ширатып, дүйім елге танылуына ол үлкен үлес қоскан. Жалпы, Тургенев — жастардың жалықпас ұстазы болып, олардың өмірден, өнерден үйренуін ұдайы қадағалап отырған қаламгер. Қоңіліне ұнамаған жас жазушының бір повесін оқып, онша ұнамаған соң былай дегені де бар:

— Тан қалмасқа лажың жок. Бар фой, композитор болса музыканың теориясын оқып, әуендерді өз ой елегінен өткізеді, суретші сзызу сырларын бояу сикырын білмей тұрып қылқаламға қол артпайды. Ал архитектураның да, скульптуранның да бастапқы баспалдағы мектеп. Тек осы жазушылық жолға тұскендер ғана мектепті керек етпейді. Шамасы, жазушылық хат танығанның бәрінің бірдей қолынан келеді деп ойлады-ау деймін жүрт.

Осы сөзінің өзі-ақ оның жас жазушылардың талмай талаптанып, үзбей ізденуін талап еткені емес пе. Бұл қамқорлық та сол ағынан ақтарылатын ақын жаннан туып жатыр фой.

1971 жыл.

ЖАПАН ДАЛАНЫң ЖАНАШЫРЫ

...Түтін тұстес торғын тұман төніректі түмшалап, ымырт әп-сэтте үйірілді. Алау оттың тубіттей есілген түтіні қараңғылық қойнына сұнгіп жұтылып жатыр. Күн бойы қызған жерден бу ұшып, ауа қоюланып салқындай бастаған. Өзен бойлай өскен миуалы тоғай дымқыл сабат желппі, жиденің иісі танау қытыктайды. Отқа қойған жез құманнан көз алмай жантайып жатқан қаба сакал кес-пелтек кісінін ойы он сакта. Шіркін, айналаның орыс жаны ежелден аңсаған жасыл бел, жайсаң қеңістік, еслеркіндік екенін сезіну қандай жақсы. Әлдеқайдан құрақ арасында жылқышы құстар ыс-қырысып, бетеге түбінен тынбай шәүкілдек шырылдап, от басында жатқан итті абай болуға шақырғандай дір еткізеді.

Тұнмен ілесе келіп әудемде сүттей үйып орнай қалатын тыныштық қандай тамаша! Ойынды да, жанынды да әлділсайтін мұндан сәттер әсте ұмытылмайды. Қоңлінде көмескі бір бейнелер бас көтеріп, таныс жүздер, көріністер көз алдыңа келеді. Осындаған оттың басы ойланып-толғануыңа таптырмайды. Өзінді ешкімнің шаруасы жоқ еркін құс секілді сезінуің де бір ғанибет. Әркімді белгілі бір қалаға, көшеге, пәтерге, жақын адамдарыңың, жай таныстарының ортасына желілеп, басынан-аяғыңа дейін өрмекшінің торындағай байлатап-матап тұратын мың сан буалдыр жіп қазір мұлдем жоқ.

Даладағы осындағы бір ой қанатында ол өзін әрдайым өмірі кент ішінде тұрып көрмеген көшпенің санайды да, өскен желдей еркін көші-қонды тірлікten артық бүл жарық дүниеде ештеңе жоқ деп ойлады. Шынында да, айналан жібек кілемдей жайылып жатқан байтақ дала болса, төбенде төңкерілген көк аспанның құмбезі тұрса, әтір ауа қырдың шөбі мен гүлінің гажайып жұпарын себездесе,

одан артық не керек. “Бәлкім, бұл тұқым-тегінен сызырып алғып тастай алмайтын сонау түпкі каныңың әсері болар...”

Осылай шығандап кеткен ойдың өрмегін иттің ырылы бұзды. Ізінше шықты шөпке шып-шып тиген жалаң аяқтың сусылы естілді. Белуардан келетін көкорайдың арасынан бұкшиген шалдың сұлбасы көрінді. Оны он жасар шамасындағы тұттай жалаңаш қыз бала жетектеп келеді екен. От басында отыргандарды көріп, ол сыйайылықлен қарияның артына тығылды. Инабаты мен үятын сақтау үшін бишаараның бар бітіргені осы болды.

— Сәлем-алейкум... — деп мінгірледі шал.

— Әлейку-сәлем!

Карттың сол қолында орыс балалайкасына үқсас бір аспап бар. Жетелеп келген кішкентай қыз атасын итеріп отқа жақын алғып келді де:

— Отыр... — деп сыйырлады.

Шал татарша екі аяғын айқастьырып малдасын құрып отырды. Оның ту сыртында отты қара көзімен қадала қараған кішкентай қызға отыргандардың бірі құртесін шешіп берді. Оны жалма-жан киіп алған бала, малынып осы тұрысына риза болса керек, маржандай тістерін акситып күліп қойды. Аштықтан ел актап, тұн кезіп жүрген бұл адам башқұрттың атакты жыршысы Арыслан еді. Ас ішіп, ес жиып алған соң ол домбыраға қол созды. Үш ішекті қүйге келтіріп, аянышты бір әуенге қойды да, онсыз да соқыр козін тарс жұмып, бәз-бірденелерді есіне түсіріп алды. Сонан соң жыр кетті ағылып.

Дірілдеген карт дауыс мұнды бір әуезге түсіріп, өзіндік сазбен сарнай тартты. Сарын өзгеге үқсамайды, еніреп өксуге келеді, мақам жылап отырган адамның зарлағаны сияқты. Бұл әуен тыңдаушыларын қайран қалдырды. Одан бәзбір ашыну, үмітсіз тоғығу, керемет қайғы-муң еседі. Олардан тек еніреп жылағандағана іш босайтын төрізді.

“Тағы да енірекен, өксіген, ашынған сарын, тек алғашқысынан сәл өзгешелеу, жігерлілеу. Менің арқамнан құмырсқа жыбырлатып жорғалап өткендей болды... Бұрын-соңды мұндай көкейтесті ештеңені есіткен жоқ едім. Төңірек түгел жылап түрғандай көрінді. Жыласа жылағандай да бар гой. Жырлап отырган байғұс соқыр жырау бейбакыт бүкіл башқұрт тайпасының келбет-кескіні, бейнекейпі сияқты”.

Д.Н.Мамин-Сибиряктың “Соқыр жыршы” очеркін оқығанда көз алдыңа кестелене қалатын осы көріністер, жадында жатталып

қалатын өлгі жолдар жапан дағаның жанашыры болған белгілі орыс жазушысының үлкен де ізгі жүргегін алдыңа жайып салмай ма. Кезінде Ресейдің ұсақ ұлттары мен ұлыстарының өмірінен көркем шығармалардың тұтас бір шоғырын жазуды жоспарлаған қаламгер ең алдымен олардың рухани жан дүниесіне үңіліп, арман-ойна баулаған фой. “Қайда болсын алдымен адамды, өз бауырымызды іздейміз. Кейде ең абзal адам сезімі соларды саялайды. Алайда олардың да жақсысымен катар жаманын да үшыратамыз. Әлті әдет-ғұрпымыздагы әбестік те осы соңғысынан бастау алады” деп жазады ол. Осынау жолдардың оның башқұрт және қазақ халықтарының тұрмыс-тіршілігі арқау болған туындыларына да толық катысы бар. Ізгі жанды жазушы үл бол бір өнерлі де өршіл, анқау да аңғырт жүрттүң жақсысына сүйініп, жаманына күйінеді. Кембабыл халіне жыларман болып егіледі. Ол үшін бұлар ұлты бөлек буратана емес, бір туған бауыр, бір сөзбен айтқанда, адам.

Дмитрий Наркисович Мамин-Сибиряктың баршаны бірдей санар бауырмалдығының бір бастау көзі оның шыр етіп дүние есігін ашқан жерінде де жатқан сиякты. Ол екі алып құрлық — Еуропа мен Азияны тұтастырып тұратын ұлы тау Оралдың етегіндегі Висим-Шайтан жұмысшы калашығында 1852 жылғы қазан айының 25 жүлдізында туды. Әкесі Наркис Михайлович атакты Демидовтар кәсіпшілігіне кіретін тау-кен заводында қарапайым діни қызметкер еді. Табысы ішер ас, киер киіміне әрен жететін кедей болғанымен, әлеуметтік өмірге деген құлшынысымен өз қатарынан дара тұратын ол “Современник” журналын жаздырып алып, ұдайы оқып отыратын. Діни қызметіне қоса завод мектебінде жалпы білім беретін пәндерден дәріс оқып, жергілікті және орталық баспасөзге шағын мақалалар да жазып тұрды. Қаржысының тапшылығына қарамастан үйінде тәп-тәүір кітапхана жасақтал, балаларын кішкентай күнінен кітапка үйір ғып өсірді.

Қаршадайынан Крылов пен Пушкиннің, Гоголь мен Некрасовтың шығармаларын оқып өскен болашақ жазушының әдебиетке құмарлығы ерте оянды. Оның сана-сезімі қалыптасуына кітапқа қоса коршаған өмір құбылыстары да көп әсер етті. Басыбайлы жұмысшылардың аса ауыр жұмыс және тұрмыс жағдайына жастайынан күә болып, байлыққа бөккен мырзалардың аста-төк сердебесінің қарапайым еңбек адамдарының табан ақы, мандай тер, телегей-теніз көз жасы екенін көріп өсті. Осында әлеуметтік қайшылықтар, Оралдың алуан бояулы байтақ табиғаты оны өмірге

ойланған қарап, қоғамдық құбылыстарға өзіндік көзқарасын қалыптастыруға мәжбүр етті.

Он алты жасында Самараның діни училищесін бітіріп, Пермь семинариясына түскен жас Мамин қоғамдық өмірге терең зер салып, әлеуметтік әділестіздіктің себеп-салдарын іздей бастайды. Семинарияның төрт курсын бітірген соң азаматтық оқу орнына түсіп, жоғары білім алғалы Петербургке келеді. Сол кезде қалыптасқан пікірге сәйкес, жаратылыстану ғылымының халыққа пайдалылығын ескеріп, ол медицина-хирургия академиясының мал дәрігерлік бөліміне түседі. Теніздей буырқанған қоғамдық қозғалысқа басымен сұнгіп жөнелген ол студенттік жиындарға белсене қатысып, полицияның көзіне түсіп қалып, 1874 жылдан бастап астыртын бакылауда болады.

Әдебиетке деген құштарлық оны қоярда-қоймай газетке алып келеді. Петербургтің бір газетіне репортер болып, содан бастап түрлі басылымдарда жиі көрініп тұрады. Бірақ ол газет жұмысын өмірді зерттеп, оған ықпал етудің онтайлы бір құралы деп қана қарайды. Оның алғашқы әңгімелері де осы тұста жарияланады. Әдеби көсібіне орай академиядан ол Петербург университетінің заң факультетіне ауысады. Алайда онда бір-ақ жыл оқып, жарым құрсақ жүрген күндердің зардабы ауыр сырқатқа шалдықтырып, атамекені – Оралға қайтады. Оның атын жазушы ретінде жалпақ жүртқа танытқан “Орал әңгімелері” мен “Привалов миллиондары” бастаған атақты романдары да осы туған жерінде дүниеге келеді.

Мамин-Сибиряктің замандас жазушыларынан ең басты айырмашылығы — өмірдің қайнаған оргасында болып, шығармаларын өз кейіпкерлерінің арасында жазуы еді. Сондықтан ол әсіресе Оралда тағылығы мен түрпайылығы бар қырынан көрінген орыс буржуазиясының қылмысы мен қаскөйлігінің қаһарлы қуәсі, аяусыз өшкөрелеущісі болды. Шынайы халық жазушысы ретінде ол орыс жүртіның рухын, сан ғасырлық тағдырын, үлттық өзгешілігін, қуат құлашын, еңбексүйіштігін, өмірге інкәрлігін, ақжарқын адамгершілігін айналып бейнелеп берді. Оны өз дәуірінің ең өршіл жазушысы десек, еш қателеспейміз. Кез келген шығармасынан-ақ адамға деген ыстық ықыластың лебі есіп тұрады. Қарапайым еңбекшінің азапты тіршілігіне өзегі өртене отырып, халықтың қажырлылығына, өмірге құштарлығына сүйінеді. Ұлы Горькийдің “Сіздің кітаптарыңыз орыс халқын терең түсініп, жақсы көруге жәрдемдеседі” дейтіні де содан болса керек.

Орыс жанының ізгілігі әсіресе олардың өзге ұлт өкілдеріне

деген камкор көнілінен, ағалық пейілінен айқын танылады. Орал сыртына, Ор бойына сан мәрте саяхат жасаған Мамин-Сибиряк башқұрт пен қазақ халықтарының өмірінен қыруар мағлұмат алып, бай ауыз әдебиетін жинады, этнографиясын зерттеді. Шығарма-шылық ғұмырының өн бойында ол өзі ерте араласқан башқұрт жүртінің өткен өмірі мен кешкен тірлігіне, әдет-ғұрлы мен мұн-мұддесіне көп көніл бөліп, ұдайы ынта қойып отырды. Сексенінші жылдары башқұрт арасында жи болып, олардың ауылдарын арада-ды. Тіпті жата қонып, қысқы қыстауларын да көрді. Ашааршы-лыққа ұшыраған башқұрттарға көмек үйимдастыруға да белсене қатысты. Қайда жүрсе де ол халық тіршілігінің сырт шолушысы болмай, тікелей қатысуышы болып, оның жаңын ұғуға, ерекшелігін білуге үмтүлді. Башқұрттардың өзімен өзі болып майдасын құрып тізерлесе отыра қалып, казаннан түскен етті қолымен алып бірге жесіп, дұылдастып әңгіме-дүкен құрды. Осы қарапайымдылығы мен кишипейілділігі үшін халық та оны жаксы көріп, қалтқысыз сенеді.

Маминнің мол әдеби мұрасындағы башқұрт әуендері мен бейнелерін оның шығармаларының ең тұлғалы тақырыбы — капитализмнің құрт өркендеген кезеңіндегі Орал тағдырынан бөле-жарып қарауға тіпті де болмайды. Отаршылдықтың дойыр қамшы-сы жон арқасын осып, капитализмнің аяусыз қанау қамыты еңсесін жаништып, ғасырлар бойы қалыптасқан көшпенде тұрмыс-салтыны тас-талқан еткен башқұрттардың бірден отырышыланып, егіншілікпен айналыса қоюы, әрине, онай болған жок. Зорлық-зомбылыққа негізделген жаңа да жат қофамдық қатынастардан қанау мен корлаудан басқа ештеңе көрмеген қалың бұқара тордағы арыстандай арпа-лысып қанша бұлқынғанымен, бұғаудан босар жол таппай, акыры торығуға айналды.

“Енді маған бәрі де айқын: халық майып болған, ал мынау жер оның қабірінде бүрк ете қалып, қалтылдаш жаңып түрған соңғы шырағдан. Өмірлік қайрат-жігер әбден мұкалған. Оның үстіне бо-лашақтың өзінен жылт жок... — деп тебіренеді жазушы. Арыслан жыраудың жырларын тыңдай отырып. — Башқұрттың неге еңбек ете алмайтыны маған енді белгілі болды: Халық бастан-аяқ өткеннің елесімен жүр. Откен болғанда және қандай! Көшім балаларынан бастап, пугачевшілдік түсында халықты қөтеріліске үндеген соңғы батыр Салауатқа дейін табаны құректей екі жұз жылға созылған башқұрт бүлігі бір сәт саябыр тапқан жок. Халық өз отанын қор-ғаған. Осынау ерлік қүресте бар қайрат-куатын сарқып алған сияқ-ты”.

Сонда да олардың орыс халқына деген ыза-кегі, алакөздігі жоқ. Башқұрттың халық батыры әрі ақыны Салаат Юлаев өз жұртының шын сырын сонда-ақ жазып қалдырған гой. “Орыстарға карсы көңілімізде зәредей де өшпенділік жоқ, — деп жазылты ол. — Біздердің, башқұрттар мен орыстардың, жанжалдасып бір-бірімізге сойыл сілтеп жылатуымыздың, жұтатуымыздың ешбір жөні жоқ”. Демек, екі халықтың да ортақ жауы, қас дүшпаны — қара халықтың канын сұліктей сорған қанаушылар. Осы әуен оның “Тау түні”, “Өлі көл”, “Орда” атты очерктеріне, “Телі тентек”, “Қара ханым” сияқты әңгімелері мен жоталы романдарының бәріне арқа болған. Қай халықтың болсын ел байлығын шенгелінде уыстаған дүмділерінің әділдігіне сену ескексіз қайықпен тулаған теңізге түсүмен бір деген тұжырым жасайды.

Алтын өндіруші өсімқорларға жерін башқұрттармен бірге орыс казактары да жалға беріп, ақыры сол кәсіпкерлерге өздері жұмыска жалданып, құлдық қамытына басын өздері әкеп сұғады. Әсіресе башқұрттардың каналуы шектен шығып кетеді. “Олардың башқұрттарды қанау жүйесі әбден жетіліп болған, — деп ашына жазады жазушы “Орда” очеркінде. — Жұз жыл алға кепіл акша береді, аракқа суарады, башқұрттың ел ағаларына болмашы тарту тартады, ашаршылық кезінде қалақтап үн береді. Біреулер осылай байиды, ал мыңдар ашыға береді”. Әлеуметтік қақтығыстардың да түп та-мыры осы теңсіздікте жатыр.

Көс құрылыштың кіндігіндей Оралды айнала қоныстанған алуан түрлі, алуан тілді халықтардың тыныс-тіршілігін бір-бірімен тығыз байланысты бедерлей отырып, Мамин-Сибиряқ олардың ортақ демократиялық мұддесі мен мұратын жазушылық бағдарының алтын дінгегі етіп алады. Тарихи даму барысындағы олардың бір-біріне әсер-ықпалы, жақындасуы қындықпен жүзеге асканын, есікі әдет-ғұрыптың қаталдығын жасырмайды. Осы орайда оның “Қалам кас” повесінің орны өзгеше.

Повесть негізінен 1773—75 жылдарғы Емельян Пугачев бастаған шаруалар соғысы кезінде тізе қосқан орыс, башқұрт және басқа халықтардың қаһармандық күресінің әлеуметтік астарын ашуға арналған. Оқиғаның желісі абақты зынданында бір темір таяқшага бұғауланып, жапа шегіп жатқан башқұрт Абылай, казак Белоус, соқыр Брехун және мәзін Арефаның хал-жайын баяндаудан басталады. Бұлардың бәрі Долматов монастырінің меншігіндегі жерді мекендерген орыс шаруаларының көтерілісіне қатысқаны үшін тұтқындалған. Жазушы башқұрт бүлігімен астасқан бұл көтерілісті

Оралдағы жан-жағын жайпап, жалмап жұтып келе жатқан қазыналық тау-кен кәсіпшіліктеріне қарсы халықтың бұырқанған ашуызасы деп біледі. Түрме торында отырып башқұрт жігіті алғашқы халық көтерілісінің көсемдері Сейіт пен Алдарбай жайында мұнлы жыр-толғауында да терең мән бар. Азаттық аңсаған азамат тұтқыннан шыға сала Пугачев көтерілісіне қойып кетіп, құрестің ең ортасынан бір-ак шығады. Көтерілісшілер қосынында қазақтар мен башқұрттар, қырда, казак-орыс қотандарында бой тасалап жүрген және басқа заңкесті адамдар болды.

Дүлей тасқындан туған көтерілістің күллі алапатын жазушы тен өріп, терең көрсетеді. Повесте далалықтардың орыс деревняларын түгін қалдырмай тонап, тып-типыл ғып өртеп, қолға түскендерді аятуыз жазалағанын суреттейтін сәттер бар. Сол сүмдік қаталдыққа қаламгер өзінше түсінік береді. Кезінде патша генералы Саймоновтың бас көтерген башқұрттардың талайын тірідей темір қазыққа отырғызып, талайын қабырғасын сөгіп бақанға іліп, қулағын кесіп құнтитып, мұрнын кесіп шұнтитып, адам айтқысыз азапқа салғанын ел ешқашан ұмыттайды. Қарангы халық бұл қатыгездігін сонын есесін алу, кегін қайтару деп біледі. Ал олардың аты анызға айналған қол бастар көсемдері кіндік кесіп, кір жуған Башқұрstanы үшін шалғыдан баудай түскен құрақтай туған жерінде жусап калған жоқ па!

Шығарманың бас қаһарманы шіркеу қызметшісі Арефа мәзін. Жазықсыз жаза шегіп, абақтыға жайдан-жай түскен ол тұтқыннан босай салысымен дуан басының тілін алып тау-кен заводына тартады. Мұны монастырь имамының жансызы деп білген завод қожасының оған көрсетпеген корлығы, тартқызбаган жазасы қалмайды. Өлімші қып дурелеп, крестке керіп қояды, аяқ-колын бұғаулап, ашаға да таңады, шынырау шахтага да тастанады. Әншнейінде әлжузаз көрінетін қарапайым шаруа адамы оның бәріне төтеп беріп, заводтың шойын қорытатын пешінің аузындағы отпен арпалысқан ауыр жұмыска да шыдайды. Оның орыс адамына тән табандылығы мен тапқырлығы, жолдасын жауда қалдырмайтын қасиеті көтерілісшілер қолына түскенде де көрінеді. Қанша қиянат жасап, жазықсыз жәбірлегеніне қарамастан завод қожасы Гарусовты аранын ашқан ажалдың аузынан аман алып қалады.

Арефаның қызы Ахоняға деген ақ көнілі мен пәк пейілі адамгершілігін тіпті асқақтата түседі. Шынтуайтына келгенде, ол оның өз кіндігінен емес-ті. Ұзақ жыл бойы бала көтермеген жұбайы жаугершілікте қазақтардың қолына түсіп, тұтқыннан аяғы ауыр

болып оралады. Бірак балаға зар байғұс қызын өз қаным емес деп ойламай, бар мейірімін төгіп жаны-тіні сонын үстінде болады. Оның күдік келтірген Белоуска: “Өшір үнінді, тебет! Бәлкім, бұл маған туғаннан да жақын шығар”, – деп зекіп тастайтыны содан. Осылай арда өскен ару әкесін абақтыдан босатып аламын деп жүріп, қызылқұмар қүшіген сияқты карт дуанбасының шенгеліне ілініп калады. Алғаш көргеннен-ақ ынтызар болып қалған Белоус қызға мұнысын кешпейді. Ақыры, ол кайғылы қазаға ұшырайды. Қыз жерленген төбе ел аузында “Ахоняның қалам қасы” аталып кетеді.

Корыта келгенде, ерлік шежіресі сынды бұл шығармада азаттық аңсан, оның жолында қанша қиналғанымен қыңбаған, адамгершілік ар-намысынан айырылмаған адамдардың біртұтас бірегей бейнелері сомдалған. Сұрапыл кара құш өзірше жеңгенімен халық рухы жығылмайды деген аскак сенім бар мұнда. Повесте тиіп-қашты ғана аталағын қазақ жұртының шын өкілімен оқырман “Қымыз” атты очеркте жүздеседі. Дөңгелек шаруасы бар қымызышы Баймақанның ақбоз үйінен қазақтың момындығы мен мейірімділігі, меймандастыры бірден-ақ мен мұндалап қоя береді. Қазақ үйінің жиназ жасауынан оның әдет-тұрпы, тұрмыс-салты тұтас көрініп түргандай. “Тенденсі жоқ және болуға тиісті емес ең шипалы сусын сыйлаған “даланың адамдары да өзіне үқсас екеніне көз жеткізеді жазушы.

“...Дала шөбінің хош ісі аңқып тұратын аппақ әрі құшті қазақ қымызының жөні мұлдем бөлек. Қымыздың көкесі, яғни ең жақсысы Көкшетауда деседі. Екатеринбургтан Тюменьге поезбен жетіп, Тюменнен қырдағы қала Петропавлға дейін 400 шақырым атпен барады. Петропавдан Көкшетауға дейін екі жұз шақырым, оған да атпен жетеді. Көкшетаудың дала Швейцариясы ретінде атак-данқы шықкан: көгілдір таулар, айна көлдер, жасыл ормандар көздің жауын алады”, – деп жазады Мамин-Сибиряк. Осы үзіндіде қаншама дәлдік, қаншама ілтипат жатыр десенізші. Ал оның қазақтың азыз-әңгімелері негізінде жазған “Ханшайымның көз жасы” мен “Маясы” маҳаббат пен зұлымдық туралы өз алдына бір дербес дастандар тәрізді. Жазушы байлық пен кедейліктің, өмір мен өлімнің, адальдық пен арамдықтың, сүйіспеншілік пен өшпендейліктің, жаутершілік пен жасампаздықтың арасындағы атамзаманнан келе жатқан кескілескен күрес, бітіспес қақтығыс арнасында халықтың ұлылығы мен даналығын ашуға талпынады. Күшпен келген билік баянсыз, зорлықпен алған ләzzат азап дегенге саяды негізгі нысана.

Өмірдің осына ақиқатын “Хантығайдың аккү” Байшөгеде ақын жақсы біледі. Ол өмір шындығының ұштығына шығып, тіршілік мәніне терең бойлау үшін бармаған жер, баспаған тау қалдырмайды. Небір ғұламалармен кездеседі. Көкейкесті сауалына жауап іздейді. Бірақ бірі де жартымды ақыл берे алмайды. Бақса, баянды бақыт та, өлмес өмір де халқына қызмет етү екен. Ол қызметті өзек жарды өлеңдері атқарып жүргенін ақын билепті. “Көктеммен бірге ұшып келген құстардай оның жаңа жырлары бүкіл хандықты шарлап кетті. Ол енбекшилердің, қайырымдылар мен ғашықтардың, қарапайым адамдардың бақыты туралы жырлады. Бұл жырларды даладағы малшылар, соқа соңындағы дикандар, кесте тігіп отырған қыздар, от басында жылынып отырған кемпір-шалдар – бәрі-бәрі жаңғырықтай қайталап, жаңғырта шырқады” деп түйінделеді аңыз. Ақын үшін бұдан асқан бақыт бар ма?!

Қатардағы қарапайым жылқышы Баймақан да осындай рухани тазарып, арылу жолынан өтеді. Байлық пен бақытқа басқаның қанын жүктеп жету өмірі арылмайтын жан азабы екеніне көз жеткізген ол бай қызының сатулы махаббатынан кедей қызының ілтипатын артық көреді. Байлық мұрат емес, кедейлік ұят емес, бақыттың буалдыр елесінен ар алдындағы актывың, пәктігін артық. “Баймақан” әңгімесінің айтары осы, кәдімгі халық даналығына сугарылған өмір шындығы.

Көркем әңгіме болғанымен, “Ақбоз ат” та қазақ аңызының арнасында жазылған. Оның да айтар ойы әлгі аңыздармен орайлас. Бірақ бұнда бәйге десе каны қызып, делебесі қозып кететін қазақ халқының мінез-құлқы жатыр. Жүйрік ат жігітке жардан да жақын. Атсыз адам – қанатсыз құс. Бұкарбай сол үшін де бұл дүниеден баз кешеді.

“Ақбоз атты” оқып отырғанда оны қазақ емес, өзге ұлттың өкілі жазғанын андамай да қаласың. Бұл жазушының осы халықтың әдет-ғұрпын, мінез-құлқын, тіпті тілін де аса жетік білгенінен болу керек. Бәйгенің барысын суреттеген тұста өзінді оқырман емес, көрермен сезіп, шабандоздарға жел беріп айғайлап жібергің келеді. Сөз жоқ, бұл жазушының суреткерлік қуатының құдіреті.

Әңгімені кезінде казақ жырының дүлдүл класигі Магжан Жұмабаевтың аударуы Мамин-Сибиряктың дарынына ден қоюы сияқты. Бірақ біздің үрпақ оны ақын ақталған соңғана біліп отыр. Әрине, ол аудармада саптаяққа шығып, сабынан қарауыл қарайтын кезеңнің табы байқалады. Сондықтан оны қайта аударуды жөн

көрдік. Және өзіндік өрнегі бар жазушының шығармалары өзге тілде бір мәнерімен сөйлегені жөн ғой.

Жалпы, Д.Н.Мамин-Сибиряктың орыстармен ежелден ауылы аралас, қойы қоралас башқұрт пен қазақ халықтарының өмірінен алғынып жазылған туындылары тұнғыш рет өз алдына бөлек кітап болып шықты. Бұл достық пен туысқандықты патшалық құрылыштың қара түнегінде-ақ ту қып көтерген озық ойлы өжет қаламгердің рухына деген құрмет болса керек.

1990 жыл.

ТАБИФАТТЫҢ ТАМАША ЖЫРШЫСЫ

Жұмыс бабымен Жаманшұбарға барып қайтқалы келе жаткан Іңкәрбек Үлкенкөлдің тұсынан енді ғана өте берген-ді. Бұл қөлдің казір Үлкен деген аты ғана: арнасы тартылып, қаулап кеткен қамыс құрактан айдыны да қөрінбейді. Қаз-үйрек қонар үй орнындай жалтыры ен ортада қалған. Қері құлақ қариялардың айтуына қарағанда, бұл бұрын шетінен жылқы жалдап өтетін айналасы атшаптырым айдын шалқар екен. Асылы, терен көл тұмасыз болмайды. Тұмандың көзін ашса, Шұқыркөлдей жалтырап, бұл да осы өнірдің ажарын аша түсер еді-ау. Дала омырауында қактаған ак күмістей жарқырап айдын көл жатуы елдің де, жердің де ырысы фой.

Рульде өзі отырған совхоз директорының ойын кенет құрак арасынан барылдай көтерілген бір топ үйрек боліп кетті. Әлгіндей болған жоқ, оның көзі бұлкек қағып жонға шыға берген сүр күшікке түсті. Ауыл иті деуге бұл арадан Шұқыркөл де, Жаманшұбар да бірталай жер. Жақын маңда мал жайып жүрген жан және жоқ. Әлде тасқапқырдың тап өзі ме? Неде болса білейін деп ол тұра қуды. Жер ашиғының қуырған женіл машина әудем жер жіберген жоқ. Айтқандай-ақ, ол басы қазандай, аяқ қолы балғадай қасқырдың болтірігі болып шықты. Зіркілдеген мотор үнінен зәресі үшіп, басқа лажы болмай тоқтай қалған тұз тағысы дірілдеп тұрып ырылдан айбат шегеді. Кабинадан қарғып түскен Іңкәрбек бешпентін шешіп алғып, оның үстіне тастай берді де, жұмарлаған қалпы багажникке сұнгітті де жіберді.

Жаманшұбарда олжасын қолы қалт еткенде аңшылықпен айналысадын ауыл жылқышы Амантайға байлады.

— Іңкә-ау, мынауындың тірі жаннан тайсалмайтын сырттан болатын-ақ сыңайы бар екен, қолға көндікпей сойқанды салып

жүрмесе жарайды ғой, — деді бөлтіріктің жап-жасыл ұшқын шашып, жарқылдаған көзіне қараған Амантай шынжырлап жатып. — Осыдан бір ай бұрын біздің жігітер жер жыртып жүріп қасқырдың аpanына тап келіп, жеті бірдей бөлтірігін қазып алыпты. Бұл солардан сыйтылып кеткен сегізінші болып жүрмесін. Содан бері қасқыр қатты болып, осы ауылға дамыл бермей қойды. Қазірдің өзінде ірлі-ұсакты оншақты малдың көзін құртты. Біреудің тайыншасын қас пен кездің арасында қотанда-ақ жарып кетті. Екі үйдің құлышын көз байланбай тұрып ауыл шетінде тамактады. Ата-енесінің көзін құртпай тұрып бөлтірігін соғып алудың осындай бір кеселі бар. Жақында көрші ауылдан біреу арлан қасқыр соғып алышты дейді. Ал мына бөлтірік қаншықтың өзін ұстаяға себеп болар. Мұның ісін сезіп ол енді ауылды төніректеп жүреді де қояды.

Көп ұзамай Іңкәрбек Амантайдың қасқыр соғып алғанын есіткен. Ал қыста ол совхоз орталығына арнайы келіп директорды соғымнан сыйбаға жеп қайтуға шақырды.

— Айтпақшы, биылғы бөлтіріктен де тәбәрік бар, — деді ол сез арасында.

— Иә, ол не болды өзі? — деп елең ете қалды Іңкәрбек.

— Бір досынызға беріп жіберді деп естідім бе қалай?

— Ел құлағы елу, ол сөздің де жаны бар, — деп бастап Амантай болған жайды баяндағы.

Бөлтірік қанша байлаулы тұрса да, бері илігер бір ыңғай та-нытпайды. Жанына жан адамды жуытпай ырылдап ылғи қарсы шабады. Итаяққа сүт құйса татып та алмайды. Ет тастаса, оны да маңынан кісісі кеткен соң ғана жейтін болады. Корада тұрган соң ит деп ойлай ма, тауықтар жанына жи барып қалады. Барғаны не керек, жанасқан сәтте-ақ жүні бүрк етіп, басы бөлтіріктің аузында жүреді. Бірде байқамай барып қалған бір марқаны табанда тамақтап тастады.

Соның өртөніне көршілес Казанқадан бір тамыр орысы келіп сұраған соң Амантай бөлтірікті беріп жібереді. Бөлтірік онда барған соң да баяғы әніне басып, тамырдың бір бұзауын жарып тастапты. Ол оны Борлықтың арғы бетіндегі бір танысына береді. Бөлтірік онда да бөрілігін жасап, оның балықтай қашарын жеп қойыпты. Соңда да ақыр сонына дейін шыдап, бөлтірікті қар бас-қызып барып өлтіреді де, терісін өткізеді.

— Орыс жігіті әділ ғой, — деді Амантай. — Терісінің құны бар, қасқыр сокқаны үшін сыйлығы бар, — барлығы жүз сом алған

екен, сонын жартысын Казанкадағы тамырға жіберіпті. Ал ол жи-
рыма бес сомын маған әқсліп берді. Тәбәрік деп отырғаным осы.

— Е, олжала екенсіз гой,— деп жыымиды Іңкәрбек.

— Олжасын қойшы, оның жегізген опығы батып кетті. Қас-
қырдың итке айналғанынан иттің бөрі болып кетуі оңай. Бөрілерге
қосылып кеткен иттер жайында газете жазып жүр гой. Бірер үрпак
аралатқан соң олар қасқырдан бетер қорқау болып алады дейді.
Қасқыр дегенін аса ақылды жыртқыш. Така бір құтырғаны болмаса
кісіге шаппайды. Апаны жакын жердің малына және тимейді. Бұрын
аңшы аталарымыз өшігіп кетеді деп қасқырлардың аланына жола-
майды екен. Қолына түссе, бөлтірігін ауыл маңына жуытпайды
екен. Тегінде, олар бәрін де біліп жасаған Өсіресе, бүгінгі жастарға
бәрі бір: көзге түссе-ақ қай аңды болсын көп-азына, адал-арамына
қарамай қыра береміз, — деп аңшы өз сөзін ой тастап аяқтайды.

Осы оқиғаны естігенде менің ойыма табиғаттың тамаша жыр-
шысы Канада жазушысы Сетон-Томсонның мына бір сөзі оралды:
“Осынау жануарлардың әрқайсысы-ақ баға жетпес асыл мұра,
— деп жазады ол. — Өте қажет болып бара жатпаса, оларды жөн-
жосықсыз қыруға қақымыз жоқ. Еріккен еркелеріміздің ермегіне
беріп, азапқа салуға және болмайды”.

Әлбетте, бұл арада мен қасқырларды қорғайық, қамқор болайық
деген ойдан аулақтын. Олардан халық шаруашылығына жыл сай-
ын келетін зиян шаш етектен. Мәселен, олар жетпіс жетінші жылы
бір ғана Ресей Федерациясында мыңдан астам жылқы, үш мың ірі
қара, он төрт мың кой, он жеті мың бұғы жеген. Ал онда қасқыр-
лардың саны жиырма бес мыңға жетер-жетпес, біздің Қазақстанда
қазір ол отыз мыңнан асады. Рас, бүгін таңда олардың тұқымын
тұздай күртіп, түгел жойып жіберуге де жағдай бар. Автомашинаны
койып, оны аулауға авиацияны да пайдалануға болады. Бірак
сол жойқын қаруымыз, моторлы тұлпарлар мен қырандар көбіне
зиянды жыртқыштарға жұмсалмай, табиғаттың сирек сыйы сияқты
аса бағалы аң-құстарға бағытталып жүргені қынжылтады.

“Қасқыр да кас қылмайды жолдасына” деген ән сөзінде үлкен
мән бар. Осынау айлакер де ақылды, аса зұлым жыртқышты жек
көре тұрып халық оның қасиетін бағалай да білген. Жұбайлық
әмірге қасқырдан адал хайуан сирек. Олар бір-бірінен тірідей еш-
кашан ажыраспайды. Бір енеден туған ерек, үргашы қасқырлар
әсілін жұптаспайды. Така бір аштықтан өліп бара жатқаны болмаса
бірге туғанының етін жемейді. Алайда олардың осындай жағымды
қасиетінен арамдық, залымдық жағы әлдеқайда асып кетеді. Ха-

лықтың “қасқырды сұрлығы үшін емес, үрлығы үшін согады” дейтіні де содан. Ал оның терісіне құндылығы, жылдылығы, мықтылығы жөнінен тері сөйлемейді. Сондыктан оларды қалай болса солай қыра бермей, жоспарлы, жүйелі аулат отырған жөн сиякты. Жылдағы өсімінің есебінен аулағанның өзінде де елімізде жыл сайын төрт жұз мың бағалы тері алынар еді. Олай болса, бұл шаруанды ұстағанның қолында, тістегеннің аузында жібермей, арнаулы аңшыларға ғана қолына алып, саятишылықты спорттың бір түріне айналдыраса, нұр үстіне нұр.

Жасыратыны жок, аңшыларымыздың да аңшылық мәдениеті жете бермейді. Аңшылар қоғамына табиғаттың шын жана шырылары емес, кездейсоқ адамдар мүше болып кіріп кетіп жүр. Аңшылар қоғамы мүшелерінің арасында тәрбие-түсінік жұмысы да шамалы. Сондыктан көзіне түскенін қидай сыптырып, қыра беретін аңшысымактар көбейіп барады. Ал олардың, жалпы адамдарымыздың айналадағы ортаға, туған табиғатқа сүйіспеншілік сезімін қалыптастыруда көркем әдебиет ұшан-төніз пайда тигізер еді. Әйткенмен, аңшылық тақырыбы біздің қазак әдебиетімізде әлі еркін қанат жая алмай келеді. Әлем әдебиетінің бұл саладағы інжу-маржандарын қазақ оқырмандарының кәдесіне асыру қолға кейінгі кезде ғана алынды.

Осыдан он төрт жыл бұрын баспаның тапсырмасымен Сетон-Томсонның “Жырық құлақ” әңгімесін аударып, жазушы творчествосына тереңірек бойлаганда өз басым қатты қысылдым. Осынау сезімтал жазушы, сергек суретші, табиғаттың зерделі зерттеуісінің творчествосымен бұрын жете шұғылданбағанымға өкіндім. Совет әдебиетінде табиғат тақырыбын тың биікке көтерген бүгінгі белгілі орыс жазушысы, әйгілі журналист, Лениндік сыйлықтың лауреаты Василий Песков Сетон-Томсонды тұнғыш үстаз тұтып, тырнакалды туындыларын соған елікеп жазған гой.

Әдетте әлемге әйгілі адамдардың өмірбаяны да қызық болады. Эрнест Сетон-Томсон 1860 жылы Англияның Сутя Шилдс қаласында дүниеге келеді. Баласы алты жасқа толмай Сетондар отбасы Канадага көшеді. Зерделі сәби көші-қонның құллі көрінісін көніліне кестелеп, жаңа жердің әсерлерін жаdstай тоқыды. Көшіп келген жылы қыста ол мектеп есігін ашады.

Жаңа жерге еркін бауыр басып, бірден етene болып кетпегендікі ме, сол қыс шәкірт балаға ғасырдай ұзақ көрініп, көктемді сағына, сарыла күтеді. Ақыры, наурыз туып, көктем иісі де білінеді. Ұзамай терезе түбіндегі терекке бір құйтакандай көк күс келіп, құйқыл-

жыта сайрайды кеп. Жаны нәзік әсершіл бала оның бақыт бейнесіндегі көздің жауын алған көкпенбек арқасын көргендегі болады. Ал құс болса, әнін мың құбылтып, тамылжыта сайрайды да тұрады. Осынау үн бар жан-дүниесін баурап, егілтіл, елжіретіп жібереді де, бала өз-өзінен еңіреп жылап қоя береді. “Сонда қалай еніреп жібергенімді өзім де білмеймін, – деп еске алады кейін ол. – Әлгі ән менің жан әлемінді терен толкытып, тебірентіп жіберді. Сол күннен бастап жыл сайын мен өзімнің көк құсымды, соның қанатының лебімен, қемейіндегі әнімен келетін қәттемді күттегін болдым”. Кім білсін, болашак бүкіл әлемге белгілі жазушының жан сарайын желліп, жас сезімін оятқан, жүрек жалынын маздатқан сол “кек құс” болар. Әйтеуір, ол қаршадайынан-ақ табиғатқа етene болып өсти.

Эрнест өте бір қабілетті бала еді. Ұзамай-ақ мектептегі мандай-алды үздік те үлгілі шәкіртке айналды. Алты жасында-ақ газетті өз бетімен оқып, ағаштан алуан түрлі андар мен құстардың бейнесін жонып жасады. Ал табандылығы, енбеккорлығы мен елгезектігі тіпті төтен болды. Дүкеннен “Канаданың құстары” деген кітап көріп, оны сатып алар акша жинау үшін бір ай бойы көршілерінің отынын үйісіп, ағашын кесісіп, бір ағылышын әйеліне шыбыншіркейден тұтас коллекция жинап бергені де бар. Бала күннен баураған аң мен құс өскен сайын оны терен толғандырып, құпия сырына қанықтыра берді. Оку құралының жоктығына, он баланың бірі бұның натуралист болуына әкесінің наразылышына, тіпті аурушаңдығына да қарамастан табиғат тылсымын ашып, жануарлар дүниесінің сырын адамдар алдына қалай да жайып саламын деген бағытынан бір де бұлтарған жоқ. Қаршадайынан күнделік жургізіп, көрген-бакқанын, көнілге жакқанын кағазға түсіріп отырды. Онысының өзі қалың-қалың елу том болды.

“Ұстанған жолымның дұрыс, бұрысын ешкімнен сұрамай, әйтеуір өз соқпағымен тарттым, – деп жазды ол кейінрек. – Бар білгенім, осының тек өз жолым екені ғана. Осы жол оны көздеңен мақсатына, діттеген нысанасына жеткізді. Ол тамаша табиғат зерттеушісі, зерделі суретші, зергер жазушы болды. Канадада ол “Мемлекеттік натуралист” деген лауазымға ие болды, бұл оның жануарлар әлемін теренірек зерттеуіне жағдай жасады. Зоология жөніндегі ғылыми енбектері үшін ең жоғары сыйлық – “Илиот” алтын медаліне ие болды. Үндістер мен эксимостардың ауыз әдебиетіне де бірнеше кітап арнады. Торнод көркеменер колледжін

бітіріп, көптеген суреттер салып, хайуандар бейнесін жасаумен де аты шықты.

Сетон-Томсонның тұңғыш тырнақалды әдеби шығармасы “Шалғын құрының тірлігі” атты әңгімесі оның 23 жасында жарық көрді. Қалайда оның атын шығарып, қалың жүртқа жазушы ретінде танымал қылған енбегі 1898 жылы бөлек кітап болып басылған “Өзім билетін жануарлар” атты әңгімелер жинағы еді. Кітаптың көп ілтишатына ие болып, оқырмандар ынтастын аударғаны сондай, аз уақыттың ішінде-ақ ол бірнеше мәрте қайта басылып шықты. Ол қалың оқырман қауымның алдынан бұрын-соңды әдебиетте болмаған жаңа арна, тың әлем ашып берді.

Бұған дейін жануарлар жайында тек мысалдар мен ертегілер ғана болатын. Әңгіме, өлең жазыла қалатын болса, оларда жануарлар адамша сөйлеп жүре беретін. Ал Сетон Томсон бірінші болып кейіпкері шын мәнінде аң мен құстын өзі болып келетін әңгімелер жазып, әдебиетте жануарлар жайындағы реалистік бағыттың негізін салды. Ол өз кейіпкерлерін зерттеуге барлық саналы ұзақ ғұмырын сарп етті (ол 86 жасында 1946 жылы Жаңа Мексикада дүние салды).

Жазушы әрбір әңгімесін құнделіктің ішіне салынғандай натуралистік суреттермен әрлеп отырады. Олары әншейін аң мен құстың сырт бейнесін қызықтау емес есте. Ол суреттерге зер салып, теренірек үңілсек, әңгіме кейіпкерлерінің мінез-құлқы, көніл күйі, қымыл-әрекеті көзге бірден шалынады. Оларға деген автордың көзқарасын, қарым-қатынасын, сүйіспеншілігі мен ойнақы юморын бірден ангаруға болады.

Хайуандар туралы хикаяларды қөрі-жас оқырмандардың бәрі бірдей қызыға оқып, құмарта карауының басты сыры – кейіпкерлер тағдырының терең толғантусы, автордың өмірге деген сенімі мен сүйіспеншілігі. Сетон-Томсон орман-ну. өзен-су, занғар тау. сайын даланы, ондағы өмірді барлық әр-коркімен, қатыбас қatalдығымен қаз-қалпында суреттеуден танған да, тайсалған да жоқ. Көп ретте әңгіменің акыр аяғында кейіпкер хайуандар майып болып кетеді. Несі бар, өмір шындығы солай. Автор оны колегейлемейді, кейіпкер опат болғанмен де, оның өмірі ойлантады, толғантады, өзінше тұжырым жасауға жетелейді.

Оз басым, “Тарпаң жорға” әңгімесінен Америкада құрып бара жатқан асau тағы тарпандардың тағдырын ғана емес, ездік өмірден ерлік өлімді артық қөріп, азаттық үшін актық демі біткениш ейқаскан сол құрлықтың ежелгі тұрғындарының халін көргендей бола-

мын. “Құз табанына ол өліп түсті, бірақ... азат болып түсті” дейтін соңғы сөйлем шекенәнді дың еткізетін сиякты.

Автор әмәнда өз кейіпкерлерімен бірге қуанып, бірге қайфырып отырады, жақсысына сүйінеді, жаманына қүйінеді. Оның “Көк кептерінде” жұдырықтай қөгершіннің атамекен деп аласүрған шынашақтың басындаған жауырғандағы өзін де шым батып, бірге үшқандай боласын. “Жарқ етті де тарс етті! – қатерлі бүршак Арноны шарпыды. Жылтылдаған қанатынан жазулы қауырсыны жұлынып, жайлап ұшып жерге түсті. О, қымсыну дегенді білмейтін қара жүрек қарақшылық! Омырауындағы қара дақ жайылып барады, бірақ берілер Арно жок. Үйге деп әлі екпіндеп келеді. Бірақ таңқаларлық шапшандық бәсекесіді, минутына 1 миль ұша алатын емес. Мертіккен қанаттың қауырсыны желге дарылдаپ, жайсыз үн миды шағады. Омырауындағы дақ та күш-қуатқа бір кәкір кіргенін әйтілеп түр. Алайда Арно тек қана алға құлшынулы. Көз ұшынан үйі, өз үйі көрініп, қеудедегі ауру ұмытылып та кетті. Қаланың биік мұнаралары жанарына мен мұндалай бастады. Алға! Тек алға ұрып келеді. Қанаты талуы, жанары бұлдырауы мүмкін. Оның есесіне Отанына деген махаббаты артып, алаулай түседі” деген жолдардан қанаттың сұылы, атамекенге асыққан жүректің дүрсілі естілмей ме. Мұны құстың емес, кісінің туған жерге құштарлығы деп қалай айтпассын.

Жануарлардың іс-әрекетін, әдет-дағдысын Сетон-Томсон әсте дәл, нақпа-нақ әрі шынайы суреттейді. Әдете аң мен құс не нәрсені болсын өзінше сүйіп, өзінше жек көреді. Ал автор осы ақиқаттан ауытқымайды. Кейде олардың адаптациялік дарындағы құрбандыққа дейін апарады. “Айлакер арландағы” серігі үшін құрбан торға өзі келіп түсетін Лобо, әжет күшіктері, иесіне адалдықтан алғтан өліп қала жаздаған Чирк, баласы үшін өз басын қатерге тігетін құстар тағдыры адамға да тағылымды.

“Қасқырдың жанына кім үніле алды? Оның не ойлағанын қайсын айта аласың? Қаншама қайфы-қасірет шегіп, қорлық корген қаланың маңынан кетпей неліктен қалып қойды ол? Төңірегіндегі тегіс қалың жыныс қара орман емес пе еді, онда азық дегенің шаш етектен ғой. Кек қайтару үшін намыс қуып қалуы да екіталай. Ешбір жануар бар ғұмырын кек қайтаруға сарп етлейді. Кек қайтаруды қексейтін сүмдық сезім тек адамдарға тән. Жануарлар тыныштықты тілейді. Демек, оны қалаға баурап бұғалактап босатпайтын бір-ақ желі бар. Ол әлемдегі ең ұлы өмір. Жер бетіндегі ең құдіретті күш – махаббат!” деген жолдар бар “Киелі көкжал” атты

әңгімеде. Оқы да түйсін, ойла да түсін. Қандай түйін жасап, қандай тағылым аламын десен де ойлантар оқиға, толғантар тағдыр бар.

Табиғатпен ежелден етene қазақ халқы аң мен құс жайында аңыз әңгімеге кенде емес. Аңшылық пен саятшылық ата кәсібіне айналған кез де болған. Басқа жүргітта сирек жүйрік ат, алғыр қыран, үшкыр тазы – ер серігі саналып, өнер боп ерістеген-ді. Алайда осы саятшылық өнеріміз әдебиеттен әлі көркем бейнесін еркін таппай келеді. Табиғат туралы жазған дүниелер сырт таңырқаудан аспай жүр. Туған табиғаттың сырына үнілу, сұлулығын ұғыну, жануарлардың жан әлеміне коз жіберу жағы кемшін. Рас, талпыныстар бар, бұл саладагы Сетон-Томсон деңгейіндегі туындылар әдебиетіміздің ақсақалы Фабит Мұсіреповтың “Қыран жыры” мен “Кек қасқаның үйірі” әңгімелері дер едім. Тек соны кейінгі жастардың іліп әкетіп, ілгері дамытпағы парыз.

“Жануарлар тыныштықты тілейді” – дейді Сетон-Томсон. Тыныштық жануарларға ғана емес, жан иесінің бәріне аудай қажет. Ол үшін табиғат қазынасы орта түспей, тоғыса түсіп, кемелдене беруі керек. Өйткені оның байлығы бүгінгі ғана емес, болашақ үрпактың да еншісі. Бүгінде туған табиғатты корғау басты міндеттердің бірі ретінде алға тартылып отыр. Табиғатка жанашырлық, жан-жануарларға қамкорлық сезімі бала бойында туған босағасында дарып, мектеп қабырғасында қалыптасып, үштала түсүтіс. Осы орайда табиғаттың тамаша жыршысы Эрнест Сетон-Томсон шығармаларының тәрбиелік мәні мол болары шүбәсіз.

1983 жыл.

ШАҒЫЛДАН ШЫРҚАҒАН ШАБЫТ

Мақтан тұтарлық марқасқалардың талайы туып-өскен Талдыкорған топырағына — мың да бір тағзым! Алты алаштын тарихындағы аттары алтын әріппен жазылған Қабан жырау, Сара мен Бактыбай ақындар, Ілияс Жансүріов, Мұхамеджан Тынышбаев, Әбілхан Қастеев сынды жақсы мен жайсандардың кіндік кесіп, кір жуған жері ғой бүл Жетісу. Ұлттымыздың маңдайына басқан ұлы сазгері Мұқан Төлебаев та осынау өзендер өрнектеген өлкениң перзенті еді. Соңдықтан бүкіл исі қазаққа ортақ асыл ағамызға өзгелерден гөрі сәл жақындау екенімізді жиерек айтып жіберсек, ешкім де айыпқа бүйірмас.

Кезінде жыр сұнқары Сәкен Сейфуллин:

*Ер муса өз елінің бактарына,
Білім ан жүрсе бәрі баптарында.
Біржан сал, Акан сері, Ыбырайлар
Алмас еді Шаляпинді қанталына, —*

деп күрсінсе, Мұқан сол арманның жүзеге асуы сиякты. Өз бабында білім алғып, ел бағына еңбек етіп, сайын даланың сазын айдай әлемге жайған біздің заманның Біржан салы, біздің дәуірдің Ақан серісі ол.

...Карт Балқаштың қанталындағы қалың күмның қойнауында Қарашыған атты ауыл бар. Ат басын арнайы бүрғандар болмаса, өзіне әркімнің аяғы жете де бермейді. Өйткені әрі-бері ағылған жүргіншісі мол күре жолдың бойынан алыс жатыр. Оның есесіне акқулар ансан қонар айдын көлге жақын орналасқан. Бірақ іргесін суға бергенімен, Шубартубек аймағы негізінен шөллейттеу келеді. Содан болар, қырғауылдары жыртылып-айырылатын қырларында көбінесе шөлтеге шыдамды шөңгелі шөптер мен бүйра бұталы ағаш-

тар оседі. Жел кернейлесе кеуебас шенгеліне дейін ән салады. Ендеше, Мұқан сол тұла бойына саз толған тұган жеріне тартса керек.

Қай адамның болсын қалыптасуына, азamatтық қасиеттерінің айқындалуына оның айналасы әсер етпей қоймайды. Бұл ретте Мұқанның бала жастан бастап ауыз әдебиетінің бай үлгілерінен сусындағанын атап өткеніміз орынды. Қөкірегі ояу көшелі қариялардан, әсіресе ауыл аймағына мықты айтыскер ретінде танылған өз анасы Тәжібала мен сүйегіне сөз сінген кіші әкесі Апырбайдан талай жыр-қиссаларды, Садыр-Матайдың небір жуан дұмді мұрзаларына ауыз аштырмаған атақты айтқыш Құл ақынның өлеңдерін үзақ түнге тыңдайтын. Ал қанаттас Қапал өніріндегі Ешкіөлмес тауының етегінде өткен Біржан сал мен Сара қыздың айтысы туралы ол кезде елдің бәрі білетін. Жүрттың көбі оның кейбір жолдарын жатқа соғатын. Сәби кезінен жүрекке ұлаған сол жыр бертін сазға ұласып, ұлы опера туды емес пе.

Былайынша, Біржан мен Сара айтысы қазақтың өлең өнеріндегі қыз береншілік дәстүрлі сөз сайысы. Бәлкім, ол опера тіліне түспесе, әдеттегі сондай айтыстың бірі болып қалуы да ықтимал фой. Мұқан айтыс арқасында опера жазу арқылы халықтың қайнаған ортасынан шықкан көс дарынды дүйім дүниеге танытты.

Әрине, елу-алпыс әні, жыры бар Арканың актангері сал Біржан ұмытыла коймас. Ал Сараның Мұқан болмаса, дәл бүгінгі биікке көтерілуі nefайбыл еді. Ердің атын елі. елдің атын ері шығару деген осы. Оның бер жағында жыр дүлдүлі Илияс Жансүгірұлы:

*Кобызы Молықбай шал Матайдасы,
Матайда – Кенже, Тұңғат, Сақай-дағы,
Казакта қобызының қалғаны сол,
Жорға еді маймаңдаған бакайшағы, –*

деп жырлайтын дәүлескер күйші Молықбай Байсақұлы да Аксу мен Лепсінің арасында талай ат құлағын күйшылатқан болатын. “Бозінгенді” боздатқанда боталамаған түйенің емшегінен сұт саулататын, Саймактың “Сарыөзенің” суырганда қара жерді балқытатын күйші атамыздың өнері Қарашығанның қара баласына қонды ма екен, кім білсін. Олай болуы да ғажап емес. Қалай болғанда да дәстүр сабактастығы дегенге сенбеске лаж жоқ. Әйтеуір шағылдан шыққан саз әлемді шарлап кетті.

Домбыра тартып, ән салуға қаршадайынан құмартқан болашақ композитор аудан орталығында үйымдаған жұмысшы жастар көркемөнерпаздар үйірмесінің белсененді мүшесі болды. Өнерлі өрен-

дер аз ғана уақыттың ішінде көрерменнің көңілін жаулап, ауыл енбеккерлерінің асыға қутер қонағына айналды. Олардың атақ-дансын Балқаштың арғы бетіндегі әйгілі Шашубай ақын естіп, арнайы іздеп келгенін, орталарында ойын-сауық құрғанын бүтінде екінің біре біле бермейді.

Кейін атағы аспандаган кезде де Мұқаң ағамызың үшқан ұсынын ұмыттай келіп тұрды. Ондайда, әрине, ағайын-тұғандарының, қатар ескен құрбыларының төбесі көкке екі-ақ елі жетпей қалатынын айтамыз-ау. Ұлттымыздың музика мәдениетін дүниежүзілік деңгейге көтерген даңқты жерлестері келгенде қуанбай кайтеді.

Тіпті қазақ операсының асқар шыны “Біржар-Сараңың” алғашқы бөліктері де осы Қарашығанда жазылды емес пе?! Ағасының елге келіп шығармашылық жұмыспен айналысатынын және ол үшін кайткен күнде бір күйсандық табу қажеттігін алдын-ала естіген композитордың інісі Әбілмәжіннің аудан орталығы Бөрліден арбаға салып ауылға пианино әкелуінің өзі жатқан хикая.

Сол күйсандықпен бірге қияндағы қазақ ауылына үлкен өнердің үшқындары келгендей көрінеді. Қасиетті сол кара күйсандық содан былай ауыл мектебінің алтынға айырбастамас асыл қазынасына айналыпты. Ұзак жылдар бойы талапты жастардың өнер өлкесіне қанат қағуына калтқысыз қызмет еткен киелі аспап. Қазір ол жақсылының көзіндей болып облыстық өлкетану мұражайында тұр.

Ағаларына еліктеп алақандай ғана ауылдан қаншама өнер жүлдіздары шықты десенізші. Саусактарыңызды бүгіп санай беріңіздер, Республикамыздың мәдениет министрі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, дарынды композитор Еркеғали Рахмадиев, халық артистері Бекен Жылысбаев, Сара Тыныштығұлова, Қазақстанның еңбек сінірген әртістері Бакайдар Жалғасбаев, Кенес Бақтаев, Фалым Сүлейменов, Габит Мұсірепов атындағы республикалық балалар мен жасөспірімдер театрының актері Қадырбек Демесінов, өнертану ғылыминың кандидаты Келгенбай Төлеутаев және басқалар болып жалғасып кете береді. Аспанында ән қалықтап, қүй шалықтаған бір ауыл сірә осындей-ақ болар. Демек, Еркеғали ағамыздың:

— Маңдайын күн, табанын құм қүйдірген өлкенің азamatынан дарынды адамдар көбірек шығады, — деген әзіл аралас сөзінде шындық бар сияқты.

Айтпақшы, Мұқаң Төлебаевтың тағы бір тамаша туындысы, республикамыздың Әнұраның алғаш орындаған адамдардың бірі де осы Қарашығаның тулегі. Бүгінде дүниеден өтіп кеткен Максұт

Майшенов дейтін азamat Мұқанның асық досы екен. Алматыға қызырып барғанымда сондай бір бакытты сөттің тұғанын, кайта-рында композитор досының “Енді сен кү, Қазақ ССР Гимнін ең алғаш орындаушы мына біз боламыз деп әйеліне барысымен мақ-танаасын-ау” деп арқадан қақканын жарықтық өле-өлгенише мақта-нышпен айтып жүрген дейді.

Бұл арада да бетін аша кететін бір ақиқат бар. Күні кешегі өсіре интернационал, өсіре ұжымшыл кезде Брусиловский мен Хамиди атын тіркей салғаны болмаса, елұранымызды жазған жалғыз-ақ Мұқан. Оның үстіне нотадағы үш фамилия М.Төлебаевтың өз қолымен жазылмаған. Олай болса, оны әнұранның бірден-бір жеке-дара авторы деп тану керек. Ал оның әуен-жағынан даралығы өз алдына.

Өмірде саясат өзгермелі. Соған сәйкес сөз де өзгереді. Бірақ саз өзгермейді екен. Оның дәлелі әнұранымыздың әуені. Жаңа жағдайға орай сарапқа салғанда ол барлық сынға төтеп беріп өзгер-мей қалды. Тек сөз ғана жаңадан жазылды. Сондықтан бәріміз де бұрынғы әнұранның сол әуенімен оянып, сол әуенімен үйқыға енеміз.

Ал енді осы ардакты ағамызды мәнгі есте қалдыру мақсатында облыста қандай шаралар жүзеге асырылғанына токтайық. Ең алды-мен Қарашыған ауылдық Кеңесінің аумағындағы шаруашылық Мұқан Төлебаевтың есімімен аталады. Облыстық филармонияга саңлақ сазгердің есімі берілді. Жас орындаушылардың Мұқан атын-дағы әншілік байқауы өтіп тұрады. Шіркін, осы байқауымыз халықаралық конкурсқа айналып, оған әлемнің шалғайынан келген өнерпаздар қатысса. Және олар міндетті түрде Мұқан Төлебаевтың бір шығармасын орындаітын болса, қандай ғанибет болар еді. Өзге елдер дүрілдे�тіп Глинка, Шуман, Чайковский атындағы жүлделі бәйгені өткізіп жатады ғой. Солардың біразынан қазақтың қара көз ұлдары мен қыздары олжалы оралып жүр. Сондай бір ірі кон-курс өзімізде де өтсе дейміз ғой бағығы. Тіпті оған дәстүрлі “Азия дауысы” байқауын да пайдалануға болар еді ғой. Мұның өзі Мұқан туындыларын кеңінен насихаттауға игі әсерін тигізері дау тудыр-маса керек.

Лепсі кентінде композитордың мемориалдық мұражайы ашылды. Ашылу рәсімінде есте қалар бір оқиға болды. Сазгердің жесірі Дариға женғейге ақжелек жауып, алтын сақина салып, ел тіккен отау деп оны мұражайға келін етіп енгізді. Онда негізінен Мұқан-ның өмірі мен өнеріне байланысты сыр шертетін көптеген құжат-

тар мен суреттер, дүние-мұліктер қойылған. Олардың дөнін сақтап, табыс еткен осы Дағыра екен Бұл бұйымдардың қатары алдағы уақытта толыға түседі деген үміттеміз.

Тағы бір қуанарлығы, республикамыздың Мәдениет министрлігінің қаржысына ескерткіш жасалып, мыстан құйылатын ол мұсін мұражай алдында бой көтерді Ал Алматыда сазгердің өз атындағы көшеннің Абай даңғылымен қызысар тұсындағы “Жетісу” қауазының басындағы Мұқанның жаңа ескерткіші өткен-кеткенге ұлы композитор жеті өзенниң ағысынан жаңа бір саз-сарын аулап отырғандай әсер қалдырады. Бәлкім, осы толғаныстан тағы бір тын романс туып қалар ма екен деген сезімде қаласың оны көріп Жетісудың қоныр сазды сарыны мен Арқаның асқақ әуесін астас-тырып қазақ мұзыкасына романс жанрын алғаш енгізген осы Мұқанның өзі емес пе еді Қалай дегенмен де, Мұқан Төлебаевтың мұралары үлттық мәдениетіміздің мәйегі ғой.

1993 жыл.

III. Алдыңғы толқын ағалар

*Әбдуәли Қарағұлов
Қасым Аманжолов
Әбдірәшит Бектемісов
Жұбан Молдағалиев
Сырбай Мәуленов
Тұрсынхан Әбдірахманова
Кәкімжан Қазыбаев
Сапар Байжанов
Қабдықәрім Ыдырысов
Балғабек Қыдырбекұлы
Әбірәш Жәмішев*



АҚЫЛМАН АҒА

Ақылы асқанды халқымыз қашаннан аға тұтқан ғой. Содан да болар, аға аты әркез ардақ та, асқақ та естіледі. Адам болып өмір босағасын аттағанда, алдымен аясына алатын ата-анаң болса, онан соң бауырына басатын осы ағаң. Тәй-тәй басып ертеңге талпынғанда соңына еретінің – аға. Ер жетіп өмір айдынын шарқ үрганда өнеге алатының – аға. Аға сонан да ардақ. Аға аты сонан да асқақ.

“Ағаға қарап іні өсер” деген қазақ даналығы тіпті де тегін тумаған. Бұған бақсак, аға алдымен ұлағат айттар ұстаз болуы керек. Ал ұстаздық қаны жақын емес, жаны жақын ағадан ғана шығады. Елдің ардақтайтыны да сондай ағалар. Олар бірдің мәндайына емес, мыңның талайына бола біtedі. Ақбасты ата атанған қарт қаламгер Әбекен де бүгінгі абырой биігіне алғаш осындаі бір аbzal ағаның шарапатымен кадам басқан еді.

...Кәдімгі қырдың сарыбалак салқын күзі. Ол осынау қоңыртәбел шаруасы бар шағын ауылға да қарбалас қарекетін ала келді. Тұндік-тұндікке жер бөліп беру жұмысы қызды да кетті. Шөбі түзу шабындығы да болмаған кедей шаруалардың жер алып, қуанышы қойнына сыймайды. Ата-бабасынан бермен қарай жер сүмесін үрлеп ішіп, шайқап төгіп келген байшыгештердің бас терісі түсіп кеткен. Бірақ бұрқанып бетке түсуге дәрмен жок, бықсып жанып, бұқлантайладап, іштен іріткі салып қояды. Олардың арам пигылы туралы, жалпы жер бөлісі жөнінде газеттер де жиі жазады. Оған жүргіттың құлағы түрік. Газет қолына түскен күні-ақ оны оқитын бірді-екілі көзі ашық азаматты тауып алып, жапа-тармағай қолқа салып жатқаны. Қолқа көп салынатындардың бірі о тұста бастауыш мектеп бітіріп, қоғамдық өмірге енді-енді араласа бастаған жас Әбдуәли еді. Газет сөзін құдірет сөзі санап, оған, жазушыларға

алғысын жаудырып жататын жұрт ықыласын көре отырып, оның өзі де ойға шоматын. Шіркін-ай, сезіне барша жан бас шүлғитын газет қызметкері болсам ғой деп қызығып қоятын іштей.

Осындай қиял құшағында жүргенде, ауылға Ақтөбе округтік газетінің өкілі келе калмасын ба. Ол саусақпен санарлықтай сауатты жігіттермен әңгіме-дүкен күрдү. Көрегендігі ме, әлде көnlі жығылғаны ма, кім білсін, әйтеуір ол Әбдуәлиді оңаша алып қалып, ұзақ кеңесті.

— Тілшісіз газет тұл. Көзің ашық комсомол мүшесі көрінесін. Оның үстіне ауылдық Кеңестің хатшысы. Газетке сен сияқтылар жазбағанда кім жазады. Бізге тілші бол, айына ең кемі екі-үш мақала жіберіп тұрасың, — деді ол. — Бірақ басынан келісіп алайық. Өтірік өрге бастырмайды, жалған жазбайсын. Не жазсаң да тәскे салса, бас кесер өткір шындық болсын. Соның өзінде сақ бол. Тап жаулары түгел таусылып болған жок. Күні өтіп бара жатқан тап кашан да қаскөй келеді, жазым қылуы да кәдік. Сондықтан сен мақаланы “Найза” деген сияқты жасырын атпен жазып тұр. Сынымыздан сүрінбей өтсөң, бес-алты айда тілшілік билет береміз.

Сыннан сүрінбей өтіп, келесі жылы ол редакция табалдырығын тұнғыш аттап, Ақтөбеден тілшілік куәлік алып қайтты. Жас тілшінің қалам тербер тақырыбы алғашқы адымынан-ақ сан алуан болды. Ауылдағы әлеуметтік өзгерістер, шылдықтың аяққа шырмая шірік салты, жеткіншектердің оқуы, ересектердің сауат ашуы, кедей шаруалардың үйим болып, колхозға бірігу, “жырма бес мың-шылдардың” алғашқы адымы — бәр-бәрі көніл көзі қырағы тілшінің қаламынан қағыс қалған жок.

Зерек те зерделі ауыл тілшісін арада үш жыл өткен соң, жаңа атпен шыққан округтік газеттің редакциясына ауыл шаруашылық секторының менгерушісі етіп жіберді. Ол жылдары газетте автор аз болды. Редакциядағы айналасы бес-алты адам материалды да жинап, мақаланы да жазып отырды. Бірінің жазғанын бірі оқып, бірігіп отырып түзейді. Машинистка деген жоқ, мақаланы әркім тасқа басқандайғыл қолдан жазады. Корректор деген жоқ, мақаланың корректурасын әркім өзі жүргізеді. Баспаханада әріп деген де шамалы. Сонау Орынбордан Ақтөбеге қаплен арқалап әріп тасыған да күн болды.

Осылай Әбдуәли Қарағұлов газет жұмысының ыстығына күйіп, суығына тоқып өсті. 1934 жылы міндетті әскери борышын өтеп оралған соң, оны облыстық “Социалды жол” газеті редакциясының жауптты хатшылығына тағайындағанда, облыс партия үйимы

журналистиканың қандай жүтін артса да қайыспай көтерер деп оған бекем сенген еді. Облыстық газет босағасында оның қаламы ұшта-лып, беті бұрынғыдан да айқындала түсті.

Адамда өзге тұрсын, өзі де байкай бермейтін бір қымбат қасиет болады. Ол – жеткен жері қөңіліне жел кеулетіп, шыққан белінде тоқмейілсіп тұрып қалмау. Ол – қол жеткенге қөңілі толмау, алған межесін місе тұтпау. Ол – алға, асқарға талпыну, шырқау шындарға үмтүлу. Актөбеде жап-жаксы қызмет атқарып, тәп-тәуір дүниелер жазып жүрсе де, Әбдуәли оқып, білімін байытуды бір сәт жадынан шығармайды. Сөйтіп, 1936 жылы ол Қазақ коммунистік журналистика институтына окуға түседі. Оның институт қабырғасындағы жылдары тынысмыз еңбекке толы ізденіс дәуірі болды. Тарихқа терен бойлап, әлем әдебиетінін асыл қазынасын қопарды. Орыс, казақ жазушыларының туындыларын көп оқып, талайынан тағылым алды. Ой-өрісін кеңіте отырып, журналистиканың бар жанрында күшін сынап көрді. 1939 жылы журналистика институтын айрықша дипломмен бітірген Ә.Қарағұлов Қазақ телеграф агенттігі директорының орынбасары болып белгіленсе, тынбай ізденетін талмас еңбеккерлігінің ескерілгені еді.

Сонан бері де табаны күректей жарты ғасыр өтті. Сондағы ашаң жүзді, қайратты қара шашты, аққуба жігіт бұл күнде ақ басты ақыл иесіне айналды. Ондағы апетпе алғырлық салиқалы салқын ақылға ауысты. Сонау Ұлы Отан соғысының ауыр жылдары Әбекен Қарағанды облыстық газетінің редакторы болды. Онан Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде үйымдастыруышы, бөлім менгерушісінің орынбасары сиякты жауапты қызметтер аткарды. “Социалистік Қазақстан” газеті редакторының орынбасары болып та біраз жыл қызмет аткарды. Одан соң баспа мен радионың, “Жаңа өмір” журналының бас редакторы болды. Ал құрметті демалысқа өзі үзбей он төрт жыл басқарған астаналық облыстық “Жетісу” газетінің қабырғасынан шықты. Былайша айтқанда, бағы таймаған баспасөз басшыларының бірі болды. Бірақ үлкенді-кішілігіне қарамай, қай ұжымды болсын басқару оңай емес. Нар жүті женіл болмасқа керек. Қөніл көзі қарاكتы басшы фана әр адамның жүргегіне жол тауып, коллектив ағасы деген атты абыраймен алып жүре алады. Сондай қыын міндепті Әбекен әркез құрметпен аткарды.

Газет – коллективтік ойдың тұмасы. Қазақтың “кеңесіп пішкен тон келте болмайдысы” түп-тура осыған арнап айтылғандай. Көп пікірін ескеріп, кеңінен кеңесе отырып жасаған газет қана қөнілдегідей шығады. Онда тілші хатын ашқан тіркеуішден бастап,

баспаханада соңғы бетті тағы бір сүзіп оқып шығатын кезекшіге дейінгі тұтас бір ұжымның еңбегі бар. Солардың бәрінің басын біріктіріп, ойларын бір арнаға салып отыратын бас редактордың еңбегі өз алдында бір төбе.

“Редактордың жақсы жазуы шарт емес” деген пікір қара көрсетіп калады кейде. Бұл, біздіңше, түп-тамырымен қате. Өзі түн үйкисын төрт бөліп қалам тербемеген редактор мәндай терін сыйрып жазған журналист еңбегін бағалай білмейді. Ал жазғанның жөні осы деп өз шабысына өзі елігіп, қызып жеткен үрыснан айрылып қалған желаяктай өзімен өзі болып, айна әлденеше бас мақала жазып, котармаларды қобыратып газет бетін бермейтін редакторларды көріп жүрміз. Әрине. олар өсіре жазғыштар, “Жалғыз шапқан ат жүйрік” демекші, олар ешкімді өзіне тең тұтпайды. Қарамағындағылардың бәрін кем көреді. Олар ешкімнің жазғанының жақсысына сүйінбейді, жаманына күйінбейді.

Біздің Әбекен болса аз жазады, аз болса да саз жазады. Құмнан алтын аршыған кеншідей әр сезін салмактап, айттар ойын елепекшеп отырады. Оның әр мақаласынан тіл мәдениетін жете менгергені есіп-ақ тұрады.

Халықтың қанатты сөздері, тапқыр теңеулері онын қаламына оңтайлы оралып, орынды қолданылады. Жасының келіп қалғанына қарамай ертелі-кеш оқитынына таң қаласын. Әсіресе, жас жазушылардың шығармаларын зер сала оқып, олардың тілі туралы толғамды ойлар айтып, қалам тартып отыруы қандай ғанибет.

Әбекеннің тіл мәдениетіне тоқталғанда отызыншы жыдардың орта шеніне саяхат жасап қайтуға тұра келеді. “Қызы Жібек” драмасына материал жинағалы сол жылдары Алматыдан Ақтөбеге Фабит Мұсірепов барады. Жібек көші жүрген жолмен саптар шеккенде, ол облыстық газеттен кестелі сөзді қастерлей билетін әрі жазуы да әдемі осы Әбекенді ерте шығады. Сонда Габаң қоқірегі кен, қўйма кулақ қариялардың әңгімесіне тамыздық тастан, маздатып қойып домбыра тыңқылдатып, естігенін қоқірегіне тоқып жатар еді. Осы сапардан ол ауыз әдебиетінің әйдік мектебінен өтіп, халық тілінің құнарына қанып қайтқандай болды.

Кім білсін, сол сапарда дарыған дағды ма, Әбекен қазірде кулагына жаққан сезін жазып алмай қоймайды. Оның қойын дәптерінде халық даналығының күесіндей талай сөздер бар. Ой көзі қөреген бір қария: “Аттылы аз журеді — көп көреді, машиналы тез журеді — аз көреді” десе, оны Әбекеннің дәптерінен көресіз. Базардан калжындастып тұрып бір егде адам тұрғыласына: “Күн-жындарың

бар да, күнартарың жоқ” десе, ол да қағазға түседі. Ауыл ақынының:

*Байқап көр асыл қандай, жасық қандай,
Ер қандай, есер қандай, пасық қандай.
Артылсын дос-жаранға махаббатын,
Көргөз дидарыңды асыкқандай, –*

деген жыр жолдарын жаза жүреді. Бірақ кейбіреулердей “бұл бір ақын үміт болып барады” деп мақала жазып жіберу ойынан ол аулақ. Асыл сөзді қастерлер адам ондай арзан мақалага бармасқа керек. Оған оны екінші бір адамға жеткізгеннің өзі де мұрат.

Кай жерде қызмет істесе де, Әбекен алдымен сол аймақтың сөз сыйлар адамдарымен жақын болады. Сол төңіректің тарихын жете зерттейді. Қарағандыда қызмет қылған жылдары ол Доскей, Елеу, Алдажар сияқты ақындармен сыйлас, сырлас дос болды. Солармен ынтымақтасып ақындардың облыстық айтысын да үйымдастырыды. Кейін жыр алыбы Жамбыл жеріне жеткізген ақындар айтысы алғаш соғыс жылдары Қарағандыда басталған еді. Ал “Жетісуга” келген соң Әбекен Алатау атырабының ақындарын көп зерттеді. Сүйінбай өлеңдерінің біразын жатқа білуі сонан. Бұл да кейінгіге гибрат болса керек.

Бабы келсе бәйге алмайтын түлпар болмайды, баулуы келіссе түлкі ілмейтін қыран болмайды, бағы жанса топқа түспес ұлан болмайды. Солардың бірін шабандоз, бірін құсбегі, бірін сайыпкер тәрбиелейді. Сайып келгенде, солардың бәрі ұстаз. Демек, ұстаздан асқан атақ жоқ. Әбекен сондай ардакты атақтын иесі. Қалам еңбеккерлерінің талай толқыны оның алдын көрді. Қазақ мемлекеттік университетінде журналистикадан сабак беріп те газет қызметкерлерінің сан үрпағын түлетіп шығарды. Солардың бәрінене Әбекенің коятын бір-ақ талабы бар. Ол – жақсы журналист қана болу.

Осы орайда Әбекенің өз ұлы Олжастың бір сөзі ойфа оралады. Бүгінде берісі бүкіл Одақ, әрісі әлем оқырмандарының сүйікті ақынына айналған Олжас Сүлейменов орта мектепті бітіргенде әкесімен алдағы мамандығы жөнінде ақылдасып, өзі сияқты журналист жолын қалайтынын айтады. Сонда Әбекен оған:

– Жаман журналист болғанша газеттің қарасын көрмеу керек. Ал сениң жақсы журналист болуыңа сенімім шамалы. Басқа мамандық қалағаның абзал болар, – деген екен. Міне, қамқор да қатал ұстаз осындағы болса керек. Сондай ұстазды ғана елі, каны емес, жаны жақын аға деп біледі. Сексенте келсе де сөз сарбаздарының

сапынан шықпай келе жаткан сол ағаның журналист жолын осылай, бір шолып өту артық болмас деп білдік. Себебі алдағы толқын ағаларға қарап сап түзейді ғой кейінгі үрпақ.

* * *

Өзекті жаңда өлмейтін жок, өлгендердің арасында өлмейтін көп. Бұл пәниден өзі кешкенімен, ізі өшпейтін, сөзі өлмейтін сондай бір ақылман ағамызы өмірден озды. Қазақ журналистикасы кәрі тарлан қайраткерінен, қажымас қалам еңбеккерінен, ал қаламгерлердің қуатты бір толқыны тамаша үстазынан айырылды. Әрине, үстаздан айырылу оңай емес екені өмбеге аян. Осындай ауыр сәтте алдымен оның шарапат-мейірім, шапағат пейілін еске алып, кейбір қарекет-қимылын, жүріс-тұрысын көз алдынан еткересін.

Бұдан тұра 33 жыл бұрын дәл осы наурыз айында мені астана-лық облыстың газеті “Жетісүдін” бас редакторы шақырыпты. Имене басып кабинетке кіргенде кең мандайлыш, бурыл шашты, кесек мұрын, акқұба, ашаң жүзді, ұзын бойлы егде адам орнынан тұрып жымия келіп қолдасып амандасты да, алдынан орын ұсынды. Саусағы сүйріктей жұп-жұмсақ алақаны бойыма жылу жүгірткендей әңгімеміз бірден жарасып жүре берді. Алматыға келгеніме небәрі бір жарым жыл, “Ара-Шмель” журналында қызмет етіп жүрген жап-жас кезім еді.

— Айналайын, айына бір шығатын журналда жас адам жалқау-ланып кетуі кәдік. Ал жалқау адам бара-бара жазуға да енжар тартады. Жас дарын өзгени аяса да, өзін аямауы керек. Қабілеті сондағана ашылып, қаламы сондағана қанаттанады. Сенің қолың — отпен ойнап, казанмен қайнап жүретін күнделікті газет сиякты. Бізге келсөң — орын бар және жақсы, жауапты қызмет, — деді әңгіменің тоқетерін іріклей.

Содан бастап мен табаны күректей тогыз жыл Әбекенмен тізе қосып үзенгілес енбек еттім. Әуелі бас редактордың орынбасары, одан бірінші орынбасары болдым. Жасы жетіп ол құрметті демалысқа шыққаннан кейінғанда мен қазіргі “Егemen Қазақстанға” ауысып, бір кезде оның өзі отырган екінші орынбасардың орнына келдім.

Қамқор канатының астына тым ерте кіріп, жылуын жастай сезінгеннен шау тартқан қазіргі кезімнің өзінде қиналып қалсам,

Әбекенде еске аламын. Ол кісі қарамағындағыларға керемет қамкор еді. Дауыс көтеріп қатты ұрыспайтын. Бірақ баяу сойлеп, ақыл айтып отырып-ақ кімнің болсын жетесіне жеткізетін. Кейбір қызыметкердің қылышы шектен шығып кетсе де, оны өзгелердің талқысына бермей, ұжымның өзінде-ақ тезге салып түзеп алатын. Алқа мәжілісінде алдымен талқылап алып, жұрттың пікірін әбден тыңдал болған соң жігіттің жағасы қисайып бара жатса:

— Ия, сонымен нокта-жүгенін сыйырып қоя береміз бе мұны? — деп жағалай отыргандарға қарар еді.

— Ер мойнында қыл аркан шірімес, тағы бір сынап көрсек қайтеді? — деген сөз біреуіміздің аузымыздан шыға қалса, катаң жазага қимай отырган өзі де:

— Ә, онда сенім артып сынасақ сынап көрейік, — деп жайылып түсе қалатын еді.

Ал оның материал қарауы өз алдына бір мектеп. Қайсы бір қазымыр редакторлардай жазғанынды тарпа бас салып сызу деген онда болмайтын. “Осы қалай болар екен?” деген тұска қарынлашпен белгі ғана қойып, өзінді шакырып алып, ақылдаса отырып өндөткізетін. Содан соң мақалаң сымға тартқан күмістей жалтылдалап шыға қелетін. “Шаужайлай берсөн тұлпарды да топырыш етіп аласын, қаламының желі бар жігіттерді еркін көсілтіп, өзіндік колтанбасына тиіспеу керек” деп отырар еді.

Жасамыс тартқаның өзінде де Әбекен жаңа идея, жаңалық десе жаңып кететін. Жақсы нышан, жаңа лепке жаңы құмар болатын. Жалт еткен бір тың идея ортага түссе-ақ соның жүзеге асуына зер салып, колдау көмегін аямайтын. Қапшагай су электр станциясы салынған кезде өлке өміріндегі ерен жаңалықтан тыс қалмай, өзен арнасын бекіткенде онын басы-қасында болындар деп, өзі мініп жүрген көлігін беріп, екі-үш жігітті арнауы жібергені әлі есімде. Содан екі-үш күнде арнаулы нөмір жасалып, кейін кітап жазылғаны да бар.

Жалпы, ойлы да өткір, талдауы терең сын мақалаларды жақсы көргенімен, “тегінде, елді озық үлгі, өнеге арнасында тәрбиелеген абзал” деп ескертіп отыратын. Бірақ редакцияға түскен арыз-шашымды қалт жібермей, алдымен өзі қарап, одан тиісті бөлімдерге жіберіп, оның әрі қарай жылжуын, арызданушының дер кезінде жауап алуын ұдайы назарда ұстайтын. Сондықтан да ол хат бөлімінің жұмысына өзі жетекшілік етіп, тікелей бақылап отырар еді. “Сынағанның жөні осы екен деп соққылай бергеннен, шағым бойынша шара қабылдағаны тиімдірек” деп ол кейде арыз түскен

ауданың басшысын шакыртып алып та ойласатын. Бір хат бойынша сондай бір ауданың бүгінде көзі тірі бірінші басшысын шакыртып алып, бұлтартпас деректермен бұра бастырмай отырганының күесі болғаным бар. Біздің біразымыз аудан, облыс басшыларын былай қойып, кейде шаруашылық жетекшісімен де ашық әнгімелесіп, кінесін мойнына қоюға бата бермейміз.

Асылы, Әбекен айтқанынан қайтпайтын, әділдік үшін ештемеден де тайынбайтын бірбет адам болатын. Соғыс жылдары Қарағандының облыстық газетін басқарып жүргенде ақындар айтысын үйымдастырған ғой. Тура айтыс үстінен Алматыдан атакты жазушы Фабит Мұсірепов келіп қалады. Облыс журналистерінің бастамасына разы боп ол қайтқан соң республикалық газеттердің бірі белгілі жазушымыз Қарағандыға барып, ақындар айтысын үйымдастырып келді деген хабар жариялады. Онда жергілікті қаламгерлердің еңбегі жайында ләм деп ештеме айтылмайды. Содан Әбекен Орталық партия комитетіне телефон соғуға мәжбур болады. Жабулы қазанды жабулы қалпында қалдырығысы келген ондағылар оны астанаға шакыртып, жеке әнгімелесіп, шу көтермеуді сұрайды. Бір өзі емес, бүкіл облыс қаламгерлерінің еңбегін зия жібергісі келмеген Әбекен бөлімде, хатшыда болып, ақыры ақыратын дәлелдеп шығады. Әділдік үшін ақыр аяғына дейін айқасуға әзір қаламгер сол жолы Орталық Комитетке қызметке қалдырылады. Осындай әділдігі мен батылдығынан ол ешқашан танған емес. Бертін Л.И.Брежневтің досы облатком төрағасы Семен Елагинге қарсы кеп қалып жүретіні де сол әділдік жолындағы жанпидалығынан еді.

Айтып-айтпай не керек, Әбекеннен үйренер, үлгі алар өнегелі істер жетерлік еді. Оның бойымызға несі дарып, не қалғанын қайдам, әйтеуір әкедей қамкорлық көрсеткенін ұмыта қоймаспыйз. Кейде редакцияда кешкісін көбірек отырып қалып үйге кеш қайтуға тұра келетін. Үлкен кісі болған соң кобінесе оны үйіне дейін шығарып салатынбыз. Ондайда бастаған әнгімесін дастарқан басында жалғагалы үйіне шакыратын ол. Бірде шешейдің қаймақ қатқан қою шайын іше отырып: “Осы шаңырақ маган әкенің үйі сияқты” дегенім бар. Шынында да, Әбекеннің тәрбиесін өз басым әкемнен көп көрген тәріздімін. Өз әкем мен ес білмей жатып жазықсыздан жазықсыз 37-нің зұлматына ілігіп, одан соғыстың қайнап жатқан кезінде ақталып, іле әскерге аттанды. Әскерден оралғанда мен қалаға оқуға кетіп, тек жазғы каникул күндеріндеған қауышатынбыз. Ал атжалаң тартып мінгелі мен — қалада, ол ауылда болды. Санап отырса, сонда әкеммен бірге болған күндерім Әбекеннің қолас-

тында қызмет істеп, тікелей тәрбиесін алған уақыттан аз екен. Демек, оны әке тұтпас рет жок.

Енді ойлап отырсам, ол кісіні әкеме теңеп, дүрыс айтқан екем. Өйткені ол әлемге Олжас ақындан абзал перзент өсіріп берді. Ал Олжас исі қазақтың ғана емес, мұқым Азияның мақтаны. Олай болса, Әбекен баршамыздың әкеміз. Бір ғажабы – менің тұған әкем де өмірден 89-ында өтіп еді, тұтынған әкем Әбекен де сол жаста дүние салды. Қепті көрді, қепті түйді, халқына қадірлі, қауымына абыройлы болып аттанды екеуі де. Жақсыларға жарасымды үқастық-ау осының өзі!

Уақыт шіркінде ая мен баян бар ма, міне, оған да бүгін қырық күн болып қалыпты. Жалпы, Әбекен ұлықты үл, қылықты қыз өсіріп, бәрін де ұясы мен қиясына қондырып, немерелер сүйіп, шөберелерін көріп, бұл өмірден аларын алыш, берерін беріп кеткен кісі гой. Былайынша, бұл пәниден армансыз да алаңсыз өткендердің бірі деуге болады оны. Алайда қашан көз жұмғанша қолынан қаламы түспегеніне қарап, қаламгер ретіндегі оның арманы ешқашан сарқылмағанына көз жеткіземіз. Ал қаламгердің арманы сөнгені – күнінен бұрын өлгені гой. Кім білсін, Әбекен тізгінін өзі он төрт жыл бойы ұстаған “Жетісүудың” осы жазда 80-ге толатын мерейтойын көріп, оны шәкірттері ортасында тамашаласам ғой деп те армандаған шығар. Әйтеуір, қолынан қаламы түспей кетті оның.

1989, 1998 жылдар.

ТӘКАППАР ТАЛАНТ

...Қазақ әдебиеті ауыр казаға үшырады.

Азанамның осынау алғашқы жолы-ақ ойға қалдырган еді. Дүние салған дарын иесін асыра мақтап, артық бағалап отырған жоқ па өзі? Тұтас әдебиет қазаға душар болып, аза тұтса, ол ақын жыр сарайының шаңырағына тіреу болып тұрғаны да. Оның опат болуы сол ғажайып ғимараттың бір бұрышы опырылып, омсырайып қалды деген сөз емес пе. Ал Қасым Аманжолов қазақ әдебиеті үшін шынында да осындай орны толmas ұлы тұлға ма? – деп ойлағанды.

Қайран көрбілтелік-ай десейши. Ауыл мектебін бітіріп, институттың алғашқы курсында оқып жүрген біздің онда әдебиеттен біліміміз де, білігіміз де мұлдем мардымсыз екен ғой. “Күніміз де, үніміз де – партия, панамыз да, данамыз да – Сталин” сияқты жаттанды сөздермен жүрек жалғап, көніл қылын шертер шынайы жырдың не екенін үғынбай, үйқасқанның бәрін өлең, шырқалған-ның бәрін ән деп жүре беріппіз. Оның үстіне азат үнді ауыздықтап, бұла ойды бұғалықтап, басынан сөз асырмаған сұрқай кезенің қатыбас қатал тәртібі асыл мен жасықтың ара-жігін ажыратуға ырық берді ме. Соның салдарынан көзі тірісінде біртуар талант Қасымның да ақындығы алуан қырынан жарқырай ашылып, бүкіл болмыс бітімімен таныла алған жоқ екен. Жан желпінтер жылы лебіздің орнына жүйкені жеп, жүректі сыйздатар пасық сынға көбірек шарпылып, ақын қысастықтың да неше атасын көріпті. Сол қиянат оның жырлары жайында оқырманның бірегей пікірі қалыптасуына да көп кедергі болса керек. Балаң ойлы біз оған қайдан бойлайық онда?...

Асылы, ақындық – табиғаттың сарабдал сыйы ғана емес, ай-

рықпта құбылсы да сияқты. Ақындардың өлмес, өшпес өмірінің өзі көз жүмғаннан соң басталатыны да, бәлкім, содан болар. Әкімнің атағы тірісінде ғана аспандайды. Ал ақынның даңқы өлгесін дәүірлейді. Яғни пенделіктен арылып, періштелікке ауысады ол. Қасымның да ақындық өмірі өзі дүниеден озған соң айшықталды. Оның өзі қайтыс болғаннан кейін жарық көрген үш томдық шығармалар жинағы “онды-солды шашқан мол мұрасына” жүрттың көзін ашқан бейнебір қазына аралы іспетті еді. Бұрын әр кітапқа бытырап, басы бірікпей келген қоңіл қүй жырлары бір арнаға сайып, біртұтас көрінгенде табиғат өлең жырдан құя салған ақынның биік тұлғасы еңселеніп кетті.

Оқінішке орай, осыған дейін Қасымның қадіріне жетіп, өзін де, сөзін де бағалай білмеппіз фой. Бақсақ, ол Абай мен бүгінгі казақ поэзиясының арасына тартылған алтын көпір екен. Творчествоның тал бойына Сәкеннің сейдін серпінін, Мағжанның мәрмәр мөлдірлігін, Илиястың нөсер нөпірлігін түгел дарытқан ол өз ұстаздарының орнын жоктатпай, казақ жырының түрін де, тінін де тың нақыштармен зерлеп, өзгеше өрнектер әкелді. Тоғыз, он буындық ырғактар жасап, жаңа екпінмен өлеңнің мақамын өзгертіп, салмақтылығын қүшетті. Қара өлеңнің өзін жеті және төрт буындық жолдарға бөліп, соны үйқас түзуі де зерделей зерттеп, терең талдануга тиіс жаңашылдық. Осының бәрі оның өлең мәдениетін арттырып, мазмұнын байыта отырып, казақ жырын әлем поэзиясының деңгейіне дейін көтергенінің айғасы.

Қасым қазақ өлеңіндегі өзінше бір дербес дәуір десек, әсте асыра айтқандық болмас. Ол өмір қезендерін өлеңмен кестелейтін тұтас бір толқынның төлбасы. Былайша айтқанда, жырдағы жаңа бір ағымға арна ашып берген ақын. Қоңіл қүй жырларының қазіргі алпыс пен қырық жас аралығындағы хас шеберлерінің оған сокпай кеткені кемде-кем. Қай-қайсы да одан тәлім алып, соның үрдіс-үлгісінде қалыптасты. Демек, ол өзіндік мектебі бар шын мәніндегі классик. Тек осы атақты күні бүгінге дейін қимағандай, Қасымның қазақ топырағындағы тағы бір ұлы ақын екенін тап басып айта алмай жүргеніміз қинайды.

Дарын дегеннің өзіне, өз күшіне кәміл сенім екенін ол ал беттен-ак сезген. Түңіліп тез отығар енесіз қалған козыдай жетімдік тағдырының тегеуріні ме, әлде желгіндірген жаңа заманның лебі ме – әйтеүір ол өмірде де, өнерде де ерте есейді. Тырнакалды өлеңдерінен-ак бұлықсыған бұла күш байқалып тұрды. Жыр жаһанына тегін келмегенін ол бірден айтып, сүрінсе де, жығылса да жүгіруден

танбай, жетер жерге бұрынырак жететінін паш етті. Жиырма бес жасында-ак:

*Тән тозып, жан суалмак расында,
Тән қалар кара жердің жырасында.
Сонда да сыр сандығым жерде қалмас,
Сакталар ұлы тарих мұрасында, –*

деуі сондықтан. Сол үшін де ол “Бір күні үйкітап кетсе, оянбасын” сезгендей жаңып, талап тұлпарына дамыл-тыным берген жоқ.

*Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,
Өкінем үқсата алмай келемін деп.
Күніне жуз ойланып, мың толғанам,
Өзиммен бірге өлемесін өлеңім деп.*

Оның өмір мұраты осы болды. Қашан да өз сөзін өзі болып айтуга құлаш ұрып, жұрт жүріп кеткен сүрлеуді шырыламай, тыннан жол салып, омбыласа да опынбай нар тәуекел деп тек тұра тартты. Сөйтіп, сәйгүлік қаламынан серінің сертке таққан семсеріндей айбары алмас, айдары алтын жырлар туғызуға жаңын салды.

Қ.Аманжолов соғыстар бұрын-ак өзіндік бет-бағдары бар, қалам тартысы төңірегінде гілерге көп үқсамайтын дара дарын иесі екенін танытқан-ды. Оған оның қырқыншы жылдардың алдындағы жырдастандары айғақ. Қөніл қүйін жырлау акын жаңының қүйректігі деп таптаурын тақырыптағы жаттанды жырлардың бағы жаңып түрғанда да Қасым шөпті де, шөңгені де өлең қылуға барған жоқ. Шабытқа от тастап, киялын терберген тақырыптарға ғана қалам тартты. Күнбес-күнгі өмірдің күрделі мәселелерін қозғауға ден койды. Мә-селен, таңғы тәтті үйқыдан оянып, таңғы таза ауаны жутканда:

*Ерінінде ойнап құлқи,
Талаі қыздар жасыр-ау, ә, –*

деген ойнақы жолдарын еске алып, қайсымыз болсын бір жымиып қоятын “Бикеш” поэмасының көтерген мәселесі күні бүгін де көкейкесті. Ақынның сұнғыла сезімі, ауылда пісіп, астанаға кеп үзілуі, әсіресе, соңғы кезде көбейп кеткен “алма мойын арулардың” аянышты халін сонда-ак шалып, азғын арандатушылардан сақтандырған ғой.

– Мен махаббатты қолжаулық етуге қарсымын, – дейді екен ақынның өзі. – Әйелді мен перште көремін. Оны күннің жарығы, жанбырдың шапағаты, таңның рауаны, таудың бұлағы деп білемін. Батырлық, ақындық – бәр-бәрі ананың қекірегінен жаралып, ба-ланың жүрегіне құйылады.

Ақынның жастық жырларына да осынау ой алтын арқау болып тартылған. Махаббатсыз өмірде мән де, сән де болмақ емес. Оның аңыз азабының өзі тәтті рахат.

*Fашық едім, қайтейін,
Оны білер жан қайда?
Арманда бол өтейін,
Армансыз бол не пайды? —*

Лейді ақын. Иә, армансыз адам алдағыға құлышынбайды, алыстағыға үмтүлмайды. Жалпы, совет адамдарында арман-муң деген атымен болмауы тиіс, олардың ортақ та асқақ мұраты — коммунизм құру деп, жеке бастың жан күйзелісі айтылып, қайғы деген сөз естілсе, зар заманның сарыны, қөнені қөксеу деп құстаналатын белсенділік тұсында Қасымның бұлай жазуы батылдық қана емес, батырлық та еді. Махаббатсыз дүние тиексіз домбыра сияқты, дыңғылағаны үні болғанымен күмбірлеген күйі жоқ. Махаббат жоқ жерде ерлік те, елдік те болмайды. Отбасын сүйе білмеген жан, Отанын да сүйіл жарытпайды. Отан отбасынан басталады. Осы ақиқатқа имандай сенген ақын өз сырын озге емес, өзі айттып, қөніл күйін қағазға котарды. Әрине, ол кезде жан сырын ақтарар жырлар жарық көре де бермейтін. Сонда да келешекке берешек болмас үшін ақын:

*Риза етін ата-анамдай мен елімді,
Өмірге беріп кетем берерімді, —*

деп жан сырын жүрек алауына орап, түгел дерлік өлеңмен өрнектеп кетті. Сыршылдығымен баурап, шыншылдығымен тәнті ететін де оның осы жырлары.

Өмірде еркін өсіп, елінде өзендей گүрілдейтін ақын өзін әманда:

*Жаман-жаскы болсам да ел ұлымын,
Елім деген ер болса серігімін.
Туган елдің намысын, абырайын
Өрге тартар бір жүрдек көлігімін, —*

деп үтатын.

Сол елінің басына құн туып, “Топырағында тебіренбей жата алmas ем, ақын болмай, тасың болсам мен егер” дейтін туған жеріне тұтқылдан дүшпап басып кіргенде Қасым қайсыбіреудей, “қарын-дашпен киратып жау” кеңседе отырып қала алмады.

*Қош бол, досым, соз қыска,
Сыналар шағы жігіттін.
Зіл болып ойым мен кеттім
Сурапыл бір соғыска! —*

деп тығыз уақыт дос-жаранмен еркін қоштасуына да мұрша келтірмей, сол кеткеннен қанды қасап қырғынның ортасынан бір-ақ шыкты.

*Қыт-қызыл дария майданға,
Басыммен сұнғат жөнелдім.
Бойлан бір шығын қайранға,
Ойлан бір кештім теренин, —*

деп оның өзі айтқандай, дозақтың есігін өлеңмен қағып, майдан соқпақтарымен табандатқан төрт жыл журді. Сол төрт жыл қару мен қаламды қоса ұстаған Қасым ақындығының бұрын байқалмаған жаңа бір қырын айшықтап, оны қазақ жырының заңғарына бір-ақ шығарды. Кілен бір шиыршық атқан шымыр шумактардан түзілген сол кездегі өлеңдерінің бәрі де ойының айқындығымен, үнінің жарқындығымен, бояуының қанықтығымен, түрінің сонылығымен, тілінің үыттылығымен айрықша дарағанады. “Жел қанатын жайып қарсы, махаббатты шаштан сүйреп” келе жатқан жауды бетке сабалауы, бейуакытта шуақ боп жанған достың от махаббаты, жаудың жолын қырқып, бомба боп жарылған журек” тәрізді бейнелі де беделді тың тіркестер мен теңеулер бұрын-сонды қазақ өлеңінде болмаған құбылыс. Өлім мен өмір кездескен екідай киын-қыстай шақта қиял қанатында шамырқанған шабыт құдіреті ғана осындей ғаламат жасайды. Ендеше:

*Қазактың әни мен өлеңин,
Найзадай көтеріп келемін.
Шығыстың аласа аспанын,
Тұндіктей түріп бір тастадым, —*

десе, Қасым әдебиеттегі өз орнын, ақындық қадір-қасиетін көміл біліп отырғаны. Мұндай пайғамбарлық тек ұлы ақындарға ғана тән.

Қасым жырының осы құдіреті соғыстан кейінгі кезеңде бел алып бедерлене түспесе, бәсек тартқан жоқ. “Туган жер”, “Советтік менің өз елім”, “Жас дәурен”, “Нұрлы дүние” сияқты әр сөзінде нұр сәуле ойнаған терең ойлы, кемел туындыларын ел бірден іліп әкетіп, әнге айналдырып жіберді. Әсіресе оның есiet іспетті терең философиялық толғамға толы “Өзім туралысы” бүгінде ауыздан түспейді. Алдыңғы аға, арттағы іні бар — дос-жарандарына, сүйікті жарына, сүйімді балаларына арналған өлеңдерінің өзі нәзік сырыймен, женіл мұнымен, сергек сезімталдығымен астарлы бір күй шертіп тұрады. Алайда алыпқашты өсек-аяң, жазықсыз жабылған жала, ұлтшылсың деп жазғырып, қыр соңынан қалмау, діңкелеткен

дімкәстік, тапшы тұрмыс жомарт ерді жіпсіз байлаң, кең көсліп, еркін сілтеуіне жібермеді. Бүтінде жетім бұрышты жағалап жүрген жаңа толқын жас талапкерлердің аузынан туспектін:

Берсөң бер, бермесен қой баспананды.

Сонда да тастамаспын астанамды.

Өлеңнің отын жағып жылтыармын

Өзімді, өйелімді. жас баламды, –

дейтін суырып салма шумағынан-ақ акынның пәтер зарын калай тартып, талай киындықты бастан кешкені көрініп түрған жоқ па. Ақын соңда да келешектен күдер үзбей, бар үміт сенімін алғы қундерден күтті.

Тегінде, Қасымның өзіне ғана жарасатын тентектігі мен тә-каппарлығы жеткілікті болған сияқты. Талант тіпті бір мінезсіз болмайды да фой. Сонымен бірге ол баладай аңғал, далағай даркан да адам екен. Үйінен ертелі-кеш конақ арылмаған. Әсіресе, жыр жалына жабысқан жас акындардың көбі соның маңында жүрген. Сәл нәрсеге елігіп, елжіреп, егіліп қоя беретін жаңының нәзіктігі және бар. Сондай бір сәтті оның сырбаз досы, сырлас серігі, қазак жырының Қасымнан кейінгі өрен жүйрігі Сырбай Мәуленовтің жырдайғып айтатыны бар.

— Баяғы бір кезде бала Faфуды Қасымның үйіне ертіп барған едім, — дейді Сырағаң, — жалдамалы пәтері тау баурайында. Тұні салқын болып, суық соғып қызылша солып қалыпты. Соны көріп Қасымның елжіреп, жыларман бол түрғанының үстінен түстік.

— Япыр-ай, мына көрініс шашын жайып, жас өмірмен коштас-кан ару жаңнан айнымайды екен, жас өмірді. жас өндірді үзіп кеткен тағдыр неткен катал еді! Өз перзентін өлім құшағынан алып кала алмай табиғатқа не болған? — деп көзіне мөлтілдеп келіп қалған жасын көрсетпес үшін теріс айналып кетті.

Faфуды өзіне таныстырғанымда қайтадан жаркылдай күліп, үйге ертіп кірді. Қасымның домбырасымен Faфу өзінің “Қызбел суреттерін” шырқап салғанда музыкалық аспаптардың бәрінде дерлік еркін ойнап, әнді де әсем орындастырын сері ақын әуелі үйқылы-ояу сияқты киял теңізіне батып отырды да, сергіп тез серпілді.

— Мына бала шын ақын екен, — деді разы болып. — Ал біздің үйге ақын еместер де келе береді.

Осыны айтқанда көзін бір алартып қойды. Ұлы Мұхтардың мұны “ойлы-мұнды Қасым” деп атауының оның жаңын ер-қырымен, орман-мұндымен, өзен-суымен түтег түсінгені-ау деп қалдым.

Ал мен болсам, әлгі ақын еместердің еліктемей солықтап, менің де мінезім Қасым сиякты деп бас жарып, көз шығарып, жүрген жерін шулатып жүретін адырлары әлі де ұшырасады-ау деп ойладым. Ақынның “Бірден Пушкин болмай-ақ, Баймұқанша басташы” деп жүргені содан ғой. Бүгінде оның бұл сөзі мәтелге айналып кетті. Оның осындай жадыңда жатталып қалар сөздері аз да емес. Буырыл бас біз де жүріп өткен жолымызға көз жүртсек болды:

*Откен күннен белгім аз,
Беттегі әжім болмаса.
Шимайлаппын көп қағаз,
Ол дағы бір далбаса,* –

деп күрсініп қоямыз. Қанатты тіркестері осылай макал-мәтелге айналып ауыздан түспеуі тек шын ақындардың, ұлы ақындардың ғана құдіреті болса керек.

Қазақ жырының жаңа бір толқынының көш басшысы болған Қасым Аманжоловтың туғанына 80 жыл толуын тойлауға қазір кіндігін кесіп, кірін жуған жері Қарқаралы қам жасап жатыр. Одан басқа жер әзір жым-жырт. Ол туралы таяуда Faғy Қайырбеков пен Серік Қирабаев “Қазақ әдебиеті” газетінде орынды әнгіме көтеріп, ой-пікірлерін ортага салды. Осы орайда Қасым тойын он жылда бір емес, бері қойғанда жыл ара өткізіп, Қарқаралы баурайын жыр жәрменкесіне айналдырсақ, қайтер еді, деген ой келеді. Сонда Сарыарқаны күймен баурап, әнмен қырған Тәттімбет пен Мәди қайта тірілгендей болып, осы өнірдің өнерпаз өрендері Қалибек пен Қалидың, Иса мен Жусіпбектің рухымен Қоянды жәрменкесін аңсаған жүрт тағы бір қауышар еді-ау. Сонда ақынның рухы бұрынғыдан да биіктей түсуі хақ. Өйткені Қасым исі қазактың Қасымы ғой.

1991 жыл.

ТӨРТ МАЙДАННАН ТҮЙГЕН СЫР

*Сонау соғыс ланы
Кемті тастап қанды ізін,
Жоктап Ана жүр өлі
Жаудан өлген жалғызын.
Сырбай Мәуленов*

Иә, соғыс салған тән жарасы жазылғанмен, жан жарасы жазылар ма, сірә. Асқар таудай тірегі сынды жалғызын соғыс жалмаған аналар ұлын жоқтап өлі де аңырайды. Өмір ұмыт етейін десе де көңіл суитын емес тіпті. Кино көрсе олар атой салып жауына лап қойған жауынгерлер арасынан ұлын іздейді: қолына кітап алса артында қастерлі аты қалған қаһармандар ортасынан ұлын іздейді – әйтеуір, ұміт үзбейді. Өз боздағындай біреудің ерлігі туралы естісе де енсессі өсіп қалады олардың. Әлті батырды ұлының өзі болмаса да көзіндегі көреді. Мына бір еніреген ердің көзсіз батырлығы да оларды серпілтіп тастаны сөзсіз.

...Аспаннан от жауып, алдан оқ борағанда қарға адым жердің мұн болатыны қандай. Бар-жогы үш жүз қадамдай жердегі төбеге жету онай түскен жок. Алдымен сөз алған зенбірек жыландай ирелдендеген дүшіп траншеяларын кара түтін мен қалың тозаңға көміп тастанас да, қарсы атыс тыйылар емес. Достарымен Тойшы жүрген тұстағы айқас тіпті қызу. Автоматтан оқ жаудырып, сәл жылжыса-ақ болды, пулеметтер сарнап қоя береді. Тоқымдай ғана жазық алаңқай далиып жеткізбей койды. Бакса, бұл бағытта жау дзоры бар екен. Оңдан да, солдан да орап тарс-тұрс жарылып жатқан снарядтар. Қыр ұлының қасындағы бір орыс, бір украин жігіті қатарынан жараланды. Қаңғыған бір оқ оның да денесін дыз еткізді.

Бетін бөренемен көлегейлеп, бекінген дзоттың ажал шашқан аузы анау. Жедел кымылдап, көмейін жаппаса, жан қояр көрінбейді. Автоматтан біраз атқылап байқап еді, оқ жалынын өршітіп жау өшігे түсті.

Не істеу керек? Ойлап-танап, таразыға сап саралауга уақыт тығыз. “Бәлем, сені ме!” деп Тойшы орнынан атып тұрды. Жүгірген бетімен барып ұшып түсті. Жан дәрмен атып тұрып, тағы бір ытқыды. От шашқан апан аяқ тастам фана қалды. Оқ зу-зу орайын жанап, самайын жалап өтіп жатты. Ол оң қолындағы автоматын жоғары көтеріп, артындағыларға ым қакты да, дзоттың аузын қапсыра барып құлап түсті. Оның шапшып жаткан шарапатты қанына какалып, жау пулеметі үнсіз қалды. Осылай есіл ер өз жанын қылп, жолдастарына жол ашты. Орнында ғұл атар мың өмір үшін ол өзінің бір өмірін қылды. “Ержігітовтың бұл ерлігі туған еліне, туған топырағына жетпек. Мұны асыл анасы да естімек”, – деп жазады автор. Асыл ана абзал ұлынын ажалын естіп күйінген-ақ шығар, бірақ атағын естіп сүйінгені де хақ. Біразымызға беймәлім Совет Одағының Батыры Тойшы Ержігітов осылай опат болған екен.

Қарт қalamгер, жауынгер журналист Әбдірәшит Бектемісовтың “Майдангер көзімен” атты кітабында ұрпактан ұрпакқа мирас болып қалар мұндан ерлік өнегесі аз емес. Міне, мына бір көрініс те көз алдында тұрып алады.

...Тұлпары жер танабын қуырып, қойнында жедел пакеті бар қызыләскер Мамыр Мырзанов күйфітып келеді. Кенет алды-артын осқылап оқтар зулап өтті. Тағы тарс-гұрс мылтық даусы. Астындағы ат омақасты. Анадай ұшқан жігіт көзі қарауытып кетті. Жан күтер кез бе, жалма-жан автоматына жармасты. Басын көтерсе, қаруын кезеніп ту сыртында кеспелтек самурай тұр. Мамыр бұрылған бетімен қолын көтерген болып автоматын сермел қалғанда жау мылтығы ұшып түсті. Қайта орала соғуға жіберген жоқ, жау жағаласа кетті. Мамыр іштен шалып, шалқасынан қайыра бір соқты. Бірақ жапон солдаты болар емес, тепкілең, тістелеп жатыр. Қазақ жауынгерінің қолы алқымынан езіп, шыбын жанын шыркыратканның өзінде ол қынындағы қанжарын сурып үлгеріп, сұғып алуға тырысты. Тегеурінді қол тағы сыйқты алқымынан. Қанжар түсіп кетті. Самурайдың саксиған тісі Мамыр қолына қалай сақ ете калғанына көз ілескен жоқ, қан саулап қоя берді. Ыза буған бұл оның құлағын қыршып, түкіріп тастанды. Екеуі де қып-қызыл қанга малшынды. Мамыр енді самурайды аш белден қапсыра көтеріп ап сабымен шаншылған қанжардың үстіне дұрс еткізді. Дүшпаниң

“ah!” деп баж етуге ғана шамасы келді, сұсты қанжар оның қеудесінде дір етіп тұрып қалды.

Ел тағдыры таразыға түсіп, өмір мен өлім белдескен сонау бір сұрапыл соғыс жылдары мұндай ерліктің неше атасы туды емес пе. Ешкімі де, ешбірі де ұмыт емес дегенмен, солардың дені қағазға түспей, көзбен көрген майдангерлердің жадында ғана жүрген еді. Кезінде әйгілі болғандарымыздың біразы есімізден өшіп бастағанда байырғы журналистің бұл тақырыпқа қалам тербеуі тіпті тегін болмаса керек. Кенес жауынгерлерінің жеңіс жолындағы жан киярлығын күні кеше ата жауға қаламымен де, қаруымен де қарсы шапқан қаламгерден артық кім айтып бере алсын. Сондықтан Әбекенің алдымен осы қадамының өзін құптау артық емес.

Жауынгерлік жолын Хасан көліндегі ұрыстардан бастаған жас офицер Ә.Бектемісов Ұлы Отан соғысының от-жалының бастан аяқ кешіп өтіп, Қыыр Шығыста жапон самурайларын жер жастандырып барып, елге оралған ардагерлердің бірі. Ол әскери газеттің қызыметкері ретінде Брянск, Волхов, Карелия, Бірінші Қыыр Шығыс майдандарына тікелей қатысқан. Мынау кітабында шертер сырды сол төрт майданнан түйгендері, тар жол, тайғақ кешуде жүріп көрген-білгендері. Әскери журналистің каруы қалам ғана емес. Қажет жерінде олар автомат ұстап, қолма-қол айқасқа да шықты. “Бұғін-ұрыс үстінде, ертең-газет бетінде” деген қағиданы берік ұстанған олар оқтың өтінде де, газеттің бетінде де дүшпанға өлтіре соққы беріп жүрді. Солардың бірі — ерлігін автор әдемі айтып берген майор Андрей Килин. Қоз алдың тағы да көріністерге толып кетеді.

Суна өзенін алып, арғы жағалауға өтердे қол бастан тамаша тапқырлық әрі батырлық көрсеткен Килин енді бір атыс сәл саябыр болған сәтін пайдаланып, снарядтан құлаған еменнің үстінде әлденені шүқшшип жазып отырады. Жазып отырғаныңыз не деген сауалға ол “не болушы еді, бәрін білетін жайлар да. Редактор осы операцияны қалай өткізгенінді жаз депті. Өзімді жазатында жүрттап артық не бітіріппін. Еңбек, ерлік серіктерімдікі. Соны жазып отырғаным фой” деп жауап береді. Сол сәтті оқығанда қоз алдыңа тағы да осы кітаптың авторын келтіргендей боласың. Оның да осындай ұрыс арасында отыра қап жолдастарының жаңадан көрсеткен ерлігін газетке жедел жеткізу үшін талай жан ұшыраганы хақ. Ондай очерк, суреттемелерінің көбі кезінде майдан газеттерінде жарияланды да. Аттың жалында, атанның қомында дегендей, асығып жазылған олардың артық-кемі де болар. Бірақ автор бұлардың бірін де тәптіштеп жатпайды. Бұл жазғандары жылдар жүріп жадында екшелегендері

ғана. Ал адамның есінде әсте ескірмейтін оқиғалар ғана қалады емес пе. Кітапта тебірене оқитын сәттердің барышылық болуы да соナン шығар.

Қызыл қырғын майдан үстінде қанмен суғарылған казақ Қасымбек пен орыс Павелдің достығын ол толғана айтады. Он жасқа жетпей шашы аппақ болып кеткен балғын Витя Феодровтың тағдырымен танысып тітрекіп қалсанқ, қып-қызыл плитаға жап-жас қызды шыжырып шырылдатқан айуандыққа төбе шашың тік турады. Фашизмге деген өшпенделілігің өрши түседі.

Тұтас алғанда, кітап естелік сияқты болғанмен Әбекен өзі туралы сараң сейлейді. Оның есесіне қарулас, қаламdas достары хакында қызыға, қызына баяндайды. Р.Айтжанов, Қ.Қорабаев, Ә.Нұрмаганбетов, Т.Мұсақұлов сияқты қалам тарландарының еңбегі бір сыйдырғы тәуір бейнеленген. Оларды оқып арамызда жүрген ардагер ағалардың жалынды да жауынгер жастығына саяхат жасағандай боласыз. Автордың майдангер достарымен әлі де тығыз байланыста екені байқалады. Ол окушыларын қаруластарының қазіргі тағдырынан да хабардар етіп отырады. Әрине, осынау ардагерлердің әрқайсының еңбекке, ерлікке толы өмірі бір-бір кітап. Ол келер күндердің үлесі.

Біздіңше, Әбекен өзі азды-көпті үлес косқан Ұлы женістің ши-рек ғасырлық тойына үялмайтын сыйлық тартқан. Майдангер көзімен жорық жолдарын қайта бір шолып, кейінгі кенже үрпаққа ерліктің есте қалар өнегелерін ұсынып отыр.

1970 жыл.

УАҚЫТ YHI

Беймезгіл біреу кіріп келді. Жалт қарасам, жарқырай құліп Ахметқан тұр. Кәдімгі бір батонды бөліп жеп, білім бұлағынан бірге сусындаған, студенттік шақтың аңызы-түшісін бірдей татқан досым Досмұканов. “Алабота” орта мектебінің директоры.

— Күтпеген шығарсындар?! — деп жынып қойды сырт киімін шешіп жатып. Куакылығы қаз қалпында қараң тұр.

— Ал, жол болсын! Қыстың козі қырауда қайдан жүрсін? — деп сүрадым амандауқ-саулыктан соң.

— Жазушылар одағында жұмысым болып... Жұбанға келіп едім.

— Жұбанға?!

— Иә, Жұбан Молдағалиевқа. Қайран қалатын несі бар бұның. Не сен, не мен — әйтеуір біреуіміз жыр пүшпағын илеуіміз керек емес пе? Пенсияға шыққасын кітап жазып жатқан жүртты да көріп журміз. Абай жасында қалам тербетсем айып па, жарқыным. Жинағымды әуелі Жұбанның алдынан өткергелі әкелдім.

Үнінен ойнақылық оты ұшқындайды. Жұз жанбаймын десе де жорта айтып тұрғаны анық. Әйтпесе әу деуді білмейтін қазақ екеу болса, соның бірі осы Ахметқан. Сонда да “Жұбанға келдім” дегені жүргіме қызғаныш тамызығын тастап жібергендей. Көз алдыма ана бір жылдардың көріністері кестеленеді.

1956 жылдың кысы. Қазақ қырының қыыр-қырынан жүзге тарта жас талапкер Алматыға жиналды. Әдебиетке деген ынтық жүрек, ыстық тілекten өзге түгі жок, бірінің де беті айқындалмаған өнкей бір сарыауыз балғындар. Аты әйгілі ағаларға жуықтағысы келгенмен жуыса алмайды. Кейбіреулер оларды төніректеуге тырысса, кейбіреулері қымсынып жылыса жүреді. Оларды қайта көңілдегіні өнінен оқитын көзі қарақты ағалардың өздері-ақ бау-

рап әкетеді. Соның бірі онда мойылдай кара шашы желкесіне түсken, жанары ойлы, аршын бойлы жігіт ағасы болып қалған осы Жұбан еді. Бұрыннан біletін адамынша өзімсініп, бірден бауырына тартып кететін ол талай талапкердің жыр тұсауын кескен-ді. Біразымызды арқаға қағып қанаттандырып та қойған. “Қалтқысыз қадірлі боп өссін талант” деп, оның жыр жолына жармасқан әр жасқа ақынша, жолдасша қарайтын қatal да қамқор казылышы сол кезде-ақ қылаң уратын.

О жылдары Жұбан өз творчествосындағы тың белес болған “Жыр туралы жырын” жазып, жыр құмар жүртты бір желпінткен еді. Өзі шағын болса да ойы шалқар осынау дастанымен ол туысқан татар халқының ақын ұлына, батыр ұлына бастапқы өлмес ескерткіштің бірін жасап қана қоймай, үзакқа сілтер эпикалық кең тынысын танытты. Оナン кейін талайды ойландырып, талайды толғандырып, “Жесір тағдыры” туды. Алпысыншы жылдардың алғашкы жартысында “Мен – казақлың” деп санқ етті ақын үні. Осының бәрінде де Жұбан жырды мұрат тұтқан талапкерлерге ақылғөй ағағана емес, олеммен ұлағат ұсынар үлкен ұстаз да бола білді. Жастардың оны жанашыры санап, сырлас, сыйлас жақыны сезінгені де сонан. Жаңағы жакын достың өзінен оны қызғана қалып жатқанымыз да сол қимастықтан еді.

Бұл жылдары Жұбан ақындығынан бұрын, азаматтығы жағынан тұлғаланып биік тұғырға көтерілді. Сезімтал ақыннан сергек басшы шықты. Баяғы жастар газетінің жауапты хатшылығынан ол “Жұлдыз” журналының бас редакторлығына, онан Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретарлығына жоғарылатылды. Қалтқысыз қызметімен көзге түсken түлегін халық қашан да құрмет тұтпак.

*Білмеймін бөлінуді, ру занын,
Білмеймін бір жемақта түру занын, –*

деп кірбіңсіз бірлікті туғып көтерген коммунист Жайық жігітін, Алматы ақынның Көкше елі республика парламентіне сайлады.

Әлті ауыл мұғалімі Ахметкан шынында Жұбанға, халық қалаулысы Жұбанға келген екен. Бірақ маған куланғанындей, Көкше кеудесінен өз өлеңін емес, депутатка деген ел сәлемін әкеліпті. Сайлаушылар аманаты бойынша Жұбан жоғарғы орындармен келісіп, Алаботада орта мектеп үйін жаңадан салғызатын болды. Осылай алыстан арнағы келген досымды даласындаі далитып, төбесін көкке жеткізіп аттандырыды. Халық қызметшісінің құдіретіне көзім сонда бір жетті.

Халық қызметшісі болу күрмет те, міндеге. Бұл күрметке Жұбан “Саған, халқым, дарыным!” – деп жүйкесінің нәрін сыйып, жүргегінің қанын құйған жалынды жырымен, тұс қашып, тұн қаткан қыын да қастерлі еңбегімен жетті. Ал міндеге үдесінен шығу үшін ол талаптың тұлпарын тынбай қамшылаумен келе жатқан дарын.

Тырнакалды жыры он тоғызы жасында жарық көрген Жұбан армия қатарына алынып, үзамай Ұлы Отан соғысы от-жалынының ортасынан бір-ак шықты. Қыз асылар мойнына мылтық асып, әскерге аттанар алдында Оралда алғаш көзбе-көз көрген шын ақыны Қасым айтқандай, “қып-қызыл дария майданға басымен сұңгіп” жүріп, “долы майдан даласын дүбірлеткен дауылдай” достарын жыр етті. Қанды көйлегі мен партбилетін қызыл жалаудай төбеге көтеріп жолдастарын айқасқа бастаған “Батыр туралы баллада” жазып, “Қасқая шап, қарсы бар өмірдің нұрлы таңы үшін!” деп жауынгерлерді жеңіске жігерлендірді. “Өмір – өлімнің қиясында” жүргенде де оның бір бүйірінде тұган елі жатты.

*Ойымнан, сірө, қалмайсын,
Жүрсем де майдан төрінде.
Жүректің отын жалғайсын,
Женістен соңғы омірге, –*

деп оның алғы күндеріне асыгады, арайлы шақтарын аңсайды. “Шарықта, шаттан, шабыттан, жығылды туы дүшпаниның!” деп алақайлап шығыстағы туған еліне оралысымен от кешіп келген ақын өз өлкесінің жаяр өркенін, жарқын ертеңін құлышына жырға қосады. Онын қыран жанарынан ак бидайды аралап “өзі егінмен бірге өскендей” болып жүрген кешегі майдангер де, “жазы-қысы сузыз тыңды суарған” діқан тері де, тіпті “адамға толы кеш болса ауылдың кітапханасы” да қағыс қалмайды. Ол “жаяулап қалса қаламы жыр мініп қайтар” туған Тайпағының өскен өркенін, кайта жайнаған ауылдың мектебін, еңбегінің зейнетін еміп отырған кеншінің келісті өмірін көріп қиялышына қанат, жырына шабыт жалғайды.

*Күн қызылы жаңа семеген кез еді,
Келген сыйыр пілті шамның кезегі.
Сол мезгілде ауыл үсті жарқ етті,
Жанарттаудың от шашқандай өзегі, –*

деп ауыл өмірінің бір белесін көз алдыңа өре қояды. Жұбан әубастан-ак өлеңде іә жалаң баяндауга, іә жалқын бояуга барған ақын емес. Қарапайым сөздермен-ак қуатты түйін түйіл, сом сурет жасайды. Ойын әсте айқын, ашық айтады. Әсіре әсемдікке әсілен

баспайды. Оның өлеңдері көніл пернесін дөп басып, тез жатталып қалатыны осыдан болар.

*Коммунист болу менің арманым,
Осы жолға өмірімді арнаадым.*

Қараши, осында айшықты бейне, ойнақы бір сөз бар ма? Жок. Бірақ бұл тіліне үйіріліп, жүргетіне үялай қалады. Шындықтай қарапайым сөздердің өзі-ак көніл қылын тербел түр. Коммунист болу кімге мұрат емес. Менің құрдастарымның мұны жаттап өсүі содан.

Поэзиядағы әсіре әсемдіктің рәсуашылдық, күр әурешілік, әшекейқұмарлық екенін шеней келіп, ұлы орыс ойшылы Н.А.Добролюбов: “Өлеңнің ісі – өмір, оның жанды қимылды мен мәңгі күресі, адамның ұдайы өзімен өзі үйлесуіне, табиғатпен үндесуіне ұмтылуы” – деген еді. Ал Жұбан жырларының құндылығы осы өмір құбылыстарын жанды қимыл үстінде жүрек алауына бөлеп бере білуінде болса керек. Азаматтық әуен дегеннің өзі осыдан арна тартатын сияқты.

Азаматтық әуенсіз жырда айбындылық, ойда айқындық болмайды. Ойы айқын болмай ақын батыл пікір айта алмайды. Жұбанды берісі қазақ ақындарының, әрісі Одақ ақындарының алдыңғы қатарына шығарып жүрген осы ой батылдығы. “Ата қазақ ақсақалы” дегенді үлтшылдыққа теліп, үп еткенге үрпие қалу тыйылмай тұрған тұста-ак ол “Мен – қазақтың, мен баймын, байтақ елмін!” деп бар даусымен жыр салды.

Жалғыз Жұбанның ғана емес, ісі қазақ поэзиясының иықты шығармасы болған бұл поэмасында кемел ойлы, кең тынысты ақын туган халқының тұтас тарихын жасайды. Қылыш-қылыш замандардың зар-мұны, нар жүгі иінін езсе де, еңсесін тұсірмеген ерен елдің шежіресін шешен шертеді. Сан алуан суреттерді самсатып, халқымыз жүріп өткен киын қыстай жолды көз алдыңа өкеледі. Тұрмыс түнегі қанша тұмщаласа да, үкілі найзасын ұстап, ұмітін темірқазық қылған кайсар халықтың өр рухы жығылмайды. Сол өршілдік оны әкеп Октябрь арайына орайды.

*Мен – казақтың, белдімін, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.
Мен мың да бір тірілдім мәнгі өлмеске,
Мен елімнің есімін айта келдім, –*

деп осы тұста ақын үні де аскак естіледі. Осы жолдардың Жұбан аузынан шығуы қандай жақсы. Күн сәулетті республикасымен тете өсіп, тел есейген қalamгерді туған халқының бейнетті кешегісі, зейнетті бүгінгісі, сәулетті ертеңгісі әркез терең тебірентеді. Соны

эпикалық сарында кең көлемде беруге бой үрады. Өзінен өзгеге үқсамайтын шалымды да қарымды ақын айтарын әмсө өмірдің өзіндегі бедерлі де бұдырлы, сырлы да сындарлы етіп кесек тастайды. Бұны біз оның биыл жарық көрген тандамаларының екі томдығынан анық байқады.

Жұбан творчествосының өн бойына алтын арқау болып тартылған тақырыптардың бірі туған жер екені аян. Оған ол айналып соғып, айналып соғып әлсін-әлі оралып отырады. Бірде оның ғулді өнірін, нұрлы өмірін жырласа, бірде тұнғиық тарихына бойлайды. “Ордада туған ойына” бір үніліп көрші. Өлең құрылышының жаңалығы, екпін ырғағының сонылығы өз алдына бір сөз. Осы шатын жырымен-ақ ақын сан қылы сурет салып, шалқар ой айтады.

Халық қаһарынан қаймығып, ту шетке тулкідей тығылған Жәнгір хан, үлде мен бүлдеге оранып бұрандаған хас сұлу Фатима ханым, елінің еркіндігі үшін сұлтан сарайында әнгіртаяқ ойнатқан ер Исатай, жырын семсердей жарқылдатқан Махамбет, сайран сап, жайраңдап жүрген Жароков Тайыр, ақыр аяғында ақынның өзі – қылы-қылы адамдар көз алдыңа келеді. Олар қылы-қылы замандар күәсі. Соның бәрін аясына сыйғызып тұрган өспеген, өшпеген орда қандай шежіре, соның бәрін бір жырға сыйғызған ақын қандай шебер! Сол ордада өмір көктемін орнатып жатқан үл-қыздың шат үні құлағыңа келетіндей. Ақынмен сен де

Жана әнді
Заманды
Октябрь сыйлады соларға,
Тол, Орда, бол, Орда —

дегін келеді.

Жалпы, Жұбан жырларында ақындық “Мен” мол ұшырасады. Осы арқылы ол бір жағынан өз өмірінен де сыр шертетін сиякты. Ал шын ақынның өмірі қашан да халқымен біте қайнасып кетеді. Ол өз өмірін арқау ете отырып жалпақ жүрттың тағдырын толғайды. Жұбанның да ұстанған мұраты осы. Оның өз ошағының басын байтақ Отан тынысымен қалай үштастырғанын анғармай да қала-сазы. Бұл шындалған шеберліктен болса керек. Мысалға “Мереке алдында” атты өлеңін алалық.

...Үй-іші әбігер. Жинастырып, козғалмаған зат қалмайды. Бөлмелерді жайнатып жатыр. Эйтеүір бір үлкен әзірлік бар. Ақын да электр шамдарын жөнделеп, монтер міндетін атқарып жүр. Анада да, балада да тыным жок. Мереке алдында, әсіресе Октябрь қарсанында қай үйде осындай әбігер болмайды! Жұбан өз

шанырағының астындағы бір сәтті алып, бүкіл елдің той алдындағы тынысын анғартып отыр. Өлеңнің осы арқылы айттар ойы қандай десейші!

Көргем жок, достар, тыным бұл жестіде:

Өлеңнің жуз оралым бір бетіне.

Жемі емес, өмірміді арнадум мен

Туатын Октябрьден міндетіме

Мұны Жұбан ғана осылай айта алады. Асылы, ол жоқ жерден жап-жаксы сурет шығарып, күтпеген тұстан құдіретті түйін тауып ала қоятын қаламы олжалы ақын. Осы суреттілікті, сюжеттілікті ол бертін адамгершілікті ардақтауға арналған өлеңдерінде онан әрі әрлендіреді. Ата алдында аяғын көсіле тастан, омырауын аппақ қып бала емізіп отырған келіннің кескіні, соған қарай алмай үялғанынан жерге кіріп кете жаздал отырған қарияның қөңіл-күйі арқылы еркіндік деп әбестікті қүйттейтін күйкі қылыштан теріс айналдырады. Ал “Әуелі берсін құдай ғашықтықты” деген өлеңінде үлкен түр, кіші түр демей, ерсілі-қарсылы өтіп кісі жүр демей, көшеде жабысып сүйісіп жататын кейбір сапбас жастарды көзге елестетіп, онан сырт айналдырады. Бұрын бұл текстес жырларды сықақтың үлесіне саюшы едік. Бақсақ, кенқілдетіп құлдірмей-ақ, буын бұзып, жыр төсегін бұлдірмей-ақ кеселді салмақтап, салауатты сөзбен, салқын ақылмен-ақ сынтуға болады екен гой. Бұл бағытта Жұбандай ағалардың аяқ алысы үлгі болуға керек. Өз басым бұны қызу құптаімын.

Жүртты баурайтын Жұбан жырларының тағы бір тұлғалы тақырыбы – ана. Бұл да ақынның азаматтығымен, адамгершілігімен тұтасып жатыр. Оның өлеңдерін оқыған әр адам әйелдің алдияры, ақсұңқары болған ақ әжені әбден тануы тиіс. Жанына жастан жалын құйып, жырмен асыраған өз анасы арқылы ол мейірбан да мықты, кайырымды да кайратты құллі казақ әйелінің абзат бейнесин жасайды. Өз анасының өміріндегі біраз сәттерді өзек еткен “Жесір тағдыры” дастанындағы Айша арқылы қазақ әйелінің кешегі өксік күнін, бертінгі өсу жолын әдемі берген. Шиеттей баламен жесір қалып тұрмыс таксіретін жалғыз тартқан Айша өмірі Октябрь таңымен арайланып, жаңа арнаға түседі. Жарқын жаңа өмір жасауға ол да құлшына кіріседі. Таршылықта саспайтын, молшылықта аспайтын еңбеккер де ержүрек, аңғырт та ақылды асыл халық – ана. Жұбан жырларындағы басты тұлға осы. Оның “Айттым сәлем” поэмасы да осыған арналған. Онда да әйел, жар келбеті әрлі айшықталған. Ақын әйелді өмірдегі көрік қана емес, серік деп те

ардақ тұтады. Оның ерлігіне, сибебінен қайран қалып, қалтқысыз сүйеді.

*Мың тірілткен күйкіге күйіп өлген,
Бір күн артық адамша сүйіп өлген.*

Бұл Жұбан ұраны. Аяған болып алданғандарды шырғалап, жырларын жылауықтандырып алып жүрген кей жастарға бұл ой салса керек.

Азербайжан ақыны Нәби Хазри “Елінде жер сілкінсе, эпицентрі ақынның жүрегінде жатады” деген еді. Сол сияқты еліміздің, жеріміздің тарихында Жұбан жүрегін тебірентпеген құбылыс кемде-кем. Оның жырлары қазақ қырындағы жарқын өмірдің жылна-масы сияқты. Оған Абай атындағы сыйлықтың берілуі де осының айғағындей. Бұдан жиырма жыл бұрын жырда уақыт үнін естіртсем бақыттымын деп армандаған ол бүтін сол биіктегі түр.

*Ақыннан жас болса тек келешек жас,
Ақыннан жердің ғана жасы үлкен, —*

деп өткен күндерді оймен екшеп, нұрлы келешекке көз жіберіп түр. Жаны жас үлкен ақынның тәтті бір үн шерткен ат дүбіріндей шандоз шабыты лайым шарықтай берсін.

1970 жыл.

ШАБЫТТЫҢ ШАҢҚАЙ ТҮСІ

... Торғайдың торғын тұні. Жұп-жұмсақ саумал самал көкірегінді қыттықтайды. Жұлдыз біткен жымың қағып, аспан қеудесін кернеп кеткен. Таң төбеде толған ай толықсиды. Қаз омырау, мамық бұлт марғау қалқып барады.

Сүттей әппіак тұнның сол сәтіне елігіп, карт Торғайдың жалт бұрылып, күмға құлдыраш тұсындағы жалтырдың жағасында тұрып қалыптыз. Әлден уақытта сырый мойның сұлу іп, қамыс арасынан аққу шыға келді. Қанатын қағып-қағып жіберді де, ол күміс кірпігі су бетінде дірілдеген ай сәулесіне карай салды. Сыңсыған құрак сыйбырымен ұласып, сырнайлы бір үн айналаны әлдиледі де кетті.

*Ақ тұн –
Ақ сәулесін шашады
Тұн кірпігіндей.
Ақ тұн – аспан төсін
Желіди кір тусярмей.*

Осынау өлеңнің революция бесігі – Нева бойындағы ұлы қаланың құшағында туғанымен, Торғай төсінде ойымызға оралуы тегін емес. Себебі туған жерін көз алдына келтірмей ақын жүрегіне бойлауға тіпті де болмайды. Мынау телмірген ай, тебіренген айдың, жымындаған жұлдыз, сыңқылдаған құс – бәр-бәрі барша болмыс бітімімен, келбет-пішінімен оның көкірегіне кішкентайынан қонақтаған көріністер. Өскен өлкениң сол сырлы суреті Нева бойынан бір ұқастық тауып, зерлі жыр жолдары болып құйыла қалғандай.

“Өлеңнің қарапайым солдаты” болып жыр сарайының қакпағын қақкан Сырбай Мәуленовтің тұнғыш таңдамалылары “Шаңқай тұс” кітабының шаңырағын биқтетіп түрған түр-түрпаты, ырғақ-

үйкасы бөлек осы жыр болатын. Талай ойлы да отты, сырлы да сәтті өлеңдерімен жинақтан жинаққа өсіп, еңсесі биіктей түскен ақынның соңғы кітаптары да талай тамаша көріністерді алға тартып, толғамды ойларымен разы етеді.

Тағы да Торғай қыры, Тосын күмы көз алдыма келеді. Құліп акқан суларын жағалап, сұлық жатқан күмдарын арап жүргендей сезінем өзімді. Жиденін танау қыттықтаған жұпар ісі көкірегімді шайдай ашып, жан сарайың кеңейіп кеткендей болады. Жүргім жырға елжіреп, құлағым күйге еледеп түрған тәрізді. Қөзімде нұрлар ойнап, қоңылде құстар сайрап жатқандай.

Анау бір жылдары Арқаның атышулы жыршысы – Нұрқан ақынның алпыс жасқа толуы тойында осындай күйге енген едім. Кеудеме тәтті бір ойлар үялап, зердеме сәтті бір суреттер кестеленген сонда. Ол домбыра сағағынан самғап жатқан сұңқар жырлардың, жерлестері кисса қып жатқа айтқан Нұрқан жырларының құлдіреті болатын. Сол суреттерді бүгін Сырбай Мәуленов ақын ағасына арнаған өлеңімен мөлдіретіл алдыма тағы да жайып салып отыр.

Сурет болғанда да қандай! Ойлары айшықталып, бояуы айқындалған хас шебердің ғажайып өрнегі. Алдыңынан айдыны “аспаннан жұлдыз сүзген” кішкене өзеннің бойындағы көне қала қайта шыға келеді!

“Тұн бойы Торғай халқы шұбап ағып” зәмзәм жырдан сыйбаға алып қайтып жататын аласа үйге ансарың ауады. Жақындағы бергенінде шаңырактан шалқыған сазды өуенді таңдағы торғай аспанға шырлап алып үшқандай болады. Әне, томағасын сыптырған бір қаршыға сыпсып биікке бір-ақ шықты. “Домбыра ішектерінен дірілдеп, іштей күбірлеп” шабыт үстінде отырған ақынның аузына қарап, аңырап қаласың. Қара мұрты қанаттай қайшыланған онын көмейінен нөпір үн нөсерлетіп кеп кетеді. Қөктемде тасыған Торғай сүйндай топан жырға жузе жөнелесің.

Иә, Нұрқан дәл осылай шырқайды екен. Бірақ бұл жолы ол қолына домбыра ала алмаған еді. Ауыр науқас аяқ-қолынан айрып, тілін байлаған ақын төсек тартып жатты. Алайда жерлестері оның орнын жоқтатқан жоқ. Ауыл әншілері ақының ақынның асқақ жырларын, тұтас дастандарын жатқа айтып, күнді түнге, түнді таңға үрдь. Ара-арасында ардагер ағасына арнаған өлеңдерін ортаға салушылар да аз болмады. Торғай ақын болмай, тасы болса да топырагында тебіренбей жата алмайтын жер. Оның еңбектеген жасынан еңкейген кәрісіне дейін жыр күмар. Сонда есіне Н.Г.Чернышевскийдің

Пушкин ұлылығының бір тамырын оның қаршадайдан қоршаған әдеби ортадан іздегені түсіп, шын ақындардың, ірі ақындардың Торғай төңірегінен неліктен көбірек шығатынына көзім жеткендей болған.

Туған жердің ақынға сұзы да ыстық, құмы да ыстық, жыры да ыстық. Сыrbайдың Торғай туралы жиі толғайтыны содан. Ол оның өз жүрегіне ана сүтімен дарыған жырына ынтық. Сол ынтық жүректі бүтін наизағай тілімдеп, телефондың ұстауға қол дірілдейді. Өлеңнің ақ батасын берген аға ақыны жоқ...

*Дірілдейді Торғайда қалтырап тал,
Дірілдейді Тосында жапырактар...*

Кайғыдан кайрат шындал, шамырқанған ақын “Мөлдірекен көк аспандай” көз жасын кенет тыйып:

*Солардың сене алмаймын жектауына,
Торғайдың жырын қалды көк талында.*

*Алдыннан кездесерсін әлі талай
Өлеңнің жарқыл қағып көкпарында, —*

деп санк ете қалады. Алдыннан қылыш-қылыш көріністер көлбеп, ойына алуан-алуан оқиғалар оралады. Осылай “бір халықтың мыкты жыры” болған Нұрқан ақынның абзал бейнесі жасалады. Жалпы, Сыrbай жеке тұлғалар жайындағы жырдың санаулы зергерлерінің бірі. Ол бұдан бұрын да еліміздің талай-талай аяулы азаматтарының өлмес бейнесін өлеңмен құйып берген. Қолымызға жаңадан алып отырған мына “Апрель жаңбыры”, “Қызыл арша” жинақтарынан да мұндай тамаша тұлғаларды аз ұшыратпаймыз. Ақындардың ақ сұнқары Сәкен, мейірбан жүзінде жырлар туған Светлов, өлеңнің аксақалы Омар, “Биага” деп елі еркелеткен Бейімбет, сахараның еркесі, саҳнаның серкесі Қожамкулов, аппак ардың құрбаны боп өрт ішінде жанып өлген Абдолла талайға тағылым болар тұлғалар. Бірақ Сыrbай бұлардың бірін де туған жерден бөле-жарып алмайды: Сәкенді Көкшесіз, Светловты Гренадасыз, Абдолланы Жайықсыз, Бейімбетті Әйетсіз айтпайды. Туған жер осынау аптал азаматтардың бейнесін сомдап, толыстырып тұрады. Сыrbай өзін де сол туған жерге арымен, жанымен, қанымен қарыздар санайтын ақын. Сол қарызын қалтқысыз маҳаббатымен өтеуді мурат тұтады. Эрине, ақын маҳаббаты әркез телегей-теніз. Телегей-теніз маҳаббаты оған Торғайдың кішкене өзенін мұхиттай, көбелегін самолеттей ғыл қөрсетеді. Соңдықтан оның дала тарихындағы ұлы дауыл мен ұлы дәүірдің ошағы “Торғай деген кәдімгі казактың Ленинграды” дегені келісіп тұрады.

Сырбайдың туған жер туралы толғауы тек Торғаймен тұйықталып қалмайды. Ол “Ақанның әнін алған мұрагердей” сауырынан самал соққан Сырымбетке созылып, жасаруы үшін толқынына “көне жұлдыздар тарткан, көк жұлдыздары шомылған” Жасыбай көліне жалғасады, ақын үшін құнгеге шырағын тамызған Алтайға шығады. Онан соң қазақ қырынан шығандап, “айнала тау арасында, құйылып көз шарасына” бұлттың баласына үқсан жатқан Айастаның ақын көлі Севанға сұнғіп, “аспанды айдынына батыра алмай алас-үрып жатқан” асая Балтыққа шомылады, “жұлдызы аспан мишлион оттарымен құшақтаған” Киев көшелерін араптайды, өмірбаянын жалынмен жазған революция сарбаздары жатқан Марс аланында дамылдайды. Сөйтіп, ақынның туған жері тек Торғай емес, ісі қазақ даласы, ұлан-қайыр кеңес елі, тіпті тұтас Жер шары болып кетеді. Ақынның “Жердің шарын тұсірмейміз жердей жалпақ ала-канин” деуі осыдан.

Туған жердің қалір-қасиетін Сырбай қашан да тамылжыған табиғатымен біте қайнастырып, бедерлі сөзбен бейнелеп жырлайды. Ал ондай өлеңдерін оқығанда көз алдыңа алуан бояулар тіzlіп, сан мың сөүле құбылады. “Арғымақтай жалбыр шашын сілкініп, көл бетінен көшіп жатқан” ала бұлттар, стаканның ішінде қайнаған “ала бүршік – таң үшқыны”, “қараңғыны қақ тілген Күннің қандарындай сәулелер” – бәр-бәрі жанды суреттер. Ал:

*Көркіне көлге түскен тау таңқалып,
Ай түрді аспанында арқандалып.
Су ішті Жасыбайдан бала марал,
Жасқаның екі көзі жаутаң қағып, –*

дегендегі даланың еркесіне қызықпай көрші! Енді бір өлеңінде ақын да ашқөз аңышылардың оғына ұрынған даланың осы бұла перзентін туған жердің шипалы сүймен емдел қоя береді. Тау болып шіреніп, тас болып түнеріп, толқын бол жыр өретін ақынның:

*Өлең жазар кезімде тебіренин,
Табады олар тағы да мені келіп.
Жас сандуғаш жыыр төгін, жас сұралай
Төсімді иіскең тұрады еміренін, –*

дейтіні осылар емес пе екен, сірә?!

Осындағанда бейбіт өмірді, бейкүт өнірді тіпті тұтас Жер шарын фашизм апатынан аман алып қалу үшін он сегізінде от кешіп, “қараңғы эшалон соғысқа әкетіп, жарық эшалон үйге әкелген” жауынгердің бірі Сырбай. Оның осы тақырыпқа қалам тербергенде азаматтық үнінің асқақ шығып, тұлғаланып кететіні де тегін емес.

Ақын жүргегі – әлем айнасы, дүние дүр сілкініп жатқанда ол шытынамай қалмақ емес. Ондайдан жүргегі бүтін қалған ақын дүниеден тыс томаға түйік бейшара болмак. Ал Сыrbай қатарының көбін зұлым жау жалмап, жаралы болған жүргегіне соғыстың сан суретін түсіріп алған ақын. Сондықтан бірде ол ағаш қолды солдаттың атынан адамзатқа абай бол десе, бірде жұмысшы балғасы, шаруа-ның орағы, солдаттың қару-жарағынан аскан құдірет жоқ екенін айтып, айдын танытады. Соғыс тақырыбындағы осы балладаларда жібектің түйініндей шап-шағын оқиғамен шалқар сурет жасап, окушыға ой салады. Жалғыз ұлының аты жазылған қасықты жұбаныш көрген қарт ана, ескерткіш боп түрүп қалған батыр мен аты көңілден тілті құнғарттенер емес. Асылы, қазір жиі көрініп жүрген Сыrbай балладаларын арнайы сөз ету керек болар. Ал соғыс жайына келсек, ақынның:

*Соғыс жайын сұра сен
Бітпей қалған жырлардан,
Жағылмаған шамдардан,
Шашылмаған нұрлардан,
Аттай қалған тандардан, –*

деуінде терең сыр жатыр.

Осыдан келіп:

*Халықтардың қаһарына тұншыксын
Қанды лайсан, кара соғыс дауылы! –*

деген түйін өзінен өзі шығады. Сонда ақын:

*Өзені де толқын алып өзіннен,
Таулары да тұрар саған сүйенип, –*

дегеніндей, туған жеріне тірек болып, оны түгелімен, өлеңмен құлпыртады.

Ойсыз өлең – өмірсіз. Ал Сыrbайдың соңғы жылдары жазған жырларының көбінде сом суреттерге астасып салмақты ойлар жатады. Қай өлеңін алсаң да қуатты түйіндермен көмкөріліп, оқығанға үлкен ой тастайды. Кез келген тақырып оның қаламынан қырналип, нұрланып шыға келеді. Мысалға “Таба нан” деген өлеңін ғана алайықшы. Бұлттың сүтін, күннің нұрын, ауаның ісін, дала-ның сөлін, желдің лебін, диқанның терін жұтып жерден отқа ұсал өріп шыға келген бидайдан жасалған нан былайынша болмашы ғана дүние сияқты. Ал ақын:

*Дастарқанға қойып жасатыр карт ана
Таба нанды күн сияқты котеріп, –*

дегендеге алдыңнан шұғыла шашырап шыға келмей мә! Ана — тіршілік көзі. Күн — оның тірегі, ал нан арқауы. Ой деген осындағы болса

керек-ті. Сондай сәтте Сырбай мақал-мәтел боп кетерлік тың тіркестерді де төгіп-төгіп тастайды.

Адамдарға сенбейтін кей жандардан

Үй алдына үя салған құс артық...

Әнші мен деп көтереді кеүдесін

Көк шымшиқтар бұлбул жеке тоғайда, —

тәрізді жолдар осының жемісі. Бұл ақынның үлкен іздініс үстіндегі екенін танытса керек. Ізденіс лебі оның өлеңдеріндегі жаңа екпін, тың ыргактарынан да есіп тұрады.

Әрине, қазір жақсы өлең көп, бірақ жақсы өлеңге де оны түсіне білетін адам керек. Хат біліп, қара танығанның бәрі оған бойлай бермейді. Сондықтан саяз қарағанға Сырбай өлеңдері оңай үйкасып, әп-сәтте туа қалатын сиякты. Ал ақиқат бұл долбарға ешқашан ауыл-үй қонған емес. Ақынның өзі айтқандай, ол өлеңді піскен алмадай өзі түскендеған дүниеге әкеледі. Қиялына иленіп, ой отында пісіп шыққандықтан оның жырлары тілге женіл, жүрекке жылы тиеді.

Сырбай Мәуленов қазір шабытының шанкай түсі төбесінен аумаған, ақылы терен, дарыны кемел дер шағындағы ақын. Осында жақсы ақынның жырларын оқығанда сезімін сөүлеленіп, жаңын жомарттансып кетеді. Оның өлеңдерін жеке-дара талдамай, тұтас суреттеріне сұңғып, ойларының аукымында отырғанымыз да сонан болса керек. Тілегіміз — туган жердің талантты жыршысы осы жорғасынан танбай, оқырман қауымын тың ойларымен толғандыра берсін лайымда.

1968 жыл.

ЖАНҒЫРТҚАН ЖЕТІ ЖАСТА ДАЛАНЫ ӘНМЕН

Атақтылардың аузына қарап, естіген сөзімізді дастан ғып айттып, кездескеніміздің өзін мақтан ғып жүретін жаңа талап, жас кезіміз фой. Алпыс бірінші жылғы жаздың басында Өзбек әдебиеті мен мәдениетінің Қазақстандағы күндерін өткізуге келген бауырлас елдің Камиль Яшен бастаған өнерпаздары мен қаламгерлерінің Көкшеге келуі мен үшін ұмытылmas бір мектеп болды. Және сол сапта әдебиет ақсақалы Faфур Fұлам, жыр жүлдізы Зұлфия, дүлдүл ақын Миртемір сияқты кілең бір ығай мен сығайлар бар еді.

Көбі кербез Көкшенің тәңдессіз сұлулығына таңдай қағып, та-мылжыған табиғатына таң қалып, аузын ашып, көзін жұмды. Шара апамыздың келіні, керім биши Клараның: “Көкше менін сахнам болса, омр бойы билеп отуден жалақпас едім” деп сонда айтқан сөзі күні бүгінгідей құлағымда. Әсіресе, Миртемір ағанын таңда-нуы тіптен төтен болды. Оқжетпестің үшар басында тас болып қатып жатқан пілді, оның күн сыйалап тұратын көзін көргенде, Жұмбақтастың бір жағынан қарағанда сұлу қызы, енді бір қырынан қарағанда сүмпайы кемпір болып шыға келетінін байқағанда ол басын шайқап:

— Табиғаттың өзі дәл бұлай жасауы мүмкін емес. Бұл өнірде бағзы заманда керемет бір өркениет болса керек. Мыналардың бәрі адам қолынан құйылған мұсіндер екеніне өлі-ақ көздеріңіз жетеді. Әйтпесе шырқау шыңының үшарындағы анау тас қолдан қызып төсегендей болар ма еді? — деп Көкшенің құзар басында күнге шағылып, шұғыла шашыратып түрған Шайтантасты нұсқаған-ды.

— Бұлардың қолтума екеніне түбі бір көздеріңіз жетеді, — деп сосын әлгі ойын қайта қайталады.

Сонда оның Абылай алаңында қымыз ішіп отырып “ананың ақ сүтінің дәмі де осындау-ақ шығар!” дегені және бар. Сол жылы жаз Айсары жайлауында болғанымда ақынның сол сөзі еске түсіп кетіп бір дастарқанға:

*Тенеп казак қымызын
Ак сүтіне ананың.
Сімірген-ді күн ұзын
Бірі өзбек ағанын.
Сол ақ сүтін даланын
Қанды-ау шаш мейірім.
Далана үксап, казагым,
Шалқи берсін пейілін, —*

деп бата бергенмін.

Өзбек меймандардың дәрежесіне орай ертіп жүрген қазақтың марқасқалары – қос Габен, кәдімгі Фабит Мұсірепов пен Фабиден Мұстафин бастап, Жұбан мен Faфу қостап оларға зор құрметпен бірге қалтқысыз қызмет те көрсетті. Күміскөлдің (Бурабай) жағасында әзір тұрган қайықтардың біріне Габенің Зұлфия мен Тұрсынханды отырғызып алды құлаштай есіп, кең айдынға тартқаны көзір көз алдында. Көлді өнірде туып-өскенмен, қайықпен көп жүзіп көрмеген басым, алпыстағы ағаның ескекті еркін есіп, құлаштай жөнелгеніне қайран қалғанмын. Жағадан ұзай бере бір әуен шарықтап аспанға көтерілді. Жер-көкті жаңғыртып, жаңынды жаулап, жүректі баурап тастантын сазды, назды Арқа өнінің өзі. Айнала тауларды тебірентіп, ормандарды теңсeltкен кең тынысты келісті үн өншілік атағы дәүірлеп, ақындық даңқы енді көтеріле бастаған Тұрсынханның даусы екені даусыз еді. Күміскөлдің төсінде, Оқжетпестің түбінде өн болып қалықтаған көnlі құсы жыр болып шарықтап, канатымен өрнектеп ақын жүргегіне жыр болып та жасылса керек. Оның:

*Сәлем Көкше!
Сұлу Көкше киялдай,
Шарықтаған құс көnlіді тыя алмай,
Сені көріп кеттім толқын, төгіліп,
Бурабайға бұлак болып қүядай.
Кеттім толқын билей алмай сабырды,
Жыр бол бәрі жүргегінен ағылды.
Көnlімнің айнасындау асқак ән,
Шыңдарыңа алка болып тағылды, —*

деген жыр жолдары тұнғыш рет тап жолы туғанға үқсайды.

Қазақ қыздарының арасынан қызғалдактай қылтиып, сирек

кездесетін ақындардың алғашқы қарлығаштарының бірі Тұрсынхан Әбдірахманована сол жолы түңғыш көргенмін. Отыздардың ішіндегі аршын бойлы, алма мойын, аса ажарлы, ақсары келіншек екен. Тек алақанда аялап, әлпештеп жүрге жаратылғандай. Алайда әр кез жақсының сонынан еріп, етектен тартып қалмайтын іріткі сез оның да аяғына болып еркелете койған жоқ. Жастайынан жетім өсіп, тіршіліктің ащы-тұщысын ерте тартып, тұрмыстың ыстық-сұығына қатып-піскен ол алықашты сөзден айылын да жимай, талап тұлпарына қамшы көміл. Қияндарға өрлемеді. Жағасында өзі туып-өсken карасы шағын болса да, сұы мол, арыны құшті Бекенің “әр толқыны жасынан еркелетіп, ағынымен ойнатқан” еркін ерке, кайсар қызы:

*Содан ба екен, қынға карсы атылам,
Қабат-қабат орасын қанша туман.
Мойымайтын менде де бар бір мінез,
Ақ боранға алдырмас жанса тұрам. —*

деп қындыққа қасқайып қарсы тұрып, тағдырдың ақ түтек боранына алдырмай кестелі сөздің өрнегін түзіл, маңдай тері тамшылай жүріп, ақыры өлең өлкесінен ойып тұрып өз орнын алды. Кешегі ауыл мұғалімі, мектеп директоры, аудан жастарының жетекшісі, аудандық деңгейдегі жауапты партия қызметкері өзөзді әнімен бүкіл республика тыңдармандарын разы еткен әйгілі әнші болып, жалынды жырларымен жүректерге жол тауып, талантты ақын атанған Тұрсынхан енді ғылым шынына құлаш үрді. Оның таудай талабы, дариядай дарыны кімді болсын танқалдырған да еді. Жомарт табиғат оның бір басына ештene аямай “үйіп-төгіп бере салған тәрізді. Жігіт қызығатын түр берген, жүртты үйитатын үн берген, халықты аузына қарататын тіл берген; талмас талап, таусылмас талант берген; сөнбейтін жалын, сарқылмайтын дарын берген. Сол куатты талап, қанатты талант, дарын мен жалын бойға сыймай, жанын жай тапқызбай, қияларға құлаш үрғызып, қияндарға қанат серметті. Эйтпесе бір әйелге мектеп директоры, аудандық басшы қызметкөр атағы да мол жетпес пе еді. Жоқ, ол онымен қанагаттанбай елдің еңбек сіңірген атақты әншісі болды. Оны да місе тұтпай, айтулы ақындар тұғырына қөтерілді. Кеудені кернеген жалын, бойда бұрканған дарын одан әрі самғатып, ғылым дариясына қайық салдырыды. Ол білікті ғалым, филология ғылымының докторы болып шықты. Иргелі ғылыми еңбектері үшін Шоқан Үәлиханов атындағы сыйлыққа ие болды. Енді қайтіл оның сан қырлы дарынына кайран қалмай тұра аларсың. “Тұрсынхан Әбдірахманова “Қазак-

станның халық жазушысы” күрметті атағына замандас қаламгерлерінен көш бұрын жетті. Әріптеңінің ардакты атқа ие болуы іші тарлардың кеудесінде қызғаныштың қызыл итін шәуілдетіп, пейілі кеңдердің қоңлін көкке өрлететін белгілі гой. Ал Тұрсынапаның күрметті атағы қоңлін көкке өрлеткендерден горі ішінде иті ұлығандарды қөбейтіп жібергендей болды. Ындының ала мысық тырнағандардың біразы әйел адамның қылдан нәзік қоңліне қарамастан, аяқтан шалып, шығармаларын жариялаудан бас тартуға айналды. Соның салдарынан оның таңдамалы жыр жинағы ақынның алпысқа толған мерейтойында әрек жарық қөрді. Сондай қоңлі құлазып, жаны жудеп жүрген құндерінің бірінде бір топ өлеңдерін алып “СК”-да (“Егемен Қазақстан”) бас редактордың бірінші орынбасары болып отырған маған келіпті.

— Мына бір топтама әдебиет газетінде бір жылдан астам жатты. Әне-міне деп созбақтап сыйыр құйымшактата берген сон қайтып алып, өзіңе әкеп отырмын. Ондағы азаматтар өздерінен бас-қалардың бәрін әдебиет төнірегінде әншнейін нан тауып кана жүрген кәсіпкерлер көретін сынайлы. Әсіресе, біздің буын өкілдерінен кіріпдей жиырылады. Жазғанымыз жариялауға түрмаса қырық жыл не үшін қалам ұстағанбыз?! — деп қоқірегін кернеген шер-шерменін бір актарып алып: — Өлең өлкесінде кездейсоқ жүрген кісі мынандай кітап жаза ма? Қолың бір босап, уақыт болса оқып шығарсын, — деп “Таңдамалыларын” ұсынды. Рахмет айтып, сыйфа тартқан кітабын тартпаға салды да, топтамасын қолға алып көзінше табан аузында оқып шықтым. Жырларының бәрі төрт аяғы тең жорға болмағанымен, ойы айқын, тілі айшықты, бүтінгі күннің өзекті мәселелерін қозғап, келенсіздіктерді әдемі іліп, мақтамен бауыздайтын тәп-тәүір дүниелер екен. “Кезекті нәмірлердің біріне жоспарлансын!” деп бұрыштама қойдым да, хатшы қызды шақырып, секретариатқа жөнелттім. Содан бастап біздің басылымда оның жазғандарына бөгесін болған жоқ. Кейін Парламент пен үкіметтің үні — “Халық қенесі” газетінде бас редактор болғанымда Тұрсынапа шығармаларына “жасыл көшө” ашылды.

Бұл әншнейін сыйлай үркым, қаламдастық құрмет, әріптестік қызмет қана еді. Ал ол кісімен адам ретінде жақын танысып, дәмдес-тұздас, сыйлас болуымыз бір құдалықтан басталды. Сексен төртінші жылдың күзінде жерлес ағамыз, белгілі журналист Сүлеймен Ақтаевтың тұңғыш қызы Ләzzат түрмисқа шығатын боп, ата-анасы құдаларды қарсы алысуга бізді де шақырыпты. Барсак, құдалар келіп қалған екен, төрде тіzlіп отыр. Көбінің жузі таныс, әсіресе

арасында Тұрсынхан бір төбе болып көзге оттай басылды. Сәлемдесіп, сәт-сапар тілеген соң:

— Ат байлар, бақан аттар, құда санар, кебек шашар сияқты ырым-кәдеден кешігіл құр қалғанымызды қарашы, — деп сөзді қалжынмен бастап, әрі қарай әзілмен астарладым.

— Бұл жақта екі қазакты үш жууге бөлмесе отыра алмаушы еді, құдағиымыз арғын қызы дейді, бәріміз де сол Арғын-атаның баласы болдық қой, тегі...

— Жоқ, мен найманмын, — деп бетіне қаны лып ете қап басын шайқап-шайқап қойды Тұрсынхан.

— Онда тіпті жақсы, Тұрсын-апа. Найманнан торт-ак қыз туған: Баян, Еңлік, Сара және төртіншісі осы отырган Тұрсынхан демекшісіз ғой. Бірак бәрі де арғын жігіттері үшін жан киып құрбан болғанын ұмытпаңыз, — деп күлдім.

— Дұрыс айтасың, інім, мына мен де арғынмын, — деп касында отырган кең мандайлы, аққуба, көзі тостағандай, бұғакты кісі жымиып келісті мол денесімен бір қозғалып қойды. Бұл Тұрсынханың жар-жолласы, кезінде КСРО Жоғары сотының мүшесі болған белгілі зангер Фаббас Сәдуов екен.

— Бұдан былай қайнам дейін бе сені?! Бірак бұрынғыдай бауыр болып қала берсейші, — деп күлді ақын апа.

Осы құдалықтан кейін арадас-құраластығымыз кобейіл, дастар-қан басында жиірек кездесетін болдық. Сондағы байқағаным — Тұрсынханың ер азаматпен ерлерше, әйел затымен әйелдерше сейлесіп, үлкенмен де, кішімен де әп-сәтте шүйіркелесіп кететін кісіге жуықтығы. Атақ-даңқы қазақ даласынан асып, Қенес елін шарлап кеткенине қарамастан, керемет қарапайым, әңгіме-дүкен жалықтыра бастаса, әлде бір әуенге салып ынылдан отыратыны бар. Ал ән салуын сұрасаң ешқашан бәлденбей қырдың қырмызы үнімен әуелете жөнеледі.

Бір жылы олармен “Оқжетпеске” бірге бардық. Ауылдардан арасын сүйтпай келіп жататын конакасыдан кол босаса курортшылардың бітіретін серуен ғой. Жалпы жасы алпыстың ортасынан асып қалғанына қарамай, Тұрсынхан жастармен серуенге жі шығады. “Шіркін, менің қызыым болсан ғой!” деп біздің Файнижамалды ертіп алады. Олардан мен де қалыспаймын. Ал Фаббас ағай жаяу қыдырыска жоқтау. Көбіне курорт ғимаратының төнірегінен үзай қоймайды.

— Ағаң бүгін “мынау ормандарда аю бар көрінеді, алыска бар-

мандар” деп коркытып қалды, – деп жымиды Тұрсын-апа. – Онысы қызғанған түрі.

– Осы жасқа дейін қызғанса әлі де бәз-баяғыдай сүйетіні емес пе! – деп біз де күлдік.

Бір күні ауылдан бір қойын сойып, қымыздың қызырынын, шайсуанын, басқа да сусындарын алып келіншегімен туған інім Төлеубек келіп тұр. “Егін-шөп науқанының тұсында несін өуре болдындар?!” десем (әкемнің көзі тірі кезі фой), “қасында ұятында кіслері бар шығар, туған ошағының дәмін татсын” деп әтәйім әдейі жіберді” дейді. Піскен астын қүйтігі жаман, жиналып жіберіп “Үш ару” шындарының ең кішісінің сауырына жайғасып, асқа кірістік. “Қазақтардың мына ет жесін көрсе, қолдарына түсіп қалмайын деп әлгі айтқан аюынның өзі анадай қашар” деп арасында қалжындал Фабаңды қағытып қоямыз. “Айтып қойған екенсін фой” деп басын шайқап ол Тұрсынханға жымияды. Он жакта қарауылда тұрган қас батырдай Оқжетпес, сол қанталда айдынында күн нұры ойнаған Айнакол. Сол сұлу сурет әсер етті ме, Тұрсын апа “тост орнына ән салып берейін” деп шырқай жөнелді. Даусынан орман, тау жаңғырып, айдын көл толқығандай болды. Оның “акынмын деме, төгілпітасып жатпасаң, әншімін деме, аспан есігін қакпасаң” дегені өзіне қарата айтылғандай екен деп түйдік. Әнімен жер-көкті жаңғыртып, жүректерді аялап тыңдаушыларын тамсантқан әйгілі әнші қонақсының соңына қарай келіндерге көмектесіп, ыдыс-аяқ жуысып, отырған орынды жинасып жүре берді. “Аптырай, радиодан әндерін тындал, газеттен олендерін оқып, құдайдай көріп жүрген кісіміз қандай кішіпейіл, ә?! Ауылдағыларға айтып барсак қой сенбейді!” деп таңқалып таңдай қағып еді сонда елден келгендер.

Шынында да, Тұрсынхан болдым-толдым деп төнірегіндегілерге төбеден қарайтын меммендігі жоқ кісі еді. Мейлінше кішіпейіл адам болатын. Қатардағы елмен етene араласып, емен-жарқын әнгімелесіп жүре беретін. Ал орынды жерінде ол өр де, өжет те болып, бетін бар, жүзің бар демей айтартын айтып та салатын. Текті адам бетті де келеді. Қылдай қиянатқа төзбейді, тек әділдікті ғана жақтайды. Ақын апа да сондай әділ адам болатын. Өзі тұрсын өзгеге жасаған қиянатқа да көз жұмып қарамай, оған қарсы ақ мылтықтай атылатын. Бұған анау бір жылдары белгілі жазушы Сәбит Досановқа қарсы “Қазақ әдебиеті” газеті науқан ашып, жыл бойы қақсан, күллі шығармашылығын мансұқ етуге тырысқанда қозіміз кәміл жетті. Арқадан қағып қолпаشتап жүрген ағалары ауыз ашуға жарамағанда Сәбитетті қорғап Тұрсынхан аласы көл қорыған

қызығыштай шырыллады. Тілі кестелі, мазмұны құрделі романда-рын ғылыми түрғыдан талдап, құнды көркем дүниелер екенін дәлелдеді. Дәл сол жылы сол Сәбит Досанов Михаил Шолохов атындағы халықаралық әдеби сыйлықтың иесі болып, оны әдебиеттен аластаймыз деп арамтер болып жүрген күншіл өңezдердің көмейіне су құйылды. Бұл қабілетті каламгердің ғана емес, әдебиет сарайының жабығынан жымысқы қолын сумандатып, асылын ылас-тап, шашып-төккісі келетін сумакай әсіре сыншылдарға карсы әділ пікірін семсердей сілтеген саңлак ғалымның да зор женісі еді.

Досың көп сенің ешкімнің тауын шакпасан,

Кайырылып көрер есікті катты жаппасан.

Адамдық борыш өтедім деме өзгенің

Көңіліне бір сәт қуаныш отын жақпасан, —

деп ақынның өзі айтқандай, ол әсте осылай айналасындағыларға жүрек шуағын шашып, адами борышын өтеп өтті. Сол шандоз-дығы, сол әділдігі, сол беттілігі мен тектілігі үшін Сәбит оны өкіл ана етіп кетті. Ана алдындағы парызы мен қарызын кеше ол оқыс-тан дүние салғанда өтеді де.

Иә, қанша жасаса да қуаты қайтпаған, жігері жасымаған әрі мен сәнінен айырылмаған, әні мен жыры толастамаған тас қайрат қайран ақын ақырғы мүшеліне үш жыл жете алмай. оқыста опат болды. “Жеті жаста жаңғыртып жердің үстін, ән косқан даусына үшқан құстың” күміс қомейі қайтып бүлкілдемей, “үкім айта келгемін өмірге мен, уысымда мынау жер-өнір деген” деп ел еңсесін биіктете тұсу үшін жетпіс жылдай зырлаған жүйрік қалам енді қайтып жүйткімейді. Алайда “адам бар ескерткішін өзі қойып, өз өмір жолын өзі түйіп кеткен” деп ақынның өзі айтқандай, Тұрсын-ханның өнерімен, өлеңімен өз ескерткішін өзі қойып кеткені дәтке қуат, қөңілге медет.

2004 жыл.

ҚОС БАТЫРДЫҢ БАУЫРЫ

Асылы, журналистикадан арнаулы білімі жоқ жас талапкердің тәлім алар, тәжірибе жинар мамандық мектебі газет-журналдың өзі болса керек. Орта мектептің қабырғасынан шыға-ақ қолға қалам алып, баспасөзге бет бұрып белсене кірісіп кеткен менің жазу өнерін газет өндірісінің тікелей өзінде игеруіме тұра келді. Ондайда, әрине, өзегі нәрлі, өрнегі әрлі жақсы жарияланымның әрқайсысы үлгі алып үйренер өнеге сияқты көрінеді. Кәдімгі Иван Тургеневтің: “Тілді дәл Лермонтовтан артық игеріп, айшықты қолданған жазушыны білмеймін, өз басым оның әр сойлемін алып мүше-мүшесімен тұлғасын ажыратып, сөз таптары бойынша талдай отырып, қалай жазуды үйренер едім”, – дегеніндей, толғауы терең, талғамы кемел, ойы ұтымды, тілі тұщымды әрбір мақаланы ой елегінен екшеп ежіктей оқып, оның авторын ұстаз тұтқан қаламгерлеріміздің бірі Кәкімжан Қазыбаев еді.

Ұмытпасам, 1958 жылдың актапыны деймін. Жастардың сол кездегі сүйікті газеті қазіргі “Жас алашта” Кәкенің Ұлы Отан соғысының қаһарманы Рақымжан Қошқарбаев туралы тұтас бір бетті алып жатқан көлемді очеркі жарияланды. Оны облыстық газеттегі жас журналисттер жапа-тармагай жарыса оқып шығып: “Очерк жазудың жақсы бір үлгісі осындай-ақ болар”, – деген ортақ байламға келдік. Тілінің тартымды, ойының орамды екені, кіріспесіндегі ерлік туралы тебіреніске толы толғауы өз алдына, бәрінен бұрын оның танымдық мәні тереңіне тарта түсті. Автордың бұрынғы басылымдардың дерек-құжаттарымен тапжылтпай дәлелдей отырып, Рейхстагқа тұнғыш ту тіккен казақ жігіті деп жар салуы кайран қалдырыды. Бұрын жау ордасының төбесінде жеңіс жалауын желбірткен

Егоров пен Кантария деп миымызға мықтап шегеленіп қалған біз үшін бұл жаңалықтың ең үлкені болды. Ол қалыптасып қалған пікірге қарсы уәж айтып, өзіндік ойын ортаға салудың кереметтей қызын кезеңі еді ғой. Тырнақ астынан кір іздел, қайшы пікір білдіріп қалғаның бәрін дүшпен санап тарпа бас салатын сол заманда бұлайша ой айту батылдық қана емес, батырлық та еді. Сол күннен бастап-ак журналистік жалынына, қаламының карымына тәнті болып іштей үстаз тұтқан аяулы азаматпен алғаш астаналық облыстық “Жетісу” газетінің шаңырағында жүз көрістік.

Еліміздің кезіндегі беллі де беделді басылымы “Ара-Шмелъ” журналында фельетоншы қызметін аткарып жүргенмін. Бір күні журналдың жауапты хатшысы, қаламдас қамкор ағалардың бірі Өміржан Оспанов шаңырағын алғаш астаналық облыстық “Жетісу”

- Сарбас, саған “Жетісу” газетінің редакторы Әбдуәли Карапұлов ағаң “келіп кетсінші” деп шаңырақ, телефон шалды, — деді.
- Қазіргі казак журналистикасының білікті де білімді ақсақалы ғой, меселін қайтармай, барып қайт. Бірақ байқа, мінезі кіділеу кісі, алдында андан сөйле.

Үлкен сезін екі етпейтін елгезек мінезімізге бағып айтқан мерзімінде жетіп-ак бардым. Бұрын бірер мәрте көрсем де онша көз тоқтатпаптын, ұзын бойлы, буырыл шашты, қыр мұрынды, ат жакты, акқуба, қағылез егде кісі елпілдей орнынан тұрып қол ұсынды. Сәлемдесу мәнері, мұнтаздай қылып киім киісі, сүйріктей саусақтары ертеде оқыған ақсүйек ағаларымызды еске салғандай. Алдындағы сопакша столдың басынан орын ұсынып, отыр дегендегі ишарат жасады да, орындығына қайта жайғасып, телефоның түткәсін көтерді.

— Кәкімжан, келіп кетші, шаңырткан жігітіміз осында отыр.

Әудем болмай есіктен әдемі жымиып орта бойлы, караторы, жұка шашын жылтырата тарап он жағына қайырып тастаған кең маңдайлыш толықша жігіт кірді.

— Ә, Сарбас, келіп қалдың ба?! Бұрында бір көрген тәріздімін, редакцияға келіп тұрушы ма едің? — деп ежелгі таныстай іш тарта амандасты.

Ұзамай сыпайы жүз көрістіктін де сырды айқындалып, мәнжайы белгілі болды. Бұрнағы жылы жыр-жинағым шыққанын, орысша, казакша фельетондарым журналдың әр нөмірінде жарияланып жүргенін, радиодан алуан такырыптағы очерктерім беріліп тұратынын екеуі де біліп отыр. Отбасымның, ата-анамның, бала-

шагамның жағдайын сүрап болған соң бүлкектепей әңгіменің төтесіне көшті. Әбекен:

— “Айран сүрай келіп, шелегінді жасырма”, — деген ғой атала-рымыз. Айна бір шығатын журнал жас жігітке қол емес дегім келіп отыр. Жалықтырып, жалқауландырып жіберу ықтимал. Жас кезінде жігер-жалыныңды газетке жұмсал, дарыныңды соның көрігінде шындағаның жөн ғой. Келуге ықыласың болса, бізден орын табылады. Жалпы, кай тақырыпка көбірек қалам тартушы едін, кай салаға бейімің басымырак?

Газетте тікелей қызмет аткаралын қаламгер үшін тақырыптардың арасында “қытай қабырғасы” жоқтығын, мәдениет мәселеісімен ғана шектеліп қоймай, еңбек адамдары жайында біраз очерк, сурет-темелер жазғанымды, адамгершілік тақырыбына жирик қалам тер-беп, ондай мақалаларымның кейбіреуі оқырмандардан үндестік та-уып, талқыга түскенін айта келіп:

— Адам тәрбиесі негізінен насиҳаттың жұмысы ғой. Жақында бір баскөсуда белгілі ақын Faфу Қайырбековтің бір айтқаны есімнен кетпейді: Қайтыс болған бір жігітің қырқында атасы: “Шіркін-ай, тірі жүрсе, коммунизмнің керемет құрылышысы болатын еді”, — деп тұр. Біздің насиҳатымыздың өлік болғаны осы емес пе” деп еді. Насиҳат дегеніміз сыйқасқан саясат, таптаурын теория деген үғымнан арыла алмай жүргендеге осыдан артық не сокқы керек, — дегенімде, Қәкен: “Апыр-ай, катты айтқан екен”, — деп жымиды да, Әбекен мырс етіп күліп жіберді.

— О, нағыз насиҳаттың адамы өзің болып шықтың ғой, — деп қалды Қекімжан. — Бізге дәл қазір насиҳат жағын жүргізетін адам керек.

— Журналды қайтесін, жұмысын біраз көрдің ғой, бізге келсейші. Жағдайымыз жаман болмайды. Баспасөз қызметкерлеріне көніл бөлінетін түрі бар. Бұны бірденені білгеннен кейін айтып отырмын, — деді Әбекен.

Сөйтіп, не керек, 1965 жылдың басында айналасы бір айдың ішінде астаналық облыс газетіне редактордың насиҳат жөніндегі орынбасары бол шыға келдім. Бір жарым жылдай журналда арқа-ны кеңге салып, бұрандаларды босатып алған басым ұшы-қыры жоқ күнделікті газет жұмысына күмп беріп сұңгідім де кеттім. Сол жылғы мерейтойлар мен мерекелер мүншалық көп болар ма! Оның үстінен Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 20 жылдығы және тұр. Осылардың бәріне алдын-ала мүқият әзірлік жасап, тақырыпты

ашудың жаңа жолын тауып, бұрын байқалмаған тың қырларын көрсету керек.

Жетісу жалпы облыстық газет болғанымен республикалық басты басылымдардың өкшесін басып, өкпесін қысып, құйрық тістесе отыратын өзіндік дәстүрі бар, ізденіске бай, айтулы материалды айшықтап беруге шебер, мазмұнына макеті сай үнпарақ. Сондықтан оған аға газеттердің өзі үзенгі қағыстырып қалар ма деп ышқынған жүйріктей жалтақтап қарайды. Демек, бұның шықкан тауын барынша биіктетіп, туын асқақтата түсү керек. Бұл үшін бір бастан, онын шығармашылық ұжымымен ортақ тіл табысып, әрбір қалам енбеккерінің шабытына тамыздық тастанап, тың өрістерге құлшынту шарт. Ұжыммызың жас жағынан әркелкі: “үштен бірі шау тартып, алпысқа иек артып қалғандар, жас толқын дегенде өзімнен бірі үлкен, бірі кіші сол жерде-ақ көзге түсіп көрнекті болып қалған ақындар Әділбек Абайділданов пен Бекен Әбдіразаков, бүгінгі белгілі жазушы Дүкенбай Досжанов, қаламының қуатын сонда-ақ көрсетіп үлгерген қабілетті журналистер Арыстан Рустемов пен Рәшид Рақымбеков бар. Өзгелер қырықтың ар жақ, бер жағындағы жалаң қылыш жорға қаламгерлер. Үш толқынның үлкені ұстағанына мығым мықшегерлер болса, келесі буын тәжірибе жиып төсөліп алғандар, ал кенжесі кілең сен тұр мен атайын, арқадан қақ та жұмсай бер. Ал газеттің насиҳат пен партия тұрмысы, әдебиет пен мәдениет мәселелеріне жетекшілік жасайтын мен болсам, со-лардың барлығына тең болып, бірдей қарауым, бөлімдерді бір-бірінен бөле-жармай ортақ іске жұмылдыруға атсалысувын кажет.

Келген күннің ертеңіне Кәкен оңаша алып отырып қаламдастардың бәріне жеке-жеке өз көзкарасын білдіріп, қайсысының қолынан не келіп, не коярын, кандай қабілет қырын аша түскен абзал боларын бақайшактап тұрып айткан-ды. Әсіреле ақын-жазушылар жағына абай болуды, олар тізгінін жіберіп-тартып отыруды талап ететін тұлпар мінездес жандар екенінен дұрыс бағдар беріп, ұқыпты ұстаса газетке қыруар пайда келтіретінін ескерткен. Сол күннен бастап үлкен-кіші демей-ақ қай мәселені болсын шешу, ортаға түскен ойлардан ортақ пікір түйіп, алда атқарап жұмысты жоспарлау мен үшін занға айналды. Қоңтің пікірі көл ғой қашанда, бұл тәсіл өз нәтижесін бермей қалған жоқ. Ұлы жеңістің 20 жылдығын жазуға газет өзгелерге үқсамай өзінше келіп, үш бағытта көрсетті.

Бір бастан Мәскеуді жасанған жаудың тырнағынан аман алып қалған атақты Панфилов дивизиясының Қазақстанда, тап осы Алматының түбінде жасақталғаны белгілі. Халқымыздың қайыспас

қаһармандық рухын айдай әлемге танытқан 28 панфиловшы ба-тырлардың барлығы дерлік астаналық облыстың (ол тұста Талдықорған бөлек облыс болатын) түлектері. Жиырма жылдан астам уақыттың ішінде ол батырлардың біразы ел есінен шығып та кетіпти. Сол ерлердің қасиетті есімін тірілтіп, халықтың есіне қайта салу үшін алдымен олар жайында бір-бір очерк беріп, суреттерін түгел жариялад шықтық. Ер етікпен қан кешіп, каскасымен су ішкен сол алапат қыргында айрықша ерлік көрсеткен алматылық қаһармандар өз алдына бір желі тартты. Онымен де канагаттанбай “Правданың” баспасөз бюросынан түсіп тұратын Георгий Жуков бастиған даңқты колбасшылардың қаһарлы күндер хакындағы естеліктерін жүйелеп аударып және беріп тұрдык. “Социалистік Қазақстанның” редакторы Кенес Үсебаевтың: “АПН мен Пресс-Бюроның мазмұнды мақалаларын өз газетімнен көрмей, кашанғы тек “Жетісудан” фана оқуым керек”, – деп жігіттеріне ескертпе жасайтыны сол тұс. Газетке қайтып оралған сол бір алас-күлес қауырт шақ менің де күні бүгінге дейін қалмай келе жатқан машинисткаға айтып отырып (диктовка) аудару дағдымының қалыптасқан кезеңі еді.

Сондай күндердің бірінде Кәкен жарқылдай құліп:

– Жігіттер, женіс күнінің жоспарын жасап жатырсындар ма?

Менің Ракымжанымды ұмытып кетіп жүрмендер, – деп қолыма бір жапырақ қағазды ұстата бергені бар. Бақсақ, Р.Қошқарбаевқа сонау Германияның өзінен келген хат екен. Бір кәсіпорынның өндіріс бригадасының ұжымы жазыпты. “Қымбатты Қошқарбаев! Біз сізді шын жүректен құттықтаймыз. Тенденсі жоқ ерлік көрсеткен қаһармандардың ішіндегі қас батырысыз. Гитлершіл фашизмге өлтіре соккы беріп, неміс халқын тарихтың тұнғиығынан сұрып алған ерлердің бірісіз. Сіздің қаһармандылығыңыз Германияны көркейту ісінде бізге бүгін өнеге”, – дей келіп, ұжым мүшелері бригадасын онын есімімен атаяу жөнінде батырдың ризашылығын сұрапты.

– Көрдің бе, өзіміз елемей жүрген ерлерді өзге жұрт қалай әспеттейтіні! Біз болсақ, оған Батыр атағын қойып, қонақ үй директорлығын да қимай жүрміз. Дегенмен, немістердің мынасы керемет құрмет. Осындағы абзаз адамдармен, айтулы қаһармандармен бір кезде өмір сүрген біз қандай бақыттымыз. Ал еңбегі мен ерлігін жазып, олармен сырлас, сыйлас болып кететін журналистерден жүлдyzды жан сірә жоқ шығар, – деп хат дәл өз атына келгендей арқа-жарқа болып Кәкенің куанышы қойнына сияр емес. Оның себебі де бар сиякты.

Сол көктемде ол Рақымжан жайындағы деректі повесін тәмамдап, талқылаудан жақсы баға алғып баспаға тапсырған. “Ұлы Отан соғысының қаһармандары” атты ортақ айдармен “Рақымжан Қошқарбаев” дег аталатын кітапшасы әне-міне жарық көргелі жатыр. Оны айналасы бір аптаның ішінде жазып тапсыруға тұра келді. Сонда айтқаны әлі есімде:

— Көлемді повесть жазудан гөрі осы шағын кітапшаны жазу әлдекайда киын болды. Ең алдымен повесте айтылған ойлар мен баяндалған оқиғаны қайталау ыңғайсыз көрінді. Ол тұрын баяғы очеркітін өзін өндеп ұсынуға ар-үятим жібермеді. Сондыктан тың деректер жинап, Раханың қөніл қалтарысында қалып койған естелік оқиғаларын кайта актаруға тұра келді. Кітапша болса да бөлек шығарма аты бар, басқаға үксамауы керек кой.

Ал бұл ең алдымен ар алдындағы адалдығы, екіншіден, қаламгердің әр туындысына деген талапшылдығы, үшіншіден, қөңілдің қылаусыз пәк тазалығы еді. Ондай адам басшы болса, басқаның қаламына құрметпен қарап, жазғанына жанашаыр болып, қамқорлық көрсетіп отырыры хак. Кәкенің сондай қасиетіне қызметтес болғаннан-ақ тәнті боп қамқорлық қемегін көп көрдім.

Жал-жас жігіттің жаңа ұжымға келуі, анау-мынау емес басшы қызметке келуі қашанда ұлken сын ғой. Бұрын бауыр басып қалған қызметкерлердей емес, оның басқан ізі санаулы, атқарған ісі санаулы. Артық айтса да, жаңсақ жазса да басқалардай емес бадырайып көрініп тұрады. Алайда “шегірткеден корықкан егін екпестің” кебін киіп, қадам баспай, қалам тартпай отыра аласың ба. Женіс тойына таяған сайын ерлік тәрбиесін күшетту жөнінде “Ер есімі – ел есінде” деген бас мақала жаздым. Жаттандылыққа жүрегім жатпайтын әдетіме басып, оны 28 панфиловшиның Дубосеково түбіндегі теңдесі жок ерлігінің бір сәтін суреттеуден бастап, халқымыздың қаһармандық дәстүрлері туралы ой толғап, өлім мен өмір белдескен сол бір алмағайып сын сағатта отан үшін от кешкен боздактардың ісі бүгінгі үрпаққа өшпес өнеге екенін баса айтып, жастарды солардың отаншылдығы рухында тәрбиелеу жөнінде партия үйымдарының алдына біршама міндеттер койғанмын. Әдеттегіден түрттұлғасы, жазылу мәнері өзгешерек болғанымен бас макалаға қойылар талапты толық-ақ орындал түр. Эйткенмен шын бағасын лездеме бермек кой.

Мен келгелі ауыл шаруашылығы бөліміндегі бір қария қыр соңымнан қалмай қойды. Білмеймін, әлде біреу қолтығына су бүркіп шаптап қоя ма, әлде өзінің білгені сол ма, менің қолымнан шық-

қан материалдарды сынағыш-ак. Қорытқан хабарлары мен мақалаларына енгізген түзету мен айтқан пікірлеріме келіспей, дауласып редактордың алдынан талай рет қолдау таппай қайтқан. Кезекті лездемеде жерден жеті қоян тапқандай со кісінің құдайы беріп қалды. “Біріншіден, бұл мақаланы далитып үш бағанға беру артық, екіншіден, публицистикалық сарында жазамын деп бас мақаланы очеркке айналдырып жіберу партиялық газеттің принципіне жатпайды. Бұнымен біз екі бірдей әнтектік жіберіп отырмыз”, – деп қарап тұр. Жастар жағы қызыбалактап, Арыстан мен Рәшиит мұрындары терши тұрып қарияға қарсы шығып, мақаланың бүгінгі таның талабына сай жаңаша жазылғаны жайындағы өз пікірлерін ортаға салды. Жиналыстың сонына қарай сөз алған Кәкен:

– Партияны өз ойын айқын айтып, айшыктап жеткізе алмайтын сақау, жаңалыққа жаңы қас көрсетуді қашан қоямыз. Қайта жұмысты жаңаша істеп, тұрмысты жаңғырт деп жаңалыққа үндеп жатқан партияның өзі емес пе. Ал біз болсак бәрін өз өремізбен өлшеп, салтықтың сабына шығып қарауыл қарагымыз келеді, – деп сөзін бастады да:

– Меніңше, бұл мақала публицистикалық сарында жаңаша жылы әрі мазмұнды жазылған дүние. Жаңа болса етік екеш етік те аякты қысады. Сол сиякты жаңашылдық әлі біразымыздың сана-мызды сығып, сіңбей жүргенге ұксайды. Зерделеп оқысаныздар, орталық газеттердің көбі бас мақаланы бастан-аяқ публицистика етіп жазуға ойысып барады. Бұл соның біздегі алғашкы қарлығашы, – деп түйді ойын. Қорытынды сөзінде сол пікірді редактор да қуаттап, айғайғөк сыншының аузына күм күйілді.

Жаңа үжымға келгенмен кіріп кете алмай жүрген жас қаламгерге осыдан аскан қолдау болар ма. Өнерге канат, өмірге куат берер, қаламын қанаттандырар, талабын шарықтатар қамқорлық осығой.

Сол жазда Талдыкорған аймағына арнаулы іссапармен барып, бір шаруашылықта кеншар басшысы бастаған он маманың өндірістен кол үзбей ғылыми жұмыспен шұғылданып жүргенін естіп, ат басын әдейі бұрып барып, біраз жігіттермен кенесіп, “Бір совхозда он ғалым” деген очерк жазып қайттым. Оны шаруашылықтың саяси жетекшісі Асылғали атты азаматпен хат арқылы сырласу сарынында жаздым. Оқып шығып, ұнатты-ау деймін:

– Міне, мұндай материалды көрнекті етіп, көрсетіп беру керек, – деп Кәкен алдындағы жол өлшегіш жалтырақ сызығыны ала салып, табан аузында макетін жасай бастады. Жастар газетінде жа-

уапты хатцы болған дағдысымен, жақсы материал көрсө, қайткенде де көрсетіп беруге тырысып, кейде макетін өзі сызып жіберетін кезі жи үшірасатын. Бірінші бетке кеншар директоры, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты Федор Кулицовтің бешпентін бір иығына бос тастап, жайқалған егіннің ортасында тұрған суретін үлкен ғып беріп, жаңына өзі сол түні “Адам еңбегімен ардақты” деген бас мақала жазып әкеп, менің очеркімді безендіріп үшіншіге тұтас бір бет етіп салды. Келесі жылы газетіміз Бұқілодактық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысқанда Баспасөз павильонында қойылатын альбомға сол беттін суретін және берді.

Осылай ілтипаттың өзі-ақ ізденбесіңе, жаңаша жазбасқа қоймайтын. Кейде ол оқыған газеттерінен өзіне ұнап қып алған материалдарын қолыма ұстата беріп: “оқып көрші, ой саларлық пікірлері бар”, – дейтін. Өзі со тұстағы баспасөздің шамшырағы сыныды “Известияны”, әсіресе “Сельская жизньді” бастан-аяқ оқып: “талдауы, талғамы терен етіп жаңаша жазамын десен, үлгі іздел алысқа барудың қажеті жоқ, орталық газеттерді үзбей оқы, үрдісін ұстана білсөн жетіп жатыр”, – деп отыратын. Қаламдастарының үзбей ізденіп, өмірмен үзенгілес отыруын қалайтынын анғартушы еді.

– Күнделікті газеттің күйбенімен бет қарап басқалардың жазғанын өндеп отыра берсек, екеуміз де отырып қалмаймыз ба, – деді бірде. – Кешегі өткеніміз бен келелі еркенімізді салыстыру үшін ара-тұра архив мекемесінің де есігін қағу керек-ақ, сірә. Тәуекел деп шығып кетпесең, тұртінектеген тіршілік адым аштырмайды.

Тұспалдан отырған ойының төркінін түсіне қалдым. Кәдімгі үшуга баулыған түлегі босаңсығаның байқаса қанатының астынан аялай қағып демеп жіберетін ұбасар бүркіттің кимылы сияқты қарекет. Ертеңіне орталық кітапхананың сирек басылымдар корына барып, көне газет-журналдарды парактадым. Тағы бір күні партия тарихы институтының архивін актардым. Сөйтіп, біраз уақыт архившіл болып жүрдім. Баксам, көне басылым – көзді бастау да, архив құжаты – асыл қазына екен. Ақтарған сайын көкіргің ашылып, оқыған сайын ойын байиды, тың тақырыптар табасын.

Елдің 50 жылдығына орай арнағы үйымдастырған бір шаруашылық коммунистерінің ашық хаты көп үндестік таба қойған жоқ. “Ерлікке толы елу жыл” деген айдармен беріліп жатқан дүниелер жаттандылау. Тыңнан не табу керек деген сұраққа келгенде архивтағы құжаттарының каймағы қозғалмай жатқан 16-шы жыл еске

түсті. Елдің туған күні Қазан тоңкерісінен алынса, казақ даласындағы 16-шы жылғы ұлт-азаттық қозғалысы соның алғашқы дабылы емес пе. Ол ұлт-азаттық көтерілісі Жетісу жерінде де кең өрістеген. Ендеше, сол көтеріліс ошактарын елу жылдықтың алдында неге бір-бір сүзіп өтпеске! Осы пікірміді ортаға салғанда бірінші болып қолдаған Кәкен еді. “Жетісу дағы жалынды жылдар ізімен” деген айдармен берілген очерктер, міне, дүниеге осылай келген-ді.

Енді бірде ескі басылымдарды ізdep Алматыда Кеңес өкіметі орнаған күннің өртөніне шықкан “Заря свободы” газетін қарап отырсам, әр бетінде араб әрпімен басылған материалдар бар. Баксам, газеттің 16-шы жылдың батыры Тоқаш Бокин басқарған қазақ бөлімі болыпты. Бөлім басшы үйімдардың қаулы-қараптарын және аса қат материалдарды аударып, араб әрпімен орыс газетіне қазақша беріп турған екен. Ал сол он сегізінші жылдың 21 маусымында жарық көрген “Жетісу іспі халық мұхбыры” аралас қазақ, татар, ұйғыр тілдерінде шығып тұрыпты. Алты айдан соң ол “Көмек” атанип, 20-шы жылдары “Ұшқын”, “Кедей еркі”, “Тілші” деген атпен шығыпты. “Огни Алатаудын” өз бастауын сол “Заря свободы” газеті шықкан күннен алғалы жатқанын естіп, осы жағдайларды айтқанымда Әбекең де, Кәкен де катты қуанды. “Жақсылық жасасаң бүтін болсын, бастаған ісінді жеріне өзің жеткізіп, Партия тарихы институтының анықтамасын алып кел. Газеттің шықкан күнін өзгерту үшін ауадай қажеті сол — біз “Заряға” жабыспай “Мұхбырдан-ақ бастайық”, — десті.

Анықтаманың нұсқасын алдын ала өзірлеп ат институт директоры Серікбай Бейсенбаевқа барғанымда, ол екі газеттің де тігіндісін алғызып, кейбір макалаларын оқып көріп: “Маған және бір дерек көзін тауып бердің-ау, рахмет!” — деп қолымды қысқаны күні бүгінгідей коз алдында. Алматы облыстық “Жетісу” газеттің бастап шықкан күні, міне, осылай анықталып еді. Оған да үйіткы болғандардың бірі Кәкен. Қөп ұзамай келер жылы осы газеттің 50 жылдығын атап өтуге әзірлік жұмыстарын дүрілдетіп ала жөнелдік.

Ал Кәкен газеттің елу жылдығына дәл жарты ай қалғанда 1968 жылдың маусымында Орталық партия комитетіне нұсқаушы болып кетті. Үш жарым жылдай ағалы-інілідей сыйласып, әй-шәй деспей бір тілекте білек косып қызмет еткен аяулы азаматтың өсіп кеткеніне бір жағынан қуансам, бір жағынан сынарынан айрылған қоныр қаздай қөнілім қоңылтақсып қалды. Екі орынбасары тертені тең тартып бірауызды тату болса, басшының жұмысы жеңіл боларын іс жүзінде дәлелдеп, газеттің мерейін бірге өсірісken өрелі

қаламгердің, ақылшы ағаның орны мен үшін үнірейіп, біразға дейін бос тұрды.

“Өз орнында отыр”, – деп, әсіресе журналистердің жазудан басқа қырын көрсетпей қабілетін түмшалап, қанатын жайғызбаған тұс еді фой ол. Екі-ақ басылымда белгілі бір орында табаны күректей жиырма жыл отырған Кәкенің газеттен кетісімен-ақ жұлдызы жарқырап шыға келді. Араға санаулы-ақ жылдар салып Баспа және полиграфия жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының орынбасары, ҚазТАГ-тың директоры болып, ақыры, Орталық партия комитетінің хатшылығына дейін көтерілді. Бағы жанып, қызмет баспалдағы қаша биіктегенмен, атақ-дәрежесі, лауазым деңгейі қаша өскенімен ол бұрынғы достарынан, байыргы қаламдастарынан байланысын бір сәт үзген емес. Қашан да қайда болсын қолұшын беріп, камкорлық көрсетіп отырды. Кішіпейіл кісілік келбеті өзгермей, қаз-қалпында қалды. Алды кең, ақылы кен басшы болды.

Қазіргі “Егемен Қазақстанда” редактордың бірінші орынбасары кезім. Әлде түні бойы бет қарап, жарыққа шығар нұсқага тан алдынла кол қойып кешіктім бе, әлде басқа бір жұмыспен жүріп қалдым ба, әйтеуір редакцияға түске таман келсем, редакторым шыж-быжы шығып, мені іздел жатыр.

– О, не, аманшылық па? Жайша іздел жатсыздар ма?

– Ойбай-аяу, сағат 10-нан бері әлсін-әлі телефон соғып Орталық Комитеттің хатшысы іздетіп жатқан жоқ па?! Телефондарыңды алып тастағансындар ма, бағанадан бері бұрап ала алмай, дымым күрып отыр едім.

– Оқасы жоқ, іздесе барамыз, – деп сыр бермеген болғаныммен, іштей қатты қобалжып, түсте тұра Орталық Комитеттің өзіне тарттым.

– Сарбас-аяу, Орталық Комитеттің хатшысы іздеткенде жарты күн талғырмашаған сен басқаларға тіпті қаранды да көрсетпей кетесің фой, шамасы, – деп жарқылдай күліп, орнынан тұрып келіп Кәкен қолдасып амандасты. Іштей үрейленіп барған мен де жайылып сала бердім. Басқа бір хатшыны осылай іздел сарсылтсаң күніңін не болары о тұста, белгілі фой.

Басшылық баспалдағымен қызмет бабында өсу жылдары Кәкенің шығармашылық шабытының да қанаттану кезеңі болды. Басқа біреу болса бақ пен такқа токмейілсіп, билік буына мастанып, қалам қабілетін әлсіретіп алар еді. Ал Кәкен қайта журналистикадан жазушылыққа қадам басып, бар күбылысты суреткерлік

електен өткізіп, көркем бейнемен беруге көшті. Нұсқаушы болып жүрген кезде “Ызғар” атты тұңғыш романын жазып, оның алғашқы нұсқаларын өзі он жыл үзбей еңбек еткен “Жетісу” газетінде жариялады. Сондағы қолжазбасын алып келгендерді сәті күні бүтінгідей көз алдымызда. Эжептәуір ынғайсызданып:

— Кезінде күесі болған, көптен ойда жүрген оқиғалар еді, “қағазға түсіп қалсыншы” деп жазғаным ғой. Қай деңгейден шыққанын қайдам, өзімсініп алғашқы үзіндісін өзлеріне ұсынып отырмын. Повесть, не роман деп қопақардай ғып қоқырайтпай “кітаптан үзінді” деп бере салындар, — дейді.

Бұл жазғанның жанрын білмегендік, болмаса өз қаламына өзі сенбегендік емес, жазушылық соқпағына ат басын бүрган қаламгердің керемет кішіпейілділігі еді. Көркем прозаға алғашқы қадамы іспетті сол “Ызғар” шын мәніндегі толыққанды роман болып шықты да. Оның үстінен ол Ұлы Отан соғысы түсындағы тыл өмірін кең арнада кемел суреттеген тұңғыш туындылардың бірі болды. Әр алуан адамдардың, саналы кейіпкерлердің мінез-құлқы, қарекет-қимылы арқылы тыл өмірінің өзі бір жатқан мылтықсыз майдан екенин, күркірекен соғыс алғанындағыдан кем түспейтін қындықтары барын сол ауыртпалықты қайыспай көтеріп, жеңісті жақындастысқан жалаңтөс жандардың ерлігін жырдай ғып баяндап, көркем кестелейді. Оның әдеби құндылығын, тақырыбының тыңдығын, тарихи шындығын тіпті орталық басылымдар да біліп, бағалап, арнайы мақаламен атап өтті.

Жазушы Қазыбаевтың басқалардан бөлек бір касиеті кашанда тын тақырыпта түрән тартуы десек, қателеспеспіз. Оның соңғы “Сүрапыл” романы 30-шы жылдардағы ашаршылықты ашина әшкөрелеп, кең ауқымда көрсеткен казақ топырағындағы тұңғыш туынды. Оны оқығанда төбе шашын тік тұрып, тұла бойын түршігетін неше түрлі оқиғаларға тап боласын. “Асыра сілтеу болмасын, аша түяқ калмасынның” қиқуымен тіршілік көзі – майдан айырылған жұрт ашаршылыққа ұшырап, қолына не түссе соны қорек етіп, тіпті тышқан жеуге, жас сәбиді өлтіріп, казанға сап асуға дейін барған. Романда суреттелетін асырай алмай балалар үйіне өткізілген “Ваня, Таня, Петя, Вера” боп жазылып кеткен балаларын күні бүтінге дейін іздел таба алмай жүрген ата-аналар әлі бар емес пе.

Қаны сорғалаған сол шындықты шырқыратып жалғанның жағына алғаш шығарған соны шығармасын Кәкен көзі тірісінде-ак баспаға тапсырып, басшылармен келісім-шартқа отырып еді. Кезінде тарысы піскеннің тауығы болып алдында құрап ұшып, құрдай жор-

галаған қулар көзі кетісімен-ақ уәдесін тарс ұмытып, біріне-бірі сілтеп, бірден-бірге ысырып аттай алты жыл жатқызы. Ақыры оны автордың асық досы, ары да жаны да таза абзал азamat Хайдекен, Хайдолла Тілемісов бар ауыртпалықты өз мойнына алып, откен жылдың аяғында “Қайнар” баспасынан шыгарып берді. Сөйтіп, әдебиеттегі соны тақырыпқа соқлақ салған сирек шыгарма оқырманына бері қойғанда бес жыл кештеп жетіп отыр.

Әдетте Қәкен қосіле, шешіле, шешен сөйлейтін аса әңгімешіл адам болатын. Сол әңгімешілдігінің лебі повестерінен айқын есіп тұрады. Тарихи деректер негізінде жазылған “Кернеген кегі” мен “Отпен жазылған өмірбаянын” былай қойғанда, оның “Аманат” және “Құпия құты” повестері баяндауының әсемдігімен, оқиғасының әсерлілігімен, көркемдік бояуының қанықтығымен баурап алады. Ал кейіндегі “Қышым” хикаяты бастан-аяқ жылы юморға толы, оқиғасы да күлкілі. Баяғыда Н.С.Хрушев Қазақстанға келгенде оған бір ақ қозы сыйлаған гой. Құрметті қонақ оны құшактап тұрып: “Мен мұны немерелеріме апарамын, олар мүйізі шықкан соң онымен ойнайды” демесін бе. Бақса, қозы мүйіzsіз қойдың туқымы екен. Тұн ішінде оны жақын маңдағы фермаға апарып ауыстырып келуге тұра келеді. Сөйтіп, жандайшап жағымпаздар мен мансапқорлар білдей бір мемлекеттің басшысын алдап, тақыраға отырғызып кетеді. Осыған араласқан адамдардың кимыл-қарекетін суреттей отырып автор кай қоғамда да жалғаса беретін жағымпаздық пен даңққұмарлықты, дабыра-дуға әуес даңғойлықты әшкере-леп, уытты мыскылға айналдырады.

Қәкенің жазушы ретіндегі және бір жетістігі – кейіпкерлерінің мінез-құлқын терен ашып, мінездемені дәл әрі әділ бере білуі дер едім. Мәселен, батырлығына бір пенденің таласы болмаганымен Бауыржан Момышұлы туралы алыпқашты сез көп. Қайсына сеніп, қайсысын серпіп тастауды білмей кейде дал боласың. Ал Қәкенің мына мінездемесінде батырдың бүкіл мінез-құлқы, болмыс-бітімі бар: “Ақырып та сөйлейді, асырып та сөйлейді ол. Бірақ ар жағында зіл тұрмайды, нүр тұрады. Ұққаныңды сезсе мәз-мәйрам, жайсан. Қара қылды как жаратын әділдікке қоса әрекеттегі жалғандыққа, жадағайлыққа төзбейтін айбаттылық та жеткілікті. Жымысқылатып, жыбырлатып шудай сүйреткен немесе орағытып оттап кеткен сөзден горі жаны дік еткізіп, тобесінен түсіре айтатын бір сөзді қалайды. Және солай сойлеудің аскан шебері өзі. Жазған шыгармаларының афоризмге, философиялық ойларға неге толы екенін енді ұғына бастадық. Өзі сынды ойы құнды адаммен үзак

отырып әңгімелесуге әрқашан әзір, жалықпайды, өзі де жалықтырмайды. Ондай әңгімелерден соң отты көздері нұрланаип, жаймашуақ жайдары қүйге түседі. Сөзі де жұмсарып, өзі де жұмсарып, кенкілдең рахаттана күліп алады. Әңгіме бітсе де акырын ынылға басып, жанағы бір ләззатты әрі қарай өздігінен жалғастыра түскен кейпін байқайсын”. Баукеңнің болмыс-бітімін тап осындай дәл, әрлі де нәрлі етіп берген кескінде мені бұрын-соңды кездестірген емен.

Журналист те жазушы Кәкеннің тағы бір қасиеті өз кейіпкерлерімен бауыр басып, бірге туған туыстай тұтасып кетуі. Ол Бауkenмен де, Раханмен де ағалы-інілдей сыйласып, отбасынын аяқ-табағы араласып, дәмдес, тұздас болып, өмір-баки кимас. сырлас дос болды. Соңдықтан оны кос батырдың бауыры десек сыйып тұр.

Кейінгі торт жылда ол “Қазақстан коммунисі” (қазіргі “Ақиқат”) журналының бас редакторы болды. Мемлекет кайраткері бол жи-ырма жылдай жоғары басшы қызметте істегенімен қаламы қаз-қалпында еді. Журналдың жұмысын іле жандандырып, тақырып ауқымын кеңейтті. “Жозы басындағы әңгімені” енгізіп, абзал адамдар жайында жақсы очерктер бере бастады. “Жозы басындағы әңгіме” ол жылдары ой айтып, өткір мәселелер қозғап, батыл пікірлерді ортаға салудың онтайлы тәсілі болатын. Одан әр жерден шақырып төңірегіне қабілетті жастарды топтастыруды.

Сол соңғы 1989 жылы, шамасы мамыр айының ортасы болуы керек, бір күні Кәкен маган телефон соқты.

— Сарбас, өзіңмен бір оңаша сөйлесуім керек еді.

— Сондай асығыс шаруа ма? Апы кіріп, күпі шығып жататын газеттің жұмысын білесіз гой.

— Жоқ, асығыс емес, онда кейінірек...

Сенбі күні жұмыста отыр едім, тағы да тіке телефон шылдыр етті.

— Жалғызыңың ба, қазір келейін, — дейді Кәкен. Ізінше жымия күліп өзі де келді. Мән-жәйді, үй-ішінің, бала-шағаның амандығын сұрап біраз отырды. Қас-қабағыма қарап күмілжіп, үнсіз қалып сосяын сөз бастады.

— Жас болса келіп қалды. Сәулесі бар, жылуы жоқ кәдімгі ай мүйізді алпыс. Амандық болса жыл аяғында немесе келесі осы уақытта қызметпен қош айттысып, демалысқа кетпекпін. Журналды өзің секілді бір сенімді колға тапсырсам деймін. Әзірше маган орын-басар болып кел.

Мен де аз-кем ойланып қалдым да, іште булығып сыртқа шыға алмай жүрген шер-шеменімді лақ еткізіл актара салдым.

— Кәке, қолдаушысы құдайдай біреу болмаса өз орында орынбасарлықтан бастық болғанның некен-саяқ екенін білесіз ғой. Редактор қойса “Жетісуда” төгіз жыл орынбасар, бірінші орынбасар болдым, көзі көрмеп пе! Міне, мұнда да сол орында арқандаулы аттай он алты жыл отырмын. Әлгі “Тамашада” айттылатындай, “биография келгенмен, география келмейдінің” кері. Бұрынғы басшыларының тұсында газет жұмысына қоса көп уақыттым жоғары жаққа анықтама әзірлеп, жұртқа мінездеме жасақтауға кетуші еді. Осыдан орысша бірде-бір құжат менің қолымнан өтпелі кеткен емес. Қазіргі редакторым, әйтекеір мені сол ақпар-анықтама жазудан құтқарды, бәрін өзі жасайды. Енді ғана арқа-басым босаған сияқты. Әзір бастықпен бір-бірімізді түсінетін тәріздіміз. Осында істей түрайын да. Тақа болмай бара жатса, өзінізді табамын ғой...

Қайтып қолқа салған жоқ Кәкен. Өкпе де, уәж де айтпай аз үнсіз отырып кетіп қалды. Әлгінде қас-қабағыма қарай бергенде, ұсынысын айттар-айтпасын білмей күмілжіген екен-ау, кайран аға!

Ойыма осы түссе: “Сонда айтканына коніп, сонынан неге еріп жүре бермедім екен!...” деп әлі күнге дейін өкінемін. Ғұмыр дегеннің қамшының сабындағы қып-қыскa екенін кім білген...

1996 жыл.

ӘСЕМДІК ӘУЕНІ

Көзі ашық, көкірегі ояу кісінің қайда жүрсе де мәдениет мәселесіне немқұрайлы қарай алмайтыны анық. Елуінші жылдардың аяғына таман республикамызда ең алғаш мәдениет жайында арнаулы журнал шықканда қуанышы қойнына сыймай, оны құныға оқығандардың бірі едік. Өнер атаулыға етене, тұрмыс мәдениетіне тереңірек зер салып, елді мекендердің ажар-көркіне баса мән беретін жаңа басылым оқырман жүргегіне бірден-ақ жол тауып, жалпы жүрттышқын сүйіктісіне айналған. Оның бастапқы үйімдастырушыларының бірі, бертін бас редакторы болған белгілі журналист Сапар Байжановтың жазушылық жалынына, қаламгерлік қарымына, өз басым, сол журнал арқылы ден койып, үлгі тұтып, үқсал бағуға тырысканмын.

Ұлы орыс жазушысы А.П.Чеховтың “Адам бойындағының бәрбәрі – кескін-келбеті де, киім киісі де, жан дүниесі де әсем болуы керек” деген қағидасын өмір мұраты тұтқан қаламгер жақсы әдептеп үйреніп, жаман әдеттен жиренуге шақырып, сұлулықты, сипайылықты, сыйластықты өркендетуге үндеген-ді дүйім жүрттын. “Жақсылық атаулы, әсемдік атаулы жаныңа жылы нұр құяды, жүзіне шаттық әкеледі, қоңілді ыстық бір күйге болеп, жүргегінді ерке назбен тербетеді. Қоңілің шалқар көл, пейілің дарқан дария болып, жомарт, шат сезім құшағына берілесін, өмірдің жайсан, жайраң жайлауында жүргендей сезінесің. Жақсылық атаулының осындей сиқырлы құдіреті болады екен. Адамның әдемілік атаулыға ғашық болатыны осыдан екен” деген оның ойнақы толғауга толы ойлы түйінін оқығанда, өзің де жақсы біткеннің бәрін жалпақ жүртқа жариялап, мақтан еткің келетін, жаман атаулының бәрін

құлағынан сүйреп, жалғанның жарығына шығаруға асығатын сияқтысың.

Салынған егін мен орылған астықты, сауылған сүт пен сойылған етті, жасалған бүйім мен тігілген киімді көбірек күйттеп, данғайыр діқан мен шамшырақ шопанды, жоғары мәртебелі жұмысшы мен құрыш қолды құрылышыны баса көрсетіп, жұмыстың да, тұрмыстың да тек күнгейін насиҳаттау бүлжымас міндег болған сол кезеңнің өзінде Сапекенің мәдениетке соқпай, әдел пен әдетке ат басын бүрмай кеткен күні жок. Қай тақырыпқа қalam тербесе де, оны мәдениеттің арналы мәселелерімен астастырып, ауыл ажары, көше көркі, клуб жұмысы, халықтың көркемөнерпаздығы туралы толғамды пікірлермен байылтап отырды. Ал онын өнер саң-лактары, сөүлетшілер мен мұсіншілер жайындағы көркем очерктері өз алдына бір тәбе. Оның үстіне сән мен сымбат жөнінде де келелі ой қозғап, замандастарымыздың жүргіс-тұрысы, ким-кисі, көпшилік орындарда өзін-өзі ұстаяу, қонак күтуі. т.б. тұрмыс тәртібі төңірегіндегі озық үлгілерді алға тартып, әдел әліппесін алғаш жасақтаушылардың бірі болғаны және бар. Журналда жарияланған тұрмыс тәртібі туралы сол ақыл-кеңестерді қылп алып сактал жүрген жастарды іссапарда болып ел аралаганда талай жолықтырдық. Бұл қаламгердің жан-жақты ізденгіштігін паши етіп қоймай, өз ұлтының өсер өркеніне деген асқан жанашаырылығын да байқататын бесас-паптық еди. Қаламның көк қауырсын енбеккерлері оны сол үшін де сырттай ұстаз тұтып, ұлағат алуға асығатын.

Арман қуып, қалам қанатына мініп Алматыға келгенімізде Сапекен журнал басшылығынан Орталық партия комитетінің насиҳат бөліміне аудысқан екен. Алғаш “Ара-Шмелъ” журналына келген мен де арада бір жыл өтер-өтпесте астаналық облыстың “Жетісу” газетіне бас редактордың орынбасары болып тағайындалды. Газеттің басшылық жұмысына бойым жаңа үйреніп келе жатқан күндердің бірінде Сапар Байжанов телефон шалып, Орталық Комитетке келіп-кетуімді өтінді.

Бұрын бірді-екілі көрсем де көз тоқтапаған болуым керек, терезе түбіндегі төргі үстелдің басынан орта бойлы, тығыршықтай балуан денелі аксары жігіт орнынан тұрып қолын ұсынды. Торсықтай шекесін шашы ерте үріккен жазық маңдайы тіпті толық етіп көрсетеді. Ақ жайдесіне құм өндес галстугі жарасып, ажарын аша түскен.

— Иә, Сарбас, келіп қалдың ба? — деп жарқылдай амандасты ол. — “Тұңғыш кітабыңмен” танысып, өлеңдерінді оқығанмын.

Жарайды, жиі жарияланып жүрсін. Журналдан ауысқаның да дұрыс болған. Қаламгерге құнделікті газеттің көрігінде шындалып, отжалаынан өткен де дұрыс. Енді сен бүгіннен бастап біздің бөлімнің активіне ендім дей бер. Бұдан былай тапсырма беріп тұрамыз.

Партия сарбазымыз деп жүрген біз жазғанда қарсы сөз бола ма, бір облыстық газеттің тігіндісін өңгеріп қайттым. Айтулы қунге пікірімді жазып, ескертпе-ұсыныстарымды тізіп қағазға түсіріп, шолуды апарып бердім. “Ұқыптылығын үнайды”. – деп тағы да тапсырма арқалатты. Соңан, не керек, алтасына, айна болмағанмен, тоқсанына бір рет тапсырма алып, айтқанын екі етпей орындал жүрдім. Кейде уақыты болса, оңаша отырып әдебиет пен мәдениет, баспасөз жайында ой белсін, пікір алысып, әңгіме-дүкен құрып та қоямыз.

Бір жолы барғанымда, аудармасына пікірінді айт деп, ол бесінші сыныптың жағырапия окулығын ұстадты. Созбұйдаға салмай шапшан оқып, сын-ескертпелерімді тағы да тізіп, қағазға бастырып болып, кітапты қайта бір аударыстырып карасам, ішкі бетінде “Аударған Ә.Қарағұлов” деген жазу түр. Бұл өзімнің бастығым. Кәдімгі “Жетісу” газетінің бас редакторы, байыргы журналист, айтулы аудармашы Әбдуәли Қарағұлов. Не болғанымды білмедім. Біле тұрып араға от салу үшін берді ме еken деп Сапекене қатты ызаландым. Бірақ, не істерсің, болар іс болды.

Ертеңіне жазғанымды алып Байжановтың алдына барып, қашан оны оқып шыққанша күтіп отырдым да:

– Сапеке, бұл оқулықты аударған өзімнің тікелей бастығым, бас редакторым Әбекен еken. Біле тұра берсеніз – бұныңыз әбес. Біліп қалса, бетіне қалай қараймын деп жер болып отырмын, – дедім.

– Ә, шынымен-ақ солай ма еken? Онда сенің ұстанымынды қасақана сынға салғандай болыппыз гой, – деп ынғайсызданып қалған ол қарқылдаپ күліп жіберді. – Кім аударғанына көніл бөлмеппіз де. Бұрыннан келе жатқан оқулық болған соң жаңа талаптар тұрғысынан қарап, баспа қайта басып шығарсын деген ғана ой. Аудармашысы Әбекен еkenін білгенде, әрине, басқа біреуге жүктейтін едік. Ол үшін кешір! Әйткенмен әділдігіне жүтініп, әжептәуір пікір айттысың. “Алыссан атаңды да жық” деген осы, – деп тағы бір күліп алып: – Бәрінен ортақ мұдде биік, сол біктен көрінгеніне раҳмет, – деді. – Жалпы, бұл үлкен үй тапсырманы беретін адамына береді. Бұларды өзіне деген сенім деп біл.

Содан ол баспасөз секторының менгерушісі болып жоғарла-

тылды. Оның сенім биігінен көріндім бе, көрінбедім бе – кім білсін, сол кезде бірді-екілі журналдың бас редакторлығына бара-сың ба деп ұсыныс жасағаны да бар. Жасағаны не керек, одан жоғарырақ деңгейде жағырапия деген кесел киіп кетіп қалып қойғанмын. Сол екі оргада Әбекең алпыстан асып құрметті демалысқа шығып, орнына “СҚ”-нің (қазіргі “Егемен Қазақстан”) бір бөлім бастығы бас редактор болып келді де, тоғыз жыл орынбасарлық тұғырдан таймаған мен тағы да алақан жайып қала бердім.

Арада айға жуық уақыт өтті ме, өтпеді ме, Орталық Комитетке өзіміздің Сапекең тағы шақырсын.

– Бұл жолы тапсырма жок, тек ұсыныс қана бар, – деп жымыған ол мән-жайды баяндағы. – “Жетісудың” тізгінің қимады деп ренжісен ренжитін де ретін бар. Бірақ, өзін білесің, қазіргі редакторың Пернебек Бейсенов былтырлар жастай қосылған жары қайтыс болып, жарым көніл жүрген соң еңсесі көтерілсін деп обкомның ұсынысына қарсылық көрсеткеніміз жок. Жас қой деп сені жауаптырак қызметке сактап келдік. Міне, соның да сәті түскелі түр. “СҚ”-ға орынбасар болып барасын. Бас редактор Бағаевтың токтаган адамы өзінсін. Қазір сырқаттанып, ауруханада жатқанын естіген шығарсың, ақылласам десен барып сөйлес. Ұсыныс өзір, бөлім бір ауызды, келесі бюорода бекисін. Үзекең жазылып шыққанша, барып жұмыс істей бересіңдер.

Үзекеннің де айтқаны осы болды. Алайда жазмыштан озмыш бар ма. Алдағы аптаның сейсенбісінде бюроға барып бекіміз деп отырғанда бейсенбі күні Үзак ағамыз мәнгі көз жұмып, қайтпас сапарға аттанды. Бақыт түгіл бас қайғы болып, жоба-жоспардың быт-шыты шығып, мәселе беймәлім мерзімге кейін ысырылды. Бұл 1973 жылғы тамыздың аяқ шені болатын.

Үзак Бағаевтың орнына басшы іздестіріп, кадр іріктеу табаны күректей екі жарым айға созылды. Ақыры, таңдау оның қаламdas, қадамлас досы Сапар Байжановтың өзіне түсті. Сөйтіп, ол қарашаның 2-ші жүлдзызында “Социалистік Қазақстан” газетіне бас редактор болып келді. Бірер күннен кейін жаңа қызметімен құттықтап, кіріп шыққанымда: “Уәде – құдай аты, ұсыныс бәз-баяғы қалпы, амандық болса бірлесіп жұмыс істейміз”, – деді маған. Айтқаныңдай, екі аптадан соң бас редактордың орынбасары болып, қазақ баспасөзі қара шаңырағының босағасын мен де аттадым.

Жиырма шакты күннің ішінде Сапекең редакция ұжымымен толық танысып, кімнің кім екенін, қайсысының қолынан не келетінін тегіс екшеп үлгенген сынды. Үзак уақыт бірінші басшы

болмай, одан орынбасарлары алмасып, орындарына кім келетінің білмей аландаған жүрт алакөңіл екен. Бір орнында талай жыл тапжылмай отырып, ығыр болып жалыға бастаған жігіттер де баршылық көрінеді. Жасы алпыстан асқан, елуді алқымдаған жасамыс кісілер де жетерлік. Жиырма жылдай бөлім басқарып, не өспей, не өшпей, сол туғырдан қайтсем түсіп қалмаймын деп қалт-құлт етіп отырғандар да үшырасады. Оның үстіне аппарат қызметкерлерінің негізгі міндеті еңбекші хаттарын қорытын, авторлар үйымдастыру деген терісінфай, сыңарезу пиғыл орын теуіп, редакция журналистерінің дені қаламын сирек сілтейтін секілді. Содан жылтырары жок, қара кесек мақалалар қаптап кеткен.

Бар жұмысы кезекшілікке барып, газет шығарумен ғана шектелген әдеби қызметкерлер шығармашылық ізденістен тоқырап, жалқау тарта бастаған. Облыстардағы менишікті тілшілер де хабарошардан аспай, автор тарту желеуімен жергілікті еңбекшілер атынан науқандық бірдеңелер ғана үйымдастырумен отырған. Соның салдарынан газеттің қаламы қарымды, киялы қанатты журналистері басылым беттерінен көрінбейді. Қаламының беделі бар, ел таныр тартандары да жоқтын касы. Бір кезде облыстық газеттердің редакторларын даярлайтын ұста-дүкені іспетті болған ортадан біраз жылдан бері ешкім өспеген. Мұның өзі тәп-тәуір көрініп, келешегінен үміт күттірген жас журналистерге кері әсер етіп, көбі енжарлыққа бой алдыруға айналған. Демек, жұмысты бастан-аяқ қайта құрып, түбірімен жаңғыртпай болмайды. Бүкіл ұжымды бір-ак күнде, бір-ак бүйріқпен жұмыстан бір-ак босатып, кайтадан команда жасақтайтын казіргі кез емес. Барыңмен базарлай білу керек.

Міне, “СҚ”-ның тізгінін осындай алмағайып ауыр кезеңде, күрмеуі қыын күрделі жағдайда қолға алған С. Байжановқа газетті еліміздегі өз орнына лайық басылым ету оңай соққан жок. Барын сарқып, жанын салып, түн қатып, түс кашып жұмыс істеуге тұра келді. Бұл арада оның жастар газеті мен журналда жинақтаған басшылық тәжірибесі, Орталық Комитетте жеткен абырай-беделі, өмір көріп өткерілгендігі қәдеге асты. Кейбіреудей қеуде қағып кердендемей, іші-бауырга кіріп кететін кішіпейілдігінің, албеттен-ак алғаусыз араласып, баурап алар акжарқындығының, ілгенге ілгенімен, күйінгенге түйілмейтін кеңпейіл кешірімділігінің де көмегі көп болды.

Ең алдымен ұжымның божырап бара жатқан бағдары қайта қаралып, басты бағыты айқындалып, алқа мүшелерінің міндеттері сараланды. Маған идеология мәселе сімен коса, менишікті тілшілерге

басшылық жасау жүктелді. Апталық жоспар жасалып, оны бүкіл ұжым болып бекіту бұлжымас занға айналды. Жоспарсыз газет шығару ескексіз қайықпен теңізге тұсуге тең, күнделікті қүйбен тірліктің дауылы айдалап, қайда барып тоқтағаныңды білмейсін. Айлық және тоқсандық жоспарлар жасақтау да жедел қолға алынды. Оның алдында әрбір қызметкермен жеке-жеке сөйлесіліп, ашық-жарқын әңгіме үстінде өзін қандай тақырып толғандырып, нендей мәселе ойландырып жүргені анытады. Менишікті тілшілерге маусымдық мәселелермен қатар көкейкесті тақырыпка өз атынан айна бір кесек дүние беріп тұру міндеттелді.

Ұзамай Көкшетаудағы тілшіміз, танымал ақын Еркеш Ибраһимнен төрт тіркемеден автопоезд құрастырып, тың астығын тасыған атакты айдауыл Жәмшиит Қожантаев туралы өлең-очерк түсті. Сапекен оны оқи салысымен шамширақ айдауылдың суретін таптырып алып, табан аузында шығып жатқан нөмірге бас мақаланың орнына бергізді де жіберді. Бұл бертін газеттің өзіндік бетін айқындаған жеке адамдар жөнінде ай сайын берілетін бас мақалалардың төлбасы болды. Жақсы, жаңа деген дүниелер жатпайтынына көз жеткен тілшілер дүр сілкініп, түлеп сала бастады. Еркештің үні екпіндеп Теміртау құрылышшылары мен Қарағанды қоміршілеріне жайылды. Сыр бойынан Байжігіт Эбдіразаковтың абыз аламгершілік пен биік парасатты паши ететін ойлы-күйлі очерктері ағылды. Атыраудан Жәмек Оспановтың салиқалы талдауға толы сын мақалалары үзілмейтін болды.

Аппарат қызметкерлері де іссапарға сұранып, олжалы оралып жүрді. Газет бетінде анда-санда корініп, ширек қонағы болып жүрген сұхбат жанры жиі шығып, күн тәртібіндегі толғакты мәселелер жөнінде “Дөңгелек үстел” басындағы әңгімелер дәстүрге айналды. Жақсы дүниеден орын аяганымыз жок. Кейбір ерелі көркем очерктерге газеттің тұтас беттері берілді. Ал бүгінгі таңыңқ қөкейкесті мәселелері сөз болатын “Дөңгелек үстел” басындағы әңгімелер айқарма бетке жарияланып, тіпті тұтас нөмірді де алып кетіп жүрді. Тақырыптық нөмірлер де жиілей бастады.

Ондай арналы, арнаулы материалдарды бастан-аяқ Сапекенің өзі қарап, оның макетіне, суреттің мәтініне дейін қадағалап ой салар сәтті тұстарын, есте тұтар деректерін ойып бергізді. Оның материал қарауына, өз басым, әлі күнге тәнтімін. Бәз-біреулердей әр сөзді безбендеп түртінектеп отырмайтын ол. Бір бетті бір минутқа жеткізбей шолып шыққанда жансақ бір сөйлем, ұмыт қалған бірде-бір үтір назарынан қағыс калмайтын. Бәрін де бір демде оқып,

түзетіп үлгеретін. Жылт еткен жаңа пікірді ұштап жіберуге шебертін. Тұмысынан редактор болып жаратылған деп дәл осындайларды айтса керек. Және оқып шыққан шығармасының жеткен жемісін асырмай көрсетіп, кеткен кемісін жасырмай да айтып беретін. Бұл шығармашылық ұжымда шын мәніндегі өнер бәйгесінің өріс алуына арна ашты.

Бәйгеге қосылғанымен, шаң қауып орта жолда қалып қоярмын деп тайлыққандар біртінде ынғайлы орын іздей бастады. Оларға қарсылық жасамай, Сапекен қайта қол ұшын беріп, жақсы, жайлы қызметке орналасуына көмектесті. Сенім артса істеп кетер деп үміттенген үш-төрт жігітті журнал мен облыстық газеттің редакторлығына, баспалардың басшы қызметіне ұсынды. Дүбірге қанша елеңдегенмен, қосак арасында бос жүрерін бағамдан алпыстан асқан ағалар құрметті демалыс камын карастырды. Олардың орнын тегеуінді тың толқынмен толықтыру керек болды.

Осы тұста Сапекенің кейінгі толқын, кенже буын әріптестерінің қалам тербесін, канат сермесін ұдайы қадағалап жүретіні айқын корінді. Бір бастан Торғай облысындағы тілшіміз Бекболат Әдевітовты болім менгерушісі етіп алдыртты. Оның орнына екі үміткер шықты. Бірі – жоғары партия мектебін бітіріп, сол тұста обкомда нұсқаушы болып істеп жүрген Сабыржан Шукіров те, екіншісі – Қазақ радиосының сол облыстағы тілшісі Қойшығара Салғарин. Бүйрекім бірер жинағы жарық қөрген Қойшығараға бұрганымен, саяси жағынан сенімдірек болар деп Сабыржанды шақыртуға тұра келді. Әдетте болашақ тілші барлық бөлімдерден өтіп, хат қорытып, қабілетін байқатып, алқа мәжілісінің талқылаудына болім менгерушілерінің мақұлдауымен түседі. Үміткердің әлі де тынбай ізденіп, талмай үйренуі, көп тер төгіу керек екені айтылып, өзіне сөз берілгенде мектеп оқушысы сияқты оның “арманым – журналист болу еді” дегені гой. Баланың сөзін айттып бұнысы несі деп біразымыз ынғайсызданып қалып едік:

— Маған осы соңғы сөз ұнап кетті, — деп бас редактор булып күліп жіберді. — Арманы журналистік болса, қатарымызға алайық, көш жүре түзелер.

Шынында да, Сапекен жүйрікті шаңынан айыратын шабандоздай кісі танығыш екен. Сол Сабыржан бертін осы газеттің болім бастығы болып, бас редактордың орынбасарлығына дейін өсті. Одан республикадағы белді бір басылымды баскарды. Ал Қойшығараны кейін аппараттың өзіне алдық, ол да жоғарылап алқа мүшелігіне дейін көтерілді. Сәтті басталған үрдіс жалғасын тауып, Караганды-

дан Ақселеу Сейдімбековты, Өскеменнен Токтарбек Қызықбаевты, Қызылордадан Зұлқарнай Сақиевты шакырттық. Жастар газетінен Болат Бодаубаев пен Жанат Елшібековты тарттық. Университеттің соңғы курсынан Ержүман Смайылов пен Жұмабек Кенжалинді әкелдік. Бұлардың бәрі де газеттің мазмұны байып, мәртебесі осуіне елеулі үлес косты.

Әлі есімде, бір күні ертеңгілік Сапекенің өзі телефон шалып, кабинетіне келіп-кетуімді өтінді.

— Айтшы, бізде осы бірынғай сын жазатын журналист бар ма? — деп сұрады ол салған беттен.

— Сын жазып және жақсы жазып жүгендер бар ғой, — деп соңғы кезде жарияланған сын-мақалаларды санаамалай бастидым.

— Жоқ, тікелей сын жазумен шұғылданатын қызметкеріміз бар ма?

— Ондай жоқ.

— Олай болса, ондай жігітті мен таптым, — деп үстелінің суырмасынан алып бір папкіні ұсынды. — Жарияланған материалда-рымен танысып, пікірінді айтарсын. Содан кейін көрейік...

Мақалалары негізінен Атыраудың облыстық газетінде жарияланған, көбісі – фельетондар. Арасында өткірі де, осалы да бар. Дені облыс деңгейінен көп көтеріле қоймаған дүниелер. Бірақ автордың кілең келенсіздіктермен күресіп, бірынғай сын жазып бір бетінен қайтпай келе жатқан қайсарлығы ұнады. Осы ойымды айтқанда Сапекен:

— Өзімізге алатын-ақ жігіт екен, әттең, бос орын жоқ-ау, — деп өкінгендей болды.

— Анау Мағзұм ағайды қадірлеп құрметті демалысқа шығарып салайықта, әзірше редакция менгерушісі етіп алайық. Сын шығады-ау деген хаттарды, арыз-шағымдарды соған беріп отырайық, — деп акыл костым. Бастығымның жүзі жайрандап сала берді.

Кезінде өткір де әділ сын-мақалаларымен газетімізге көп абырай-бедел әкелген, досжар тұрғыласым ретінде “семсер сөздің Сүбітай баһадүрі” деп әзілдейтін әріптесім, пайғамбар жасынан асып кетсе де, сын семсерін әлі қунге онды-солды сілтеп жүрген Нұри Мұфтах сонау Атыраудан “СК”-ға алғаш осылай редакция менгерушісі болып келген еді.

Әсіресе сол кезде алматылық қаламгелердің көбінде астанадан басқа жерде дұрыс қалам тартатын журналист бар деп ойламайтын астам пікір болатын. Тіпті облыстағы әріптестеріне мұрын шүйіріп, шекеден қарайтын да ғадет бар-тын. Біз жоғарыдағы азаматтарды

жинағанда алдымен әлгіндей астам пигылдың түбірімен жансақ екенін дәлелдеуге тырыстық және дәлелдеп шыктық та. Сапекен бедел салып солардың бәріне бес-алты айдың ішінде пәтер алып беріп, алаңсыз жұмысына жағдай жасалды. Сол ушін “Байжанов пен Ақтаев арғындарын жинап, жағдай жасап жатыр” деп байбалағ салып, үстімізден Орталық Комитетке талай-талағ арыз да түсірді. Тіпті кейбір арыздың колемі анау-мынау романнан асып түсіп, 187 бетке жеткенін де көрдік. Олардың кімнің қолынан шыққанын, кімнің ақылымен жазылғанын да білдік. Айналасын алатайдай бүлдіріп, әріптестерінің жемісті жұмысына қырсығын тигізіп, аяққа оралғы болатын ол куларды кінәсін бетіне басып, қызметтен куып-ак жіберуғе болатын еді. Алайда С.Байжанов ондай үрт шешімге, шүғыл шараға әсте баспайтын. Барлығына байыппен қарап: “Акка кара жұқпайды, ойлаганы өз басына көрінсін, оған бола жүқартатын жүйкем жоқ” деп бір-ақ қағатын. Бұл оның кешірімділігі ғана емес, кендігі мен кемелділігі де еді.

Қазір қарап отырсақ, “СҚ”-ға сол жылдары келген жігіттердің кара жаяуы жок. Бәрі де елімізге белгілі, белді де беделді қаламгерлер. Ал тарихи туындылары ел тарихының ақтаңдақтарын толықтыруға тендессіз үлес болып қосылған Ақселеу мен Қойшығара сияқты көшелі ғалым, көрнекті жазушылардың атағы бүгіндегі алты алашқа әйілі. Солардың қазіргідей биікке көтерілуіне кезінде біздің де зәрредей болсын шарапатымыз тиғен шығар-ау деген ой қардай марқайтып, мейірімізді тасытады. Сайып келгенде, бұл Сапекеннің кадр іріктеудегі керемет батылдығының жемісі.

Батылдықты қөзбен көргенді, қөңілге түйгенінді бетін бар, жүзін бар демей былш еткізіп айта салу деп үгатындар да ұшырасады. Былайынша, ол батылдықтан ғері бетпактыққа саятын қылыш. Асылы, батылдықтың алуан түрі, әрқылы жолы бар. Біз саяси бакылау сүмдүк қатал кезде өмір кешіп, қызмет еттік. Қоғамдағы қөзге ұрып түрған келенсіздіктің өзін ашық жазбак түгіл, ептеп айтуға да тыйым салынды. Тірлікті мендеген мерездерді зәуде бір ашық айтып калсан, саяси соқыр, сауатсыз болып шыға келесің, сол себепті сұхбат пен “Дөңгелек үстелге” көбірек жүгінгеніміз де тегін емес. Ашық айтуға келмейтін, бірақ бүгіп қалуға да болмайтын толғакты мәселелерді сұхбат берушілердің аузынан шығарып, ұрымтал пікір мен екідай ойларды атустілеу етіп, астарлап айтқызыдық. Жоғарыдан нұсқалғанның бәріне ләппайлап бас шұлғи бермей, өзіндік ойдың ұштығын шығарып отыру да батылдықтың бір түрі фой.

Онда даңғаза-дырду, жиын деген көп, ресми материалдардан

бас ала алмай, бастырылып жататынбыз. Сөйте тұра, әлгіндей ойы бар материалдарға орын табылатын. Әдetteтес ресми дүниелерді КазТАГ кешке қарай аударып, кейде тұннің әлдебір әлтіне дейін береді. Оны беттен өңдел, келіспей тұрган жерін жөндеп, мұртын басып түзетіп шығарамыз. Ертеңіне бір үтірі қисайып, не бір сөзі жаңсақ шықса, аударған арнаулы агенттік емес, жариялаған газет кінәлі болып табылып, үлкен үйге шакыртып сілікпемізді шығаралды. Сондықтан газет қараған күні жоғары жақтан “бәрі дұрыс екен” деген бір хабар келгенше ұстараның жүзінде жүргендей боламыз. Өстіп жүріп төл шығармалар жазу деген барып тұрган жанкештілік емес пе!

Алайда ұшуға жарапған қанат самғамай тұрмайды, жазуға жарапған қалам суырылмай қалмайды екен. Сапекен “СК”-да бас редактор болған жылдары құдайдың құтты күні газет қарап жүріп-ақ, үш бірдей кітап шығарып, ғылыми атақ та қорғап үлгерді. Аудармалары, мерзімді баспасөзде жарияланған жолжазбалары мен очерктері өз алдына бір сала. Ерлікке бара-бар бейнет деп осын-дайды-ақ айтар болар.

Кім білсін, осы бейнетқорлығы мен еңбекқорлығы денсаулығына кері әсер етті ме, әлде шығармашылыққа шындалп бет бүрғысы келді ме, сексен үшінші жылдың акпанында ол өз өтінішімен орнынан босап, тынышырақ жұмыс деп. Министрлер Кеңесі жаңындағы Архив бас баскармасының бастығы болып барды. Мен болсам, одан еншілеген көнтерлік пен кешірімділікті, жаңашылдық пен шешімділікті ұстанып, бірінші орынбасар ретінде үш бас редактормен үзенгілес бол, “СК”-ның қурделі көшін тағы да жеті жыл сүйрестім. Алас-кулес, айқай-шуы жоқ, жаңа орында Сапекеннің шығармашылық жұмысына екі бастан жол ашылды. “Архив – айғақ”, “Абай және архив” деген іргелі енбектер жазып шығарды, бүгінгі ауыл өмірінен үлкен роман бітірді. “Қажыға барған қазактар” деген кітап шығарып, өткен ғасырдағы халқы қастерлеп, кадір тұтқан айтулы адамдардың аруағын тірілтіп, атактарын қайта жаңыртып берді. Қайда жүрсе де, арман қанатынан түспей, ол үдайы жаңалық іздел, жақсылыққа талпынды.

“Адам арманының аскар шыны – бақыт. “Құс ұшу үшін жарапса, адам бақыт үшін туады” деген ұлагатты сөздер де жадымызда. Издейміз бақытты! Аңсаймыз бақытты! Бірак бақыт әркімнің басына қона бермейді екен. Тағап, таңдал қонады екен” деген бір толғанысы бар еді Сапекеннің. Бұрынғылар: “бақыт – басқа қонған құс, ұшады да кетеді; байлық – уыстағы мұз, ериді де кетеді;

бала – артта қалған із, ғасырларға жетеді” дейді екен. Осынау халық даналығына сайсак, әсемдік әуенімен әуелетіп өн салып, бүркүратып би билеп, жиын-тойдың гүлі болып кететін сері көңіл Сапекең өмір бойы бақытты аңсал, бірақ бақытты таусап жүргенін аңғармаған сыңайлы. Оның бақыты бүгінде мемлекет қайраткері деңгейінде жүрген үш ұлы – Ұлан мен Нұрлан, Ерлан, өзінің жолын ұстап қалған журналист қызы Назым, өзі болмаса да көзі болып, орнын сұыттай отбасының үйіткесі, алтын дінгегі бол отырған жан жары Құләш, қала берді кейінге мирас еткен өлмес, өшпес сөздері емес пе. Бұлардан асқан бақыт жоқ шығар, сірə?!

2000 жыл.

КЕҢ ТЫНЫС, КЕМЕЛ ШАҚ

Бір күні үміт, бір күні құдік сонау сұрапыл соғыс жылдары. Жан желпінтер жаксы лебізге ынтық жүртқа жүрек тебірентер тәтті ән де керек. Сондай шақтың бірінде Ақ Ертістің бойындағы бұйыры ауылға атакты ақын Иса Байзаков келді. Кешкісін шағын клуб аузы-мұрнынан шығып, кемпір-шал, бала-шағаға толды да кетті. Арынды әнші, арқалы жыршының жедей ескен желдірмелеріне елігіп, жігер жаңыр өршіл өлеңдеріне үйып, жиналғандар сүт пісірім жазғы таңының калай атқанын да анғармай қалды. Ата жаумен айқасып жатқан елдің ерлігін, женісті шындастып жатқан тылдың еңбегін арқау етіп ақынның табан аузында суырып салып айтқан жырларымен жан сусындарып, бір серпіліп қалған кәрі-жас сол бетпен үйлеріне де соқпай, көз шырымын да алмай жұмыс басына тартқан. Солардың ортасында “он үште отты жылдар салмағын көтеріскең”, қазіргі қабырғалы қазақ ақыны Қабдықәрім Үйдірысов та бар еді.

Данғайыр дарынның сол сапары жас талапкердің жүрек түкпірінде жылтылдаған жалынына тамыздық тастап кетті. Үшқалы түрған түйғындағы домбыра ыргағымен теңселіп, ән әуенімен ырғалып, бір орында байыз таппай аруактанып алған әйдік өнер-паздың зор дауысы шарықтап шырқай жөнелгенде делебесі қозып, қозғалақтап, төкпе терме жырларға ойысқанда демін ішіне тартып тырп етпей тына қалып отырған жас Қабдықәрімнің өлең өнер екеніне көзі енді көміл жетті. Жылағанды жұбатып, қайғырғанға қайрат берер, көңілді қанаттандырып, өмірді әрлендіре түсер өнердің ең көкесі өлең деп түйді ол. Бұрын да ән салып, домбыра тартуга әуес бала осыдан бастап басы бүтін өлең өнеріне бой үрді. Осынау талап тәуекелінің тырнақалды жемісі қырық жетінші жылы облыс-

тық газетте жарық көрген “Жылқышы сыры” болды. Міне, оған да отыз жылдан асыпты. Бір кездегі балаң жырдың иесі бүгінде ер жасы – елгүе келген кемел шағындағы кең тынысты қаламгер.

Әрине, жаңа аяктанған жас құлындаі әлтек-тәлтек басқан тұңғыш жыр кімнің болсын ақындық бетін айқындаپ бере алмаса керек. Ол алыс сапардың тұсау кесер алғашкы адымы ғана. Өлең ермек емес, еңбек деген қағида айна-қатесіз ақиқат. Шынында да көркем шығарма суреткөр үшін үлкен күшке, қисапсыз еңбекке түседі. Творчествоның ерлікке, титықтатар еңбекке бел бумай ешбір ақынның бағы да ашылмақ емес, бағыты да айшықталмақ емес. Өлең өлкесінен өз орнын тауып, өз отауын тіккенше Қабдықәрім де қиындық қуанышы, табыс толғанысы қат-қабат ұзак ізденіс жолын бастан кешірді: газет қызметінде қалам үштап, балалар әдебиетіне барлау жасады, аудармамен де айналысты. Қаламынан жиырмадан астам жыр жинағы мен оннан аса аударма кітап туды. Алайда оның ақындық тынысын танытқан да, творчествоның келбетін көрсеткен де кең ауқымды оқиғалы өлеңдері болды.

Көрғалап тұрып-тұрып жазғы жаңбырдан кейін қаулай жөнелетін қоктей соғыс жеңіспен аяқталған соң әдебиет әлемінде андыздай ат қойған жас қаламгерлердің алғаш қалың нөпірінің арасында жүрген Қабдықәрім алпысыншы жылдардың басында дүниеге келген “Әке жолы” поэмасы арқылы құрбыларының алдыңғы легіне бірден-ақ шықты. Бұл бір драмалық дастанды ақынның өмір туралы өзіндік толғауы десе де сыйды. Себебі оған алдымен ақынның өз өмірі өзек болған. Ал шын өнерпазда өскен ортасынан оқшау өмірбаян болмаса керек. Оның бір шаңырақтың тағдыры арқылы тұтас бір дәүірдің, қырқыншы жылдардағы колхозды ауылдың сом суреті жасалып, жаңа өмір жолында жанын пида етіп, Отаны үшін от кешкен совет адамдарының ерлігі мен елдігі, ізгілікті істері, көркем кестеленеді, баланың ата-анаға деген мөлдір махаббаты асқақ жырланады. Кейіпкердің жан-күйін, жүрек тебіренісін терең ашуға ішкі монологтар мен жеке диалогтарды жете пайдалана отырып автор оқиға желісін шиыршық атқызып, шебер жымдастыра білген.

“Әке жолы” жарықта шығар шақта жырымыздығы дәстүр мен жаңа шылдық жайында әр тараپ таластар тұып, екі үдай керегар пікірлер айтылып жатқан еді. Алайда өлеңнің калыптасқан халықтық дәстүрінен ат-тонын ала қашып, ғылыми-техникалық прогресс дәүіріне төбeden түскендей қайдагы бір тың ырғақ керек деп далбасалаушылардың жаттығуларын уақыт толқыны сонда-ақ жағаға лақ-

тырып тастаған. Ал Қабдықәрім болса өз дастанын жазу үстінде халықтық дәстүрден бойын аулақ ұстамай, қайта оның мол мүмкіндігін кәдеге қеңінен асырды.

*Сорлы ананың сүзіліп кас-кабагы,
Сорлы ананың жасқа толды жсанары.
Қайши бейне наизағайдай жарқылдаң,
Ұшынан от ушқын шашып барады...
Токта, токта!
Токтай түршы сен, қайши!
Әділетке әдлі төре болсайшы.
Әкесінен жалғыз ұлын айырмай,
Бір жолға сен өтпей, кеспей койсайшы, —*

деп келетін әкесінен қапияда көз жазып, енді оның жансыз суретінен де айырылғалы түрған баланың он бір буынды қара өлеңмен берілген осынау толғанысын көзге жас алмай оқу киын. Лирикалық кейіпкердің көніл күйі терең тебіреніспен берілетін осындай толғау монологтар шығарманың басынан аяғына дейін қызыл өзек болып өріледі де отырады. Мұның өзі оқиганы серпінді өрбітіп, кейіпкерлер бейнесін ширақ шығаруға мүмкіндік берген. Ал кесек туындыда әр алуан кейіпкерлерді өмір сахнасына алып шығу бар да, оларды қоғамда алар орыны, аркалар жүгі арқылы оқырман көкейінде калдыру, тәлімді табиғатын ашу бар ғой. Осы түрғыдан алғанда дастандагы Ана мен Бала, Фалым мен Рахима, Жұман мен Егор, аяулы ару Күләй мен майдангер аға Бекен бейнелерінің қай-қайсысы да өз кезеңінің сипатын танытар сом тұлғалар. Жалпы, әрбір көркем туынды ақынды шиыршық атқызып, шамырқандыраар әлеуетті ойдын жемісі десек, бұл шығарма шын мәніндегі шабыт түлегі, парасат перзенті.

Қабдықәрімнің екінші бір кесек туындысы “Отты жылдарда” атты поэмасына Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тыл тұрмысы, сол тұстағы совет адамдарының балдан тәтті татулығы мен балтласа бұзылмас бауырмалдығы, туысқандық парызыға адалдығы арқау болған. Асылында, бұл тақырып оның ақындық бағытын айқындар алтын діңгек іспетті. Оның творчествосын тұтас шолғанда, “Жазушы” баспасынан биыл шыққан таңдамаларымен танысқанда балалық бал құндері сұрапыл соғыс жылдарына тұспа-тұс келген бүтін бір буынның көмілетке толу кезеңінен кемелдену шығына дейінгі жүзіп өткен өмір жолы қадау-қадау оқиға өрнектерімен, алуан алуан сезім иірімдерімен көз алдыңа келеді.

*Соғыс кезі,
Сүрексіз шақ,*

Жүрт жұтанды.

Ел үміті біз, бойымыз бір тұтам.

Шамамызыша шаруаға тұтқа бол,

Кейде үйкисыз біздің атып жүрді тан.

Телеграф тіліндегі келте-келте қайырылып, ойды накпа-нак жеткізетін осындай жолдармен басталатын “Жез леген” балладасында тұтас бір үрпактың тағдыры талайы, өмірбаяны жатыр. Былайша алғанда, балладаның оқиға желісі бір қараған көзге таныс та тәрізді. Алайда таныс оқиғаның өзінен бүкіл бір дәүірдің бейнесін жасау ақынның ақынының-ақ қолынан келеді. Өлең құрғақ қиялдан тумай, халықтың ақыл-оіймен астасқандаған діттеген жеріне жетпек. Ал бұл балладаның оқиғасы басты кейіпкердің “біз құласақ құлап кетердей” деп бар жауапкершілік пен ауыртпалыкты арқаласқан тұстастарының тіршілік тынысын ашып, автордың айттар ойын әлеуметтік деңгейге көтереді. МТС-тан май тасыған қаршадай баланың анасы әке көзіндегі көріп қастерлеп ұстайтын жез легені темір кеспектің астында калып жанышылған тұсында көзінен от жарқ еткендей болады да, тыл тауқыметінен, соғыс сойканынан иіні жанышылса да еңсесі түспеген замандастарды елестетіп, есінді жинайтының содан. Ақынның жалқыны жалпылай алып, бірді бірегей етіп бере білуі арқасында осы аз оқиғаның өзінен айдын ой сомдалған. Сол сиякты “Портфель туралы баллада” мен басқа да өлеңдері Қабдықәрімнің ежелден етene тыл такырыбының арнасын үлгайтып, ауқымын кеңейте туседі. Ақын жылтырақ сөзге, жалтылдақ суретке әуес емес. Аз сөзге көп мағына сыйғызып, саран сөйлем, салиқалы ой сабактайтын қашанда.

Әдетте ақын есейген сайын. енселенген сайын өзін өсірген ортасымен, өзін қанаттандырған қоғаммен біте қайнасып, ажырағысыздай тұтасып кетсе керек. Бұл қасиет Қабдықәрімнің қоғам, заман, туған жер жайындағы жырларынан айқын есіп тұрады. Мейлі ол жастарға жыр арнасын, мейді ол шет елді араласын — соның бәр-бәрінде де Отан мерейін асқақ көтеріп, советтік салтымызды мақтан тұтып отырады.

Жараймын кіммен болсын үғысуға,

Қаласа жасын берген туысына.

Елдігі, кеңдігі мол мен Қазақпын

Ернинен сөз орнына жыр үширган, —

деп оның бүкіл бір елдін, туған халқының атынан асқақ сөйлейтіні де содан.

Қабдықәрім творчестволық еңбекті қоғамдық қызметпен ты-

ғыз үштастырып, екеуінің де жугін төң көтеріп келе жатқан ақын. Біраз жыл республика жазушылар үйімін басқарысты, қазір жастар баспасы — “Жалынға” жетекшілік етіп жүр. Бірақ жауапты жұмыс оның творчествосына бөгет болған емес. Қайта бұл ақынның азаматтық жауапкершілігін арттырып, жырларының әлеуметтік үнін асқақтатып, қоғамдық сипатын қүшейте түсіп отыр.

Шын ақын шыккан шыңын әмсес аласа санайды. Творчество-дағы тоқмейілсу — тоқырау. Ал алған асуға көніл толмау алға, аскарға талпындырады. Қабдықерім де жеткен жерін місе түтпай, тынымсыз ізденіп, ұдайы тың өрістерге тартатын қаламгер.

*Көп пе, әлде аз ба күн,
Жарытып түк те жазбадым
Өзге тұғыл өзіме
Жақпайды кейде жазғаным, —*

дейді ол бір өлеңінде. Қөлгірсуі де, күйбені де жоқ бұл кішіпейілдік жаңа кеністіктерге талпынудың белгісі. Кемеліне келген кен тынысты қаламгер осы бағытынан жазбаса, осы шабысынан танбаса екен дейміз.

1979 жыл.

ӘРІПТЕСТЕР ЕРКЕСІ, КУРСТАСТАР СЕРКЕСІ

“Жақынынан айырылған күні адамның іші алаулаған от, қыркында — қызыу басылмаған шоқ, ал жылында — жоқ” дейтін бір халықтық кисын бар. Бұл жыл бағдары болғанда азаның оты өшіп, шоғы сөніп, кимас кісінің жоқтығына да қөндігесін деген сөз-ау, сірә. Бірақ “әне-міне есіктен кіріп келер” деген үміт үзіліп, жоқтығына үйренгенмен, жарқын бейнесі жадында жаңғырып, артында қалдырған ізі мен ісі сайрап жататын жандар аз ба! Асқар таулардың биіктігі алыстаған сайын айқындала түсетіні тәрізді, олардың абзал бейнесі барған сайын бедерлене, еңселене береді. Солардың бірі біздің Бәкен, кәдімгі қalamгер Балғабек Қыдырбекұлы болса керек. Ол өмірден озған екі жылдың ішінде аты қөшелер мен мектептерге, елді мекендерге беріліп, есімін есте мәнгі қалдыру үшін қыруар шаралар атқарылып жатқаны осының айғағы.

Өз басым, Бәкенмен табаны құректей он төрт жыл қызметтес болып, еліміздің ең басты газетінін мазмұнын байытып, ажарбедеріне, асар беделіне атсалысқанымды биік абырай деп білемін. Қазакы қағидала “он үште отау иесі” деген бар. Олай болса он төрт жылын тұтас бір ғұмыр ғой. Оның үстіне бас редактордың ол — бірінші, мен — екінші орынбасары, ал ол бас болғанда, мен бірінші болып арамызға қара түсірмей құйысқан тістесіп, тізгінді тең тартып ылғы үзенғілес отырдық. Осынша ұзак уақыттың ішінде кейде бір қызмет бабындағы қабақ шытыс кездесіп қалғанымен, тұс шайысып, артық сөзге келген емеспіз. Жалпы, еткір фельетондары мен ойлы очерктерін жастай оқып өскен өзінен бес-алты жас кіші біздің буын оны әр кез аға тұтты.

Сырттай қарағанда қылдан таймайтын, мінезі кіді, кірпияз көрінетін оған жастар батып бара да бермейтін. Менің де онымен

жеке танысқаным “Жетісу” газетінде редактордың орынбасары болған жылдарым. Тұған облысының үнпарағына жаңы төтенше аштын ол жалт еткен бір жаңалығымыз болса, табан аузында телефон шалып, қаламдастарын мәз ғып марқайтып тастайтын. Жаңсақтық жіберіп алсақ, оны да ірікпей түзетудің жолдарын айтатын. Бірде тұнгі кезекшілігіміздің Бәкенмен бірге келіп қалғаны бар. Беттерді оқып болып сәлем бергелі “СК”-ның кешкі редакциясына кірдім.

— Қой кезегі келіп қалған ба?! — деп жылы ұшырай жымышы қолымды алды ол. Жаңындағы кіші кезекші бірер жинағы шығып, жалын күдірете бастаған кекірттеу ақын жігіттің әй-шәй жок:

— Әй, анау Қарағұловыңның зейнетке жасы жеткен жоқ па?.. Осы қарттар жастарға қашан орын босатар екен? — деп маған тарпа бас салғаны фой.

— О, не, орнына оп-онай кеп отыра қалмақ ойын бар ма еді! — деп мен де шымшип алдым шамданғанымды жасырмай. — Енбегі сіңген кісінің қызметті қанша істеймін десе де еркі емес пе!

— Қолденең сөзді қойындар, жігіттер! — деп араға Бәкен түсті. — Қарағұловтың қандай қызметкер екенін мына біз білеміз. Кезіндегі бірге қызмет істегенбіз. Осы газетте орынбасар болған. Ақылды да әділ, әрі аса саятты басшы. Қаламы қарымды, стилінің мықтылығы сондай, жазғанына масаның да тұмсығы батпайды. Ондай азаматтардың сыртынан ғайбат сөз айтуга болмайды. Біле білсек, Әбекен мен анау Қасым қазақ журналистикасының күн жетпес қазынасы. Ал қартаймас пенде жоқ, күні ертең өзіміздің сыртымыздан біреу солай десе жақсы көрер ме едік...

Сөзін сәл курсініп аяқтаған Бәкен көз алдымда еңселеніп өсіп кеткендегі болды. Ағаларды ардақтап, бағалай білу өзіңнен кейінгілерге өнеге көрсетіп ақылшы болу деген сөз фой. Оның Қасым деп отырғаны, сол кездегі КазТАГ-тың директоры Шәріпов екенін бірден білдім. Елуінші жылдардың басында осы “СК”-ға редактор бол бекітілгенде ол Қазақ университетінің журналистикасынан соңғы курсстың жеті бірдей жас түлегін ерте келген фой. Солардың бірі болып келген Бәкен қашан құрметті демалысқа шыққанша осы газеттен табан аударған жоқ. Бәлкім, оның: “Мен үшін “Социалистік Қазақстаннан” басқа жерде үйым да, үжым да, өмір де жоқ секілді” дейтіні содан да болар. Ал сол жолы келгендердің бәрі кейін қазақ баспасөзінің білдей-білдей белді де белгілі өкілдері болды. Арасында ақыны да, ғалымы да, жазушысы да бар. Бір ғажабы, солар түгелдей Бәкенді топ бастар серкесіндей, той бастар еркесіндей көріп, үдайы ақыл-кенесіне жүтініп отырды. Бәкен де құрап ұшып колы-

нан келген көмегін олардан аяп қалған жок. Қайсысының туған күні, қыз ұзату, келін түсіру тойы болса барлық курстасының басын құрап дәйім ел ортасында жүргенін көзім талай қорді.

— “СК” дегеніміз — екінші ЦК, біздің бар мінез-құлқымыз, тәлім-тәрбиеміз, тәртібіміз партия қызметкері сияқты болуы керек. Сондыктан қызметке қалай болса солай келмей, барынның өзін үқсатып, үқыпты киініп жүру керек, кеңсе мәдениетінің бір тетігі сол, — деп отыра尔 еді. Ол тәртіпке айрықша қарайтын. Кейде әзілден сағатты Бәкенмен тексеріп алу керек деп күлетінбіз. Өйткені ол баар жеріне бір минут кешігуді білмейтін, әріптестерінен де сондай нақтылықты талап ететін.

Бәкенде онша білмейтін біреулердің мінезі кіді, кеудемсок, өркөкірек, кейде тіпті әпербакан деп сырттан тон пішетіні де аз болмайтын. Бірақ ер азамат жүрттың бәрінен бірдей ұнауга тырысар кызы емесін ұмытлаған абзал. Ол өзіне тән ер мінезі бар, айтканынан қайтпайтын бір бет, тура кісі болатын. Ал жақын жүрген, жақсы білген адамдарға өзімен өзі болып, ішек-карындай араласып жүре беретін аққөшек анқылдақ азамат еді. Бар тетігі тілінде, ойындағысын ірікпей айтып салатын.

Біраз жүргөн оны жершіл деп жанына онша жуый бермейтін. Шынтуайтап келгенде ол қызметкерлердің бәрінен бірдей көріп тен ұстауға тырысатын. Әрине, қабілетіне қарай әрқайсысының орны әртүрлі ғой. Сонда да “СК” иісі қазактың газеті, сондыктан мұнда Қазақстаниның әр аймағынан азаматтар болғаны абзал деп кайталаудан танбайтын. Сол қағидасын өзі басшы болған жылдары катаң үстанды да.

Бұрын көрмегенге, сиррын білмегенге бір қарағанда менмендеу көрінетін Бәкен өзім деген адамға өзегін жарып беретін мәрт, мырза азамат еді. Ол бас редактор болған кезде оқырмандармен жүздесуте жиі шығатынбыз. Оқушысы көп газеттің ақышысы көп деген емес пе, оқырмандардың ой-тілегін, сын ескертпелерін есіту үшін оку орындарының студенттерімен, еңбек ұжымдарымен ұшырасып, кейде астана түбіндегі аудандарға да аттанатынбыз. Тұтас ұжым болып ондай жолға шыққанда Бәкен баладай мәз боп, әзіл-оспаққа тамыздық тастап, қалжынды өзі бастап беретін.

Бірде Балқаш ауданын бетке алып бара жатыр едік, Қапшағай көпірінен асқаннан кейінгі қылтадан өткенде машиналарды кілт тоқтатты. Бәріміз жапа-тармағай қоліктен түстік.

— Әуелі анау жартастың түбінде суретке түсіп алайық. Содан соң барған жерде алдымызға ас қашан қеледі деп алақтаап отырмай

аздап жүрек жалғайық, – дейді Бәкен. Қала артта қалды. Айдалада асхана қайда? Бұл қалай болды, деп бір-бірімізге қарап біз аң-тан. Енді бір қарасақ, шофері машинаның артынан дәу коржынды түсіріп жатыр. Бақсақ, бастығымыз бір тоқты сойғызып, тұтас пісіртіп жолға ала шықкан екен. Қымыз-қымыран, арак-шарабы және бар. Қой етінен қарбытып алдып, асав судан ішіне жалын жүгірткен соң, жігіттер қағытпа қалжынға көшейін деді.

– Бәкенден бас ұстап, ас-сұнын сіміріп жатырмыз. Құдай бүйірттып бастықтардан бастадық, қазан аузы жоғары, келесі жолы Сәкенден сыбага күтеміз фой, – деп ауызды бірден маған салды.

– Күтсендер күт, Бәкендей ауылым астанаға тиіп тұрған жок, бірақ магазин шұжығы мен “Жигулидің” сырасы табылар, – деп мен де бүлтакқа бастым.

– Әй, жігіттер, ауылы алыстағы Сарбасты айналдырғанша, бар тұрғанда мына менен жей беріндерші, – деп рахаттана бір құліп алды. Айтқандай, келесі жолы Кербұлактағы Шокан ауылына барғанда сол дәстүрді тағы қайталады. Асылы, ол үйінде дастарқаны жиналмайтын, терінде қонақ арылмайтын даркан адам болатын. Кезекші бол бет аппаратын жігіттердің оның дастарқанынан дәм татпаганы кемде-кем.

Иә, Бәкенің мұндай мәрттігі бір басына жетерлік болушы еді. Және ол өзіне бір жақсылық жасаған адамын өмір-бақи ұмытпайтын. “Қаламының қаз түріп қалыптасуына Жұмабай Шаяхметовтен артық көмек көрсеткен кісі жоқ. Жазғанынды ел басшысы оқып, өзіне телефон шалып жылы лебіз білдіруінен асқан бақыт бар ма! Айғай туғызған талай фельдшерлердің оның өзі тікелей колдап, шашама шан жуытпай арашалап шықты. Бірінші бастық қолдаған соң басқалардың бас иземес амалы қайда? Бертін газет сезін қолдар ондай қамқоршы табылмай сын жазуды сиретуге тұра келді. Жұрт не десе о десін, дәл өзім баспасөзге Шаяхметовтей көңіл бөлген басшыны бұрын-соңды көрген емен” деп отырушы еді.

Шынында да, ел басшысының газетті үзбей оқып, өз пікірін билдіріп отыруы өсіреле ана тіліндегі басылымның айбынын асырып, абрайын асқақтататын иғі бір іс-ая өзі. Алғашқы адымынан-ақ бірінші басшының сондай ілтиратына ие болған Бәкен, кәдімгі Қыдырбекулы, сез жоқ, бакытты қalamгер екен фой.

1997 жыл.

ОЛЕҢМЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН ӨМІР ЖОЛЫ

Былтыр ол бұл мезгілде мениң туған күніме келіп, әдейі арнап шығарған әп-әдемі өлеңін оқып еді. Был туған күнін тойлаап, алпыс жеті жасқа толуын атап өтерде оның өзі жоқ. Бүгін бар, ертең жоқ опасыз жалған, міне, осы.

Сол әдемі ақын, сындарлы сынышы, әйдік аудармашы Әбіраш Жәмішевпен қазак баспасөзінің қара шанырағы қазіргі “Егемен Қазақстан” газетіндеге екеуміз жеті жыл тізе қосып, үзенгі қағыстырып қатар қызмет еттік. Қайнаған қазандай бүрк-сарқ етіп, толас легенді білмейтін күнделікті газеттің жұмысымен апы кіріп, күпі шығып жүрсек те, әй-шәй дескен жеріміз жоқ — сыйлас, сырлас болдық. Бәлкім, оның алпыс жасқа толған мерейтойында қаламdas хакындағы негізгі сөзді маған тапсыруы да содан шығар.

— Соңғы сөйлемін алып тастап бір газетке бастыра салсан, мынау сен де, мен де үялмайтындей оп-онды мақала екен, — деп еді, сондағы сөзіме разы болған Әбекенің өзі. Алкалы жиында айтылып жүрттың қошеметін алған соң, соны қанағат тұтып, жазғанымды қайта қарап, көп басылымдардың біріне ұсынуды күнт қылмаппын. Міне, енді Әбекен еске түсіп, туған күні таяу-ау деп, баяғы сөзімді қолға алып, қайта бір сүзсем, қаламdas туралы ішінде әжептәуір мағлұматы бар екен. Оның көзі тірісіндегі өтініші іспетті соңғы сөйлемін алып тастап, өзі актық демі таусылғанша еңбек еткен “Түркістан” газетіне ұсынып отырмын. Соңғы сойлемде де әбес санарай артық-ауыс ештеңе жоқ-тын. Әдейі әзіл үшін кейінгі кездегі бір махабbat жырынан мысал келтіріп, ойымды “мұрыны картаймай, құштары ортаймай алпысқа аман-есен абыраймен келер осындағы ағалар лайым да көп болсын!” деп түйгемін. Әсілен әдептен

озбайтын, өліптен аспайтын ақынның “мұрны картаймай” дегенге қысылғаны ғой. Осының өзінен-ақ оның мінез-құлқы аңғарылмай ма?..

Х Х Х

Асылы, ақынның өмір жолы жайында айту әрі оңай, әрі киын сияқты. Оңай көрінетіні өміrbаяны өлеңмен өрнектеліп, оның жыр жолдарында сайрап жатады. Қиын көрінетіні сол өрнектердің әрбір иірімінде өзге тұрсын өзіне де жасырын жан сыры жатады. Жүрек жалыны шашыраған сол жұмбак сырдан көңіл құбылыстарын, өмір бұрылыстарын айна-қатесіз ашып, айшықтап айта қою зерделі зерттеушінін өзіне де зіл батпан жүк. Олай болса, оңайға құлай кетпей, киынға да онша қол артпай, ой түренін орта тұстан салған абзал шығар.

...Онда да осындай ел қыстауға жаңа ғана жайғасып, қыс қарекетіне енді кіріскең кез болса керек. Сыр жағасындағы, құм арасындағы ат төбеліндей аз үйлі ауылды дүниеге бір нәресте келеді. Алдыңғы туған балалары тұрмай, бір үміт, бір құдік мендеп, қамкөңіл болып жүрген Жамалилдин отағасының шаңырағы шаттыққа толады. Үл туғанда куанышы қойнына сияр қазак бар ма, шілдехана талай таңға созылып, сыр сүлейлерінің термелері толқып, Жетісу жырауларының толғаулары шалқып, Арқа ақындарының әндері шырқалып, ара-арасында айтys та атой салып, ауыл қызық-думанға қарық болып қалады.

Шығыс шайырларының ғазалдары мен хиссаларының біразын жатқа білетін құйма құлақ жырқұмар әке сәбійне Абрахмат деп ат қояды. Бұл бастаудын Алай тауларынан алып, Самарқанд қаласының тұсынан ағып өтетін өзениң аты еді. Оның қазақша мағынасы: киелі су, яғни шарапатты ぶлақ. Бәлкім, ұлым жыр ぶлағының бірі болып жүртқа сөзімен шарапат тигізер ме екен, деп армандаған шығар әке. Бірак Жәміш болып өзгеріп кеткен өз есімі сияқты азан шақырып қойған бұл аты баяндамай, баласының от басында еркелестілгендей Әбіраң атанып, қазақ әдебиетіне енетін белді қаламгер боларын онда ол білген жок.

Тағы бір гажабы, куаныш құшағында жүріп ата-ана ауылдық кенеске барып, баласының туған күнін тіркетуді тарс естен шығарып алыпты. “Мен сірә соңғы қазақ болсам керек, туған күні қағазға жазылмаған”, – деп ақынның женіл бір күрсініп қоятыны осыдан. Оқасы жок, аңғалдық деген:

*Заман көші – жазысыз түйе керуен,
Жүре берген осылай, жүре берген.
Өмірінің есебін білмесе де,
Есебі жоқ кең жерді иеленген –*

иісі қазаққа тән қасиет кой бұл. Кейін ес біліп қай күні туғанын сұраса:

— Ел қыстауға қонып жатқан кезде туғансын. Жерде қырбық қар, желде ыскаяқ ызғар бар да, — дейтін көрінеді қариялар. Туған күн ұмытылғанмен зыр айналған уақыт донғалағы тоқтар ма: зырылдан отырып алпысқа да алып келді. Қыстауға қазақ баласы ерте-кеш келіп қона береді. Демек, қарашибадан қантарға дейінгі аралықтағы кез келген күнді алып, мүшел тойды дуылдата берсе. еш әбестігі жоқ, отыз күн ойын, қырық күн тойын да осындай қисапсyz қендейтін, мөлшерсіз молдықтан туған-ақ шығар.

Иә, ол туғанда күн жарқырап тұрғанымен жerde қырбық қар, желде ыскаяқ ызғар бар еді. Адам табиғат перзенті емес пе, осының өзі-ак заман жақсы болғанымен, жас ұлан өмірінің ызғары мен мұз-қары қат-қабат келіп, ауыртпалық салмағы аз түспейтінін аңғартқандай да. Айтқаны қайдан келмесін, тағдыр тауқыметі үштөрт жаста-ақ тарпа бас салды. Әбжыландай буралып қазақ қырын жалмап келе жатқан ашаршылық бұл босағаға да сокпай кеткен жоқ. Талғажау қылар түк болмай бет-аузы күлтілдеп ісіп, төрде ыңырып жатқан інісіне казаның қаспағын қырып беруге аштықтан бұратылып өзінің де қауметі келмей, ошакқа қарай етпettegen кезі зерделі баланың қоқірегінде сонда кестеленген суреттер. Сол ашаршылық болмаса інісі өмірден ерте кетпей, егіз гүлдей ырғалып тел есөр еді-ау, деп ойлады ол қазір.

Көрдім оның беті қалқып іскенін,

Жылап тұрдым, күйіп бармак тистедім, —

дейді сол сүмдық күндерді еске түсіріп.

Отызынши жылдардың ауыртпалығы ашаршылықпен ғана шектелген жоқ. Қит еткенді халық жауы атандырып, талай жақсы мен жайсанға жазықсыз жапа шектірген отыз жетінші жылдың нәубеті бұл шаңыракты да шайқалтып өтті. Енді еңсе көтеріп келе жатқан отыз үйлі артельдің бес бірдей мандайалды диканы, әлілті таяқ деп хат танитын азаматтары бір түнде дүшпан атандып, тұтқындалып кете барды. Солардың ішінде болашак ақынның үлкен әкесі Нұрилдин де бар еді.

Аман қап ек отызынши жылдардан,

Онда да мен аштық торға шырмалғам.

*“Асыра сілтей” ауылымызды жұтатып,
Дала-аруана онда да бір ыңыранған, —
деп суреттейді сол сәтті ақын.*

Асыра сілтедің зардабы жаппай жазалап тұтқындаумен тынбай, ел өмірінің күлгі тыныс-тіршілігін тарылтты. Екі көз бірін-бірі шұқып, іні ағаға, әке балаға құдіктене қарайтын күн туды. “Халық жауының тұқымы, тұбі жат қожа” деп мектеп табалдырығында жабысқан атақ бұлардан ілініп-салынып көпке дейін қалған жок. Құш қазандай қайнағанмен қүресерге дәрмен кайда, бүралқы сөзден бұғып, көлденең сөзден ығып күн кешүге тұра келді. Жақсы қөріп жатқа айтатын жырларына дейін тыйым салынды. Бірақ баланың аты бала, ой басқанмен ойыны басылмайды оның. Және жай да бала емес, жанында жалын, канында дауыл бар шалдуар шәлкес ерке ұлан болса оған не жорық.

*Ойнап кеттім, асыр салдым, жұғирдім,
Кой асығын алышысынан иірдім.
Жалаң аяқ мұз үстінде доп қуып,
Алқымынан укі-ойыққа іліндім, —*

дейді тентек бала. Құрбы қыздарының орамалын ала қашып, түнде бақшаға түсіп бағбаннан қашып жүргенде “сонда бізді мазақ етіп жымып, ай тұратын шамын ұстап аспанда” деуі де акындық зерденің әдемі тұтқан суреті.

Осылай ойын қуып, еркеліктің асығын алышысынан ііріп жүрген балаларды бір-ақ күнде есейтіп, соғыс сүрапылы жетті. Ат жалын тартып мінуге жарайтын ер азamatтардың бәрі ел қорғауға аттаннып, олардың орнын бұғанасы бекіп, қабырғасы қатпаған балалар мен көзі жасты, көнілі шерлі аналар басты. Атанға артар ауыр жүк қылшадай мойнына түскен Әбіраш та әке ұстаган кетпенді колына алып, “аксүйек” ойнаған адырларға су сүйреп шығарғалы арық казысты. “Бәрі де майдан үшін, бәрі де женіс үшін!” деп жарым құрсақ жүріп, егін егіп, арамшөп отап, орақ орып, дән қызылдан, астық тасып, жарғақ құлағы жастыққа тимеді. Қайғы ала келген кара қағаздар, тұндігі беймезгіл жабылып, оты ерте өшкен ошақтар, ер жоқта еркексініп ел қатарына қосылып әкірендерген ездер, көз жасымен жастығын жуып қасірет уын ішкен женгелер болашақ ақынның жанын жегідей жеді. Осының бәрі оның жүрегін шындықпен шамырқандырып:

*Е, шырағым, біз осылай ерледік,
Бар бейнетті үлкендермен тең болип.
Ағаларға “тамақ тоқ” деп хат жазып,
Ал өзіміз апталап нан көрмедин, —*

деген шынайы жыр жолдарын туғызды. Не керек, қызыл қарын қаршадай баладан ақ сақалды, сары тісті шалға дейін дамыл-тыным көрмей, жеңісті жақындатуға жүрттың бәрі жан салды. Сондықтан жеңіс күні:

Женіс! Женіс! Женіс – біздің жанымыз,

Женіс – біздің қасиетті қанымыз, –

деуге әркімнің-ақ хақысы бар еді.

Енбекпен есейген жастардың енді жеңіспен жадырап, білім кууына жол ашылды. Сол жылы Әбекен де өзіндей бір топ өндір жастармен келіп Қазақ университетінің журналистикасына окуға түсті. Білім бұлағына бас қойған, күндеу дегеннің, күйбен дегеннің не екенін білмейтін ажары ғулдей, жанары күндей кілең бір уыздай жастар бес жылдың қалай өте шыққанын білмей де қалды.

Барлығы да құлын мүше бала еді,

Солқылдаған сәмбі сымбат тал еді,

Ширатылған шым жібектей таза еді,

Кірбің шалар кінәрттан ада еді.

Сонғы курста жүрген жылы журналистиканың жеті жігіті “Социалистік Қазақстан” газетіне қызметке шақырылады. Әлі бет-бағдары белгісіз, қабілет қыры ашылып үлгермеген бір сәмбі талдай солқылдаған ботатірсек бозбаларды қазақ баспасөзінің қара шаңырағына қызметке алу үшін кандай батылдық қажет десеиші! Тұлпарды тайынан, жүйрікті шаңынан танитын көзі қарақты шабандоздай сұңғыла редактордың қөрегендігіне тәнті боласын. Сол жігіттердің бәрі де бүгінде қазақ әдебиеті мен мәдениетінің жуан тобық еңбек торылары. Бірі – белгілі акын, бірі – тәжірибелі редактор, бірі – сарабдал сыншы, бірі – тамаша тәржімашы, не керек, қара жаяу ешқайсысы жоқ. Бәрі де қабыргалы қалам қайраткерлері. Солардың бірі – әдебиет пен журналистиканың барлық жанрында тынбай қалам тербел келе жатқан осы Әбекен.

Қырда өскен қазактың қайсысы болсын атқа мінсе көңіліне жел бітпейтіні кемде-кем. Сөз өнерін мұрат тұтып қолына қалам алған талапкер де сол сияқты. Өзін танытам, сөзін тыңдатам деп дені дабылдата, дуылдата келеді. Сырлы сөз сарайына екпіндеп кіріп, еңбектеп шығатыны, қеуде қағып келіп, кекендер кететіні де көп. Ал Әбекен болса, осынау қасиетті ғимаратқа ақырын кіріп, анық басып келе жатыр. Кекіректеуі де, текіректеуі де жоқ. Алғашкы адымын әдеби қызметкерлікпен бастап, білім менгерушілігіне дейін откен ол осы аға газете он жыл үзбей еңбек етті. Жылдары жеміссіз де емес, ондаған ойлы очерктер жазып, қыр жайлап, құз

қыстаған малшылар арасынан талай кейіпкерлер тапты. Осы орайда оның қalamдас, қадамдас досы Төлеубай Ыдырысовқа айтқан:

Бұл өзі – еңбегінің еншісі анық,
Тауыскан көздің майын тер шығарып,
Мал бактың, кен де қаздың қаламынмен,
Диканмен бірге жүрдің жер суарып, –

деген жолдарын бүгінде өзіне арнаған абзал болар.

Газет жұмысының отымен кіріп, күлімен шығып журіп, өндіртіп өлең, тіzlіtіp әңгіме, повесть жазу, әрине, онай емес. Бірақ баста бар ойды, жүректе бар жалынды іркіп қалуға және болмайды. Айтылmasa – ой, жазылmasa сыр өледі. Сол себепті де Әбекен алпысыншы жылдардың басында әдеби ортаға басы бүтін ауысты. “Қазак әдебиеті” газетінде, “Жұлдыз” журналында, Қазақстан Жазушылар одағында жауапты қызыметтер аткарды. Оның творчество тұрғысынан деңдеп енбек еткені де тап осы тұс. Бұл жылдары акын қабілетінің жана бір қыры ашылып, ол әдеби сынға қулаш үрды.

— Ақын үнемі ізденіс, үнемі оку үстінде өтеді, — дейді ол. — Оның үстіне бүгінгі күннің акынына ең алдымен жан-жақты білімді болу парыз. Мен өлең туралы жазылғандарды қағас қалдырмай түгел окуға талпындым. Бұларды оқи отырып өзімнің де өлең жайында айтқым келді. Осыдан барып сынға, поэзия сыннына бой үрдым, — дейді бұл жөнінде оның өзі. Ол еңбектері тұтас бір кітап болып, жетпісінці жылы “Жыр жанры” деген атпен жарық көрді. Одан кейін “Биік мәртебе”, “Кезең кестелері” дүниеге келді.

Әбекеннің аудармага да ден қойып, өлең тәржімасымен шындалап шұғылданған да осы жылдар. Шығыс жырының тәнірісі сынды Хафiz бен Фзулидің, кешегі Мырза Тұрсын-заде мен қазіргі Момын Қанаоттың, орыс акындары Степан Щипачев пен Андрей Вознесенскийдің жыр-дастандарын аударуы оның өлең өлкесіндегі өз өрнегін айшықтай түсуіне иті ықпал етті.

Жасыратыны жоқ, батыс пен орыс поэзиясына көzsіz еліктеп қазақ жырының туған топырағына осқырына қарап, төл төсегінен безінген кезіміз болған. Халық жадында ғасырлар бойы жатталып келген ақыл сөзді ділмарлық, нақыл сөзді дидактика деп ат-тонымызды ала қаштық. Сейтіп жүріп көрі-жас бірдей ынтыға тыңдайтын, сүйсіне оқитын дастан жанрынан көз жазып қалдық. Ал өзіне үқсан жырлап, оны өзіне айтып берген соң өлеңімізді орыс оқырмандары қабылдай қоймады. Қазіргі қазақ өлеңі аудармасының өрге баспай отырғанының басты кінәраты осы. Орындалуы ала-құла болғанымен, ойы бар жыр қай жүрекке болсын жол таба-

рын ескермей жүрміз. Бұл ретте Әбекенің оқиғалы өлеңдер жа-
зып, ойды түйіндегі тұжыруға талпынуы құптарлық-ак.

*Өлеңсіз жасың жүдеу, құлқін бекер,
Құдірет ол көріп берер, сүйкімді етер,
Халықтың жыр мен күйін сүймей тұрып,
Халықтың өзін сю мүмкін бе екен?!*

тәрізді өз-өзінен жатталып, жадында қалып қояр жолдарды ты-
нымызыз ізденістің жемісі демеске бола ма? Немесе:

*Сүйегін жаралса да асылдан-ак,
Жақсысың тұрганында басында бақ.
Табаның сәл нәрседен кетсе тайып,
Табылар табалаушың қасынан-ак,* —

деген жолдар ақыл да нақыл сияқты емес пе. Ал:

*Жігіттің колы — демеу, ойы — жолдас,
Адалдың аты арып, тоны тозбас,
Біреуді алдан, біреуді арбан жүрген
Арамның өне бойы жолы болмас,* —

деген жолдар халықтың өз тәжірибесінен туындал, ой орамымен
астасып жатқан жоқ па?!

Әбекен құрбы қыздарының орамалын алып қашып жүріп ерте
үйленген кісі. Сондықтан жігіттік құрып жүрінкіреп қалған жолдас-
тарына әзіл-калжыны әрдайым өзір. Кезінде сүр бойдак атанаип,
ұзак уақыт салт бас, сабау қамшы болған досына қалжындал, “Бойдак
болып жүрмін әл!” атты өлең жазған-ды. Ол Әбілахат марқұмның
әдемі әнімен әп-сәтте әйгі боп, ел ішіне кеңінен тарап кеткен.
“Жүрегім сенде, жүрегім сенде, жүрексіз қалай жүр дейсің” деген
қайырмасын қыз алдында қайталап айтпағанымыз кейінгі толқын-
да кемде-кем шығар. Бақсақ, Әбекенің өзінің де жүргегі осы
“Социалистік Қазақстанда” қалып қойыпты.

Арага жиырма екі жыл салып ол талабының көзін түнғыш
ашқан түлеп үшқан ұясына қайтып оралды. Творчестволық тұрғы-
дан байып, кабыргасы қатайып, қаламы әбден ұшталып оралды.
Содан бері ол әсіресе публицистика саласында ондіре еңбек етіп
келеді. Түрлі тақырыптағы публицистикалық бас макалаларын бы-
лай койғанда, оның Арал туралы толғаулары өз алдына бір төбе.
Қазір газетіміздің бетінен түспейтін “Арал тағдыры — адам тағды-
ры” айдары осы Әбекенің қолтумасы. Атамекенінде жер сілкінсе
дүмпу нұктесі ақынның жүрегінде жатады деуші еді. Арал апаты да
қаламгер көңіліне шемен болып қатып, қатты тебірентіп жүргені
айдан анық. Оның бұл жөніндегі еңбекі қаламның жас еңбеккерлеріне
өнеге боларында күмән жоқ.

“Бақ қонбайтын жігіт жоқ, тек баяндауын айт” деуші еді бұрын-ғылар. Шынында да, жолдасы келіспей жігіт бағы жанбайды. Бұл жөнінен Әбекенде тағдыр мейірімін үйіп-төккен-ақ тәрізді. Бүгінде кішіге – қамқор аға, үлкенге – ілтиппатты іні, балаларға аяулы әке болып отырса, онда құданың құтты күні қасы мен қабагына қарап, жұмысына да, тұрмысына да не қажеттің бәрін жасайтын Зәкең женгеміздің енбегі орасан. “Туған жердің топырағын жүқтірган шалғайларың, біздің үйде қағылсың” деп Әбекен бір күн қонақсыз отырмайды. Әсіресе, жаз кезінде оның төрт бөлмелі үйі есіктен төрге дейін жыпырлап жатқан оқуға түсер талапкер балалар болады. Сонда да ол: “Кел, ағайын, қауқаласып келіндер” деуден бір танбайды. Бірақ қонақтың бәрі бірдей емес. Аз отырып көп сыйнытыны да бар. Табиғатынан биязы, зиялды ақын содан қысылады.

*Коп дүниеміз болмаса да көрсін дер,
Барымызға коз майы мен тер сінген.
Сондықтан да: “кедей екен” деп кептей,
“Тұрмыстары тым тәуір-ак” дерсіндер! –*

деп жалынғандай болып қонақbastы бәріміздің ойымызды тап басады ол. Ал Зәкең болса, қаны тасып жүргеніне қарамай қашан да қазан қаузап жатқаны. Осы мінезін төрт қызы түгел еншілеп, алдағы жаңа жылда босаға аттағалы отырған келіні мирас қылса, одан артық мұрат бар ма.

Сірә, ақын жаны қысы-жазы жасыл тартып жайнап тұратын карағай текстес болса керек. Ақын жүрегінде жастықтың уыты болмаса жырының жалын қуаты да болмайды гой. Сондықтан да ол бабасынан мүшел үлкен, баласынан мүшел кіші болып жүрелі қашанда. Әбекенің соңғы бір көңіл-күй жырларын оқып, мен оның бойынан бұрқанған толқынды, бұлқынған жалынды байқаймын. Онсыз өмірге құштарлықтың өзі де жоқ-ау зады. Сөзімізді тірілту үшін өлеңмен өрілген бір суретті көз алдына келтірейік:

...Айлы тун. Оңаша. Көзге көз қадалып, кеудеге кеуде тақалып, жүрек тулаг барады. Көніл қалауын сездіріп кенет ып-ыстық ерін дір етті. Ақын бойын өрт шалып, аппақ тамақтан иіскең, аруды аймалай жонелді.

*Жанымды менің үгынған
Айналым сенен, ақылдым.
Жалыннан бойым жылынған
Жасарып бара жастырмын... –*

деп күбірлеп жатып оянып кетеді. “Әттең-ай, түсім екен гой, жастам енді оянбай” деп өкінеді. Әрине, ойламаса түске мұндай күбылыш бесерден бекер кірер ме?! Ал осылай ойлаудың өзі жастықты

армандау емес пе Жастықты армандау – өмірге іңкәрлік, ал өмірге іңкәр адам өсіресе, ақын адам қартаюға тиіс емес. Сондықтан да кейде Әбекендин:

*Өзгелерден өзінсін дара көрер,
Әр адымың бір шаттық ала келер
Сағат сайын козіне көз түспесе,
Көнің шіркін құлазып сала берер, —*

дегені кім екенин білгің келіп те ынтығасың Өнінен әр тайғанмен, көңілі қартаймағанға не жетсін, шіркін!

1998 жыл.



IV. Қаламдастар, қадам- дастар, құрдастар

Камал Смайлов
Сүлеймен Ақтаев
Кәкімбек Салықов
Уахап Қыдырханов
Сейдахмет Бердіқұлов
Жанәбіл Темірбеков
Нұрмияш Көбенов
Нұри Муфтах

КӨП ҚЫРЛЫ ҚАЛАМГЕР

Онда мен пединституттың үшінші курсында оқитынымын. Ол ана тұліміздің шетқақпай бола бастаған кезі фой, қазақ әдебиеті факультеті болмағандықтан орыс филологиясына түсуге тұра келген-ді. Әйтеүір мектепте алған білімнің беріктігінен оны да ойдағыдай игеріп кеткенмін. Алайда тұган тілге деген құштарлық, сөз патшасына деген інкөрлік жыр жазудан жаңылтпаған. Жазғандарым облыстық газеттерде жарияланып, кейбірі орысшаға аударылып та басылып жүрді. Қоярда қоймай, комсомол, кәсіподақ үйымдарын қондіріп, қазақ тілінде “Болашақ ұстаз” деген қабырға газетін шығарттым. Алғаш материалдарының денін өзім жазушы едім, кейін талапкерлер де, тілектестер де көбейді. Қолмен жазғанның әсері аз болады деп мақалаларды облыстық газет редакциясында қазақ машинасына бастырып әкеп іletін болдық.

Онымен де тынбай, әдебиет үйірмесін үйімдастырып, талапкер жастардың басын құрадық. Айында бір өтетін оның мәжілістерінс өзіміздің қыз-жігіттерді былай қойып, Қарағандыдағы тау-кен және медицина институттарынан, тіпті қазақ мектебінен де талапкер жастар қатысады. Кейбір мәжілістеріміз қызу айттыс-тартыспен өтіп, бір-біріміздің шығармаларымызды батыл сынап, білген ақыл-кеңесімізді айттынбыз. Қазіргі көнігі қаламгерлердің бірі, ол кезде оныншы сыныпта оқитын Әбдірахман Асылбековтің “Ара мен тұлқі” атты мысалын талқылағанымыз әлі есімде.

Шығармашылық салармен кеншілер астанасына келген атакты жазушылар Сапарғали Бегалин, Берқайыр Аманшин, Сафуан Шаймерденовтің қадірлі қонағымыз болып, студенттер шығармасы туралы ой-пікірлерін ортага салғаны бар. Жергілікті жазушы-журналистер, әсіресе, ақын Мақсұт Байсейітов үйірме отырысына жі

қатысып, жазғандарымызды мүкият оқып, бағыт-бағдар сілтеп отыратын. Үйірме мүшелерінің күшімен “Жас қалам” атты қолжазба журнал шығарып, оны оқу залына қойып қоятынбыз. Кауырсын канат жас әдебиетшілердің өлеңдері мен өнгімелері шығатын ол журналдың оқырмандары мен жанашиярлары да барышлық болатын. Сондай күндердің бірінде Алматыдан ауысып келген бір курсас күрбымыздың үріп ауызға салғандай акқуба әдеміше бір қыздың келіп тұратынын көзіміз шалды. Орта бойлы, талдырмаш, аршыған жұмыртқадай аппак ажарлы қыздың Әділә деген есімі де ерекше көрінді. Оған көзі түскен жігіттер әдettегідей курсастасымызды та-ныстыр деп колқа салады ғой, баяғы.

— Ой, ол қыз сендерге қайдан карасын, — деп қүрбымыз қол-ды-аяққа отырғызбайды. — Білсендер бар ғой, ол анау-мынау емес, кәдімгі Камал Смайыловтың балдызы!

— Камалың, кай Камал?

— Осы облыстағы “Лениншіл жастың” тілшісі, жастар газетінің өкілетті өкілі, — деп тіпті көтермелеп кояды қүрбымыз.

Өз басым, енді қыздан гөрі Камалдың өзімен танысуға асықтым. Газетте жарияланған материалдарын жібермей оқып, жаксыларын жолдастарыма айттып, насиҳаттайтын болдым. Әсіресе оның “Қыз намысы” атты макаласының келелі мәселе көтеріп, қазақ қыздарының бүйігілана бермей, ұяндық бұғауын үзіп, қоғамдық өмірге білек сыйбана араласуын абзал міндет етіп алға тартыпты. Ол дүйім республика жұртшылығын дүр сілкіндіріп, ұлken үндестік тапты. Сондағы пікірлерді біздің студент кауымы да қызу коллады.

Ұзамай автордың өзімен кездесудің де сөті түсті. Қабырға газетімізді көріп, үйірмеміздің жұмысымен танысып, біраз жайды сұрап, біліп алған сыңайлы.

— Көкшетаулық көрінесін, Сүлеймен Ақтаевқа қандай жақындығың бар? — деп сұрады ол салған жерден.

— Бір мектепте оқыған соң өзі іні тұтып жүреді. Оның үстіне бір ауданнанбыз, аты-жөніміз үқсас. Әйтпесе жан жақындығы болмаса, қан жақындығымыз жоқ, — деп жауап бердім.

Жоғары курс студенттерінің жиын-тойы, үйлену дегендері көп болады ғой. Ондай жиындардан тілші ағамыз да бас тартпай жар-кылдаң көбіне ен ортасында жүреді. Құлгенде қысылып кететін көзінен мейірім шашырап, он қозінің алдында әлдебір жаракаттан қалған сызат көрінбей, жүзі нұрланып кететін. Оңға қайырган кай-ратты қоңыр шашы онша ырыққа көнбейтін аксүр өнді, орта бой-

лы жүқалтаң жігіт өзінмен өзің болып, кез келгенмен демде шүйір-келесіп журе береді. Сондай тойлардың бірінде кездесіп, ол мені Нәділә женгемізге “мына жігіт біздің Сұлеймен Ақтаевтың інісі” деп таныстырды.

Жазғы демалысқа барғанымда облыстық газетте істеп жүрген Сүлекенмен кездесіп, Камалды көріп тұратынымды, кейде ақыл-кеңес алатынымды айтканымда:

— О, ол келешегі өте зор жігіт. Университетті үздік бітірген, әрі жастар жетекшілерінің бірі болатын. Өзі де текті жерден шықса керек. Эйгілі ақын, батыр журналист Баубек Бұлқышевтің немере інісі фой, — деп курстасы жайында біраз мағлұмат берген.

Баубек дегенге мен елең ете қалғанмын. Өйткені ол кездегі жастардың пірі Саттар Ерубаев пен Баубек Бұлқышев болушы еді фой. Менін құрдастарымның арасында ол екеуіне енжар карап, шығармаларын қызыға да құныға оқымайтындар кемде-кем болар. Ұлы Отан соғысы жылдарында “Комсомольская правдада” жарияланған толғауларын қазақ тіліне Фабит Мұсіреповтің өзі аударған Баубек туындыларын тебіренбей, толқымай оқу мүмкін емес. Ал оның туысы болу әрі жолын қуып, қалам тербеу қандай бақыт десейші! Көз алдында Камал аға да өсіп журе берді.

Әншнейін ауылдаған қана емес, Баубек Камалдың шын мәніндегі етжакын ағасы екен. Оны Кәмскеңнің өзі айтып та, жазып та кеткен. Бұлқыш пен Смайыл ағалы-інілі, ал Смайылдың баласы Сейітжан (Камалдың әкесі) кезінде Тройцк қаласында медресе бітірген, қазақша-орысша сауатты болыпты. Ұлытау, Қорғантас мектептерінде ұстаздық етіп бала оқыткан ол немере інісі Баубектің окуға деген ерекше ынта-зейінін байқап отыз екінші жылы Қарсақбайдарғы фабрика- завод училищесіне әкеп түсіреді. Бұл қазақ даласындағы алапат аштықтың әткізілдай ыскырып, жүртты қынадай қырып жатқан тұсы еді. Әрі баласын көргелі, әрі құнқорістік бірдене тапқалы қоқтемде жаяу-жалпы Қарсақбайдарғы бет алған Баубектің әке-шешесі Бұлқыш пен Бәтима жол-жөнекей аштықтан опат болады да, болашақ ақынның сенері де, сүйенері де жалғыз Сейітжан ағасы болып қалады.

Тағдыр сол жалғыз таянышын да қимай, отыз жетінші жылы жазықсыз жазаға үшіратьп, әйгілі елу сегізінші баппен айыпталып, Сейітжан он жылға сотталып кетеді. Алматы түбіндегі Шамалған түрмесінде отырып, денсаулығына байланысты босанып, екі жылдан соң ол еліне әрең оралады. Сонда жолдаған хатына жауап ретінде інісі Баубектің былай деп жазғаны бар. “Аға, Сіздің хаты-

ңызды алып қуандым, әрі қеудемнен құлаған аз ғана өмірімдегі биік шың қайта көтерілген сияқты болды. Менің қайда жүрсем де есімнен кетпейтін, бір мықты қорғаным сияқты кейінгі шакта көnlім тоқтайтын, кейде өзімнен-өзім қуанатын биік мұнарам қайта көтерілгендей болды” деп жазады ақын.

Баубек майданға жан досы, дарынды жазушы Мұқан Иманжановтың шаңырағынан аттанған еді. Оның киім-кешегі мен кітаптары, қолжазбалары да сол үйде қалады. Кейін Камал мектеп бітіріп оқуға түскелі Алматыға келгенде Мұқаның әкесі, халық ақыны Иманжан Жылқайдаров ақсақал оны үйіне шакырып әкеп, сандықтан Баубектің әлі киілмеген су жана қара көк бостон костюмі мен жап-жанаңа байлары қара бәтенкесін, екі жібек жейдесі мен галстугін беріп: “Мына киімдерге ендігі ие өзіңсін, ағаныңң сенен бөтен мұрагері жок”. – депті. Сонда жас жігіттің жүргегі бір дір етіп, көnlіндегі: “Киім-кешек табылар-ау, дүниеге мұрагер болған да ештеңе емес, ақын ағаның, асыл ағаның жолын қуып, шіркін, шығармашылық тұрғыдан мұрагер болсам ғой” деген бір ой бүрк ете қалған еді. Камал ғұмыр бойы сол мұратты ту тұтып, сол арманға жетуғе ұмтылған секілді.

Қарағандыдан “Лениншіл жастың” аппаратына шақырылып, одан жеткіншектердің жаңадан ашылған ғылыми-танымдық журналы “Елім және еңбекке” (бүгінгі “Зерде”) бас редактор болып тағайындалады. Бірер жылдан соң Қазақстан комсомолы орталық комитетінің хатшысы болып жоғарлатылды. Хатшы болып жүргенде Қекшетауға іссапармен келіп, жастардың мән-жайымен, жүрттың жағдайымен танысқаннан кейін облыстық газетте әдеби қызыметкер болып жүрген мені және жерлесім жас журналист Нөгербек Мағзұмовты облыстық комсомол комитетіне арнайы шақырып, жеке әңгімелескені бар. Ол Қазақстанда үш бірдей өлкес құрылған кез болатын.

– Амандық болса, Батыс пен Оңтүстік өлкелерінде қазақша жастар газетін үйимдастырмақ ойымыз бар. Екеуің де біздің есебіміздегі қалам еңбеккерісіңдер. Газет ашылса, біреуінді Ақтөбедегі, біреуінді Шымкенттегі газетке орынбасар болады деп жобалап жүрміз. Әрине, редакторлары жергілікті журналистерден іріктеледі. Ал қазіргі жағдайда тың өлкесінде жастардың казақ газеті өзір ашила қоймас, – деп бір жымып қойды да: – Тек шақыртқанда шалқып бәлденіп жүрмейдер. Қазақ баласына қазақ дала-сының әр түкпірі туған жер, – деп тоқтады.

Хатшының бұл хабары астанадан алыста, шығармашылық ор-

тадан жырақ жүрген екеумізді де бір серпілтіп таstadtы. Алайда “Аздан да, көптен де — үнем!” деп, терістіктерінің жауып жатқанда жаңадан жастар басылымын шығаруға жоғары жақ қайдан рұксат берсін. Ол ой жүзеге аспады. Эйткенмен, Камалдың қолынан іс келетін қандай жастың барын біліп, есепке алып ескеріп отыратыны бізді таң қалдырыды, әрі дән разы қылды. Асылы, алғашқы калам тартуынан жалт еткен үшқын таныткан жаңа талап жастаң бастап, шау тартса да шабысынан жаңылмай келе жатқан жасамыс қаламгерлердің қадамын қалт жібермей, бәрін безбендең, таразыға тартып отыру Кәмекенің бітекайнасты бірегей касиеті еді. Содан да болар, ол қаламгер біткеннің бәрінің дерлік аты-жонін жатқа біліп, не жазып, не тындырғанын алға жайып салып отыратын.

Бір гажабы, Камал қандай білкке көтерілсе де. қандай жоғарылауазымда жүрсө де кішіпейілділігінен, кісіге жұбықтығынан жаңылған емес. Орынтақта шіреніп отырып шешім қабылдау оған жат болатын. Қашанда қарауындағылармен ақылдасып, мәселені көп талқысына салып шешуге тырысатын. Қолы қалт етіп босай қалса кабинеттерге кіріп, қызметкерлердің хал-жайын біліп, кез келгенмен әңгіме-дуken құра қоятын. Оған өзім де бертін сан талай күә болдым .

Жетпісінші жылы “Жетісү” газетінде бірінші орынбасар болып жүргенімде “Ара-Шмелъ” журналына бас редактор болып басысың деген ұсыныс түсті. “Жүрексінетін ештеңе жоқ, астаналық облыстың газетінде үлкен мектептен өтіп, мол тәжірибе жинадың. Оның үстіне ол журналда бұрын да істегенсің, жұмыс мәнін, ұжым жайын жақсы білесің. Қашанғы бір орында отыра бересің. Бар!” — деп, ол кезде Орталық Комитеттің насиҳат бөлімінде нұськаушы болып істейтін Кәкімжан Қазыбаев құжат толтырып, ұсыныс әзірлеп, сектор менгерушісі Сапар Байжановтың алдына алып барды. Сапекенмен әңгімелесіп отырғанда кабинетке насиҳат бөлімі менгерушісінің орынбасары Камал Смайлов кірді.

— Әңгімелесіп көрсін деп өз алдыңа енді ғана алып барғалы отыр едім, — деді оған Сапекен құле қарап.

— Әңгімелесетін не бар, Сарбасты баяғыдан білемін. Ұсыныстарыңыз әзір болса, қол қойып берейің, — деді де, қағазды бір шолып шығып:

— Қай денгейге барып тоқтарын кім білсін!? Бақ түссе де, так түссе де мандайынан көр, — деп маған жымия қарады да, қолын қойды да жіберді.

Кәмекенің құдігі шынға шықты. “Правда” газетінің Қазақстандағы меншікті тілшісі болып жүрген каламдас досымыз Тельман Жанузаковқа деңсаулығына орай ынғайлы жұмыс тауып беру туралы хатшыға Мәскеуден телефон түсілті, сонымен, құрметті демалысқа жіберілген Жүсіп Алтайбаевтың орнына бас редактор болып Тельман тағайындалды. Ал мен “Жетісуга” тағы да табанды күректей үш жыл отырып, сонынан “СҚ”-ға (“Егемен Қазақстан”) бас редактордың орынбасары бол бардым.

Камал жетпісінші жылдардың басында үкімет құрамындағы Кинематография комитетінің төрағасы болып, кейін Теледидар және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитетті басқарды. Халқымыздың рухани өміріндегі жаңа бір сала – қазақ киносы мен теледидары өркендеуіне аттай он жылын жұмсал, айтарлықтай үлес кости. Одан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесінде мәдениет бөліміне жетекшілік етіп, сексенінші жылдардың аяғына таман жастай жаны қалаған журналистикаға қайтып оралды.

Әуелі “Мәдениет және түрмис” журналына бас редактор болып келіп, дәүір талабына орай оның атын “Парасат” деп өзгертип, тақырып ауқымын қеңейтіп, бағытын да, бағдарын да мүлдем басқа арнаға бұрып жіберді. Мәдениет төнірегін шырлай бермей, саяси-қоғамдық өмірге шұғыл бет бұрғызып, журналдың мазмұнын байытып, маңызын арттырып, ажар-көркін әрлей түсті. Осынау іздептігі мен іскерлігін ол “Ақиқат” журналына ауысканда одан әрі өрістетіл, жаңашыл дәстүрін табанды түрде жалғастырды. Кәкімжан Қазыбаевтың басшылығы түсінде қалыптасқан қуатты шығармашылық толқынның біразын уыстан шығарып алғанмен, Фарифолла Есімов, Құлбек Еркебеков, Тұрсын Жұртбаев, Талас Омарбеков тәрізді талантты ғалымдарды тұракты қызметке алып, олардың білім-қабілеттің журналдың тақырып аясын қеңітіп, мән-мазмұнын арттыруға пайдаланды. Басылымның атығана емес, заты да өзгеріп, түлеп сала берді.

Ең алдымен төл тарихымыздағы актаңдақтар ақиқатын ашып, алаш қайраткерлерін халқымен қайта қауыштыру колға алынды. Әлихан Бекейханов пен Мұстафа Шокасевтан бастап, Алаш кесемдері туралы бас-басына мақалалар беріліп отырды. Тіпті “Алаш” партиясының тізімі де жарияланды. Тізеге салып, күштеп ұжымдастыруға қарсы отызынцы жылдары құлаш жайған қазақ шаруаларының бас көтерулері де назардан тыс қалмады. Адай, Созак, Қарауыл көтерілістері хакында іргелі зерттеу мақалалар және жарық

көрді. Бұрын жарияланған баяндамалар мен жарлықтарды көшіріп басу сап тыйылып, саяси материалдардың өзіне мүлдем жаңа сипат берілді. Тарихи-тәнімдәр мәні мол мұндай материалдар оқырмандардың ықыласын аударып, ынтасын арттырып, журнал халыққа білім беріп, ой оятатын шын мәніндегі зиялыштар басылымы болды.

Осыншалық ой сабылтып, күш салған басылымды басқа біреудің қолына беру Кәмекене женіл де соқпаса керек. Оны “Ақиқаттан” қалай кеттім...” деген макаласында (Жеті қыр, бір сыр. Алматы: Атамұра, 2000) өзі ашық айтты. Жастарға жол берейік дегенге зейнетке жасы келген сон орнын босатуға келісім берген ол бас редактор етіп мені әкелгенін көнілге дық алып қалғанын жасырмапты. “Алпыс екіге әлі толмаған менін орныма алпысқа аяқ басқан Сарбас Ақтаевты әкеп отыр. жастарға жол берейік дегені осы ма?” деп алданып қалғанын жазады. Мениң де жағдайым осының ар жақ, бер жағы. Парламент пен үкіметтің үні – “Халық кеңесі” газетін айтқақырдан айбынды басылымға айналдырып, қарындашсыз құрған редакцияны бастан-аяқ компьютерлендіріп, енді осыдан заңды зейнетке шығамын деп отырғанда аяқ астынан “Ақиқатқа” барасыз деген ұсыныс болды. Тым құрығанда үйренген ұжымында алпысымды атап өтейін деген өтінішме ешкім құлақ та аскан жоқ.

“Ақиқат” қазір тақырыбы түрленіп, мазмұны толығып, тұртұрлаты айшықталған тұлғалы басылым. Тағы да қиналмай төртбес жыл алаңсыз жұмыс істеп бересіз”, – деп қолқалаган соң амалсыз келгенмін. Бірақ Камал аға қалыптастырыған ұжымның қаймағын бұзғаным жоқ. Алған асуларың аласартпай, тың белестерге көтеруге барымды салдым. Кәмекен болса, тоқсан бірінші жылы өзі төрагасы болып сайланған Қазақстан Журналистер одагының жұмысымен бірыңғай айналысып, шығармашылық енбекпен бірегей шүғылданды. Депутат ретінде Жоғарғы Кеңес бөліміндегі жұмысынан да қол үзген жоқ. Фалым ретінде де үстаздық қызметтін жалғастыра берді.

Оның қарымды қаламынан соңғы он-он екі жылдың бағдарында талай-талай дәмді де мәнді публицистикалық туындылар дүниеге келіп, деректі прозамызға елеулі үлес болып қосылатын оншақты кітап шықты. Ойын әрдайым дерекпен айшықтап, сан біткенді жаңғақтай шағып алдыңа жайып салғанда, осынша самсаған цифrlарды қалт жібермей, жадында үстайтын оның басын компьютер ме деп те қаласын. Қиуадан қыстырып, дәйек сөздердің де неше атасын табан аузында сурып салып отыратын. Ал

кітаптарының ішінде ПЕН-клуб сыйлығына ие болған “Елім, саған айтамын, Елбасы, сен тыңда” деген енбегінің орны айрықша. Қаламdas досы, даңғайыр жазушы Шерхан Мұртазамен “Егемен Қазақстан” газеті арқылы жазысқан ашық хаттарынан тұратын бұл кітап түр-түрплаты, сыр-сипаты, мән-мағынасы жағынан өзгелерге үқсамайтын өзгеше туынды. Онда қофамымыздағы келеңсіздіктер мен кеселдер аяусыз әшкереленіп, одан арылудың жолдары қарастырылады. Мұны оның айғайлап аты да айқындал тұрғандай.

Кітап жарық көрген кезде Камал аға кәдімгідей қысылып:

— Атын — біз емес, баспаның өзі койып жіберіпті, — деп қиптағаны бар. — Дегенмен шындықты білтелеп бүге бермей, ашық айтпаса да болмайды ғой. Алмағайып заманның ақиқатын ашпай, ағаларымыз басын бағып бұғып қалыпты демесін кейінгі үрпак.

Бұл пенде баласына қатты сөз айттып көнілін қалдырып көрмеген аккөшек, аңқылдақ, адал әріптестің жан сыры еді. Алайда шындық бәрінен қымбат болған соң ашығын айтпай, анығын айтпай кала алмағаны да. Осындай майда мінезден, жаймашуақ жайсаң көнілмен ол сан алуан мамандық иелерімен ортақ тіл тауып, иғі істерге жұмылдыра білген ғой. Қаламdas, қадамdas досы Әкім Таразидың ол дүние салғанда: “Камалдың жөні бөлек еді... Мәдениет, әдебиет, өнер қатты қыспақ көріп жүрген кездерде Камал бастық өзінің жұмсақ мінезімен, таза ниетімен сол қатал заманды жұмсарта білген адам. Екі мәрте министр болды. Ұзак жылдар кино мен телевидениені басқарды. Бірақ Камалдың алдынан ренжіл шыққан адамды көрген емеспін” — деп жазуы тегін емес (Қазақ әдебиеті. 2003. 26 шілде).

Иә, Камал жөні де, жолы да бөлек көп қырлы қаламгер, бір сырлы қайраткер еді ғой. Қазақ елінен оның орнын толтырар өзі сынды перзенттер көп туғай деп тілейміз де.

2004 жыл.

МЕЙІРІМ ШӘРБАТЫ

Қазақ тілінен емтиханда мазмұндама жазудың енгізілуі менің бесінші класс бітіруіме тұспа-тұс келді. Құні бүгінге дейін есімнен кетпейтіні – кластағы жиырма жеті баланың арасында Мұхтар Әуезовтің “Бұркітші” әңгімесі бойынша мазмұндаманы мен ғана “беске” жазып шыққаным... Жақсылық жата ма, бұл болмашы оқиға келесі қуні-ақ бүкіл мектепке жайылып кетіпти. Ертеңгісін жетінші классты бітіргелі жүрген жалпақ бас, бадана көз, бидай өнді, томпак бет бір ересек бала қорген бойда бауырына басып, арқамнан қақты.

— Жарайсың, інішек, жарайсың! Бәссе, Ақтаевтар осылай оқыса керек еді ғой, — деп аппақ тістерін түгел қорсетіп жарқылдай құлді. Бұрын үзіліс кезінде жиі үшырасып жүретін тығырышықтай кеспеллек балаға бұл жолы мен де көз тоқтата қарадым. Үстіндегі кішірейтіп тігілген она бастаған темекі тұстес әскери жайде, шалбар өзіне күйип қойғандай. Белін қайыс белбеумен қынай буып тастаған. Аяғында былғары етік. Кәдімгі тымылдаған полк баласының кейпі. Сонау соғыстан соңғы жоқшылық пен таршылық тұсаган тар заманның, зар заманның сәні осы. Мұндай киімнің өзі ол кездे барда ғана бар.

Бақсам, бұл баланың фамилиясы да Ақтаев екен. Аты — Сүлеймен. Бесіншінің бітірер-бітірмestен соғыс басталып кетіп, төрт жыл бойы табан аудармaston ауылда жұмыс істепті. Одан алтыншы класты аттап кетіп, осы Кекшетау қазақ орта мектебіне келіп жетінші класқа түсіпти. Негізі алтыншыда қаланатын алгебрадан алғаш біраз киналып, қатарға оқу жылының екінші жартысында әрең қосылып, қазір кеуде шәкірттердің легінде жүрсе керек.

— Әдебиет пен тіл жөнінен топ жарал турің бар, ал арифмети-

каң қалай? – деп сұрады ол сәлден соң. Мұғалімдердің “әсіресе, мәселелі есепке мығымсың” деп мактайдынын айттым.

— О, ойлауға қабілетің мықты болды ғой онда. Осы бетінен танба, балақан! – деп ол басымнан сипады. – Ата-анаң атында да тауып қойған екен.

Балауыздай жұмысақ бала жүрекке бір ауыз жылы сөз жетіп жатыр емес пе. Сол күннен бастап Сұлекен мектептегі ең жақын адамдарымның бірі болып кетті. Үзіліс кезінде кездесе қалғанда кідіртіп: “Балақан, оқуың қалай?” – деп сұрауының өзі сырттай көз болып қамқорлығына алып жүретінін анғартқандай да. Содан мен басқа мектепке ауысып кетіп, сегізіншіні бітірген жылы облыстық газеттің қаладағы қазақ орта мектебін тәмамдаушыларға арнал берген бетін оқымаймын ба! Бар-жоғы он бес мектеп бітірушінің тортеуі медаль алыпты. Солардың ішінде өзіме ішкітің ішкі бауындағы жақын болып кеткен Сүлеймен Ақтаев та жүр. Медальға бітіргендерге бөлек-бөлек сөз берілген екен, бәрі де инженер боламын депті. “Арманым — журналист болу” деп дара шыққан тек Сұлекен ғана.

Екі-үш жылдан кейін көбіне-көп жаз айларында облыстық газеттен “С.Ақтаев” деп қол қойылған суреттемелер мен мақалаларды жиі оқи бастадық. “Біздің календарь” деген айдармен әлем ойы мен өнерінің көрнекті өкілдерінің мүшел күні жиі аталағын кез. Әсіресе, орыс әдебиеті мен мәдениетінің кайраткерлері хакында мақалалар көп шығады. Бір есептен белгілі бір қайраткер жайында қыруар мағлұмат беретін облыстық газеттің ағартушылық мәні бар бол үрдісі дұрыс та еді, бертін соны бекер сиретіп алған секілді. Сондай мақалалардың біразын тәжірибеде жүрген студент жазғанын білгенде онын тынбай ізденіп, үзбей үйреніп, үдайы оқитын енбеккерлігіне кайран қалатынбыз. О тұста аудандық газетке табанымыз іліккен біз де бұл қарекеттен азын-аулақ бірдене түсініп қалғанбыз. Өнікті жазу бар да, білікті жазу бар. Екеуін ұштастыра біліп, делбедей тен ұстаган журналистің ғана айы онынан туады. Алайда жазғандарым ара-тұра облыстық газette жарияланып, аты-жөніміз үқсас болғандықтан жүрт Сүлейменмен шатастырып алса да, тәжірибе тапши, қалам қарымсыз, қадам батымсыз кез еді ол. Қанат үшса қатаяды, қалам жазса жетіледі деп, өзінді өзің қанша алдарқатқаныңмен журналистикада білімсіз бел аса алмайсың, соны сезіп мен де үзамай оқуға аттандым.

Институт бтірерден бір жыл бұрын Сұлекенді мен өз ауылым-

ның көшесінде кезіктірдім. Қасында осы өнірде орманшы болып істейтін Қайырлы деген әнші азamat. Қоре сала шүркүраса кеттік.

— Қарағандының газеттерінде өлөндөрін жиі жарияланады. Оқып тұрамын. Бірақ басқа жанрға бармай жүрсін. Бәрібір сенің айналып табар қазығың тубі газет болады. Ал журналистика дегенің тәжірибелі талап етеді. Сондыктан ерінбей-жалықтай бар жанрда жаза беру керек, — деп, Қайырлы басқа біреулермен өз шаруасын тындырығанша, ол маған азды-көпті қылай айттып та үлгерді.

“Үйге кіріп, қымыз ауыз тиініздер” дегенге қарамай, көрші ауылда тығыз шаруамыз бар еді деп дөлбе какты.

Тоқжарau қарапек ат олар отырған женіл тараптасты ала жөнелді. Артынан естуімше, Сүлейменнің Ақан ауылындағы Әминамен сөзі бар еken. Ол менің тұған женгемнің жалғыз сінлісі, құдашам еді. Ашық әдемі даусы бар, әнді жап-жаксы салатын. Үй шаруасына шалымды. Табанынан от шыққан пысық әрі ісмер. Тек отбасының шаруасымен шешесіне қарайлай, орта мектептен әрі оқи алмаған. Қазақ университетін айрықша дипломмен бітіріп, облыстық газете белді қызметкер болып жүрген Сүлекеннің өз әріптестеріндегі калалықтарға көз тоқтатпай, қарапайым ауыл қызын тандауы әрк-илы пікір де туғызды. Бірақ оның жүрек калауы жансақ баспай, кісі тануы дұрыс болғанын отыз алты жылғы ын-шынсыз, тату-тәтті тұрмыс күрған жұбайлық өмірі ашып берді.

Ағаның айтқанындағы-ак, институттан кейін қала түбіндегі бір мектепте орыс әдебиеті мен тілінен жылға жылға дәріс беріп, айналып, үйіріліп жүріп ақыры түп қазық газетті таптым. Ол кезде жауапты хатшының орынбасары болып үлгерген Сүлекеннің ұжымда әжелтөүір беделі бар еken. Орталық пен Алматыдан түсетін материалдарды іріктең, сұрыптағ қезекті санға салып, тасқаяқтай қағыстырады. Саяси немесе сынни мақалалардан басқасын өзі оқып, жоғарыларға жалтақтамай теруге жіберіп жатады. Беттердің макетін сыйып, кезекшілер тағайындауда да соның қолында. Қызмет бабымен, болмаса жеке шаруанмен бір жакқа бару қажет болса, соナン сұранып кетесің. Кейде өзі тапсырма беріп, бір жерден материал жазып келуге жібереді.

Жұмысы осылай бастан асып жатқанына қарамастан өзі де қаптатып жазып, төртінші бетті хабар-ошарға толтырып қояды. Оның үстінен колы қалт етсе машинкага айта отырып аударып, “Пресс-бюроның” материалынан белдеу мақалалар әзірлейді. Сондай шалымдылығымен, сондай қарымдылығымен біздей әдеби қызметкерлердің бәріне өнеге болды. Көп ұзамай ол алқа мүшесі

болып насихат бөлімін басқарса, бұл оны бәз-біреудің сүйемелдеуі емес, еңбеккерлігі мен іскерлігіне берілген орынды баға еді.

Ол қарауындағы әдеби қызметкерлерді қашанда қолдап, канат-тандырып отыратын. Кейбір кексе журналистердей “қажет” дегенді “көрек” деп түзетіп, бәрін де өз қорасына айдал тықпай, мақала-нын мұртын ғана басып, автордың да, оны қорытқан қызметкердің де стилін бұзбай сақтайтын.

— Жазуды өнер тұтқан адам тіл ұстарту үшін бәрібір ізденбей тұра алмайды. Ондайларды шаужайлай берсөң шатастырасын, тізгіндей берсөң тапырақтатасын, өзіне, өз қүшіне деген сенімнен айырып, өркені өсер болашағына балта шабуың мүмкін. Сондықтан олардың жазғанын, така ретке келмей бара жатпаса, көп сызып түзетудің қажеті жок. Бір мұқалған соң қалпына келуі қын болат сиякты бұл да, — дейтін ол лездемелерде жас қаламгерлерді ұдайы қолдап.

— Қазір қазақ баспасөзі хабар-ошарға журдім-бардым қарайтын сияқты. Сол себепті де қазақша үшқыр хабарлар аз. Біздің әріптестер хабарға мұрын шүйіре қарап, оны жазуды босқа тер төгіп, қызылмай болу деп түсінеді. Соның салқыны жергілікті жерден жазатын тілшілерге де тиіп жүр. Жалпы, газет деген хабаршы екенін үмытпау керек қой, үмытпау керек. Қашанғы біз хабар керек деп КазТАГ-қа қол жайып отыра береміз, — дегені және бар бірде. Сүлеекеннің сол пікірлері қуні ғылыми жылдарда де құндылығы мен көкейтестілігін жойған жок.

Сөйтіп, сөз бәйгесінде құлашты қатар сілтеп, үзенгі қағыстырып келе жатқан Еркеш, Жанәбіл, Нөгербек, Сүлеймен сияқты қуатты толқыны бар іскер де тату ұжымның тағдыры алпыс үшінші жылдың көктемінде аяқ астынан “шешілді”. Біреулерге жылымық, біреулерге жымысқылық жылдары болған Хрущевтің хатшылығы тұсында Арқадағы алты облыстың қазақ газеттері бір-ақ қунде жабылды да қалды.

*Көкшетаудың басынан көш келеді,
Сан журналист соңынан бос келеді.
Газетиңен айырылған жаман екен,
Екі көзден мәлідіреп жас келеді, —*

деп кезінде “Елім-айдың” сарынымен суырып салып әзіл үшін айтылған жолдар сол сәттегі көңіл-күйімізден сыр шерткендей еді. Сонымен, не керек, бас редакторымыз болып, қалам қарымымыз кәдеге жарап жер іздел, тұрымтай тұсына тарадық та кеттік. Тек Сүлеймен Ақтаев пен редактордың орынбасары Уәп Рахымжанов

кана он төрт ауданның ішінде екеуінде-ақ казақша шығатын екі газетке басшы болып қалды. Қонар бақыттың, толар ақылдың айдауы ма екен, тағдыр мені Алматыдан бір-ақ шығарды.

Сүлекен сол бетпен туған топырактан табан аудармай, облыстық қазақ газеті қайта ашылғанда бәрін тастап, бұрынғы орнына қайтып келді. Одан редакцияның жауапты хатшысы, редактордың орынбасары болып біраз отырды. Кенет болмашы бір жәйт оны сүйікті газетімен қош айтысуга мәжбүр етті. Ұдайы ізденіс үстінде жүретін қаламгердің назарына не ілініп, қаламына не оралмайды дейсін! Кезінде сол өлкеде Кенес өкіметін орнатуға көп енбек сіңірген бір орыс азаматы туралы архивтен тың деректер тауып, газетке жазып жібермей ме. Бақса, ол бір кездे актарға да қызмет еткен адам бол шығады. Қауіпсіздік мекемесінде ол туралы да қупия дерек бар екен. Қазір болса гой, ол кісіні сол бұлынғыр кезеңнің өзінде-ақ болашақты болжай біліп, әліптің артын баққан ақылды азамат деп мактар едік. Ал ол кезде бәріне өлшем біреу, пікір жалғыз, кәдімгі партиялық көзқарас. Қылдан тайып кетсөн, қағып түсіреді. Сүлекен сөйтіп, шәлкем шешімнің, қатаң тәртіптің құрбаны болып аяқ астынан орнынан босатылды.

Ұша білген қанатқа аспан кең, жаза білген қаламға басылым көп емес пе. С.Актаевты Алматыда күткен газет-журналдар да бар еді. Бірақ Сүлекен жалт бұрылып радиожурналистикаға тартты. Тым ұзақ істесен бір сарындылыққа бой алдырып, газет талабынды тұсап, қаламынды мұқап тастайтын тәрізді. Сондықтан оның соныдан сүрлеу салып, қабілетінің жаңа бір қырын ашуға бел буганы орынды болды.

Ұдайы іздену мен үнемі енбектену Сүлекені бұл салада да көп ұзамай бір биікке көтеріп таставды. Хабар алуудың қөзін жақсы біletін ол эфирді ең соңғы соны жаналыктармен толтырды. Радиоочерк жанрын және жылдам мецгеріп, әнші Мұса Асайынов, ақын Кәкімбек Салыков, диктор Әнуарбек Байжанбаев, щопан Мариям Аябаева, дикан Майра Қасенова туралы тамаша туындылар берді. Олар Қазақ радиосының алтын корына қосылып, бертін кейбіреуі жеке кітап болып шықты. Олардың ішіндегі “Дауылпаз дауыс” хикаяты дауыл үнді жестандай диктор Ә.Байжанбаевтың атағын жалпақ жүртқа бұрынғыдан да кеңірек таратып қоймай, автордың журналистикадан жазушылыққа ойысып бара жатқан жолын да танытып еді.

Сүлекен радиода табиғат қорғау тақырыбын түбегейлі қозғаған

журналистердің бірі болды. Көбіне-көп “Қызыл кітапқа” кірген аң-құстарды сактау жөнінде жалықпай ізленіп, келелі мәселелер көтерді. Оның үлар, қоқиқаз, тырна тұрасында жазғандары танымдық тұрғыдан мол мағлұмат беретін дүниелер. Біз ғой, әдетте “тырнадай тыриған” деп тырнаны біреуді кемсіту үшін қолдануға бейімбіз. Ал біздің тұркі тектес бір бауырымыз – сақалар, тырнаны, әсіресе ақ тырнаны бақыт құсы санайды екен. Бірак сол ақ тырна әлемде өте аз көрінеді. Қазір жер шарында олардың ұзын саны төрт жүздей ғана. Себебі ақ тырнаның аналығы бүкіл жаз бойы екі-ақ жұмыртка салып, соны басады екен де, одан шыққан екі балапанының біреуі біреуін шұқып өлтіріп тастайтын көрінеді. Демек, оның санын арттыру үшін адамның қамкорлығы кажет. Ондай құс Қазақстанда Есіл мен Тобыл өзендерінін түйісер тұсы – терістік өнірінде жүреді.

Табиғат туралы жазғандарының тілі де сол сұлу табиғаттың өзіндегі тамылжып түрушы еді. “Күннің көзі жерден көтерілген буды қөк әлеміне қарай тартып әкетіп, ауа дәмі саумал татып түр. Көкірек кере жута бергін келеді. Айнала буалдыр көкпенбек. Сол көгілдір дүниеге сұнгідік те кеттік”, – дейді. Осы жолдарды жазғанда араға сегіз жыл салып өзі де сол тұған табиғатының қойнына мәнгі сұнгіп, буалдыр бұлдыр, көгілдір құлғін бір тылсым дүниеге көзімізді сүзгізіп кетерін ойлады ма екен?! Жоқ, ойламаған-ақ шығар. Өйткені ол өмірге ынтық еді, қоғамға қайым, заманға бейім еді. Қайта құру қолға алынып, кәсіпкерлік қылтиып бүр жара бастаған кезде: “Шіркін-ай, мына заман тым күрьиса он жыл бұрын да келмеді-ай” деп күрсінгені бар. Кім білсін, онда ата-бабасының қонысы Қарақалпақ тауын, оның етегіндегі Қазақстан ауылын жеke меншігіне алып, жерлестерінің көсегесін көгертіп отыrap ма еді, қайтер еді. Аруағын қастерлеп, қазір де өзі оқыған мектебіне атын беріп отырған ауылдастары онда, тіпті аспандатып оны төбесіне хан көтерер еді ғой.

Ол алпыс жасқа толғанын тойлаған жылдың жазында қыстың күні қайтыс болған өкемнің басын бекітіп, асын бергелі ауылға кеттім. Жабдықты ойдағыдай өткізген соң Қекшетауда Абылай ханың, Ақмолада Бөгенбай батырдың мерейтойларын қызықтап, Алматыға бір-ақ оралғанбыз. Телефон шылдар етті – Сүлекен екен.

– Ат-көлік аман келдіңдер мей?!! Біз де сөрсенбінің сөтіне билет алып қойдық, ауыл жаққа жүргелі жатырмыз. Әтәйдің (әкемді мен құсан ол да осылай айтатын) жылына бара алмадық. Амандық болса, осы жолы басына барып дұға оқып қайтамыз ғой, – деді.

Бұл сенбі күні еді. Дүйсенбі күні ол құтпеген жерден ауруханаға түсті. Көңілін білуге барғанымызда:

— Алып-жұлып бара жатқан ештеңе жоқ. Бірақ дәрігерлердің даурықтырып жүрмесе ішкені ас бола ма?! Жолға шығуға болмайды деп жатқызып тастанды. Енді, амал жоқ, айтқан емін алуға тұра келеді, — деді ойында қауіп-қатерден түк нышан жоқ. Көңілі де кәдімгідей тетік.

Одан өзім бір топ жазушылармен Түркияға іссапармен кетіп қалып, қарашаның басында келсем, Сүлекен дәрі-дәрмектен аз күн тыным алайын деп үйіне шыққан екен. Сапарда сұықтап қап, сәл сырқаттанып келіп онын бірден барып көңілін біле алмай бір аптағай жүріп қалдым. Кенет ертengілік телефон... Арғы жақтан өйел даудысы:

— Аға жүріп кетті.

— Неғып?! — деп отыра кетіппин.

Марқұм мені күтіп, келсе ашамыз деп тігін машинасының тартпасына тығып қойған шампан шарабы ішілмей қалды. Ол шампан емес, асыл ағаның асып-тасқан көңілінің, ініге деген мол мейірімінің шәрбаты екен фой.

1992 жыл.

ҚОС ТІЗГІНДІ ТЕҢ ҰСТАҒАН

Сыр-сұхбат

Бір қарағанда, жер қойнауын қопарған кенші мен ой қойнауын ақтарған ақынның арасында жер мен көктей айырмашылық бар сияқты. Шынтуайттап келгенде, екеуінің мамандығы бір-біріне үксас на деп қаласың. Бірі жер қойнауын үңгіт асыл кен іздесе, бірі ой қойнауын үңгіт асыл сөз іздейді. Алайда екеуінің қасиеті бір адамның басынан түгел табылуы сирек күбылыс. Сондай сирек қасиеттің иесі бүгінде жасы жетпіске келіп отырған белгілі қоғам қайраткері, белді қалам еңбеккери Кәкімбек Салықов. Оның үстінен ол талай жыл табан аудармай ел басқарған белді де беделді мемлекет қайраткері. Қайраткерлік абырай-беделі, қаламгерлік атақ-даңқы Қазақстаннан тыс жерлерге де әйгілі. Жезқіктей ойнақы ырғактарына, ойлы жырларына құмар жүрт қайда болсын барышылық. Қөрнекті қоғам қайраткері, қошелі ақынның мерейлі мүшеліне орай онымен арнағы әңгіме жүргізген едім.

— Дүние есігін іңгәләп өзініз алғаш ашқан Жалғызтау баурайын өлең-жырдың бесігі десе де болар. Үкілі Ыбырай бастаған талай-талай топ жарған тамаша ақын-әншілердің осы еңірден сұрылыш шыққаны аян. Ал Ақан серінің ең жақын серіктегінің бірі болған өз атаңыз Ерторы үдайы ақынның жанында жүріп, оның өлеңдері мен әндерін ауыздан шыққан бойда-ақ жаттап алып, бір сөзін, бір сазын айнаңтай жүртқа жайған деседі. Сері өзі шығарған жырының бір жерін ұмытып қалса, содан сұрап алып отырады екен. Сонда жарықтықтың жады казіргі магнитофондай мықты болған той. Оның немере інісі өткен ғасырдың бірінші жартысындағы айтулы халық ақыны әрі әниші Молдахмет Тырбиевтың тәрбиесін

кішкентайдан көрдіңіз. Өнері ерте бұр жарған белгілі айтыс ақыны әрі әнші боленіз Мұса Асайыновтың ықпалы да аз емес. Соңан да болар, сіз жыр жолына мектеп қабырғасында жүргендеге-ақ түсіп, жазғандарыңыз газет-журналдарда жарияланған бастап еді. Бірақ мектеп бітірген соң өлең өнерінен жалт беріп, кенші мамандығына бой ұрынызыға не себеп болды, Көке?

— Адам баласының өсуіне, өркендеуіне, жетілуіне, тіпті марқайғанда арқа тіреуге де туған жердің әсері көптен де көп қой. Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай елінде туғандықтан ән бесігіне боленіп, жыр әлдіне қанғаным рас. Осы қоршаған ортаның, өскен өлкенін ауасына лирика тұнып, күн жарығынан ән тамып тұрған өмірдің аңы, тұщы кезендерін, сонау бала кезден көнілге белті салар мезеттердің барлығын да өлеммен айтқым келіп тұрады. Міне, гәп осында. Міне, тұма талантқа нағыз себел.

“Аңды ерінбеген атады, не болмаса көрінбеген атады” — деген мақалымыз бар фой. Сол сияқты өлеңге әуестену мен көкіректегі қозғалыс тапқан ән ыргағын аңсай күтіп, баптап ел аузына жеткізу үшін де “ерінбей еңбек” етіп, “көрінбей” көңіл күйін ән-жырға түсіре беру әрі дерт, әрі серт болып кетеді еken. Айтартым өлең ана сүтімен ере келген, туған жердің бар ғажабын тере келген жан серігім болып кетті. Жыр ықпалына ерте түстім, Сырымбеттегі орта мектепте оқып жүрген кезімде орталық балалар газетінде алғашқы өлеңім жарық көрді. Тоғызының сыныптағы әдебиет пәнінің шығармасын өлеңмен жаздым. Ақындыққа әбден берілгенім соншалық, дүниенің бар тұтқасы поэзияда тұрғандай, математиканың “екі жерде екі — төрт деп жүргені қате” — деген лақап тараттым. Соның бәріне қарамай, кен инженері болуым сұрағыныздың көкесі-аудеп үғындым.

Бұл сұралққа жауап берудің бір қысқа да, нұсқа жолы: әлмисақтан Абай пен Пушкинге табынып, ақын болсақ деп жүргендеге Қаныш Сәтбаевтың геологиядағы, жер байлығын ашып, ел қуатын арттырударғы атақ-даңқы дүниені дүр сілтінні. Өзініз айткан Молдахмет ақын өте беделді кісі болатын, ауылымыз “Бота” дейтін, ағайын ел “Молда-ага” атаған. Ол кісі болыс та болғандықтан, әкімшілік ықпалы да күшті еді. Жалпы, сол кездегі, әсіресе соғыс жылдары кешкен балалық шағымызда түсінгенім Молдакенің беделі ауданың басшыларынан асып түсетін, ал колхоз, совхоз иелері алақандарына салғандай сыйлайтын. Суырып салма уытты ақын Үкілі Ыбырай үстазындағы кейде тіліп түсіп, бар шындықты паш ететін. Оның өзі жасөспірім біз үшін баға жетпес тәлім еді.

Молдакен өлең жазатынымды біліп, жасырғаным қарамай, оларды оқытып, тыңдалап та алатын, қуанғанда алдына алып отырып ұзак үақыт іскейтін. Сол кезде бойға ерекше бір жылылық дарып, осы күнде ойласам, өз энергиясы мен ата-бабаның аруағынан бойыма қуат күйгандай екен ғой.

Оныншы сыныпта оқып жүрген кезімде Молдекен мектеп-интернатымызда болып, көп әңгімелер айтты. Әсіресе, Алматыдағы халық ақындарының айтысы кезінде Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың үйінде қонақ болғанын әсерлі, үғынықты әңгімеледі. Біз — балалар, мұғалімдер, тәрбиешілер үйіған сүттей тына қалдық, маужырап, балқып тыңдай бердік. Әне, соңда әлде неден шошығандай, не бір жана жұлдыз жарқ еткендей тың бір арман жалт етті. Көрінбей ғана қөңілге үялаған бір мысқал ой, өмірдің шақырып тұрған жана жолын кілт бүруға себеп болды. Оның үстіне Тоқыш Рысбаев деген “Шолакөзек” колхозының басқармасы екеуелеп бірде “кім боласын?” деген сұрақты жаудырғаны бар.

Молдекеннің айтатыны: Есіл, Қекшे өнірінде ашылмаған кен байлықтары жоқ емес, біздің Сәтбаевымыз жоқ. Оқысан соның оқуына бар, жол ақысын өзім төлеймін дегені бар. Ақыры, мен мектепті күміс медальмен бітіріп, Мәскеуге жүрерде батасын берді де, қалтасынан жұз тенгелик “кек шолакты” жарқ еткізді. Айта берсек, бұл бір хикая. Агроном боламын десем, “Тоқыш оқымай-ақ барлық агрономдарыңа басшы болып жүр” дейтін, орманшының оқуына барам десем, “өлмесен обьезшік боласын деген мақал бар” әне, әліпті таяқ деп білмейтін Мұқаметжан обьезшік дәрежесіне жеткелі қашан. Оған оқу не керек, деп баппен еш мысқылсыз, сабырлы түрде сендіретін.

“Адамды заман билейді” деп Абай атамыз айтқандай, соғыстан кейінгі елдің ауыр тұрмысын көргенде шын мәнінде де кенші болып, жер байлығын ашуды, Қаныш ағаға ұқсауды үлкен бақытқа баладым. Оның үстіне, Сырымбет тек қана Ақан сері мен Құлагердің елі емес, ол қазактың данағалымы, тұңғыш оқымыстысы, жарқын жұлдызы Шоқан Шынғысұлы Уәлихановтың ата жұрты. Біз оқыған мектеп, біздер жатқан интернattyң үйлері, балалар үйі, емханалар — бәрі-бәрі асыл анамыз Айғаным салдырған әүлеттің асыл мұралары болатын. Сондықтан Шоқан жайындағы көп әңгімеге канық болып өстім. “Болмасаң да ұқсан бақ” дегендей, ес кіргелі Шоқан арманы — өз арманымыз болып кеткен жоқ па. Сондықтан ақындық жолдан инженерлікке бұрылуымның себебін кілт бұрылу де-

мей, занұды құбылыс санауға да болады. Шоқанның да, Ақанның да жан-жақтылығы – менің өмірдегі шамшырағым.

— Әрине, ой еңбегінің адамы қай қыырға, қай қыынға салсаң да жаңа бірдең табуға тырысып, шығармашылық танытпай қоймайды. Талдықорған түбіндегі Текелі кенішінде тәжірибеден өтіп, жазған диплом жұмысыңыздағы бір жаңа тәсілді кейін сол кен орны өз өндірісінде кенінен пайдаланыпты ғой. Сондай ізденгіштігіңіз оку бітіріп, Жезқазған кеніштеріне келгенде желісін одан әрі тартып, қыруар жеміс бергенін естуіміз бар. Кен орындарында инженер, бас инженер, кеніш бастығы болып, алтын түстес жez кенін еселей өндіре жүріп, бала күніңіздегі қасібіңізге қайта оралып, өлеңді де өндірте жазып, баспа бетінде жарқ етіп қайтадан шықтыңыз және жи ышқытыңыз. Бәлкім, оған қазақтың әдет-ғұрпы, салт-санасы қаймағы бұзылмай сақталған Арқа сауырының, оның өнерге іңкәр шетінен әнші-күйші қауымының әсері де аз болмаған шығар. Әуенге сұранып тұрган әуезді өлеңдеріңізге өн жазушылар көбейіп, жырларыңыз елге сол кезде-ақ кен жайылды. Елге әрі дарынды үйымдастырушы, әрі арынды ақын ретінде танылған Жезқазған өңіріндегі сол жалынды жылдарыңыз өзіңізге тағы да несімен қымбат?

— Мәскеудің Тұсті металл және алтын институтының кен факультетін бітіріп, Жезқазғанға келдім. Оның да өз тарихы бар. Институтта оқып жүргенде үшінші курстан бастап бізді өзге студенттерден боліп алып, әскери қорғаудың астында, өте қупия оку – уран рудаларын қазатын мамандыққа даярлады. Бұл ол кез үшін үлкен сенім және ғылыми жағынан ең соңғы жаңалық осында, ал стипендиямыз да тәуір төленді. Оқудан кейін Германияға баруым керек еді, сол кездегі Қазақстан Министрлер Кеңесінің төрагасы Дінмухамед Ахметұлы Қонаевтың Мәскеудегі тұрақты өкілдіктері қабылдауында болып, елге сұрандым.

Димекен:

— Қайда барғың келеді? — дегендеге:
— Жезқазғанды ұнатамын, Қаныш Сәтбаевтың шәкірті болғым келеді, — дегенді ұяла, қызара жеткіздім. Ол кісі Алматыға телефон соғып:

— Тағы да өзім бітірген институттың бір маманы Сәтбаев болғысы келеді, ертең тұске дейін жолдамасын жеткізіндер, — деп бүйірік берді. Содан соң, сол кездегі Орта машина жасау деп атаптын дәудің министрі Ефим Славский досына телефон шалып жалынды: Жезқазған үлкен кен орны, мамандар жетпей жатыр, біздін жас маман Салықов Кәкімбекті босатып, менің еркіме жібер.

Сонда саған тағы да достық алғысымды айтамын, — деді. Міне, осылай ураннан босап — мысқа, Герман Демократиялық Республикасынан құтылып, Жезқазған — Ұлытау өлкесіне перзент болдым. Бұл ел құшақ жая карсы алды. Жұмыс жағынан жаңа техниканы итеріп жатқан № 51 шахтаға алындым, ал құнделікті өмірде Үкілі Ыбырай бабамыздың туған жиені, халық ақыны Тайжан Қалмагамбетовтің әuletімен етene араласып кеттім.

Жезқазғанның бір қызықтырғаны өндірісті басқару жұмысында қазақ инженерлері көп-ақ екен. Шахмардан Есенов, Мұхит Бөпежанов, Фазиз Омаров, Темеш Садуақасов, Даラбай Ешпановтардың түрлідеп тұрган кезі. Өмірхан Байқоныров жаңа фана Алматыға кеткен екен, ол кісі жайлы да аңыз-әңгімеге құлак құрышы канатын. Ысқақ Анарқұлов ағамыз жайлы естігенде кеншіліктің Чапаевы деп бағаладым. Кейін катарлас шахтаның бастығы болған Оразбек Дүйсембаев ағамызды бір көріп сұхбаттасудың өзі бір хикая-тын. Оған қоса Мәскеуден келген студенттердің алды бір-екі жыл бұрын келгендер, арты өз құрдастарым, кара наңды қақ бөліскен өз достарым.

Окуда Мәскеуде жүргенде де, Жезқазғанга келген кенишілік ауыр жылдарымда да өлеңнен қол үзіп көрmedім. Текеліде дипломдық тәжірибеде жүргенімде “Ақ кайың” атты әнім, ал Жезқазғанға келген кезде осы күнгі кең тараған “Сарыарқа” әнім туды. Кей өлең көкірімі өз әнімен келеді. Оның да себебі “үяда не көрсөнде” жатыр. Молдакен Үкілі Ыбырайдың өлеңдерін жасырын жаттатты, ал Балуан Шолактың “Фалиясын” өмір бойы айтып жүрердей азық, қазық етті. “Гәkkудің” бірнеше түрін үрретті. Үкілі Ыбырайдың тұра шөбересі, менің туған бөле-агам Мұса Асайынов Үкілі Ыбырайдың төл шәкірті Молдахмет Тырбиевтің мектебінен өтті. Көкірімі ән үялатқан да осылар. Сөйтіп, табыс пен намыс, намыс пен жарыс қатар жүрді. Содан үндемей-ақ іштей үлкен дайындықта мәңгі-баки жүріп келемін. Жезқазған — Ұлытау кенші етіп жер астында тау мен тасқа салды, ал қырға шықсам акбөкендердің қаракаттай қап-қара жанарына малшындырыды.

Жезқазғанда жұбайым, Мәскеуде бірге оқыған Мәриям екеуміз үл көрдік, қыз мәпеледік, өндірістік тамаша жетістіктерге жеттік, достарымыз көбейді. Кішіге — іні, үлкенге аға боп бауырмал болып өстік. Бұл Қаныш ағамызға тартқан бұрынғы ата-бабадан жалғасқан осынау өлкені мекендерген халықтың ұлы мінезі. Ол — Ұлытаудай сабырлылық, ұстамдылық, Жезқазғандай жан байлығы, мейірбандық, музыкалық. Осындағы өңірде өлең де, кен де қатар

туа берді. Жезқазғанға келмесем “Жезкийім” тұмас елі. Бұл өлеңге дүлдүл Нұрғиса Тілендиев ән жазды, одан кейін Жақсыкелді Сейілов. Жезқазғандық әйгілі композиторлардың көкірегінен құйылған “Жезкийік” әні Жақсыкелді екеумізді шартарапқа қотерді. “Кенши-ақын” деген атакқа “Жезкийік-ақын” деген лақап қосылды. Ақын үшін бұл үлкен бақыт қой. Кеншилігім бұрынғы Жезқазған руднігі кентінде, кейін Сәтбаев атанған Никольск қаласында өтсе, партия қызметкері жолы Үлкен Жезқазғанның өзінде бастау талты. Сондықтан да Ұлытау, Жезқазған, Сәтбаев менің екінші тұган елім болып тарихымыздан ең зор орын алды.

*Толқын айтсам
Толғанысты кезімді,
О, тұған ел!
Сенсін билер сезімді,
Әкем үшін бір ісінді тындырып,
Анам үшін жырлап өтем өзінді, —*

десем, бар шындығым осында. Әкем үшін кенші болдым, анам үшін қалам үстадым — міне, өмірлік жолдағы үлкен арманымды орындау жолында Жезқазғанның бергені қисапсыз, оған деген алғысымда да шек жок.

— Өнеркәсіпті өнірде қолынан іс келетін білікті де білімді кадрды бір орында тұрақтата ма? Сізді де қызмет баспаладымен көтеріп алды да кетті емес пе. Әуелі Жезқазған кен комбинатының партком хатшысы, сосын қала партия комитетінің бірінші хатшысы болдыңыз. Қай қызметте болсын көптің мүддесін бәрінен де жоғары қойып, сенім бийгінен көрінгеніңіз анық. Алды кең, есіті ашық елі дейді сізді ел. Кенші де, әнші де, басшы да, қосшы да, малшы да алдыңызға еркін кіріп, талап-тілегін ірікпей айтып, ақыл-көңес алады еken. Үлкен-кіші демей бәрінің ой-пікірін мұқият тыңдал, шаруасын тындырып, разы етіп жіберетін деседі жүрт. Соңан да шығар, осы өнірдің адамдары аузынан тастамай, өлеңдеріңіз сияқты өзіңізді де жырдай ғып мақтайды. Өзіңіз де ол жақтың азаматтары десе ішкен асыңызды жерге қойып, жылт еткен жақсылығын жарқыратып көрсетуге тырысасыз. Былтыр бұрынырақ опат бол кеткен әріптесініз Жәйрем кен комбинатының директоры Садық Асатовтың әр жылдары жазылған өлеңдерін жинап, демеуші тауып, жеке кітап етіп шығардыңыз. Достық деген осындай-ақ болсын. Сізді Ұлытау, Жезді өнірінің өз тумасынан артық көруінің сыры неде, осы?

— Ұлытау өнірі тұнып тұрған тарих. Ұлытау өнірінде Абылай, Кенесарыдан бастап, Сандыбай, Ерден, ақын Тайжан қостаган,

кейінгі Бәубек Бұлқышев. Мұқан Иманжановтардың іздері жатыр. Тым әрі кетсек, Ер Едіге, Алаша хандар осында. Сонын бәрін зерттей жүріп, Қ.И.Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинаты парткомының хатшысы, әсіресе Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған кезде сол тұстағы комбинаттың директоры Виктор Васильевич Гурбаниң, “Казмедьстрой” тресінің бастыры Петр Петрович Сельскийдің көмегімен Ұлытау өнірінің елді мекендеріне, ауылдарына жасаған септестігіміз мол болды. Ұлытау сан жылдардан кейін аудан орталығы боларда да жан-тәнімен ұлы жерді жақтады. Жаңа ауданың орталығы Сәтбаев қаласында болсын деген шешімге карсы шықтым. Ұлытау ауданының орталығы қалада пәтердे неге тұрады. Ұлытау кенті құрып бара жатыр әне, соны қөтерейік дедім. Ол ойымды Сұлтан Досмагамбетов, Оразай Батыrbеков, Хамза Жұмабеков сияқты азаматтар қолдады. Құрдасым Мейрам Абақанов Ұлытауга бірінші хатшы болып келгенде Жезқазғаннан көш-керуен тартып, көптеген жабдықтар апардық. Мейраммен өбден достасып кеттік те, оның айтканын, одан бұрын Мәкен Төрегелдин ағамыздың тілектерін екі еткізбедік. Ұлытауды жыр еткенде де:

Кей ақын

Шала көріп даттайды тек,

“Ұлы деп бұл тауды ешкім айттайды ” деп.

Біз журміз карт Ұлытау ұлылығын

Ләйім оларсыз да сактайды деп.

Бұл жәй емес, қазактың сол кездегі ең ірі ақындарының біріне тұра атылған оқ еді. Ал ағамыз маған қанша ренжісе де артынан толғауына атымды қосып: Кәкімбек ақын дұрыс айтты дегенге келтіріп, ақыры сыйласып кетті. Ол – Қалижан Бекхожин еді. Тап осы өлеңім және “Ұларым” атты өлең (әні Шәміл Әбілтаевтікі) мені ұлытаулықтарға бауыр, туыс етті. Ұлы жерден алған ұлағатым көптен де көп, сондықтан да өз парызымды актап өтуге тірлікте үдайы тырысарым сөзсіз.

— Кейде азаматтың атақ-даққы тым дәүірлеп кетуі зиян да тәрізді. Жоғарыдағылар одан жетіп қала ма деп қауіптенсе, тәменгілер кетіп қала ма деп алаңдайды. Содан оның төңірегінде ыбыр-сыбыр көбейіп, өсек-аяқ қаулайды. Сыбыс жүрген жерде ырыс журмейді. Қарымды қаламгер, жалынды қайраткер болған сіздің соңыңыздан да сөз аз ерменең шығар. Соның салдарынан билік басындағылар Қазақстанның бір облысын құмай, республикалық деңгейдегі бір басшы орын бүйірмай, Мәскеуден бір-ақ шықтыңыз. Рас, жаман кет-

кен жоқсыз, Орталық партия комитетінің арнаулы мәселелер жөніндегі инспекторы болып бардыңыз. Тұrap Рыскулов, Нығмет Нұрмақов сияқты ұлы ағалар жолымен Одақ көлеміндегі ірі істерге атсалыстыңыз. Алайда албырт жанды ақын үшін тұган топырағы мен тілеуқор оқырмандарын бірде-бір биік лауазым алмастыра алар ма! Сол жылдардағы жырларыңыз тұган жерге, ағайын-туыска, досжаранға деген сағынышқа толы еді. “Құстар қайтып барады Еділдетіп Оралмен, елге жетіп қалар ма ем, ере кетіп солармен, солармен” деген жыр жолдарынан жат сарын іздел, Орталықтағы үлкен қызметті қомсынып, өзін құтын көріп айдауда жүргендей сезінеді деп сокқандар да болды. Тағы да маңдай теріңіз, алал еңбетініз алып шықты – Қарақалпақстанға аттандыңыз. Шүкір, ошіп кетпей, осіп кеттіңіз. Одақ тұсында басқа республикаға бірінші басшы болған тұңғыш қазақ тағы да өзіңіз еді. Сан жағынан ара салмағы бірдей өзбек, қарақалпақ, қазақ сияқты үш жүрттың көңілін бірдей тауып, тізгінді тен ұстая оңай болмағаны да белгілі. Алайда салиқалы салықын ақыл, сындарлы сарабдал басшылықтың аркасында бұрын сыйбайластық жайлап, сұрқын қашырган республиканың еңесін тез-ақ көтердіңіз. Екі бірдей елге ырыс арнасы болып тұрған Арап тенізін қалпына келтіруді құн тәртібіне қойып, санталай ұсыныстар жасадыңыз. КСРО Жоғарғы Кеңесінің экология комитетін басқарып тұрғанда да ол мәселені дәйім алға тартып отырдыңыз. Қарақалпақ бауырлар сізді сол үшін де қатты қастерлейді. Ана жылы бір барғанымда ізгі істеріңізді ауыздан тастанамай айттып отырды. Соншама шаруаны кімдерге арқа сүйеп атқарғаныңызды айта кетсеңіз қайтеді, Кәке.

— Сәке, бул сұрағыңызben өмір желістерінің кемеллі кезендеріне қол артып отырсыз. Бұған толық жауап беру бір дастанға, не бір романға желі болар еді. Бірақ ақын деген халық өлеімен тез қайыруға калыптасқанбыз фой, айтылған тұжырымдарыңызды қайталаңай-ақ қояйын. Тек басын ашып айтатын бір шындық: Мәскеуге қызметке ешкім ұсынған жок, сырттатқан жок. Орталық партия комитетінің үйімдастыру белімінің қызметкерлері өздері таңдал алды. Қ.И.Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинатының партком хатшысы Орталық партия комитетінің номенклатурасында болды, тап содан олар қызметімді айқын білуші еді. Ал, ол жақта көп жүріп қалуыма, әрине, өз ағаларымның өгейсітіүі себеп болды. Бір емес, қаз-қатар үш облысқа жібермек болғанда “ойбай, бюро мүшелері қолдамады” деген үлкен ағамыздың хабары қайталана берді. Содан кейін Қарақалпақстанды ұсынғанда бас тартпадым. Осы жақтан елге кетуім де женілдер, біраз істеген соң

Орталыққа алғыс айтып, өз еліме кетермін деп топшыладым. Артынан бір жерде отыра бермейін деп КСРО Жоғарғы Қеңесінің экология комитетіне төраға болуға өзімді өзім ұсынып, қиян-кескі таластардан өтіп, ақыры көптеген академиктер тобын жеңіп шықтым. Президиумның мүшесі болып та сайландым. Ол кезде халық депутаты, Орталық партия комитетінің мүшесі, Өзбекстан Компартиясы Орталық комитетінің бюро мүшесі болатынмын. Қазақтың бір баласына осы да жетер деп, Одак күйрекеннен кейін анамның ақ сүтімен ере туған ақындыққа жол бердім. Арап айқасына, Каспий апатына төтеп беруге белсene қатынастым. Бұл күндө Халықаралық Қ.И.Сәтбаев қорына басшылық етсем, бұл да ұлылыққа жасаған тағзыымы.

Карақалпақстан еліне Қазақстаннан келемін деген бірде-бір орыс, казакты қостамадым. Бар ойым – бар өнерімді, бар білгенімді, бар қабілет мүмкіншілігінді көрсетіп, соған жергілікті жігіттерді үйретіп кету болды. Арап туралы Орталықтың екі қаулысы шығып, зор көмек жасалды. Ол елге бұл үлкен қуаныш әкелді. Бауырлас елде не тындырса да, олардың ақылдарын тындағым, сол елдің өз азматтарын іске молынан жұмсадым. Сондықтан сол тамаша азamatтар бүгін өз елдерін абыраймен басқарып отыр.

—**Жақсы басшыны төңірегі бұзады деген бар. Сол жаны бар сөз сияқты.** Қазір ғой, команда дегенді желеу етіп, аудан әкіміне дейін төңірегіне тамыр-тамыстарын жинап, жақын-жекжаттарын тартады. Сосын олар басшының бетіне жел боп тимей, құрдай жорғалап, ләппайлайды да отырады. Ақырында жұмыс ақсайды, жұрт жүдейді. Бір жаңа басшы келсе, мекемеде бұрыннан істеп, жұмыстың қырысырын бүге-шігесіне дейін білетіндердің бәрін таратып, тындан ұжым жасақтайтын болып алды. Бұның өзі қанша жанның көз жасы екенін елең жатқан ешкім жоқ. Жұмыссыз қалып, жүйкесі жүқарьып, ауруға шалдығып жатқандар да аз емес. Бірақ команда деген пәленің ауыздықталар сыңайы аңғарылмайды. Ал сіздер ғой, кайда жүрсөніздер де жергілікті кадрларға арқа сүйеп, солармен сенісіп жұмыс атқардыңыздар. Жұмыстарыңыз, иншалла, жеміссіз болған жоқ, ізбасаларды ел ішінен ірікten алып бағандай баулып өсірдіңіздер. Енді командаға қосылып конкурс деген және шықты. Азын-аулақ сұраққа сұрінбей жауап бергендерді басшы жұмысқа қонжита қояды, осылар жайында өз пікіріңіз қалай?

— Әрбір саяси, әлеуметтік, мемлекеттік жүйенің өз жолы бар. Біз “командалық” не туыстық, “кландық” дегенді білмей өстік. Ру-сыруды атамайтынбыз, кім еңбекке шын беріліп істейді — со-

лар достар, солар шәкірттер. Алдыңғы буыннан үйрендік, соңғы буын өз тәртібін орнатып жатыр. Алғашқы жылдарғы кателік аза-яр, көш жүре түзелер демекпін. Әйтеуір кадр мәселесінде елдің бүгінгі ахуалын көтеруге қабілетті қолынан іс келетін інілерім болса еken деймін. Келе сала өздерінің баюын ойламай, елдің ахуалын көтеруге қабілетті інілерім келсе деп ойлаймын. Өз қалтасын ойла-май, елдің қамын ойлайтын “команда” жинала берсін. Тілек осы. Құдайға шүкір, өз шәкірттерім барышылық. Мысалға Қарақалпақ-станда бес жыл қызмет атқарғанда бес көмекшім болыпты, қазір бәрі де ірі орындарда жүр.

— **Түптеп келгенде, барлығы да тәрбиеге байланысты.** Тұлпар-ды тайынан, жүйрікті шаңынан айырған ел болар баланың болаша-ғын болжауда көп қателеспеген. Жастың бойынан жылт еткен жар-қыл көрсе, оның жалын боп лаулауына қол үшін бергендер де аз болмаған. Сізге де өнерде Молдакендей, өмірде ұстазыңыз Мұса-хандай абзал жандар үлті ұлағатымен жол нұскап, Қаныштай ғұла-малар жарық жүлдіздай алға жетелеп, аскарларға талпындырыды. Шоқаның өзі болмаса да сөзі тарихқа бойлатты. Молдакең мен Мұсаның өлең, жырларын жинастырып, соңғы жылдары жеке-жеке кітап етіп шығардыңыз. Халықаралық Қаныш Сәтбаев қорын бас-қарып, ұлы ғалым еңбектерінің көп томдық жинағының жарық көруіне үйіткүй болып отырысыз. Қанағаның 100 жылдығына орай жария-ланған еңбектер қаншама. Сөйтіп, ұлағат алған, ұстаз тұтқан арда-герлер алдындағы борыш-қарызыңыз өтеліп жатқан тәрізді. Әмсө сондай ізгілікten танбагайсыз.

Ал енді, артық кетсем кешірерсіз, жеке басыңызға байланысты бірер мәселенің мәнін ашып алмақ ойым бар. Бір өлеңінде қос аданың перзентімін дейсіз. Осында қандай жұмбак сыр жатыр? Со-сын жүрт өзінің атында жүрген, кезінде көрнекті кеңес қызметкері болған Айтакмет Салықовты анаңыздың туған ағасы, яғни нағашы-ның дейді. Ақиқаты қалай?

— Бұл казактың бауырмалдығының керемет бір көрінісі болса керек. Туған анам Ақық, ал тұтынған анам Шолпан мені қыркым-нан шықпай бауырына салып алыпты. Анам женғесі жаңа туған жас нәрестесі шетінеп кетіп, зар жылап отырғанда койның күр болмасын деп мені беріпті. Туған әкем өмірден ерте өтіп, бесікте жатканымда дүние салыпты. Сондықтан өбектеп өсірген, мейірін тәғіп тәрбиелеген нағашымның орны тіктен бөлек. Оны әкем де-меу кешірілмес күнә болар еді. Ал әке туралы айтқанды кім жек көреді. Әкем Айтакмет Салықов КСР-нің алғашкы депутаты бо-

лып ауылнай кезінде сайланды. Бұл кісі менің бақытыма орай бай мінезді кең адам, ерекше кішіпейіл, бауырмал, мейірбан болатын. Елдің ол кісіні сыйлайтындығы сонша, әлі де мені “Айтақметтің баласы фой”, — деп маңдайымнан сипайды. Мен оған куанамын.

— Мәриям жеңгей екеуініздің Ерлан мен Майра сияқты екі перзентіңіз бар. Бір қызығы, екеуі сіздің екі мамандығынызды еншілепті. Ерлан өзіңіз сияқты жоғары білікті кең инженері әрі ғалым, ал Майра қаламыңызды одан әрі қанаттандырған ақын. Өлеңді орысша жазатын оның жыр жинақтары Мәскеуден шықты. Қазір сондағы бір ірі басылымның Қазақстандағы тілшісі. Атадан балаға мирас болып келе жатқан ақындық өнеріңізді немерелеріңізден үстапшыны бар ма?

— Сәке, сұрағын жақсы-ак. Арық айтып, семіз шық дейді фой. Майрадан туған Арман атты немерем әңгіме жазғыш, осы оку жылында Мәскеудегі М.Горький атындағы әдебиет институтын және Ресейдің гуманитарлық университетінің психология факультетін тәмамдайды. Ол өз құрдастарынан орта мектепті үш жыл бұрын бітірді. Алла тіл-көзден сактасын, өнерімді үстап қана қоймай асып түсіріне сенемін. Ерланның екі қызы бар. Дана — Мәскеудегі педагогикалық институттың екінші курсында, өлеңді орысша жазады. Ен кіші немерем — Әдия оте ақылды, мейірімді, бауырмал бала. Ол өлеңдерді жатқа көп біледі. Бәрі де аман болсын. Әuletіме де, дәүletіме де ризамын.

Немерелеріме сенімім аз емес. Алла колдасын!

— Бәрекелді! Бәріне де өмірде бақыт, өнерде шабыт тілеймін!
Атасыңдай халқына қалаулы, еліне елеулі болсын!

2002 жыл.

КӨРГЕНІ КӨП КӨНЕКӨЗ

Алда көрерімізден артта қалдырғанымыз көп болғандықтан баекен, ертеңге көз жүгіртсек, өткен еске түседі. Жасы жетпістің аржак, бер жағында жүрген қаламdas, қадамdas достарымды көрсем, жас жазушылардың 1956 жылғы желтоксан айында өткен екінші мәслихаты ойға оралады. Ұлы Мұхан, кәдімті Мұхтар Әуезовтің өзі кіріспе сөз сөйлеп ашқан сол бас косуға катыскан жастардың дені алпысының жылдар әдебиетінің туын биік көтеріп, қазақ көркемсөзінің кестесін әрлеп, бояуын қанықтыра, тақырыбын то-лыктыра түскені аян. Әрине, олардың бәрі бірдей жылмиған жорға, жүйткіген жүйрік болып, тек әдеби доданың ортасында ғана жүргені жоқ. Біразы коркем ойдың отын көсей жүріп, көсемсөздің де сайтүлігін коса ерттеп мінді. Сойтіп, баспасөздің де дертиң тен тіл өнерінің күрамdas бір бөлігі екенін жарияға жар салып, жалпақ жүргіттың көзін жеткізуге атсалысты. Қос тізгінді қатар ұстаған сондай сөз шабандоздарының бірі – Уахан Қыдырханұлы.

Онымен алғаш әлгінде айтқан мәслихатта ұшыраскан едім. Поэзия секциясының жұмысын баскарған, ол тұста “Қазак әдебиеті” газеті бас редакторының орынбасары Жұбан Молдағалиев корытынды мәжілісте бас-басымызға сипаттама беріп, шығармаларымызға талдау жасай келіп:

— Тағы да үш ақын қалды. Олар Қытайдағы ағайындардың арасынан келіп, осында оқып жатқан жігіттер. Үшеуі де қаламы төсөліп, тілі ұстарып қалған әдебиетші. Сондықтан олар жайында Одакта бөлек сөз қылған орынды секілді, — деді сөзінің соңында.

“Шет елдегі қазақтар” детен сөздің құлаққа тосын естіліп, таңсық корінетін кезі ғой. Бәріміз жапа-тармагай жалт бұрылып, қабырға жак қапталдағы үшінші қатарға карай қалдық. Бергі шетте

отырған үстінде түйе жұп түстес коверкот костюмы бар, оңға қайырган қоңыр шашының ұшы сәл бүйраланып тұратын ашаң өнді аксары Уахап та, ортадағы кең мәндайлыш, шалқасынан қайырган шашы бүп-бүйра қараторысы Қабдеш екен. Үшіншісін онша түстей алмадым. Кейін олардың жазғандарын баспасөз беттерінен ізден жүріп оқитын болды.

*Жол жатыр беткейге өрлем іірілген,
Самсатып қарагайға тиін ілген,
Орманның бір аланқай іінінен,
Аңшының көзге түсті үйі бірден.
Жол жатыр беткейге өрлем іірілген,
Ақ шабак шолт етеді іірімнен,
Теренге қармак салып бір қызы отыр,
Жартастын суға төніп іінінен. —*

деп тамылжыған орман табиғатын көз алдына келтіретін тамаша суреттерді сөзбен салып, әдемі өлең жазып жүрген Уахантың елу тоғызынышы жылы “Жұлдыз” журналынан “Ант” атты повесін оқып қайран қалғаным бар.

Хикаят басталған беттен-ақ баурап, бірден жетелей жөнеліп, қым-қуыт оқиғаларға шым батырып жібереді. Әп-сәтте азан-казан болған орман койнауындағы шағын ауыл, безіп бара жатқан бала-лар мен әйелдер, ұлыған ит, кісінеген жылқы, мөніреген сиыр көз алдыңнан кетпей, балапан теректе байлаулы тұрган көртөбел аттың оқ тиіп, ішегі шұбатылып, шыңғырған дауысы құлағында тұрып алады. Атылған оқ пен айқайлаган дауыстардан шошып оянған Әлім баладай, сен де анырап отырып қаласың. Сәлден соң есін жиып, ана ақылымен жылқыдан ұстап, бір жуас құнан мінген бас кейіпкермен бірге дүрліге қашып босқан елдің ішіне кіресің де кетесің. Одан әрі өз ортасынан шыққан алаяқ сатқынның алдауына түсіп ойран болған ауылдың, қанды қол қарақшылардың қылышынан қынадай қырылғанының күәсі боп қатты құлазисың.

“Арпалыс аяқталып, соңғы тыныс тыйылды. Еркіндік тілегін зұлымдық жеңіп, үлкен үмітке талпынған Қектоғай елі тарихының алғашқы параграфы аударылып түсті. Аласұрған алыстың айғағы болған алып теректер табыт алдында шашын жайған анадай, жалырағын салбыратып мұлгіп қалыпты. Тек кенезесі кепкен құмғана бүркүрай аққан қанды қылғытып жұтып жатыр. Қекті жапқан кара бұлт от қамшысын үйіріп қайғылы түбекті аластап отті де, ынырана барып, сіркірей жөнелді. Тұнерген тұн құрбандықтың үстінен қара шымылдығын айқара тартты”, — деп суреттейді сол сойқан қанды қырғынды автор.

Жалпы, повестің болған оқиғаның ізімен жазылғаны айдан анық. Әлім баланың бастаң кешкендері автордың қаршадай күнінде көзбен көріп, көңілге түйгендері. Орыстың тілі мен ділін “Сібірдің мұз-қарынан, мырзалардың ызгарынан” үйреніп, құштілерге есесін жібермей, ешкімге қеудесін бастырмаған Шәмілдің катарында өзіндік тұр-тұлғасы керемет кескінделген Бүркіт пен Кекім, жалғыз ұлы үшін жанын қиоға бар абыл ана Зейне, аттары өзгертіп алынғанымен, өмірде анық болған адамдар.

Кеңес өкіметінің алғашқы кезінде қыспаққа тозе алмай, Қытайға қашып барған қазақтар 1945 жылғы Шығыс Түркістандағы төңкеріске тілекtes болып қолұшын беруге талпынды. Сондай ниетпен партизандар орналасқан аймаққа көшіп бара жатқан шағын бір ауылдан елу шакты адамды гоминданшыларға жалданған ақ-гвардияшылдар қырып салды. Солардың арасынан санаулы ғана адам Қазақстан шекарасына жетіп, аман қалады. Сонын бірі – Әлім бала.

Аталмыш хикаятта қанды қырғын ғана емес, шетте жүрген қандастарымыздың шерменде күйі де шынайы бейнеленеді. Ал қанды қырғын деген ол жылдары Қытайдағы қазак ауылдарында аз болмаған тәрізді. Төңкеріс кезінде гоминданшылар бір ауылды түгел қырып, қарның жарып, тастап кеткен жүкті әйелдің құрсағынан шырылдағ шошып туған Томық деген азаматтың балаларын тоқсан бірінші жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа еріп Қазақстан баспасөзі басшыларының сапында Түркияға барғанымда өз көзіммен көрдім.

Өмірдің өзінен ойып алғып, жиырманың ішінде осындағы әп-әдемі повесть жазған үні айқын, тілі айшықты қаламгерден бұдан да өркешті кесек дүниелер күту занды да фой. Алайда Уахап журналистиканың жалына жармасып, шоктығына шығып, шоқырагына үйренип алып біраз уақыт жүріп қалды. Рас, жастар газетінде очерк, әңгімелері жарияланып тұрды. Бірақ олардың оқырманға әсері тырнақалды туындысындағ болған жок. Қазақ радиосында бас редактордың орынбасары, әдебиет және драматургия редакциясының менгерушісі болып істеп, эфирге де жиі шығып жүрді. Ол өз қолымен үйимдастырған “Шалқар” бағдарламасы кейін ірі арнаға айналды.

Содан “СҚ”-ға (казіргі “Егемен Қазақстан”) ауысып, казақ баспасөзінің қара шаңырағында табан аудармай жиырма жылға жуық еңбек етті. Әуелі партия тұрмысы бөлімінде аға әдеби қызметкөр болып, бөлімнің қасаңдау келетін қарабайыр материалдарына қан

жүгіртіп, жан бітіруге атсалысты. Кейін мал шаруашылығы бөлімінің менгеруші болып жоғарлатылды. Жетпіс үшінші жылдың күзінде мен осы басылымның бас редакторының орынбасары болып келгенімде ол сол орында істейлі екен. Содан табаны күректей он төрт жыл бойы тізе қосып, білек біріктіріп еңбек еттік.

Бұл Қазақстанда ауыл өндірісі өрге басып, мал шаруашылығының шарықтаған шағы еді. Республикамыз жыл сайын дерлік миллиард пүт астық өндіріп, одакқа керек еттің тен жарымын беріп отыратын. Мал өнімдерін өндіруді өнеркәсіптік жолға салып, қойсанын елу миллионға жеткізу де сол кезде күн тәртібіне қойылды. “Меже – 50 миллион!” деген ұран газет бетінен түспеді. Уахаптың іскерлік, үйымдастыруышылқ қабілеті, міне, дәл осы кезде бар қырынан көрінді. Редакцияға мал мамандарын, осы саланың ғалымдарын, қарапайым еңбек адамдарын дүркін-дүркін шақырып, дөнгелек үстел басында талай сұхбат үйымдастырылдық. Онда мал шаруашылығының өзекті мәселелері сөз болып, малшыларға жан-жақты жағдай жасаудың қамы қарастырылды, республиканың ауыл еңбеккерлеріне ашық хат қабылданды. Қоймен қатар еті дәру, түбіті мамық ешкі түлігіне көңіл бөлу, сүті шипа, жүні құнды туїс өсіру, жиырма сегізінші жылғы үш жарым миллионнан үш есе кеміп, миллионнан асар-аспас боп қалған жылқыны қөбейту мәселелері де дәл осы жылдары көтерілді.

Бұл тақырыптардың біразына қарымды да шалымды Уахаптың өзі қалам тартты. Ана тілінің мәйегін еміп өскен оның қолынан шыққан дүниelerдің кашан да тілі орамды, ойы орнықты болады. Қөп тіркестері қанатты сөзге сұранып тұрады. “Халық қабағы келіспеген басшыны қағып түсіреді де, колдағанның қолын құдайға жеткізеді”, “тайғақ болсаң – айғақ бола алмайсың”, “өсер елдің кеңесі қөп, өшер елдің егесі қөп”, “тербелетін бесігінді, төрге шығаратын есігінді түзе” төрізді қисындары қағидаға айналып, жадында жатталып қалары сөзсіз.

Бірге қызмет істегендеге түйсінгенім де, сүйсінгенім де – оның жұмысқа, жолдасқа қалтқысыз адалдығы. Әдетте жаман әдеби қызметкер бола жүріп, жақсы әдебиетші болып кеткендерді көріп жүрміз. Олардың көбін өз ортасына адал, ары алдында қылаусыз қызметкер болды дей алмаймын. Біразы наң жеп жүрген жұмысына журдімбардың қарап, жолдасы есебінен құнін көргендер. Ал Уахап болса, өзі шыққан тауының биік болғанын көздел, өзі шығаратын басылымның беделі үшін тұн катып, түс қашып қызмет етуден жалықпайтын жан. Ондай адамның қос аттап шауып, ірі көркем дүниеге

қол артуға мұршасы қайда. Жалтактық та, жортактық та оған жат, өзі илеген терісінің пүшпағы іс болып шыққанша тапжылмай, та-бандап отырып жұмыс істейді. Содан да шығар, оның қолынан шыққан материалдардың бәрі дерлік жал-құйрығы сүзіліп, айналасы жұп-жұмыр жұтып койғандай болатыны. Ол суреттесе тасқа да тіл бітіп, Тарбағатайдың тарғыл тастары күмбірлеп, суға да үн бітіп Ертістің ерке толқыны сылдырлап коя беретін тәрізді. Осындай үзенгі досты 1997 жылы сәт сапар тілеп, басқа жұмыска жіберуге тура келді. Бір күні шетелдермен байланыс жасайтын “Қазақстан” қоғамының төрағасы Шәнгерей Жәнібеков телефон шалды. Аман-дайқ-саулықтан соң:

— Сіздер Қыдырханов деген қызметкерлерінізді бізге қиса-ныздар қайтеді? Уахапты айтып тұрмын, — дейді. — Өзі еңбек жолын аргы жақта осы баспасөзден бастапты. Бізге шетелдерге шығатын “Шалқар” газетіне бас редактор керек болып тұр. Араб әліппесін өте жаксы біледі дейді. Шет тілдерінен де қурақан көрінбейді.

Ойлануға тура келді. Осы іспеттес тілекті бұл кісі бас редакторға айтса керек, ол жаңа келіп жатканын сұлтауратып, маған сілтеген сынайлы. Қанша қажет қызметкер болғанымен, жігіттің бағын байлаған жараспас деп сәлден соң шақыртып алып Уахаптың өзімен сөйлессем — үржана. “Менен күтила алмай отырсыңдар ма?”! деп ертоқымын бауырына алып тұласын кеп. Өзімен де бірер мәрте сөйлескен екен, ыңғай бермей қойыпты. Содан сабасына түсті-ау деген тұста бірер жас үлкендігіне қарамай, құрдасша қалжындан батып айтатын, батыл айтатын ғадетіме басып, сез бастадым.

— Сенімді серіктен айырыламын-ау деп өзімнің де қабырғам сөгіліп отыр. Бірақ бір орында өлгенше отыру борыш емес қой. Бұл арадан енді саған көрініп түрған ештеңе жоқ. Бас редактордың келгені жаңа ғана. Әзір менің де орнымды босата кояр ойым жоқ. Шақырғанға бармай, шақыруға зар болып қалып жүрме. Шақыр -ған кісі және анау-мынау емес, кешегі Совмин басшыларының бірі. Қайта, соның беделін пайдаланып, басылымның, өз басын-ның жағдайын жасап алмайсың ба? “Ман-мен” қазақ тілінде теріс мағына беретін сез құрайтын жүрнақ деп “оралман” мәтінін қанша менсінбегеніңмен, сен сонын біріншісі емессің бе! Өзің айтатын-дай, пілдін құйрығы болғанша масаның басы бол. Ал қолыңа газет тізгінін, таныт біріншілігінді, тарт ата қоныска оралмандарды. Миын болса, ойлан осыны, — деп сөзімнің ағын өзілмен көмкердім.

— Эй, құдайдың құтты күні жеп жатырсыңдар фой, ми кайдан болсын! — деді ол өзіл сөзден үтласа ұтылмайтын әдегіне басып. —

Жарайды, бәріңнің аузың бір жаққа қарай қисайған екен, барсам барайын.

Жиырма жылдай еңбек еткен жерін қимай, қинала-қинала кеткен Қыдырханов жаңа орынға да әудемде балдай батып, судай сінді. Орыс тілі ғана емес, араб, парсы, қытай тілдерінен де мол мағлұматы бар, шетелдердегі қандастарымыздың хал-қүйін жіті зерттеп, жай-жапсарын жақсы білетін қаламгер олардың арасында теңізге жіберген балықтай желпініп еркін жүзді. Аз жылдардың ішінде Азия мен Еуропаның бірқыдыру елдерін аралап түсіп қаншама дос-жаран тапты. Редактор ретінде тапқырлық танытып, басылымын талай-талай тың тақырыптармен байытты, қаламгер ретінде газетінің көлеміне лайық көсемсөздің жибектің түйіндей қыска да нұсқа түрін енгізді. Шетел сапарларынан тағызымы мол, мазмұны мәнді жырдай женіл оқылатын талай тамаша жолжазбалар туғызды. Оларды еларалық қатынастардың, қандас бауырмалықтың жанды шежіресі десе де болғандай. Оның Мұстафа Өзтүрік туралы шағын сыппаттамасын қөзіме жас ала отырып оқып, колдағы алтынның кадірін білмей капияда айырылып қалғанымызға өкіндім.

Уахалтың екінші бір елеулі еңбегі “Алтын ай” повесі де дәл осы жылдары туды. Ол езі шыргалаң оқиғалы шығарма. Майданың кара жұмысынан қашып келіп, Ұлантаудағы Қараңгірде жасырынып жатқан Қалабай актар атып, ұрага тастай салған тірі өлікті қазып алады да, жаздай үңгірде емдел, сауықтырып шығарады. Дәрі-дәрмекті таудың өзінен табады. Күшалаға ашытылған қымыз ішкізіп, үйіктатып тастап, шіріген қолтыққа кездік сұғып, қанды ірінін ағызып, өлі еттерін сылып, усойқының үгіндісі, ерменнің бүрі, ұлудың уы қосылған сумен жуалды да, аюбалдырганың күлін тартады. Бұл революциялық қызметі үшін айдалып келген Донбасс шахтері еді. Қалабай оны бала кып, Нариман деп ат кояды. Кейін сол Нариман Қалабаев Кенестің білдегі бір білікті азаматы болады.

Оқиға желісі Өкен қарт пен инженер Қаленовтің екеуара әңгімесі арқылы өрледі. Сол қарт немересі қайтыс болғанда, баланы Ұланбелдегі бір шашырап жатқан тастардың түбіне жерлетеуді. Ол ойраттармен соңғы соғыста тасадан келіп атқан жау оғынан опат болған Қошқарбай батырдың бейіті екен. Кезінде Әмірхан үста бейіт күмбезіне алтыннан ай орнатыпты. Сол Әмірхан сайы – Америка сайы, Ұланбел Риддер атанып кетіпті. Бұл Алтайға орыс-қытай таласып жүрген кез еді. Жер-су мен белгілі адамдар аты, әйгілі оқиғалар арқылы жазушы осы өнірдің ежелден қазактың өз жері екенін дәлелдеуге талпынады. Повестің эпиграфына:

– “Ел тарихын кім айтар?

- Атадан қалған сөз, көнеден қалған көз айтар.
- Жер тарихын кім айтар?
- Күзетте тұрган құз айтар, құзда қалған із айтар.
- Кен қадірін кім айтар?
- Табылған кеннің өзі айтар”, –

деген диалогтың алынуы тіпті де тегін емес.

Бертін бір белсендінің бакай есебімен еларалық “Шалқар” газеті жабылып қалып, Уахап зейнетке шығуға мәжбүр болды. Кейбір басшылардың алпыстан асқан адамнан арапшысы бардай шошып, ат-тонын ала қашып, қашан құтылғанша асыгатынына таңым бар. Алпыс – адамның бой қуаты кемігенімен, ой қуаты кемелденетін шағы. Жағдай жасап, бабында ұстаса, олардан үрпакқа ұлағат болар талай дүние туады. Уахап дәл сондай шағында демалыска кетіп қалды. Жер жүзіндегі қандастарымыздың жай-жапсарын бес саусағындей білетін сондай білікті маманынан айырылып әлем қазактарының Қазақстандағы көфамы бекер жасады. Онымен коймай, шетелдердегі қандастарымыздың ата конысындағы көзі мен құлагы, үні мен тілі, ақылшысы һәм қамкоршысы санайтын газетін жауып тастауы да түбірімен кате.

Жер бетінің мен қазакпын дегенінің бәрін іздеп тауып, тағдырын тәуелсіз елімен тоғыстырган қalamгердің қызметін бағалап, беделін пайдалану керек еді. Ал оны шетелдердегі қандастарымыздың бедел тұтып, төбесіне қөтеретініне парсы, түрік елдеріне сапарлас болып бірге барғанда көзім көміл жетті. Құран-Корімнің тұнғыш қазақша тәржімасы жарияланған 1991 жылы Туркияға барғанда “Аллаға сыйын, Аллаға сүйін! Жарылқайтын да, жазалайтын да, жан дүниенде тазалайтын да Ол – сенің иен!” – деп төгілдіре аударған Уахапты қазақ ғұламасы Халифа Алтайдың:

– Иниша-Алла! Бұл – зор табыс, шексіз куаныш. Жетпіс жыл желкелентен ислам тағылымының қайта тарапуына сінірген еңбегінің сауабы Алладан қайтысын! – деп оны кең құшағына қысып тұрып құттықтағанына өзім күә болдым. Қазір құрметті демалыста болғанымен шеттегі ағайындар одан адасып қалған жоқ. Баяғыдай хаттар жан-жақтан ағылып келіп жатады, біреуі ақыл сұраса, біреуі алғыс айтады. Соларға жауап жазудың өзі бір ғанибет. Жақында оның “Елорда” баспасынан “Сағыныш саздары” атты жаңа жинағы жарық қөрді. Жетпістен асқанда жаңа кітап шығарып жатқан қalamгердің туғырдан жуырманда түспесіне көміл сенемін.

2003 жыл.

СЕЙДІН КӨҢЛ, СЕЙДАШ-АЙ!

Дос дегеніміз – екі кеудеде соғып тұратын бір жүрек, деп қайғасырда қай ғұлама айтканы жадымда жок. Алайда кімнің аузынан шыкса да оның айна-қатесіз шындық екенине ешкім де шұбә келтірмейтін шығар. Халықтың жаны жақын адамдарды жүргегі бір, тілегі бір деп жататын қарпайым қағидасының өзегіне де осы шындық өрілсе керек. Отыз жылдан астам сыйлас, сырлас болған белгілі жазушы, беделді журналист Сейдахмет Бердіқұловпен сондай жаны жақын дос едік.

Әрине, жан баласына жаттығы жоқ, жүрттың бәріне Алатауындай құшағы айқара ашық Сейдаштың достары аз болмайтын. Әйткенмен даласындаған жүргінен солардың бәріне де орын табатын ол. Кім білсін, “бір кемеге мінгеннің жаны бірге” дегендей, дерптеп тен тіл өнері атты тенізге каламды қайық етіп бірге түскен сапарлас, катарлас құрбы болғандықтан ба екен, бір көрген-нен-ак тіл табысып, тез ұғысып кеткенбіз. Оның үстіне тағдырталаймыз ортақ, өмірбаянымыз ұқсас болып шықты. Қайсымыз қай жылы дүние есігін ашсақ та, жасымыздан азын-аулак айырма тапсак та, қаршадаймыздан жаутандатып жолға қаратып кеткен “отыз жетінің” қамкөніл перзенттері екенбіз. Сонау бір сойқанды отыз жетінші жылы әкелеріміз жазықсыз жазаға ұшырап, сталиндік зұлматтың тырнағына қатар ілініпті. Қашан жеке адамға табыну қатаң айыпталып, кия бастырмас қатал тәртіптің темір құрсауы сөл босағанша “халық жауының баласы” деген қарғыс таңба көлеңкедей баспалап, қайсымыздың болсын қыр соңымыздан қалған жоқ.

Кейбіреулерге жылымық көрінгенімен жымықылығы көп сол бір сөл кеншілік сәттің өзі қазактардың көзін алғып, көнілін алдар-қатып, тағдырын сырттай шешкен кезең болғаны және аян. Тың

көтеру деген дақпыртпен қазақ қырына түрлі ұлттардың өкілдерін төгіп-төгіп жіберіп, Арқадағы астықты бес облысты бөліп ала қоюға жанталасты емес пе. Алдымен ұлт тіліндегі мектептерді азайтып, ұзамай қазақ газеттерін де жаба бастады. Сол солакай саясаттың салқыны шарлыған жас журналист біз де алаңсыз жұмыс істеп жүрген жерімізден көз жазып, қайткенмен ана тіліміздің отын көсеп өтейік деген ниетпен осы Алматыға келдік.

Алматыға келгенде жылы үшырай қарсы алып, алғаш қамкор қолын ұсынғандардың бірі Сейдахмет болды. О тұста ол “Лениншіл жас” (қазіргі “Жас Алаш”) газетінің жауапты хатшысы. Біздей емес, әңгіме-очерктерімен катар өз газетінде “Ол орамал жоғалмайды” атты тырнақалды повесі жарияланып, танымал болып қалған қalamгер-ді. Жұздесіп, танықталы жұмыс бөлмесіне кірсем, үлкен столдың басында дәңгелек жұзді, онға қайырган жұқа шашы құлағын жартылай жауып тұрган. көзі құлімдеп мейірім шашқан толықша қараторы жігіт материал карап отыр екен. Орнынан тұрып қолда-сып амандасканнан кейін орындық ұсынып:

— Э, сал-серлердің, ақын-жыршылардың отаны — Көкшеден келген екенсің ғой, сәт сапар болсын! — деп сол қолының астындағы қағаздарын столдың бір шетіне ысырып қойды да, қаламын құтыға салып, ентелендей отырды. — Жанәбіл мән-жайынды жеткізіп-ақ айтқан. Бес жыл бірге оқыған дос қой. Темірбековтың бірдеңе баяндаса кәшек қалдырмай түгел тәптіштеп түсіндіретіні бар. Оның үстіне жазғандарынды оқып жүрміз. Өлеңдерің өзіміздің газетте де әлденеше мәрте басылды. Танысып үлгергенім жок, тұңғыш жыр жинағың шыққанын да естідім. Өзіндей өмірдің қайнаған ортасынан шыққан, елдің, жердің жағдайын жақсы білетін жігіттер жастар газетіне де керек. Көкшетау мен Қызылжарға меншікті тілші бола тұрсаң қайтеді. Бөгде біреулердің айтуымен алынған бір азamat сенімді актамай жүр. Біз өзі бөлім менгерушілерін көбінесе меншікті тілшілерден есіруші едік. Заман да ұдайы бұлай сықырлап сыздал, қатыбастана бермес. Қазақ басыльмдары да қайта қалпына келіп, бел алатын кезі болар.

Сонан соң жастар газетінің жай-күйін баяндаپ, міндет-мақсатын айтып, қызметкерлерге қойылар талаптарға тоқталып, арасында суыртпақтай сыр тартып, менің де ойларымды ортага салғызып біраз әңгіме-дүкен құрды. Сөзге шебер, сұхбаттасын жалықтырмайтын ете әңгімешіл жігіт екен.

— Алматыға бір келіп қалған соң кері қайту қын бол жүрмесе, ойлан, — деді ол сөзінің сонында. — Келіссен, осы ұсыныспен

қазір-ақ редакторға шығамын. Сен онда, біз мұнда болғанмен, илейтініміз бір терінің пүшпағы, бірлесіп қызмет істейміз.

Айтқандай-ақ, Алматыға қызмет істеймін деп келіп, кері қайтып барсам, арттагы ауыл-аймақ не дейді? Астанада шығатын газеттің тілшісі екенінді қаймана қазақтың қайсыбіrine айтып түсіндірерсін. Тас түскен жеріне ауыр, неде болса, нар тәуекел деп, мен ертеңіне республиканын саяси сатира журналы “Ара-Шмельге” фельетоншы бол орналасып, Сейдашқа ілтипат-ықыласы үшін раҳмет айттым.

— Жарайды, жолың онғарылсын! — деді ол құттықтап. — Ол журналдың жолсапары көп болады дейтін, бірер жылда-ақ Қазақстанды түгел шарлап шығасың. Өмірлік материалдың ең ортасында боласың. Тек жастар тұрмысын жадыннан шығарма. Жазғаныңа — жасыл көш!

Журналда біржарым жылдай істеп астаналық облыстың айнасы — “Жетісу” газетіне ауыстым. Сейдахметпен таныстығымыз тереңдең, бір-бірімізді жете біліп, жүре келе сыйлас, қимас дос бол кеткеніміз де сол тұс. Өзі туып-өскен облысының газетіне оның ынта-ықыласы ерекше екен. Оған қоса Әбдуәли Карагұлов, Кәкімжан Қазыбаев сияқты мүйізі қарағайдай қабырғалы қаламгерлер басқаратын бұл газет о кезде “Лениншіл жастан” кейінгі ең жаңашыл, батыл да байыпты басылым болатын. Сондай басылымға баруым және жай қызметкер емес, бірден редактордың орынбасары болуым қабілетімнің бар қырын ашып, журналистік жалыннымды, қаламгерлік қарымымды жалпақ жүргізу танытып, бағымымды жандырган жұлдызызды сәтім сияқты. Шынында да, журнал деген жана қанаттанып келе жатқан қалам еңбеккеріне қол емес, ол әбден қалыптасып, жазбаса тұра алмайтын, ізденбесе жүре алмайтын кексе қаламгердің орны екен. Онда ұзак отырғызып жалқауландырып жібермей, дәйім күйіп-жанып жататын, күніне он ойлантып, жүз толғантар газетке іліп әкеткен тағдырыма мың да бір алғыс айтамын.

Газетке жан-тәнімен берілген кісі одан жалт еткен жаңалық көрсе де, оқығылық жақсы материал тапса да, жай тауып тыныш отыра алмайды. Қашан да қуанышын қаламдастарына жеткізеді, көңілдерін қанаттандыруға асығады. Бұл кезеңде бұлдіршіндердің қазіргі “Ұлан” газетіне бас редактор болып келген Сейдахмет біздің сондай жанашырымыз болды. Тіпті арнаулы беттердің бір макеті көз тартарлық болса да, табан аузында телефон шалады. Және жауалты хатшы бол түрғанда жастар газетінің бет-бейнесін мүлдем

өзгертіп, жаңаша әр-көрік берген оның қырағы жанарынан жылт еткен бір жаңа үрдіс қағас қалмайды. Кейде бірсарындылыққа салынып, сылбыр салпаңға тұсіп кеткен тұста оны да ескертіп, тың тақырыштар ұсынып қоятыны бар. Онысын, әрине, тұргылас, құрбылас маған айтады алдымен.

Сол жылдары мен “Жетісудағы жалынды жылдар ізімен” деген айдармен он алтыншы жылғы үлт-азаттық көтерілісінің басшылары Бекболат, Сатай, Саурық, Тоқаш туралы топтама очерктер жаздым. “Шұғаның шұғыласы” деп Қарғалы шұға комбинаты жұмысшыларының он алтыншы жылғы толкуын да камтыдым. Бәр-бәрін байыптап оқып, тиісті бағасын беріп отыратын Сейдаштың бірде:

— Сен осы біздің облыстың өткені мен өркенін менен жақсы білесің, ең тегі банды басы Омарбекті де тастамапсың. Жалпы, ол қиянатқа жаңы кас көзсіз батыр болған. Оның кімге карсы күрескенін әлі көрерсің, — дегени бар.

— “Кімнің жерін жерлесен, соның сүйн сулайсың” деп ата бабаларымыз бекер айтпаған болар. Колхоз бастығының ерке-тотай баласы сенің бір кезде Жамбыл тәтеңнің тізесіне қонып ап, домбырасына жармасатын тентектігінді білмесем, несіне осы облыста жүрмін. Аузына жыр алдыбы Жәкен түкірсе де акын болмай қалғаныңа таңмын, — деп қалжақтаймын.

— Мұның шықты енді, — деп жарқылдап тұрып бір құлдер еді ол.

Бір жылы қыста Орталық Комитеттің демалыс үйінде екеуміз қатар тынықтық. Құләттай онда үріп ауызға салғандай жап-жас сымбатты сұлу келіншек. Шынар жоқ, Заңғар мен Гауғар әлі кішкентай, мектепке бармайтын кезі. Сенбі, жексенбі күндері демалыс үйіне келеді. Кейде мен де үлкен ұлым Думанды ертіп әкелем. Қарға бөккен қыскы бақта соларды шұбытап, у-шу бол жүргеніміз. Әзіл-қалжың әнгімеміз таусылмайды. Спорт журналисі ретінде әлемнің біраз елінде болған Сейдахмет естеліктің де, әнгіменің де тұнып тұрған кені. Сәбең мен Ғабең, Баукең жөнінде де білетіні көп. Жалпы, жазушы қауыммен аралас-құраласы күшті. Шыңғыс Айтматовпен де жан аяспас дос бол алған. Солардың бәрін тілдің майын тамызып, жырдай ғып айтқанда тек аузынды ашып тыңдай бергін келеді. Жасынан спортқа әуес ол биллиардты да тым жақсы ойнайтын. Бірде ойнайтын кісі болмай биллиард бөлмесінде мені ертіп апарсын. Мен қай ойынға болсын жоқ жанмын. Әрлі-берлі

үйретіп ештең шықпаган соң томпаңдап жанымызда жүрген Дұманның қолынан таяқшаны көріп:

— Кел ойна, тұбі сенен бір мән шықпаса, мынау әкең ойын атаулыдан макұрым екен, — деп күлгөн-ді.

Келесі күзде Сейдахмет “Лениншіл жасқа” редактор болып барды. Ал мен сол отырғаннан “Жетісуда” табаны құректей тоғыз жыл отырдым. Әйтеуір бір саты ілгерілеп, бірінші орынбасарлыққа жылжыдым. Орынбасар деген кебеп қызмет. Газет жақсы шықса, редактор мықты деп абырайын сол алады. Ал ойлағандай болмаса, орынбасары онша емес, бастықпен тіресіп отырған соң не оңады деп, жаманатқа сол қалады. Сондай аузы лаңды, азуы қанды сойқан сөзге желеу болмайын деп тұн катып, тұс қашып жұмыс істеуге тұра келеді. Ондайда орынбасарды “өз орнында отыр” деп әсте қозғамайды ғой. Пешенеме жазылған “өз орнынан” қозғалмай, кейін “Егемен Қазақстанда” он жеті жыл орынбасар болды.

Орынбасардың емін-еркін жан сала жұмыс істеуі үшін редактор қытымыр, қызғаншақ емес, жаны жайсан, кен кісі болуы кепрек. Тоғыз жыл туған баласындаі еркін ұстап, газетке бар жалындымды, бар дарындымды жұмсатқан Әбекен құрметті демалысқа кетерде “қашанғы комсомол боп жүгіре бересің, өз облысынан газеті, редактор боп келсейші, бірге істеп көрейік” деп, Сейдахметке колқа салғаным бар. Келгісі келсе редактор болатынына сенімім де кәміл еді.

— “Бастан қан шыққан соң аянатын не қалды” депті ғой баяғыда бір тәбелескөй. Әдебиетке аз да болса атсалыса бастадым. Енді аранға басымды тағы да тығып, партиялық газетке бармақ тұрсын, жалпы газетпен қош айттыссам ба деп жүрмін, — деді. Бірақ содан кейін де сол жастар газетінде табан аудармай тапжылмaston он төрт жыл отырды. Сөйтіп, газеттің отымен кіріп, құлімен шығып, тұн үйқысын төрт бөле жүріп оншакты кітап жазуы неткен жанкештілік десенші! Қазақ әдебиетіне спорт тақырыбын өз алдына дербес жанр ғып әкеп, оны қөркемдік бійкке көтерді. Жақсы жазушы жақсы журналист болуы шарт екенін тану әлемімен, жазу мәнерімен, бүкіл болмыс-бітімімен дәлелдеп берді. Жалпы, тілді журналист жасайды, жазушы шынтайды, соны білмей кейбір кекірт жазушылардың қит етсе газет тілі деп ғайбаттауға дайын тұратынына қарадай ызан қеледі.

Біле-білсөң қанатты сөздердің дені, тың тіркестердің көбі журналист қаламынан туып, газет арқылы тарайды. Тек тыннан туған сол сөзді онды-солды пайдаланып, тез таптаурын ғып тастайтыны-

мыз жаман. Эйтпесе газеттердегі сәтті ізденистен туган талай тақырып мақал-мәтелге айналып кеткен жоқ па. Соның айшықты бір мысалы Сейдахмет Бердікүловтың шығармашылығы дер едім. Мәселен, “Шындардың ұлсысы бар, кішісі бар”, “Туган жер топырағы оқ өтпейтін сауыт”, “Нагыз ескерткіш магазиндерде сатылмайды”, “Арғымактың ара-тұра шабына тұртіп қоймасаң, асau арынан айырылады” тәрізді ойлы оралымдар қазір-ақ қанатты сөзге айналып, макал-мәтел болып кеткелі тұрган жоқ па.

Сейдахмет шығармаларының тілі артық-ауди сөзі жоқ таза, өз мінезіндегі кірпияз кіршікісіз болатын. Кейде кез келген нәрсениң көңіліне алып қалатын мінезі кіді ол достары арасында, от басында қабак шытууды білмейтін. Үш баласын да беттен какпай бұла ғып өсірді. Оның асқақ адамгершілігі, жанының ізгілігі, жүргегінің наэзіктігі әсіресе жан-жары Күләттайға көзкарасынан айқын көрінді. Қолденең тіл-сұқтан көзікті ме, кім білсін, құлындаі ойнат жүрген Күләттай кенеттеп тап келген кеселден кемтар болып, қозғала алмай, тілсіз қалды. Жар құлағы жастыққа тимей Сейдаштың оны апармаған жері, қаратлаған дәрігері қалмады. Қаранган капы қалмай, тілі еркін қалпына келметенімен, өздігінен қозғалуға жараган соң жарын жанынан қалдырмады десе де болады.

От басының ауырталығы, бүкіл балалардың кам-карекеті жалғыз өзінің мойнына түскенде ол еш мойымай, бұрынғыдай жарқылдады да жүрді. Сырты бүтін, іші түтін болып булығып жүрген сәттерінің өзінде соның бірін білдірмей Күләтайдың кас-қабағына қарал, бәйек қағатын.

Соның бәрі қиялға бұғау, қаламға тусау болғанымен, ол жазуды бір сәт естен шығарған жоқ. Желтоқсан оқиғасы кезінде қозғалған жүректегі запыранды публицистің уытты тілімен орысша да, казақша да төкті. Батыр мінезді, батыл азамат сол оқиғаның түсындағы бір жиналыста саусағын шошайтып жастардың жер-жебіріне жеткен Мәскеуден келген дәйдін өзіне: “Бізді құрткан осы шошайған саусақ! Уәж айтқызбас болсандар, несіне шақырдыңдар” деп қаймықпай тұра айтып, өзі де Желтоқсан қаһармандарының қатарына қосылып кетіп еді. Одан газеттен ғөрі тыныш болар деп “Жалын” баспасына директор болып ауысты. Жұмыс істейтін адамның жанында тыным бола ма, баспадан баспа ашып, “Балаусаны” өз алдына отау ғып шығарып, оны өзі басқарды. “Бәрі арығын білдірмес” дегендегі, сыртқа қомпайып көрініп, жарқылдап жүргенмен іштей от бол жанып жүргегін закымдап алғанын өзі де сезбей қалса керек. Бүрнағы жылы алпыс жасқа толған мүшелін әуелі

қаламдастар қауымы, одан туған аудан, ауылы торқалы той етіп атап өткен соң құрт құлап, құлазып жүдей берді. Ауруханаға да жиі жатып қалуды шығарды. Барып көнілін аулап, әзіл-қалжын айтып, әңгімелесіп қайтып жүрдік. Ойында ешбір күмән-күдік жок: “Осылай кей кезде бір-екі үш ай өз-өзімнен асқа қарай алмай, салмақ тастап алатын әдетім болушы еді, ол болса оязыған ет қалпына келер” дейтін. Өзін дәйім тоқ-жарау қалпында ұстайтын жүйріктей кірпияз текті мінезі бары рас-ты. Қыс ортасына таман оншақты күн үйге шығып, ауруханаға қайыра жатты. Көнілін біле барғанымда:

— Көніл кішкентай тетік болса, көкейде жұмыс тұрады ғой. Үйде жай жатпай телефон арқылы жұмыстағылармен жалғасып отырып едім. Баспалардың қазіргі жай-күйі белгілі емес пе. Соның салқыны ма, қайталап қалдым, — деді.

— Жұмыс дегенді уақытша ұмыта тұрып, емінді алып шыққан соң Құләтайды ертіп, бірден “Алматы” санаторийіне тарт. Емді сөйтіп беркіт, жолдамана қомектесейін. Кабиннің жанындағы емдеу-сауықтыру бөлімінің бастығымен көжетамырлығым бар.

— Апыр-ай, мынау зұлдақ заман жайбасар сені де ширатайын деген екен. Онда айтқаның болсын, — деп жымиды.

Санаторийден соң кардиологиялық орталықта жатып біраз емделді. Аяғының ісігі қайтып, көнілі сәл сергігенмен батпандалап кірген сырқат бірден шыға қоймады. Кейін үйіне шықты. Топырлап барып тынышын алмайын дегеннен бе, әлде қазылып жудегенін көріп көнілді сүйтпайын дегеннен бе, әйтеуір бір беймәлім түйсікпен телефон шалдым. Төсегінің тұсында тұратын телефонды өзі көтерді.

— Бір дәulet қонуын қонды ғой. Жарық дүние қанша ыстық көрінгенмен, реалист болу керек. Қатарға қайтып қосыла алмасын, Сары. Көріспей қалсак... — дегенде жан сарайымнан бірдене үзіліп түскендей болды. Бәлкім, ол дос көнілдін пернесі шығар.

Сейдін көніл, сері мінез Сейдаш-ай!..

1996 жыл.

ЕГІЗ ӨРІЛГЕН ӨМІР

Басымыз қосыла қалған жерде әзіл-қалжың айтып, күлкіден аузы жиғызбай арай жузі жарқылдаپ, айна көзі жалтылдаپ Жәкеннің ортамызда жайран қағып жүргені күні кеше ғана еді. Тұлпар түякты, сұңқар кияқты құндердің текірегі қандай қатты, тегеуріні қандай құшті десеңші, абзал досымыз дүниесалғалы да табаны күректей бір жылдың тегершігін зыр айналдырып жіберіпті ғой. Бәлкім, уақыттың қас қағып үлгерпей осылай зу ете қалатынынан да халкымыз “өткен күнде белгі жоқ” деп күрсінген болар. Бірақ уақыттың өткені білінбесе де, белгісі қалмайды дегенге көне қою қын. Өткен күн, кешкен уақыт өмір жолы бол өріліп, әркез көз алдында сайрап жатады. Жәкеннің жарқын өмірінің бел-белестері көнілтерінде дәл солай қаз қалпы тізбектеліп түр.

“Болмасаң да үқсан багуға” талпынатын баяты балаң шағында өзіне үлгі етіп, еліктер кісінін жасы үлкен-кішілігіне қарамайтын сияқтысын. Бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай бертін бірге оқып, бірге өссек те, Жәкенді мен өмір бойы аға тұттым. Әлде ол бірер жыл дүниеге бұрынырақ келіп, жасының сәл-пәл үлкен болғанынан ба екен? Жо-жоқ, баланың жілік алмағы, басқаға аға болмағы дара мінезінен, сара көнілінен, дала пейілінен, жанында жүргендерді соңына ерте білетін қабілетінен-ау деймін. Жанәбілде кісіні тартып тұратын сондай қасиет қаршадай күнінен бар болса керек.

Ол екеуміздің ауылымыздың арасы алты-ақ шақырым. Арасын “Тереншұқыр” деген көлшімелек пен жайылмасы әжептәуір “Сарыөзек” атты жағасы жасыл құракты шағын өзен ғана бөліп жатады. Біздің үйдің қарсысында Мәнту төренің баласы Айғожа күйшінің

қызы Қалила апа тұратын. Шешем Шұңғыршаның қызы болғандықтан ол рудың қарасын да, төресін де нағашы тұтатын дағдымен әлгі кісіні өле-өлгенше нағашы апа атап кеттім. Сол нағашы апамыздың үйінің алдына кеп тұрқы ұзын кербайталдан түсіп жататын, үстінде белін қайыс белбеумен бұған қара күпісі, басында үлкен бөркі бар көзі тостағандай, табанынан от шығар пысық қара баланы кішкентай күнімнен білемін. Жұрттың бәрімен кәдімгідей сәлемесіп, үлкен кісідей сөйлесіп отырганына танқалатынбыз. Жанына жақындарап онша жұғыса алмағанмен “осындай бол өз бетімізben атқа мініп, әжетке қашан жарар екенбіз” деп армандағынбыз. Ол болса, бізге күле қарап, тымпындарап байталын қорага жақын жетелеп, қос қабатқа аяғын сап ерге ырғып мінеді де, мойнына аскан қара дерматин қоржының бір сипап қойып, Ақан ауылы қайдасың деп тартып тұрады.

Бақсақ, Айғожа төре кеңес өкіметі тұсында сал-серілікті тастап, ауылдың хат-хабарын тасиды екен. Ал біздің ауылда ел “ағажан” атап кеткен атақты шешен Өскенің Ыбырайының баласы, ағайындар “Биліака” деп қадірлейтін Біләл-ата хат тасушы болатын. Сыйлас-сырлас екі қария өзара келісіп Еленовка селосындағы почета бөлімшесінен хат-хабар, газет-журналды Биліақаң әкеледі де, өз ауылына тиесісін одан Айекен алыш кететін көрінеді. Кейде қолы тимей қалса, төре қасындағы үлкен қызы Қалимадан тұған жиендерін жіберсе керек. Жанәбілдің біздің ауылға жиі келіп жүретіні содан.

Әдетте ауылдың кез келген кісіге, кез келген ісіңе өз бағасы, өз көзқарасы болатыны белгілі. Әлгі тымп-тымп еткен тостаған көз қара бала, көзден таса болар-болмаста ол туралы ойларын ортаға салып күжілдеседі де жатады жұрт.

— Осы бір болғалы тұрған бала. Қасқырдың тұқымы ғой. Темірбек балалары түгел тайлығу дегенді білмейтін сен тұр, мен атайын қекжалдар емес пе еді. Кенжесі Зарап қандай еді шіркін. Он-он екі жасында-ақ осы ауылда бала оқытып, төте окумен талайдың көзін ашып кетті. Солардың тұяғы енді қайтіп жаман болсын?! Алтынның сынығы ғой және шетінен алғыр дейді, — деп біреуі бастаса болды, екіншісі қостай жөнеледі.

— Бәрі де тегіне тартады ғой. Сегіз жыл Серәлі болыстың піркәшігі болып, бүкіл Шөбек тұқымының шаруасын басқарған Темірбек тегін жан дейсін бе! Оның үстіне аты алты алашқа мәшінүр Ақан серінің өзімен сөз сайыстырған саңдақ ақын.

*Дүние-ай, жарда ойнаған лақтайсын,
Байыздан қандай жанға тұрактайсын?..
Қараңды анда-санда бір көрсемін
Жеткізбей оле-өлгение жырақтайсын, —*

деп жарықтық дүние-жалғанның алдамшы екенін тап басып, тауып айтқан емес пе, — деп біраз жайдың басын шалып сөз үгар көкірек болса қыруар сыр құяр еді.

Отыз жетінші жылы республика Орталық партия комитетінің бөлім менгерушісі болып тұрғанында жазықсыз жазаға ұшырап Зарап атылып кеткен соң ағаларын да жай қоймай абақтыға жапкан. Темірбек ақынның алты ұлының үлкені Жантемірдің тұтқында жүріп дүниеден озғанын да түгендер шығатын еді әңгімеге еліккен жұрт. Сол Жантемірдің баласы Жанәбілдің соғыс басталған жылы төртінші оқып, бастауыш мектепті бітірген соң мал ферманына есепші болғаны да біздің Жылымды ауылына жырдай боп жететін. Он екі жасар есепші фермадағы жұмысынан қолы босай қалса, нағашы атасының орнына Биләқана келіп, хат-хабар, газет-журналдар алып кетуді қалт жібермейді. Келген сайын нағашы апасына соғып отбасының амандық-саулығын біліп кетуді және кате етпейді. Кербайталдың шоқтығына қырғидай қонып, томпип отыра қалатын кара баланы есік алдынан ұзатып салып: “Осылай қашан өз бетіммен ат жалын тартып мінер екенмін”, — деп армандап мен қаламын.

Осылай жанына жуыспасам да, жастай өнеге тұтып жүрген Жанәбілмен жолғасудың сәті оп-онай-ақ түсті. Қырық сегізінші жылы Қызылсая орта мектебіне окуға барсам, ол сонда оқиды екен. Соғыс жылдары әрі қарай окуға жағдайы келмей, сабағын Женістен кейінған жалғастырған ол сегізінші класта жүрген көрінеді. Мектеп табалдырығын жасым жетіге еркін толмай соғыс басталған жылы аттаған мен де үзбей оқып, сегізіншігे жетіп қалғанмын. Бірақ Көкшетау қаласындағы қазақ орта мектебінде оқып жүргенде қыстың құні машина қағып кетіп, жетінші класты түгел тауыса алмағанмын. Сондықтан мені жаңа мектепке сегізінші класқа бір ай сынақпен қабылдады. Жас құнімде жанына жақындай алмай жүрген Жанәбіл жазбай танып, бірден бауырына тартты.

— Сарбас, сен осы Жылымдыға Әтәйдің (әкем Ақтайды жасы кіші ауылдастары солай атайдың) баласы емессің бе. Бірінші кластан-ақ жақсы оқыды деп есіткенмін. Қазір-ақ қатарға қосылып

кетесін, класс жетекшімізben келістім, менің қасыма отыратын болдың, — деді ол бәрін де алдын ала шешіп қойып. Оку озаты, мектептің мандаіалды окушысы болған соң онымен ұстаздар да санасатын сыңайлы. Аяғында бізге таңсық қарақұрым етік, үстінде китель, мойылдай қара шашы мойнына түсіп тұрады. Бұл да оның бір еркіндігі сияқты. Сол күннен бастап қашан онжылдықты бітіргеніше екеуміздің жұбымыз жазылған жоқ.

Ауыл мектебі болғанымен Қызылсаяның мұғалімдер ұжымы мықты екен. Қазақ әдеиетінен сол тұстағы тәп-тәуір балалар ақыны Фазиза Нұртазина, орыс тілінен бұрынғы Кремль коменданттының зайдыбы, ол кезде айдауда жүрген Евдокия Соловьева сабак береді. Евдокия Васильевнаның бір ерекшелігі — әдеби шығармаларды түгел жаттатқызыатыны. Енді ойлап отырсам, тіл сындырып, орысша дұрыс сөйлеуге үйрену үшін ол таптырмайтын тәсіл екен. Бүгінде бала жасынан өзі зерделеп үйренсін деген желеумен жаттауға жатырқай қарайды. Жасында жаттағының жадында тасқа басқандай мәнгі калатынын ұмытпасақ қой...

Математика пәнінің оқытушысы кешегі майдангер, кан катқан жейдесін шешпестен институттағы окуын жалғастырған Жекен Рыспамбетов сол жылы оку бітіріп келіпті. Карулас, курсастас досы кейін белгілі ғалым болған Мыңбай Ысқақовтың сөзін сыйлап, туган жері Ақтөбе жаққа бармай, осы Қызылсаяға жолдама алыпты. Талабы тым қатал болғандықтан оны балар қаһар кореді екен. Бірақ өзгеге үқсамас өзіндік тәсілі бар бұл ұстаз қатал да қайырмады, ымырасыз да мейірімді еді. Осындај жандардың қалтқысыз көмегі, кластас достардың қамкорлық сүйеуі арқасында алғашкы жартыжылдықта-ақ мен сабак үлгерімі жөнінен класта екінші орынға шықтым. Алда арқан бойы озық Жанәбіл жүрді.

Жалпы, Жанәбіл кластың қосымша жетекшісі, қосалқы ұстазы болды десsem, әсте де асыра сілтеу емес. Ол бірде-бір сабакқа жүрдім-бардым дайындалмайды, тапсырманы күнбек-күн мүкият орындарп отырады. Өзі ғана әзірленіп қоймай, басқа балаларға әркез көмек береді. Эсіреле математика есептерін интернат жатақханасында жаттындарды жинап алып, бірлесе шығарып, тақырыпты ылғи қайта түсіндіріп өтеді. Ал орыс әдебиетінен кластастарына тексті оқи отырып қазақша аударып береді. Шығарманың мазмұнын қазақша білген бала септеу мен жіктеу жағын белден басса да, орысшаны тілі жеткенише айтып беріп, әжептәуір баға алады. Бір ғажабы, ол

диктантты казақша да, орысша да, немісше де еш қатесіз жазады. Сонысына қайран қалатын балалар:

— Қазақша, орысша қатесіз жазуға болар. Ал немісше қалай бір қате жібермейсің? — деп сұраса:

— Кітаптан көшіріп жазамын да, — деп күле жауап беретін ол қуланып. — Нанбасаң диктант алғанда қарап отырши.

Осы әзіліне иланып қалған Зиядден деген досымыз неміс тілінен диктант болғанда қайтер екен деп аңымай ма? Соны сезіп отырған Жанәбіл партаның астынан басқа бір кітапты алып ашып-жауып, ашып-жауып, түп-тура жасырын көшіріп отырған кісінің кейпіне салады. Аңдып отырған бала досының сол қылышына қүлем деп ішегі түйліп талып қалып, кластиң у-шу болғаны бар.

Сондай базасы берік, іргелі білімімен Жанәбіл нақты ғылымдардың бірінің соына түскенде баяғыда-ақ белгілі ғалым болатыны сөздісінде еді. Осы ойды 1994 жылы “Көкшетау” газетіне жазған естелігінде үстазымыз Ж.Рыспамбетов та аңғартыпты “Мен орта мектепте соғыстан кейінгі кадрлардың аз кезінде бүкіл жоғары кластарға есепке байланысты пәндерден сабак бердім. — деп жазады ол.

— Сол жылдары есеп сабағын сүйіп оқып, үміт күттірғен шәкірттерімнің ішінде Жанәбіл Темірбеков пен Сарбас Актаев есімде ерекше сақталып келді. Кезінде екеуі де мектептегі мықты математиктердің алдыңғы салында болды. Ал мен болсам бұл екеуі күндердің күнінде жоғары білім алып, математика ғылымын қуып, бұл салада жаңағын ашар ғалым болатынына күмәнсіз сеніп жүрдім. Алайда сенім алдаған екен, екеуі де журналист болып кетті”.

Иә, Жанәбіл бар өмірін журналистикамен байланыстырды. Баспасөзде белгілі орны бар қаламгер қатарына қосылып, республикалық беделді басылымның бірі — мұғалімдер газетінің бас редакторлығына дейін көтерілсе де, салқын ақыл, сабырлы мінезден гөрі күніне ойы жүз күбылып, жанып-куйіп жүретін жалын жүректі қалайтын журналистикада оның қабілеті бар қырынан ашылмады ау деген пікір дәйім жадыимда жүреді.

Айтып-айтпай не керек, жазмыштан озмыш жок, мектепті медальмен бітіріп ол Қазақ университетінің журналистика факультетіне түсті. Ал мен орыс тілінің маманы болып шықтым. Сонда да екеуміз елу сегізінші жылы Кекшетаудың облыстық газетінде қайта тоғызып, қайта табыстық. Екеуміз де өзөлі әдеби қызметкерлікten бастап, көп үзамай ол алқа мүшесі болып, ауыл шаруашылығы, мен

мәдениет бөлімін менгердім. Алғыр ойлы, бай білімді Жанәбіл сол жылдары қадамы алымды, қаламы қарымды шын мәніндегі өбжіл журналист бол қалыптасты. Әсіреле ауыл шаруашылығы тақырыбын терең зерттеп, жетік білген ол үшін күніне газеттің бір бетін әзірлеу дегенің түккес де тұрмайтын. Орысша түсетін материалды бірден машинакаға айта отырып аударып, әп-сөтте әжептәуір макала жасайтын. Бәрінен бұрын бас макала жазуға тез төседі. Ол жазған ойы айқын, саяси сауатты өсем макалаға редактор қаламы тұрсын, сонаның да тұмсығы батпас еді. Содан екеуміз де бір мезгілде республикалық басылымдарға ауыстык. Ол “СК-ның” (“Егемен Қазақстан”) Қекшетау облысындағы меншікті тілшісі бол қабылданды да, мен “Ара-Шмелъ” журналына қызметке келдім.

Бір жылдан соң астаналық “Жетісу” газеті бас редакторының орынбасары қызметіне шықырылды да, ол жақсы тілші ретінде аға газеттің аппаратына алынды. Содан екі-үш жылдай “Қазақстан әйелдері” журналының жаупапты хатшысы болып, астаналық облыстың газетіне ауысты. Жаупапты хатшы, редактордың орынбасары болды.

Жаупапты хатшы деген газет шығарудың барлық барысын уысында ұстаумен бірге бүкіл ұжымның үйіткісі болуы керек. Ол редакторат пен аппараттың арасын жуыстырып, жұғыстырып отыратын дәнекер. Сондықтан одан мәмілесерлік жорға мінез талап етіледі. Бұл мектептен алдырмай, шалдырмай өткен журналистен, сөз жоқ, жақсы редактор шығады.

Жанәбіл Темірбековтың “Қазақстан мұғаліміне” бас редактор бол келгеннен кейін-ақ газеттің беті бірден түлеп сала бергені сондай мектептен сүрінбей, мұдірмей өткенінің жемісі. Бұрын мұғалімдердің әдістемесін насиҳаттаумен ғана шектеліп келген газет ұзамай ұстаздар өмірінің айнасына айналды. Әсіреле, ауыл мұғалімдерінің тыныс-тірилігін, тұмысы мен жұмысын жан-жақты қамтып, олардың шығармашылық талабына да кең өріс ашты. Ұстаздар жазған өлең-жырлар мен әңгімелер көпшіліктің кәдесіне асырылып, жиі жарияланып тұрды. Сөйтіп, ол окушысы, ақылшысы қөп шын мәніндегі оқығылықты газет болды. Әттең, оның басшысы біздің Жәкең өмірден ертерек өтіп кетті.

— Осы екеуміздің бар айбымызы – бір әке, бір шешеден тумағанымыз ғана. Әйтпесе бірге туғаннан артық болмасақ, кем болған жоқпыш. Интернаттың қара нанын бөліп жеп, қара көжесін бөліп

ішіп, бірге өстік, – дәр еді кейде ағынан актарылатын ол. – Сол бір таршылық заманда тай-құлындағы тебісіп, бір төсекте жаттық. Қазір ғой бірге туған бауырларды бір төсек түрсын, бір белмеге жатқыза алмайсың. Одан бір терінің пүшпағын бірдей илесіп, бірге қызмет істедік. Құдайға шукір, дәрежеміз де бір мезгілде көтеріліп, көзге де бірге тұстік. Балаларымыз да бір-бірімен бауырласып, отбасымыз ішек-карындағы араласып кетті. Жалғыз ғана айыбымыз – бір анадан туған жоқпыз, бір атадан тараган жоқпыз.

Міне, ағынан жарылып, ақиқатын жайып салар осы сөз естілмегенине де бір жыл бол қалыпты. Домбыраның кос ішегіндегі жарысып егіз өріліп келе жатқан өмірдің бір қылышын етіп үзіліп кеткен секілді!

1995 жы

ДИҚАН ДАРЫН

Жазушы кашан да газеттің құты фой. Шығармашылық ұжымдағы шабыттың қанаты да, қуаты да шынында сол емес пе. Көшелі жазушы кез келген басылымның бойына қан жүгіртіп, жан бітіреді. Әдебиетке әуес, қаламға құштар талапкер көбінесе соны төніректейді. Елуінші жылдардың орта шенінде окуын аяктаپ, арнаулы жолдаммен Қекшетаудың облыстық газетіне келген дарынды ақын Еркеш Ибраһим дәл сондай дара тұлға болды. Ол келісімен бұрын жаттандылыққа бой алдыра бастаган басылымның сөзінің дәмі, бетінің әрі кіріп, бірден түлеп сала берді. Арынды да жалынды жырларына қоса ол ойлы очерктер мен әсем әңгімелер, өткір сықақтар жазып, кейде тіпті суреттер де салып жүрді. Қаламдастары да одан қалыспауға талпынып, журналистер арасында жаасты бір шығармашылық жарыстың арнасы ашылды. Сөйтіп, ол талапты, талантты жастардың шын мәніндегі еркесі мен серкесіне айналды.

Еркешті алғаш көргеннен-ақ аға тұтқан мен оқып жүрген жылдарымда да каникулға келген сайын кездесіп, олең жайында, өнер жайында жиі сырласатынмын. Кейде қасына отыра қалып олең өндесіп, хат та корытысатынмын. Сондай сәттердің бірінде ол:

— Кербез Қекше бағыдан-ақ ән-жырдың бесігі болған емес пе. Талап тұлпарының жалына жабыскан жастар қазір де көп-ақ. Тындал қарашы... — деп тартпасынан алып торкөз дәптер парагына айбақтата жазылған әлдебір жыр жолдарын оқи жөнелгені бар.

Тамсанбаймын жүрттап естіп,
Достан естіп дала сырын.
Шаңын да оның жүтқан тершип,
Қарт диканның баласымын.

— Қырдың тозаңын да корек қылған қарт диқанның баласы-

мын деп тұрғанын көрдің ғой. Өзіндік өрнек деген осы. Ал авторы ма? Авторы, өзі, айтқандай білікті дикан болғалы жүрген ауыл шаруашылық техникумының студенті. Аты-жөні – Нұрмияш Көбенов. Рас, мамандығының ақындықтан ауылы алысырақ. Әдеби білімде әлі аздау. Бірақ өзі ақын. Және шын ақын, қыр ақыны. Ол үшін қырдын: “Дикан болып сөйлейді жаңбыры да, дикан болып күледі таң нұры да”. Эрине, өлеңдерінің бәрі бірдей төрт аяғы тен жорға емес. Тап басып тауып айта алмайтын, ойын жеріне жеткізбей тапырақтап қалатын тұстары да бар. Тілі ұдайы оралымды, үйкасы жұп-жұмыр мінсіз де бола бермейді. Алайда аздалап қырнап, сырлап, мұртын басып жіберсен, кез келген жыры кәдеге жарап кетеді. “Шеберлер соғады, зергерлер жонады” дегендей, қаламы тоғалған біздің бұндай дарынды қолтығынан демеп, қанаттандырып жіберу борышымыз ғой. Жалпы, бұл газеттегі қаламгердің пешенесіне жа-зылған парыз.

Тұлпарды тайынан, дүлдүлді шаңынан танитын көзі қарақты сыншы сиякты Еркеш бар бейілімен құлап, келешегінен көп үміт күткен сол Нұрмияш Көбеновпен мен облыстық газетте қызмет істеп жүрген кезімде алпысыншы жылдың жазында кездестім. Үстінде темекі тұстес солдат киімі, белін қынай буған орта бойлы, талдырмаш, қараторы жігіт екен. Шалқасынан қайырған шашы мойылдай қап-қара. Және өзін мұнтаздай ғып бастырған. Шашы әрі қайратты болса керек, қоландай бірқалпынан қозғалып, кобырау дегенді білмейді. Қара көзі күлімдеп, шуак тогіп тұрады. Күлгенде әппақ тістері ақсиып, ерке сәбідей мұрнының үсті жиырылып, екі езуі екі құлағына жеткендей. Жазық мандайына ұп-ұсақ толқындар тізіліп, бет-жузі түгел қүлетін тәрізді. Кәдімті аузын ашса, жүрегі көрінетін аққошек, аңқылдақ адамның риясыз ракат күлкісі.

Тай-кулындай тебісіп, бірге өскен құрбы-құрдастардай бірден бауыр басып, бір-бірімізben шүйіркелесе жөнелдік. Сол күні кештетіп астанадан келген кадірлі бір конағымызды алып ауылына барып, ата-анасының қолынан дәм татып та қайтық. Әскерден әкелген бір-екі дәптер өлеңдерін сүзіп, ішінен ірікten алып, ұзамай біразын газетке шығардық. Қалғанын қайта карап, шындаш шымырлай түссін деп өзіне қайтардық.

Осылай арамызда әріптестік ынтымак орнал, ол журе келе жанашыр достыққа ұласты. Әскерден келісімен өз ауылына агроном болып орналасқан ол бүркүратып өлеңді жазады да жатады, жібергенін біз сәл сыйтап, тігісін жатқызып жариялаймыз да отырамыз. Күн асқан сайын оның қаламы шындалып, қадамы ширай

түсті. Келер жылдары ақындық беті әбден айқындалған кезде оған газетке қызметкө кел деп қолқа салып та көрдік. Сондағы алған жауабымыз:

*Ақының деп қай қалаға қошемін,
Жазамын ба тұзулігін қошенің.
Өзім туған ауыл толы өлең-жыр,
Достарыммен бірге шырқап өсемін, —*

болды.

Алды-артына қарамай құйғып, құйындай үйтқып өтіп бара жатқан құндер-ай. Міне, оған да отыз жылдан асып кетіпті ғой. Содан бері ол туган ауылынан табан аудармай, дән толқытып, ән шалқытып, жыр кестелеп келеді. Былайынша, егінді алқапты аралай жүріп ой толғайды, жер кыртысын зерттей жүріп өлең өрнектейді. Онысының жемісі де олқы емес. Алпыс төртінші жылы жарық көрген “Тұңғыш кітап” бастаған жеті жыр жинағы бар. Алыс ауылда жатып-ак, қиян қырыда жүріп-ак қыруар іс тындырғанының айғағы емес пе бұл кітаптар.

Оз басым Нұрмияштың тапжылmas табандылығына, ақындықка қалтқысыз адалдығына, кіндік кескен жеріне деген кіршіксіз махаббатына тәнтімін. Кент тұрмысын көксеп, бақ талайын сынап көргісі келсе, оған жас қала да, бас қала да құшак ашары анық-ты. Қызмет те, тіпті бақ та, так та табылатын еді. Карымды қаламгерге қай газеттің қабырғасынан орын бермес. Бірақ ол шыр етіп дүниеге есігін ашқан жерін шыр айналып, шетке шықкан жоқ. Ақын үшін ағыл-тегіл өлең жырынан аскан атақ-данқ болмайтынын бастаң-аяқ қөніліне берік түйді. Лауазымның лауына мініп, билік бишигін үйіріп жүріп, талантимыздың тамыр тартқан топырағынан, шабытимыздың шымырлаған қайнар көзінен шығандап алыс кетіп қалғанымызды қайсымыз болсын енді-енді түсінгендейміз. Қай шаруаны қолына алса да жанымен жегіліп, жалынымен беріліп атқаратын ақын адам билік тізгінін ұстаса, оны да шырқау биігіне шығармай дамыл, тыным таппасы хақ. Сөйтіп, кара жаны дамыл көрмей, жарғақ құлағы жастыққа тимей, борыш боп жабысқан бейнет сонында жүргенде жардай ғашық жыр көзіне шөп салып алуы да кәдік қой. Колында бармен көзге ұрып, өзгеден артыламын деп алабұртпайтын салқынқанды, сабырлы мінезі Нұрмияшты, міне, осы дерттен сактап қалған сияқты.

Даланың дарқандығы мен ауылдың анғалдығы бойына ана сүтімен сіңген ол қыр улының қызығы қырда ғана деп үгады. Оның өлеңдерінен даланың бұла желінің лебі есіп, лала ғулінің

іісі аңқып, бұлақ сыңғыры, жапырақ сыйбыры естіліп түрғандай болатыны содан.

*Мен – далалықпын,
Дала – өткен базары балалықтын, –*

деп басталатын өлеңінде ол:

*Дала – менін бақытим, дала – тұлғам,
Дауылынан даланың жаратылғам.
Өмірдегі пәктік пен адалдықты,
Оқып жүрмін аккүдың қанатынан, –*

дейді.

Әдетте пендешілік дақпырт пен перштегі пәктіктің арасы жер мен көктей. Ал актық пен пәктіктің, адалдықтың киесі – акқу. Көдімгі құс төресі, табиғаттың тәкәппар перзенті акқу. Ендеше, ақын жан-жаққа, ағайын-аумакқа ақ адад болуды сол табиғаттың өзінен үйрен деп үндейді.

*Мен – диканмын, жап-жасыл жапыракпын,
Гүл құшактап, нұр сүйген атыраптын, –*

деп оның өзі де табиғатка айналып, “Кісі бойы егіннің ортасында асқақтайдағы әлемді таңдандырып”. Сондықтан да оның:

*Мен – диканмын,
Даладай алып тұлғам.
Күздің түнін күн көзім жарық қылған.
Арманымның ақ күсын аспандатын,
Тіршіліктің тынысын тарықтырман, –*

дегеніне еш шүбесіз сенесің де. Оның дикан дарынына ден қоясың.

Әлбетте, ақынның майдайын даланың майда самалы сипап, жібек желі ғана желіп қоймайды. Оның бас-көзге үрып бет қаратпайтын актүтек бораны мен алакүйын дауылы да бар. Құйын мінездес алакүлік адамдар да аз емес арамызда. Олардың көбі өмірді “Ән ғып өткен, сән ғып өткен” ақынның еркелігін есерлікten айыра білмейді. Сырттан сөз сабактаап, өсек шабақтайтындары да үшырасады. Оған бола ақын мойымайды. “Тоқсан бастық торықтырса да өлеңін тоқтатпай” шабыт тұлпарына тақымын қыса түседі.

*Қиналасам да қын болды демедім,
Өйткені мен өз күшіме сенемін.
Бір күндері тоқтаганмен тирлігім,
Токтамайды өлеңім, –*

деп тоқтамай жүрттың жүргегіне тартқан жолын жалғасыра берер жырларын медет тұтады.

Нұрмияш шадыман шат күндерінің қанатын соғыс өрті шар-

пып, “Балалық бал күндерін егін орган белдерде, сабан үйген жерлерде қалдырып, масақ терген аңызда” жүрек жалғап өсken үрпақтың өкілі. Оның осы тақырыптағы өлеңдерінде он сегізінде от кешкен ағалардын арманы, майданнан оралмаған жарын кемпір болғанша күткен келіншектердің мұң-зары, келін бол түсіп үлгермей, жат босаға бұйырған арулардың, соқа сонында салпактап, масақ терген балалардың тағдыры терең тебірентеді. Осы орайда ол қысқа қайырымды сезімтал, сергек өлеңдермен ғана шектелмей, бірегей балладалар мен шағын дастандар да жазып жүр. Бұл заты лирик ақынның кесек дүниелерге де кібіртіктемей бара алатынын көрсетсе керек.

Әйткенмен оның ақындық бет-бейнесін тамылжыған табиғат суреттері, сезім пернесін дөп басар көңіл-куй жырлары айқындаиды. Бірде Жекебатыр болып, бірде жасыл айдаңдағы көгілдір кеме бол кетіп, бірде қырга шеккен бурадай маңқып жататын жер шоқтығы Көкшениң сан алуан көріністері, суга ғана емес, сұлулыққа толы сексен көлдің, самал келіп сылаңдап, таудан сәлем жеткізсе, бұралып билей жөнелер биші қайындардың кескін-келбеті кімді болсын елең еткізерліктей. Ойды осылай өрнектеп, сөзбен сурет сала білу шын ақынның ғана пешенесіне жазылған сыбаға сый.

Әрине, адам оқумен ғана ақын болмайды. Ешір оқу орны даяр ақын жасап шығара алмайды. Ақын бол туады, әкім бол қалып-тасады. Ал оқу ақын бойына ана сүтімен дарыған дарынды, сүмесіне жаратылысымен біткен білімді үстеп толықтыратын, шындарап молықтыратын құрал ғана. Жөргегінен ақын болып жаралған тума талант Нұрмияш Қебенов өмірдің өзінен ғана оқып, білімін тұрмыс тәжірибесімен байытып, қабілетін тынымсыз еңбекпен қанаттандырып, өлеңін де, өнерін де өздігінен өркендептіп келе жатқан қаламгер. Сөз жоқ, бұл ұшы-қырысыз бейнет, ұшан-теңіз еңбек. Қарекеті қисапсыз бүндай бейнетке жүргегі дарқан, жігері дикан дарын ғана төтеп береді.

*O, өмір,
Өзендердің ор үнін бер секірген,
Қындықты кесіп өткім келеді.
Алтын күздің өнімін бер өтінем,
Асыл маржан жынып өткім келеді, —*

деп өмірден де, өнірден де, көнілден де інжу-маржан іздел, жар құлағы жастыққа тимей, оның зейнет екенін де, бейнет екенін де білмей тынымсыз жыр тербейтін — Нұрмияш Қебенов сынды дикан дарын.

1993 жыл.

СЕМСЕР СӨЗДІҢ СЕРІСІ

Атағы алты алашқа аян Ақан сері қайтыс болғанда қабірінің басында қаралы жиын өткізіп, қазақтың тұңғыш кәсіби экономисі Мәмбетөлі Шөбеков: “Мың кісілік Ақан аға-ай, бір кісінің өлімімен кеттің-ау!” деп жылаған екен. Сол сиякты жалғыз өзі жүз журналистке татитын танымал көсемсөз тарланы Нүри Муфтах та бұл жалғаннан бір адамның орнында кете барды. Атыраудың күмында шыр етіп өмір есігін ашқан азаматқа Алатаудың шынынан топырақ буйырды. Өзі де тірлігінде қырандай қиялап, қиядағыны шалатын қырги сөздің шынына құлаш ұрган қарымды да дарынды қаламгер еді ғой. Оның сол бийкке самбауына азды-көпті септігіміз тисе, әріптестің толатын ақылына, қонатын бакытына жол ашып, демеп-жебел жіберуіміздің өзі бір мерей емес пе.

Жетпісінші жылдардың бас шенінде “СҚ”-ға (қазіргі “Егемен Қазақстан”) Сапар Байжанов — бас редактор, ал мен оның орынбасары болып келген кезде қызметкерлердің дені бір орында тапжылмай бірнеше жыл отырып, араларынан ешкімі де өспей, енжар тарта бастаған екен. Онсыз да ресми материалдары бас көтерпейтін басылымда редакция қызметкерлерінің ең басты міндеті газетті қатесіз шығару ғана деген теріс түсініктің салдарынан қаламы жүйрік, қиялы үшқыр жігіттердің өзі жарытып ештеңе жазбай, жазса шығара алмай, зар қағатын көрінеді. Сондыктан шығарма-шылық үжымға жан кіргізіп, жұмысына қан жүгіртетін тың күш керек болды. Бір ғажабы, бұндағы журналистерде Алматыдан басқа жерде қалам үстай білетін жөндем адам жоқ деген жалған үғым етек алған екен. Көдімгі астаналық астамишылық!

Орталық партия комитетінде ұзақ жыл баспасөз жағын басқарған Сапекең мен облыстық газеттің орынбасарлығынан келген әрі

аймақтардағы әріптестердің аяқ алысын аңдал жүретін маған қай жерде қандай қаламгер бары бесенеден белгілі. Солардың қарым-дисы мен шалымдысын шақырып, жоғары жакпен акылласа отырып, жұмысы мен түрмисына жағдай жасасақ, талайдың шырағын тұтатып, шабытына қанат бітірер едік, газеттің де шырайын енгізер едік деген ойымды жақсы пікірге жана түсетін бастиғым бірден құптағы. Сейтіп, Торғайдан Қойшығара Салғарин, Қарағандыдан Ақселеу Сейдімбеков, Өскеменнен Тоқтарбек Қызықбаев, Қызылордадан Зұлкарнай Сакиев шақырылды. Бірер жігіт жастар газетінен тартылып, тіпті университеттің соңғы курсынан екі-үш жігіт алынды. Жұмыс жанданып, газет ажарланайын деді.

Сондай күндердің бірінде ертеңгілік Сапекеңнің өзі телефон шалып, кабинетіне кіріп шығуымды өтінді. “Адалдығын айтшы, бізде тікелей тек сынмен шұғылданып жүрген журналист бар ма?”— деп сұрады жыльыдай қолға алып. “Жап-жақсы сын жазып жүрген жігіттер болғанымен, бірынғай сынның сонында жүргендері, әрине, жок”, — дедім. “Ендеше, ондай қаламгерді мен таптым, ұсынып отырған университет журналистикасының жетекшісі Темекен, яғни Темірбек Қожаеевтің өзі, — деп үстелінін суырмасынан алып бір папканы қолыма ұстадты. — Танысып шығып, пікірінді айтарсын. Содан кейін көрейік...”

Танысып шыққан материалдарымның көбі Атырау облыстық газетінде жарияланыпты. Фельетондары басымырақ екен. Арасында батылдауы да, босаңдауы да бар. Дені жергілікті жердің деңгейінен көп көтеріле коймаған. Алайда автордың кілең келенсіздікпен күресіп, бірынғай сын жазып ұстанған бағытынан қайтпай келе жатқан қайсаrlығы ұнады. “Айғыр атқан Әзірбаевтар” тәрізді тақырып қоюы да тәп-тәуір. Осы ойымды айтқанда, Сапекен “Бос орын болса, өзімізге алып жіберетін жігіт екен” деді.

Іздегенге орын табылмай ма, редакция менгерушісі Магзұм ағайды қадірлеп, құрметті демалысқа шығарып салып, уақытша соның орнына алдық. Сын мақала шығады-ау деген хаттарды, арызшағымдарды соған беріп отыруға келістік.

Ұзақ жылдар бойы қара қылды қақ жарғандай әділ, алмас қылыштай өткір сын макалаларымен қазақ баспасөзі қарашанырағының абырай-беделін көтерген семсер сөздің серісі, сықақ сөздің сойы Нұри Муфтах алғаш осылай газетке редакция менгерушісі болып келген еді. Техникалық қызмет саналатын редакция менгерушілігіне сонау Атыраудан кісі алдыруға ұжымда әркім әр-қалай қарады. Нартәуекелдің түпкі сырын түсінбегендер оның ас-

тарынан тамыр-тәнүстүк іздең әуреге түсті. Соңдықтан жаңа қызметкерді құшақ жая карсы алушылардан гөрі, атырынып алая қарайтындар көбірек болды. Солардың бірі бас редактордың бірінші орынбасары Балғабек Қыдырбекұлы еді. Нүри келгенде ол демалыста болатын. Жұмысқа шықкан бойда-ак оны ай-түй жок тікелей телефонмен шақырып алады. Сол сәтін Нүридің өзі қызық қып айтатын.

“Амандық-саулық жок, “кел маған!” деген өктем дауыс шықты, — дейтін ол. — Бардым. Алдында алтыннатқан көзілдірік киген тесіле қарайтын жұқалтаң кісі отыр. Естуім бар, өте қатал, қолдаушысы күшті кісі көрінеді. Батыстың қазақтарын жаратпайды деген де сыйбыс бар. Сәлем беріп едім, жауап қатпастан:

— Сен осы қайдан келдің? — деп сұрады.

— Гурьевтен.

— Жок, қалай келдің деп отырмын.

— Өзім де білмеймін, — деп аяқ астынан шақырылып, келген соң қызметке қабылданғанымды айтып, мән-жайды баяндап бердім.

— Маган сені Байжановтың қүйеу баласы деп еді? — деді ол. Мен жұлып алғандай:

— Байжановтың ұлты кім? — деп едім, ол шақырайып бір карады да:

— Қазақ емес пе?! — деді.

— Ал менің әйелім татар ғой, — дедім”.

Мұндай жауапты күтпеген болуы керек Бәкен қаркындалап куліп жіберіпті. “Баланың жілік алмақ — мінезінен” дегендей, жігіттін бедел алмағы бір өзінен, білігі мен еңбегінен ғой. Соңынан екеуі сыйлас-сырлас болып кетті. Ал ортамызға келуіне аздал қатысым болған мен оның тепкен тасы өрге домалауына мүмкін-қадерінше атсалысуға тырыстым. Жоғарғы Кеңестің сессиясы сайлаган мүшесі ретінде Мемлекеттік бақылау комитетінің мәжілісіне үзбей қатысатын мен бұлтартпас деректерге бай, сындарлы сын шығатын материалдармен ұдайы қамтамасыз етіп отырдым. Олардың кейбірінен өткір сын, кейбірінен уытты фельетон туды. Кейде елең еткізер бір оқиға естісем оны да айтып, арнайы іссапарға шығуына мұрындық болатынмын.

Бірде “Алатау” санаторийінда демалып жатып Онтүстік Қазақстан облыстық сотының мүшесі Бекет Тұрғараевпен таныстым. Кісіге үйір, әңгіме құмар жас жігітпен әп-сәтте бауыр басып, отбасымызбен мидай араласып кеттік. Халқымыздың жақсы әдебі мен

жаман әдеті иткіңіс түсіп жататын қазақылығы мол аймақта былай-шылдық белең алып бара жатқаны туралы әңгімелей отырып ол:

— Қалынмал күшейіп барады, ырым-жырым, киіт деген пәле үшін, құйрық-бауыр жесіп, төс түйістірген қудандалылар аяқ астынан араздасып, акыр соңы сотпен бітетіні бар. Жақында сондай бір болмашы қәдеге өкпелеген бір құда қызымыды алғаш зорлап алып кашқан деп күйеу баласын соттатып жіберді, ал қызы “тас түскен жеріне ауыр” деп барған жерінде екікабат отыр. Шындыққа карсы күресуге шамам келмей, облсот мүшесі бола тұрып, жазықсыз жігіті қорғап қала алмадым, — деп қынжылды.

— Жазатын оқиға екен, — деп демалыстан оралысымн Нұриденге мән-жайды айтып, Шымкентке шұғыл іссапарға жіберіп, Бекетке қемектес деп телефон соктым. Сол сапардан ол “Келін үйде, күйеу не күйде?” деген қөлемді мақала жазып, күрделі мәселе көтеріп кайтты.

Әдette оның жазғандары алдымен маған түсетін. Алғашқы нұсқасы менің қолымнан өтіп, қажет жерінде азын-аулак мұрты басылып, бас редактордың алдына сосын баратын. Түзетулер мен толықтырулар, көркейту мен күшейту керек болса, ол кейбіреулер сияқты әр сөзі үшін салғыласып жатпай, үн-түнсіз алып кетіп, ертеңінде сымға тартылған жібектей есілген жаңа нұсқасын жазып әкелетін. Қолмен жазбай. мақаласын бірден машинкаға өзі бастын, ол жазғаны ұнамаса, бетті суырып тастап, нешеме мәрте қайта басып шығуға әсте жалықпайтын. Мәселен, Жамбыл облысынан жазған “Жала мен жаза” деген мақаласының үш күнде үш нұсқасын жасап, үшеуін де жаратпай, жаңадан жазып, төртінші күні гана ұсынғаны бар. Бұл оның өз колынан шығып, астына аты қойылатын дүниені әл-дәрменінше жеріне жеткізіп, көңілден шығару үшін маңдай терін сан сыптырып, шыбын жанын қинаудан титтей де танбайтын жауапкершілігін танытса керек. Жанды қинап, жүректі жарып шықкан сөз жүректерге тез жететіні әзелден аянғой.

Бәлкім, оның осынау жанкешіті жауапкершілігі мен ересен еңбеккерлігінің, талмай үйренуі мен тынбай ізденуінің арқасы болар, он жеті жылдан астам жемісті еңбек еткен “Егемен Қазақстанмен” қош айттысканнан кейін-ак, құлағын басқа қуйге бұраған домбырадай, басқа тілде қалам сілтеп, орысша еркін жазып жүре берді ол. Бір қияндағы қазақ ауылында мектеп бітіріп, комсомол жолда-масымен Қарағанды шахталарында кенші болған жылдары сорабы

салынған таныс тілді тек шындал, жетілдіру ғана керек болды. Әуелі бір жарым жылдай Шымкентте “Заң және заман” газетін орысша-қазақша шығарып, Бас прокуратураға баспасөз хатшысы болып ауысқан соң, “Казахстанская правдадан” бастап орыс тілді газеттердің бәріне дерлік жиі жазып тұрды. Оның қаламының үшқырлығы, жазуының өніктілігі сондай, ойлы да өткір мақалалары бір алтада бірнеше газеттен жарқ ете қалып жүрді. Әсіресе, өздерін тәуелсіз деп санайтын бертінгі бейресми газеттерде оның қозғамаған такырыбы, көтермеген мәселесі кемде-кем шығар. Ал қазақ журналистикасының қит етсе, басшылыққа шыбындал, шашбауын көтеріп, жөтеліп қалса, “жәрекімділік” деп мактай жөнелетін ардагерлерінің алақай дәстүрінен ат тізгінін ерте үзіп, бүтінгі билікке айтарын батыл айткан батыл қаламгер болды.

Жалпы “Егемен Қазақстан” Н.Муфтахтан бекер айрылды. “Арқала қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар” дегендей, қаламын еркін сілтеуіне жағдай жасап, ойын еркін айтуына жол берсе, ол байырғы басылымның байрағын биік көтеріп, өле-өлгеніше өнімді еңбек етіп сонда жүре берер еді. Қазір қанға сініп бара жатқан бір жаман әдет бар: басшы біткен жасы алпыска жеткендерден кірпідей жиырылып, әр сөзін түрпідей көріп “әй, сол шалды койшы” деп қолды бір-ақ сілтейтін секілді. Ал қалам қайраткерлерінің жасы үлғайған сайын тәжірибесі толығып, ой-өрісі молығып, қабілеті қуаттанып, шабыты шарықтай түседі емес пе. Оның айқын мысалы осы Нұри Муфтах еді.

Алайда ондайларды, әсіресе қаламның қарапайым енбеккери журналистерді ілтипатқа ілетін билік байқалмайды. Грант, стипендия деген ардагер журналистер үшін аспандағы айдай колжетпес арман ғана. Мемлекеттік сыйлыққа дейін сұрап алып жатқан заманда ол күні осы уақытқа дейін бірде-бір журналистке бұйырған емес. Жұрт әділеттің ақ семсері деп сotttan да, прокурордан да жоғары қоятын, құқық корғау тақырыбын тамаша игерген, занға жүйрік те жетік әрі осы саланың бірден-бір білгір қаламгері Нұри Муфтахқа тым құрыса Қазақстан Журналистер одағының лауреаты атағы да берілмеуін қалай түсінуге болады. Әсте әзіліміз жарасып, қатты қалжындастын оны:

Әзірге алмасан да атак ірі,
Разығын жүрсін байтақ отанынды.
“Өзіміздің Нұри” деп сыйлайды елин,
Семсер сөздің Сүбіттай баһадүрі.
Осыдан болмас, сірә, атак ұлы, —

деп суырып салып күлкі аралас көнілін жұбатқаным да бар. “Шаутартып шалдықты” деген сол Муфтах соңғы жылдары Атырауда шығатын “Алтын ғасыр” газетінің бас редакторы, Алматыда шығатын “Азат” газетінің бас жазушысы болып екі бірдей үнпаракты басқарып, басқа да бірнеше басылымдарға тұрақты қатысып тұрган жоқ па! Шаутартып шал болса, сондай-ақ болсын жүрттын бәрі! Оның кейінгі кезде билік орындарының әділетсіздігін шыжғырып бетке басып, ашық айтуының да бір тетігі осы алалауда, енбекті елемеуде жатқан тәрізді.

Бірак басшылықты сынау барыспен сүйісу сияқты қатерлі батылдық қой. Кейде содан сактандырып, ойымды өзіне әркез ірікпей айтатын дағдымен:

— Эй, батырым, пайғамбар жасынан асканда кез келгенмен айқайласып, кенірдек жырта бермей, сабана түссенші. Билікті сыйнаймен деп бікten күлап мерт боларсың, — деп жи ескертетінмін.

— Айтарын айтып өлген қаламгерде не арман бар!? “Білеміз ғой, білген соң айтамыз да” деген ғұлама Марғұлан ағамыз сияқты айтарымыз барда айтып қалайық та, — деуші еді марқұм әзілшынын арапастырып. Алдында өрт тұрса да алған бетінен қайтпай, қарғып кететін жолбарыстай қайсар еді ғой, сабаз!

Тегінде адам туған топырағына тартады деген дұрыс. Кісінің мінез-құлқынан, болмыс-бітімінен, қарым-қабілетінен, жүріс-тұрысынан, іс-қимылынан, тіпті көзкарасынан да туған жердің белгілері білініп тұрады емес пе. Оның бір жарқын мысалы ардақ досымыз, абзал замандастырып, алғыр әріптесіміз Нұри Муфтахтың тыныстіршілігі болатын. Мінезі өзінің кәрі Каспийіне ұқсайды десек қателесспесіз. Бірде шалқыған дариядай доска да, жатқа да жайдалы, ақжарқын. Шалқып қасында отырган жанның санын сипап койып, әңгіме кілтін ағытып кеп жіберер еді. Жаны сонда көк теңіздей тұнған байлық секілді көрінетін. Жасар жақсылығын, көрсетер көмегін танитынынан да, танымайтынын да аямайды. Көбіне өзін іздел келетіндер біреуден қиянат көріп, қысымға түсіп, теңдік таба алмай, әділет, араша іздел жүргендер болғандықтан, олардың арызын тыңдай сала не телефонға ұмтылады, не шұғыл сапарға шығады. Баяғы “СҚ”-дағыдай тұрақты орны болмаса да, жазғандарын жарияладап жүрген бүтінгі бейресми басылымдардың есігін қағып, көмек сұрап келгендердің есесін әпергелі өз қалтасынан қаржы жұмсап, сапарға шығып жүргеніне бертін талай рет күе

болдым. Шындық үшін шыбын жаны шырқырап, орнында отыра алмайтын мінезден бір жаңылмай кетті.

Ал кемшілік пен келенсіздікті көргенде ол тағы да теңіз мінезіне басатын. Бұл жолы көкжал толқыны көкке шапшып, екпіндете кеп жағаны ұрған, кері шегініп кетіп, екілене ілгері ұмтылған адуын теңіздей буырқанып жолындағының бәрін жапырып кетуге. Әділесіздік атаулымен арыстанша айқасуға бейіл. Әйтеуір бар арманы — әділесіздік атымен жойылып, зорлық-зомбылық пен қысастық жер бетінен аласталса еken деген ізгі ниет. Оның қырық жыл бойы жазғандарының бәрінен осы ниеттің лебі есіп тұрады. Сем-сер сөз серісінің өмір бойы қайтпаган құресінің мұраты да осы.

Сол мұрат Нұри Муфтахтың атын көзі тірісінде-ақ ақызыға айналдырған еді. Анау жылдары ол Шымкентке қызметкे аудықтанды, республикалық газеттердің бірінде оған арналған олең басылып, онда автор: “Алматыдан кетсең дағы, үмітті үзбейміз де; арыз ап бара қалсақ. Шымкенттен іздейміз де” деген еken. Шынында да, республикалық мекемелерлін үстінен арыз айтып, бір адамның оны Шымкентке іздел барғаны бар. Ал Жезқазғанға біздін бір қызметкер арыз тексеруге барса, хат иесі: “Сізбен сөйлеспеймін, мен Муфтахов жолдасты шақыртқанмын” депті. Сонда тілши жігіт: “Ол менің бүркеме атым фой” дел жол тауып кетіпті. Артына айтып жүрер сөз, сайрап жатар із қалдыру деген осы болса керек.

2003 жыл.



V. Кейінгі толқын інілер

Жанайдар Мусин
Еслем Зікібаев
Мамадияр Жақыпов
Бекболат Әдетов
Сауытбек Абдрахманов
Төлеген Қажыбаев
Жанболат Аупбаев
Жабал Ерғалиев

ЗЕРЕК ЗЕРДЕ

Бір жазда біз үшеуміз облыстық газетке бір мезетте келдік. Жылға жуық ұстаздық еткен орыс әдебиетінің оқытушысы мен қаламды колға қайта алып, мәдениет бөліміне орналастым. Бір ауылда туып, құлын-тайдай тебісіп тете өскен Нөгербек казак университетінің журналистикасын ойдағыдай бітіріп кеп, насиҳат бөліміне аға әдеби қызметкер болды. Ал Алматыда оқып жүрген Жанайдар газетте өндірістік тәжірибеден өтпек екен. Үшеуміз де салт бас, сабау қамшылы, ботатирсек бозбаламыз, арамыздығы он-он бес ай айырмашылық болмаса, жасымыз да шамалас.

Антон Чехов айтқандай, карта ойнауга қалтасы тақыр құмар-паздың айналышқтап ойыншылардың қасынан кетпейтіні сияқты, жас талапкер де әдетте әйгілі әдебиетшіні төңіректеп жүреді фой. Сол секілді үшеуміз де үшкыр журналист, арынды ақын Еркеш Ибраһимнің айналасынан шықпаймыз. Сол жылы тырнақалды тұнғыш жинағы “Қарлығаш” жарық көріп, оның өзі де қарлығаштай шарықтап қазақ жырының қөніне бір-ақ көтерілген-ді. Газеттер жаппай жарыса жазып, алғашқы кітабына жылы лебіз білдіріп жатты. Өлең десе өзге дүниені ұмытып, әдебиет дегенде ішкен асын жерге қоятын біз үшін, әрине, ол үлкен бедел. Сондықтан талап тұлпарының жалына жармасқан бізге одан асқан басшы да, бас редактор да жоқ сияқты көрінеді. Жас та болса бас болуға бейім Еркештің өзі де жазғанымызға әділ бағасын айтып, ақыл-кенес беруден жалықпайтын.

— Әзір журналистикада үшеуіңдің де деңгейін бірдей, қалам үшталып, қабілет шындала келе, қайсың топ жарып, кара үзіп шығарың ерінбей еңбектенуге байланысты, — дер еді ол кейде көңілденіп отырып көкейіндеғісін ірікпей. — Тек газеттің күнделікті

күйбеніне малтығып қап, қия баса алмай жүрмендер. Талтаурын тәсілге бір түсіп шоқтығына шығып, шоқырағына үйреніп алсаңдар, одан жуырманда арылу қын. Сол себепті бар жанрға барлау жасап, қайсында болсын қаламды өзіңше тербеу керек. Әзір үшеуінің де әдебиетке деген ынта-ықыластарың үміт отын туатады. Әйтпесе екі жыл бойы осы ұжымда бұл жөнінен жалғыз шауып, жүйрік шыққандай болып, шаманы болжай алмай жүр едім. Кара көбеймей дода қызбайды, бәйге де болмайды ғой. Әйтеуір, әріптес облыстық газеттер жыр жинағыма жаппай пікір білдіріп, шама-шарқымды безбенде берген сиякты. Пікір болған соң артық-аудыс сын болмай тұра ма. Біреулер “япыр-ау, балтыр қандай, балтыр қандай!” деп тамсанып таңдай қаға беруі ерсі деп салыпты. Мейлі ғой, сын түзелмей, мін түзелмейді, онысына да рахмет.

Қатар-құрбыларына қарағанда әлдекайда маңғаз, сабырлы да сырбаз Жанайдар әдептегідей әр сөзін шегелей, баппен байыпты сөйлеп:

— Ераға, “Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы” деген жоқ па еді ұлы Абай. Демек, әр адам өлеңге өз өресінің жеткен жерінен қарайды, өз білгінше баға береді, — деді. — Ал, өзіміз осы өлеңінді айтып, алдымыздан өткен талай қыздарды жалт қаратып, жанағынан алғыс шапағын шашыратқанбыз.

Үйқыдан жүргегімді оятқандай,
Жарқ еткен жазғы кешите кай акмаңдай.
Осынау ұлулықты жетелеген
Япыр-ау, аяқ қандай, аяқ қандай!
Жанары бейне толқып көл түрғандай,
Сезіндім көл койныңда алқынғандай.
Көтерген осыншама ұлулықты
Япыр-ау, балтыр қандай, балтыр қандай!
Кідріші жетер жерге таян қалмай,
Дедім мен: тілдесейік, ау, акмаңдай!
Қаракөз тонкеріліп қарап еді,
Аузымда қалды сөзім аяқталмай,—

дегенде бір дір етпеген қызды көрген емен. Тыңдаушысын елең еткізіп, жатталып қалар жыр қашан жаман болып еді?! Өз басым, өлең жазбаймын, ақындықтың ауылынан аулақпын. Бірақ өлеңжырды сүймей тұрып, сөз қадіріне жетпейтінімізді жаксы білемін.

— Иә, өлең сүймеген жан, өнер сүймейді. Әдебиетті білмеген мәдениетті азамат бола алмайды, — деп Ерекең жанып кететін. — Сондықтан журналистердің дені жыркүмар, әдебиеттің жанаңшыры болғанға не жетсін! Үшеуің маған, міне, сол үшін үнайсындар. Ал,

біздің жігіттердің бетке түсken өлеңнің ішінде “жүргі” деген сөздің орнына “жүгері” журсе, жібере салатындары да бар. Жақсы журналист ең алдымен әдебиет пен мәдениеттің жанашыры болуы шарт. Онсыз елдің өркені өспейді, ердің көсегесі көгермейді.

Жанайдардың алғашқы мақаласы мәдениет жайында болды. Эдете белгілі бір жағдайға байланысты аракідік бас сұкканымыз болмаса, мұражай дегенді онша елей бермейміз гой. Жайшылықта оған кіріп-шығып жүретін жұрт және шамалы. Сондыктан оның не істеп, не қойып жатқанында да ешкімнің шаруасы жок сияқты. Жас журналист осындай көзден таса, көnlден тыс тақырыпты толғап, облыстық өлкетану музейі туралы қөлемі әжептәуір өп-әдемі мақала жазып, алдымызыға қойды. Баксақ, кілтін тапқанға тақырыптың үлкен-кішісі жок екен. Бұрын жұмысы шағын хабармен шектелетін мұражай үжымының алдында да атқарылуы тиіс келелі миндеттер, шешімін күткен күрмеуі қыын мәселелер аз көрінбейді. Жанайдардың соны жан-жақты зерттең, оралымды тілмен айшықты ойға орап, жібектің түйініндей ғып жұтындырып бере койғанына разы болдык.

Мақаланың басталуы да тосын, таптаурын емес. Жергілікті бір суретшінің мұражайда ілулі түрған Көкше келбетін кестелейтін суретін талдай отырып, туған табиғаттың тамаша сұлұлығын көз алдына келтіріп, өнер туындысының әрі мен нәріне бойлатып алды да, оның ту тарихын айтып, қылқалам шеберінің дарын-кабілетін ашып береді. Содан соң өзге де осындай өнер туындыларын топтай атап, мұражайға қойылған, көрмермен назарын ерекше аударар бұйымдарға тоқталып, олардың талай-тағдырын, тағылымдық тарихын қыскаша баяндай келіп, музей қызметкерлерінің ой-пікірін ортаға салады. Мұражайдың зәру тосып отырған мүктаждарын тізіп, басшы үйымдардың алдына мәселе қояды.

Жасыратыны жок, осы мақаланы оқығанда “журналистке жаза білу ғана емес, арнаулы базалық білім де керек-ау, зады” деген бір ой жүргегімді бұлк еткізгендей болды. Жанайдар болса, сол білімі мен білігін ал дегеннен-ақ танытып тастанды. Колхоз бастығының жанды-жақты отбасында тесік өкпе бол өсіп, шаруаның қыры мен сырын жастай жақсы үккән ол, әсіресе, ауыл шаруашылығы тақырыбына шебер екен. Тәжірибелегі екі-үш айдың ішінде-ақ талдауы терең, толғамы үшкір талай-талай мақалалар, ойы айқын, дәлелі дәл сындар, өндіріс озаттары жөнінде жап-жақсы суреттемелер жазып, ауызға ілінді.

Ертерек толғанымен тығыршықтай тұлғасы өзіне жарасып тұра-

тын, қой көзі құлімдеп, толқынданған қоңыр шашы дөңгелек ақса-ры жүзін аша түсетін сұлу кескінді жігіттің басқаны басып тұратын бір мысы бар сияқты еді. Жер қозғалса қозғалмайтын салмақтылығы ма, әлде жұмысқа бір кіріссе, тапжылмай талай сағат отыра-тын табандылығы ма, әлде кіршіксіз таза киініп, дәйім мұнтаздай бол жүретін кербездігі ме, әйтеуір оның айналасындағылар айбы-нарлық бір қасиеті болатын. Сонысынан ба екен, сол кезде ол тәжірибеден өтіп жүрген ауыл шаруашылығы бөлімінің менгерушісі, бесасстап білікті журналист Қайыркен Сұлтанов:

— Эй, жігіттер имандай сырымды айтсам бар ғой, осы Жанайдарыңа тапсырма беруге батпай, тайсақтай беремін. Бөлімнің бастығы мен емес, сол сияқты көрінеді де тұрады маған, — дер еді. Бәлкім, “кошқар болар қозының маңдай тұсы дөң келер, кісі болар жігіттің арқа басы кең келер” деп аталарымыз айтқандай, оның болашақта басшы азамат болары сол жап-жас жігіт кезінде-ак белгі берген шығар-ая.

Әлкисса, студент Жанайдар Мусин сол жылы өндірістік тәжірибеден ойдағыдай өтумен бірге, өмір тәжірибесінің де табал-дырығын сәтті аттады. Күзге таман курсаста досы Өмірсейіт Шәріпов диплом жұмысына деректер жинап, Мәскеу жактан оралды да, бір күні оны өзі жатқан үйіне конакқа алып кетті. Онда Өмірсейіттің немере қарындасты бар екенін білетінмін. Жасы он жетіден енді ғана асқан жас қызы бет біткеннің ажарлысы екен. Ертеңгісін жұмысқа келген Жанайдардан:

— Қалай, көрдің бе? — деп сұрадым салған беттен. Жарқылдай бір күліп алды да:

— Көрдім, көрдім. Фажап! Көнсе, казір-ак үйленіп, ертіп кетер едім, — деді ол.

Айтқандай, сол күзде қызды Алматыға алып та кетті. Қөңілінің құсы, өмірінің қүші болып, тұрмыстың ашы-тұшысын бірге татып, ыстық-суығын бірге кешіп, алысты жақын, жақынды туыс етіп, ағайын-аңдасын айналасына үйіріп алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасаған жан-жары Райханмен ол 58-ші жылы осылай қосылып еді. Құдай қалап қосса, ерлі-зайыпты екі кеудеде соқкан бір жүрек құсан тірлік тынысы да, жүріс-тұрысы да, мінез-құлқы да бір-бірінен айнымай, тұтасып кетеді ғой. Бірден бас сүйісіп, бір-бірін жете ұғысып қосылған олардың қай жердің жерін жерлеп, сүйін суласа да, сол өнірдің жұртымен әп-сәтте бауыр басып, мидай ара-ласып кететін керемет қасиеті бар-тұғын. Соңдықтан сыйлас, қимас

достары әр облыстан-ақ көп болатын. Ал, тағдыр оларға қазақ даласының біраз қырын көрсетті де.

Баяғы әпербақан Хрущевтің алакүлік саясаты тұсында Арқадағы облыстардың ана тілінде шығатын газеттері жабылып қап, қанша қаламгер қаламын ұстап, қанғырып кетті. Туған облысының газетінде оп-оңды қызмет етіп жүрген Жанайдар да аудан үнпараты ғарыштың орынбасары болып, алдымен Степняк қаласына барып, артынан өлкелік басылымның бөлім бастығы бол, Акмолага ауысты. Одан Қостанайдың облыстық газетіне жауапты хатшы болып барды. Араға екі-үш жыл түскенде Талдықорған облыстық газетіне редактордың бірінші орынбасары бол тағайындалды.

Тегінде, туған жерден ірге көтеріп, жырак кету қайратты азamatтың қабілет-қырын барынша ашып, ал боркемік жігіттің еңсесін басып, берекесін қашырады-ау деп ойлаймын. Сол кезде “Кекшетау” газетінде істеген жігіттердің көбі бірден-ақ көзге түсіп, іле республикалық, облыстық басылымдарға басшы қызметтер атқаруында да сондай бір сыр жатқан секілді. Сол жылдары қабілет қарымы, қаламгерлік дарыны айрықша ашылғандардың бірі әрі бірегей Жанайдар болды десsem кателеспеспін. Қостанайда жүргенде ол Торғай даласын емін-еркін аралап, он алтыншы жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің қаһармандары туралы тарихи очерктер жазып, ақпан және қазан төңкерісінің қазақ қырына әсер-ықпалы, орталықтан келген құрес өкілдері жайында қыруар деректер жинады. Онысы кейін “Аманат” атты әйдік романына арқау болды. Талдықорғанда түрғанда жарық қөрген “Үміт” атты алғашқы әңгімелері мен очерктер жинағы кейінгі “Таң нұры”, “Қанат үшқанда қатаяды” сияқты кітаптарына арнап ашқан арынды бастау бұлақ іспетті еді.

Жетпісінші жылдардың басында облыстық газетке редактор бол Кекшесіне қайта оралған соң, туған жердің тамылжыған табиғаты төтенше әсер етті ме, кім білсін, тағы бір тың творчестволық тынысы ашылғандай Жанайдардың шабыты шарықтап кетті. Туған табиғат туралы публицистикалық толғаулары мен Жер-ана, Диқанбаба жайындағы проблемалық макалалары, облыстың белгілі адамдары жөніндегі бедерлі очерктері өз алдына, прозаның ең күрделі жанрына тайлышпай түрен тартып, “Ақ алаң”, “Туған үйдін түтіні” тәрізді романдар, “Жер шоқтығы Кекшетау” секілді тарихи-танымдық кесек шығарма жазды. Құнделікті газеттің екі аякты бір етікке тығып, апы кіргізіп, күпі шығарар қарбалас жұмысының қайнаган қазанының құлағын ұстай отырып, әдеби аумакты дүние жасау бері қойғанда жанкештілік, әрі барса ерлік.

Әдебиетті өз өмірінің мәні деп үғып, зерде түбінде жатқан жиһазды ойды қайтсем де кейінгіге қалдырып кетемін деп тұн үйкисын төрт бөліп, қиял атын қамышылап, кара жанына дамылтыным бермейтін адам ғана осындай нар төуекелге бел буады. Әйтпесе санаң сағат сайын сан саққа жүгіріп, ойың онға бөлініп, қиялын қырық құбылатын газет басқару ісінің өзі бірегей шұғылдануды талап ететін ерекше шаруа емес пе. Соның бәрін бір арнаға сайып, тізгінің тен үстап, үштастыра жүргізу ілуде біреудің ғана қолынан келеді. Өз басым, Жанайдардың сондай жан-жақты қабілетіне, карымдылығы мен қайсарлығына тәнтімін.

Оның “Ақ алаң” романын оки отырып, соғыс жылдары алтыжеті ғана жастағы баланың түрмис тауқыметін тартқан тылдағы елдің жудеубас тіршілігінің құллі көрінісін айнаға түсіргендей айнанатесіз сақтаған зерек зердесіне кайран қаласың. Сүйген жарын сұрапыл майданға аттандырып, үміт үзбей ғұмыр бойы күтумен күн кешкен Базаргүлдің абзал азамат Ақжанға деген адал маҳаббаты тірлік шырағданындей жарқырап, килы-қылыш тағдыр тәлкегінен арандатпай аман алып шығады. Жұдырықтай Марданың медет тузып, жарының жолына қарап, оның аман келуі үшін жеңісті жақында туға атсалысып, тұн қатып, тұс қашып еңбек еткен жас ана арқылы дініне берік, парасаты биік қазак келіншектерінің қын кездегі жиынтық бейнесі жасалған десек, артық айтпастызы. Олар кейінгілер үшін ерлік пен ездіктің ара-жігін ажыратар өнеге өлшемі сияқты. Ал анқа елге арамза әкім болып, ер азаматтың аз кезінде есебін түгендеп жүрген шолақ белсенді Әйтікен, еркектің аузынан жылы сөз шықса, қоғадай майысар көңілшек Айнамкөз сонау сылтауы көп, сұрапы жок жылдары әр ауылдан табылған таныс жандар. Оған Қаудыр шал мен дәлдүң бала Рахманды қоссан, сол бір сормандағы заманың белгісіндей бір-біріне үқсамайтын бейнелер көз алдыңа кеп тұра қалады...

Ал енді “Тұған үйдің тұтіні” романы айналадағы ортаны аман сактап, табиғатты анадай аялау жөнінде азаматтық үн көтерген әдебиеттіміздегі тұнғыш көркем туынды. Тек соның таңдамалылағына кіргенде қысқарып кеткеніне көзі тірісінде автордың өзі де қатты опынып жүрді. Дәл осы кезде Орталық Комитеттің маскүнемдікке қарсы қаулысы шығып, көркем шығармалардың арак-шарапқа қатысты тұстары жөн-жосықсыз сызылып қалғаны бар. “Алыр-ай, ағашты сатқызатын да, орманшыны атқызатын да арақ деген арапшы екенін жүргізу қалай білмейді?! Орман корғау жайында

жазылған шығармадан ондай жерлерін алып тастаған соң не құн қалады?” – деп талай ренжіп, күйінгенін көзіміз көрді.

Жанайдар тақырыпты тез тауып және жедел жазып тастайтын киялы қанатты, қаламы қуатты жазушы еді. Бірде демалыста жүріп, екеуміздің менің нағашыларым – Ақан сері ауылына барғанымыз бар. Бір туысымның үйінде отырып, бала қунімде дәл осы үйдің төрінде іш жакта жүрген Мейрам деген көкірегі кеңіш бір қариядан Ақан-аганың “жырымның аузын жалақ, арқасын жауыр етесіндер” деп ешкімге өлең үйретпегенін есіткенімді айттыйм. Оның дәлелі ретінде сері “Балқадиша” әнін алға тартады екен.

...Жаздың күні Жыланды баурайындағы жастардың бір жиыннанда кірпияз ақынның жанына отыруға бір қыздың жүргегі дауаламай Жаулыбай Дүйсендері Ыбырай дегеннің бойжетіп отырған ажарлы да ақылды қызы Қадиша шығыпты. Атакты әнші ән салғанда ол бетін жібек орамалмен желпіл қана отырыпты дейді. Бозарып таң атып, жиынның шеті сөгіліп, жүрт тарқап жатқанда Ақанның рұқсатынсыз орнынан қозғалуға батпай иба сактап отырған қызға келіп екі женғесі ым қағады. Соны сезген сері табан аузында әнімен бірге сұзырып салып:

*Қызы едің Ыбыкемнің Балқадиша,
шінде тамам қыздың хан Қадиша.
Бір емес, екі женғен шақырып тұр,
Рұқсат бізден сізге бар, Қадиша! –*

депті.

Табанды туған тың ән шырқалғанда әуенге арбалагандай төбеде шырылдаپ бозторғайлар тұрып алса керек.

– Кей жігіттер сол әнді “Бұралған белің нәзік тал Қадиша” деп айтатын көрінеді. Жарқынным-ау, талдан қорап жасап, онымен кең-қоқыр төкпеуші ме еді. Ал перштедей Балқадишаны мен өлсем де талға теңермін бе! – дейді екен Ақан-аган.

Осынау әңгімен естісімен оны Балқадиша ауылынан жинаған деректермен дәлелдеп, тың дүниелермен толықтырып, Жанайдар көп үзатпай “Балқадиша” атты әп-әдемі повесть жазып тастанды. Былайша айтқанда, бұнысы әпжілдік деуге де, алғырлық деуге де сыярлық қасиет. Жеделдікті, жүйріктікті талап ететін журналистикадан дарыған дағды шығар, бармағын сорғандай бір шығарманы бәлен жыл жазып, ұзақ сонарга салу оған жат болатын. Жариялануы болмаса, жазылуы созылмайтын.

Сейтіп, бір кітаптан кейін бір кітап дүниеге келіп, газсті бүкіл-одақтық көрмеге қойылып, бәйге алып, өзі журналистердің одак-

тық сыйлығына ие болғаны кейбір қуншіл өнездердің ішін тарғыл мысықтай тырнап жатты. Ай сайын үстінен арыз түсіріп, тоқсан сайын тексеріс шығартып, обком мен екі араға ши жүгіртті. Мәселенің мәніне бойлап, істің байыбына бармаған айғайғөктеу бір облыс басшысы қыр сонынан қалмай кудалап, жиналыс болса-ақ сын бақанын ала жүгіріп, тіпті орнына Атбасар жақтан адам да іздетті. Бірақ ақ іліліп сынбады, акқа кара жүкпады. Алайда катарынан бірнеше жылға созылған қаңқа сөз, салдарсыз сын, жазық-сыз жала жүйкені жүқартып, жүрекке закым салмай қойған жок. Кейінгі кезде жиі ауырып, төсек тартып қалатынды шығарды ол. Сырттай үйтқыттап сүттей үйып отырған ұжымға іріткі салу үшін сыркатының өзін сан-сакқа жүгіртпі, “әкетіп бара жаткан түгі жок, жатып ап кітап жазу үшін тапқан амалы” деп сокқандар да болды.

Кейде Алматыда қызмет бабымен іссапарда болғанда арнайы келген жиналысына катыса алмай, ауырып жатып қалатынын талай көрдік. Мейманханасына дәрігер шақыртып, дәрі ектіріп, уйден ыстық ас апарып, шайын қайнатып беріп күткен кезіміз аз болған жок. Тақа болмаса үйге алып келіп бәйек боламыз.

— Алматыға келсем-ақ қарадай сендерді әбігерге салып қоятыныма қысыламын. Әйтеуір, бір дәулет конды, түбі не ғып шығарын кім білсін! Қысылып қалсам бас сүйер сендердің осында түрғандарың қандай жақсы болған! — деп мұназатын.

— Оқа емес, “тұшы ет – ауырмакқа” деген. Ара-тұра ауырып қоймаса, адам денсаулықтың қадірін білмей, тіршіліктің төтті екенін үмітшып кетеді, — деп әзілге шаптырып, жұбатпақ боламыз біз.

Обком хатшысы болып сайланғаннан кейін оның денсаулығы тіптен құлдырап кетті. Тоқсан бірінші жылдың басында Мәскеуде Кремль ауруханасында жатқан кезінде іздел бардым. Алдын ала телефондасып алған соң ол аурухана қалашының кірер аузынан карсы алды. Сәүкеледей селебе қарагайлардың арасындағы жолмен қарды сықыр-сықыр еткізіп келе жатқанда ол:

— Қанша күн от оттап, су ішерімді қайдам, еңсемді басып, бойымды бір көтертпей қойды ғой, бұл сырқат, — деп көзінен ыршып кеткен жасты теріс қарап, колының сыртымен сілкіп тастады.

— Қой, бұлай босама, жігітке ол жараспайды. “Ауырып жазылған жан олжа, жоғалып табылған мал олжа” дегендей, күні ертең-ақ құлышнадай ойнап қатарға қосылып кетесін. Мәскеудің ығай мен сырғай оқымысты дәрігерлері жазбай жібермейді, — деп жігер берген бодым, бірақ іштей жүрегім жылап түрдү.

Бір бөлмеде Жанайдар Мәскеудін бұрынғы мэрі В.Ф.Промысловпен бірге жатыр екен. Танысып аз-кем әңгімелескеннен кейін Владимир Федорович “сізге бөгет болмайын” дегендей сұлтау атып, сыртқа шығып кетті. Жанайдар екеуміз әр әңгіменің басын шалып біраз отырдық. Байқаймын, ол ауырып жатса да қолынан қаламын тастамай жаңа бірденелер жазып жатқанға ұқсайды. Қоби-раған қағаздарының арасынан өлең жолдарын көзім шалып қалды. Анау бір жылдары мені туған күніммен құттықтал, ойын өлеңмен өрнектегені еске түсті.

*.Жазушы да, журналист те әрі ақын,
Тәржимада тиl орайын табатын.
“Социалистик Қазақстан” көгинде
Талмай ұшып, қаксын дабыл канатын.
Очерктеріңе сөз мәйегін таңдадын,
“Зам” болып-АК жемлядай зауладын.
Сәкे, бүгін сізге тілек тағы да,
Керек енді “сам” болып та самғауын.
Қажырың бар арман таудан аса алар,
Өмір сөні енбекпенен жасалар.
Қызығын көр Ерлан, Думан, Шынардын,
Файнижамал косағынмен коса агар.
Кемел шағын, қартаймассын жуықта,
Кекірегінді толтыра бер тұныққа.
Астанада ағамыз бол ақеді,
Бірақ туған Қокшетауды ұмытпа.*

Үйқас-ырғағы тәп-тәуір, торт құбыласы тең ол өлеңді Қекше ақындарының біреуіне жаздырып алған шығар деп ойлағам да қойғам. Ал мына жолдарды қөрген соң құмарлығым оянып:

— О не, ақын болып кеткеннен амансың ба. Зайыры орман ішінде өлең жазып жатырсың-ау, өзі?! — дедім.

— Қай бір ақындық дейсің. Әлгі немерем Айшамды сағынған соң шатпактағаным да.

— Сонда немерең Мұхтарыңнан да, Ләzzэтіңнен де, Айгүліңнен де асып кетіп отыр ма?

— Оның рас, телефоннан “әтә” деп шырылдағанда өкпе-бауырым езіліп, колқам үзіліп кете жаздайды. Құйтақандай сәбиді за-рықтырып қойған құдайға не шара. Сонын сағыныш шіркін қолға қалам алғызады.

Шынында да, жүректін сағынышын, жаныңның толқынысын жеткізе алатын жыр жарықтық қана ғой.

Қазақтың “көп жасағаннан емес, көпті қөргеннен сұра” деуінде

біраз мән бар. Жер шолып, ел танып, көпті көріп, топқа кірген жігіттің төңірегіндегілерге тигізер шарапаты аз болмасқа керек. Біраз жерде болып, талай жүртпен араласқан Жанайдар елге солардың жақсы дәстүрін ала келген еді. Әсіресе, бір өліде, бір тіріде көрінетін ағайынгершілік көмекті ол алдымен өз ұжымында қалпына келтірді. Біреудің кісісі өлсе, жас нәрестесі туса, ұлы үйленіп, қызы тұрмысқа шықса, оны көп бол көтеріп кететін болды. Адамның адамгершілігі де айналасындағылардың куаныш-қызығына, қайғы-қасіретіне ортақтаса білуімен айқындалады фой. Тыңға топырладап келген тобырдың әсерімен әркім өз қотырын өзі қасып, ұмыт болуга айналған бүл салт-сана халқымыздың бауырмалдылығын паш етер баға жетпес байлығы емес пе еді.

Әкесі Баймырза дүниеден өткенде талдықорғандыктар қоғадай жапырылып шығарып салса, Қекшетаудан карсы алар тірі пенде шықпай, ауылына бала-шағасымен әүпірімдеп автобуспен әрен жеткен Жанайдар елдің ежелгі ең ігі әдет-ғұрпын, жақсы дәстүрін жандандыруға сөзімен де, ісімен де көп еңбек сінірді. Газеттің белді басшы қызметкерлері Жомарт Оспанов пен Қекімтай Әміров қайтыс болғанда бүкіл жабдығын журналистер үйыми мен редакция аткарып, қашан екеуіне де ескерткіш орнатылып, басына құлпытас қойылғанша қара жанына дамыл болған жок. Менің атам мен әкем қайтыс болғанда да қайғымызды бөлісіп, қасымызда болды.

Айтқандай, әкем дүние салғанда ол төсек тартып үйінде жатыр еді. Мазаламайық деп хабар бермегенбіз. Кенет жерленген күні Райхан екеуінің жетіп келгені фой.

— Апыр-ай, әтәйға топырақ та сала алмадым-ау! Есіткенім жок, түсте газеттен көрдім. Ондағы жігіттер де ештеңе айтпай осында өздері тартып отырыпты. Ал біздің обкомда жөн-жосық білетін мұсылман бар ма? — деп қатты қүйініп келді. Өні өте жүдеу, бұрын денесімен дene болып тұратын киімдерінің бәрі қолбырап қалыпты.

Біздің жақта өлік шықкан үйде үш күн бойы ас пісірілмейтін дәстүр бар. Бір інішектің үйінде ұзак кеш отырып, ата-аналарды еске алып, өткен-кеткенді айтып, біраз шер тарқатып, іш босаттық. Үркер туа олар көлігіне от алдырып, Қекшетауға қарай тартты. Орманның қылтасынан асып, қаранғылық қойнына кіріп, көзден файып болғанша соңынан қарап тұрдық. Наурыздың сол күнгірт кеші соңғы кездесуіміз екенін онда кім білген...

1996 жыл.

ӨРНЕКТІҢ ӨРНЕГІ

Есілдін ерке ағысы екпіндеп келіп киялай тартатын осы бір қолтықта Арка өнірінде өсетін ағаш тұқымының төрт көзі түгел табылады десе, әсте артық емес. Қысы-жазы жап-жасыл болып сәукеле киген келіншектей құлпырып тұратын сал қарагайлар, жарқылдаپ бұрала билеген бикештей ақжеленді сандал қайындар, үп еткен жел тұрса үкідей үлпасы бұрқ ете қалатын қек теректер, зұмірет жапырағы арудың алқасындаі төгілген сәмбі талдар, мәуесі шок-шок қып тізген қызыл маржан тәрізді шетен ағаштары киядан көз тартып, қиялынды киянға жетелейді. Сол сандал қайындар мен алқа теректердің етегіне жабысқан сәбидей сынсыған алқызыл ит-мұрын мен күп-күрең шие бұталары, сарғыш гүл танау қытықтаған тобылғы мен жұпар иісі қеңсірік жарған жиде көздің жауын алып, бұра басып бұлтаруға мұраша бермейді. Ал сол тоғайдың ішіне ендел кірсөн, киіздей тұтасқан қалмак бұлдіргеннің шырынына боялып, аппақ “адидасың” канға малып алғандай қып-қызыл болып шыға келеді.

Жерүйік сеқілді аса әсем осы ііннің өріне кеп “Өрнек” ауылының ірге тепкеніне алпыс жылдан асыпты. Алайда оның түндік саны алпыстан аскан емес. Өйткені орталу мектепті бітірген соң күзде қайтқан қаздай тізліп басқа жаққа білім қуып кететін жастардың ауылға қайтып оралатыны сирек. Қара шаңырактың түп қазық иесісің деген ұғымды сәби күнінен санасына сіңірген атап-аналардың сүт кенжесі болмаса, қалғандары қызмет бабымен тағдырдың айдаған жағына тартып журе береді. Бүгінгі өнер-біліміздің, өндірісіміздің сан саласында еңбек етіп жүрген өрнектіктердің еліміздің әр тұсынан ұшырасатыны да содан болса керек.

Зайыры, туған жердің тамылжыған табиғаты көңіліне жел, зейнініне дем беретін болар, өрнектіктердің арасында жалпы қара

жаяуы шамалы. Әсіресе, дерттен де бетер тіл өнерін мұрат тұтқан қиялы қанатты, қаламы қуатты арқалы азаматтары баршылық. “Өрнектің” бір өзінен ғана қазақ баспасөзінің қабырғалы қайраткері, телерадио ісінің ірі үйымдастыруышы кешегі Кенжеболат Шалабаев бастаган оншакты қаламгердің шығуы осының дәлелі. Солардың бірі – қазақ өлеңінде өзіндік орны бар бүгінгі белгілі ақын Еслем Зікібаев.

Ақын деген туған топырағына жанымен де, қанымен де тамырын терен жіберіп, алтын қазығы – атамекенімен қашанды тұтасып жататын халық кой. Ендеши, Есләмнің өлеңі мен өнері шыр етіп дүние есігін ашқанда кіндік қаны тұнғыш тамған “Өрнекпен” өзектес болатыны тегін емес. Өйткені “Өрнек” ол үшін “шақыратын қол бұлғап, белес-белдер, ата-баба өткен жер, өзі өскен жер”. Сондықтан оның “жаныма жақындығы Өрнегімдей бір ауыл таба алмаспyn” дегеніне риясыз сенеміз.

...Оралған жыл құсындаі көктемдегі,
Көnlім сенименен қокке өрледі.
Өзінмен өзектесіп жатыр мәңгі,
Аяулы өмірімнің өткелдері, –

деген жыр жолдарына зер салсаң, сонау сұрапыл соғыс жылдарындағы тауқыметі мол тірлікten бастап, болашақ ақын өмірінің сан алуан суреттері көз алдыңа келеді. Ақынның өміrbаяны – өлеңі дегенге ден қойсақ, ол аядай ауылы арқылы айдай әлемнің тынысын көрсетіп, басынан өткен жайды ортага сала отырып, балалық бал дәурені соғыстың от-жалынына тұншықкан тұтас бір үрпақтың тағдыры талайын алға тартады. Экеден ерте айырылып, ағасы алған жарымен отыз күн отаспай жатып, майданға аттанған, анасы танынғы атысы, күннің батысын білмей жұмыс соңында салпақтап, әпкесі соқаға жегілген өгіз басын ұстап ертеден қара кешке дейін аңызда жер айдаған, ерінің жолына қарай-қарай екі көзі төрт болған жентесін көріп көкірегі қарс айырылған “жас болса да кекседей арманы көп” қамқоніл, жудеубас бала баршамызға таныс ортақ бейне.

...Бір үйдің жалғыз ғана еркегімін,
Жараспайды бала бол еркелігім.
Алдында – аға,
Артымда жеткіншек жосқ,
Ойдың да орманына ерте кірдім, –

деп өзі айтқандай, өмірі еріксіз ерте есейткен оның зейіні үшқыр, зердесі тұтқыр. Бала көкірегінде дүрілдеген жас күнінде төрт ауылды шашау шығармай басқарған, қолынан да, тілінен де келетін сөзге ұста, ақылға кен Түкеннің, техника тілін жетік білмесе де, талабы таудай аңқылдаған аққөшек жас комбайншы Жәкеннің, бас-

тың болғанының жөні осы екен деп былайғы жұртқа бақан ала жүгіріп, елдің әрі шебер, әрі аңшы, әрі серісі, ауыл бол бетке үстар кадір тұтар көрісі Бектұрдың сақалынан алған содырлы сойкан Бейсеннің бейнелері қатталып қалған. Бір ғана ауылдың жақсы-жайсаны мен телі-тентегін көз алдынан өткеріп, тіршілікте итжyғыс түсіп, бір-бірін ала алмай келе жатқан жақсылық пен жамандықтын ара-жігін ашуға талпынады акын. Ақ-қараны ажыратуды қаршадайынан үйреніп, өмірге көзін ерте ашқан “Өрнегі” оған сол үшін де ыстық.

...Кімдерге бар,
Кімдерге жоқ керегім,
Ойлан кетsem оның салдар-себебін.
Қыс па, жаз ба,
Құн бе, түн бе?..
Бәрі бір –
Тұған ауыл!
Жылына бір келемін, –

дейді ол тебіреніп.

Және жылда бір рет келіп, сайдрандал қайтар құсы бол жеткенше аңсап, ән сап келеді. О баста-ақ Алматы мен Өрнектің екі арасын жалғастырап деп туған перзентін ауылы “астанадағы елшісіндей” қарсы алады.

...Аядай ауылым,
Аяулы ауылым,
Ақ ордам.
Бір жағың – тогай,
Бір жағың – қалын қара орман.
Алыстан келсе, сәбиге де сәлем беретін
Қарт аталарадай шыктың ба бүгін тағы алдан.
Бір басындағы балалық пен даналық
Үйлесін қалай тұрады екен жаңарып!
Ақын болмауга,
Батыр болмауга какы жоқ,
Өскен жандардың тоғиңен сенін нәр алып.

Осынау жолдарды оқығанда туған жерді ақынша сағынып, ақынша сую керек-ау деп ойлайсын. “Өрнектен” өрбіген жыр өрнектері осында түйін жасауға тәнті етеді. Шынайы ақындық шабыттан туған жырлар әманда осылай фой, өзи!

Шын ақын алдымен ақын болып тууга тиіс, ал оның қаламгер болып толысусы қабілет-кармына, жүрек жалынына, қайрат-қажырына байланысты. Әйткенмен табиғатынан ақын халық қазақтың “өү” деп ауыз ашпайтыны, қиналса бірер шумак өлең шығармай-

тыны некен-аяқ. Солай болғанмен де екінің бірі, егіздің сынары ақын бола бермейді. Айтуға жарап өлең көп те, айтулы ақын ілде біреу болатыны сондықтан. Ақындыққа тақтайдай тегіс, данғырап жатқан даңғыл жол және жоқ. Ол инемен құдық қазғандай аса киын өнер. Құдайдың құтты күні бейнет шегіп, тер төғіп, еңбек етпесе, тұма таланттың да тұма көзі ашылмай қалып қоюы кәдік. Ақынның әулетін танытып, дәулетін паш етер шабыт та талмай ізденіп, танбай үйренип, тапжылмай табандап отырып еңбектен-генде ғана келеді. Есләмнің де: “Ақын менен шабыттың жаны бірге, шабыт сөнсе, ақын да өлді дей бер” деуінде осындай мән бар. Оның өзі де бүгінгі мерейлі мерекесіне ақындықтың қияметтің кыл көпіріндей киын тар жол, тайгақ кешуінен түгел өтіп кеп жетті.

Асылы, Есләм жырға сапары ұзақ созылған ақын. Өлең жазуды ерте-ақ бастағанымен, шын ақын екенін отызды еңсергендегенде ғана сезіп, жырысyz күні жоқтығына көзі алғашқы жинағы жарық көріп, оқырман ілтипатына ие болғанда барып бір-ақ жетті. Эйтпесе Атығайдың Арыстанбай, Зілқара, Шал сынды атақты ақындарының жыр дастандарын жатқа айтып, өзі де орынды жерінде бірер шумақты суырып салатын зергер әкеге еліктеп, каршадай күннен өлең құрастыратын. Одан Алматыдағы атақ-данқы мен мансабын махаббатқа құрбан қып Иранбактай Алатау бауырайынан бір киыр шеттегі шағын ауылға мұғалім болып келген белгілі ақын Фалым Малдыбаевтан мектепте дәріс алуы арманы қанатты баланың жүргегіне жыр тамыздығын тастағандай болады.

Бәрін, берін ұмытсам да өнгегін,

Әлі есімде, әлі есімде ол менің,

Киялымда ақын болсам деп жүріп,

Тұнғыш рет тірі ақынды көргенім, —

деп қуанган жыр құмар бала елге, жерге деген ұлы махаббаттың не екенін ақын ағаның қарекетінен үғынып, өлең өнеріне ат койды.

Ой екішеп, сөз саралап, жалын атып “өлең жазу әрі азап, әрі бақыт” екенін ерте сезінгенімен, Есләмнің ақындыққа бірден ден койып, басы бүтін беріліп кетпей, жұз ойланып, мың толғанып жүріп қалуының да өзіндік себеп-салдары бар. Әдебиет сияқты қасиетті ғимараттың қақпасын біз келіп қаққан алпысынышы жылдардың басында “дарынды”, “дарынсыз” деген далбаса дырду шығып, тай жарысына қосқан жүйрігін белді атпен келіп демеп жетелеп кететін шабармандай жас ақындардың біразын сәт сапар айтып, қабыргалы қalamгерлер боліп-боліп әкетті. Қолдаушысы күшті жастар жыр айдынына періп кетіп, бірден құлаштап жүре берді де, ондай құдіретті қолы жоктар жағада қалып қойды. Сол

жылдары университет бітіріп еңбек жолын енді ғана бастаған, әлгіндей мейірімнен мақұрым Еслемнің нан тауып жеп жүрген журналистік жұмысын күйттеп, қаламын газет-журналда шындаудына тұра келді. Газет жұмысының отымен кіріп, құлімен шығып, күйіп-жанып жүріп қарапайым хабардан бастап, сыңдарлы бас мақалаларға дейін жазды, тіпті сурет те түсірді. Құдайға шукір, жұмысы жеміссіз де болған жок. Үлкенді-кішілі газеттерде бөлім менгеріп, жеке бір басылымның редакторы да болды. Баспасөз комитетінде бөлім басқарып, баспағерліктің де дәмін біраз татты. Бірақ қайда жүрсе де, қай жерде қызмет етсе де өлеңі есінен екі елі шыққан емес.

*Канатын бер сұнқардың самғайтуғын,
Тұяғын бер тұлпардың талмайтуғын.
Қалтым бар ұлы өмірдің бәйгесінде,
Бір озбасам құмарым канбайтуғын, —*

деп, акыры жеттісінші жылдардың басында белді бекем буып ақын-дыққа бұлтармластай бет бүрдые.

Жұртқа шының айтып, сырын жайып, көлдария көңілді қотару үшін жырды аңсал, шөліркеп келген ол айналасы он-он бес жылдың бағдарында сегіз өлең кітабын шығарып үлгерді, оның біреуі және орыс тілінде жарық көрді. Қай кітабын алып оқысаң да өлеңдерінің өзіндік әуесі мен әуені, актарар сырьы, айтар ойы бар. Оқырманың жалақтырмай, желпінтіп жетелеп отырады. Ол кейбіреулердей қайтсем жаңалық табамын деп әсіре жаңашылдыққа бармай, тіпті тың тақырыптар да іздел жатпай, құнделікті тыныстіршілігіміздің бір сәтін алып, содан өзіндік ой түйіп, соны пікір туғызады. Әрбір өлеңінен өзіндік әуесі ғана емес, Еслемнің өзіне тән мінезі де мен мұндалап тұрады. Мәселен:

*Сәл сабыр ет, мен десен, касиеттим,
Ақтарылса тоқтамас тогандаймын.
Ақ түтек,
Алабұлік борандаймын,
Бір буып басылатын,
Заматта шайдай боп ашылатын, —*

деген жолдарында бүрк ете қап тез қайтатын тетігі тілінде тұратын ақынның өз мінезі андағайлап-ақ тұр.

Ал:

*Әлдекалай ренжісем, егерде,
Бәрін,
Бәрін... былай қойып басқанын,
Сезбесе екен деп тілеймін қас жауым,*

Еңсем тұсын, мерейі өссе олардың,

Аласарын кететіндегі аспаным, —

секілді шумактан арына жаңын садақа қылатын намысқой қайтпас қайсар Есләмнің өзін көресін.

Ақын мейлі анасына хат жазсын, мейді өпкесін айтып мактансын, мейлі жарына жыр арнасын, мейлі ұлына ақыл-кеңес берсін немесе нағашысына базына қылсын, соның бәрінде де сындарлы ой, салиқалы пікір жатады. Оның сырлы сезімге толы жүрек қылын шертетін ойлы-күйлі махаббат жырларының біразына ән жазылып, радиодан айтылып, саҳнадан шырқалып жүргені сол қасиетінен де болар. Жалпы, Есләм жинақ сайын өресі биіктеп, жыр сайын өркені өсіп отырған ақын. Әрине, қандай дарын болса да өз дәүірінің перзенті ол. Сондықтан оның шығармаларынан өз заманының лебі еспей түрмайды.

Ақынның ері оралмай төркініне кетіп қалған сүйікті женгесін арада көп жылдар өткен соң астанадағы Женіс тойында кездестіруі, Түкенің орта мектеп бітірген балаға тіркеуші болып тың котеріс, жоғары оқуға соナン соң жолдамамен бар деп кеңес беруі, Жанахметтің кейін керемет маман болып кеудесіне алтын жұлдыз кадауы кешегі кеңес дәүіріне тән дәстүр. Оны өлеңнен алып тастағанмен, өмірден жұлып тастай алмайсын. Жақсы болсын, жаман болсын ол бүкіл еліміздің өткен жолы. Бұл үшін ақынды қінәлауга еш болмайды. Біздің бәріміз де жылап жүріп-ақ “бақыттымыз” деп бетбақтырмаған, барға қанағат, жоққа салауат айтқан буынбыз фой.

Әлбетте, баурайында түрған таудың биіктігі көрінбейді, жаңында жүрген жаңын ұлықтығы білінбейді. Биіктіктің де, ұлылықтықтың да қадірі алыстағандаған. Сол сиякты тай-құлындағы тебісіп, тете өскен, өзіл-қалжынымыз жарасып, жубымыз жазылмай бірге жүрген Есләмнің де қадіріне мынау мерейіл мүшелі қарсаңдаған жеткендеймін. Баяғыда Алматының облыстық газетінде ол әдебиет бөлімін басқарып, мен редакторлың орынбасары ретінде жетекшілік жасап жүрген кезде мінезі қызбалау, басынан сөз асырмайтын Есләмнің шап етіп шыға келетіні болатын. Сонда редакторымыз Эбекен, кәдімгі Әбдуәли Қарағұлов осылар тұс шайысып, бірін-бірі көрмей кете ме деп қауіптене ме: “Айтпады деме, күні ертең екеуін де қазақ әдебиеті мен мәдениетінің орган қолдай өкілі боласындар. Сондықтан сөзге келмей, бір-бірінді жебеп-желеп, демеп жүрсөндерші” дейтін. Қөпті көрген көзі қаралты кеменгер қарияның өзіме қараты айтқаны келген-келмегенін білмеймін, ал Есләмнің қазақ әдебиетінің белді өкілі екенінде дау жок. Кейде кейбіреулердің еліміздің солтүстік өңірі орыстаннып барады, қазақ мектептері құрып

бітүге таяу, сол себепті одан енді жазушы шығуы негайбыл деген пікірі қылан беріп калады. Бірақ қасиетті орын құр түрмак емес. Киеіл топырақ талант тузызбай тұра алмайды. Кешегі Мағжан мен Сәбиттің, Фалым мен Габиттің ізбасары сынды бүгінгі Сафуанға серік солтүстіктің дарынды бір перзенті алпыстын асуына енді ғана иек артқан ақын Еслем Зікібаев деуге толық хакымыз бар.

Отыз жылдан астам дәм-тұзымыз жарасып, отбасымыз мидай араласып бірге жүріп, біte қайнасып кеткендіктен Еслемді онша елей бермейді екенбіз. Жана өлеңдерін оқып бергенде: “О, бәрекелі, дұрыс екен” деп мақұлдағанмен оның тұтас поэзиясын зейін қоя зерделемеппіз. Міне, енді мерейтойы алдында бұрын-сонды жазған жырларын қайтадан оқып, ой елегінен өткізгенде оның ақындық деңгейі қаншалық өскеніне, қандайлық азаматтық бийкке көтерілгеніне көз жеткізіп, өзім үшін тың бір дарын ашқандай, жана бір ақын тапқандай болып отырмын.

Шынында да, Еслемнің еті қызып, тері шыға келе бауыры жазылып, шабысы үдей түсетін жүйріктей, тәжірибесі толысқан сайын шабыты шарықташ бара жатқан тәрізді. Әсіресе, соңғы жылдары оның шығармашылық екінші тынысы ашылғандай көрінеді маған. Қазіргі қоғамды да, адамды да толғандырып отырган күрделі мәселелер төнірегінде жіңі тебіренетін сиякты. Және жырларының тілі айшықты, ойы айқын, пікірі батыл. Оларды оки отырып, бүгінгі ауылдың, қазіргі қауымның қалт-құлт еткен кембағыл жай-күйін көріп, ақынмен бірге қабырғаң кайысады. Тағы да көз алдына оның өз “Өрнегі” келеді. “Бауырмал ак қайындар қол бүлғап шақыргандай боп” жылына бір келетін туған ауылдының да тірлігі тамтырап, тынысы тарылып бара жатқандай.

... Үйімнің шыға беріт ігресинен,
Алқа ілген таң шығынан ғұл кешіп ем.
Бұл күнде сол жерлердің бәрі тақыр,
Жалғасқан бабалардың мұрдесімен.
Армандаі көзді арабаган жұмак мекен,
Тағдырдан осы күнді сурап па екен?
Аяныш халин көріп келген сайын,
Кайтарда ебіл-себіл жылап кетем, —

деуі тіпті де тегін емес. Қарақан бастың ғана қамын қүйттеп, әркім өз құлқын тамағын ғана ойлап, бір-біріне қасқыр көзденіп, бірін-бірі жұтып қоюға құдайдан емес, заннан ғана қорқып отырган мынау заманда “Адамдар бүгін хайуаннан бетер қауіпті. Тәні жалаңаш. Жаны жалаңаш. Араны аш!..” екені айдай ақиқат қой. Сон-

дықтан да ақынның келешек үшін өзін жауапты санайтын көзі ашық, көкірегі ояу замандастарының атынан:

*Ескексіз қайық –
Еркіміз жеде, желкенде...
Ойлаган кім бар –
Шынында ез бер тен бе?
Бұғын күн өтер бұқпалаң гұмыр кешірген,
Не бетімізбен қарар екенбіз ертенге! –*

деген киналысына болашақтан ұлпып бетімізді басып қол қоямыз. Ертенгі күнінді көз алдыңа елестете алмай, болашағың буалдыры тартып бұлдырап бара жатқан аумалы-тәкпелі мынау алмағайып кезеңде қол қусырып қарап отырмай, елдің еңсе көтеріп, оянуына атсалысу керек. Өйткені, ақынша айтқанда, “Оянатын елінің күні келді, оята алса жарады жырым елді!” Елді оятып, бір жағадан бас. бір жеңнен қол шығарып, ортақ іске жаппай жұмылғандаған қунәдан пәк келер үрпақ құлдық дертін сілкіп тастап, біз көрмеген, біз білмеген жақсылыққа шүйгиді. Ақын Еслемнің ой-өрнектері осыған үндейді.

“Ақиқат” журналында қызмет еткен кейінгі жылдары Еслем Зікібаев арынды ақын ғана емес, пайымды публицист екенін дәтандытты. Қазіргі заман, қоғам және адам жайындағы толғамы терен, талдауы тиянакты публицистикалық мақалалары оқырман жүрегіне жол тауып, жылы қабылданып жүр. Бұғінгі күн тақырыбындағы сондай публицистикалық толғаулары мен замандағы қаламгерлер туралы естелік-эсселерінің өзін құрастырып шығарса, қалың бір кітап болғандай. Ол өзінің бір өлеңінде:

*...Иә, ағайын!
Бәрі сендер үшін деп,
Бастай бере
Тастап кеткен ісім көп,
Салғырттық па,
Аңғырттық па білмедім,
Ал басқа жүрт мұны қалай түсінбек?
Бірак менен күдер үзе көрмендер,
Тасқындаған бойда бұла күшім көп.
Бір ескерткіш орнатарам ақиқат,
Әлемде жок әсемдіктен мүсіндел, –*

деген екен.

Иншалла, ол айтқанын айна-катесіз орындауға Еслемнің жүрек жалыны да, қалам қарымы да қаптал жететіне кәміл сенеміз.

ҚАЖЫМАС ҚАЛАМ ТОРЫСЫ

Сөзстанға сапарын алпысыншы жылдардын алғашқы жартысында бастаған қаламгерлердің тегеурінді бір толқыны бәйге атында түйдектеліп шықты. Бір-бірінен бірер жейде бұрын тоздырыған жас айырмашылығына қарамастан, бәрінің де бел құрдастай әзіл-қалжыны жарасып, өнер бәйгесіндегі бәсекелестігінен гөрі тілеуlestігі басым болды. Алайда жарыстың аты жарыс қой, кейбіреулері бірден қара үзіп шығып, көзге тез түсіп, ерте танылғанымен, табаны тасқа тиген жүйріктей тапырактап, қаламы тоқырап қалды да, енді бірі қыза келе қарыштап, шабыты үде, шабысы түзеліп, екпінінен әлі күнге дейін танған жок. Қүшін біркелкі жұмсал жүрісінен еш жаңылмай, қайта барған сайын еркін көсіліп, тың қырларымен танымал болған қаламгерлердің қатарына алпыстың аскарына маңдай тіреген Мамадияр Жақыповты қосар едім.

Оз басым, онымен бұдан тура ширик ғасыр бұрын осы “Егемен Қазақстанның” құтты қабырғасында тұнғыш табыстым. Бұрын бес-алты жылдай газеттің Семей облысы бойынша меншікті тілшісі болып, одан Мәскеуде жоғары партия мектебін бітіріп, соның алдында ғана аппаратқа келіп, ауыл шаруашылығы бөлімінің менгерушісі болып орналасқан екен. Жалпы, оны еңбек жолын осы бас газеттің өзінде бастады десе де болғандай.

Қазақ университетінің журналистика факультетінде оқып жүрген кезінде өндірістік тәсірибеден жақсы өткен жігітті оку бітірген сон редакцияға алып қалып, бір бөлімде бірер ай жұмыс жасап та үлгеріпті. Бір күні қызмет бабымен Орталық партия комитетіне барғанында ол насиҳат бөлімінің нұсқаушысы Петер Хрущевпен кездесіп қалады. Университетті өздерінен бірер жыл бұрын бітірген, бірақ мұны жақсы билетін ол да шұрқыраса кетеді.

— Иә, сен қайдан жүрсін, Семейге кеткен жоқ па едің? — деп сұрайды ол табан аузында.

— Жоқ, осында “Социалистік Қазақстанға” қызметке алып қалды, — деп бүл шынын айтады.

— Орталық Комитеттің шешімін бұзуға олардың қандай қақысы бар?! Жоқ, жолдама бойынша сен Семей облысына баруға тиіссің, — деп кілт құбылған құрбы жігіт мұны дедектетіп бөлім бастығының орынбасарына алып барады. Ондағы сөз қысқа болады: партия кайда жіберсе, кадр сонда баруы керек.

Партияның ақ дегені алғыс, кара дегені қарғыс болып, аузынан жалын атып тұрған кезі фой, сөз кайтаруға тіл қысқа. Айтты — бітті, кесті — үзілді, бармасқа амал жоқ. Сөйтіп, Мамадиярдың артына қарай-карай Семей қайласын деп тартып тұруына тұра келеді. Бірақ көп қияннаттың бір қарымтасы, көп қындықтың бір қайырымы болмай қоймайды. Алматының кимай қинала-қинала барған сол Семейде ол табаны құректей он бір жыл еңбек етіп, үлкен өмір мектебінен өтті. Бәрінен бұрын сонда жан серігі — жарын тауып, бала сүйіп, бақыт құшты. Облыстық газетте әдеби қызметкер болып бастаған ол бөлім бастығына дейін көтеріліп, одан қалалық комсомол комитетінің хатшылығына дейін өсті. Алайда ұшуға жаралған құстың аспансыз тұра алмайтыны тәрізді, жазуға жаралған жан да қаламсыз отыра алмайды екен. Ақыры, ол өзі қара шанырағындей көретін “СҚ”-ға меншікті тілші болып ауысады.

Осы газетке бас редактордың орынбасары болып бекітілгенімде ұжымнан мол мағлұматы бар Орталық Комитеттің нұсқаушысы, танымал тележурналист Максұт Әубекіров марқұм: “Онда сенісіп, арқа сүйеп жұмыс істейтін жігітінің бірі Мамадияр Жақыпов болар. Бес жыл бірге оқыдық, как-соқпен жұмысы жоқ, біртоға жақсы жігіт. Өзіне-өзі нық, сөзіне де берік” деген еді. Айтқанындей-ақ, созымды мінезіне, кең пейіліне сай бітім-пішімі де мол, көзі сәл күліп тұратын осынау сарысүр жігітпен тез-ақ бауыр базып кеттік. Алғаш “Осында бұрыннан отырған бізді есірмей, бұны орынбасар етіп облыстық газеттен әкеп жүрген кім екен?” — деп маған табағына қол салып, сыйбағасын тартып әкеткендей алая қараған кейбір әріптестерімдей емес, кәсіби білігіне саяси білімі сай, әдеби әзірлігі мол Мамадияр менімен бірден білек біріктіріп жұмыс істеп жүре берді. Аузын ашса аппақ жүргөтін көрінетін мейлінше адал, әдетте бас бармағы мен сұқ саусағын түйістіріп, он қолын сәл билете отырып, бар зейінімен сөйлейтін оның әділдіктің ақ жібінен аттаған сәтін көрген емен.

Не тапсырсан да тап-түйнектай етіп, тыңғылықты атқаратын оны алқа мүшесі ретінде жұмысымыздың жыртығына жамау етіп ұдайы ауыр тапсырмаға жұмсадық десем, әсте артық болмас. Қайда салсаң да қаттыңды қайырып, жұмсағынды жұмырып беретін оны өнеркәсіп пен құрылышқа көбірек көңіл қойылған кезде сол бөлімге жібердік. Одан газеттің ең басты бөлімі дең партия тұрмысын басқарттық. Қолынан шыққанына мүқият оның қараған материалдарына шүқшиып жатпай көбіне баспаҳанаға бірден жөнелттінбіз. Ол нөмірдің кезекшісі болғанда да арқамыз бір босап қалатын. Ұсақ-түйек қателерді, қайталанған тақырыптарды ол алдын-ала түзеттіріп, бет бізге кешкісін дайын, тап-таза болып келетін. Оның осы ұқыптылығы редакцияның жауапты хатшысы болған кезде бұрынғыдан да ширап, шынын айтканда, редактораттың жұмысы көп женілдеген-ді.

Билік тізгіні жұлынғанға емес, бүйірганға тиетін әдеті ғой. Одан М.Жақып астаналық облыстың “Жетісу” газетіне бас редактор болып кетті. Оның мынадай бір кілтипаны бар.

Бір күні күтпеген жерден бас редакторымыз Бәкен, өзіміздің Балғабек Қызырбекұлы кабинетіне шақырды. Сәлемдесіп, амандақ-саулық сұрасқан соң:

— Бір ұсыныс жасағалы отырмын. Ренжімейсің бе? — деді күмілжіккіреп.

— Ренжитін несі бар, айтыңыз.

— Айтсам. “Жетісуға” бас редактор болып баар ма едің?

— Жоқ, — дедім жұлып алғандай. — “СК”-ның бас редакторының бірінші орынбасары біреу ғана. Ал ондай облыстық газеттің редакторлары республикамызда қырық шакты.

— Бәсе, обкомнан сені сұратқан соң өзім де қинала-қинала айтып едім, — деді ынғайсызданып отырғанын жасыра алмай.

— Обком баяғыда Әбекенді құрметті демалысқа шығарғанда сол Қарағуловтың он жылға жуық орынбасары болған мені сонда неғып көрмепті?! Онда орда бұзар отыздың ішіндегі, қарымым да, жалыным да, күшім де дер шағым емес пе еді! Енді жасым өрмек жүзінен ауғанда жылы орнымды сұтып, жаңа жұрт ізделгенім жа распас. Өздерінде де мен сиякты азаматтар: анау Жанәбіл мен Баймолда отырған жоқ па?..

— Отырғанмен, оларға көңіл тоқыратар емес. Кім болса да бізден біреуді алғысы бар. Кәне, соған біздің жігіттердің қайсысы лайық?

— Көзделгендері біздің басшылардың біреуі болса, Мамадияр

дайын тұрған шаптайбер редактор. Әзір жасы елуге келген жоқ, әлі бір он-он бес жыл алансыз жұмыс істеп береді.

— Ә, отыршы онда, шақырып алып сөйлесейік, — деп әдеттегі асығыстығына басып, бірден телефон тұтқасын көтерді.

Мамадияр көп ойланып-толғанып жатпай: “Тәуекел, сенім артса істеп көрейік”, — деді. Жұртты жікке бөліп алалау дегенді атымен білмейтін ол шынында да ұжымына жағымды, жайлы да жақсы редактор болып еді. Аяқ астынан озырылдықтың курбандығына ұшырады. Желтоқсан дүмпүі жетекшілеріне болған соттан сурет түсіріп, жариялады деген желеумен КазТАГ-тың директоры бас болып орнынан алынған Алматыдағы бес-алты баспасөз басшыларының арасында кетті. Оны қызметінен босатып кана қоймай, партиядан да шығарып, тіпті астанадан ешқандай жұмыс бермей, Каскелен қаласына күн сайын катынап, аудандық газеттің корректоры болуына мәжбүр етті.

Сол күндері бастығым иссаларға кетіп, газетке қол қойып жүрген менің қалай аман қалғаныма күні бүтінгі деійн қайранмын. Қайрат Рысқұлбековтің сотынан жазылған хабарды кезекті нөмірге беріп үлгерген едік. Келесі күні кешкісін оның суреті келіпті. Нөмірге не беріп, не қоюды тамыршыдай дөп басып, жанымен сезіп отыратын Совет Шиманбаев суретті әкеп көрсетіп “хабары бүтін шығып кетті, мынаны тағы да бассын деп жіберіпті, бермей-ақ қойсақ қайтеді?” — деп ақыл қосты. “Е, жалғыз жариялад қайтеміз, бермесендер бермей-ақ қойындар”, — дедім. Құдай қызып, мені сол сезім сактап қалса керек. Бізге қарап суретті жалаң беруге “Казправда” да баспапты.

Ертеңіне өзге газеттерден суретті көре сала Колбин қику салып шыға келсін. Сол қиқуды естіген Орталық Комитеттің бір жауапты қызметкерінің мені сынамақ болып:

— Соттың суретін неғып бермегенсіндер? — деп сыйданғаны күні бүтінгі деійн қулағымда.

— Хабарын кеше жариялаганбыз. Басындар деп бүйірсандар, ертең де күн бар фой, — дедім мен де китығып.

— Жо-жоқ. Жарияламағандарың дүрыс болған, — деп ол шыр ете қалды. — Сол сурет бүтін шу шығарып жатыр.

Сурет сергелдеңінен аман құтылғаныммен сол Желтоқсан оқиғасының бас кезіндегі қара тізімнің бірінде менің де аты-жөнім жүр ме екен деген ой келеді өзіме. Оқиға басталған күні түнде республика активін үйді-үйнен шақырып алып, мәжіліс құрғанда қазақ газеттерінен бірде-бір басшыны қоспаған-ды. Ертеңіне боріне

коммунист кызметкерлерін ертіп аупарткомға келсін, аланға барып жастармен әңгімелесеміз деген нұсқа берілді. Демалыста жүрген бас редактордың орнында қалған мен жігітерді бастап келсем, жұрт жинальып та қалыпты. Аға халықтың балаларының бәрі жалан қағып жалт-жұлт етеді. Біздің жігітердің иіні түсінкі, еңсесі басынкы, жүзі солыңқы. Бір орыс азаматтары сау тұрған саябау қоршауын киратып, сойыл сайлап жүр. “Ау, мыналардың дұп-дұрыс тұрған дүниені қиратып, бұлдіріп жатқаны не?” деп аң-таң болып тұрса: “Бұнысы бұл ма, бұлардың әркайсысының қойында ұшын зауыттан наиза қып үштатқан арматура таяқшалары да бар, сонда біз өзіміздің балалармен төбелеспекліз бе?” – деді бір жігіт кейістік білдіріп. Осыны естігенде колымды бір сілтеп аупартком үйінін екінші қабатына қалай көтерілгенімді білмеймін. Бірінші хатшы Н.Әбікаевтың кабинетіне кіріп барып: “Нұртай-ау, анау бауырлардың бәрі арматурадан таяқ жасатып, қоршаулардың білеу темірін жұлып алып шетінен қаруланып алыпты. Сонда біз балаларымызды сойылға жығып соғыспакшымыз ба? Қазірден ескертіп, қарулағын таставту керек”, – дедім.

Сырттағы жағдайды іштей сезіп өзі де тықырышып отырса көрек, дереу ол менімен төменге түсті. Есік алдына шығып, мегафонмен дауыстал: “Жолдастар, біз жастармен ұрыс салып жаусатқалы бара жатқанымыз жок, үтіт айттып тарқатқалы барамыз. Сондықтан кімде-кімнің қолында темір таяқшалар мен басқа да сойыл сайман болса, бір жерге әкеп үйсін. Қазір автобусқа отырғанда бәрінді де қарап кіргіземіз” деп еді, біздің жігітердің де еңсесі бір көтеріліп калды.

Осы қарекет кимылды көзben көрген Мамадиярдың өзі “сонда ағамыз бір азаматтық жасады” деп мені екі мәрте екі газетке жазды. Қайдам, менің орнында ол қарекетті жасы үлкендердің қайсысы болсын жасауға тиіс кой деп ойлаймын. Бәрінен бұрын сөзімді екі етпей, есік алдына ере шығып жүртқа жарлық берген Нұртайға мың да бір раҳмет дер едім. Ал сол жолы біреулердің көзіне сүйелдей көрініп, қара тізімге ілініп қалдым ба деп секем аламын. Өйткені көпке дейін жоғары жақтың маган деген қабағы ашылмай жүрді.

Сөз орайы келген соң осындай жайды Мамадияр да бастан кешіргендіктен айттып жатқаным ғой. Кәдімгі Қасым ақынның “Өзге емес, өзім айтам өз жайымды” дегеніндей бір сыр, бірақ шын сыр. Басына қандай ауыртпалық түссе де қаламгер шіркіннің еркін қаламына беріп, шерін қағазына төгетін әдеті емес пе? Айбаты да, қайраты да көбіне қаламнан атойлайды. Сол бір қатулы күндер Мама-

диярдың да қаламын ширыктыра түскені шексіз. Еңбек адамдары туралы мәлдіреп тұратын ойлы очерктері мен өмірдің алуан құбылышын қозғайтын проблемалық әңгімелеріне қоса тіршілігіміздің азы шындығын ашып айтатын әжүа-сықақтары соны бір серпінге ие болған секілді. “Қазақ әдебиеті” газетінің әзіл-оспақ отауында қонақ кәде ретінде жиі көрінетін “Мергенбайдың айтқандары” да нысананаға дөп тиіп, мергендігі барған сайын үшталып келеді. Ал оның “Абырой”, “Ұстаз” деген атпен жеке-жеке кітап бол жарық көріп, оқырман жүргегіне жол тапқан әңгімелерінің екі жинағы өз алдына бір төбе. Журналист ретінде газет қажетін өтейтін тың да тартымды хабарлар табу жөніндегі талпынысы оның қабілетінің жаңа бір қырын танытқандай. Өз газетінде күн сайын дерлік шығып, әлемнің әр шалғайынан сыр шертетін “Шарайна” топтамасында қаншама көз майы мен мандай тери жатыр десеңші. Түрлі дерек көздерінен тұзіп халықаралық тақырыпқа қалам тербел қоятыны және бар.

Сонымен, “осы Мамадияр Жақып қаламгердің қайсына жатады: жазушы ма, журналист па? – деп сұрауы да ықтимал бәзіреулердің. Шынтуайттап келгенде, екі торының өзгешелігі жоқ: журналист дегеніміз де жазушы, айырмашылығы тек жазушыдан көбірек жазады, азырақ алады, жиірек көрінеді, сиректеу қошеметтеледі, көтерер міндепті зор болады, көрер күрметі кем болады. Былайша айтқанда, бейнеті көп, зейнеті аз қаламгер. Осындағы бейнеті көп, зейнеті аз мамандықтың туын қырық жылға жуық талмай. Тынбай көтеріп келе жатқан Мамадиярды, асылы, қаламның қажымас енбек торысы деген абзал болар.

1998 жыл.

ҚАЛАМЫ ҚУАТТЫ, ҚИЯЛЫ ҚАНАТТЫ

Алпысыншы жылдардың алғашқы жартысында “Жетісу” газетіне бас редактордың орынбасары болып келген кезімде көбірек арқа сүйегенім екі азamat болды. Олар сол жылдары жас болғанымен, қаламы төсөліп, қанаты қатайып қалған, саяси жағынан сауатты, әдеби қарымы әлеуетті қаламгерлер Арыстан Рұстемов пен Рашид Рахымбеков еді. Бірі – насихат, бірі – партия түрмисі болімінің аға әдеби қызметкері. Екеуі де Қазақ университетінің журналистикасына бір жылы түсіп, бірге бітіріп шығыпты. Астаналық облыстың газетіне де қызметке катар келіпті. Егіз қозыдай жұп жазбай үдайы бірге жүретін осы екі жігіт әмсө бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі молықтырып отыратындаі көрінетін. Ойына бір тың тақырып келсе, не қолына қызықты бір хат түссе, екеуі де алдымен маған айтып, маған әкеп ақылласып отыратын.

Бір күні Арыстан, аңсағай бойлы аңқылдақ Арыстан мұрнының үші тершіп, жарқылдай күлип кірді де: “Мынаны оқып шығыңызы, дәл осы кезенін тақырыбы” деп бір оқшау алып келді. “Қаз күған ұстаздар” деген тақырыбына қызығып, бір демнен бегелмей оқып шықтым. Көтеріп отырған мәселеңі Шелек ауданы мектептерінің жаңа оқу жылына әзірлігі. Алғашкы қонырау қағылуына санаулы күн қалғанымен, ауданға қажетті оқу-құралдары әкелінбеген, сауда орындарында қалам-сия, карындаш, кітап-дәптер дегендер атымен жок. Күні ертең партаға келіп отырар жас бүлдіршіндер сонда қандай жазу құралын пайдаланбак? Әлде қадым замандағыдай қаздың қауырсынынан қалам жасамақ па? Онда шәқірт қамын ойлар ұстаздарға қотандағы қаздарды куудан басқа лаж қала ма? Осы бір болмашыған оқиғаны ойнақы оқшау етіп, ойланарлық мәселе етіп көтеріп отыр. Мұртын басып, қырнап жібергендей кедір-бұдыры жок, тілі жап-жатық.

— Бұл Бекболат дегенің бұрын көрінбей қайда жүрген? — деп сұрадым. — Қаламы үшталып, тілі үстарып қалғанға үқсайды. Елеусіз нәрседен елді елең еткізер мәселе туғызыуна қарағанда көңіл көзі қырағы, зердесі жіті сияқты.

— Оқуды бізben бірге бітіріп, бұл да алғаш осы газетке қызметке қабылданған. Артынан Алатау баурайы атамекенім fой, ешкайда қашпас. жер көріп, ел танып қайтайын деп Торғай тынына тартып отырган.

— Токта, токта. Ана бір жылы “Тың өлкесі” газетінде бір повесінен үзінді жарияланған Әдетов осы емес пе?!

— Болса болар, әңгімелер жаза бастағанына біраз боп қалды. Ептең домбыра шертіп, реті келсе ән де шығарып жібереді.

— Бесаспап десейші! Бұндай жігіттен көз жазып қалмау керек. Тапсырма беріп газетке тарта берген абзал.

Сырттай көңілім осылай құлаған қаламдасты сұрастыра келсем, Талғар қаласында туып-өскен жанды-жакты, қарапайым шаруаның баласы еken. Қаланың қазақ орта мектебін үздік бітіріп университеттің журфагына бірден түсіпті. Бір ғажабы, сол жылы түскендердің бәрі дерлік журналистиканы көңіл қанаты, өмір мұраты тұтып, жүрек калауымен келген кілен бір сайдың тасындаі сұрып жігіттер болады. Оның үстіне бірді-екілі болмаса басқалары бір жылы туған төл, тел құрдастар. Арапарындағы сәл ересегі бес-алты жас үлкен, әскери борышын өтеп, одан аудандық газетте қызмет істеп, журналистік жұмыстың ыстық-суығын аздал көрген, сол кезде “СҚ”-да (қазіргі “Егемен Қазакстан”) әдеби қызметкер болып жүрген Тәжібай Битаев еken. Қанаты қатпаған көк қауырсын сол өндірлер оны бірауыздан курстың старостасы сайлайды. Содан ол бес жыл бойы үзбей әлті ботатірсек бозбалалардың әрі ағасы, әрі ақылшысы болып бәріне де оку бітіртіп шығарады. “Бітіртіп” деудің де себебі бар: ол бес жыл бойы курска стипендияны кассадан өзі алып, өз келісімдері бойынша алуға тиісті, тиісті емес екендеріне қарамай оны бәріне тең бөліп беріп отырган. Сөйтіп, қалай оқығанына қарамастан ешқайсысы да тұрмыстан тапшылық көріп университетті тастанап кетпей, түгел бітіріп шыққан. Соңан да болар, оны көрсө бәрі “Тәкелеп” тік тұрады, әрі бір анадан тугандай татуақ. Сол сыйластық құні бүгінге дейін жалғасып келеді. Қызық-куанышта, қайғы-күйінште бастары үдайы қосыла кетіп барлығын бірлесіп атқарып жүргені.

Тәжібайдың теллегі астында өскен Бекболат тіпті көпшіл көрінеді. Астанаға тиіп тұрган Талғардағы оның ата-анасын, аға-інілерін, апа-қарындастарын құрдастары түгел біледі. Қонақжай шаруа шаңырағының дарқан дастарқанынан дәм татпағандары да

кемде-кем болса керек. Ынта қойып, ықылас аударғанымды курс-тас достары арқылы білген бе, бір күні алдымға Бекболаттың өзі келіп тұр. Орта бойлы, балуан тұлғалы, сәл бүйралау толқынды шашы бар, көзі шуақ шашып құліп тұратын қара жігіт екен. Көзін төмен салып, ойланған сөйлейтін секілді ме, қалай.

— Ұлы Пушкиннің ұстазы Державин: “Тұған елдің тұтпін де тәтті” деген емес пе! Ата коныс болғандікі ме. Алматы бак аясына тартып ауылға қайтып оралдық. Әйтпесе Арқа елі, әсіреле Торғай тәнірепі сөзге, ойлы, өнегелі сөзге, өрнекті орамды тілге тәнірдей табынып, қастер тұтады екен. Сөз ұстаған азаматын алақанға салып аялайды десе артық емес. Онда қашшама қаламдас, қадамдас, сыйлас, сырлас достар қалды, — деп сәл құрсініп, келуін келіп қалғанымен, еңбек жолын бастап елге алғаш танылған жерін қимайтындығын аңғартып қойды. — Алайда ауылға қайтуға тұра келді. Қазір Шелек аудандық газетінде редактордың орынбасары бол жүріп жатырмын. Әнеу күні аяқ асты тұған бір оқшауым жылы лебіз білдіріп, жарияладап жіберген екенсіз, раҳмет! Газеттің аты газет, аудандық болғанымен оның да шаруасы бастан асады. Ылғи да кол тие бермейді.

— Оған сөз бар ма, баспасөздің бастауыш буыны ғой ол. Қоғамдық пікірді алдымен солар қалыптастыруға тиіс.

— Әйткенмен, орталық өктемдігі кейде орынсыз кетіп те жатады-ау. Бір орысы жоқ Торғай ауданында “Жаңа өмір” газетін “Новая жизнь” деген атпен орысша да шығаруға тиіс болдық. Қазақша жазғанымызды батпырактатып орысша аударып беруге тұра келді. Жаман-жаксы орысша бірдене білеміз әйтеуір, ал білмейтіндердің күні не болмақ. Міне, енді мына ауданда қазақша жазғанымызды үйғыршаға аударып әлекпіз. Осыдан кейін төл туындыға уақыт тауып көр.

Байқаймын, әр тараптан мағлұматы мол. өрі-қыры бірдей оте сауатты жігіт секілді. Онысын ол газетімізде кейін шыққан ойнакы оқшау, ойлы очерктерімен де танытты. Астаналық газетте осындағы орныкты да уитты қаламгерлер көбірек болса деп арманадым. Ақын-жазушылар жетіп артылады, ал газетке оның отымен кіріп, құлімен шығуға бейім жан-тәнімен берілген журналист керек. Сол талапқа толық жауап берер осы Бекболат болар деп сырттай иемденіп жургенде ол республикалық “Қазақстан коммунисті” (қазіргі “Ақиқат”) журналынан бір-ақ шықпасы бар ма. Алайда онда да бізben арақатынасын үзген жоқ. Төлтума, тәржіма әңгімелерін ауық-ауық беріп тұрды.

Құндердің күнінде Әбекен, өзіміздің бас редакторымыз Әбдуәли Карагұлов ақылдаса отырып беделді бір боліміміздің менгерушісі

Сайлаубек Қожамсейітовты “Қазақстан коммуниси” журналы алға мүшесі етіп бөлімге шақырып отырғанын айтты. “Жасы 40-ка келіп қалыпты, жайлы, тынышырақ жұмысқа жіберсек, жіберейік” деп келісіп қойған сыңай аңғартты. “Онда орнына әдеби қызметкер болып жүрген Әдетовті бізге берсін” деп ақыл қостым. “Ол да жөн екен” деп Әбекен ойланып қалды...

“Жетісудын” кенес күрүлісі боліміне жетекші болып Бекболат осылай келген еді. Оның қalam-қарымына, қабілет-дарынына ден қойғаным да дәл осы бірге қызмет істеген кезен. Ол Арыстан мен Рашиптің бір адам бойына тоқайласқан коспа-құймасы тәрізді екен. Алғашқы досындай алғыр да карымды, шапшан да шалымды, екіншісіндегі не жазса да мөлдіретіп төгілте жазады. Сол жылдары су электр стансасы салынып, Иленің арнасы бөгелгендеге өзеннің өзі аттас елді мекенге екеуміз арнайы барып, көнекөз қариялармен, су алыбының болашақ күрүлісшіларымен, инженер-техник мамандармен әңгімелесіп, нәтижесінде екі-ақ күннің ішінде тұтас бір нөмір дайындағанбыз. Кейін жанымызда суретші мен жас журналист Қаржаубай Омаров бар төртеуміз астана түбіндегі “Төңкеріс” ауылына барып, достық тақырыбына пікір алмасу кешін үйымдастырып, келесі күні “Бір ауылмыз, бір бауырмыз, біргеміз, граниттен берік біздің іргеміз” деген тағы бір арнаулы нөмір үйымдастырғанымыз есімде. Үмытпасам, сол үшін үшеуміз де Қазақстан Журналистер одағының сыйлығына ие болдық.

“Жетісуга” жүріп Бекболат саяси аудармаға да әбден тәселеіп алды. Ол тұста астаналық облыста обком пленумдары, облыстық кеңестің сессиялары, басқа да беделді жиындар екі тілде – орысша, казакша өткізілетін. Илеспе аударманың міндетті біздін мойнымызга артылатын. Бекболат келген соң сессиялардың аудармасын міндеттіне сол алып, одан арқам бір босаған еді. Алайда сол тұста Торғай облысы ашылып, ол облыстық газеттің редакторына бірінші орынбасар болып алғаш еңбек жолын бастаған Арқасына қайта кетті. Онда канаттас, қаламдас достары құшақ жая қарсы алды. Зиялы қауымның, әдеби ортаның ғуліндегі боп ол ұдайы алақанда жүрді. Сері мінезді азамат сол сейдін көнілдің өүенімен “Торғай вальсін” шығарды. Торғай тұрғындарының әнұранына айналып кеткен сол вальсті облыс жастары әлі де толқындана толқытып жи үшірқайда. Әріптестерінің, әдебиет, өнер адамдарының ортасына балдай батып, судай сініп жүре беретін Бекболат әкімшілік өкілдерімен ортақ тіл таба бермейді. Қәдімгі ашығын айтып ағайынға, тұрасын айтып туғанына жақпайтынның кері. Кейде сын түзелмей, мін түзелмейді, кемшілікке кеншілік жасамандар деп журналистерді қайрап қойып, шымбайына батып кетсе қорадағы қоқысты сыртқа

шығардындар деп кінәлайтындары да бар ғой. Сол сияқты “Суды қайдан ішеміз, суға қайдан түсеміз” деген бір фельетоны үшін обкомның бірінші хатшысының қаһарына ілігеді. Сыннан жанжакты корытынды “шығарылып”, обкомфа бағына тұрып бас жарылса бөрік ішіндегін білмеген бірбет орынбасар күткінға түседі. Осы кезде Алматыдағы әріптестері көмек қолын ұсынып, ол “СҚ”-ның сол облыстағы меншікті тілшісі етіп тағайындалады да, көп ұзамай редакция аппаратына ауысып, аппарат бөліміне жетекші болады. Тапжылмай бір орында табандектан тоғыз жыл отырган “Жетісудан” маңдайыма жазылған соқпақпен менің де “СҚ”-ға орынбасар болып ауысқан шағым еді. Тағы да тізе қосып бұрыннан таныс терінің пүшпаяғын кайтадан бірге илеуге кірістік. Мұнда да табаны күректей он үш жыл жуп жазбай бірге істеп, жоғарыдағы екі досындей бір-біріміздің толықтырып, молықтырып отырган тәріздіміз.

Бекболат облыстық газеттен күшті ысылып, қаламы бұрынғыдан да канаттанып, шығармашылық түрғыдан көп өсіп келген еді. Бөлімнің жұмысын ол үршықтай үйірді. Тың тақырыптар тауып, жана айдарлар енгізді. Ол тұста газетте біраз абырай әперген апталық “Айдын” бетінің үйіткесі болды. Одан әр айдың басында берілетін “Жыл он екі ай” бетінің де негізгі салмағын мойнына сол алды. Ұлттық әр-нақышын айшықтап, мән-манзызын аша отырып, әрбір ай жайында жазған суреттемелер оның қаламынан туды. Оларды жинақтап бөлек бір кітап шығарса, танымдық мәні тамаша бір дүниелер туар еді. Көп кешікпей ол алқа мүшесі бол жоғарылатылып, насиҳат боліміне менгеруші болды. Еліміздің көрнекті кайраткері жайында келелі ой өрбітетін “Заманына қарай адамы” деген айдар, міне, осы кезде дүниеге келді. Бекболаттың өзі айтулығалым, әрі әйгілі ақын Евней Букетов жайында “Қыры – ғылым, ойы – өлең” атты әп-әдемі очерк жазды. Сонда көлтірлген бір дерек әлі қүнге дейін есімде. Орыстың атақты ақыны Александр Блок биге шорқақ болса керек, сонысын бетіне басып бір бикеш “өлеңдеріңіздің әр сезінен әуен өсіп, күй шертіліп тұрады. Ал өзіңіздің би билемеуініз қалай” депті. Сонда ақын саспастан “әуен менің аяғымда емес, жүргегімде ғой” деп жауап беріпті. Осыны мысал ете отырып Евағаң “ғылым – менің миымда, жырым – жүргегімде” деген көрінеді. Осындағы есте қалар деталь оның 30 жылдан астам аупарткомның бірінші хатшысы болған Енбек Ері Баған Жанғалов жөніндегі очеркінде де баршылық болатын.

Жалпы, қабілет-карымын, жүрек жалынын басы бүтін газет жұмысына арнаған қаламгер кәкүр-шүкірді құрастырып кітап шығаруға әуес болмаса керек. Бекболат та көркем әңгімелерінің “Ал-

тынай”, “Бәйшешек” атты небәрі екі-ак жинағын шығарды. Зерделі зерттеуші табылса солардан-ақ оның қолтаңбасы айшықты екенін ашып берер. Бірақ ол кітап шығаруға құмар әріптестеріне қолұшын беріп, көмектесуге қашанда әзір. Оны “Қайнар” баспасында редакция басқарғанда барынша дәлелдеді де, қаламгерлерге, әсіресе жас әріптестеріне ол әркез камқор. Қазіргі көрнекті де өнікті жазушы Қойшығара Салғарин мен қабыргалы қалам еңбектері Сабыржан Шүкіровтың “СК”-ға қызметке келіп, шығармашылық бағы жануына алғаш себепші болған сол. Бүгінде аттары аталса оқырманы білемін деп бас изейтін қөшелі қаламгерлер Жұмабек Кенжалин, Ержұман Смайылов және Жұнісбек Сұлтанмұратовты өндірістік тәжірибеден өтісімен-ақ аға газетке қызметке алып қалу керек деп алғашқы үсыныс айтқан да осы болатын.

Демек, Бекболат кісі тани билетін азамат. Кісі тани билетін қасиетімен қатар оның аузының дуасы да бар дер едім. Оған бір мысал мынау. Қазіргі белгілі қаламгер, һәм қайраткер Уәлихан Қалижан еңбек жолын “Жетису” газетінің қабыргасында бастағанды. Алғашқы кезекшілікке ол осы Бекболат ағасымен бірге барыпты. Бет тез бітсін деп кезекшілердің жүгіріп жүретін әдеті ғой. Ол бұл жолы да алдыма әкеп бер деп корректорларға бүйректы беріп койып, жайбаракат отырып алған. Сонда Бекболат “айтпады деме, түбі осы бала дей редактор болады” депті. Айтқаны айна-қатесіз келіп сол Уәлихан бір кездे балалар мен жастар газетін басқарып, кейін бас газетіміз “Егемен Қазақстанға” қол қойды.

Өзі де бірер газеттің бас редакторы болып, бүгінде алпыстың асқарына шыққалы отырган қаламы жүрдек, қиялы жүйрік қаламгер Бекболат Әдетовтың шығармашылық өмірінде бүндай-бүндай бедерлі сөз, беделді іс аз болмаған. Айтқандай, оның алпыска келгенін:

*Тайғанак небір тар тұста,
Тайсалмай кіріп тартыска.
Алаңадап жүріп ортанды
Келіп те қаппыз алпыска, —*

деп жыр жолдарымен жар салған шакыру қағазын алғанда бір-ак білдім. Бәлкім, бұл баурайында жүрген таудың биіктігі, жанында жүрген жанның ұлықтығы білінбейтінінен болар. “Барар жерім Балқан тау, ол да біздің көрген тау” деп:

— Алпыс аға жасы. Арыма, жас-с а, аз-амат! — дегім келеді.

1998 жыл.

БАЯНДЫ БАҒДАР

Кейінгі кезде тележурналистердің көшедегі кез келген кісіге сауал қойып, сұхбат жүргізуі көбейіп кетті гой және оны табан аузында көгілдір экранға шығара қоятынын қайтерсін.

Былтырлары бір журналист жаңа аланда серуенденеп жүрген үш-төрт қыз-жігітті ұстал алыш:

- “Евгений Онегинді” білесің бе? — деп сұрағаны бар.
- Білемін. Жазушы ғой, — деді біреуі.
- Жок, артист болуы керек.
- Пушкиннің қандай шығармасы бар? — деп ежіктелі әріптесіміз.
- Әлті, қалай еді... Тілімнің ұшында тұрғаны...
- Өздерің оқисындар ма?
- Оқығанда қандай, мен университеттің үшінші курсынанымын, болашақ журналиспін, — деп біреуі тақ ете қалғанда теледидар көріп отырған менің мәндайымнан тер бүрк ете қалып, қарадай жерге кіріп кете жаздадым.

Жасыратыны жок, қазір жастардың біразы білімін көтеруді көгілдір экранмен шектеп, көбі киноларды ғана кызықтап, кітапты, әсіресе көркем әдебиетті аз оқиды. Соңғы жылдары әдебиеттер достығы, мәдениеттердің бірін-бірі байытуы мәселесінің күн тәртібінен түсіп қалғаны да қоңыл құлазытып, ойды ояз тартқызғандай.

Белді қalamгер, белгілі қайраткер Сауытбек Абдрахмановтың мына бір кітабы сол олқылықтың орнын толтырғандай еді. Оның “Біздің Пушкин” аталуы да жалқау тартқан жүрекке жылы шуак шашқандай. Кітапта негізінен А.С.Пушкиннің өлеңмен жазылған “Евгений Онегин” романының жазба және ауыз әдебиетіміз дәстүріндегі орны арнайы зерттеліп отыр. Онда қазактың поэзия аудармасының қалыптасу даму, өрлеу жолдары жан-жақты сипат-

талады. Жаксы аударма тілдің қадір-касметін, мұмкіндігін таныту-дың сенімді жолы екендігі, онда автор мен аудармашыға емес, тіл мен тіл сынасатыны, сол арқылы белгілі бір деңгейде ел мен ел өнер жарысына түсетіндегі күй кешетіні, түтеп келгенде, тәржіма тілдің тегеуінін, елдің елдігін көрсетудің құралы да болып табылатыны нақты дәлелденеді.

А.С.Пушкин шығармашылығы шегі, шеті көрінбейтін шалқып жатқан дария ғой. Пушкинтану дербес ғылым деңгейіне қотерілген бүгінгі таңда оның тубегейлі зерттелмеген бірде-бір туындысы жоқ десе де болар. Сондыктан ақын “шығармашылығын сөз еткен адамның, зерттеуші атап айтқандай, дәл қазір қашшама талпынып, талмай, таңбай тырбанса да, соныдан соклак салып, тыңдан түрен түсіріп кете қоюы негайбыл. Тіпті оның шығармаларын әлсін әлі оқи келіп “акыры, бір тосын ой түйдім-ау” дегенінің өзінде ол ойдаң buquerque дейін еш жерде, еш елде, еш тілде айтылмағанына кепілдік ету қыын”. Бұл арада автор дәтке қуат ететін бір жәйт бар. Ол – Мұхтар Әуезовтің: “Жұрт айтпаған ойды айту – анда-санда бір ұшырасатын бақыт, ол – ырыс... Ойдаң қөшпілігі жұрт айтқан ой болуы мүмкін. Бірақ соны басқаша түрде айта білудің өзі қасиет” деген дуалы сөзі.

Бүгінде Пушкин сынды әлемдік ауқымдағы алып тұлғаларға тек өз тұрғымыздан қарап, төл мәдениетімізге тікелей қатысты қырын сараласақ қана соны сөз айтылуы ықтимал. Сондыктан зерттеуші күрделі болса да ақынның олеңмен жазылған атақты романын ғана алып, оның казак қырына сонау он тоғызынышы ғасырда-ақ жетіп, ел арасына қалай жайылғаның ғылыми тұрғыдан талдап береді. Н.А.Добролюбов Пушкиннің адамзат алдындағы басты еңбегі “бүкіл әлемге орыстың болмыс-бітімін ашып бергені” десе, ақынның сол еңбегі ең алдымен осы “Евгений Онегин” романынан бар қырымен жарқырай көрінеді. Романың нағыз құдіреті ақынның адам айтқысыз шеберлігі мен зергерлігінде. Сондыктан оны бас салып аударуға анау-мынаудың жүргі дауалай бермейді. Оның орыспен етene туыс беларусь тіліне әлі күнге дейін аударылмауында осындай мән болса керек. Ал Кіндік Азия елдерінде ол өткен ғасырдың орта шенінде ғана қолға алынды. Біз болсақ, ұлы Абайдың құдіретті дарыны арқасында бұл бірегей туындымен анау ғасырдың аяғында-ақ ауыл-үй қондық. Дәл қазір бізде оның әралуан алты аудармасы бар екен. “Евгений Онегиннің” неміс тіліне – он уш, ағылшын тіліне – он, қытай тіліне жеті рет аударылғанын ескерсек, біз ұлы қытай әдебиетшілерімен үзенғі қағыстырып жүрген болып шығамыз.

Әлбетте, Абайдың тұсында қазақ оқырмандары бүндай бірегей күрделі шығарманы каз-қалпында қабылдайтын деңгейде емес еді.

Біріншіден, оқырманның әзірлігі жеткіліксіз болса, екіншіден, әдеби дәстүр мүлдем бөлек-ті. Қырдағы тіршілікте кыз берісінің романтикалық сипатын бек сезіп, дәл түйсінген Абайдың Пушкин шығармасынан хатпен жазылған роман жасауға талпынганы тегін емес. Асылы, Абай шығарманың жекелеген тұстарын аударып, қазақ ұғымына жақынырақ сарындарды пайдаланды деген ойдың жаны бар екенін мойынданды отырып, онын өлеңге түспеген жерін ел арасына таратушылар ауызша айттып, әлкіссалап қара сөзбен баяндап отырғанын ұмытпаған абзаз. Сөйтіп, романның мазмұны жүртқа түгел жеткенін зерттеуі тың деректер келтіре отырып дәлелдейді. Абайдан кейін романдығашықтық жыр-дастан дәстүрінде қазакшалап Әсет Найманбаев жырлады. Әсет дастанында қазактың халық жырындағыдай үш кейіпкердің үшеуі де акыр аяғында ажал күшады. Одан соңғы Сапарғали Әлімбеков нұсқасында екі жақ ешбір келісімге келе алмаған соң, тікелей патшаның өзіне хат жазады. Одан араша түсер пейіл табылмай, тағдырды шешу тапаншаның үлесіне тиеді.

Осылайша Пушкин өлеңдері қалың бұкара арасына халық ақындары арқылы да тарап, ол қазактың төл ақынына айналған. Осыдан келіп Пушкин романын аударманың барлық шартын сақтай отырып, толық күйінде тәржімалау міндетті туды. Бұл міндетті бертін қазак жырының құлагері Илияс Жансүгіров жүзеге асырып, “Евгений Онегин” 1937 жылы толық нұсқасында қазакша жарық көрді. А.С.Пушкиннің осынау ұлы шығармасын екі мәрте аударып, отыз жылдай өмірін сарп еткен кешегі Куандық аға, Куандық Шаңғытбаевтың еңбегі өз алдына бір төбе. Осы еңбегі арқылы ол қазак әдебиетіне үлкен олжа қосты. “Көркем сөздін ғажайып зергері Куандық Шаңғытбаевтың осындай аудармасынан кейін де Абай жасап кеткен үздік үлгілер бәрібір окшау шың күйінде қала беретіні жаңынды жарық нұрга бөлейді” деп түйеді автор.

Оз басым, осы бір шағын кітапты бір деммен оқып шығып, қисапсыз көп мағлұмат алдым. Осындай ойы үшкір қаламгердің, үстамды қайраткердің ұзақ-сонар шығармашылық жолында иненің жасуындай болса да септігіміз тиғен шығар-ау деген сезім жүргімді желпіп рахатқа бөлейтін секілді. Асылы, алыс сапар алғашкы адымнан басталады ғой. Қаламгердің арыны да, қарымы да сол алғашкы адымынан байкалары хак. Бірден-ак белгілі тақырыптың жалынан үстап, өнер шашбауын көтеріп жүрген жас жігітті тырнақалды туындыларынан танып, газет жұмысына тартқанымыз да күні кеше сияқты еді. Құлғенде көзі сәл шуақ шашып тұратын ашаң жүзді, акқұба ұяң жігіттің ұяла сөйлеп, жазғаның әкеп алдымда отырғаны да күні бүтінгідей көз алдымда. Одан университет бітірісімен еліміздің бас газетіне қызметке шакыртылуының да басы-қасында-

мыз. Жібектей есілген жылы юморы бар. кісі бетіне жел болып тимейтін, бірақ ойын да ірікпейтін ілкімді жас тез-ақ есейді. Қанаты катайып, қаламы ұшталғанда қызмет бабымен жоғарыладап, Орталық партия комитетіне барды. Ол кезде басшы кадрлардың резерв даярлау дәстүрі болатын. Қазіргідей конкурс деп “үкілеп” әкеп, кім көрінгенді басшы қызметке тығып жібермей, лайықты ізбасар өзірленетін. “Социалистік Қазақстан” газеті бас редакторының бірінші орынбасары болып жүрген менің де 1987 жылы Орталық Комитеттің бюросында резерв жөніндегі есебім тындалғаны бар. Сонда басы осы Сауытбек Абдрахманов қылып, Қадыр Әлімқұлов, Ержұман Смайлұ үшеуіне ізбасарым ретінде жеке-жеке мінездеме берген едім.

Сол құжатты жақында қағаздарымды ақтарып отырып тауып алғаным фой. Онда ресми болса да Сауытбек жайында былай жазыппын: “Университетте оқып жүріп-ақ ол өнер тақырыбына жі қалам тартып отырды. Өнер, әсіресе кино мәселесін терең билетіні назарымызды бірден аударып, газетке жаздырып түрдүк. Одан оқуды бітірісімен редакцияға тұрақты жұмысқа шақырылды. Ол мұнда 1975 жылдан 1986 жылға дейін істеп, катардағы тілшіден бөлім менгерушісіне, редакция алқасының мүшесіне дейінгі өсу жолынан өтті. Редакцияда жұмыс істеген жылдары ол ар-ұтты мол, инабатты қызметкер ретінде танылды. Әдебиет және өнер болімінде істей жүріп, республиканың мәдени өмірінен қыруар жақсы материалдар жазды. Сериялы публицистикалық макалалары үшін 1980 жылы Б.Бұлқышев атындағы сыйлықтың лауреаты болды. Өз басым, онымен қызмет бабымен де, қаламдастық рәсімімен де жиі кездесемін. Ол және әдеби, саяси аударманың екеуіне де шебер. Журналистиканың осынау пайдалы жанрынан жиган тәжірибесі баршылық. Жазушы, аудармашы әрі тәлімгер ретінде қоятын талағым да аз емес. Кездесе қалсақ, аударма мәселесін жиі талқылап, кей жағдайларда пікір таластырып та қоямыз. Сөйтіп, бірімізді біріміз рухани, кәсіби тұрғыдан байытып отырамыз...”

Міне, содан бері де он төрт жыл желдей есіп өте шығыпты. Ақырын жүріп, анық басып алысқа сілтейтін Сауытбек одан бері республика Үкіметі аппаратында жауапты қызмет атқарып, мәдениет министрінің орынбасары, теле-радио корпорациясы басынышынан бірі болды. Қазір еліміздің бас газетін басқарып отыр. Зерделі қаламын зерттеу жұмысына толғап ғылыми атақ қорғап шықты. Арабтың ертегідей оқылатын “Бейбарыс” романын аударды. Лайым, осы бағыты мен бақыты баянды болғай!

2001 жыл.

ЖАЛФАС ЖЫР, АЛМАС ҚЫР

Қазақ халқының үштөн бірін баудай түсіріп, жалман-жұтып, обып жіберген отызынышы жылдардың басындағы алапат аштық күні бүгінге дейін көркем әдебиетімізде өз көрінісін таптай келе жатқан тақырып. Кезінде қызыл саясаттың аузынан ақ жалын атып, қан шашырап турғанына қарамастан бұл тақырыпқа қалам тартып, “Әлі карттың әңгімесін” жазған жалғыз Жақан Сыздыков қана еді. Айтулы ақынның бұл батылдығын ол тұста біреулер ерлікке баласа, енді біреулер ессіздік, көzsіздік санап іштей тынып қоя салған. Бірақ ол дастан елімізде еленбекенімен, Батыста үлкен шу шығарды. Қазақ ақынның батылдығы мен батырлығын дәріптеп, шығармасын шетел тілдеріне аударып, “кеңестік өмір шындығы осы” деп, оны социалистік құрылышқа қарсы насиҳатқа кеңінен пайдаланды. Тіпті Ұлы Отан соғысы жылдары дастанды орыс, неміс және басқа тілдерге аударып, көп данамен басып шығарып, майдан даласына үшакпен шашты.

Сол сол-ақ екен, астаналық Алматы облыстық газетін басқарып жүрген Ж.Сыздықовтың сонына мемлекеттік қауіпсіздік қызметі шырак алып түсті. Партиялық катан жаза колданып, жауапты қызметтен босатты. Ұзақ уақыт тыйым салып, жазса да жариялатпай койды. Эр адымын аңдышп, кия бастырмай, кара басы катан бакылауда болды. Сойтіп, төрт аяғы тең жорға жыр дүлдүлі тұтқынға түспегенмен, еркіндігінен айырылып, кайтып бұрынғы шабытына мініп, бұрынғы шабысына түсе алмады. Көркем аудармалары болмаса келісті жырларын ауызға алуға әдеби ортаның жүргіт дауаламады. Басшылық болса, оның еңбегін білсе де білмегенсіп, көрсө де көрмегенсіп, мүлдем елемеуге тырысты. Соның салдарынан көзі тірісінде ол бірде-бір сый-сияпатқа ілінбей, бірде-бір мерейтойы

аталмай кетті. Қадамdas достары қадірлеп, қаламdas шәкірттері қау ма-
лап қошемет көрсеткенімен, реңми орындар көзге де ітмей, омыра-
уына орден тақпак тұрсын, мактау қағаз да бергізбеді. Сол қасақана
елемей, ұмыт қалдырудың салқыны болар, соғыс жылдары алған
сөгісі есеп кітапшасында жетпісінші жылдардың ортасына дейін
жүріпті. Аупартком оны партия билетін ауыстырада ғана байқап,
қарт ақынды шақыртып алып, сөгісінді алдыру үшін өтініш жа-
зып, құжат әзірленіз дегенде:

— Енді мен қанша жасар дейсің?! О дүниеге барғанда қабырға-
сын өзім қаласқан бұл қоғамнан не алдым деп барамын? Тым құрыса
сөгіс алып едім дейін де, — деп жарықтық өтініш беруден бас
тартыпты. Басы кара жерге жеткенше қайсарлығынан танбаған
қайран сабаз-ай!

Данғайыр дарынға атак-даңқ әкелудің орнына, қасірет болып
жабысып, қаламын тұсаған осы тақырыпты араға алпыс жыл са-
лып тағы да акын Төлеген Қажыбаевтың қайта тірілтіп, елең еткізер
хикаят жазуында тосын көзге байқала бермейтін бір тылсым сыр
бар. Автор облыста болған сон орталықтағы енжар сын елемесе де,
оның “Аран” повесі тақырыпты терең ашқан, қысқа да болса нұсқа
тамаша көркем туынды. Қара сөзбен жазылса да, жырдай оқылып,
оқырманың әлбеттен-ак еліктіріп ерте жөнеледі. Бір деммен оқып
шығып кітаптың бетін жапқанда, өз-өзінен еріксіз ауыр ойға шо-
масын, көз алдыннан қылыш суреттер, түрлі бейнелер өтеді. Қандас-
тарымызды қынадай қырған қолдан жасалған алапат ашаршылық-
тың аждаһа аранын көріп, тұла бойын түршіккендей боласын.
Шимандай бір Шақалақ ауылының әудемде шаңырағы ортасына
түсіп, опырылған үйлердің жұртына, аксүек болып саудырап ша-
шылып қалған өліктердің корымына айналғанын елестетіп қарадай
көnlілің құлазиды.

“Теріскейден шұбырған босқындар Шақалақ ауылына шаңда-
тып кірген жок, қандатып кірді”, — деп растайды автор. — Шұбыр-
ған ізде ісіп-кеүіп өлгендер қалды. Алапат аждаһадан шошынған
жұрт өлгендерін көмуте мұрша таппай, жолындағысын баса-көктей
қанды, каралы көшке ілесіп ілгерілей берген”. Ауылдың өлгендері
өліп, қалғандары босып кеткенде, отбасында тапжылмай отырып
қалған жалғыз ұлының қолындағы Жаугашты қарт еді. Қапшық
түбі қағылып, кебеже түбі тақырланып бірер уыс бидай қалғанына
тықырышыған келінің көріп, еті тірі шал қайыршылар мен қарақ-
шылардан қорып, түкпір қораға қамап қойған ала өгізін жегіп,
желісі ұзақ жыныс орманының арғы бетіндегі орыс селосында тұра-

тын тамырына тартады. Ақыретке деп арнаған екі кез ак матасты мен жан серігі жалғыз ауыз мылтығына айырбастап, жарты кап бидай әкеле жатканда ұялы қасқырларға тап келіп, өгізінен айрылып, өзі аударылып қалған арбаның астына түсіп тірі қап, ертеңіне есін жиган соң бидайын бір қарағайдың түбіне көміп, бірер қадағын аузы буылған жеңіне салып жиырма шақырымдай жерге ашығып әлсіреген қария үш-төрт күн жүріп әрен жетеді. Келсе, аштықтан өлген ұлы беті жабылмай серейіп төрде жатыр. Кішкентай екі немересі аштықтан бұратылып, келіннің беті құлтеленіп ісе бастаған. Соны көрген шал қаны бірден басына шапшып құлап түседі де, содан түні бойы қызуы көтеріліп, сандырактап таң ата жантәсілм тапсырады. Жылауға көзінде жас та қалмаған, аз күнде шашы ағарып, мандайын әжім айғыздаған жас келіншек нар тәуекелге мініп, екі сәбійін жетектеп Арап-агаш қайдасың деп жолға шығады. Жолай кішкентай қызынан айрылып, қаршадай ұлымен жетеді. Сейтіл, бүкіл бір ауылдан жалғыз ғана жесір келіншек пен оның жетім ұлы аман қалады. Ол да болса тамыр орыстың арқасы. Хикаяттағы қылыштар, қым-қигаш көріністер тебірентпей-толғантпай қоймайды, ондағыдай ауыр да аянышты халді, азапты жолды сонау бір сүркай сұрапыл жылдары жалғыз Жауғашты қарттың отбасы ғана емес, құллі қазак елі бастан кешті ғой. Тек ендігі үрпак мұндан алапатты қөрмесін деніз. “Наркескен нарық қылпып тұр, қынадай тағы қыра ма?” деп қауіп айлаған автордың да айтпақ ойы осы. Ал енді екі қаламгердің екі дәүірде, екі жанрда бір тақырыптың пүшпағын илеуінің сыры неде дейсіз ғой. Бұның тұп тамырында олардың жан жақындығы ғана емес, қан жақындығы да жатқан тәрізді. Желмая жыршы Жақан кезінде ел адамы атанған Сыздық ақсақалдың бел баласы болса, бүгінгі қарымды қаламгер Төлеген оның туған немересі. Сәбен, кәдімгі Сәбит Мұқанов өзінің “Өмір мектебінде” “Көкшетау дуанында сегіз болыстан Кенестер жағында қалғаны ақын Жақанның әкесі Төлемістің Сыздығы, өзі саяткер, көкірегі даңғыл, кара сөзге жүйрік адам”, — деп сипаттайтын Сыздық осы.

Одан Жақан, Қажыбай, Қажымурат, Бердімұрат туған, тұнғышы Бәти атты қыз. Бәрі де өнерге ішіктің ішкі бауындей жақын болған кісілер. Жақан өз алдына, апасы Бәти жиын-тойда сұрып салып өлең шығаратын жап-жақсы ақын болған дейді. Брест батыры Қажымұрат қазақтың қабырғалы аудармашысы. Ал “Аран” авторының әкесі Қажыбай әнші, бір басына жетерлік ақындығы болған сері жігіт екен. Колхоз құрылышының белсенді үйымдастыру-

шысы болған ол бірнеше ұжымшарға басшылық жасап, бір МТС саяси жетекшісі бол жүріп өз өтінішімен майданға аттанған. Ұза-май Ленинград түбіндегі қанды айқасқа қатысып, 1942 жылдың шілде айында ерлікпен қаза табады. Өзі кеткенде іште қалған бала-сы Төлеген ол опат болғаннан кейін бес айдан соң дүниеге келген. Оған Төлеген есімі берілуі де осыдан. Әкесін көре де алмай қалған сол сәби бүгінде алпыстың асуына шыққан арынды шайыр. Қоң-зауалдың бір сауабы бар демей ме бұрынғылар. Әке жанарының шуағын көрмей қалса да, ол ата жүргінің мейіріміне мейірі қан-ғанша шомылды. Кезінде болыс болып ел үстеган, казакы кара білімі де, кітаби сара білімі де ең шалқар, көкірегі кен Сыздық атанаң бауырында өсті. Тұлпарды тұяғынан, сұңқарды қияғынан танитын дана карт оны қаз тұрып, тәй-тәй басқаннан-ак қасынан екі елі қалдышында. Қаптал шапанын өніріне оранып жатып бо-лашақ ақын ата әңгімесіне құлақ салып, арғы-берті ел тарихын, альыс-жақын жер тарихын көкіретіне құйып, көңіліне түйіп ер жетті. Былайша айтқанда, ол ана тілінің мәйегін ерте еміп, ауыз әдебиетінің шәрбатын жастай татты. Бұл оның болашак шығарма-шылық сапарына сөнбейтін шырағдан болды.

Оны ақынның мерейтойына орай “Елорда” баспасынан шыға-рған “Жеті желі” жинағы айқын аңғартады. Бұл белгілі қalamгердің әдебиет әлемінде құлаш ұрғаннан бергі кезеңдегі өзі қalam тартқан әдеби жанрларын түгел қамтуға ниет қылған кітабы. Онда ол ақын болып мұңдасады, прозик болып сырласады, публицист болып тілдеседі, драматург ретінде айтарын алға тартады. Абай мен Мағ-жан поэзиясын ой елегінен қайта өткізіп, тың пікірлер толғайды. Акан сері әндерінде қайта үңіліп, оларды бүрмалаудан, басқа бірулерге телуден қорғайды. Жақын жүріп жиі араласқан ақын-жазушылар жайында естелік айтып, біразының бейнесін жырмен жасауга тал-пынады. Сурет, мұсін өнері туралы ой толғап, туған ел, өскен жер жайында сыр шертіп, тозып бара жатқан айналадағы орта, тоналып бара жатқан табигат жөнінде жанаңтырлық сөзін айтады. Ұзын сөздің кыскасы, бұл жинактанды оның көркем туындылардан бастап журналистік ой-толғамдарына дейінгі аралықта қалыптасқан қalamгерлік қарым-қабілеті алмастай алуан қырымен көрінеді. Ал-мас қырлы азаматтың осынау жеті желісіне оның жиналған ортада ән салып, отырысты жандандырып жіберетінін қоссак, сегіз қыр-лы, бір сырлы сері талант болып шыға келеді.

Т.Қажыбаев жоғары оқу орнын бітірісімен баспасөзге басымен сүнгіп, газет жұмысының отымен кіріп, күлімен шығып келе жат-

қан журналистиканың жуан тобық еңбек торысы. Ал журналистік алғырлық пен үшкірлық ақындық жалынмен астасқанда одан асар жүйрік қаламгер табу қын. Жалпы, ақын-жазушының газет қабырғасында еңбек етуі басылым үшін баға жетпес байлық, колға түспес күт. Төлеген де ширек ғасырдан астам Қөшетау облыстық газетінің ырысы болып келді. Өзі де талмайтын талап, самғайтын қанат берген сол басылымның бейнетін зейнеттей, қындығын қызығындағы қабылдап, өзін онымен егіздей еншілес деп санайды.

*Сен маған азап беріп қинағансын,
Жаныма шуакты нұр жинағансың.
Редактор орындығын қимасаң да,
Ар тұтар ақындықты сыйлагансың, –*
деуі осы ойымыздың айқын айғағы.

Ал ақын қайда болсын ақын. Жеті қат жер астының қазынасын котарып, кенші болып жүрсе де, жұмыр жердің бір шалғайында ел мен елді жалғастырып, елші болып жүрсе де, журналист болып дерек жинап, апы кіріп, күпі шығып жүрсе де шын ақын өлеңін ұмытпақ емес. Оның үстіне олар:

*Такқа отыр, мейлі көн шығар,
Ізиңе ертен шөт шығар.
Итініп иттей жүргенше,
Қасқыр бол откен жөн шығар, –*

дейтін, қырық бір-қырық екінің өртіне оранып дүниеге келген “тағаси қанша тозғанмен көк мұзға салса таймайтын тарландаі, аузы алмас селебе, аузы қанды арландай” кілең бір көк борінің үрпағы болса, тістеген жерде тісі. ұстаған жерде қолы қалса да, алған бетінен кайдан қайтын. Қоғам алмай қалған әкелерінің арманын арқалап, шөлді гүлбакқа, жерді жұмаққа айналдыруды мұрат тұтып, алысты – жақын, гарышты жайлай еткен, “сойқан соғыс балалығына оқ атқан” осы үрпақ емес пе. Әйткенмен осынау қанжар жузді қайсар үрпақ:

*Салмағы ауыр кетпендей,
Озектен дәлден тенкендей.
Ырысы кашкан мына елді,
Жоқшылық жайлап кеткендей –*

еткен нарық екпініне төтеп бере алмай, есігінен аттап өте алмай басқа үрган аттай алғаш анырап тұрып қалғаны да анық. Әйткені Төлеген дәп басып тауып айтқандай:

*Алтынмен аптап моласын,
Толтырып қойма-корасын.*

*Көсемсіт кеткен көп қиқым,
Ағызды елдің сорасын*

Сондағы жарым қоңіл жамиғаттың наласын, лажы құрыған зиялды қауымның назасын, өркенін көре алмай, ертеңіне сене алмай өксіген жүрттың зар-мұнын тек ақын тілі, батыл үні ғана жеткізе алады.

*Фалым кетти көп базарды жағалап,
Залым шықты сауда маңын сағалап.
Төрт аяқтан түгел сылтып жорғалар,
Жабы келді төрт тұяғын тағалап.
Уақыт жүйрік, жаңдай қайсы бөгелер,
Шындар шегін, тауға айналды төбелер.
Ақынынан әкімі көп бүл елдин,
Қалай ғана көсегесі қөгерер.
Торғайы жок, тоғайы орт дала анау,
Кунде масаң мен-зен болған қала анау.
Байтал боксе сайқал тірлік салды ойран,
“Бесігінді түзе!” деген данам-ау! —*

деп қазіргі кезеңдің бар шындығын жайып салды Төлеген “Мұхтар ағамен мұндасу” деген жырында. Бұлай тек өзінің актығы мен пәктігіне, сөзінің адалдығы мен әділдігіне, ісінің дәлдігі мен мәнділігіне кәміл сенетін ақын ғана айта алса керек. Енді бірде ол:

*Тектикалықті басқа теуіп ептилік,
Қайыр сұрап безіп эне кетти үміт.
Ізгіліктің ізін баккан бақастық,
Жауыздық бол жастып алды шеп құрып.
Жатқандай-ақ тас қопарып, тау үзіп,
Құлшынамыз сойыл сілтеп, жауығып.
Жауыздықты ауыздықтау мүмкін бе,
Сана биткен кетпеген соң сауығып, —*

деп ой салады да, ойлануды оқырманның өз сыйбагасына қалдырады. Ақиқаттан бұра баспай, ашы да болса ашық айту өскелен де өміршеш поэзияның қашанғы үрдісі. Талантты інім Төлегеннің сол үрдісті серік қылыш, осы шабысынан танбауын, осы самғасынан жаңылмауын тілер едім.

2002 жыл.

ҰСТАНЫҢ ҰСТА БАЛАСЫ

“Кұлыннан қолда өскен түлпардың тай аты қалмайды” деген бір қазакы қагида бар. Бәлкім, өкшемізді басып, өкпемізді қысып өнер бәйгесіне іркес-тіркес түскен кейінгі толқын інілерді баяғыдай бала коретініміз де содан болар. Бірақ жас өспей, жалын үдемей тұра ма, шабыты шалымды, қаламы қарымды сол талапкерлердин біразы бүтінде өзімізбен үзенгі қағыстырып, кейбірі бір мойын озып келе жатыр. Эйткенмен, бәйге болған соң дүбірге елкіпей, долаға қызбай қоясың ба. Сен де талап түлпарына қамшы қеміп, қалың шоғырдан қалмауға тырысасын. Дүбіріне еліктіріп, дурмектен қалдырмай келе жатқан сондай қуатты толқын қаламдас інілердің бірі бүтінгі белгілі қаламгер катарына қосылып қалған журналист, жазушы Жанболат Аупбаев дер едім. Қесемсөз бен көркемсөздің тізгінің тең ұстап, өнікті де жемісті еңбек етіп келе жатқан осынау әріптесім туралы толғансам, шабайын деп тұрған пырағының жалынан сипап, жанайын деп тұрған шырағына тамыздық тастаған аға ретінде ойыма болмашы бір оқиға оралады.

Жадым жаңсақ бастырмаса, алпысыншы жылдардың аяғы болуы керек. Онда мен астаналық облыстың қазақ газетінде бас редактордың орынбасары едім. Газеттің құнделік құйбенімен үйге уақытында бару кайда, бет қарасып, баспаханамен байланысып, мақала өндеп отырып қаласың. Бірде кешкісін бәз-бір мақаланың үстінен өндеп шимай-шатпағы қебейіп кеткен соң, қалғанын машинкаға айтып ширатып шықсам, дәлізде есіктердің сыртын сузе қарап, тостаған көз талдырмаш бір кара бала жүр.

— Жұмыс күні аяқталды ғой. Кештетіп кімді ізdep жүрсін, балақан?

— Мен бе, мен ту сонау Нарынқолдан оқуға түскелі келіп едім.

Журналистикаға жолдамасыз кабылдамайды екен, газеттен міездеме керек деп құжаттарымды қайтарып тастады, — деп бала асығып-аптығып мән-жайын баяндай бастады.

- Ә, олай болса бері жүр, — деп кабинетке ертіп ала кірдім.
- Бізде жарияланған бірдемелерін бар ма еді?
- Төрт-бес дүнием шыққан тәрізді.
- Кәне, көрелік! — деп алдырмағы газет тігіндісін ақтарып, суреттеме секілді екі-үш нәрсесін тауып шоюып шықтым да:
- Аудандық газетке жазбаушы ма ең, мінездемені содан неғып алмағансын? — деп сұрадым.

— Мінездеме беріп еді, мөр басылмаған деп қайтарды. Онда өлеңдерім де жарияланған, — деп ол күйшіге тән сүйрік саусақтары дірілдеп қойнынан газет киындыларын шығарды. Қолынан бір қыындыны алып көз жүгірткенімде:

Сай-сала, сағым басқан қыр, төбени,
Зангардан далага күн нүр тогеді.
Қонылтақ қоңыр жесі табиғаттың
Қаңғып кеп жұсандарға сүйкенеді, —

деген жолдарды оқып бүйрекім бұлк ете қалды. “Қаңғып кеп жұсандарға сүйкенетін жел” шынында да қаламының желі бар, өзіндік өрнек салуға бейім талапкерден туатын тіркес. Дереу машбюроға қайта барып, мінездемені бастырып әкеп, баланың қолына ұстасып, сәт сәпар тілеп шығарып салдым.

Сонымен, сол бозбаланы қайтып көргенім жок. Оқуға түскен-түспегенін де білмедім. Оны ежіктеп сұрастырып жатуға мұрша қайда. Қырықтың бірі қызыр шығар деп жағдайын айтып, жолдама сұрап келгендердің бетін қайтармай талайына мінездеме беріп, тілектестік білдіргенмін. Кейін көбінің аты-жөні есімнен тарс шығып та кетілті. Ал мына жігіт араға төрт-бес жыл салып жастар газетінің бетінен жарқ еткенде: “Е, сондағы сөз бастарда алдымен жымиып күліп алатын үяң мінезді үялшақ кара бала екен фой”, — деп бірден-ақ сол екенін біле қойдым. Сұрастырып көрсем, осы өзіміздің университетті ойдағыдай бітіріп, “Лениншіл жасқа” қызметке кіріпті. Жарайды, жастар газеті деген жүрегінің оты бар, жаза білер жанның үшар қанаты, үшталар қаламы үшін үлкен мектеп қой. Белгілі бір шенберден шығармай, қиялынды арқандап, құлашынды жазғызбай қоятын ресми басылымдардай емес, мүмкіндігі мол.

“Кәр қылаулап түр” деген тырнакалды очеркten басталған Жанболаттын апыл-тапыл қадамы бірте-бірте батылданып, тапыракта-

тган қаламы бірте-бірте тоселіп, өзіндік қолтаңба танытуға бой үрді. Тын тақырып көтеріп, өзіндік өрнек салуға, соны сөз айтуға талпынды. Қазақ журналистикасы ат-тонын ала қашып бірер сәтті дүние көрінсе, көзге ілмей жүрген табиғат тақырыбын қозғап, әдемі этюдтар, әрлі суреттемелер жазды. Кейін онысы “Жанарымда туған жер” деген атпен жеке кітап бол шықты.

Шөп те өлең, шөнгө де өлең деп жанарына іліккенді жаза бермей, тақырыпты таңдал, талғап қозғайтын ол жеке адамдар жайындағы очерктеріне кейіпкер етіп кілең бір сирек мамандықтың иелерін алды. Мәселең, “Мынау ғажап дүние” деген кітабының тұндігін көтеріп тұрган кейіпкерлеріне көз салайықшы – шетінен ілуде бір ұшырасатын мамандық менгерген адамдар. Қазақ бұрын заты тұрсын, атын сирек естіген мамандар, антрополог, яғни адамның бас сүйегі арқылы бейнесін жасап беретін Ноэль Шаяхметов, әлемдегі ең биік Эверест зангарына алғаш шыққан қазақ альпинисі Қазыбек Үәлиев, Антарктидаға барып қайтқан ғалым-физик Данабек Бименов, халықтың зергерлік өнерін қайта жаңдандырушы хас шебер Дәркенбай Шоқпарұлы, құстар әлемін зерттеуші орнитолог Ернар Әуезов және басқалар. Оның үстінен осылардың алғашқысы мен соңғысы есімдері исі қазаққа мәшінр, берісі кешегі кенес еліне, әрісі айдай әлемге әйгілі қайраткерлер – Қазақстанды үзак жылдар басқарған Жұмабай Шаяхметов пен аты жер жүзіне жайылған Мұхтар Әуезовтың балалары. Осындаи ойлы очерктерімен оның өзі енбек ететін жастар газетінің бетін көркейтіп, беделін көтергені, әрине, сөзсіз.

Рас, редакция тапсырмасымен кейде журналистің көңілі қаламайтын тақырыпқа да қалам тартуына тұра келеді. Сонда да қаламайна адал, талғамына мүкият қаламгер өз соқпағын салып, бұрынғы тақырыбын жалғастырап жаңалық тауып жүреді. Жанболат та дүние жүзі жастарының Мәскеуде өткен XII фестиваліне барып, өнердің сан түрін байытқан әлемнің жас санлактары жайында мөлтек сыр сияқты миниатюралар, ылғи бір ықшам суреттемелер мен репортаждар жазып, оларды кейін кітап етіп шығара қойды. Газеттің өзі бір күндік болғанымен сөзі мың күндік екенін ескерсек, деректі дүние ешқашан далала калмаса керек. Тарихымызға үңілер адам тұбі оларды бір актармай қоймайтыны ақиқат.

Сейітіп, сырттай қадамын андан, қаламын барлап жүрген жігітім бір күні ойда жоқта келіп тұр. Онда мен “СҚ”-да, қазіргі “Егемен Қазақстанда” бас редактордың бірінші орынбасары болатынын. Баяғы талдырмаш қара бала бүгінде байсал тартқан жігіт ағасы,

қайратты қара шашын оңға қайырып, әп-әдемі тып мұрт қойыпты. Екейі де ашаң жүзіне жарасып тұр. Баяғы биязы үяң қалпынан арылмаған тәрізді. Бір жақ езуінен жынысып алды да:

— Аға, баяғыда өзініздің жолдаманызбен университетке түсіл едім. Соны ырым етіп, енді Жазушылар одағына өтуге жолдама сұрағалы отырмын, — деп дипломаткасын ашып, төрт кітабын алыш алдымға қойды. — Кейбіреуін көрген де шығарсыз. Сонда да өзімнің қолымнан бергелі келдім.

— Иә, “Қазақстан коммунистіне” бөлім бастығы болып келді дейді. Жаңа қызмет құтты болсын! Кәкен ұжымын жасартуға кіріскең ғой, шамасы. Болат Бабақовты да алышты. “Қалай, кісі танимын ба екенмін?!” деп өзі де оған разы болып отыр еді. Кезінде жастар газетін бір белге көтеріп кеткен Қазыбаев ағаларың журналды да жаңғыртуға тиіс. Ол үшін, әрине, арқа сүйер атпал азаматтар, қағылез қalamгерлер керек...

— Сол сенімін актартымыз деп келдік кой, аға! Жастар газетіне де рахмет, тәжірибе жинадық, жұртқа танылдық, ел көрдік, жер көрдік. Енді сөзі өтімді салиқалы аға басылымда да бақ сынап, ой толғап көреійк.

— Қалай, журналға бұрын жазып, атсалысып түрушы ма едің?

— Жоқ, мен өзім шыққан тауым биік болсын деп барымды жұмыс істеп жүрген басылымға ғана беремін. Сондықтан журналды қойып, сіздің газетке де бір қалам тартып көрген емеспін, — деп іркіліп қалды ол.

Бұл да бір қаламын қадірлей білетін дегдарлық-ау деген ой келді маган. Өзім де “СК”-ға студент кезімде бастырган бір өлең-нен басқа қашан қызметке келгенімше ештеңе жазбаппын. Әйтпесе жазғанының сиясы кеппей жатып, басылым біткеннің бәріне ұсынып, бірнеше жерде бастырып жүретін сұғанақ әріптестеріміз әлі де аз емес кой. Ал нан тауып жүрген салаға жан салып қызмет ету жаман қасиет емес. Осы жолы ашық-жарқын әнгімелесе отырып, оның өмірінен өзіме үқсас жәйттерді, мінезінен ортақ қасиеттерді тапқандай boldым. Оның атасы 1916 жылғы Қарақара көтерілісіне белсене қатысқан ел ағаларының бірі Абыыр Дәркенбаев 1928 жылы тәркіленіп, үй-ішімен Астрахань облысына жер аударылады да, кейін бәйбішесі жеті жасар баласымен туған жерінә әрек жетеді. Ал менің кіші атам тәркіленіп, он төрт жасар ұлымен бірге жер аударылып, өлі-тірісі белгісіз хабар-ошарсыз кетті. Өз әкем 37-нің зұлматында “елу сегізбен” айыпталып, талай жыл Ко-лымада жүріп келді. Елге оралған соң buquerque қалыптаған шолак

белсенділер күн көрсетпей, әжесі ақыры 32-ші жылы жалғыз баласын алып арғы жаққа өтүге мәжбүр болады. Сол жақта ер жетіп, үйлі-баранды болған сол баласының, яғни Әлиханның отбасында 1951 жылы осы Жанболат дүниеге келеді. Құғын-сүргіннен жүргі шайлығып әбден зәrezап болып қалған әжесі кезінде баласына да төлкүжатты өз әкесінің атына алған екен. Сондықтан да фамилиялары шолақ белсенділер шошитын Абыыр да, Дәркенбай да болмай, Аупбаев болып кете барады. Өз ісіне мығым, темір ұстасы болғанмен Әлихан оны көп қуынбайды. Оның есесіне 50-ші жылдардың орта шенінде Кенес үкіметі Қытайдағы казак ұлысына елге қайтуға рұқсат бергенде алғашқылардың бірі болып ол ата-жұртына оралады.

Ага-жұртын үш жасында қөрген Жанболат тай-құлындай тебісіп, тең өсken қурдастарымен бірдей жеті жаста мектепке барады. Қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаев дәріс алған Нарынкол орта мектебінің дәстүрінің өзі-ақ тіл өнеріне құштар еткендей ғой. Алайда Жанболаттың журналистикаға деген ынтызырын басқа бір оқиға оятауды.

Онда алгебра мен геометрияға алғыр бұл түбі кай мамандықтың жалына жабысатынын түбегейлі шешпеген сөзінші сыныптың шәкірті еді. Қоқтем шыға “Қазақфильмнен” бір топ адам сау ете қалады. Арасында атақты режиссер Сұлтан Қожыков бар. Олар алда түсірілуге тиіс “Қызы Жібек” фильміне жер таңдал, ел аралап, халықтың көне бүйімдары мен жиһаздарының үлгісін жиып жүр екен. Сұлтан келе салысымен ауыл балаларын жинап алып, алдымен солармен әңгіме-дүкен күралды. Сапарының мән-жайын айтқан режиссер әлден соң: “көнекөз дүниеден кімнің үйінде не бар?” деп балаларға сұраулы кейіппен қарайды. Жапа-тармағай жарысып балалар билетіндерін айта жөнеледі. “Ендеше, сол заттарды осында алып келе аласындар ма? Сарапшылар қөріп суретке түсіріп алады да, өздеріңе қайтарып береді”. Қерініп қалуға құмар балалар үйлеріне қарай құстай үшүп әудем болмай қолына түскенін алып келеді. Біреуі ертүрман, біреуі әбдіре сандық, енді бірі ашамай әкепті. Бас қонақ балаларды арқадан қағып мәзғып қойды.

Содан, не керек, ауыл балаларының сабактан кейінгі уақыты “Қазақфильм” кызметкерлерімен бірге өтіп, олардың өз адамда-рындай болып кетеді. Сұлтан ағасын аксақалдарға апарып әңгімелестіреді, үйі-үйді аралатып, зергерлік заттар мен текемет-сырмактарды көрсетеді, табигаты әсем жер ізделп, тау-тасты аралаған операторлардың кинокамерасын көтеріседі. Ақыры, бір күні

олар Алматыға қайтпақ болып, шатырларын жығып, тендерін буа бастайды. Аттанар алдында Жанболатты шақырып алып Сұлтан: “Айналайын, адам бала күнінде өз бойындағы қасиетін көп байқай бермейді. Мен кісі танысадам, сен біздің жолымызды қууға лайық бала екенсін. Өкінішке карай, Алматыда кино мамандарын даярлайтын оку орны әзір жок. Қазір КазГУ-дің журналистика факультеті жаңынан сценаристер әзірлейтін топ ашу жөнінде әңгіме жүріп жатыр. Мектеп бітірген соң соган келуге тырыс. Өкінбейсің. “Қазақфильмнен” кепілдеме алып беру менің мойнымда” дейді. Содан бастап бала қыялында мүлдем жаңа, өзгеше бір әлем ашылғандай болады. Қалам тербел құні-тун отыратынды шығаралы.

— Журналистикаға жолым осылай түскен, аға. Сол арман соқтағы қысылған кезде өзінізге алып кеп, жолдамаңызбен окуға түскен едім, — деді ол сезінін аяғында. Менің де мектеп қабырғасында жазып жүрген өлеңдерімді оқып бір аға: “Өзін журналист болайын деп тұрған бала екенсің” деп арқамнан қағып еді. Содан баекен, басқа оку оқып, басқа мамандық менгерсем де, журналистикасыз тұра алмай, от пен сұйна бірден басыммен сұңгіп кеткенім.

Журналға келген үш-төрт жылдан соң Жанболат редакцияның жауапты хатшысы болды. Жазатын адам да бәйге аты сияқты кіді келеді ғой. Шаужайлай берсөн шамына тиіп, шабысы тұрсын шоқырағынан айырылтып аласың. Қекімжаннан кейінгі жігіттер ба拜ын таба алмады ма, журналдан кетіп ол “Жас алашқа” кайтып барды. Ұша білген қанатқа аспан ашық, жаза білген қаламға басылым баршылық кой, ол кез келген газет-журналдан ойып тұрып орын алатын-ақ еді. Бірақ өзі үйренген жастар газетінде алаңсыз отырып жазамын деп барды-ау деп ойладым. Алайда өзінің жарты жасындағы жастардың арасында кой отарының ортасындағы қара нардай бойы сыяр ма екен деген күдікпен оны мен Қазақстан парламентінің тұңғыш тілі – “Халық кеңесіне” орынбасарлыққа шакырдым. Алғаш ол басшы қызметте байлаулы бұзау сияқты еркін жүріп тұра алмайсың, кең көсіліп және жаза алмайсың, үйренген орында алаңсыз жазуга жақсы деп, келістеген сыңай танытып еді. “Бір кітабың бірнеше жылға азық болып, бір мақалан бір ай асырайтын болса, жүрттың бәрі жұмысты тастап жазуга отырар еді. Қазір ондай қаламақыны кім беріп жатыр. Сондықтан қызмет алдымен отбасың үшін керек. Басшылық жұмыс берекесіздің ғана қолын байлады. Ал қарымды-қажырлы жаңға қуат береді”, — деген соң барып көнді.

Міне, содан бері біз білек біріктіріп, тізе қосып, бір тілек, бір

нистте үзенгілес еңбек етіп келе жатырмыз және білдірмейға жарысып, бір-бірімізді іштей толықтырып, бір-бірімізді рухани байытып келе жатқан тәріздіміз. Соңғы бес жыл бағдарындағы туындыларының, әсіресе “Ғұмыр-дария” жинағына енген очерк-әсселерінің алғашқы окушысы да, ақылшысы да өзім болдым десем, асырып айтқаным емес-ау деп ойлаймын. Оның басты қасиеті – айналасындағы жолдас-жораларына, әуелгі таңдаған мамандығына, үстанған бағытына, алған тақырыбына барынша адалдығы. Қашанда ол өз халқына қатысты елең еткізедеректерді, сирек оқиғаларды іздел жүреді. Оны тарихи романдар топтамасын жазып, қазақ тарихшыларының өз өткеніне көзін ашқан айтулы жазушы Илияс Есенберлиннің інісі, Мәскеуде тұратын ірі әскери галым Раухат, Қытайдағы қазактардан шыққан генерал Х.Рұстемұлы, Моңголиядағы қазақ генералы С.Зайсан, 1905 жылы Порт-Артур шайкасына қатысқан жерлесіміз Оспан Көбеев тағдырларының толғандыратыны да содан. Сондыктан да мына кітап кілен бір тағдыры таңғажайып аламдар жайындағы сырлы шежіре сынды.

Ал оның бүрынғы кітаптарындағы Александр Матросовтың ерлігін қайталап, пулемет аузын омырауымен жауып ауыр жарапалып, тірі қалған С.Оразалинов, үш рет қара қағаз келсе де кейін еліне аман оралған, яғни үш өліп-тірілген С.Мамыров, әлемге аты әйгілі қарт балуан Қажымұқан өз қаржысына жасатқан ұшакпен жауын жайтаған К.Шалабасев, батыр атағы өзін жиырма сегіз жылдан кейін тапқан З.Құсанов сияқты қаһармандар тек тынбай ізденудің арқасындаға жана жарық дүниеге шыққанында дау жоқ. Осы жолы ол қазақтың аргы-бергі тарихында түңғыш армия генералы болған Ұлы Отан соғысының батыры, Халық қаһарманы Сағадат Нұрмамбетовпен сұхбатында біз білмей келген Кеңес Одағының атакты қолбасшылары Г.Жуков, И.Якубовский және генерал-лейтенант F.Сафиулиннің естелік-кітаптарында ерлігі айтылып, есімдері ілтипатпен аталған Қ.Мәденов, Ф.Әділбеков, Қ.Бердібеков тәрізді атпал азаматтарды тағы да жүртқа түңғыш таныстырып отыр. Түбінде олар өзі толғап жүрген таңғажайып тағдырлар тізбесін то-лықтырары және шәкіз.

Жанболаттың жақсы көретін және жете игеріп, жаңа өрістерге шығарып жүрген жанры – сұхбат. Кәдімгі кейіпкермен кен отырып кенессу. Ашық-жарқын бүкпесіз сырласу. Әдette мұны мерзімдік басылымның бүтіннің төтен тақырыбын ашуға арналған ғұмыры қысқа бір күндік өтпелі айдары деп топшылаушылар бар. Бірақ ол таңдал алған тақырыпқа сұхбаттасар адамынның ой-өрісіне, әңгімелегей үйіткі болар автордың тапқырлығына байланысты. Кілтін тау-

ып, әңгімені өрбіте білсек бір сұхбатпен біркүйдіру мәселе қамтуға болады. Кейіпкерінің жүргегіне жол тауып, ішкі пікірінің пернесін дөп басып, бүгінгінің ғана емес, бұрынғының шежіресінен сыр тарқатада алсан, сұхбат тарихи очерк деңгейіне көтеріліп, деректі дүниеге айналады. Жанболаттың жазушы Шерхан Мұртазамен, сәулетші Шота Уәлихановпен, акын Олжас Сүлейменовпен сұхбатқа қырылған сырласу орайындағы эссе-очерктері осындай дуниелер.

Оның және бір ерекшелігі – шығармаға қажет басты талап оқиғаның желісін жедірте алып жүрумен бірге көтерген мәселенің немесе кейіпкердің болмысын аша түсетін қосымша дерек арқылы, бұрын белгісіз жәйт арқылы екінші бір желін қатар алып жүру. Сейтіп, қысқа қайырым ой түйе қоюы. Бұл тәсілдің туындының толыққанды болып, такырыптың ойдағыдан игерілуіне көмегі көп екені айтпаса да түсінікті. Мәселен, “Жүрек ұйықтауды білмейді” атты очеркіндегі Рим олимпиадасының күміс жүлдегері, желаяк Ғұсман Қосанов әскерле жүріп катысадын КСРО халықтарының жазғы екінші спартакиадасынан есінде сақталған бір оқиғасын футболшы Тимур Сегізбаевқа былай баяндапты: “Мен алғашқылардың бірі болып сөредегі сымдай тартылған жіңішке сзықты киып өтіп, ойқастай бұрылғанымда төрде тұрған электротаблодан “Қосанов – Қазақстан” деген жазу жалт етіп жанды да, іле жалт етіп соңіп қалды. Содан кейін дереу: “Қосанов – Молдавия” деген жазу қайта жарқ етті. Сол сол-ақ екен, бір қазак жігіті иин тіресіп отырған қарақұрым жанкүйерлердің арасынан сыналадай өтіп алаңға жүтіріп шыққанын көзім шалып қалды. Женімпаздар тұғырына қарай қаумалай алып бара жатқан маған жете алмасын білген болу керек, ол енді елімізге әйгілі бапкер Токаревтің етегінен ұстады да: “Өлтірмесеніз айтыңызшы, анау Қосанов деген жігіттің Қазақстанға не катысы бар?” деп ентіге сұрақ қойып жатты. “Қосановтың сенің республикаңа катысы бар, айналайын! Ол Молдавияда әскери борышын өтеп жүрген казақ жігіті” деп бүкпесіз жауап берді. Міне, бұдан белгілі қаламгер Сейдахмет Бердіқұловтың өжет-өршіл мінезін айна-қатесіз көресің. Кейіпкердің келбетін қосымша детальмен ашу дегенінің осы. Ал “Биік шында қар жатады” деген әсседегі қарт қаламгер Дмитрий Снегиннің аузымен айтылған: “Мұхтар – ғұлама, Фабит – зергер, Сәбит – халық дер едім. Ал Бауыржан – ар-намыс” деген ағалар бағасы қандай дәл. Қысқа қайырым тапқыр қисын деп, міне, осындайды айттар болар.

Атап айтатын бір жәйт, Жанболат жазбаларының жағырапиясының кендігі. Ол кейбіреулерге ұқсап, белгілі бір аймакпен шектеліп қалмайды. Жалпы, жершілдік, жергілікшілік деген оған жат. Қазақ-

тың жері мен елінің данқын шығаратын түймедей дерек көзі болса жетіп жатыр, одан артық ештең де оған керегі жоқ. Фалым Иштыбап Қоңыр, гарышкер Алексей Леонов, журналист Генрих Боровик тәрізді түрлі үлт өкілдерімен сұхбат-әңгімелеріндегі діттеген мұраты, көзделген максаты негізінен осыған саяды.

Жанболаттың және бір жақсы қасиеті үстанған принципінен, алған бағытынан танбайтын тапжылmas табандылығы. Белгілі қайраткерлер жайында жүрттын пікірі заманына қарай құбылып, сансаққа жүгіріп жатса да, ол өз ойынан айнымайды. Қайта сондай кезде сырласып, азаматты әр қырынан көруге бой ұрады. Мысалға Әбіш Кекілбаевты алайықшы. Жоғарғы Кеңестің тәрағасы болып тұрғанда оған жалпактаушылар жыртылып айырылды. Ал парламент тарап, орнынан ол түсken кезде көп жүрт одан сырт айналғаны және белгілі. Дәл осы тұста Жанболат оны таудағы үйіне іздел барып, тағылымды дүние жазды. Сол сияқты заманың жаман кезінде жалындан, ойындағысын айтып сап жүрген арынды ақын Олжас жариялыштың жақсы кезінде көртартпа, халықтың қамын ойламайтын өзімшіл болып шыға келді-міс. Баспасөз одан ат-тоның ала қашып, журналистер жуымай жүргендег бұл барып “Олжас” атты ойлы очерк жазды. Оның ақынның 37-нің зулматында қайғылы қазаға үшыраған әкесі туралы дерек сөзінен басталып, сыртта күн бұлыңғыр болып қар жауып тұруы, жазықсыз жапа шегіп, әріптестерінен қисапсыз сөз естіген ақынның жи-жи күрсінуі бірден-ақ шығарманың бояуын қалыңдатып, оқиғаға шым батырып жібереді. Жалпы, автор шығармаларының оқшаша оқиғадан басталып, күтпеген оқыс оймен аяқталуы және тақырып қоюы шын шеберлік дер едім. “Әлемді шарлаған сурет”, “Маршал мінген акбозат”, “Үндестік заңы”, “Түйе балуан”, “Могиканның соңғы түяғы” тақылетті тақырыптар шығарманы оқытпай коймайды. Оның үстінен тілі әрлі де нәрлі, халықтық құнарлы тіркестерге толы. Тіл – жазушының ен басты құралы, ол барған сайын үстарып, ұшталып, қырланып, сырланып, жазған сайын бояуы қанаға түсетінін ескерсек, мүмкіндігі мол автордың алда алар әлі де талай асуы бар.

Бірде оған әзілдеп: “Үстаның ұста баласы”, – дегенім бар еді. Бүгінде оған қол ұстасының баласы сөз ұстасы бол, деп тілек айткым келеді.

1997 жыл.

ТУҒАН ШАҢЫРАҚТЫң ТҮТҚАСЫ

Кездескен жерде іш тартып ізет танытып жүретін, сәлемі түзу түсі иғі осы жігітпен оңаша отырып сыр ашып, сырласудын бір реті келмеп еді. Кайдан келсін, Кекшеге атусті барып қайтып жүргенде былайғылар тұрсын, ағайын-туғанды аралап, амандығын білуге де үлгере алмайсың. Сондай сұхбаттың сәті бұдан сегіз-тоғыз жыл бұрын өз ауылымда, басшылық тізгінің ұстап талай белге көтеріліп калған, ақыры тұған мекенінің мерейін өсіргелі арнағы келген Қалымбек деген інішектің үйінде түскен-ді. Әншайінде қабагы қатындық жүретін қалың ерін кара жігіт әңгімелеге кіріскенде бір миығынан жымып қойып, нұрланып кетеді екен. Әңгімесі және жалақтырмайды, мағлұматының молдығымен еліктіріп ертіп отырады.

— Кielі орын иесіз қалмайды ғой, кешегі Жұмағали Сайн, Шахмет Құсайынов, Еркеш Ибраһим сынды айтуды ағаларымыз қалам шындалп, канат комдаған кара шаңыракта бір тұтқасы болып жүріп жатқан жай бар. Шөп те шыққан жеріне шығады, былайша сол ағалардың шүрайын шүйгінді, шырайын сүйкімді етіп кеткен сөз алқабындағы балауса шалғынымыз десек те болады, — деп сөзді теренцін толғай бастаған-ды ол. — Ал тұқым-тегімді айтсам, атапарым есті де кестелі сөзді қашан да қастер тұтып, кадірлеп өткен сыңайлы. Өзініз жазатын Науан хазіретті патша ұқіметі Үркіт өңіріне жер аударғанда Жанбатыр қажымен Енисей қаласына барып, босатып алып қайтатын Атығай Бабаназар менің ұлы атам. Көрі құлақ, көнекөз кариялтардың айтуына карағанда, халқымыздың аргы-бергі тарихын терең білген, қазақ-турік шежіресін тұзғен ғұлама кісі көрінеді. Бірақ бабамыздың құдай сөзін қастерлеп мол білім алғанының, Алла жолын қызып қажы барғанының бір көзде өз басына, үрім-бұтак, зәузатына пайдасынан гөрі зияны көп тиді.

Шынында да, кешегі Кеңес дәуірінің бастапқы кезінде шынжыр балақ, шұбартөс байдын түкімы деп шолақ белсенділер бұл әuletтің төбесінен қамшы үйіріп күн көрсетпесе керек. Мал-мұлікті ортаға түсірумен тынбай, әлдебір әпербакандар қажының қара шанырағына қол салып, туырлығын тақымға сап ала тартқаны да бар көрінеді. Сонда қажы сыртқа шығып, Балапанның Ысқағы деген белсендіге былай депті:

*Балапан – әкен сенің пакыр еді,
Тірлікте түк бітпеген тақыр еді.
Алдыма ат ойнатып кеп тұрғанын
Бұл да бір заманымның акыры еді.*

Бес күндік биліктің буына піскен пасық белсенді бұдан кейін тіпті құтырынып, өкімет адамына тіл тигізді деп қиқулап шыға келеді. Жоғары жаққа үсті-үстіне арыз айдайды. Қайтсе де Базана-зар түкімын тұздай құртып, ата қонысынан аластамай тынбауға бел буады.

Әйтеуір есебін тауып, алғашқыда жаңа билікке араласып кеткен немере інісі Шәймерден қажы ағасына жағдайды баяндай отырып, іс насырға шауып тақа болмай бара жатқан соң олардың отбасын бір түнде ішжаққа қөшіріп жібереді. Ағайындарымен астыртын байланыс жасай отырып, акыры ол отызыншы жылдардың асыра сілтеуі мен құғын-сүргін саябыр тартқан қырқыншы жылдардың басында оларды Тұмен төңірегінен тұган ауылға қөшіріп алуға кам жасайды. Бұл тұста ақар-шакар қажы әuletтің Жұмжұмағана қалған еді. Азамат болып алды үйленіп үлгерген бес баласымен елге солғана оралады. Оралғаннан кейін көп ұзамай Ұлы Отан соғысы басталып, бес ұлдың бесеуі де майданға аттанады. “Зарқұм”, “Салсал” дастандарын сүйіп оқып, жатқа айтатын атасы Газреті Фалидай батыр болсын деп есімдеріне тегіс “Фалиды” тіркеген Мұхамедғали, Нұргали, Ерғали, Нәбиғали, Қинаятғалидың төртегі отан үшін айқаста ерлікпен опат болып, ауылға “бес ғалидың” біреуі-ак оралады. Бүкіл әuletтің бастан кешкен шерлі шежіресінен сыр шертіп отырган қарымды қалам еңбеккери, жазушы Жабалдың әкесі Ерғали екен бұл.

— Әкем төрт жыл майдан сокпақтарымен салпактап, ауылға арып-арып оралғанда қызық қып алдынан құшақ жайып карсы алатын жары шыға алмай қала жаздалты. Сұрастыра келсе, Үмітжаны тұтқыннан жақындағана оралған екен. Бәрі баяғы шолақ белсенділердің жұмысқы ісі. Жарым күрсақ жүріп, түн қатып, тұсқашып ертеден қара кешкеп дейін колхоздың қара жұмысын істейтін жас келиншек қолына қараган қарт ата-енесіне талғажау болсын деп

бірде қодыраннан бір қалта қара бидай үгіп алмай ма. Тұп ізіне түсіп аңдып жүрген суаяқ сыйсықайлар табанда ұстап, тінтіріп, сегіз кило бидай үшін сотқа беріп, үстінен іс қозгатады. Сонда анам сотта айбындай, зіркілдеп қаралап тұрган Зәкіров деген күәға:

*Етегі көйлегімнің бисер деймін,
Баласы Зәкіровтің есер деймін.
Каралап ісімді сен бергенменен,
Әділ сот әділдікпен шешер деймін, —*

депті. Әділдік кайда, сот сегіз кило қара бидай үшін сегіз жылға айданты да жіберіпті. Содан сорлы жас соғыс біткен соң кешірім жарияланып, елге әрен оралыпты. Ол да болса менін көрер жарығым шығар. Жарықтық тұтқында көрген корлығы мен зорлығын көз жасын көл қып отырып айтушы еді. Ал әжем марқұм қашан көзі жұмылғанша кенжесі Қинаятты құтумен өтті. Әл үстінде жатып та: “Әй, қайсың барсың, жолға шығып қарадындар ма, Қиянатжан көрінбей ме екен, келуі керек еді ғой, құлыным” деп ауықауық айтып жатты. Төрт арысының төртеуі бірдей өлді, енді оралмайды дегенге сенбей кетті. Осыларды ой елегінен өткізгенде бір ғана біздің тұндіктің астында каншама тағдыр тоғысып, каншама сыр сықасып жатқанына тан қаламын, — деп тәмамдаған-ды әңгімесін жас әрілтесім.

Ал мен болсам, әрбір адам ашылмаған айдын тарих, шертілмеген шалқар шежіре екен-ау өзі, — деп ойлағанмын. Оның мысалы алғаш ашылып бір әңгімелескенде төнірегінде талай тұлғалар тоқайласып, талай тағдырлар тоғысып жатқаны анғарылған мынау жазушы жігіт Жабал Ергалиев. Сол сәттен бастап мен оның қаламынан шыққан дүниелерінің бәрін іздел жүріп өқітын болдым. Оның тұнғыш кітабы — “Сөне көрме, жұлдыздардағы” әңгімелері шындықты шып-шырғасын шығармай, боямасыз көрсетуімен өзі өмір сүріп отырған ортаның қунгейі мен көленкесін өз айшығымен накты бере білуімен баурады. Оларды оки отырып әркайсысынан өзіне бір етene жақын адамдарды табатын сияктысын. Ал оның мерзімді баспасөзде жиі жарияланып жүретін бүгінгі қуннің көкейкесті мәселелері жөніндегі көсемсөздері өз алдына бір тәбе. Әсіресе, нарық пен халық, туган табиғат, айналадағы ортаны қорғау, бүгінгі ауыл тіршілігі, ата дәстүр, батыр бабалар туралы туындылары толғамының тереңдігімен, ойының салмақтылығымен, көтерген мәселесінің маңыздылығымен дараланады. Қай шығармасын алсаң да оның азаматтық үні мен мұндалап тұрады.

Оз басым Жабалдың қайраткерлік қарымын, басшылық батылдығын алғаш Абылай ханның туганына 280 жыл tolуын атап өту түсында анғарған едім. Елдегі бірде-бір басылым тырс етіп үнде-

мей жатқанда, басшылығының бір жақ тізгін редактордың орынбасары ретінде ол үстап отырған “Көкшетау” газеті ұлы ханның мерейтойы туралы мәселе көтеріп, ең алдымен мақала беріп, ізінше оны кеңінен атап өту жөнінде жерлес ақын-жазушылар мен қаламгерлердің, мәдениет қайраткерлерінің ашық хатын жариялады. Партияның аузынан ақ жалын атылып тұрган кез ғой, обком бастамадан өрттен бетер шошынып, оны өршітпей табан аузында басып тастауга тырысты. Сол тұста бас редактор сыркаттанып қалып, бар салмақ, құллі ауырталық орынбасардың мойнына тұсті. Газеттің Жабал бастаған жас қаламгерлері соккының қандайын болсын кайыспай көтеріп, діттеген максатынан таңбады. Сол-сол-ақ екен, Абылай ханның абзал есімін құрсаған тарих сені сөгіліп, оны есте қалдыру камындағы шаралар аринасын тартты. Ақын Құдайберді Мырзабеков Абылай тойына арналған ақындар айтысын үйымдастырып, қалатком төрағасының орынбасары Бауыржан Рамазановтың ұсынысымен қаланың жана бір көшесі Абылай хан данғылы атанды. Ақыры, ханның қастерлі есімін түмшалаған тарих бұлты ыдырап, жергілікті бастама жоғары жақтан қолдау тауып, Абылай тойы Көкше жерінде бүкілхалықтық мереке болып атап өтілді. Қазак елін кезінде батыска да, шығыска да тәуелсіз хандық ретінде таныткан Абылай ханның осынау мүшел тойы ел егемендігінің дағыл қаққан жарышы болып, сол жылы желтоқсан айында республикамыз өз тәуелсіздігін дүйім дүниеге жария етті.

Тәуелсіздік жарияланғаннан кейінгі келесі жылы Елбасымызың жарлығымен 31 мамыр отызыншы жылдардағы алапат ашаршылық пен сталиндік зұлматтың күрбандарын еске түсіру күні деп жарияланды. Сол күні Көкшетау қаласында болған бір оқиға көпшіліктің әлі есінде.

...Қаланың бас алаңына жиналған жұрт қарақұрым. Отзыншы жылдардың нәубеті шарпымаған отбасы да шамалы емес пе. Сөз берілсе, кез келгені егіліп-төгіліп кеткелі тұргандай. Мінбеке көтеріліп сөйлеп жатқандар қашама. Бір кезде кезек облыстық “Көкшетау” газеті редакторының орынбасары Жабал Ерғалиевқа тиеді. Құғын-сүргіннің не екенін, зұлмат құрбаны кімдер болғанын өз әулетінің тағдырынан жақсы білетін жігіт біраз деректерді ортага салып, ел назарын аударып алған соң, осы жын өтіп жаткан орталық алаңдан Ленин ескерткішін алып тастанап, орнына Абылай ханның ескерткішін қою керек, ал алаңды Абылай ханның есімімен атап қажет, деп айта бергенде микрофонның үні өшіп қалады. Жиналған жұрт шу ете түседі. Құлдық құлықтан арыла алмай жүрген жерқорқақ қала әкімінің орынбасарына халық жап-

қызып тастаған микрофонын қайта қосқызады. Сонда Жабал микрофон жалғанғанша мінберде тапжылмастан түрдү дейді. Дауыс күштікіш іске қосылған соң шешен ойын әрі жалғастырып, әлгі ұсынысын қайталап, қаланың бас алаңын Абылай хан есімімен атаудың қажеттігін жан-жақты дәлелдеп, пікірін деректермен дәйектеп береді. Осы алғашқы ұсыныстың араға жылдар түссе де, жүзеге асканы қандай ғанибет болды десейші!

Абылай ханның ескерткішін орнатуға да Жабал жаңын салып, талайлармен айтысып, тартысып жүріп, қажетті жерінде даудамайға барып “мен білем” дегендердің біразының көмейіне құм қүйді. Ұлы баба жерленген Түркістанға барып қабірінен топырақ алғып келген де сол. Қасиетті топырақ салынған сол құтыны 1999 жылы қараша айында Абылай ханның ескерткішінің ашылу рәсіміне қатысқан Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өз колымен ескерткіштің етегіне көмді.

Жабалдың топырақ әкелген Түркістанға баруы да қызық. Абылай хан жерленген Қожа Ахмет Йассауи кесенесінен топырақ әке-луге төре түкімының біреуі баруы керек деп. басшылар жағы бұны жібергісі келмейді. Сонда Жабал: “Бұған төрелердің баруы шарт емес. Абылайды алты қызын беріп адам қылған, ақ киізге салып алғаш хан көтерген Атығай-Қарауыл. Ендеше, жол Атығай-Қарауыл баласынік! – деп отыргандарды сөзден тосып кетіпти.

Оның киналғанда жол табатын алғырлығы, қысылғанда сөз табатын тапқырлығы қанға біткен қасиет сиякты. Күні кеше Көкшетау облысы тарап, үнпараты иесіз қалғанда оның жалауын жықпай ілгері жалғастырган да Жабалдың алғырлығы мен тапқырлығы. Облыс жабылған соң бас редакторы зейнетке шығып, оның бір орынбасары басқа газетке ауысып, қызметкерлері тұрымтай тұсына тарап жатқанда, бұл ғана тапжылмай кала әкімшілігімен акылдаса жүріп, ақыры “Көкшетауды” осы төніректі камтитын қалалық газет етіп қайта күрді. Сөйтіп, жетпіс жылдай Көкше өнірінің жетістігінің жаршысы, кемістігінің қамшысы болып, жұртшылықты тың істерге бастап, жаңа өрістерге жетелеген рухани ақылшыны аман сактап қалды. Кезінде айдынын айқындал, айбынын асыруға азды-көпті еңбегім сіңген бұл басылымды өз басым, сөз әлеміне алғаш самғатқан алтын ұям, түлеп ұшқан тұңғыш шанырағым сиякты сезінемін. Ашығын айтып ағайынға, тұрасын айтып туғанына жакпайтын бірбет мінезіне қарамастан, оның бүгінгі басшысы мен үшін туган шанырақтың тұтқасы сынды.

2002 жыл.

МАЗМУНЫ

I. Асыл сөздің арнасы

Даланың дара данасы	4
Дабылды жырдың данғылы	10
Терезесі Тагормен тәң	19
Дәүір дауылпазы	24
Ұлықталған ұстаз	30
Ақан серінің ақын құрдасы	44
Киян сапар, қыран самғай	52
Жыр Жаканы	57
Жаңғырған рух	64
Сұнкардай қолдан үшкан киядағы	69

II Үлгі-өнеге өрісі

Әліптің алды	74
Алаш ардағы	84
“Бір тені жоқ, бір кемі жоқ” немесе Болғанбаев кім болған	92
Қыршын кеткен қайраткер	99
Үрпақпен жалғасып, уақытпен жанғырап есім	108
Екі елдің тел перзенті	117
Ақын жанды жазушы	123
Жапан даланың жанашуры	126
Табиғаттың тамаша жыршысы	136
Шағылдан шырқаған шабыт	144

III. Алдыңғы толқын ағалар

Ақылман аға	150
Тәқаппар талант	159
Төрт майданнан түйген сыр	166
Уақыт үні	170
Шабыттың шаңқай түсі	177
Жаңғыртқан жеті жаста даланы әнмен	183

Қос батырдың бауыры	190
Әсемдік әуені	204
Кең тыныс, кемел шақ	215
Әріптестер еркесі, курстастар серкесі	220
Өлеңмен өрнектелген өмір жолы	224

IV. Қаламдастар, қадамдастар, құрдастар

Көп қырлы қаламгер	234
Мейірім шәрбаты	242
Қос тізгінді тең үстаған	249
Көргені көп көнекөз	260
Сейдін көніл, Сейдаш-ай!	267
Егіз өрілген өмір	274
Дикан дарын	281
Семсер сөздің серіци	286

V. Кейінгі толқын інілер

Зерек зерде	294
Өрнектің өрнегі	304
Қажымас қалам торысы	312
Қаламы қуатты, қиялды қанатты	320
Баянды бағдар	326
Жалғас жыр, алмас қыр	330
Ұстаның үста баласы	336
Тұған шаңырактың тұтқасы	345

Ақтаев Сарбас Алтын қалам

Бас директор *Б. Қанатиянов*
Редакторы *Б. Хабдина*
Компьютерде беттеген *Н. Райымқұлова*

Басуға 11 08 2004 қол қойылды
Пишимі 60x84 1/16 Офсеттік қағаз
Каршы түрі “Таймс”
Есенті баспа табағы 22,0.
Таралымы 2000 дана
Тапсырыс № 122

ISBN 9965-637-37-7



9 789965 637377

“Жібек жолы” баспа үйі

480091, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 72-65-31, 61-11-09.